ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒҰМАР ҚАРАШ
150
ЖЫЛ

Ғұмар Қараштың туғанына 150 жыл

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ НЫҒАЙТҚАН СӨЗ ШЕБЕРІ: ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ КЕЛБЕТІ

атты республикалық ғылыми коференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

Орал-2025

Жалпы редакциясын басқарған:

Сабыр М.Б. - Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университетінің «Түркітану және Алтайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

Қайыров А.Б – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Раманова.А.А – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Мамыров А.Ы. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Бекмашева А.Н – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

«Ұлттық рухты нығайтқан сөз шебері: Ғұмар Қараштың мәдени-тарихи келбеті» атты халықаралық ғылыми конференция. – Орал: Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің баспа орталығы, 2025. – 335 б.

ISBN 978-601-82270-9-7

Жинаққа 2025 жылғы 26 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысы әкімдігі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті Ғұмар Қараштың туғанына 150 жыл толуына орай ұйымдастырылған **«Ұлттық рухты нығайтқан сөз шебері: Ғұмар Қараштың мәдени-тарихи келбеті»** атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді.

Конференция мақсаты: ойшыл философ, ақын, ағартушы, қоғам қайраткері, Ұлттық рухты оятқан сөз шебері Ғұмар Қараштың тарихи келбетін ұрпақтар санасында жаңғырту және рухани-мәдени, әлеуметтік мәселелерді талқылау.

Ғылыми жинақта XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары және тарихи үдерістер, білім береу ісінің өзекті мәселелері, Ғұмар Қараштың әдеби және ағартушылық мұрасына қатысты мақалалар енді.

Ғылыми жинақ қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғалымдар мен оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға, докоранттарға және тіл мен әдебиетке қызығатын барша ғылыми көпшілік қауымға арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.

ӘОЖ 94(574) КБЖ 63.3(5Каз)

ӘОЖ 94(574)

ҰЛТ ЗИЯЛЫСЫНЫҢ ТАМҰҚ ПЕН ТОЗАҚТАҒЫ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ

Ханкелді Әбжанов
тарих ғылымдарының докторы,профессор
ҚР ҰҒА академигі

Резюме. *Статья рассказывает о религиозном деятеле и просветителе Ғұмар Қараш, который, обладая высоким духовным образованием, стремился объяснять нормы шариата народу и способствовать его культурному развитию. Автор подчёркивает его ответственность, принципиальность и влияние на общественную мысль начала XX века. Далее текст переходит к теме сталинских репрессий в Казахстане, описывая их массовый и жестокий характер, сравнивая тот период с «земным адом». В заключение автор делает вывод о необходимости восстановления исторической справедливости и сохранения памяти о жертвах, среди которых особо отмечает имя Ғұмар Қараша.*

Ключевые слова: *Гумар Караш, религиозно-просветительская деятельность, репрессии, историческая справедливость.*

Ғұмар Қараш – діндар әрі арнайы білім алған дін иесі: – ахун болған адам. Анықтамалыққа сүйенсек, ахун – діни сауаты жоғары, әлеуметтік сатыда мүфтиден кейінгі екінші адам. «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында өзін ахун деп көрсеткен. XX ғасыр басында Уфадағы «Ғалия» медресесінің шәкірттері Ғұмар Қараштың «Өркен», «Тұмыш», «Бала тұлпар» кітаптарын оқырмандарға таратқаны айтылады.

Демек, «Қазақтың1914 жылы Ғ.Қарашты Алашқа аты білінген білімдар азамат» деп жазуы ешбір кездейсоқтық емес. Осы газеттің бетінде жариялаған бір мақаласында шариғат ережелеріне, құрбандықтың мәселесіне түсініктеме береді. «Ғалымдар – пайғамбарлардың уәзірлері» деген сөз бар дейді. Оның ойынша, тек айт жұмада мінбеге шығып тыңдаушылар түсінбейтін бір тілменен құтба оқудан пайғамбарға уәзірлік табымайды. Бәлки осындай орындарды халыққа түсіндіріп, ілгері басуына себепші болу – әне сол пайғамбарға уәзірлік болады. Бізде қазірде түрлі орындарда ресми рұқсаты бар жәмиғат хейрилар ашып, солар арқылы зекет, құрбандықтарымыздың пұлы, иәки өзі жиналып мектеп-медреселер ашу, мұқтаж шәкірттер оқыту, білікті мұғалімдер алдыру, пайдалы кітаптар бастырып тарату – бірінші фарыз. Бұған фәтуа беріп бастап көрсету, халыққа түсіндіру – ғұламамыздың, ашық пікірлі саңылауы бар адамдарымыздың ауыр міндеті. Енді мұндай орындарға лайықты үгіт айтуға уақыт келгенде көрінеді. Һәрбір халықтың мәдениет тарихы қараса, дүниеге шыққан ақиқаттың баршасы да сынменен, бұл қалай?... Бұл солай ма екен?... меннен басталған екен. Бізде де «Бұл қалайлар?» көріне бастады. Енді ұзамас, «Ие, ... солай екен, солай керек екендер» де дүниеге шықса керек. Табиғаттың жолы солай.

Осы шағын үзіндіден Қараштың діни-идеологиялық жұмысқа аса жауапкершілікпен қарағанын, қателесуге, жеңіл-желпі қарауға хақымыз жоқ екенін көреміз. Талап бүгін де өзектілігін жойған жоқ.

Бүгінгі ғылыми бас қосуымыз Ғ.Қарашқа арналғандықтан баяндамамды діни термин – тамұқ, тозақ төңірегінен бастаймын.

Тамұқ пен тозақ, діни ұғым бойынша, тірліктегі күнәсі мен қылмысы үшін о дүниеге барғанда адамдарды аяусыз жазалайтын орын. Дінді де, құдайды да мойындамаған большевиктер Ресейде мемлекеттік билікті қолға алысымен нағыз тозақ пен тамұқты орнықтырды. Бүгінде оны қуғын-сүргін деп жүрміз. Большевиктік қуғын- сүргіннің басты ерекшеліктері, біріншіден, оның жаппай қолданылуы, екіншіден, айыпталушының күнәлі, күнәлі емес екендігін дәлелдеудің жоқтығы, үшіншіден, қанды қылмысқа қатысты ақпарат пен құжаттарды барынша құпия ұстауы, төртіншіден, қылмыс пен жаза арасындағы сәйкестік пен

тепе-теңдіктің сақталмауы.

Кез-келген тарихи үдерістің кезеңдері – пайда болуы, шарықтау шыңына жетуі, бәсеңдеуі немесе тоқтауы бар. Қазақстандағы қуғын-сүргін патша заманында басталып, Кеңестік билік ыдырағанша жалғасты. XVIII ғасырдағы Сырым Датұлынан тартып, XX ғасыр соңындағы желтоқсаншы Қайрат Рысқұлбековке дейін – бәрі азаттық үшін күрестің құрбандары.

Кеңестік қуғын-сүргін ұлы далада толқын-толқын болып өтті. Мәселен, XX жылдар басында Кеңестік билікті де, саясатты да қабылдамаған азаматтар, көтеріліске шыққандар аяусыз жазаланды. Бір ғана мысал келтірейік. 1921 жылы Көкшетауда шағын көтеріліс өтті. Қатысушылардың басым бөлігін қалалықтар құрады. Московское, Царьское, Большой изюм, Еленовка, Алексеевка, Шученское, Малиновка, Айыртау т.б. селолардан келгендер де қосылды. Бұл адам шошытатындай оқиға емес еді. Ал жазалау шаралары жантүршігерліктей асыра сылтаумен жүзеге асты. Ұзын-ырғасы 232 адам атылды. Ішінде туған бауырлар, әкелі-балалылар да бар.

Жыл өткен сайын қуғын-сүргін тәсілдері жетіліп, заңы қатая түсті. Оның шарықтау шыңы 1937-1938 жылдарғы «Үлкен террор» деуге толық негіз бар. Тоталитарлық жүйе 20 жыл ішінде адамдарды қырып-жоюдан ұлан-ғайыр тәжірибе жинады. Лагерлер жүйесі қалыптасты, соған лайық маман кадрлар даярланды. Архив құжаттарында Григорий Хрусталев, Григорий Голов, Иван Игнатиев, Петр Магно, Андрей Чернов, Василий Блохин деген жендет есімдері кездеседі. Үлкен террор аясында осылардың ішіндегі Блохин деген жендет кем дегенде 10-15 мың адамды өз қолымен атқан екен. Генерал шеніне дейін көтеріліпті. Қазақстан тарихшылары бұл тақырыппен арнайы айналысқан жоқ. Бірен-саран эпизодтары академик М.Қозыбаев еңбектерінде ғана аталып өтеді.

Жаппай қуғын-сүргіннің Қазақстанда тамұққа ұласуына Сталиннің тікелей қатысы бар. 1937-1938 жылдары ғана оның мақылдауымен ату жазасына ұсынылғандар тізімінде 44 мың «халық жауы» болса, бір мыңнан астамы Қазақстандықтар екен. 1938 жылдың көктемінде Алматыда КСРО жоғарғы сотының әскери алқасы көшпелі сессиясын өткізіп, күніне 40-50 адам ату жазасына кесіліп отырды. Бұлардың есімдері архив құжаттарымен дәйектелді. 25 ақпанда қазақ мемлекетінің әр жылдарғы бірінші басшылары С.Меңдешев пен Ұ.Құлымбетов, тұңғыш профессорлар С.Асфендияров пен Қ.Жұбанов, Өзбекстанда, Тәжікстанда, Қазақстанда нарком болған Т.Жүргенов, поэзия құлагері С.Сейфуллин құрбан болды.Ұлт мақтаныштарының орны ойсырап қалды. Менің ойымша, қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін 31 мамырдан 25 ақпанға ауыстырған жөн шығар. Айта кетудің артықтығы жоқ. Мыңдаған құрбандардың аты-жөні берілген 448 беттік «Азалы кітапты» бірнеше рет ақтардым. Бірақ, 31 мамырда атылған адам есімі кездеспеді. Қателессем Құдай кешірсін.

Тамұқтың да жұмыс регламенті болды. Қарапайым еңбек адамына келгенде ол сақтала бермеген шығар. Ал елге танымал тұлғаға келгенде бірізділік заңға айналды. Бірнеше апта, тіпті айлар бойы қамауға алынатын «халық жауының» сыртынан бақылау жүргізілді, құжаттар жинақталды. Абақтыда отырған кешегі әріптестері, таныстары тергеушілерге қажетті мәліметтер айтуға мәжбүрленді. Қалаған жерінде – үйінде, жұмыс орнында, поездта, курортта ұстай беретін тәжірибе орнықты. Прокурордың ордері алынып, тұтқындалған соң, бірден тергеушінің алдына жеткізілді. Тергеуші не үшін ұсталғанын жариялады. Әдетте антикеңестік қызметі үшін, ұлтшылдар ұйымына мүше болғаны үшін делінетін. Бірінші күні бәрі осынау айыптауға қарсы шығатын, айғай көтеретін. Бірақ тозақтағы күндері басталып кетіп еді. Кейбіреулері бір күннен кейін, шыдамдылары бір апта, 1-2 айдан кейін тергеушінің айтқанына көніп, айдағанына жүре бастайтын. Негізгі денін ұрып соғумен, азаптаумен көндірді. Тергеушінің алдауына түсіп қалғандар да бар. Мұндайлар үкім оқылып біткеннен кейін іле-шала жоғары биліктен кеңшілік сұраған өтініш жазуға отыратын еді. Бала-шағасының тағдырына алаңдап, қандай болсын қағазға қол қойғандар бар.

Иә, Ғұмар Қараш бұл тозаққа жетпей, 1921 жылы кісі қолынан мерт болды. Бір басылымда оны өлтірген бандиттер делінеді. Менің ойымша, жол торығаң бандиттер емес, большевиктер айдап салған жалдамалы баскесерлер болуы мүмкін. Өйткені, Ғұмар Қараш әу

бастан Алаш қауымымен бірге көзге түскен тұлға.

Тәуелсіздіктің арқасында алаштануға жол ашылды. Бірақ үдеріске екі кедергі болуда. Бірі – Алаш зиялыларына социалистік идеяны қабылдаған қазақ зиялыларын – Сәкенді, Тұрарды, Сейтқалиды қарсы қою. Екіншісі – архив құжаттарының әлі күнге дейін қолжетімді еместігі. Екеуінің де тарихи ақиқатты айтқызбайтын кесірі бастан асып жатыр. Ең ауыры – біздің қоғам тоталитаризм мұрасынан толық қол үзбегенінің көрінісі бұл.

Және бір айғақ, XX ғасырдың екінші жартысында 135 мың Қазақстандық азамат ақталды деген мәлімет жарыққа шыққан еді. 2020 жылы Президент Қ.Тоқаев қуғын- сүргін құрбандарын толық ақтауға пәрмен бергеннен кейінгі 3-4 жыл ішінде 311 мың азаматтың ақталғанын айта бастадық. Шынтуайтында бұлардың саны миллионнан асып жығылады. Себебі ҚР Президентінің архивінде қуғын-сүргінге қатысты 700 мың қылмыстық іс сақтаулы тұр. Кейбіреулерінде 30-40 адам айыпталған, жауапқа тартылған, сотталған, атылған.

Демек, алда тарихи әділдікті қалпына келтіру үшін ұлан-ғайыр жұмыс күтіп тұр. Өлі риза болмай, тірі байымайды. Құрбандарға адал есімін қайтаруға кіріскенде Ғұмар Қараш та ұмытылмауы керек.

Ғұмар Қараш жас ұрпақтың оқу-білімін ұлттық сана, имандылық тәрбие негізінде үйлесімді қалыптастыруды көздеді. Оның өлеңдері мен мақалаларында ғылым мен дінді қабыстыра отырып, парасатты, тәрбиелі, өз халқына пайдалы азамат өсіру мұраты айқын аңғарылады[2][2]. Ақынның бір өлеңіндегі төмендегі жолдар соның дәлелі:

«Жас буынға жаңа таза білім беріп, Надандықты терең қазып, жерге көміп, Қазақ тағы өзі күнін өзі көріп,

Өз алдына ел болғанын көреміз бе?»[3]

Мұнда Ғұмар қазақ жастарына сапалы білім беру арқылы халықтың бойындағы надандықты жойып, ұлттың өз алдына ел болып, еңсесін көтерер күні туа ма деп армандайды. Демек, ол үшін білім беру – жеке тұлғаны ғана емес, тұтас ұлтты тәрбиелеп шығаратын стратегиялық міндет болды.

Ғұмар Қараш мұрасы және қазіргі білім беру жүйесі (сабақтастық)

Ғасыр бұрын өмір сүрген Ғұмар Қараштың көтерген педагогикалық мәселелері мен ұстанымдары бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, қазіргі Қазақстанның білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан реформалар оның идеяларымен сабақтасып жатқанын байқаймыз. Мысалы, бүгінде мектептер мен жоғары оқу орындары құзыреттілікке негізделген білім, тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесіне бет бұруда. Бұл жүйеде оқушының өз бетінше білім алу белсенділігі, зерттеушілік дағдысы басты назарда, ал мұғалімнің рөлі бағыттаушы, кеңесші ретінде көрінеді. Дәл осындай әдістемелік принципті Ғұмар Қараш сонау 1919 жылы айтқан болатын: балаға өздігімен оқып-үйрену жағдайын жасап, мұғалім оның жетекшісі болуы қажет деген тұжырымын ол «Мұғалім» журналында жарияланған еңбегінде көрсеткен[4].

Қазіргі заман мұғалімдері оқушылардың бойында *soft skills* деп аталатын өмірлік маңызды қабілеттерді дамытуға ұмтылады (сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағды, шығармашылық т.б.). Ғұмар Қараш та өз дәуірінде баланың тек пәндік білімін емес, оның ой-өрісін, адамгершілігін, жігер-қайратын шыңдауға мән берген. Ол баланы еңбекке баулу, өзіндік шешім қабылдауға тәрбиелеу керектігін жазды[26]. Мысалы,

«Адам баласын ғайри жан иесінен бір адамды бір адамнан артық еткен ғылым-өнер үйреніп, өзіміздің ілгері кеткен халықтармен қатарласуға талап ету тиіс... Бөтен жұрт үлес алып жатқан дүниеден бізге де үлесімізді алу керек. Көзіміздің нұры ғазиз балаларымыз келешекте рақатшылықта ғұмыр сүрсін десек, ... тіршілік таласында шет миллет балаларынан кем болмастай етіп, оларға ғылым-өнер үйрету тиіс» деп, жастарды іргелі елдермен теңесу үшін өнер, кәсіп үйренуге шақырған[5]. Бұл ойлар бүгінгі жаһандану дәуірінде бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру ұстанымымен үндес келеді.

Қазақстанның мемлекеттік білім саясатының маңызды бір бағыты – ұлттық тәрбие мен патриотизмді нығайту. Елбасы Н.Назарбаевтың *«Рухани жаңғыру»* бағдарламасы шеңберінде жас ұрпақтың өз халқының рухани құндылықтарын бойына сіңірген, отансүйгіш азамат болып өсуі міндеті қойылған. Осы ретте Ғұмар Қараштың еңбектері таптырмас рухани азық бола

алады. Зерттеушілердің айтуынша, Ғұмар Қараштың идеялары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарымен үндес, әсіресе жастарды патриотизм рухында тәрбиелеу ісінде оның мұрасын оқу аса пайдалы[29][30]. Оның өлеңдері мен мақалалары тілге, дінге, ұлттық мәдениетке құрметпен қарауға, елжандылыққа шақырады[23]. Бүгінгі ұстаздар қауымы Ғұмар Қараш сынды ұлт ұстазының ой-пікірлерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізіп, одан үлгі алса, ұтарымыз мол. Мысалы, қазіргі «Өлкетану» немесе «Қазақ халқының рухани мұрасы» сияқты бағдарламаларда Ғұмар Қараштың ағартушылық өнегесін насихаттау – өскелең ұрпаққа жақын үлгі болар еді.

Ғұмар Қараштың *«білім – мұрат, тәрбие – құрал»* дегендей астарлы ойлары XXI ғасырдағы білім беру философиясымен сабақтасып жатыр. Оның айтуынша, білімнің түпкі мақсаты – мағыналы өмір сүруге жетелеу[4]. Бұл бүгінгі білім берудің құндылық бағдарымен толық үйлеседі.

Қорыта айтқанда, Ғұмар Қараштың тәлімдік ойлары – қазақ педагогикасы тарихындағы асыл қазына. Ол халқымыздың ой-санасын ояту үшін ағартушылықты ту етіп, бала тәрбиесі мен оқыту ісіне жанашырлықпен атсалысты. Ғұмар Қараш дәстүрлі тәрбие негіздерін замануаи ғылым-біліммен ұштастырып, қазақтың ұлттық мектебін дамыту туралы тұңғыш пайымдар айтқан қайраткер еді. Оның әрбір еңбегі мен өлең жолдарынан ұрпақ болашағына деген зор сенім және жауапкершілік сезіледі. Бүгінде білім беру саласы жаңғырып, жаңа міндеттер қойылған шақта, бір ғасыр бұрын өмір сүрген алаш ардақтысының идеялары біз үшін құнды бағдар бола алады. Ғұмар Қараш ұстаным еткен «шәкірт жүрегіне шындықтың нұрын себу», «білім берсең – дұрыс бер», «оқу мен еңбекті ұштастыру» сияқты қағидалар қазіргі педагогиканың да өзекті ұстанымдары екені айқын. Сондықтан Ғұмар Қараштың мұрасын терең зерттеп, оны білім беру тәжірибесінде пайдалану – келешек ұрпақтың кемел тәрбиесіне қызмет ететін игі іс болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ғарифолла Әнес. *«Тұңғыш дінбасы һәм тұлпар ақын – Ғұмар Қараш»*. – **Қазақ газеттері** (kazgazeta.kz), 08.06.2017.
2. *«Ғұмар Қараш (1875-1921)»* – өмірбаяндық мақала, **DANAkaz журналы**, №3 (4), 2013.
3. Исатай Кенжалиев. *«Ғұмар Қараш туралы кейбір тың мәліметтер»* // **Ақиқат** журналы, 1995, №5.
4. Тілекжан Рысқалиев. *«Ғұмардың терең сырлары»*. – **DANAkaz журналы**, №6-7 (20), 2015.
5. *«Немеркнущий маяк просвещения» – Жайық Пресс* ақпараттық порталы, 14.06.2018.

ӘОЖ 94(574)

ҒҰМАР ҚАРАШ - ҰЛЫ ТҰЛҒА

Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы
тарих ғылымдарының докторы,профессор, ҚР ҰҒА құрметті академигі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері

***Резюме**.В статье рассматривается жизненный путь и многогранное наследие казахского мыслителя, поэта, педагога и общественного деятеля Гумара Караша. Автор раскрывает его вклад в развитие национального самосознания, просвещения и педагогической мысли, а также участие в политических движениях начала XX века. Особое внимание уделено его идеям о роли языка, образования и единства народа в укреплении независимости Казахстана.*

***Ключевые слова**: Гумар Караш, Алаш, просвещение, язык, педагогика, независимость.*

«Ұшар бастан ғазиз Жан, Ескерілмей есімім...»

Ғ. ҚАРАШ

Ғұмар Қарашұлының өз өмірі де жарқын болашақ, халқының бақыты үшін арпалыспен өтті. Оның баға жетпес мұрасы да талай соққыға ұшырап келеді. Ғұмардың өмір тарихы мен творчествосын, педагогикалық қызметі мен философиялық, атеистік көзқарасын, қоғамдық жұмысын зерттеу талай жылдар бойы көптеген адамның көз тіге, үңіле жұмыс істеуін керек етеді.

Надандықпен күресу үшін Ғұмар өз білігін жетілдіріп, бір қызметке түруды қолға алады. Әуелі ол молда атағын алу үшін 2-3 пәннен сынақ тапсырып, құжат алады.

1902 ж. қазанда №1 старшыналық жиынының 580 кісі орнына 430 адам қатысқан жиыны болып, Ғұмарды «Казачіи лиман» деген тұрақтағы №2 мешітке («приход» деген)

«указной молда», имам етіп сайлайды. Қарабаев бұл екі құжатты қосып, осы күзде Бөкей Ордасын басқаратын Уақытша Советке жолдама хат жазып, Ғ. Қараш «мінезі жақсы, сот не тергеу астында болмаған» деп сипаттап, аталған бос орынға Ғұмарды бекітуді сұраған. Бұл материалды Астрахань губернаторына жібереді. Кешікпей Ғұмар имам болып бекітіледі. Сөйтіп, бізге тағы бір жаңалықтың бетін ашудың оңтайы түсті. 1903 ж. 2 мамырда қисым басшысы Ғ.Қарашевтен Үкіметке, өз қызметіне адал боламын деген ант алып, №637 куәлікті тапсырады. Сонымен Ғұмар өмірінде жаңа кезең басталады.

«Қарлығаш», «Тумыш», «Бала тұлпар», төртіншісі де бар, ол - Үпідегі «Шарк» баспаханасында басылған «Өрнек» жинағына уағыз ретінде оң қарасөзбен жазылған қысқа-қысқа мақала енген. Тақырыбы надандықпен күрес.

Келешекке үмітпен қарап ұлтымызды болашаққа бастау үшін қолдан келген бар жақсылығымызды аямауға шақырады. Ғұмар жергілікті саяси, экономикалық жағдайдың зейінділігімен жете білген, заман ағымын тез де жақсы түсінген ұлы тұлға. Ол Алаш қозғалысына халық теңдігіне, ел болуға жетуге үлкен үміт артады, белсенді, әлінше араласады. «Алаш», «Алаш азаматтарына», т.б. өлеңдерін жариялап, ұлттың азат болу кезеңін аңсайды. Ақын «Алаш» деген өлеңінде:

Әу, Алаш, көзіңді бүгін ашар күнің, Қарманып ілгері аяқ, басар күнің.

...Теңізім, телегейім - қайран елім, Кемерлеп толқын атып тасар күнің. Күш қосып құралданып, бас қорғаудың, Жолына белді буып кіреміз бе?

Болмаса күнде бір ел қырғын тауып,

Жылаулап бастан-аяқ жүреміз (Замана, б. 146).

Ғ. Қараш «Алаш азаматтарына» деген өлеңінде де қазақтың бостандық алып, тәуелсіз ел болу күресіне шақырып «Күш қосып, қол ұстасып, сөз бекітіп, Арадан аналықты тастар күнің», - деген (Замана, б. 146).

Тіл де ғылым. Оның диапазоны кең, өресі биік, пайдасын қолдана білсе көп. Қазақ тіл білімі ғылымының іргетасын ең алғаш Ғұмар Қараш қалады. Оны мойындауымыз керек. Ғұмар Қараш тіл, ғылым туралы:

Тіл көңілдің ашқысы, Көңіл жарық, жан қия.

Білім - бақыттың басқышы, Қараңғыда жол қия, - депті.

Қараш Алаш қозғалысының басты бір уағыздаушысы болды, оған арнап бірнеше өлеңүндеу жазды.

Ол Алаш қозғалысына тікелей араласып оның ең басты саясатшысы, идеологы болып, ұлттың тендік алып, тәуелсіз болуына күш салған. Ол өзі тұрған аумақта да іс жүзінде, қолма-қол алаш ұранын жариялап, сайлау өткізіп, жұмысын жолға қоюға тырысқан. Бірақ шовинизмнен шыға алмай жүрген топ кеселдік жасаған. Орынбор, Орал казак әскерінің бүлігі, азамат соғысы Алаш қозғалысының Ғ. Қараштың саяси өрістеуіне жол бермеді. 1918 жылдың басында Кіші жүзде саяси жағдай күрт өзгерді. Қазақтар екі жақтан қысымға түсе бастады: бірі - ақтар, екіншісі қызылдар. Орысша айтқанда екі зұлымның біреуін тандауға тура келеді. Ғ. Қараш екі оттың ортасында қалды.

Ғ. Қараштың соңғы шығармалар жинағы «Тұрымтай» деп аталады. 1918 жылдың

қаңтарында жарық көрген. «Тұрымтай» Үпі қаласындағы «Шарк» баспаханасында дүниеге келген. Ғұмардың бұл жинақтағы негізгі тақырыбы – ұлт тағдыры, халық ісі, заман жәйі, білім алу, өмір сүру, өнер болған. Жинаққа 27 шағын өлең енген. Солардың ішінде «Залалды торғайлар», «Неден қорқам?» деген өлең большевиктердің «жынына» тиді. Бұл бекер айыптау еді. Өйткені бұл өлеңдер 1917 жылдың күзіне дейін жазылған болатын. Бұл өлеңі ақынның алдағы өмірді көрегендікпен болжап, қазаққа келер пәлені алдың ала ескертіп отырғандай:

Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам,
Күлімдеп кіріп, ішкі сырымды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам,
Қандары тасқан қара күштен қорқам (Замана, б. 123).

Ақын осылай сол кезде елде болған аса қауіпті жағдайды болжап ел басына ауыр күн туатынын ескертсе керек. Большевиктер бұның бәрін өз адресіне алады.

Кеңес өкіметі кезінде Ғұмар Ордада ашылған мұғалімдер дайындайтын 3 айлық педагогикалық курста сабақ береді.

1919 жылы басынан Қазақ автономиясын жариялауға дайындық жүріп жатты. РСФСР Орталық атқару комитеті (БОАК - ВЦИК) 6.IV.1919 жылы Қазақ автономиясы туралы мәселені талқылап, шешу үшін күллі қазақ съезін шақыру жөнінде қаулы алады. Съезд Орынборда өтуі бекітілді. Съезді дайындап, өткізу үшін арнайы комиссия құрылады. Оған М. Тұнғашин, Ш. Бекмұқамбетов, Ғ. Қараш, Ғ. Мұсағалиев, т.б. кіреді. Бұл Ғ. Қараштың сол кездегі қоғамдық-саяси өмірде беделі зор екенін көрсетсе керек. Бірақ азамат соғысы ушығады, бүкіл қазақ жерінде соғыс жүріп жатады да, съезд кейінге қалады.

1919 жылы тамызда Ғұмар Ордадағы РК(б)П комитетінде партия қатарына кіреді. Аупартком оны үгіт-насихат жұмысымен қатар шаруашылық, тағы да алым-салық жинауға, т.б. пайдаланады. Қолға алған ісіне тындырымды, іскер Ғұмарды Қазақ әскери комиссариаты, Ұлттар Халкомының Бөкей облыстық бөлімшесі, облатком, оның жер, ішкі, т.б. бөлімдері өз жұмыстарына жиі пайдаланған. Беделі өскен Ғұмар Бөкей облыстық Советінің III съезінің (1919 ж., мамыр) делегаты болып, жұмысына қатысады.

Ғұмар қоғамдық-саяси, т.б. жұмыстар атқарған. Ол продком мүшесі болып, азық- түлік жинау істеріне қатынасқан. Бұл - ол кезде аса қиын, әрі қатерлі іс, қисым басшылары әдейі арандату үшін жіберуі де мүмкін еді. Бұның үстіне, Ғұмар байларды мектеп үйлерін салуға үгіттеп, алым-салықтан жеңілдік болады деп дәмелендірген. Бірақ уезд басшылары салғыртты үй салушыларға кемітпей, Ғұмарды өтірікші қылып, ағайынның наразылығын қоздырады. Бұған қоса араздық қозады.

Ғұмардың өлімі жөніндегі кейбір аңыз-әңгімелердегі басты фактілерді атай отырып, былай түйіндеуге болады.

Біріншіден, ақын өлімі саяси мотивтен болған. Бұны ақынның досы Нәсекең жоқтауында: ... «Таптым деп ел талаған жаудан жала», - деп, нақ растап тұр. 2-ден, жау ізін жасыру үшін өсекті әдейі таратқан. 3-ден, кей автор - 3000 жылқысы бар Нұрқай бай жас тоқал Ғайнижамалды алды - дейді. Бұл жалған сөз.

Бұл айтылғанның тобықтай түйіні – Бөкей губаткомы, Орынбордағы оқу халкомына Ғұмар 1921 ж. 21 апрельде қаза болғанын хабарлаған. Ғұмар – болашақ үшін саяси күрестің құрбаны. «Тілі бар дұшпандарды табалаған», - деп ақын өзі айтқандай, ол өсек, жаладан өлген. Оның бар болмысы халқына қызмет ету. Оның «ары сүттен ақ, судан таза» еді.

Қорыта айтқанда, Ғұмар – ұлы тұлға. Ғұмардың ұлылығы – оның ұлтжандылығында. Қазақта ұлт мәселесін жан-жақты қарап, болашағын меңзеген ақын, жазушы, саясаткер кемде-кем. Қараштың екі сөзінің бірі – алаш, қазақ, надан қазақ деп ашық күйінеді.

Ғұмар – саясатшы, ол саясат мәселесіне басқалардан батыл, ашық айтқан арманы:

«Теңдікті қазағымда бір ел болып, қатарлас басқа жұртпен тұрар мекен». Оған жету үшін Ғұмар: «Тында қазақ сөзімді, - деп, - Білім, өнер қаруым құралданып бойыңа. Жігер жиған қылышын, Ғибрат ұстап қолына, Әзірлен, қазақ, Әзірлен, Тіршілік деген соғысқа»,

- деп болашақ үшін күреске шақырған.

Ғұмар басқалардай емес, шаруашылық, әлеуметтік мәселелерге нақты көңіл бөлген. Алдымен отырықшылыққа, егін егуге шақырған. Сосын қазақты кооператив ұйымдастыруға үгіттеген. Тұрмыстағы түрлі ескі жарамсыз қылықтарды әшкерелеген. Өзі ишан, ақын бола тұрып, ислам дінінің тозған қағидаларын, молдалардың надан екенін қынжыла айтып, қазақтың өз муфтиін ашуға шақырған.

Ғ. Қараш қазақтың ұлы педагогы. Ол орыс, араб, парсы, т.б. тілдерде көп оқыған, сол білігін қазақтың ежелгі педагогикалық, этикалық тәжірибесі, ұстанымымен ұштастыра отырып, өзінше жаңа заман талабына сай ұсыныстар жасаған. Ол 1919 ж. қазақтың алғаш педагогикалық «Мұғалім» журналын шығаруға қатысып, қазақта тұңғыш рет ғылыми педагогика мәселесін жазған.

Ғұмар – қазақтың тіл білімі ғылымының бірінші кірпішін қалаған кісі. Ғұмар тек қана ақын насихатшы емес, ол нақты істің кісісі. Ол алғаш қазақ мектептерін ұйымдастырып, мектеп үйлерін салдырып, оқулық, бағдарлама жазып, жабдықтаған. Ол – қазақ тілі пәнінің алғаш оқытушысының бірі. Ғұмар мұрасы ақыл-ойға, тәлім-тәрбиеге бек бай. қазіргі заман қадесіне жарайды. Ғұмар жалынды, жарқын патриот. Ол өз ұлтының мерейін көтеруге қызмет істеп, өз ұлтының болашағын ойлап, тілдің рөлін айқындап берген. «Тіл айна - дейді Ғұмар, оның ішінде бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады. Ен әуелі ана тілі керек. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып ұлт білігін ала алмайсың», - деп тұжырады кемеңгер (Кенжалиев, б. 119-121).

Бұл ықшамдай айтылған сипаттаманың өзі Ғ. Қараштың ұлт перзенті, ұлы тұлға екенін көрсетсе керек. Оның қазіргі ұрпағына, тәуелсіздігімізді нығайтып, мемлекеттігімізді күшейтуде, халқымыздың бірлігін арттыруға берері көп. Ғ. Қараш қызметіне әділ баға беріп, ұлы тұлға екенін, өнегелі екенін мойындайтын уақыт жетті.

ӘОЖ 94(574)

ТРИУМФАТОРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

Мақсат Тәж-Мұрат
әдебиеттанушы-ғалым, эссеист, филология ғылымдарының кандидаты

1961 жылдың тамыз айының басы. Жидебайдағы Құнанбай қажының Ысқағынан өрбіген тұқым тұратын мекенжайға «Ахат қажы атаның сүйегін қазып әкеліпті» деген хабар түсті. Сонау Бақанастан шабаданға салып әкеліпті. Ел-жұрт дүрлігісіп қалды, үлкендер жоғы «Ұл туғанға күн туар» десіп, Ахатқа көңіл айтысты. Ел тараған соң Ахаң төргі бөлмеде комод үстіне қойылған шабаданды ашып, сүйектерді түсіріп өлшеді. Қос алақандай мүк басқан көкшіл затты сол жерде тұрған ет жақындарға көрсетіп, «Мынау төс шеміршек, екінші атылған оқ дәл төстен тиіп, омыртқаның қанатын сындырып, үгітіп жіберіпті, мынау оқтың орны» деп түсіндірді. Сосын: «Құрқұдықты жалғыз барып, асықпай қаздым. Қасымда кісі тұрса, көмектессе сүйікті бүлдіріп алар деп ойладым», – деп сабақтады сөзін. «Сонау жүз шақырым Бақанастан сүйек салынған шабаданды алақанына салғандай аялап, салт атпен келді. Ахат ата үстіндегі көйлегін шешіп, шабадан астына төсеп, сүйектер қажалмасын деп топырақтарын қоса салып отырыпты», – деп еске алады Мінәш Ысқақова. Мінәш – Әрхамның қызы, Ахаттың қарындасы, екеуі Шәкерім Құдайбердінің ұлы Әрхамнан туған.

1921 жылдың сәуір айының орта шені. Қазаққа белгілі ағартушы, ақын Ғұмар Қараш Бөкей губерниясына қарасты Талов (қазіргі Қазталовка ауданы) уезіндегі туған жері №1 болысқа азық-түлік салғыртын жинайтын продком өкілі ретінде жіберілді. Сәуірдің 5-10 жұлдызы шамасында уез орталығы Таловкаға бармақшы болып шығады да, жолда, Құнаншапқан деген жерде жасырақ уағындағы ғашығы, бірақ қосыла алмай қалған Жаманқыздың үйіне қонады. Оның күйеуі Нұрқай кәртайған ауқатты бай еді. Ол кез Жаманқыз

шешек шығып ауырып жатады. Аттанарда Жаманқыз: «...Қазір жүру-жүру (банды) көп, тынышсыз болып тұр ғой және мен аурумын, бір түрлі тыншығанша келмей тұра тұр» дейді. Сонда Ғұмар: «Мені саған келуден ешқандай күш бөгей алмас, ол жолда мен не көруге де тұрғамын» дейді де қоштасып аттанады. Алдынан кездескендер «Ілгері жүре алмайсыз, көл біткен толы су, өзен тасыған, қазірге жол жоқ» деген соң, жақын ауылға қонып, ертесіне Жаманқызға қайтып келеді. Сол түні таңда бандылар кеп ұстайды. Ғұмардың үстінен түсірген Жаманқыздың кәрі күйеуі Нұрқайдың тумасы бір жағынан Ғұмарға да ағайын, ол да ноғайқазақтың қоясы Сары деген кісі екен (басқа бір деректе Қапқой).

Бандылар – Глава, Тименов, Серов, Анохин, Попов (кей мәліметтерде көрші Савинка селосындағы қарашекпен коммунистер) Ғұмарды бірнеше күн тұтқын ғып ұстайды. Ел ішіне адам шығарып, үстінен мағлұмат жинайды. Онда «Ғұмар сендер бұзған «Бекжан» диірмені жайында дерек жинап, сол бойынша сендерді ұстауға отряд әкелмекші» деген сөз айтулы. Содан соң бандылар Ғұмарды ат артына теріс мінгізіп, ауыл аралатып, Құнаншапқан ауылының сыртындағы обаның (Қараоба) етегіне апарып, (өзге мәліметте – Айдарлы дейтін жерде, көрін өзіне қаздырып) қылышпен өлтіреді. Бет-аузын танымастық етіп шапқылаған. Сақалын шоқ сақал етіп қырып, иекке тұжырып әдемілеп қояды екен, бет-ауыздан жарты иек қалулы, кейін жұрт сол сақал бітісінен танып алады. Кейбір мәліметте «қол-аяғын бөлек-бөлек кесіп, құлақ-мұрнын, тілін кесіп, көзін ойып алып, «ағзасын» аузына тығып кеткен.

Көз байланған шақта аталас ағайындарынан жеті қария барып, сүйегін алып келеді. Бірақ сүйегі дәл қай жерде жерленгені анық емес. Бірқатар дерек берушілер Құнаншапқанды атайды, енді бір деректерде денесі туған жеріне – Жәнібек ауданына қарасты Борсы ауылы маңындағы Қарақұдыққа әкеп қойылғаны айтылады. Құнаншапқанға, қаза болған жеріне, сол төбе етегіне жерленген себебі – денесі алып жүруге келмеген. 1980 жылы сол кездегі Орал облыстық партия комитетінің секретары, Ғұмардың немере інісі Мұстақым Ықсанов ата-баба зираты тұрған Қарақұдықтың шетіне Ғұмар мен оның ауылында тұратын, Ғұмармен рулас (ноғайқазақ) Темірболат Жұнысов бізге мәйіттің Құнаншапқанда жатқанын айтып, дәлелге ақын көзі тірісінде жазып кетті делінетін

«Елсізде» дейтін өлеңін жүргізген еді (өзі өлерінен үш-төрт күн бұрын қабіріне құран оқымай, «құлпытасқа осы өлеңді жазыңдар» деп өсиет етіпті).

Елсізде иесіз жатқан жалғыз мола, Бәйшешек айналасы жасыл ала.
Сыр-сыбыр сөйлесетін мұңдасы тек, Осы шөп қалың біткен шырайнала.
Алаштың атқа мінген бір баласы, Жетпеген кемеліне толы жасы.
Тағдырдың жарлығымен жатып қалған, Бойында жаудан алған бар жарасы.
Жапанда қалаларында жалғыз өзі, Мінекей құлпытаста айтқан сөзі :
«Сәлем де асылыма мәңгі берік, Сақтаулы жүрегімде салған ізі»...

«Өлең сөздері мәйіттің орны туралы талас тудырмайды. Қорымда емес, елсізде жатқан жалғыз мола. Осы жолдарды оқи тұра Ғұмар қайда жерленген деп дал болудың қажеті жоқ. Ғұмардың мәйіті Құнаншапқанда. Қарттар ақылдасып, арыстай азаматының қанын тамызып алып жүруді обалсынып, «шаһид» болды деп, сол жерге қояды. Мәйіт Айдарлыда, Құрқұдықта деушілер жақындары. Олар «Ғұмарға ата-баба қорымын бір уыс топырақ бұйырмады» деген сөзден қашады», – деген еді сол жолы Темкең маркұм (Темірболат Жұнысов).

2001 жылы жазда Құнаншапқанға арнайы барып жүргізген іздестіру жұмысымыз нәтижие бермеді. Ондағы маркұм жерленді ау деген жерлерді аралап, ізін де таба алмадық. Уақыт үгіп тастаған моланың жұрнағы да жоқ, айнала теп-тегіс. Кезінде денесін жер қойнауына берген, өз көздерімен көрген адамдардың кейінгі жастарға орнын көрсетпеуі түсініксіз. Сондай-ақ, ілгеріде айтылған Ахат ағамыз сияқты, төбе етегіндегі орнынан қазып алып, ата-баба қорымына апарып қайта жерлеу еш адамның ойына келмеуі әлгі орынның басына сайғақ құрлы бір белгі, нышан қадалмауы көрсетеді емес пе?! Сондай-ақ, Ғұмар жайында осы күнге дейін жазылған дүниелерде авторлардың бірде-біреуі оның өмірі неге мұншалықты қайғылы аяқталды, тас жүректі де түршіктіретін, қара тырнағына шейін турап тастаған қатыгездік қалайша орын алды, ол қайдан келген нәубет (дүние – кезек) деген сұрақ төңірегінде сөз қозғамауы ойлантады. Шындығында, көрер жарығы, татар дәмінің таусылғанын ақынның өзі

де, ортасы да, ел іші де алдын ала, ағатсыз сезген ғой. Өзі соның алдындағы бір өлеңінде: *«Бір жанға бір өлім бар, екі өлім жоқ, / Тағдыры Жаратушы жалғыздың – Ту»* деп, ажалы Қызыл тудың астында келерін ишаралағандай болыпты. Осы тегін бе?!

Ғұмар содан бір жыл бұрын Бөкей губкомы пленумының мүшесі болып сайланып, губкомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалған. Сонан соң Талов уездік ағарту бөлімінің меңгерушісі болады. Одан кейін еліне – туған ауылына продион өкілі ретінде жіберіледі. Осының бәрі бас-аяғы бір жылдың ішінде жүрген өзгерістер. Және бұл тегін емес еді.

Тарихтан белгілі, 1921 жылы, әйгілі мешін-тауық жұтымен жағаласып, бүкіл қазақ даласында, тіпті Совет елі бойынша бірінші партиялық тазалау басталды. Оның құрығына жергілікті оқыған зиялылар және коммунистік партиядан басқа саяси партиялардың мүшелері ілікті. Ордада Досығұл Темірәлиев, Мәжит Шомбалов, Батыр- Хайыр Ниязов, Ғали Бегалиев, Тамимдар Сафиев, Ахмет Мәметов «бұрынғы патша өкіметінің қызметкері, моральға жат қылық жасаушы» деген айыптаулармен компартия қатарынан шығарылды. Ғұмар бұдан аман қалады, бірақ оның үлкен ұлы Қадыр партиядан шығарылып, қызметтен (Талов уздік милиция бөлімінің бастығы) қуылады. Мұның өзі бір жағынан ақынға көрсетілген сес еді.

Осы тұста оның өлеңдеріне мұңды жарықшақ араласады («Шаршадым», «Түн қараңғы, бұлт қалың» өлеңдері). *«Түн қараңғы, бұлт қалың, / Жарқылдайды найзағай. / Шатырлайды бір алым, / Жүрегіңді жарғандай. / Қалың орман ішінде, / Адастық, жыртқыш аңдар көп. / Сол аңдардың тісінде, / Құрбан болған жандар көп. / Маған қашан кезек деп, / Сағат күткен бұл кезім. / Жалбарынып безектеп, / Жүрмін Алла, бер төзім...»*

Тарихшы Исатай Кенжалиевтің дәлелдеуінше, Ғұмардың қазасы кеңестік тарихта большевикшіл партизан ретінде танылған Ефим Танченконың қолынан келген (Танченко 1930 жылдары Пятимардағы № 51 Буденный жылқы зауытында бөлімше басқарды). Жазушы Зейтін Ақышев соңыра ақынның Талдықорғанда тұрған баласы Бұрхан Қарашев әкесін анық қызылдар өлтіргенін айтқанын келтіреді: «Ол кезде біздің Орал өңірінде ақтың аяғы құрып біткен. Олардың орнына қызылдар келіп, ойран салып жүретін. Бірақ атқан ақтар деген лақап таратты. Қызылдар дегенге бет қаратпады. Әркім өз жанынан қорқып, «Солай-ақ болсын» деп қоя салды. Бұл жағынан Ғұмардың өлімі қазақ үшін құсалы өзге де қазалармен – 1921 жылы ақпанда Қарқаралының көшесінде қызыл жағалылар атып кеткен Мәдидің, және бір қарқаралылық қайраткер Мұстақым Малдыбаевтың дәл сондай өлімімен ұқсас. Жалын 1921 жыл кеңестік ақындардың басына зұлмат үйірудің басы болды. Мәселен, орыстың шаруа поэзиясының көрнекті өкілі Николай Рубцов 18 қаңтарда кісі қолынан қазаланған (алайын деп жүрген қалыңдығы буындырып өлтіреді) және ол да Ғұмар сияқты қарсаңында «Я умру в крещенские морозы» деген өлең жазған екен.

Сонда белгілі мәдениеттанушы Ықылас Ожайұлы «Әдебиет порталында» Метамәтін: «Құрбандық феномены» деген атпен бір мақала жазды. Бір тұсында мезгілсіз опат болған Ғұмар қазасының себебін діншіл қасаңдарға қарсы мақалаларының салдарымен түптей келіп, ақын-ағартушы өзін Алаш мұраты үшін пида етті, пидагершілікке барды деген ой түйеді. Ой саларлық пікір. Бұл қазаның терең түкпірінде бағзы Әбіл мен Қабыл уақиғасы секілді, ағайынына азар берген адамды бозқаңғыр (изгой) көріп, ортадан шығару жатқанымен, негізгі объективті себебі халық үшін өзін қию, жанын пида ету де жоқ емес екенін түйсікпен сезінуге болар еді. Бұл – жалпы Алаш санаткерлеріне, жәдит ағартушыларға тән болған халықшылдық қасиет.

Осы өреде журналистігі, көсемсөзшілдігі қашанда ақындығынан күшті көрінетін Ғұмардың 1912 жылы «Қазақстан» газетінде «Молда Қазақаев» бүркеншік есімімен екі тілде жарияланған «Тәнсіз жан жоқ» – «Нет духа без материн» мақаласы ойға оралады:

«Ғажап! Бала ананың құрсағында әуелі қан болады, андан соң жан болады. Әуелі қан уә тән болмай тұрып бірден жан болмайды, бұ жөнінен қарағанда қан мен тән жанның болушылығына себепкер болып тұр... Осы тәтті жанымыздың иәки ғұмырымыздың болушылығына себеп болып тұрған қан-тәнімізді біз қайдан алдық? Әлбетте, халықтан (миләдтан) алдық. Сөйтіп, халық біздің дүниаға келуімізге себеп болды».

Кеңес дәуірінде бұл мақаланы философ ғалымдар Ғұмардың стихиялық материализмінің көрінісі ретінде бағалады. Ал бүгінгінің зерттеушісіне оның шығыстық халықшылдық негізі көрініп тұр. Алайда, автор өз ойын халықтық танымның деңгейінен көтеріп, неоплатонизм, зәрдіш (зороастризм), ғирфан (гностицизм) өкілдері болып саналатын көне дуалистік түсінікке апарады. Яғни, еуропалық софистикалық философияның тағаны. Дүниені дуалистік тұрғыдан қабылдаудың негізі – әлемде бір- біріне өзара кереғар заттық (барлық) және рухани (болмыс), имани және жасмани екі субстанция бар деген түсінік. Бүткіл тіршілік өзара кереғар осы екеуінің бірлігінен құралады, әу баста бір құдіретті ғаламат түзген басқы себептің (ілгері эманация) өзінен туатын материалдық жаратылыспен (кейінгі эманация) күресінен туындайды. Осыдан халықшылдық идеология, тең құқықты азаматтық қоғам құру, әлеуметтік теңдікке қол жеткізуі идеялары – бұқарашылдық үрдіс тарамдалады. Мұның дүмпуі әулеттік сілкіністер кезінде күшейіп, шарықтау шегіне жетіп, көп үшін, халық үшін білте боп жанып кету сезімін туғызады. Жәдидтер осыны, яғни көпті (тобырды) біліммен, мәдениетпен тәрбиелеп, адамшылық, теңдік, еркіндік жолына сүйреу өздеріне даға (миссия) ретінде жүктелген деп түсініп, әлгі пидагершілікті өмірлерінен де қымбат мақсатқа айналдырған. Мұндай тұлғалар халық үшін қай кезде де шыбын жандарын құрбан етуге дайын, солай болғандықтан да Ғұмар бұл дүниеде көрер жарығы түгесілуге айналған сезіп, бұған өлең арнап, саналы түрде күтіп алмаққа әзірленеді.

Осынау маһдилік-машиахтық дағаның (миссияның) үстіне еуроатлант цивилизациясына тән биомимикрия жамалады. Басқаша айтқанда, әлемді мұқият бақылау, ми ғамалдары арқылы тексеру, табиғат құбылыстарын зерделеу, жаратушы ғаламат жаратындысына жасырған құпияларды тануға ұмтылу, мысалы, шарикті автоқаламды ақылман, байқағыш адам суға түскен доп жасаған шеберлерді бақылап отырып жасағанындай. Үшбу биомимикрия Ғұмардың «Аға тұлпар» жинағындағы

«Хиял-хақиқат» өлеңінде айқын көрінеді. Барлығы 137 жол, жеті-сегіз буынды жыр ағамы, толғау пошымды өлең, ал бірақ контент, мағына қазақ поэзиясы үшін мүлде тосын. Жаздың бір кешінде қыр төсінде шалқадан жатып, жұлдызды аспанға көз тіккен лирикалық кейіпкердің (автордың) жаратылыс, ғалам, адамның ғұмыры жайлы философиялық ой-толғамы. Қияс ойлауға (аналогияға) құрылған толғам.

Кең жаһанның ішінде доп-домалақ қара жер тозаң болғанда, сол жердің үстінде қыбырлап жүрген адам баласы да сондай бір әлсіз бүршік. Сонда да жәман эгоист өзі. Дүниенің жаралу себебі адам пенденің объективті ақыл-ойынан тысқары бола тұра, ғаламды жаратушының – «сөзінде қаһары, жүзінде ажары жоқ» Жаратқанның «ынты менен шынтына һешбір адам жетпейді», себебі, «Жаратушының құдіретін шегі жоқ, ғылымының түбі жоқ, жалғыз ие болған соң, Жалғыз ғана бір өзі». Бір тамшыда миллион жан иесі бар, сол жиын ішінде адам баласы өз жанына ғана қожа бір құрт, бұл ғаламның сырынан, бұл жаһанның мақсатынан үлесі жоқ мардымсыз құрт. Сондықтан адам пенде ожданына бойұсынып, дүнияда тіршілік ету өзіне міндет қана екенін ұғынып, ождан түбі Алланың бұйрығына қайту болатынын түсінуі лазым. Осылайша шын ожданмен өмір кешсең, еш уақыт Алланың бұйрығынан адаспайсың. Адамның ақылы тауып жеткені осы ғана.

Кім құрады жиһанды, Кім жіберді адамға,

Терең сырлы бұл жанды... Кім құрса соның өзіне, Мағлұм болса керек-ті.

Кеңес кезінде философ ғалымдар Қараштың бұл өлеңінің атын орысшаға

«Абстракция и действительность» деп аударып, материализмді әспеттеген өлең деп таныған еді. Алайда, жоғарыда көріп отырғанымыздай, «Хиял-хақиқаттың» мазмұны материалистік танымнан алыс. Кісінің көкірегіне күдік ұялатуға жол беретін классикалық философиядан да қашық. Бұл – Алланың барлығын, бірлігін (Бір, біреу екендігін) жырлаған өлең. Ғұмар есейе келе тапқан, насихатшысына айналған салафийяның тауһид ілімімен терең үлесетін дүниетаным. Осы орайда Ғұмар адамның қиялымен аулануы мінеп, ақиқаттың мәнін айта келіп, осы екеуі арқылы логикалық ақиқатқа – ғақылға (разум) объективті түрде қарсы шығады. Адами заттың кеудемсоқ пендешілігін сынау арқылы батыстық Ақыл жолына Күдік келтіргендей. Болады, батыстағы ағарту дәуірінде ғақыл жолына күдік келтіргендей болады.

Батыстағы Ағарту дәуірінде ғақыл идеясын әмбебап таным принципіне (табиғи заңдылық дәрежесіне) көтерген ойшылдармен келіспейтінін аңғартады. Олардың табиғи заңдылық деп жүргендері табиғат заңы арқылы адам үшін және адамға қатысты түрде алдан ашылатын жаһандық ғақыл, Жаратушының ғақылы дегенді меңзейді. Яғни, адамзат – жаһандық келісімнің, әлемдік үйлесімнің бөлінбес бөлшегі. Бұл – иррационализм, немесе иррационалды көңіл-күй.

«Философия таңырқаудан туады. Философ жалпы алғанда бірдеңе бар екендігіне таңданады» депті. Мераб Мамердашвили. Сол айтқандай, Ғұмар жұлдызды аспан арқылы жалпы ғаламға таңданысты көзбен қарайды. «Ғарышта көрініп тұрған жұлдыздардың кейбірі атамзаманда сөніп қалған – деп жазады белгілі журналист, жазушы Саясат Бейісбай. – Бірақ олардан шашыраған жарық ғарышта 300 км / сек жылдамдықпен тарап жатыр. Біз сол жұлдыздардың өзіне емес, тараған сәулесін ғана көріп отырамыз. Енді сол жұлдызды не бар, не жоқ дей алмайсың. Яғни, адамның ақылына сиятын Құдай жоқ. Бұл дүниенің елес екенін, барлық нәрсеге санаға сыймас сипатта мызғымай тұрғанын бағамдаймыз. Шамасы, ақиқат осы болар». Қазақ жазушысы арада ондаған жылдар өткенде, бәлкім, Ғұмарды оқып яки оқымай, өз ақыл- зерегімен жеткен осынау бейрационал көзқарас, шыңылтыр сезімшілдік қазақ ақынын еуропалық ойсана «алдыңғы романтизм» (предромантизм) деп атаған айрықша сезімшіл психологияға алып келген. Біз бұдан ілгергі романтизм (сарындамашылық) қазақ даласына, тарихи даму ерекшелігіне сәйкес XX ғасырдың басында жеткенін аңыстаймыз. Ресейге XVIII ғасырда, басым әдеби бағыттар – сентиментализм және алдыңғы романтизм түрінде дамыған сезімшілдік пен сарындамалық бізге кеш келгенімен, бірден жал алып кете алмай кібіртіктеп қалады, соның өзінде де бұлар классикалық канонның көбесін сөгіп үлгереді. Бұл жағынан «Хиял-хақиқат – Қараш шығармашылығы бойынша ғана емес, тұтас алғанда қазақ жәдид әдебиеті бойынша ескінің соңындай, жаңаның басындай программалық (жосындық) өлең. Содан кейін-ақ Ғұмарда синтементал өлең де, романтикалық көңіл-күй де, өзі өтіп кеткен ғақыл жолы да, тіпті пантеистік сарындар да қатарласып, жарысып, сыбай көрші келіп отырады. Неге бұлай? Ғұмар неліктен бұлайша көп бұлтаққа түсіп кетеді? Біз мұның жауабын әзербайжан ғалымы З. Кулизадеден тапқандай болдық. Исламдағы илхад (ересь) ағымдарды Низами шығармашылығы негізінде ізерлеген бұл зерттеушінің пайымдауынша, ортағасырдағы шығыстық мүртет ағымдардың – суфизмнің, хуруфизмнің, бекташизмнің, нуктавизмнің, әли-иллаһи қозғалысының, қызылбастар идеологиясының және иомамлиенің өкілдері онтологияда – пантеистер, гносеологияда – мистика (әпсін) араласқан рационалистер, этикалық-әлеуеттік тұрғыдан алғанда критицистер. Бұларды исламнан басқа жаққа, мүртеттікке, ереське, бәдіғатқа сүйреп тұрған белгілер – монотеизмнен пантеизмге қарай жылжу, ғұмыр жолындағы пендені тәңіртұлға көру, иманды ғақылдан, ұлфаттан (сүйіспендіктен) төмен қою, о дүниеде жаза, зауал барына күмәнмен қарау, аскеттік т.б. екен. Мүртеттердің «Бұл не?» деген сұраққа жауап іздеген онтологиясының, «Қалай, не үшін?» деген сауалға жауап беретін гнесеологиясының табан тірер жері – Аллаға хақиқатты теңеу. Құдайлары – Хақ (Растық). Алла – «Әлемдік ғақылды» (Тәңірдің бірінші эмоциясын) жаратушы, адамзаттың ақыл-ойы жетпейтін абсолют Құдай

«Әлемдік ғақылдан» зат дүниесін, көрінеу әлемді (барлықты) жасаған «Әлемдік жан» (болмыс, Тәңірдің екінші эманациясы) туады. Бұдан захир (тысқы, экзотериялық білім, илм-сури) және батын (ішкі, эзотериялық білім, илм-зохури) туады. Захир исламның фикһ, хадистерін, әһлі сүннә жолын мойындайды. Ал батинның тауал, хакаик дейтін құрамдас екі бөлігі, алғашқысы Құранды, хадисті, ғылымхалды аллегориялық мәністеу, ал хакаик – ғылымды, фәлсафаны дінге сәйкестендіру, соған сай ғарыш әлемін, физика, жаратылыстану ғылымдарын, логика, дін философиясын оқып-үйрену. Құран аяттарында сыртқы мағынасынан бөлек ішкі мән бар деу, ол мән, ол мағына таңдаулы жандарға ғана тән деу. Ғұмар айтқан хақиқат – хакаик.

Табиғат заңдарын жаратылыс хикметін (даналығын) біржақты шешу немесе олардың толық шешілмеуі мәселесі Батыстық логика ғылымында көптен талқыланып келеді. Бүгінде осы батыстық һәм шығыстық ғылыми-жаратылыстану пікірлері, ой- тұжырымдары болжам

(гипотеза) ғана екендігі, олар толықтай верификацияланбайтыны яки фальсификацияланбайтыны аныққа шығып дәлелденді. Яғни, ойжорулар ғана. Исламда жасырын мән жоқ, бәрі де ашық аяттармен түсінікті түрде берілген. Ал соны ақын-ағартушының бір өлеңінде («Сырым батыр») бас кейіпкер аузына сөз салып, «Көп сөзді тыйсаң Құран бар, / Әуел бастан соны тый деп «тәпсірлеуін» қай сабаға сыйғызамыз?! Құранның әр оқыған сайын іздеген сұрағыңа ашық мағынамен жауап беретін терең сырлығын көре-біле жасынға шығару ғой бұл.

Кеудемсоқтық ақыры оны ораза ұстауға, құрбандық беруге, тіпті хаж баруға көрінеу-көмес қарсылық таныту әрекетіне алып келді. Және бұндай пікірлер кімнің қаламынан қорытылып шыққан дейсіз ғой – Ғабдолла Мұштақтың – Муджтахидтің – дін зерттеуші, шариғаттың негізгі мәселелерінен өз бетінше шешім қабылдауға құқылы лауазым иесі, Орынбор Дін басқармасы Бөкей ордасының Талов қисымы бойынша тағайындаған діни өкіл – ахунның аузымен айтылған. Барлығы бес фәтуа – ахунның өз бетімен шығарған шешімі. Оларда Ғұмар айт кезінде құрбандық беруге қарсы болады. Айт күндері құрбанға шалынатын малды соймай, бір жерге жиып, кейін сатып пұлдап, түскен ақшаны мектеп жасындағы жетім балалар мен жоқ-жітіктердің нәсіл-несібін оқытатын жатақ (интернат) үлгісінде мектептер ашуға жұмсау керек дейді. «Ұзақ күнде ораза тұтуға болмайды» деп ауыл қарттарына күндіз ауыз аштырады. Хаж баруға (қажылыққа) ашық қарсы шықпайды, десе де, өзінің орнына басқа біреуді хажға жіберуді дінге жаңалық қосуға (бәдіғатқа, бидға) жатқызады.

Осы пікірлері үшін ол қатты шілтеге қалды. Дін иелері бұл қылығын құрбан шалудың уәжіп екендігін мойындамайтын, нанбайтын күнәһарлыққа жатқызады, Исламның терең сырлы мәнін түсінбеушілік, бәлки қасақана елемеушілік деп бағалады. Соңғы айып негізсіз емес еді. Құрбан деген сөздің мағынасы – Аллаға жақындық. Ал жетім-жесірге, қаріп-қасерге көмек көрсету, сүйеу болу – хайыр-ихсан, мейірім-шафағат. Екеуі екі басқа. Ғұмардай дін оқуын жетік игерген ғалым кісінің ашық мағыналы бұл жайды білмеуі мүмкін бе?! Ақыры Орынбор мүфтилігі жергілікті дін иелерінің сұрауымен Ғұмарды ахундық атағынан айырды. Осы мәселені арнайы қарастырған қостанайлық ғалым Павел Шаблей «Фетвы ахуна Гумара Караша: муфтиит и прово вне столкновения во Внутренней Казахской орде в начале XX века» мақаласында бұл келіспеушілік ғана. Фильмнің доктриналық талаптарын аймақтық ерекшеліктерге өлшеп қолданудағы қиындықтар себебінен орын алған» дей келіп, одан әрі: «Оказавшись не в состоянии оспорить авторитетность правовых источников Г. Караша, ОМДС обвинило казахского ахуна в отходе от матуридитской ахыды и пропаганде идей мутазилитов», – деген ой түйеді. Автордың пайымдауынша, Ғұмар үшінші жаһили надандар жамиғи қазақтан бұрын оларды елітуші діндарлар мен жергілікті шенеуніктер, шариғатты өмірлік жағдай, жағдайлардың қисынымен емес, формальды қағидаттармен қарастырған қитабан қауым: «Поэтому такие люди, считал Г. Караш, личные интересы ставят выше общественных».

Ғұмар жасырақ уақытында, елде нақшбандийа тариқатына жататын ұстаздар тарапынан тәрбиеленген, бірақ соңыра, Қазанда, «Мухамаддияда» оқып жүргенінде Ризаиддин Фахриддин, Ғалымжан Баруди секілді нашидан шыға тұра, Ауғани мен Ғабдуһу негізін салған салафийя ілімінің таухидімен қалыптанады. Негізі бұл екеуінің қоспасынан Ресей жәдитшілігі дүниеге келген. Нақшилар сопылықтың бір тармағы бола тұра оның тым тақуа, өмірге бейімсіз жағын қабылдамаған, Ғұмар да хадимге қарсы шыққан кезінде алдымен осы, Шәкерім айтқан жылмиған сопыларға қарсы болған. Бірақ сол жолда, өзге де жәдид қайраткерлері сияқты, бұл күресін шектен шығарып алады.

Әбіш Кекілбаев өзінің бұл шығармасы жайында «Шыңырау» повесі шегінен шығып кеткен нәрсе, апогейден асып кеткен нәрсе қасіретке апарып соғады, тіршіліктің формуласы – осы» дегендей, жәдеттердің Шыңырау құдығы – оқу-білім, батысшылдық мәселесінде апогейден асып кеткендері. «Батыс тәрбиесін алған зиялыларымыздың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы» дейтін Мұстафа Шоқай лұғаты осы жерге дәл. Қазақ үшін ат көтіне міну өлімнен де жаман. Ол кісінің ортадан шығарылығанының, ру (қоғам) шегінен аластатылғанының белгісі. Босқаңғыр – изгой екендігінің келепен (отверженныйға) айналғандығының сүйегі сосын да айдалада қалдырылуы әбден мүмкін. Оқшау еуропаласқан

алғашқы қазақ, Черняев экспедициясы кезінде прогресс жайлы армандары қатігез иллюзияға айналған Шоқанның сүйегінің де туған жеріне жеткізілмеуі ой саларлық. «Бұл өлім ашық жаулардың қолынан емес, керісінше, Батыстың жалған уәделері мен алдамшы күлкісінің торына түскендіктен келді» – әкесінің қазасына қатыстырып, Айша Каддафи осылай депті...

Дін мемлекеттен ада етілген секулярлық жүйенің ақыры сондай болмақ. Батыстық оқу жүйесі функционалды сауаттылыққа әкелетін төте жолдың басы, оған, әлбетте, дау жоқ, бірақ бұл жүйе жүре-бара білімді мозаикалы түрде игеретін фактологиялық көзқарасқа, рефлексивті оқытуға әкеп соғатын әкеп соғатыны бұл күнде анықка шықты. Шәкірттің «субъектілігін – жас адамның мақсатты іс-әрекетке әзір болуын қамтамасыз ете алмайтыны белгілі болып отыр. Кезінде усули жәдидке бой ұрған оқығандарымыз осыны көрсе, ойланып қалар еді. Сол секілді, өздері моральдық императив ретінде қабылдаған «ұлт» идеясы, «ұлт-мемлекет» концептісі бүгінде аққұла соғысуға, кісі өлтіруге шақыруға айналғанын көрсе ше?! Құдайсыз адамға табынам деп адамзатты қос бірдей дүниежүзілік соғысқа киліктірген, оған қоса ГУЛАГ тәрізді жаппай қырып-жою мәшінінің оқпанында бас жұтқан Ағарту дәуірінің тоталдық атеизмнің салдарын көріп жағаларына түкірісер ме еді? Өздері әс көрген Батысқа геостратегиялық қайта бағдарлану, deep state (тереңдегі билік-мемлекет) сәнге асқан зияткерлер арқылы адамның басына енгізетін идеяторлық автоматизм адамзатты тығырыққа әкеп тірегенін сезінсе не болар-ды? Халық өзінен безіп кететін, оны, ұлтты езілгендер өздерінің езілуін таңдауына, өз еркіне балайтын құлданудың ең қауіпті сойқан пошымына алып келетін рухани инвазияны (инкультурацияны) бағамдап тұрып, бір кездері өздері талмай насихаттаған тарқы (прогресс) жолын, Огюст Кант позитивизмін, Герберт Спенсердің органикалық теориясын біржола мансұқ етер ме еді, қайтер еді?! Бұл өзі Ғұмар Қараштың ғана басына келген кеп емес, бүкіл жәдидтердің басынан орнаған зауал. Бір кезде жаман ниет қарау адамдар бұлжымайтын шүкіране мүміндерімізді оңдыққа сүйреп, екіұдай (енжар) етсе, жаңа талап ізденгіш екпінділерімізді солдыққа сүйреп, төңкерісшіл қылған. Халықтың тілегімен жұртшыл болу, заманның аңғарымен ағартушы болу бұйырылған соңғы топ өз тағдырларын өздері жасамақ болып жүріп, хақ дінімізді теріс жорушы қара жүректердің әсерімен өзегіне буынқұрт түсіріп алғандарын байқамады. Тарих өзенін кері ағзамыз деп әулиесінгендер қолдан жасалған әлемет-катаклизмдер тұсында ақыры өз бастарын жұтып тынды. Көпшілігінің соңғы тыным тапқан жері де белгісіз.

Молда көрген, Құран оқыған адамдардың осыншама мәлімет, осынша білім келгеннен кейін тура жолдан шығуына сұрау бар. Нәубет бар. Дүниеде еш нәрсе із-түссіз кетпейді. Бұрындары Ғұмар 37-дегі өрескел заңсыздықтың құқайын алдымен тартты деп келсек, ендігі жерде басына дүние кезектілігі (нәубет) алдымен орнағанын ашып айтуға тиіспіз. Кейінгі нәсіл-несібімізге олардың білімі мен талантын берсін, аянышты тағдырларын бере көрмесін.

ӘОЖ 94(574)

ҒҰМАР ҚАРАШ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Пангереев Абат Шамұлы
Филология ғылымдарының докторы,профессор
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ.Қазақстан, Ақтөбе
pan.abat@mail.ru

Резюме. *В статье рассматривается вопрос национальных интересов в творчестве выдающегося представителя движения Алаш — поэта и мыслителя Гумара Караша. Автор отмечает, что алашевцы активно участвовали в общественно-политическихсобытиях своего времени и ставили во главу угла идею национальной независимости и духовного обновления народа. Особая роль среди них принадлежит Гумару Карашу.Гумар Караш — поэт, последовательно поднимавший национальную идею, а также стремившийся к*

просветительству и правильному пониманию религии. В стихотворениях «Настал день», «Алашқа», «Алаш азаматтарына» чётко выражены идеи единства, сплочённости и самостоятельности. Он горячо поддержал создание партии «Алаш» и связывал с ней надежды на независимость казахского народа. Наряду с этим поэт выступал за религиозно-просветительское направление, подчёркивая необходимость правильного, очищенного от невежества понимания веры.

Ключевые слова: *Алаш, национальный интерес, политическая лирика, просветительство, идея самостоятельности.*

Алаш азаматтарының шығармашылықтарын сөз еткенде олардың өздері ғұмыр кешкен дәуіріндегі елеулі оқиғаларға ат салысқандықтары,ұлттық мүддені көздей отыра заманға үн қосқаны анық байқалады. Бұл ұлттық мүдде деген ең қастерлі ұғым.Әдебиеттің де, әдебиетшінің де мақсаты не айтса да ұлттық мүдде тұрғысынан шығарып толғау. Бұл ұлттық мүдде деген ұғым жаңадан пайда болған нәрсе емес, ол бұрыннан бар. Елдің қамын ойлап айтылған бұрынғы жыраулардың сөздері осыған дәлел. Бұқар жыраудың Абылай ханға қарата айтқан:

“Отының болсын жантақтан, Қатының болсын қалмақтан, Қосының болсын қазақтан, Сегіз қиыр шартарап

Төрт құбылаңды түгел қып

Төріңде жатып салмақтан” [1.101], - деген толғауында ұлттық мүддені көздеген дипломатиялық сарын тұр. Немесе, Махамбеттің :

“Еділ үшін егестік, Тептер үшін тебістік. Жайық үшін жандастық

Қиғаш үшін қырылдық” [1.187], -

деп не үшін көтеріліске шыққандарын жалын атқан сөздермен танытуы,болмаса : “Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім. Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім” [1.190], -

түрінде айтылатын арманынан ұлттық мүдде айқын байқалады .

Міне, осы ұстаным өзінің дәстүрлі жібін босатпай кейінгі ақындарға да жетті.Ұлттық мүдде тұрғысынан жыр толғаған осындай ақынның бірі – Ғұмар Қараш.

Алаш қолғалысы атты еңбекте ол туралы былай деп жазылған : Ғұмар Қараш (1876 – 1921) – ақын , философ , Алаш қайраткері. Атақты ақын Шәңгерей Бөкеев ұлағатымен әлем елдерінің әдебиетін игереді.Өзіндік ізденісімен арап,парсы,түрік,татар,башқұрт тілдерінін меңгереді. Шығыс және Батыс әдебиеті, филологиясымен танысады. 1911- 1913 жылдары шыққан тұңғыш ұлттық басылымдардың бірі-«Қазақстан» газетінің басты ұйымдастырушыларының қатарында болды. «Айқап», «Қазақ» басылымдарының ісіне белсене араласып,мақалаларымен ұлттық сананы оятуға ықпал етті.

[2.41] Зерттеушілердің айтуынша Ғұмар Қараш 1907 жылдан бастап татар және қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарға мақала жариялай бастайды.

Айқап журналы мен қазақ газетіне Ғабдолла Мұштақ атты бүркеншік есіммен жазып тұрған.Орынборда Шайыр және көкселдір атты жинақ шығарады.

Ғ.Қараш – ұлт идеясын көтеру мен елшілдік мәселесін талдап – таразылауды бірізді және жүйелі жазған қаламгер.Айтса айтқандай Ғ.Қараш шығармашлығына көз салсаңыз «Күн туды» , “Алашқа” , “Алаш азаматтарына” , “Әлә-ма” , “Алаш” , “Замана жайынан” , деп келетін өлеңдерінің тақырыптарының өзінен – ақ ұлттық идея мен мұндалап көрініп тұрады.Оның мемлекетшілік тұлға екендігі кезінде Алаш партиясы құрылған кезде бөркін аспанға лақтыра жазған, “Күн туды” аталатын өлеңінде айқын көрініс табады:

Екі талай іс болып, Елге қиын күн туды. Аспанда ай тұтылып,

Жер-жиһанды қан жуды. Қара қазан қамы үшін, Алаш атты ел болып,

Ер азамат жиналып, Қорғалық мынау жер-суды. Сыналатын ерлігің, Көрінетін елдігің, Күн туды,Алаш! Күн туды!

Әлихан Бөкейханов,Ахмет Байтұрсынов бастап 1917 жылы шілде айында Орынбор

қаласында өткен сьезде “Алаш” партиясы құрылғаны белгілі.Бұл партияның алғашқы уақытта Ғ.Қарашев, Ә.Ермеков, Ж.Досмұхамедов, М.Дулатов, С.Торайғыров және басқа ұлтымыздың азаматтары болғаны аян. Кейін алаштықтардың саны 200 мыңға жетті деген деректер бар. Осы игілікті жәйтке барынша қуанып,ұлтымыздың дербесін алуға қолы жетті,жарқын күн туды деп Ғ.Қараш осы өлеңді жазған. Жалпы, Алашорда үкіметінің батыс өлкедегі астананың (алғашында Жымпитыда, одан соң Ойылда) құрылуына ықпал еткен тарихи тұлғалардың қатарына Досмұхамедовтермен бірге Ғұмар Қарашты да жатқызуға болады.

Алаш партиясының басты мақсаты дербес ел болу , өз алдына автономия құру. 1917 жылы 13 желтоқсанда Орынборда өткен Екінші жалпы қазақ сиезінде Алаш автономиясы мемлекеттік құрылым ретінде жарияланды[4.3].

Осы ұлы миссияны қазақ қаламгерлері қызу қолдады. Нұржан Наушабаев: “Бірлік қылсаң , Алашым ,

Ілгері қарай басасың.

Қол ұстасып ұмтылсаң,

Қатар жұрттан асасың.

Атағың мәңгі қалдырып ,” Жасасын, Алаш , жасасын !

Бейімбет Майлин :

“ Құтты болсын, Алаш , ұлы тілегің ! Көп жыл жүріп қолға түскен кеңдігің. Атқа мініп,ұраныңды щақырып Бірлік үшін басты қосқан елдігің …”

деп жырласа , Ғұмар Қараш :

“ Ау , Алаш , көзіңді бүгін ашар күнің! Қарманып ілгері аяқ басар күнің!

Шығарып бір жеңнен қол,бір жерден сөз , Адымдап асқар белден асар күнің” [4.53],-

деп елді бірлікке шақырды,Алаш туының астына жиналып азат ел ,өнегелі жұрт болып өркениетке қарай қадам бастық деп үндеді. Ғұмар халықты егемен ел болумен қатар рухани жағынан да биік болуға шақырды.Бұл тұрғыда ол діни – ағартушылық бағытты барынша қолдады . Мұсылман ағартушыларының бірі ретінде діннің халық арасына дұрыс мағынада таралуына ат салысты.

Діннің догмалық жағын ғана айтатын молдаларға қарсы шықты . Оларды дұрыс бағытқа салуды көздеді.

“Қанша оқып, молда болып шықсаңдарда,

Бағытты керек әуел оңғарарға.

Теріс бағыт ,тентек молда болып шықсаң,

Дөп тұрсың мақсұтыңнан қор қаларға,”-дейді [4.94].Ақын қазақ арасында алғашқылардың бірі болып дінді жүйеге келтіруді, оны надандардан тазалауды, сөйтіп иманға ақ жол ашуды көтерді. Аталған жинағында ол :

“Надан шейх діннің соры, күннің соры,

Бір қашпа, надан шейхтан мың кері қаш.

Құран – шам, ақыл – басшы,ғылым – құрал,

Құралсыз шекпе сапар, жолың болмас.

Айырылма жатсаң – тұрсаң құранды ұста,

Жол бастар қараңғыда ол бір компас”,-деп [4.94] өзінің хақиқат жағында екенін көрсетеді. Ғұмар үшін дін-ұлт-ғылым – тұтас ұғым .Бірақ бұл кемелдікке хәм тұтастыққа жету үшін әр адам өзіне тиісті сеніммен, иманмен атқаруы керек.

Ғұмар Қарыштың сол кездің өзінде көтерген бұл мәселесі әлі күнге дейін актуалды болып отырғаны , тіпті ушығып тұрғаны белгілі. Қалай десекте дін мәселесі ұлттық мүддеге сай келуі тиіс . Бүкіл шығармашылық өнімін ұлттық мүдде тұрғысынан жазған ақын бұл мәселені айналып өте алмады.Ғұмар Қараш сөз жоқ діндар ақын. Дінді жете білуіне оның татар,башқұрт,араб тілдерін меңгергендігі себеп болса керек. Қазақ даласына мешіттер салып,діннің таралуына ықпал жасаған татар ұлты екендігі белгілі.Сол себепті де олар құрметке ие болды.Алайда оларға бұл іс тұрғысында пәрмен берген Ресей үкіметі болатын,бірақ оны көпшілік жұрт білмеді.Дейтұрғанмен Ғұмар секілді ұлт мүддесін көздеген зиялылар ел ішінде дінді насихаттауға үлкен еңбек сіңірді. Жалпы Ғұмардың азаматтық кредосы ағартушылық,дінді

ұлттық құндылықтың бірі ретінде насихаттау және жеке шығармашылық өнер. Саралап қарасақ Ғұмар Қараштың “ Бала тұлпар”, “Қарлығаш, Аға тұлпар”, “Тұрымтай” аталатын барлық жинақтарындағы негізгі идея халық тағдырын жырлау, ұлт санасын оятуға қозғау салу,Алаш партиясының,Алаш үкіметінің мақсатын түсіндіруге, сөйтіп ұлттық мүддені жоғары көтеруге арналған . Қазіргі таңда еліміздің ең асыл құндылығы тәуелсіздік болса , сол идеяны сонау XX ғасырдың басында-ақ көтерген Алаштың ардақты ақынының бірі. Ғұмар Қараштың ақындық арманы орындалды деп білеміз .

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы,1989.-384 б
2. Алаш қозғалысы. – Алматы: ЖК “InterBesCompany” , 2017.- 88 б.
3. Алаш және әдебиет.- Астана: “Фолиант”, 2002.- 474 б.
4. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет.-Астана «Фолиант»,2002,-474 б

ӘОЖ 81-2 Каз

ҒҰМАР ҚАРАШ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Боранбай Болат Елтайұлы
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Резюме. *В статье всесторонне анализируется языковая природа поэзии просветителя-поэта начала XX века Гумара Караша. Автор раскрывает лексические, морфологические, синтаксические и стилистические особенности его поэтического языка, определяя место поэта в развитии казахского литературного языка. Доказывается, что поэтический язык Гумара Караша формировался на пересечении национального мировоззрения, просветительской миссии и восточной культурной традиции. Через размышления о родном языке, знании и искусстве поэт утверждает неразрывное единство языка и национального духа. В целом в статье творчество Гумара Караша рассматривается как важный образец обновления казахского литературного языка начала XX века, а его языковое наследие - как ценное достояние национальной культуры.*

Ключевые слова: *Гумар Караш, литературный язык, просветительство, лексика, морфология.*

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіне айрықша із қалдырған тұлғалардың бірі – Ғұмар Қараш. Ол – ақын, ағартушы, ойшыл, қоғам қайраткері. Ғұмар Қараш шығармалары ұлт санасын оятуға, білімге, өркениетке үндеді. Ақын өлеңдерінің идеялық мазмұнымен қатар, олардың тілдік табиғаты да қазақ әдеби тілінің дамуын айқындайтын құнды мұра болып табылады.

Бұл мақаладаақын өлеңдерінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және стильдік ерекшеліктеріне талдау жасалып, тілдік сипаты айқындалады.

1. Лексикалық ерекшеліктері

Ғұмар Қараш өлеңдерінің сөздік қоры ұлттық дүниетаныммен сабақтас. Ол халықтық поэтикалық дәстүрді сақтай отырып, жаңа ұғымдарды енгізді.

- Араб-парсы сөздері: *ғылым, мағрифат, тағдыр, хақ, ғибрат, фәни, бақи* сияқты діни-ағартушылық мәндегі сөздерді мол қолданған.
- Терминдік қолданыстар: *мәдениет, саясат, өркениет* тәрізді ұғымдар арқылы

заманның жаңаша болмысын бейнелеген.

- Қазақы бейнелі сөздер: табиғат пен тұрмысқа қатысты *жер, су, мал, қоныс, ауыл* секілді халықтық лексиканы ұтымды пайдаланған.

2. Морфологиялық ерекшеліктері

Ақын тілінде халықтық морфологиялық құрылымдар жиі көрінеді.

- Көне тұлғалар**:** *бармақ, келер, сөйледім* секілді етістік формалары арқылы поэтикалық ырғақ тудырады.
- Тәуелдік жалғаулардың көркемдік қызметі**:** *жүрегім, елім, халқыма* сөздері – азаматтық үнді күшейтеді.
- Етістіктің бұйрық райы**:** *Оян, ел! Бол, жастар!* сияқты үндеулер – ақынның ағартушылық миссиясын көрсетеді.

3. Синтаксистік ерекшеліктері

- Қысқа, нұсқа сөйлемдер: ақын поэзиясының ұраны мен үгіттік сипатын күшейтеді (*Оян, қазақ! Тұр, қарағым!*).
- Қайталау тәсілі**:** белгілі бір сөзді немесе тіркесті бірнеше рет қолдану арқылы әсерлілік береді (*Ел үшін еңбек ет, ел үшін*).
- Қаратпа сөздер**:** *бауырым, халқым, қазақ* сияқты сөздер арқылы автордың тыңдаушысына тікелей әсер етуі байқалады.

4. Стильдік ерекшеліктері

Ғұмар Қараш поэзиясының стилі – ағартушылық-үгіттік бағытта. Ол:

- Дидактикалық мәндегі өлеңдер жазды.
- Әлеуметтік теңсіздік, халықтың надандығы мен мешеулігін сынады.
- Болашаққа сенім, ғылым-білімге шақыру – басты идея болды.

Ғұмар Қараш өлеңдерінің тілдік сипаты – оның ағартушылық, демократиялық көзқарастарымен тығыз байланысты. Ақын поэзиясында:

- Дәстүрлі қазақы лексика мен шығыстық-діни терминдер қатар қолданылады;
- Морфологиялық құрылымдар ұлттық тілдің дамуын көрсетеді;
- Синтаксистік құрылымдар үгіт-насихаттық мазмұнды күшейтеді;
- Стильдік тұрғыдан ағартушылық бағыт айқын көрінеді.

Осылайша, Ғұмар Қараш өлеңдері қазақ әдеби тілінің XX ғасыр басындағы даму кезеңін көрсететін, ұлттық ой-сананың жаңғыруына ықпал еткен құнды мұра болып табылады. Ғұмар Қараштың өлеңдерінің тілдік сипаты – XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі дамуының, ағартушылық бағыттағы поэзияның айқын көрінісі.

Ғұмар Қараш поэзиясының тілі – қазақтың ұлттық әдеби тілін жаңғырта отырып, ағартушылық ойды жеткізуге бейімделген, араб-парсы және орыс тілінен енген сөздермен толыққан, стильдік тұрғыдан дидактикалық сипатқа ие.

Ғұмар Қараштың өлеңінен шағын үзінді алып, тілдік талдау жасап көрейік.

Мысал: *«Ғылымға көңіл берсеңіз, Ақылға мейіл берсеңіз.*
Өнер мен білім – бар болса, Жоқтықтан құтқар демес пе?!» **Тілдік талдау**

1. **Лексикасы**
   - «Ғылым», «ақыл», «өнер», «білім» – ағартушылық мазмұнды абстракт ұғымдар.
   - «Жоқтық» – халықтық тұрмыс-тіршіліктен туған ұғым, кедейшілік, мұқтаждық мағынасында.
2. **Стильдік ерекшелік**
   - Дидактикалық (өсиет айту) мән бар: «көңіл берсеңіз», «мейіл берсеңіз» – оқырманға тіке үндеу.
   - Мақсат – жастарды ғылым-білімге шақыру.
3. **Фразеология және бейнелілік**
   - «Жоқтықтан құтқар» – шартты бейнелі тіркес, яғни білімсіздікпен кедейшіліктен құтқару деген ойды меңзейді.
   - Өлең халыққа түсінікті қарапайым сөз орамдарымен өрілген.
4. **Грамматикалық құрылым**
   - «Берсеңіз» формасы шартты райда тұр, дидактикалық мәтінге тән

қайталанып қолданылған.

- Құрмалас сөйлем үлгілері жеңіл, ырғақтық жағынан қарапайым, ауыз әдебиеті үлгісіне жақын.

Бұл үзіндіден-ақ Ғұмар Қараш тілінің қоғамдық-әлеуметтік мазмұнды, бірақ қарапайым әрі түсінікті екенін байқаймыз.

1. Араб-парсы сөздерінің қолданысы

Ғұмар Қараш – медресе бітірген, дін іліміне терең бойлаған тұлға. Сондықтан оның өлеңдерінде араб-парсы кірме сөздері жиі ұшырайды.

Мысалдар:

- «Ғибрат» – өнеге, сабақ.
- «Ғаділет» – әділет, әділдік.
- «Тағдыр» – пешене, жазмыш.
- «Мәғрифат» – білім, таным.
- «Ғұмыр» – өмір.

Ерекшелігі:

- Бұл сөздер қарапайым қазақша лексикамен араласып қолданылады.
- Ақын діни-ағартушылық мазмұнды ойды жеткізу үшін осындай сөздерді орнымен пайдаланады.
- Қазақ әдеби тілін байытып, қоғамдық-әлеуметтік ұғымдарды кеңейтуге үлес қосады.

2. Көне грамматикалық тұлғалары

Ғұмар Қараш шығармаларында XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тіліне тән көне тұлғалар кездеседі.

Мысалдар:

- -мақ/-мек/-пақ/-пек жұрнағы (қазіргі «-у» инфинитивінің орнына):
  - «Айтпақ», «қылмақ», «жазбақ» т.б.
- Ескірген көсемше формалары:
  - «Жүріпті», «келіпті» сияқты баяндауларда ауыз әдебиеті үлгісі сақталған.
- -ған/-ген формасы арқылы өткен шақ:
  - «Айтқан», «жазған» – жиі кездеседі, бұл ауызекі тілмен қатар, жыраулық дәстүрді де еске салады.
- Қосымшалардың көне варианттары:
  - «-лығ/-лігі» (қазіргі «-лық/-лік» орнына): «адамшылық», «достықлығы».

Маңызы:

- Бұл тұлғалар қазақ әдеби тілінің тарихи сабақтастығын көрсетеді.
- Ақын өз дәуіріне тән грамматикалық нормаларды ұстанғанымен, халыққа түсінікті етіп жазған.

Енді ақынның «Неден қорқам?», «Замананың баласы» талдау жасап көрейік.

Ғұмар Қараштың «Неден қорқам?» және «Замананың баласы» өлеңдері ақынның ойшылдық дүниетанымын айқын танытады. Бұл туындыларда ақын заманның өзгерісіне алаңдап, адамдық қасиеттердің жоғалуынан қорқады, ұрпақтың азғындауын сынайды. Осы өлеңдер тілдік тұрғыдан да, стильдік жағынан да ерекше зерттеуге лайық.

1. Лексикалық ерекшеліктер

Ақын тіліндегі негізгі лексикалық қабат – төл түркі сөздері мен араб-парсы элементтерінің үйлесімді қолданылуы. Мысалы, *«иман», «нәпсі», «ғаділет», «хақ»* сияқты діни сөздер ақынның дүниетанымдық көзқарасын көрсетсе, *«қорқам», «ұят»,*

«ар», «надан» сөздері қазақы этикалық категорияларды танытады.

«Неден қорқам?» өлеңінде «қорқам» сөзінің қайталануы арқылы риторикалық мән күшейтіледі. Әр жол сайын бұл сөз жаңа мазмұндық реңк алып, ақынның жан айқайын, қоғамға үндеуін білдіреді. Ал «Замананың баласы» өлеңінде «заман», «бала»,

«дүние», «нәпсі» сөздері жиі ұшырасып, ұрпақ пен уақыт арасындағы рухани байланыс үзілгенін меңзейді.

2. Морфологиялық құрылым

Ақын өлеңдерінде етістіктердің қолданысы ерекше белсенді. Мысалы: *жоғалар, сөнер, өшер, ұмытады, сатады, таяды* сияқты етістіктер болашақ шақ мағынасында жұмсалып, қоғамның келешек тағдырына деген күдікті білдіреді.

Сын есімдер мен есімдердің мағыналық жүктемесі де зор: *надан, имансыз, қараңғы, арлы, арсыз* — адам болмысының бағалауыш сипаттарын ашады. Мұндағы антонимдік жұптар қоғамдағы моральдық өзгерістерді бейнелеудің басты тетігі қызметін атқарады.

3. Синтаксистік ерекшеліктер

Ғұмар Қараш өлеңдерінің синтаксистік құрылымы қысқа, эмоционалды және интонациялық жағынан екпінді болып келеді. «Неден қорқам?» өлеңі риторикалық сұрақтар мен лепті сөйлемдерге негізделген:

Неден қорқам? Халық надандықтан қорқам!

Мұндай құрылымдар оқырманды ойлануға жетелейді және автордың ішкі толғанысын күшейтеді.

«Замананың баласы» өлеңінде күрделі құрмалас сөйлемдер мен себеп-салдар байланыстары жиі кездеседі:

Замананың баласы – дүние үшін жанын береді, нәпсі үшін арын сатады.

Бұл синтаксистік тәсіл логикалық талдауға, қоғамдық бағалауға негіз болады.

4. Стильдік және көркемдік ерекшеліктер

Ақынның тілі публицистикалық және философиялық стильдің тоғысында. Өлеңдерінде қайталау, контраст, метафора, антитеза сияқты көркемдік тәсілдер жиі қолданылады. Мысалы:

- *Ар кетсе, адам азады* – антитезалық құрылым;
- *Жүрек – тас, нәпсі – жау* – метафоралық образ;
- *Қорқам!* – қайталану арқылы үндеу мен экспрессия береді.

Ғұмар Қараш поэзиясы – қоғамдық сана мен тілдік мәдениеттің тұтастығын көрсететін үлгі. Ақын сөзінің қуаты – оның тілдік бейнелеу құралдарының дәлдігі мен ұлттық дүниетаныммен сабақтастығында.

Қорыта келгенде Ғұмар Қараштың «Неден қорқам?» және «Замананың баласы» өлеңдері – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани ахуалын бейнелейтін терең туындылар.

Тілдік тұрғыдан бұл өлеңдерде:

- төл және кірме лексика қабаттарының үйлесімі;
- етістіктердің эмоционалды мәнде қолданылуы;
- антонимдік қатарлар арқылы контраст тудыру;
- риторикалық сұрақтар мен қайталау тәсілдерінің үстемдігі байқалады.

Осы арқылы ақын өз дәуірінің әлеуметтік ой-санасын, адамдық құндылықтар туралы философиялық пайымын көркем тілмен жеткізеді. Ғұмар Қараш поэзиясының тілін зерттеу – қазақ әдеби тілінің көркемдік мүмкіндігін тануға, оның тарихи даму арналары мен стильдік жүйесін айқындауға зор үлес қосады.

Ғұмар Қараштың поэзия тілінде араб-парсы лексикасы мен көне грамматикалық тұлғалар қатар қолданылады. Бір жағынан, ол дәстүрлі шығыстық-ағартушылық ойды жеткізсе, екінші жағынан, қазақтың ұлттық тілдік қазынасын сақтап, кейінгі әдебиеттің дамуына негіз қалады.

Ғұмар сөзімен айтсақ «Жалпы өнер-білімнің ішіне ана тілі болуы да кіреді һәм мұның керісінше ана тілі болудан ұлттың білім-өнері табылады. Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім-өнерді таратуға мүмкін емес. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді.Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз.»

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қараш Ғ. *Терме*. – Орал, 1911.
2. Әбдіғазиұлы Б. *Ғұмар Қараш шығармашылығы және дәуір шындығы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
3. Сүйіншәлиев Х. *Қазақ әдебиетінің тарихы.* – Алматы: Санат, 1997.
4. Қалиұлы Б. *XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі.* – Астана, 2010.
5. Жұбанов А. *Қазақ поэзиясының тілі.* – Алматы: Білім, 2004.

ӘОЖ 37.013.42

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.

Кинжекова Рысканым Салимқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Резюме.*В статье рассматриваются неутратившие своей ценности духовно-педагогические и религиозно-просветительские взгляды, идеи и наследие Гумара Караша в контексте воспитания подрастающего поколения в условиях современного независимого Казахстана. В научном сообщении подчёркивается, что первые шаги Г. Караша на просветительском поприще начались с преподавания в родном ауле в качестве муллы, где он обучал детей грамоте, а впоследствии – открыл медресе при мечети, которой руководил. Особое внимание в статье уделяется труду просветителя «Педагогика», в котором излагаются не утратившие актуальности идеи воспитания детей.*

Ключевые слова: *религиозно-просветительские взгляды, «Педагогика», наследие Г.Караша, нравственное (разумное) воспитание, интеллектуальное развитие и физическое воспитание*

Ғұмар Қараш – XX ғ. бас кезіндегі қазақ әдебиетінің ең көрнекті қайраткерлерінің бірі, ағартушы, педагог ретінде көп еңбек сіңірген қайраткер. Ағартушы туралы соңғы жылдары ғана баспасөз беттерінде мақалалар жарық көріп, зерттеу еңбектері жүргізіліп, шығармалар жинағы басылды. Көп жылдар бойы оның педагогикалық-ағартушылық қызметі, сол кезеңнің көкейтесті мәселелерін көтерген еңбектері кітап қоймаларының түкпір-түкпірінде қажетсіз болып жатты. Халық тарихы мен оның рухани мұрасына балта шапқан коммунистік партияның идеологтары ҒҚараштың есімін жазуға да, айтуға да тыйым салды. Бөкей даласынан шыққан тұлғалар арасында Ғұмар Қараштың алатын орны ерекше. Тарихи ақиқаттың орнауы нәтижесінде Ғ.Қараштың құнды мұралары ортамызға қайтып оралды. Ғ.Қараш туралы деректер Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімді баспасөз беттерінде, мұрағат қазыналарында жиі-жиі кездеседі. Оның есімі XX ғасырдың бас кезеңінде татар, башқұрт, қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген газет, журналдар мен кітаптардың беттерінен түскен емес, оның өз заманында Ресейдің бүкіл түркі тілдес халықтарына танымал тұлға болғанын бағамдауға болады. Ғ.Қарашты бұрынғы одақ жұртшылығына таныстыруда белгілі ғалым, академик С.З.Зиманов [1] пен зерттеуші-ғалым М.Ш.Ысмағұлов [2] көп үлес қосты. Сонымен қатар Ғ.Қарашты ақындық қырынан зерттеп, кандидаттық диссертациясына арқау еткен филология ғылымдарының кандидаты Мақсат Әнесұлы Тәжірмұратов [3] болды. Ғ. Қараштың қоғамдық-саяси еңбегі жөнінде жергілікті ғалым Б. Боранбаева жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жүйелі түрде зерттеді. [4]

Халқымыздың осынау абзал перзентінің шығармашылығын насихаттауға жазушы, ғалым М.Мағауин біршама еңбек сіңірді. Ол 1978 жылы цензорлық бақылауға қарамастан, Ғұмар

Қараштың бірнеше өлеңдерін Ленинград қаласында басылып шыққан

«Қазақстан ақындары» жинағына енгізді.

Жастайынан өз халқының фольклорлық бай қазынасына құштар болған жас небір жыр, киссаларды ой-санасына сіңіріп өседі. Сол заманның талабына сай діни білім алады. Жалпақ даладағы молда Ғұбайдолла Ғалікеев хазіреттен дәріс алып, сол басқарған медресені бітіреді. Діни ғылымды жетік меңгергені соншама, иман, ишан, ал одан кейін ахун дәрежесіне ие болады.

Арнайы жоғары дәрежеде діни білім алған қайраткердің қоғамдық-саяси көзқарастарында дін мен шариғат заңдарының ерешелігі айқын көрінеді. Оның насихаттаған діни қағидалары - адамгершілік, гуманизм, қамқорлық, сүйіспеншілік, пендеге қиянат жасамау. Алғашқы ағартушылық қадамы өз ауылы Қырқұдыққа молда бола келіп, бала оқытудан басталады. Өзі басшылық еткен мешітте медресе ашып, қазақ балаларының сауат ашуына біршама ат салысады. Ғұмар Қараш жәдид оқуды ол кезде медресе деп аталатын өз мектебіне енгізіп, пән сабақтарын жүргізіп, әсіресе, орыс тілі, табиғат, жаратылыстану пәндеріне көңіл бөледі екен.

Ғұмар Қараш оқу үрдісінде хат таныту әдістерін үйретіп, әріпті дұрыс таныту жолын, онымен қатар мағынасына түсініп, мәнерлеп оқуға, өлеңді сөздерді әнге салып оқып үйретеді, соған жаттықтыруды тапсырып отырған. Пән сабақтары ішінде жаратылыстану, табиғат, жағырафия сабақтарының оқыту әдістеріне тоқталып, оларды түсіндіріп оқытуға тырысатын Ғұмар өз кезеңінің өте сауатты адамы болған. XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласына тарайтын – арабша, түрікше, татарша, қазақша басылымдарды оқып, заман дәуір жайын саралай бастайды, әдеби, тарихи пәлсапалық кітаптарды іздеп жүріп оқыды. Сөйтіп, ислам діні қағидаларын жетік білген Ғұмардың енді дүниелік ғылымдарды да меңгеруге құлшынысы артады.

1902-1908 жылдар аралығында Қазандағы Маржани медресесін бітіріп, елге келген соң мектеп ашып, жәдитше оқу ісін қолға алды. «Маржаниде» орныққан жәдидтік оқу бағдарламасы Қараштың кейінгі ағартушылық қызметіне үлкен ықпалын тигізеді.Ғұмардың жәдид (жаңаша) тәсілмен бала оқытудағы жетістіктері туралы:

«Оқушылары тез арада сауатын ашып, арабша, қазақша, татарша және орысша жазылған басылымдарды оқуға мүмкіндік алған. Мұндай батыл реформатикалық іс-әрекет дүмше молдалар мен үстем тап өкілдеріне ұнамағанын былай қойғанда, тіптен Ғұмар «ислам дінін бұзып, қазақ балаларын орыс қылды деген айып тағылып. байбалам салады.» [5.18] 1907 жылдардан бастап, қазақ, татар тілдерінде шығатын газет-журналдарда мақалалары мен өлеңдерін жариялады. Уфа кезеңі Ғұмар өмірінде азаматтық, творчестволық, жалынға толы көтерілу, серпілу жылдары болды. Жаңа жағдайда өзінің іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетін таныта білгенін көрсетеді. Діни басқарманың бай кітапханасында отырып, «Педагогика», «Қара» және «Қан мен жан» дейтін үш еңбек дайындады.

Ғ. Қараш қоғамның даму бағытын, заманауи білімнің қажеттілігін, болашаққа жастарды дайындаудың сұранысын дер уақытында бағамдай білді. «Ғұмар өзінің молда болып тұрған мешітінде ғылымға үндеу ағартушылық бағытында жұмыс жүргізе бастайды. Мешіт қасындағы медреседе қазақ балаларын ана тілінде және орыс тілінде бірдей оқытып, нағыз тұрмысқа пайдалы, білім беруге кіріседі. Медресеге орыс-татар учительдерін шақырды және өзі де солардан үйренді. Ғұмардың бұл сияқты прогресс жолына мықтап берілген әрекеттеріне елдегі қожа, молдалар қарсы шығып, мұны дінін бұзды, «кәпір» деп жариялап, ишандықтан, мешіт төңірегінен қуды.»-деп түсінік береді ағартушы өмірін зерттеуші ғалым Е.Ысмайлов. [4.56]

«Ойға келген пікірлерім» деген қара сөзбен татар тілінде жазған кітабында: «Қазақ ел боламын десе, хақиқи дін қолданбасын, өнер-ғылым үйренсін, мәдениетті елдердің білімінен үлгі алсын»-деген бір жаңалық пікір айтады. Бұл кітапта айтылған ойлар ишан- молдаларға, діншілдерге жасыл соққандай әсер етті» [6.]

Ғұлама заман, тұрмыс өзгеруіне байланысты шариғат заңдарының да өзгеріске ұшырайтын ілім екенін нақтылы дәлелдеп, жаңа түсініктер қалыптастырады. Бұл жөнінде Е. Ысмайлов: «Омардың (Ғұмардың) ишандығы сырт жағынан дін қызметі болғанмен, мазмұны

халықты ағарту, жаңалыққа шақыру болып шығады»-деген пікір түйеді. [4. 56]

Құран кәрімді өте жетік меңгерген Ғұмар Қараш ғылымсыз қандай да болмасын мемлекеттің өркениетке жетуі күмәнді деген пікір білдіреді. «Ғылымда адамның мінезі, түсінігі туралы айтылады. Бұл мәселелер діни тұрғыдан қаралса да, бір-біріне қайшы келмейді.» -деп ислам діні мен ғылым біріксе ұлттық қоғамның дамуы үшін үлкен күшке айналады деп есептеген. [7.] . Ол өзінің ағартушылық көзқарасын былай деп білдірді:

«Кейбір адамдар Ресейде мешіт, медресе салуға қаржы жұмсайды. Ал оны бітіргенде ғалым, не маман шықпайды, көп болса молда болады. Зиялылар неғұрлым көбейе түссе, халықтың көзі ашылып, пайдалы мектептер салынып, газет-журналдар шығарылып,оларды арзан бағамен сатса, елге пайдалы іс болар еді» [7.18]

Қазіргі біздің қоғамымызда да бұл мәселе өткір тұр. Ауыл сайын мешіт салып, діни уағызды жас ұрпақтың санаасына сіңіріп жатырған әсіре діншілдердің, уағызшыл имамдардың тіршілігін қалай түсіндіруге болады? Бүкіл күш-жігерін халқының сауатын ашуға, білімге деген құлшынысын оятуға арнаған ағартушы: «Қазіргі басты міндет қазақ балаларын бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту, соған оқулық, жабдық жасау қажет. Өнер-білім ана тілінде болуы қажет. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың» -деп бала алдымен, ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен азамат болып қалыптасуы тиіс екенін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан дұрыс пайымдайды. [8.]

1919 жылы Ғұмар Қараш Орда қаласында «Мұғалім» деп аталатын журналдың шығуына белсене араласып және оның әдеби редакторы қызметін атқарады. Осы журналдың бірнеше санында жарияланған Ғұмардың «Педагогика» еңбегін сөз ете отырып М.Ысмағұлов «Шын мәнісінде педагогика теориясын ана тілімізде жазған тұңғыш автор Ғұмар Қараш»- деген пікір білдіреді. [2.]

Ғұмар Қараштың бұл еңбегі туралы ғалым М.Тәж-Мұрат: «Педагогика- Ғұмардың көп жылғы ұстаздық қызметінің, жан-жақты ізденісінің сөлі, қорытпасы. Ең алдымен, мұнда Қараштың тәрбиешілік кітапханасы айқын көрінеді. Ғұмар өзі көріп-біліп өскен халықтық педагогикадан Сократ, Жан-Жак Руссо, Шопенгауэрлерге дейінгі бір шоғыр оқымыстыларды оқығанын, оқып қана қоймай, ой елегінен өткізіп, қазақ баласының қалыбын, ахлах (мінез-құлқын) дөптеу түсінігін білгірлікпен іріктеп алып отырғаны анық »-деген пікір білдіреді[3.205б.].

Ұлт ағартушысы Ғұмардың «Педагогика» еңбегіндегі бала тәрбиесіне қатысты айтылған тұжырымдары күні бүгінге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жойған жоқ. Ол тәрбие берудегі үш принципті-ақыл тәрбиесі, ой тәрбиесі, дене тәрбиесі бір-бірімен ажыраспай байланыстыра қарастыру қажет екенін атап көрсетеді.

Ағартушының педагогикасында баланың мінез-құлқын қалыптастырудағы ата- ананың рөлінің маңыздылығына аса мән береді. Ол «Ата-ана бала мінезін жақсы жолға салуда, кей нәрсенің себебін түсіндіріп, ерте бастан мынау жақсы, мынау жаман, мынаны істеуге болмайды деп үйретуі тиіс. Баланың ақылы бірте-бірте өспекші.»- дейді. Міне, осы мезгілде оған жолбасшылық ету тәрбиенің басты шарты екенін әрдайым ескертіп отырады.

Балаға орынсыз жекіру, жазалау опа бермейтіндігін ескертеді. «Оларды еш те жазаламаңыз, олар айыпты болудың не екенін білмейді.Оларды еш уақытта кешірім сұрарлық халге түсірмеңіз.Олар сізді жәбірлей алмайды...»-дейді. [4.76] «Баланың мінез- құлқы түрліше болады, ұялшақ, жуас, қыз мінезді балалар болады. Оларды қауып- қатерсіз-ақ көп уақыт міндетсіздікте сақтауға болады. Кейбір балалар жастан-ақ сойқан, ұрыншақ келеді, һәм бұл мінездері тез өседі, мұндайларды ертерек ахлықи қағидалармен таныстырылмаса, ұядан ұзап шықпай-ақ шынжырға байланады.» Ол адамның мінез- құлқын қалыптастыруда еңбектің маңызына ерекше мән береді. «Адам іс-әрекет үстінде өсіп жетіледі»-дейді. Ғ. Қарашев мінез-құлықты дұрыс қалыптастыру үшін жалаң ой мен жалаң сөзден аулақ болып, бала тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл аудару керек. «Ата-ана бала мінезін жақсы жолға салуда, кей нәрсенің себебін түсіндіріп, ерте бастан мынау жақсы, мынау жаман, мынаны істеуге болмайды деп үйретуі тиіс». Баланың ақылы бірте- бірте өспекші, міне осы мезгілде оған жолбасшылық ету – тәрбиенің басты шарты. Үйретудің, жол көрсетудің қай орында тұрғандығы осыдан көрінсе

керек,-дейді. Балаға ұрсу, жекіру жолымен үгіттеудің пайда бермейтіндігін айта келіп:» Бала өзіне жаза күтіп тұрған кезінде, я болмаса жаза тартып болысымен үгіттеуден сақтану керек. Мұндай халде берілген үгіттің тудыратын әсері жақсы сөзден жиренуден басқа ештеңе емес,»-деп мәселенің психологиялық астарына үңіледі.

(Педагогика//Мұғалім, 1919 №2) Бұл пікірлер педагогикада, ұлттық тәрбиеде құнын жоймаған пікірлер.

Ғ. Қараш жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде мұғалім негізгі тұлға екенін әркез естен шығармайды. Ол мұғалімге қойылатын талап-тілекке оқыту, үйрету, тәрбиелеу ісіне жеңіл – желпі қарамай, оған асқан жауапкершілік пен тиянақтылық керек екенін ескертеді. «Жансыз түсіндіру-дейді ол – тыңдауға тартымсыз және естуге ауыр болудың үстіне тез ұмытылады.Шәкірт өзі жан-тәнімен сүйген мұғалімінен ғана тиянақты білім ала алады.»-дейді. Ағартушы мұғалім болған адамның шәкірттері риза боларлықтай мінезі, оларды толық қанағаттандырарлықтай білімі болуы керек. Мұғалімге оқыту, үйрету, тәрбиелеу ісіне жеңіл-желпі қарамай жауаптылық пен тиянақтылық керек екенін ескертеді.

Ғ. Қараштың «Педагогикасының» басты ерекшелігі-оның қазақ топырағымен, салт-дәстүрлерімен және мінез –құлқымен тығыз байланыстылығында, өзі айтқандай қабысып жатқандығында.Бұл пікірлері қазіргі ұлттық мектептердегі оқу-тәрбие процесіне ұлттық мазмұн беру идеясымен ұштасып жатырғандай. Ол артына өлмес мұра етіп, ұлы тағылымдарын қалдырған ойшыл, философ, халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер, ағартушы.

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасында «Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуы» пәнінде Ғ.Қараштың ағартушылық-педагогикадық қызметін жас ұрпаққа таныту мақсатында жоғарыдағы мәліметтер берілген соң өз беттерімен жұмыс тапсырмалары беріледі:

1. Ғ. Қараштың төмендегі жинақтарынан тәлім-тәрбие, оқыту мәселелеріне қатысты шумақтарды теріп жазып мәнін ашыңдар.

1910-18 жылдары Ғ. Қараштың «Ойға келген пікірлерім», «Өркен», «Қарлығаш», «Бала тұлпар», «Көкселдір»,»Шайыр» кітаптары, өлең-жырлары Орынборда, Уфа, Қазан қаларында татар, қазақ тілдерінде басылып шықты. Сол кезде шығып тұрған «Дұрыстық жолы» газетінде үзбей мақалаларын жариялап тұрған.

2. Автордың жақсылықтың қай түрін болса да қоғам өмірінен бөлек қарамайды. Өз пікіріңізді білдіріңіз.

Ғ. Қарашев мақаларының тақырыптары сан алуан. Мәселен, бір мақаласында:»Жақсылық екі түрге бөлінеді. Мұның бірі –заттық, екіншісі-моральдық, имандылық. Заттық жақсылық мұқтаж адамдарға мал беру, ішкізіп-жегізу, киіндіру... Моральдық жақсылық -әр адамның мұқтаж болған уақытында ғылым мен ағарту және тәрбиелеуге керек қажетін өтеу...»

3. Ғ. Қараш туралы айтылған пікірлерді жинастыр.

«Ғұмар Қараш -қазақтың ұлы педагогі. Ол орыс, татар, араб, парсы т.б. тілдерінде көп оқыған. Сол білігін қазақтың ежелгі педагогикалық, этикалық тәжірибесі, ұстамымен ұштастыра отырып, жаңа заман талабына сай ұсыныстар жасаған. Ол 1919ж.қазақтың алғаш педагогикалық «Мұғалім» журналын шығаруға қатысып, жетекші болып, қазақта тұңғыш рет ғылыми педагогика мәселесін жазған.»-деп тұжырым жасаған тарихшы ғалым И.Кенжалиев «Ғұмар Қараш» еңбегінде.

Ғ.Қараштың өшпес рухани мұраларының арасында педагогикалық, діни- ағартушылық ой-пікірлері, көзқарастары бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің жас ұрпағы үшін құндылығын жоймаған дерек болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Зиманов С.,Исмагулов. М. Карашев Гумар.Философская энциклопедия. Т.2 М.1962

2. Ысмағұлов М. Ғұмар Қарашев. Қолжазба. Батыс Қазақстан облысының тарихи-өлкетану мұражайы. (БҚОТӨМ), М.Ш.Ысмағұлов қоры.

3. МақсатТәж-Мұрат. «Ғұмар Қараш» Ақтөбе,2004 178 –б. 4.Боранбаева Б. Ғұмар Қараш

қоғамдық-саяси қызметі. -Алматы,2014.

5. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың. Тарихи очерктер.-Алматы: Жеті жарғы, 1998-18-б.

6. Әжікеев Х. Ғұмар Қарашев туралы менің білетіндерім.Қолжазба. Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі.1602-п. №3-дәптер.)

7. Ғ.Қараш. Замана (өлең, толғаулар, пәлсапалық ой-толғамдар, мақалалар). Құраст. Қ. Сыдиықов-Алматы:Ғылым, 1998 -240 б.)

8. Ғ.Қараш Ұлт һәм туған тіл. // Дұрыстық жолы. 1919.№5. 1 сәуір. (Педагогика//Мұғалім, 1919 №2)

ӘОЖ 373(07):147

Ғ.ҚАРАШТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰҒЫМДАР

Набидоллина Шолпан Сағатқызы *Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университетінің педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к. Орал* қ.

«... Тіл көңілдің ақылшысы, Ілім – жарық, жанға ұя. Білім – бақтың басқышы, Қараңғыда жол қия...

Резюме. *В статье рассматриваются педагогические взгляды и просветительская деятельность выдающегося казахского мыслителя, поэта и общественного деятеля Гумара Караша, которому в 2025 году исполняется 150 лет со дня рождения. В работе проанализированы идеи Караша о нравственном, умственном и трудовом воспитании, формировании сознания и выборе профессии, сопоставленные с современными педагогическими концепциями. Делается вывод о неугасающей актуальности его педагогического наследия и его значении для развития современной системы образования Казахстана.*

Ключевые слова: *Гумар Караш, педагогика, воспитание, просвещение, образование.*

Қазақстан Республикасының Президенті К.К. Токаев 2025 жылы 8 қыркүйектегі « Халық күткен өзгерістер» Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласы, жастар тәрбиесіне ерекше назар аударды. «...Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет. «Жайлы мектеп» жобасы жалғасып, апатты және үш ауысымды мектептер жойылады. Бұл – балаларға қолайлы жағдай жасау үшін жасалған нақты қадам.»-деп білім саласының өзекті мәселелеріне тоқталды.

Қазақстан Республикасының Президенті К.К. Токаев Халықаралық отбасы күніне орай құттықтау сөзінде «Отбасында көрген тәлім-тәрбиенің арқасында отаншыл ұрпақ өсіп шығады деп отбасы құндылықтарын жоғары бағалады.Отбасы құндылықтары, жастар тәрбиесі мен олардың жарқын болашақтары ғасырлар бойы еліміздің белгілі жазушылары мен педагог-ғалымдар, ақындар мен қоғам қйараткерлерінің көнілдерінен тыс қалған жоқ. 2025 жылы көрнекті ақын, Алаш қайраткері, ғұлама педагог Ғұмар Қараштың туғанына 150 жыл толуына байланысты шығармаларындағы тәрбиеге байланысты ой -пікірлері мен жазбалары , еңбектері зерттеліп, зерделеу жұмыстары жоспарлы ұйымдастырылды.

ХХ ғасырдың басындағы Ғұмар Қараштың шығармалары ұлттың мәдениеті мен білімінің дамуына, ағартушылық көзқарасының қалыптасуына зор әсер еткенін байқаймыз.

Ғұмар Қараш халықты оқу, өнер үйрену арқылы оянуға үндеген ағартушы, әлемге «ойлы көзбен» қараған философ, жас ұрпақ тәрбиесіне ұлт тілінде «Педагогика» еңбегінің авторы, «Мұғалім» журналын ұйымдастырып шығарған ұстаз, ғалым.

1919 жылы Ордада жарық көрген қазақтың тұңғыш ғылыми -педагогикалық әдістемелік

« Мұғалім» журналының бірнеше санында Ғ.Қараштың «Педагогика» еңбегі басылды.

«Мұғалім» журналының мұқабасына эпиграф түрінде: «Тіл көңілдің ақылшысы, Ілім – жарық, жанға ұя. Білім – бақтың басқышы, Қараңғыда жол қия,»- деген шумағын шығарған. Ғұмар мұрасын зерттеуші М. Тәжімұрат ақынның 1917-1918 жылдары Ресей мен Сібір мұсылмандары Діни басқармасының қазиі болып жұмыс істеп әрі Уфа кітапханаларында отырып,»Қан мен жан», «Педагогика» атты еңбегін жазғанын айтады. Ғалым «Кан мен жанның» қолжазбасы табылмағанын, «Педагогика» жарияланған журналдың ге № 2 және № 7 сандары табылғанын, онда еңбектің ортасынан соңына дейін басылғанын ескертеді.[1].

Ағартушы «Педагогика» еңбегін жазуда халықтық тәлім-тәрбиеден бастап әлемдік озық ойлы ғұламалар пікірін саралай келе, педагогикалық ғылымның мақсат- міндеттерін талдайды.Бала тәрбиесінің басты сипаты,шынайы адами қасиеті биік ар мен жаны таза азамат қалыптастыру хакында бүгіндері маңызын жоймаған пікірлер түйеді. Ой толғамдары А.Байтұрсыновтың «Бастауыш мектеп»,»Мектеп керектері»,»Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан» мақаларындағы оқу-ағарту, бала оқыту, ұрпақ тәлім тәрбиесінен өрбитін өзекті толғаныстармен сабақтас.

Ғалымдар ұлттық тәлім -тәрбиеде жас ұрпақты ана тілінде ардақтауға,өз тілінің қасиетін бойына сіңіріп өсуге және тіл басты қасиет болып табылатынината -ананың қашанда ескеруіне ой салады[2].

Мақалада Ғұмар Қараштың енбегіндегі педагогиканың негізгі ұғымдарының бірі тәрбиеге қатысты, ерікті тәрбиелеудегі үйрену әдісінің маңыздылығына талдау жасалып, *отбасы, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесі,мінез, мінездің ішкі себептері, өсектеу, сын тағу, Ұят, Жастарды теріс мінезден сақтандыру, тәрбиедегі үйрену, жазалау, түсіндіру, сананы қалыптастыру әдістері туралы, мамандықты дұрыс таңдау туралы* тәрбие ұғымдары туралы ақпараттар жинақталды.

Тәрбие туралы. Әрине, тұрмыстың жұмбағын һәм тұрмыстың мақсатын тауып шешу, бұл түбінде тек білімнің еншісі болып шықпайтынын,түптің түбінде оларды шешетін білім,ақыл емес, жақсы тәрбие деп өзінің Әл-Фарабидің көзқарасын қолдайтындығын білдіреді. Солай да болса Ғұмар Қараш педагог ретінде білімнің орнын жоғары бағалап, білім ерікке дұрыс жолды көрсететінін, белгілі бір білім саласына қабілеттің орнының ерекше екендігі туралы жазады. Ғ.Қараш ақыл-ой тәрбиесі туралы. Баланың ақылының бірте-бірте өсетіндігін, осы мезгілде баланың пікіріне жолбасшылық ету керектігін, бірақ бұл – тәрбиенің басты бір жұмбағы екендігін айтады. Ғұмар Қараштың бұл пікірі қазіргі ғылыми педагогикадағы ақыл-ой тәрбиесі туралы ғылыми білімдермен ұштасып жатыр. Баланың ойлау қабілеті өсіп, ақыл-санасы кеңейген сайын, оған дұрыс бағыт-бағдар беру қажеттігін көрсеткен. Тәрбиенің басты бір жұмбағы деуі баланың ақыл-ой жұмысына басшылық етудің қиындығын ескерткені. Дұрыс мінезге әдеттену деген – үгітті тыңдау, не болмаса, мінездің он ережесін жаттаумен шектелмейді деп тек сөз арқылы тәрбиелеудің жеткіліксіздігін айтады. Бұл жерде дұрыс жолымен мінезді үйрету үшін баланың жаңа өсіп келе жатқан ойшылдығына, еркіне белгілі шекте жолбасшылық ету керек деген дұрыс тұжырым жасайды. Ғ.Қараш мінез, мінездің ішкі себептері туралы Ғұмар атамыз адам баласының істерінің, мінездерінің түрліше болуының себептерін ашуға шақырады. «Түпкі себептеріне: тереңнен түсініп, хабардар болып тұру, тура жолды табуға, адамшылықтың жетілуіне, мінездің тазалығына ұлы себеп» –деп ғылыми пікір қалдырған. Жаңылыс жолға кірген залалды мінезге даулы еріктің, ұятсыздықтың қанша әсері болса, адам қылығының себебіне түсінбеу, пікірдің тайыздығы бұ да сонша әсер береді – деп терең тұжырым жасаған.

Бұл ғұламаның педагогика классиктерінің еңбектерін пайдалана отырып, қазақ болмысына икемдеп айтқан ғылыми пікірі деп есептейміз. Ғ.Қараштың жастарды теріс мінезден сақтандыруы туралы. Адам істейтін жұмысын аудара қарап, көз жұмып істегендіктен, көбінесе өзіне, ия басқаларға зиян етеді. Айталық, адамда жастық күші бар, мұны ойламай, жеңілдікпен орынсыз жұмсаудан адам кейде өзінің саулығын жояды, кейде бүтін өмірін жоюға душар болады. Көп кісі бұны баста елемейді де, кішкене ғана жұбаныш деп ойлайды,егер дәрігердің бұл бағыттағы баяндамаларын тереңнен түсінсе, бұл істің түбі адамның өміріне қауіпсіздік жағдаяттарды біліп кірісер еді. Міне, басқа жұмыстар турасында да ойсыздық-пікірсіздіктің

ойнайтын ролі аз емес. Бұл қазіргі қоғамдағы кейбір теріс ағымның жетегінде жүріп, шалыс басқан жастардың құлағына алтын сырға іспеттес. Тіпті жастарды тәрбиелеуге дәрігерлерді кеңірек қатыстыру туралы тың пікір айтқан. Өсектеу, сын тағу туралы .Ақын, педагог өсектің шығу тегіне сипаттама береді және осы жаман әдеттен баланы сақтандырудың кейбір жолдарын ұсынады. Бұл туралы «Педагогика» еңбегінде «Баста жаман ойменен емес, жеңілдікке беріліп,біреудің көңілсіз жағын айта салады, ол біреуден біреуге беріліп, өсіп, жалғаса- жалғаса ажарсыз түске кіретінін елемейді. Мұндай істерден әдетте туатын нәтижелерді балаға көрсету, әрине, тәрбиеші әр уақыт ауыздықтай алмаса да, ерте бастан баланың жинақты,әдепті болуына себеп болады» –деп тәрбиешілерді баланың сөзге үйір болмауын қадағалауын, оған жол бермеуін ескертеді.

Ғ.Қараш ұят туралы. Екінші жұмбақ-ұяттың пайда болуы. Мінез туралы дұрыс жолға қойылған үйрену өмір тұрмысының қиындығы туралы тура пікірді меншіктеуге әсер етеді. Бұл үйрену адам баласына шын бақыт мақсатын береді, басы, тұрмысы хақында белгілі бағытта берік сенім орнатады,ол арқасында адамның өз тұрмысының мақсаты шектелетін, сезілетін халге келеді.

Ғ.Қараш тәрбиедегі үйрену әдісі туралы. Үйрену арқылы адам тұрмыстың зердеге қойған нәрселерін таңдап, ақиқатқа сәйкескенін алуға қолы жетеді. Аяғында адамға қайсы істі істеу тиіс, қайсы істі істеу тиіс емес екенін айырып, әрбір жұмысыңды сынап,бақылап тұратын бір күш, бір хал пайда қылады. Мұны «Ұят» деп атайды. Бұл үйрену, үйрету жолы кімнің тарапынан істеледі? Деп сұрақ қояды да оған Ақынның өзі

«Шүбә жоқ, бұл жолды басқарушылар - ата-аналар, мұғалімдер»- дейді. Баста көздеріне көрсетіп, бұдан соң мүмкін болуынша басқа да жолдарменен реттеледі. Көріп отырғанымыздай бала тәрбиесінде бірінші орынға ата-аналарды, үлгі – өнеге әдісін қояды.

Ғ.Қараш тәрбиедегі үйрену, жазалау, түсіндіру әдісі туралы Үйрену ретін көрсетеді: баста бірте-бірте ашық баяндап кеңейтіп, баланың ақылына сіңетін, қызықтыратын, тиятын, түзететін сөздер. Үгіт кезінде ұрысу, жекіруге болмайтынидын ескертеді. Бала жаза тартып болысымен оны дұрыс мінезге үгіттеуден сақтануға шақырып, оның тиімсіздігін ескертеді. Баланың жазадан кейін көңіл –күйі болмай тұрғанда оны жақсы мінезге үгіттеу жақсы сөзге жиіркенуден басқа ештеңе бермейді деп жазады. Баланың ашу толқыны басылған соң, тыныш уақытта ол оқиғаға қайта оралып, оған ақыл айтуға болады деп баланы жазалау шарттары тақырыбын да көтерген

Ғ.Қараш тәрбиеде сананы қалыптастыру әдісі туралы. Баланың қателігін бетіне баса бермей, қоршаған төңірегіндегі бір уақиғаға тіреп айту әсерлірек болуы мүмкін. Баланы неғұрлым өзінің балалық намысына тиместей тәрбиелесе, соғұрлым жұғымдырақ келеді. Үйретуде бірде көрсетіп, бірде жаттай түсіндіріп, баланың ақыл шегінің өсу шамасына қарай тұрмыстағы істерінде бала мінезін тексеріп отырудың тиімділігі туралы жазады. Сөйтіп Ғ.Қараш бұл жерде баланың санасын қалыптас-тыру әдістерімен қатар, мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, ынталандыру әдістерін кешенді қолданудың тиімділігін дәлелдеген. Ғ. Қараш мамандықты дұрыс таңдау туралы «Кей мезгілде адам пікірі көпке дейін бір ананы, бір мұнаны істеуге кірісіп жүрсе де, біріне де көңіл тоқтата алмайтындығын, ақырында бір жұмысқа тірелгенде көңілі жай тауып, « Менің іздеп жүргенім осы еді» дейтін шекке келеді. Ақылдың жолбасшылығымен өзін тексеру, жұмыста ашық көрсету ретімен болғанда ғана ақыл ерікті мұндай адасулардан құтқарады» – деп жастарға мамандықты дұрыс таңдаудың негізгі жолын көрсетеді. (Ғ.Қараштың «Педагогика» атты мақаласындағы тәрбие туралы тағылымдары пайдаланылды.)

Ғ. Қарашты Қазақстандағы педагогика ғылымдарының негізін салушылардың бірі деп айтуға негіз бар. Ол «Педагогика» еңбегін аяқтауға үлгермеген. Оның тәрбие, отбасы тәрбиесі, тәрбие әдістері, тәрбиеде баланың жас ерекшелігін ескеру туралы көзқарастары бұл күнде де өз маңызын жойған жоқ.

Ғалымдар өз енбектерінде ойшылдың өмірі мен шығармашылығын барынша нақты материалдар арқылы көрсетеді, сонымен қатар оның философиялық дүниетанымын талдаудан өткізіп, оны тереңдей байыптайды. Қазақ халқының көрнекті тұлғасына арналған ғылыми-

танымдық еңбек еліміздің тарихы мен рухани мәдениетіне айналады. [3]. Ағартушының арманы- ұрпақ аманаты болғанын өлендерінен байқауға болады:

«Өз тізгінін қазақ ұлы өзіне алып,

Өз алдына жұрт болғанын көреміз бе?».

Ұлама педагогтың арманы-білімді ұрпақ,ынтымағы қалыптасқан ел болса, қазақ елінің рухани бастауы ұрпақтан ұрпаққа жеткен ұғымдар мен құндылықтары қуантарлық жағдай.

Сонымен Ғ.Қарашты Қазақстандағы педагогика ғылымдарының негізін салушылардың бірі деп айтуға негіз бар. Ол «Педагогика» еңбегін аяқтауға үлгермеген. Оның тәрбие, отбасы тәрбиесі, тәрбие әдістері, тәрбиеде баланың жас ерекшелігін ескеру туралы көзқарастары бұл күнде де өз маңызын жойған жоқ. Көрнекті ақын, ағартушы, философ, қазақ баспасөзін қалыптастырушы тұлға,қоғам қайраткері Ғұмар Қараштың өмір жолы мен шығармашылығына қатысты тың дерек жинақталып, баспалардан шығарылуы, ғалымның көзқарастары ұлттық құндылыққа айналғанын көрсетеді[4].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тәжімуратов М.Ғұмар Қараш және оның «Педагогика » кітабы // Қазақстан мектебі.- 191-№3.-Б-51-56
2. Ү.Субханбердина,С.Даутов «Айқап»-Алматы-Қазақ энциклопедиясы-1995-115б.
3. Берік Аташ,Қуаныш Әлжан « Ғұмар Қараш»
4. Ғұмар Қараш шығармалары. III том, Ғұмар Қараш туралы еңбектер. Жантас Набиоллаұлы, Қазыбек Құттымұратұлы. Орал, 2018. - 480 бет.

ӘОЖ 373(07):147

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Ильясова Раиса Қасымқызы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы. Орал қ.

Аннотация. *В статье дана характеристика педагогических взглядов в произведениях Г. Караш. Подробно изложен его вклад в развитие сферы образования в начале XX века и после Октябрьской революции. Проанализированы работы школьного учителя, требования к нему, виды школ, в том числе содержание работы школ на родном языке, области воспитания, дидактика, выявлена их связь с проблемами современного образования.*

Ключевые слова: *просветитель, национальная школа, образ учителя, содержание обучения, области воспитания.*

Ғұмар Қараш - қазақ халқын өркениетті елдердің қатарынан көру үшін өз дәуіріндегі мерзімді баспасөзге қазақ елінің көкейкесті мәселелері хақындағы мақалалар жазып, өзінің көзқарастары мен ой пікірлері арқылы халықты жаппай ағартушылыққа білім, өнер мен ғылымды меңгеруге шақырып, жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар аударып, оқу-білімді ең алдымен азаттыққа, бостандыққа қол жеткізудің негізі деп түсініп, берекелі ел болуға үндеген, араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік білген көрнекті ақын, ойшыл-философ, қайраткер-ағартушы.

Ол білікті маман, қазақ педагогикасының теориялық негізін қалыптастырушы ғалымдардың бірі, арнайы жазылған педагогикалық еңбектердің авторы, қазақ халқының рухани құндылықтарын дүниежүзілік педагогикалық ойлармен байланыстыра зерттеуші ретінде XX ғасыр басындағы оқу-ағарту ісін дамытуға үлес қосқан қазақ зиялылары арасында өзіндік беделге ие болды.

Ғ. Қараштың педагогикалық көзқарастары өз алдына жеке зерттеуді күтіп тұрған тың

тақырыптардың бірі десе болады. Бүгінгі күнге шейін Ғұмардың педагогикалық ойлары көбінесе тұңғыш әдістемелік «Мұғалім» журналына байланысты айтылып келеді. Журнал туралы зерттеуші М.Ысмағұлов: «Бұл журналдың редакциялық коллегиясын Ғұмар Қарашев басқарған. Журналдың 10-нан аса сандары жарық көрген. Солардың қазіргі табылғаны 2 және 7 сандары» – деген құнды мәлімет берді. Сонымен бірге автор: «Демек, 1919 жылғы Қарашта ағартушылық ыңғай қай кездегіден де күшті, пәрмендірек. Бұл сөзге «Мұғалімнің» бірнеше нөмірінде шыққан, ал қолда бар екі санда ортасынан соңына дейін жарияланған күйінде жеткен.

Мақаланың мақсаты**:** Ғ.Қараштың әртүрлі ғылыми жұмыстарда жазылған шығармаларындағы педагогикалық ұстанымдарды жүйеге келтіру;

Міндеттері:

1. Ғ.Қараштың педагогикалық көзқарастарын жүйелеу.

2. Ғ.Қараштың педагогикалық көзқарастарының қазіргі білім саласындағы мәселелерді шешудегі рөлін анықтау.

Ғ.Қарашты бұрынғы одақ жұртшылығына таныстыруда белгілі ғалым, академик С.З.Зиманов пен зерттеуші-ғалым М.Ш.Ысмағұлов көп үлес қосты. Сонымен қатар Ғ.Қарашты ақындық қырынан зерттеп, кандидаттық диссертациясына арқау еткен филология ғылымдарының кандидаты Мақсат Әнесұлы Тәжірмұратов болды[1].

Халқымыздың осынау абзал перзентінің шығармашылығын насихаттауға жазушы, ғалым М.Мағауин біршама еңбек сіңірді. Ол 1978 жылы цензорлық бақылауға қарамастан, Ғұмар Қараштың бірнеше өлеңдерін Ленинград қаласында басылып шыққан «Қазақстан ақындары» жинағына енгізді.

Батыс Қазақстан университетінің доценті Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызының кандидаттық диссертациясында Ғұмар Қараштың діни, ағартушылық, педагогикалық қызметі және оның жәдидшілдігі жан-жақты талданған[2].

Ғ.Қараш оқу-білімді, ең алдымен азаттыққа, бостандыққа қол жеткізудің негізі деп түсінген. Ол халықты білім, өнер үйрену арқылы оянуға үндеген ағартушы, жас ұрпақ тәрбиесіне, ана тілінде «Педагогика», еңбегін жазған, тұңғыш педагогикалық «Мұғалім» журналын ұйымдастырып шығарған ұстаз.

1902-1910 жылдарда медреседе оқитын шәкірттерін жаңа жадид тәсілімен оқуды қолға алып, біршама жетістіктерге жеткен. Оқушыларды тез арада сауатын ашып, арабша, қазақша, татаррша, және орысша жазылған басылымдарды оқуға мүмкіндік алған. Мұндай батыл реформалық іс-әрекет кейбір дүмше молдалар мен ел билеушілер тарапынан айыпталған. Медреседе жадид оқуымен қатар орыс тілі, табиғат, жаратылыс пәндеріне өте – мөте көп көңіл бөлген.

XIX ғасырдың екінші бөлігінде пайда болған, XX ғасырдың басында кең тараған қоғамдық-саяси және діни-ағартушылық қозғалыс мұсылман әлемінде, әсіресе, Ресей түркі тілдес мұсылман зиялы қауымының озық бөлігінің өкілдері арасында белең ала бастады. Бұл – Ресей империясының түркі халықтарының ағарту үдерісінде елеулі тарихи маңызы болған – жәдидшілдік деп аталған бағыт еді. Жәдиттердің мақсаты халықты ағарту мен демократиялық құқықтар үшін күресі, бір жағынан – исламды сақтау, екінші жағынан – Еуропалық білімнің тиімді жақтарын игерумен келіп тоғысып жатты. Сондықтан Ғ.Қараштың ағартушылық және педагогтық қызметі Қазан төңкерісіне дейін де жәдидтік бағыттан тыс бола алмады, себебі, ол білім берудің бұл бағытын өзі қалауымен таңдап, білімі мен біліктілігі арқылы жетілдірген болатын. Ал Кеңес үкіметі орнай бастаған сәтте де, жәдидшілдік нұсқада білім беру жүйесіне баса назар аударып, бірте-бірте қолға алынып жатқан өзгерістерден де тыс қалмады. Ол кезде өткізілген мұғалімдер съезіне қатысып, өзекті мәселелерді көтеріп қона қоймай , оларды шешуге өз үлесін аямай қоса білді.

XX ғасырдың бас кезеңінде халықтың оқу-білімі әлемдік деңгеймен салыстырғанда біршама артта қалған күйде болатын.

Уфа кезеңі Ғұмар өміріндегі азаматтық ағартушылық-шығармашылық жалынға толы көтерілу, серпілу жылдары болды. Уфадағы діни басқарманың бай кітапханасында отырып,

«Педагогика», «Қара», «Қан мен жан» дейтін үш еңбек дайындайды, Халыққа қызмет етуді өмірінің мақсат-мұраты санаған азамат ақын 1918 жылы елге нақты қызмет ету, әлеуметтік-ағартушылық өмірге белсене араласуға кіріседі. Сөйтіп туған елі Жәнібекке келеді. Оралдағы педагогикалық техникумда сабақ береді. 1918 жылы 24 қыркүекте болған Бөкей губерниясы мұғалімдерінің съезіне, және 1918-1920 жылдарды сол губернияның кеңестерінің I, II, III , IY съездеріне делегат болып қатысады.

Съездерде оқу-тәрбие мәселелерін шешудің өзіндік жолдары ұсынылды. Ең алдымен, жалпыға бірдей білім беру жүйесін енгізу,оны қаржыландыру мәселесі де маңызды түйткіл ретінде ұдайы басты назарда ұсталды. Сондықтан, осындай түйткілдерді қазақ зиялылары бірлесе отырып шешу қажеттігі, күрделі ахуаларды пікірлесіп отырып, талқылау керектігі туындады.Осыған орай, 1918 жылғы өткен съездердің жұмысына Ғұмар Қараш та белсене араласты. Съезде ұлттық мектептер, мектептен тыс мекемелер жөнінде мәселелер талқыланды. Ауылдарда жаңадан 90 мектеп ашу белгіленді. Ұлт мектептеріне дәріс беретін педагогикалық, ғылыми тұрғыдан дайындығы мол сапалы мамандарды даярлау, олардың қажетті санын қамтамасыз ету, білім сапасын арттыру, оқыту әдістерін жаңарту күн тәртібіне қойылып, аталған мәселелер негізгі мақсаттардың бірі ретінде бекітілді.

Сонымен қатар съезде қазақ орфографиясы үшін комиссариат жанынан жеті адамнан тұратын топ құру жоспарланды. Съезд емле мәселесінен де айналып өтпеді. Біраз кеңестен соң, «Кітап жазу комиссиясы қазақ емлесін бастан-аяқ меңгеріп, теріс деп тапқан жерлерін өзгертуге ерікті болсын» деген қаулы шығарылды.

Дала халқын қажетті оқулықтармен, газет-журналдармен, әдебиеттермен қамтамасыз ету үшін көшпелі отыз кітапхана ашу және оқудың көрнекілігі үшін екі көшпелі киноматография жасақтауды қолға алу сияқты игі шаралар – Ғұмар Қараш сияқты өз ұлтына шын жаны ашыған Алаш азаматтарының ғана іс-әрекеттері еді. Бұдан кейін қазақ ағартушылары мен мұғалімдері білім беру саласын одан әрі өркендетуге, бірінші съезде көтерілген мәселелерді шешуге белсене кірісіп, ұжымдасып әрекет етумен болды. 1918–1919 жылдың қыс мезгілінде жәдит мұғалімдер тобы – Ғұмар Қараш, Иманғали Меңдіханов, Ғабдол-Ғазиз Мұсағалиев, Нұғман Манаев, Бисен Жәнекешов, Ғабдығали Сұлтанов, Халел Есенбаев, Тамимдар Сафиев, Ғани Бегалиев, Ғабдолла Мұқашев, Дәуіт Мұқашев, Ғабдол-Ғафар Мырзалиевтер «Жазушылар құрамасы» деген атпен бір ұйымға біріккен еді.

1919 жылы қаңтар айында екінші мұғалімдер съезі өтті. Съезд Ғ.Ғ. Бегалиевтің басқаруымен ашылып, оның жұмысына Ғ.Қарашев төрағалық етті. Мұнда да бірінші съезде қабылданған шешімдердің іске асу барысы талқыланып, білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары ұсынылды. Съезд төрағасы Ғ. Қарашев «Кім мұғалім бола алады?» «Оған қандай білім керек» – деген өзекті мәселе көтерді. Съезде көтерілген мәселе «Мұғалім қандай талаптарға жауап беруі керек?», «Мұғалім болмысы нені талап етеді?», «Педагогика этикасы, шеберлігі қандай болуы тиіс?», «Білім беру мен тәрбие қалай жүзеге асуы керек?» деген сияқты сауалдарды қанағаттандыру үшін ол орнықты жауаптар берілді. Жалпы аталған съезде қазақ мұғалімі бейнесінің әмбебап кейпі ұсынылды десе де болады.

Оқу құралдарын жетістіру, кітаптарды тәржіме ету және тағылым журналын шығару үшін» сайланған комиссияға жеті адам – Ғұмар Қараш, Ғабдол-Ғазиз Мұсағалиев, Мұстафа Көкебаев, Ғали Бегалиев, Халиолла Есенбаев, Ғабдол Бөкейханов және Ғабдолла Мұқашев енгізілді.

Ғ.Қарашев және мұғалімдер съездерде мектепті басқару ісінде мектеп кеңестерін құру туралы қаулы қабылданды. Мектепке керекті мүлікті жасау үшін оның жанынан ағаш шеберханаларын ашу тапсырылды. Сондай-ақ съезде барлық медреселерді керекті құрал-жабдықтармен, кітапханалармен жабдықтауды, оның жанынан 25 адамдық интернат ашу, таңертең ыстық ас беру мәселелері де назардан тыс қалмады. Алыс ауылдардан қатынап оқитын оқушылар үшін оларды жеткізетін ат бөлінуі тиіс, ал оған керек қаржыны Қазақ әскери комиссариаты төлеуі керек деп шешті.

Ғ.Қарашев және мұғалімдер съезі мектепке келетін баланың жасы, сыныптағы оқушылардың контингенті, санақ жүргізу арқылы мектеп жасындағы балалар санын анықтау,

мектептегі оқушылардың тұрғылықты мекен-жайын біліп, қамтылу шекарасын анықтау, мектептерде оқушыларға ыстық тағамдар ұйымдастыру, әлеуметтік жағынан мұқтаж балаларды анықтап, олардың отбасына көмек беру(бұл бүгінгі күндегі әлеуметтік жағынан нашар қамтылған отбасыларды анықтау мен оларға жәрдем берудің бастапқы үлгілері болып табылады) туралы шешім қабылдаған. Бұл қаралған мәселелердің ішінде мектепте әскери және еңбек тәрбиесі де ескерусіз қалмады. Сол кездегі мектептегі шеберханалардың ашылуы, онда мектеп құралдарын жасаудың жолға қойылуы – қазіргі еңбек және экономикалық тәрбиенің бастамасы болатын.

Ғұмар Қараш Қазақстанда идеялық - саяси ағым ретінде қалыптасып келе жатқан жәдидшілдік қозғалыстың жақтаушысы ретінде туған халқын еуропалық дыбыстап оқыту әдісіне тартуды қолдаушы ғана емес, туған жерінде мектеп ашып, мектепте оқытудың жаңа әдісін қолдану арқылы дүниелік пәндерді енгізіп, шәкірттеріне өз елінің тарихын, әдебиеті мен тілін оқытып-үйрету идеясын іс жүзіне асырушы жәдидшіл тұлға ретінде анықталған.

Ғ. Қарашты қазақ педагогикасының теориялық негізін қалыптастырушы ағартушылардың бірі деп те айтуға толық негіз бар. .Ғ.Қараш «Педагогика» атты еңбегін Уфа қаласында жазып, кейін алғашқы «Мұғалім» журналының бірнеше санында жариялаған.

Ғұлама ойшыл Ғұмардың «Педагогика» еңбегіндегі бала мен бала тәрбиесіне қатысты айтылған тұжырымдары бүгінгі күнде де тәрбиелік мәнін жоғалтқан жоқ. Мәселен, ол: «Балаларға тәрбие берушілер мүмкін болғанша жастардан болу керек осылай болғанда тәрбие беруші өзінің шәкіртіне ең жақсы жолдас, ең сенімді сырлас болып, оның түрлі жұбаныш халдерін ортақтасар, бөлісер еді. Бойға жеткен кісі мен баланың арасында ортақтық, бірлік шын аз, мұндай аралары шалғай жатқан екі жанның байланысы берік бола алмақ емес. Балалар әр уақыт үлкендерге қызмет етіп, қызмет көрсетуі мүмкін». Ғ.Қараштың педагогтық қызметке педагог кадрларды іріктеудегі олардың жасын ескеру туралы пікірінің дұрыстығын қазіргі педагогикалық тәжірибе де дәлелдеп отыр

Ол «Педагогика» ғылымын «Әдептілік негіздері» деп атайды. Педагогика сөзінің қазақша баламасын, мағынасын ана тілімізде оқырмандарының түсінуіне жеңіл етіп ашып, педагогиканың философиядан бөлініп жеке ғылым саласына айналуының дұрыстығына өзінің дәлелдерін келтіреді, міндеттеріне тоқталдаы. Ғасырлар бойы тәрбие мен оқыту тәжірибесінен алынған озық ойлардың мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмысына тигізер мол пайдасы туралы жазады. Осы жерде Ежелгі дүниенің Қытай, Индия, Египет, Греция сынды аса дамыған елдерінде сол заманның өзінде тәрбие тәжірибесі бір арнаға келтірілгенін, одан түзу теориялар жасалғанын атап көрсетеді.

«Педагогиканың іркіліс, кешеуілдеуі адамдардың дамуында дағдарысқа алып келеді, ғылыми-техникалық прогрестің шабандауына соқтырады» - деген пікірі қазіргі замандағы білім саласындағы күрделі мәселелерді шешуде педагогика ғылымының алар орнын белгілеп бергендей. Өкінішке орай қазіргі педагогика ғылымы әлі де ұрпақ тәрбиесіндегі көптеген сұрақтарға жауап бере алмай отыр.

Бірақ жаны сәйкесіп, шын көңілден сүю, ол бір уақытта да болмайтын жұмыс» – деп тәрбиешінің бала жанына жақын болғанын қалайды. Ғұмар тәрбиенің кешенді жүргізілуі туралы

Ғұмардың педагогикалық ой-пікірлеріне зерделеп қарайтын болсақ, ол тәрбиенің кешенді (комплексті) жүргізілуіне ерекше мән береді. Тәрбие берудегі үш принципті, яғни ақыл тәрбиесі, ой тәрбиесі, дене тәрбиесін бір-бірімен ажыратпай байланыстыра қарастыру қажет екендігін атап көрсетеді

«Педагогика» еңбегінде ағартушы тәрбиенің қоғамда алатын орнына ерекше назар аударады..Аталған еңбектегі Ғұмар Қараштың тәрбие туралы ойларына келсек, ол сол замандағы тәрбиені адамзаттың болашағын айқындайтын негізгі құрал, адам болмысының, мінез-құлқы мен руханиятының негізі деп атап көрсетеді. Ол "Тәрбие көрмеген надан ел – қараңғы түнде жол таппаған жолаушыдай. Елді жарыққа бастайтын – білім мен тәрбиенің шамы." – дейді. Ол жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның да тәрбиелі болуы керек екенін айтқан. Халықтың сана-сезімі, мәдениеті мен мінезі де жас ұрпаққа ықпалының мол екендігін

атап көрсетеді. Сондықтан оның еңбектерінде адам бойындағы ізгі қасиеттер — адалдық, әділеттілік, еңбекқорлық, білімге құштарлық тәрбиенің нәтижесі ретінде қарастырылады. Оның бұл көзқарастары дүниежүзілік педагогика классиктерінің көзқарастарымен үндесіп жатыр.

Қайраткер-ақынның ұлт бірлігіне, діни тәрбиеге қатысты да айрықша ойлары бар. Ғұмар шығармашылығында елжандылық тәрбиесіне де баса назар аударылады. Оның өлеңдері де ғылыми мақалалары да, ұлтты сүюге, оған қызмет етуге бағытталады. «Отан және ұлт реформасы» мақаласында Отанға қызмет ету баршаның міндеті екендігін атап көрсетеді. Әсіресе мұғалімдер бұл іске қатты кірісу керектігін ескертеді. Ғ.Қараш діннің тәрбиелік мәніне ерекше тоқталған. Ол ислам дініндегі адамгершілік қағидаларын — үлкенге құрмет, кішіге ізет, шыншылдық, аманатқа адалдық секілді құндылықтарды насихаттаған. Ол қыз баланың тәрбиесін де өте маңызды санап, әйелдің қоғамдағы орнын көтеруді, оларға білім беруді қолдаған. Әйел тәрбиелі болса, ұрпақ та тәрбиелі болады деген ой айтқан[3, 15].

.«Тәкапарлық», «Өтірік», «Ұят», «Әдеп» және басқа өлеңдерінде адалдықтың адами қарым -қатынастағы маңызын ашып көрсетеді[4]. Адамдар арасындағы өтірік сөз, ұят, тәкапарлық, ар-намыс сыйластық, жарастық, тыныштық сияқты адам бойындағы түрлі қасиеттердің адамның жеке тұлғасына ықпалы туралы жазады. Адамның ниеті, ойы, іс-әрекеті шындыққа негізделгенде адам өзіне де, өзгеге де адал болады, адал болу, адам болу кез-келген адамның өз қолында. адам сан сауалдарға жауап іздеу, жетістіктерге жету барысында өзін де, өзгені де қуанышқа кенелтіп, қоғамға пайда келтіреді деген ойлар айтады.

Ғұмар Қараш сол замандағы басқа ағартушылардың пікірлеріне қосыла отырып, адамның өмірінде білімнің орнының жоғарылығын атап көрсетеді.

Қараш халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшыныстыояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Сондықтан да оның жариялаған мақалаларының басым бөлігі оқу-білім мәселелеріне арналған. «Қазіргі басты міндет қазақ балаларын бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту, соған оқулық, жабдық жасау қажет. Өнер-білім ана тілінде болу керек. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі.

Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді» – деп қазақ баласының ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен азамат болып қалыптасуын армандады.

. Ұлт келешегін ойлаған қайраткер оқу мазмұнына да көңіл бөліп: «Кейбір адамдар Ресейде мешіт, медресе салуға, мешіт ашуға қаржы жұмсайды. Ал оны бітіргенде ғалым не маман шықпайды, көп болса молда болады. Құр тас үйді сала бергеннен гөрі оның ішіндегі адамдарға жақсы тәрбие берген, орта, жоғары білім берген тиімді. Зиялылар неғұрлым көбейе түссе, халықтың көзі ашылып, пайдалы мектептер салынып, газет- журналдар шығарылып, оларды арзан бағамен сатса, елге пайдалы іс болар еді» деген пікірі де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған медреселердің де мақсат, міндеттері, білім мазмұны, оқыту нәтижелері әлі де анық болмай отыр. Сондықтан халық арасында «Медресе қандай мамандықтар береді?» деген сұрақтар көбеюде. Өз басым оған әлі тұжырымды жауап таппадым.

Ғұмар Қараш сол кездегі білім мазмұнын анықтауға да өз үлесін қосты. Ол білім мазмұнына география, құқық, тарих, медицина, химия, инженерия, ауыл шаруашылығы, сауда қисаптары ғылымдарының негіздерін енгізуді жіне оларды медресе, оқу орындарында оқытудың маңызы зор екенін насихаттаған. Ғұмар Қараш осы ойларын Қазақ» газетіне берген мақалаларында жалғастырып отырды.

Білім мен тәрбие – егіз. Оның ойынша Ғұмар Қараш үшін білім беру тек ақыл-ойды дамыту емес, рухани және адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу дегенді білдіреді. Оның "Бала тәрбиесі" атты өлеңдерінде бұл айқын көрініс тапқан. Білім ерікке дұрыс жолды көрсетеді, бұл арқылы ерік өзінің жаратылысына сәйкесетін нәрселерді таңдап алады деп белгілі бір білім саласына қабілеттің орнының ерекше екендігі туралы жазады.Ғұмар Қараштың бұл пікірі қазіргі ғылыми педагогикадағы ақыл – ой тәрбиесі туралы ғылыми білімдермен ұштасып жатыр. Тәрбиенің басты бір жұмбағы деуі баланың ақыл-ой жұмысына басшылық етудің қиындығын ескерткені.

Сонымен, Ұлттық мектепті қалыптастырудың алғашқы ойлары – XX ғасырдың 20

жылдарының өзінде айтылғанын байқап отырмыз. Бұл – бүгінгі күнде шетелдік білікті мамандармен иық тіресіп еңбек ететін қазақ жастарын тәрбиелеу туралы мемлекетіміздің саясатымен үндес келіп тұрғанын сезінуге болады. Осы істерге белсене қатынасқан Ғұмар Қараш та басқа ұлт ағартушылары сияқты, қаншама қазақ баласының сауатын ашуға септігін тигізді, сол білімді ұрпақ арқылы бүгінгі күнгі ұлт руханиятының келбетінің негізі қаланды десе болады.

Әдебиеттер

1. Тәжімұратов, Мақсат Әнесұлы. Ғұмар Қараштың поэтикалық мұрасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның : автореферaты. - Алматы, 1993. - 23 б.

2. Боранбаева Б.С. Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық - саяси қызметі (1875-1921 жж.) Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның АВТОРЕФЕРАТЫ. Орал, 2009

3. Ғұмар Қараштың әділеттілік теориясы контекстіндегі философиялық және діни- саяси қызметінің әлеуметтік-мәдени негіздері. Республикалық дөңгелек үстел материалдар жинағы. – Сборник материалов республиканского круглого стола. Социокультурные основы философской и религиозно-политической деятельности Гумара Караш в контексте теории справедливости. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2024. – 132 б.

Ғұмар Қараш. Үш томдық шығармалар жинағы. Ойтолғамдар, мақалалар. Алматы, 2018. – 384 б. 1 том. 108-110б.; 163 б; 293 б.; 296-297 б.; 341-342 б. 2 том. 279

УДК 378.147.001

ГУМАР КАРАШ И СОВРЕМЕННЫЕ ВОПРОСЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Гайсина Г.М.
учитель русского языка и литературы
Общеобразовательная средняя школа имени Жангир хана
Западно-Казахстанская область, Бокейординский район, п. Хан Ордасы

Түйіндеме*.Мақалада Ғұмар Қараштың оқу-тәрбиеге деген көзқарастары казіргі педагогика талаптарымен байланыста қарастырылады Автор Қараштың рухани-адамгершілік және ұлттық тәрбиеге қатысты идеяларын бүгінгі білім беру үрдісіне енгізудің маңыздылығын атап өтеді. Зерттеу мазмұны өзекті және ғылыми негізделген.*

Тірек көздер: *рухани адамгершілік тәрбие, Ғұмар Қараш, ағартушылық идеялар,қазақ қоғамы, ұлттық құндылықтар*

Современное казахстанское общество сталкивается с глобальными вызовами цифровизации, глобализации и социально-культурных трансформаций. В условиях информационной перегрузки, утраты духовных ориентиров и ценностного кризиса встаёт вопрос о том, как сохранить духовно-нравственные основы воспитания подрастающего поколения. Сегодня перед всем обществом остро встают вопросы:

1.В условиях, где доминируют рыночные отношения, где постоянно звучат темы глобализации и цифровизации, где ученики теряются в потоке информации, как удержать внимание детей на духовных и нравственных ценностях?

2. Как найти пути сохранения человеческого лица образования?

3. Как возродить ценности патриотизма, духовности,ответственности?

4. Как помочь детям стать добрыми и ответственными гражданами, способными сохранить уважение к себе,к своей семье, к Родине. [1]

Это вопросы не абстрактной темы, а ежедневная реальность, в которой общество – в том

числе школьные учителя, вся образовательная система – ищут ответы на вызовы времени.

Чтобы найти ответы на вопросы и найти пути решения проблемы, желательно обратиться к трудам казахских педагогов и просветителей, в частности, к наследию Гумара Караш, который был настоящим просветителем своего времени.

Гумар Караш, поднявший вопрос о возрождении национального духа в начале прошлого столетия,- просвещенный поэт, мыслитель и философ.

Гумар Караш родился в конце 19 века и прошел путь от религиозного образования к более светскому и современному. В то время, когда большая часть населения была неграмотной,он стал одним из тех,кто решил менять ситуацию,открывая школы, издавая учебники и статьи, которые учили не только буквам,но и жизни.

При внимательном и серьезном изучении жизненного пути Г. Караша становится очевидно, что он смог поднять важные общественные вопросы своего времени.

«Сегодня жизнь страны изменилась. Поэтому многое из того, что было уместно тогда, не подходит сегодня, - сказал он. Необходимы перемены, соответствующие новой эпохе начала 20 века». Он не просто сказал, а написал поэмы и короткие статьи,критикующие негативные черты казахского народа,такие как невежество, лень, гордыня и высокомерие, царившие в казахском обществе, которые актуальны и в наше время.

В его произведениях отчётливо видны внутренние переживания поэта,размышлявшего о формировании национального образования. Богатые литературные, философские и педагогические труды, оставленные Гумаром Карашем, который стремился поднять духовную культуру казахского народа и возродить дух нации, представляют собой мысли и идеи, не потерявшие своей ценности в процессе возрождения национального духа в современном независимом казахском обществе.

Он понимал,что нет иного пути,чтобы вписать казахский народ в новый уровень цивилизации,поднять его культуру и пробудить его дух,кроме как через дело просвещения народа .

За веком пришёл век, мир неустанно меняется. Сегодня появилась проблема глобализации, возникли вопросы цифровизации и искусственного интеллекта, социальные сети влияют на умы и нравственные ориентиры молодежи, технологии проникают в каждый уголок жизни, молодое поколение теряется в ценностях. В этих условиях образовательная система нашей страны, сохраняя и приумножая все накопленные ценности, продолжает планировать устойчивое развитие, опираясьна труды общественно-политической и творческой деятельности национальной интеллигенции, самоотверженно служившей в контексте общенациональных интересов.

Ученые-энтузиасты, которые хотят донести немеркнущий свет Гумара Караш, видят прямую связь современных вопросов образования сего наследием.

«Идеи Гумара Караш очень созвучны направлениям программы «Рухани жангыру». Если мы хотим воспитывать молодежь в духе патриотизма, мы должны читать труды Гумара Караша» - подчеркивает Ж .Сафуллин. [2]

Не мешало бы прочитать статью Караша «Родина и национальная реформа»,где он пишет: «Некоторые говорят,что вопросами Родины и нации должны заниматься только высокопоставленные чиновники. Вопросы Родины и нации являются общими для всех. Все,большие и малые, должны думать об этом. Служение Родине и нации обязательно не только для людей, занимающих высокие должности или богатых.Если намерения и желание правильные, простые,средние люди также могут служить Родине.У каждого есть долг перед самим собой. Каждый может делать то, что он может в меру своих сил. Если бы простые люди честно выполняли свои обязанности, они бы внесли бы большой вклад в завершение сложных и великих дел. Каждый человек, чувствуя себя членом общества, обязан выполнять возложенные обязанности»

Это ценное мнение, которое не утратило своей значимости в формировании качеств патриотизма у нашей молодежи в наше время, когда ставится задача духовного возрождения казахской нации в новых условиях.

«Караш очень много сделал для народного просвещения как педагог. Его идеи народной педагогики актуальны до сих пор, как впрочем, и насчет языка, патриотизма, воспитания духовной культуры. У Гумара Караша много написано о взаимоотношениях учителя и ученика, о том, что не надо бесконечно назидать, а необходимо искренне участвовать в формировании будущей личности, увлекать её своим примером» -пишет Д. Муштанова, поэтесса.

Идея Гумара Караша о том, учитель – не просто человек, который даёт знания, а наставник и пример для учеников, очень близки к тому, что называют сейчас гуманной педагогикой.

Историк Бактылы Боранбаева заявляет: «Современные школы, вузы переходят на новую систему образования. По этой системе нужно создать условия для того, чтобы ребенок занимался самостоятельно. А учитель должен его направлять. Про этот метод Гумар Караш отметил в своём педагогическом труде,который был опубликован в журнале «Мугалим» от 1919 года», где пишет «Человек, ставший учителем, должен обладать характером, который будет радовать его учеников, и знаниями, которые полностью удовлетворят их. Ученик не может учиться у учителя, не обладающего такими знаниями. Это необходимо твёрдо помнить».[3]

Гатаулин А.Р. м.г.н., преподаватель Карагандинского государственного университета имени Е.А. Букетова в своей работе на тему «Гумар Караш –патриот, педагог, просветитель», которую написал в соавторстве со студентом А. Бекталиевым, пишет: Гумар Караш решительно порывает с духовенством, становясь сторонником «джадидизма». Термин «джидидизм» генетически связан с понятием «ЫСЫЛ- иджадид(«новый метод»),который возник в ходе формирования «новомодной» системы просвещения у татар. Джадиды выступали также за преподавание в школах на национальном языке» [4].

Сам Караш говорил по поводу национального языка следующее: «Если у народа нет образования и искусства на своем родном языке,то язык этого народа будет деградировать и изменяться, и на него будет влиять язык соседнего могущественного народа, а нововведения будут увеличиваться. Старый язык тех малых народов, который не обновляется и не возрождается, теряет весь свой смысл и быстро забывается. Мы видим много примеров этого в истории,было несколько нации в прошлом,теперь мы не можем видеть ни одну из них, и они не существуют.Это те,чьи языки исчезли. Без языка нет нации. То есть эта нация полностью мертвая, потерянная нация». Таким образом мы видим,как общественный деятель связывает казахскую национальную идентичность с родным языком. Язык – первый признак бытия нации, и он объяснял его как средство жизни, рычаг знания,искусства и культуры. (Таблица 1)

Таблица 1. Идеи Гумара Караша и современные вызовы образования

Идеи Гумара Караша	**Современные вызовы**	**Практическая значимость**
Преподавание на родном языке, сохранение языка как основы национальной идентичности.	Глобализация, доминирование английского и русского языков, угроза утраты казахского языка	Поддержка национальной идентичности, развитие трёхъязычия с приоритетом сохранения родного языка
Джадидизм – «новый метод» обучения (обновление традиционной школы).	Переход к компетентностному обучению, цифровизация, внедрение новых технологий	Актуализация методик, использование интерактивных форм, сочетание традиций и инноваций
Учитель – наставник и пример для учеников.	Снижение авторитета учителя в цифровую эпоху, рост влияния интернета и соцсетей	Личностный пример педагога, гуманная педагогика, формирование духовных ориентиров

Образование как гармония знаний и нравственности.	Информационная перегрузка, акцент на тесты и формальные знания	Воспитание духовно-нравственных качеств, формирование чести, совести, ответственности
Язык как рычаг культуры и наук.	Утрата интереса к чтению, низкая культура речи у школьников	Использование литературы и искусства для воспитания ценностей и развития мышления

Труды Гумара Караша и оценки, данные исследователями его биографии и трудов, доказывают, Гумар Караш – не просто историческая фигура,а учитель,чьи идеи,которые гласят, «если бы категории человеческих качеств, стыд и нравственность,нашли гармонию друг с другом, весь мир предстал бы спасательной силой от всякого зла», остаются актуальными и сегодня. Его взгляд на образование как на процесс воспитания не только ума,но и души,помогает нам понять,что истинное обучение – это всегда гармония знаний и нравственности. Караш понимал, что без внутренней нравственности знания теряют смысл. [5]

По мнению Гумара Караша, формирование чувства чести и стыда у подрастающего поколения является прежде всего почетной обязанностью родителей и учителей.

В современном мире,полном перемен и вызовов,именно такие принципы помогают строить не только успешных специалистов, но и достойных граждан, способных сохранить и развить культуру и ценности нашего народа. Для учителя наследие Караша – это вдохновение и напоминание о том, что каждый педагог играет важную роль не только в передаче знаний, но и в формировании будущего поколения.

Педагогическое наследие Гумара Караша демонстрирует высокую степень актуальности в условиях современного образовательного процесса. Его идеи о значении родного языка, духовно-нравственном воспитании и роли учителя как наставника позволяют выстраивать прочные методологические основания для современной педагогики.

С точки зрения практикующего учителя русского языка и литературы, обращение к тр удам Караша имеет не только историко-культурную ценность, но и прикладное значение. В условиях глобализации и цифровизации школа оказывается не просто местом передачи знаний, а пространством формирования мировоззрения, где важно обеспечить гармонию между интеллектуальным развитием и духовно-нравственным воспитанием личности. Караш настаивал на том, что образование без внутреннего содержания теряет свою силу; этот тезис сегодня приобретает особую значимость, когда знания легко доступны, но их ценностное осмысление зачастую отсутствует.

Изучение и преподавание литературы, работа с художественным словом дают учителю возможность реализовывать те идеи, которые поднимал Караш: воспитывать уважение к культуре, к языку, формировать у учащихся способность к сопереживанию, ответственность за слово и поступок. Именно эти качества определяют духовное развитие человека и его готовность быть полноценным членом общества.

Таким образом, педагогические взгляды Гумара Караша могут служить концептуальной основой для формирования образовательных программ, ориентированных не только на когнитивный, но и на нравственный рост личности. Включение его идей в современные образовательные практики позволит укрепить связь между традицией и современностью, обеспечив преемственность духовных ценностей в новых социокультурных условиях. Для учителя школы наследие Караша является источником методологической опоры, оно помогает формировать педагогическую позицию, в основе которой лежит понимание образования как целостного процесса развития личности. Актуализация идей просветителя в современной педагогической практике способствует решению одной из ключевых задач образования – воспитанию культурно развитого, ответственного и патриотичного гражданина, способного сохранять и развивать ценности национальной и мировой культуры.

Список использованной литературы

1. Самойлова Г. Немеркнущий маяк просвещения // Газета «Приуралье». – Уральск, 2020. Немеркнущий маяк просвещения — Приуралье - Газета Приуралье
2. Саффуллин Ж. «Идеи Гумара Караша и программа „Рухани жаңғыру“». // Современные педагогические исследования, 2024.
3. Боранбаева Б. Историко-педагогический анализ взглядов Гумара Караша // Вестник КазНПУ. – Алматы, 2021.
4. Гатаулин А.Р., Бекталиев А. «Гумар Караш – патриот, педагог, просветитель». // Русская Наука, 2009.
5. Караш Гумар. Педагогические труды и статьи. // Журнал «Мұғалім», 1919.
6. «Ғұмар Қараш шығармашылығы және жәдидтік көзқарас» // Zhas Alash, 2024.

ӘОЖ 373.3

Ғ.ҚАРАШ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ІСІНДЕ КІРІКТІРУ ЖОЛДАРЫ

Қарасаева А.Ш.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Орал қалалық «Б.Момышұлы атындағы №46 ЖОББМ» ШЖҚ КММ

Резюме. *В данной работе рассматривается содержание этнокультурных ценностей в творчестве Гумар Караша и предлагаются пути их интеграции в воспитательный процесс. Особое внимание уделяется духовным и национальным ценностям, таким как нравственность, патриотизм, стремление к знаниям, вера и честь. Предлагаются формы эффективного применения этих идей на уроках казахского языка и литературы, во внеклассных мероприятиях и воспитательных часах. Раскрыта взаимосвязь с направлениями духовно-нравственного, патриотического и интеллектуального воспитания.*

Ключевые слова: *этнокультурные ценности, воспитание, духовно-нравственное воспитание, патриотизм*

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтай отырып, жас ұрпақтың бойына этномәдени құндылықтарды сіңіру – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Бүгінгі таңда мектептегі білім беру мазмұнына этномәдени компоненттерді енгізу – ұлттық сана мен рухани жаңғырудың маңызды алғы шарты. Ғұмар Қараш еңбектері – ұлттық құндылықтар мен адамгершілік тәрбиесінің қайнар көзі. Оның идеяларын қазіргі тәрбие ісінде қолдану оқушылардың рухани әлемін байытып, қоғамға қызмет етуге бағыттайды.

Этномәдени құндылықтар дегеніміз – белгілі бір этностың тарихы, тілі, әдебиеті, өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен дүниетанымдық көзқарастар жиынтығы. Бұл құндылықтар халықтың болмысын айқындайды және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Мәселен, қазақ халқы үшін қонақжайлық, үлкенді сыйлау, табиғатты аялау, отбасы құндылықтарын сақтау – этномәдени мұраның негізгі өлшемдері болып табылады. Этномәдени құндылықтарды игерген оқушы:

– өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін біледі;

– ұлттық құндылықтарды құрметтеумен қатар, өзге этностардың мәдениетіне де ашық көзқарас танытады;

– мәдениетаралық диалогқа қабілетті тұлға ретінде қалыптасады.

Білім беру мазмұнын этномәдени тұрғыда кіріктірудің ғылыми-әдіснамалық негіздері. Білім беру процесіне этномәдени құндылықтарды кіріктіру бірнеше қағидаттарға сүйенеді:

1. Ұлттық сәйкестілік қағидаты – білім мазмұны оқушының ұлттық өзіндік санасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

2. Мәдениетаралық қарым-қатынас қағидаты – басқа халықтардың мәдениетін танып, өз мәдениетімен салыстыра білуге үйрету.

3. Рухани-адамгершілік қағидаты – этномәдени құндылықтарды тұлғаның ізгі қасиеттерімен ұштастыру.

4. Сабақтастық қағидаты – дәстүрлі мәдениетті қазіргі заман талабына сай жаңғыртып, оқу-тәрбие жұмысына енгізу.

Практикалық жүзеге асыру жолдары1. Оқу бағдарламаларына енгізу. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, өнер, музыка, бейнелеу өнері пәндерінде этномәдени мазмұнды кеңейту. Мысалы, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ұлттық ойындарды, мақал-мәтелдер мен шешендік сөздерді пайдалану. 2. Интеграцияланған сабақтар. Мысалы, география сабағында қазақ халқының табиғатты пайдалану дәстүрлерін, биологияда – экологиялық дүниетанымын, математикада – халықтық өлшем бірліктерін қолдану. 3. Тәрбие жұмысы. «Мәдени мұра» клубтары, этнографиялық бұрыштар, ұлттық мерекелер мен салт-дәстүрді дәріптеу шаралары арқылы оқушылардың рухани байлығын арттыру. 4. Жаңа технологияларды пайдалану. Цифрлық білім беру платформаларында этномәдени мазмұндағы бейнематериалдар, виртуалды көрмелер мен мультимедиялық жобаларды қолдану. 5. Отбасы мен қоғамның рөлі. Мектеп, ата-ана және жергілікті мәдени орталықтардың ынтымақтастығы этномәдени құндылықтарды игертуде шешуші фактор болып табылады.

Қолдану бағыттары:

1. Рухани-адамгершілік тәрбие

– Ғ.Қараш жастарды адалдыққа, әділдікке, еңбекқорлыққа шақырды.

– Бүгінгі күні бұл идеяларды «Адал азамат», «Парасат жолы» сияқты жобаларда қолданып, оқушылардың шынайы өмірлік жағдайларда дұрыс шешім қабылдауына бағыттау керек.

2. Ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтау

– Ол өз еңбектерінде ұлттық тілді, әдет-ғұрыпты сақтаудың маңызын ерекше атап өтті.

– Қазіргі тәрбие ісінде этномәдени клубтар, «Ұлттық мұра апталығы», халық ауыз әдебиеті негізіндегі жобалар ұйымдастыру арқылы қолдануға болады.

3. Демократиялық көзқарас пен еркін ой

– Ғ.Қараш білімді жастарды қоғамға қызмет етуге шақырды.

– Қазіргі кезде оқушыларға пікірталас клубтары, TEDx форматындағы сөйлеу, «EduPodcast» жобалары арқылы өз ойын еркін айтуға жағдай жасауға болады.

4. Еңбек пен білімді ұштастыру

– «Білімсіз қоғам дамымайды» деген тұжырымдары бүгінгі еңбек тәрбиесімен тікелей байланысты.

– Қазіргі заманда оқушыларды шағын кәсіпкерлік, экологиялық жоба, волонтерлік қызмет арқылы тәрбиелеу тиімді.

5. Жаһандық құндылықтармен үйлестіру

– Ғ.Қараш ілімі тек дәстүрге емес, заман ағымына бейімделуді де қолдаған.

– Қазіргі кезеңде бұл ойды цифрлық сауаттылық, медиамәдениет, креативті ойлау тәрбиесінде қолдануға болады.

Этномәдени құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктірудің нәтижесінде:

– ұлттық болмысын сақтаған, әлемдік өркениетке бейімделген тұлға қалыптасады;

– жастардың бойында отансүйгіштік, толеранттылық, мәдениетаралық коммуникация дағдылары дамиды;

– көпэтносты Қазақстан қоғамында ұлтаралық келісім мен өзара құрмет нығаяды.

Ұсыныстар

– Мектепте «Ғұмырлық құндылықтар» атты факультативтік курс ашу.

– Ғ.Қараш шығармалары негізінде тәрбие сағаттары өткізу.

– Оқушыларға «Ұлтқа қызмет ету – ең ұлы мұрат» тақырыбында эссе, подкаст, бейнежоба жасату.

Қорытынды

Ғ.Қараш еңбектеріндегі идеяларды қазіргі заманғы тәрбие ісінде қолдану оқушылардың ұлттық рухын көтеріп қана қоймай, олардың заманауи дағдыларды меңгеруіне де ықпал етеді. Бұл – жас ұрпақты жан-жақты дамыған, елжанды тұлға ретінде қалыптастырудың маңызды жолы. 2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық. – Алматы: «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ» КеАҚ, 2025. – 225 б. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі нұсқаулықта ата-аналарға арналған сабақтардың жаңартылған мазмұны ұсынылады. Нұсқаулық орта білім беру ұйымдарының басшыларына, орта білім беру ұй ымдарының педагогтеріне, әдіскерлерге, білім бөлімдері мен басқармаларының басшылары мен мамандарына арналған нұсқаулықты және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын қолдануды ұсынамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғ.Қараш «Педагогика»
2. 4. Нұрлан Ғабдуллин. Ғұмар Қараш шығармаларындағы рухани құндылықтар // «Ұлт тарихы» журналы.
3. З. Ахметов. Абай және қазақтың гуманистік ойы – Абай, Ғ.Қараш идеяларын салыстыра қарауға болады.
4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы
5. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық. – Алматы: «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ» КеАҚ, 2025. – 225 б.

ӘОЖ 94(574)

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Жамангарина А.А.

БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, М-С.Бабажанов атындағы ЖОББМ-нің қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі.

Резюме. *В статье рассматриваются педагогические идеи и просветительское наследие Гумара Караша. Особое внимание уделяется их взаимосвязи с современными образовательными стратегиями Казахстана. Автор подчеркивает ценностное значение мыслей Гумара Караша, их практическое применение в системе образования и актуальность для воспитания личности XXI века.*

Ключевые слова*: Педагогическое наследие, просвещение, образовательные стратегии, национальная школа.*

Қазақ халқының рухани тарихында есімі ерекше аталатын тұлғалардың бірі – Ғұмар Қараш. Ол XX ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердің алдыңғы қатарында жүріп, халықты оятуға, елдің сана-сезімін көтеруге, білім мен ғылымның дамуына өзіндік үлес қосқан ағартушы, ойшыл, педагог, ақын, қоғам қайраткері болды. Ғұмар Қараштың мұрасы – тек әдеби шығармашылықпен шектелмей, тұтас бір дәуірдің рухани айнасы, ұлттың жаңғыру жолындағы бағыт-бағдары іспетті. Оның ағартушылық ойлары бүгінгі білім беру стратегияларымен сабақтастырыла қарастырғанда, ұрпақ тәрбиесіндегі мән-маңызы бұрынғыдан да айқынырақ көрінеді.

Алаш қайраткерлерінің ішінде Ғұмар Қараштың орны бөлек. Себебі ол ұлт тағдырын

шешетін ең өзекті мәселе – білім мен тәрбие екенін ерте түсінген. Оның өлеңдері мен мақалаларында жастарды оқуға шақыру, ғылым-білімге құштар ету, ұлттық рухты ояту идеялары басым. Ғұмар Қараш «елді ілгерілететін күш – оқу-білім, ал білімнің негізі – мектеп пен мұғалім» деген қағиданы ұстанды. Бұл ойдың қазіргі заманда да өзектілігі жойылған жоқ. Бүгінгі білім беру жүйесінде сапалы біліммен қатар ұлттық рухани құндылықтарды сақтап, жас ұрпақтың бойына адамгершілік, елжандылық қасиеттерді сіңіру – стратегиялық міндеттердің бірі болып отыр.

Заман өзгерген сайын білім беру жүйесінің формасы, мазмұны, әдіс-тәсілдері де жаңарып отырады. Бірақ қандай реформа болмасын, оның түпкі мақсаты – тұлғаның жан- жақты дамуы, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуы. Осы тұрғыдан алғанда, Ғұмар Қараштың «білім – халықтың болашағы, ғылым – ұлттың өркендеу кілті» деген тұжырымдары бүгінгі заманауи білім беру стратегияларымен үндес келеді. Қазіргі педагогикада «өмір бойы білім алу», «құзыреттілікке негізделген білім», «жаңа технологияларды қолдану» сияқты бағыттар басты орын алса, бұлардың негізін Ғұмар Қараш еңбектерінен де көруге болады.

Осы зерттеу жұмысының өзектілігі – тарихи тұлға Ғұмар Қараштың педагогикалық ойларын жүйелеп, оны қазіргі білім беру жүйесімен байланыстыра талдауында. Бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру саласында көптеген реформалар жасалуда, халықаралық стандарттарға сай оқу бағдарламалары енгізілуде. Дегенмен бұл үдерісте ұлттық рухани құндылықтарды ұмыт қалдырмау, оларды білім мазмұнына енгізу – басты қажеттілік. Ал Ғұмар Қараштың ойлары осы қажеттілікті айқын көрсетіп, жастар тәрбиесіне үлгі бола алады.

Зерттеудің мақсаты – Ғұмар Қараштың педагогикалық көзқарастарын талдау және олардың қазіргі білім беру стратегияларымен сабақтастығын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылады:

– Ғұмар Қараштың ағартушылық мұрасын тарихи-әдеби тұрғыдан қарастыру;

– оның педагогикалық ойларының негізгі бағыттарын ашып көрсету;

– қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық басымдықтарымен салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау;

– бүгінгі білім беру ісінде Ғұмар Қараш мұрасын пайдаланудың тиімді жолдарын ұсыну.

Ғұмар Қараштың педагогикалық ойларын қазіргі білім беру стратегияларымен ұштастыра зерттеу – тек тарихи-ғылыми мәнге ие емес, сонымен бірге практикалық маңызы бар жұмыс. Өйткені әр дәуірдің ойшылдарының көзқарастарын бүгінгі заман талабына сай қайта пайымдау – ұрпақ санасын қалыптастырудағы маңызды әдістемелік бағдар болмақ.

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси өмірінде білім беру, ағартушылық және ұлттық сана мәселелері ерекше орын алды. Осы кезеңде өмір сүрген ойшылдар мен зиялылар халықты оятуды, жастардың санасына жаңа білім сіңіруді, ұлттық рухты сақтап, өркениетке ілесуді басты мақсат деп білді. Солардың ішінде ойы терең, ағартушылық қызметі айрықша тұлғаның бірі – Ғұмар Қараш. Оның педагогикалық ойлары, білім мен тәрбиеге байланысты тұжырымдары тек өз дәуірі үшін ғана емес, бүгінгі заман үшін де аса құнды, өйткені ол ұлттың рухани болашағын біліммен байланыстырды.

Ғұмар Қараш үшін ең әуелі білім – қоғамның ілгерілеуінің негізгі кілті, ал тәрбиесіз білім – баянсыз құндылық екені айқын шындық болды. Ол өз еңбектерінде халықтың өркендеуін, болашақ ұрпақтың дамуын тәрбиенің тереңдігімен, ұлттық рухтың беріктігімен байланыстырды. Оның пайымдауынша, балаға тек жазуды, сызуды үйретіп қана қою жеткіліксіз, ең алдымен оның бойына адалдық, имандылық, еңбекқорлық, елін сүю, халыққа қызмет ету сияқты ізгі қасиеттерді дарыту қажет. Бұл ойларының түп төркіні – адамды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыру. Ол тәрбиенің міндетін тек мектепке ғана емес, отбасына, қоғамға да жүктеді. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген қағидатқа жақын көзқарас Ғұмар Қараш ойларында да айқын байқалады.

Ғұмар Қараштың ерекше тоқталған мәселелерінің бірі – білім мен діннің үйлесімділігі. Ол ғылымнан алшақ қалған қоғам ілгері баса алмайтынын, ал рухани іргетасы әлсіз халықтың мәдениеті мен өркениеті баянды болмайтынын жақсы түсінді. Сондықтан ол білім мен

ғылымды дінмен қатар қарастырды. Қараштың ойынша, ғылым – адамзат ақыл-ойының жемісі, ал дін – рухтың тірегі. Осы екі ілімді үйлестіре отырып, жастарды жан-жақты дамытуға болады. Ол діни догмаларға шектеліп қалмауға, керісінше, ғылымды меңгеріп, заманауи білімді игеруге шақырды. Бұл идея бүгінгі қоғам үшін де мәнін жоғалтпай отыр, өйткені қазіргі білім беру жүйесі де рухани тәрбиені, құндылықтар жүйесін, мәдени дәстүрді сақтаумен қатар, ғылым мен технологияға, инновацияға ден қойып келеді.

Ойшылдың педагогикалық көзқарастарында ұлттық мектептің орны ерекше. Оның пікірінше, қазақ балалары өз ана тілінде білім алып, ұлттық дәстүр мен мәдениетті бойына сіңіре отырып өсуі тиіс. Ол мектептің тек сауат ашатын орын емес, ұлттық болмысты қалыптастыратын рухани орта екенін баса айтты. Ғұмар Қараш ұлттық мектептің мазмұнында тек діни пәндер немесе дәстүрлі білім емес, сонымен қатар жаратылыстану ғылымдары, тарих, география сияқты заманауи пәндер де болуы қажеттігін көрсетті. Яғни, ол ұлттың болашағын өз дәстүріне берік, бірақ заманауи білімді меңгерген, дүниетанымы кең жас ұрпақтан көрді. Бұл – бүгінгі Қазақстан білім беру жүйесінің басты қағидаттарымен толық үндеседі. Бүгінде де мектептің негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, әлемдік ғылым мен білімге жол ашу. Ғұмар Қараш ұстаз тұлғасына да айрықша мән берді. Оның түсінігінде ұстаз – тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар рухани тәрбиеші, қоғамды жетелейтін көшбасшы. Ұстаздың бойында білім мен біліктілікпен қатар әділдік, мейірім, жауапкершілік, халыққа жанашырлық сияқты қасиеттер болуы қажет. Ол ұстазды «қоғамды алға сүйрейтін шамшырақ» деп таныды. Бұл ойлар қазіргі заманғы педагогикалық теориямен толық сәйкес келеді. Бүгінде де мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен бірге оның адамгершілік келбеті, құндылықтарға бағдарланған қызметі маңызды болып отыр.

Ғұмар Қараштың педагогикалық идеяларының тағы бір қыры – халықты жалпы білімге, мәдениетке шақыруы. Ол өз дәуірінде сауатсыздық халықтың дамуына кедергі екенін, білімсіз елдің өркениетке ілесе алмайтынын жақсы түсінді. Сондықтан ол мақалаларында, өлеңдерінде халықты оқуға, ғылым үйренуге үндеді. Оның ойынша, әрбір қазақ баласы білім алуға құқылы, ал ел болашағы үшін әрбір азаматтың сауатты болуы қажет. «Халықтың күші – білімінде, білімсіз жұрт – қараңғылықта» деген идея оның еңбектерінде жүйелі көрініс тапқан.

Ғұмар Қараштың педагогикалық ойлары жалпы алғанда ұлттық рух пен заманауи өркениеттің үйлесімін көрсетеді. Ол тәрбиені білімнен бөліп қарамады, дін мен ғылымды қарама-қарсы қоймады, ұлттық мектепті ескіліктің көрінісі деп бағаламады. Керісінше, осының бәрін тоғыстыра отырып, қоғамның болашағы үшін ортақ жол ұсынды. Оның ойынша, ұлттың өркендеуі – рухани негізді сақтаумен, ұлттық тәрбиені дамытумен, сонымен бірге ғылым мен техника жетістіктерін игерумен байланысты. Бұл көзқарастары бүгінгі Қазақстан үшін де маңызды, себебі қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі – құндылыққа негізделген білім, тұлғаға бағдарланған тәсіл, ұлттық сана мен мәдениетке құрмет, сонымен қатар әлемдік білім кеңістігіне кірігу.

Осылайша, Ғұмар Қараштың педагогикалық көзқарастары – өткен дәуірдің тарихи қажеттілігінен туғанымен, мазмұны жағынан бүгінгі күнмен де тығыз сабақтасып жатыр. Оның ұлттық рухты сақтай отырып, ғылым мен білімді ілгерілетуге бағытталған идеялары қазіргі білім беру стратегияларына бағдар беретін өміршең құндылық болып қала бермек.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени жағдайы білімге деген сұранысты күшейтті. Ұлттық жаңғырудың алғышарты – сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу халық қалыптастыру екені айқын сезілді. Дәл осы тарихи кезеңде ойшыл, ағартушы, қоғам қайраткері Ғұмар Қараш өзінің ағартушылық-педагогикалық идеяларын ұсынды. Оның көзқарастарында білім – тек жеке тұлғаның жетілу құралы ғана емес, бүтін бір халықтың өркендеу кепілі ретінде сипатталды. Ғұмар Қараштың еңбектерінде айтылған білімнің қоғамдық маңызы туралы ойлары қазіргі заманда Қазақстанның білім беру стратегияларымен терең үндесіп отыр.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі – құндылықтарға негізделген білім беру. Бұл стратегия жастарды тек кәсіби тұрғыда даярлап қана қоймай, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды бойына сіңірген, елжанды азамат етіп қалыптастыруды

мақсат етеді. Ғұмар Қараш осыдан бір ғасыр бұрын-ақ халықтың болашағы ұлттық рухпен ұштасқан білімде екенін айтқан. Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Мәңгілік ел» идеясының мәні де осы ойлармен сабақтасып жатыр.

Білім берудің заманауи стратегиялары оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді көздейді. Бұл – XXI ғасыр құзыреттерінің маңызды бөлігі. Ғұмар Қараш өз мақалалары мен поэтикалық шығармаларында халықты ойлануға, қоғамдағы құбылыстарға бей-жай қарамауға шақырды. Оның «көзі ашық, көкірегі ояу» ұрпақ тәрбиелеу туралы ойлары қазіргі «сыни ойлау дағдысын дамыту» стратегиясымен толық үйлеседі. Демек, ойшылдың шығармашылығында білімді тек ақпарат алу ретінде емес, саналы ойдың жемісі ретінде қарастыру идеясы басым болды.

Қазіргі білім берудің тағы бір негізгі бағыты – инклюзивтілік, яғни әрбір балаға білім алуға тең мүмкіндік жасау. Бұл қағида Қазақстанның білім беру саясатының маңызды бөлігіне айналды. Ғұмар Қараш та өз заманында білімнің тек белгілі бір әлеуметтік топқа ғана емес, бүкіл халыққа ортақ игілік болуы тиіс екенін айтты. Ол «оқу-білімді кедейге де, байға да бірдей жеткізу қажет» деген көзқарасын білдірген. Бұл идея қазіргі «баршаға арналған сапалы білім» ұстанымымен табиғи сабақтастықта.

Сондай-ақ, бүгінгі күні білім берудің басты стратегияларының бірі – өмір бойы білім алу концепциясы. Ғылыми-техникалық прогресс қарқынды дамыған заманда адам үздіксіз білім алып, жаңа дағдыларды меңгеріп отырмаса, замана көшінен қалып қояды. Ғұмар Қараш бұл туралы: «ғылымға ұмтылу – адамзаттың мәңгілік парызы» деген ойды алға тартқан. Ол білімнің ешқашан таусылмайтын қазына екенін айтып, жастарды үздіксіз ізденуге шақырды. Бұл ой бүгінгі педагогикалық құжаттардағы «үздіксіз кәсіби даму», «lifelong learning» қағидаттарымен тікелей сабақтасады.

Заманауи білім берудің тағы бір маңызды бағыты – цифрлық технологияларды пайдалану. Қазіргі кезеңде цифрлық сауаттылық негізгі құзыреттердің қатарына жатады. Әрине, Ғұмар Қараш заманында мұндай технологиялар болмағанымен, оның ғылым мен өркениетке ұмтылу туралы ойлары жастарды жаңа білім мен жаңа мүмкіндіктерді меңгеруге шақырады. Ол өз заманында халықты жаңа мәдениетке бейімдеуге, алдыңғы қатарлы білім үлгілерін қабылдауға үндеді. Сондықтан қазіргі цифрлық дәуірде оның «жаңалықтан қалыспау» туралы ұстанымын білім берудің инновациялық дамуымен байланыстыру орынды.

Этномәдени білім беру стратегиясы – қазіргі Қазақстан мектебінің басты бағыттарының бірі. Жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау, тілді, дәстүрді, мәдениетті жас ұрпаққа дарыту – стратегиялық маңызы бар міндет. Ғұмар Қараш өзінің ағартушылық еңбектерінде де ұлттық тәрбие мен мәдениетке ерекше мән берді. Ол «ұлт болашағы – мектептен басталады» деп есептеді. Сондықтан бүгінгі этномәдени білім беру идеясы оның көзқарастарымен өзара үндесіп, сабақтастық құрайды.

Сонымен қатар, қазіргі білім беру стратегиялары оқушыны тұлға ретінде дамытуға, оның шығармашылық қабілетін ашуға бағытталған. Ғұмар Қараш та өз заманының жастарын ой еркіндігіне, шығармашылық ізденіске баулуды құптады. Оның ағартушылық еңбектерінде жас ұрпаққа тек дайын білім беру емес, олардың қабілетін ояту қажеттігі баса көрсетілді. Бұл қазіргі «тұлғаға бағытталған білім» қағидатымен үйлеседі.

Осылайша, Ғұмар Қараштың педагогикалық мұрасы мен заманауи білім беру стратегияларының арасында тікелей рухани және мазмұндық сабақтастық бар екенін көреміз. Бір ғасыр бұрын айтылған ойлар бүгінгі күннің білім беру саясатына бағыт- бағдар болып, өзектілігін жоғалтпай отыр. Бұл сабақтастықтың басты себебі – Ғұмар Қараштың идеялары уақыт пен кеңістіктен тыс құндылықтарға сүйенгендігінде. Ол білімді тек заманауи талаптарға бейімделу құралы емес, ұлтты сақтап қалатын, рухты көтеретін, адамды адам ететін мәңгілік күш ретінде қарастырды.

Қазіргі Қазақстандағы білім беру жүйесі қоғам дамуының негізгі тетіктерінің бірі болып отыр. Білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар, құндылықтарға негізделген оқыту, рухани жаңғыру саясаты, тұлғаға бағдарланған тәсілдер – барлығы да ұлттық ойшылдардың мұрасына сүйенуге мүмкіндік береді. Солардың ішінде Ғұмар Қараштың ағартушылық

идеялары ерекше орын алады. Оның педагогикалық мұрасын бүгінгі тәжірибеге енгізу бірнеше бағытта жүзеге аса алады.

- Біріншіден, ұлттық мектеп концепциясы. Ғұмар Қараштың «мектеп – ұлтты өрге сүйрейтін күш» деген идеясы қазіргі білім беру тәжірибесінде маңызды. Бүгінгі мектептерде «Өзін-өзі тану», «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Абайтану», «Жаһандық құзыреттіліктер» пәндері бар. Осылардың мазмұнына Ғұмар Қараштың еңбектерін, оның ағартушылық көзқарастарын енгізу оқушылардың ұлттық құндылықтарды тереңірек меңгеруіне ықпал етеді. Әсіресе, жас ұрпаққа білімнің қоғамды алға жетелейтін күш екенін түсіндіру үшін Ғұмардың публицистикалық және поэтикалық шығармаларын оқу-тәрбие процесінде пайдалану өзекті.
- Екіншіден, тәрбие жұмысы мен рухани құндылықтар. Қазіргі таңда мектеп пен ЖОО-ларда тәрбие сағаттары, рухани-адамгершілік бағыттағы іс-шаралар жиі өткізіледі. Бұл жұмыстарда Ғұмар Қараштың ұлттық рухты көтерген ойлары, адамгершілікке, әділдікке, адалдыққа шақырған еңбектері негіз бола алады. Мысалы, оқушылар арасында «Ғұмар Қараштың рухани мұрасы» тақырыбында дебаттар ұйымдастыру, эссе байқауларын өткізу немесе ақынның шығармашылығына арналған әдеби кештер өткізу – жастардың ұлттық сана-сезімін арттырып, тарихи жадыны сақтауға септігін тигізеді.
- Үшіншіден, заманауи оқыту технологияларымен сабақтастыру. Қазіргі кезде цифрлық білім беру кеңістігі қарқынды дамып келеді. Онлайн-платформалар, интерактивті сабақтар, мультимедиялық ресурстар кеңінен қолданылады. Осы орайда, Ғұмар Қараштың шығармаларын заманауи форматта таныстырудың мүмкіндіктері мол. Мәселен, оның өлеңдері мен мақалаларын электронды оқулықтарға енгізу, мультимедиалық бейнероликтер жасау, цифрлық подкасттарда талдау жүргізу – жастарға ойшылдың идеясын жаңа қырынан жеткізе алады. Бұл бір жағынан ұлттық мұраны жаңаша танытса, екінші жағынан оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырады.
- Төртіншіден, жаһандық құзыреттіліктерді дамытуда қолдану. Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың тек академиялық білімін ғана емес, өмірлік дағдыларын дамытуға бағытталған. Коммуникативтік мәдениет, сыни ойлау, креативтілік, проблеманы шешу дағдылары – заманауи мектеп түлегінің басты сапалары. Ғұмар Қараш өз заманының жастарына ой еркіндігін, ізденімпаздықты, өзін-өзі жетілдіруді насихаттады. Бұл идеялар қазіргі білім беру процесінде дебат технологиясы, жобалық жұмыс, зерттеу әдістері арқылы жүзеге асып отыр. Мәселен, оқушыларға «Ғұмар Қараш идеялары қазіргі жастарға қандай үлгі береді?» деген тақырыпта жоба немесе ғылыми жұмыс ұсыну – ойшылдың мұрасын практикалық тұрғыдан меңгеруге жол ашады.
- Бесіншіден, мұғалімдердің кәсіби дамуы. Қазіргі заман ұстазы тек білім беруші ғана емес, бағыт-бағдар беруші, тәрбиеші, зерттеуші рөлін қатар атқарады. Бұл тұрғыда Ғұмар Қараштың ұстаздық қызметі, шәкірт тәрбиелеу тәжірибесі қазіргі мұғалімдердің кәсіби дамуына үлгі бола алады. Мысалы, педагогикалық біліктілікті арттыру курстарында «Ұлттық ағартушылық дәстүрлер» тақырыбында дәрістер енгізу арқылы болашақ ұстаздарды отандық педагогикалық ойлардың тарихымен таныстыруға болады.

Ақырында, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдану. Ғұмар Қараштың педагогикалық мұрасы магистрлік, докторлық диссертацияларға арқау болып, болашақ ғалымдардың ұлттық ойлау жүйесін тануына септігін тигізеді.

Университеттерде «Қазақ ағартушылары» атты арнайы элективті курстар ашу арқылы студенттерді ұлттық педагогикалық идеялармен сусындатуға болады.

Ғұмар Қараштың педагогикалық ойлары – тек өткеннің сарқытындай тарихи құбылыс емес, керісінше бүгінгі қоғамға, әсіресе жастар тәрбиесіне жол көрсететін құндылықтық бағдар. Оның еңбектерінде білім мен тәрбиені адамды кемелдендіретін, ұлтты өркениетке жетелейтін басты күш ретінде қарастыруы қазіргі заманмен толық үндеседі. Қараш үшін білім беру тек сауат ашу емес, ол – ұлттық болмысты сақтай отырып, заман талабына бейімделу, рухани және адамгершілік тұрғыдан жетілу.

Ойшылдың «халықты алға бастырар күш – білім мен ғылым» деген ұстанымы бүгінгі

Қазақстан қоғамы үшін де ерекше маңызды. Өйткені XXI ғасырдағы білім беру жүйесі де дәл осы мақсатты көздейді: білім арқылы жас ұрпақты жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілетті тұлға етіп қалыптастыру. Қазіргі таңда еліміздегі білім беру стратегиялары –

«Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Жаңа мектеп» сияқты бастамалар – Қараш армандаған ағартушылық идеялардың жалғасы деуге болады.

Ұлмар Қараштың педагогикалық ойларының құндылықтық мәні ең алдымен тәрбиелік мазмұнында. Ол баланы тек білімді ету жеткіліксіз екенін, ең бастысы – оны адал, әділ, иманды, отаншыл етіп тәрбиелеу қажет екенін айтқан. Бұл ұстаным қазіргі білім беру жүйесінде құндылыққа негізделген білім (value-based education) қағидасымен толық үйлеседі. Мектептегі тәрбие жұмыстарының басты бағыты – ұлттық сана, рухани- адамгершілік құндылықтар, мәдени дәстүрлерді жаңғырту болса, мұның бәрі Ұлмар Қараштың ғасыр бұрынғы ойларымен сабақтасып жатыр.

Сонымен қатар, Қараштың шығармаларында жастардың бойына үміт, сенім, алға ұмтылыс дарыту идеясы да маңызды орын алады. Ол ұлт болашағы жастардың қолында екенін, ал жастардың келешегі олардың алған білімі мен тәрбиесіне байланысты екенін үнемі ескерткен. Бүгінгі таңда бұл қағида «адам капиталы – ең қымбат байлық» деген стратегиялық тұжырыммен үндеседі. Қазіргі заман мұғалімі үшін Қараштың осы ойлары тәрбие ісінде темірқазық болуы тиіс.

Болашаққа бағдар тұрғысынан алғанда, Қараш идеялары білім берудің тұрақты дамуына да ықпал ете алады. Оның «халыққа қызмет ету – ең үлкен мұрат» деген ұстанымы жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған бүгінгі жобалармен де үйлеседі. Мәселен, еріктілік қозғалысы, жас көшбасшылар мектебі, азаматтық белсенділікке баулу бағдарламалары – Қараштың мұрасына тікелей жалғасып жатқандай әсер қалдырады.

Демек, Ұлмар Қараштың педагогикалық ойлары құндылықтық тұрғыдан бүгінгі қоғам үшін де, болашақ үшін де өлшеусіз маңызға ие. Олар ұлттық құндылықтарды сақтап, әлемдік өркениетпен үндесудің үлгісін көрсетеді. Жастардың бойына білім мен ғылымға деген құштарлықты, адамгершілікті, әділеттілікті, отансүйгіштікті сіңіру арқылы біз Қараш армандаған кемел қоғамға біртабан жақындаймыз.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде «құндылыққа негізделген білім», «өмір бойы оқу», «шығармашылық тұлға қалыптастыру» сияқты бағыттар басты орын алып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, Ұлмар Қараштың «білім – ұлтты алға жетелейтін күш», «оқу – адам болмысының негізгі тірегі» деген ойлары өзектілігін жоғалтпай, заманауи педагогикалық стратегиялармен өзара сабақтасып отыр. Бұл – ойшылдың уақыттан озып, келер ұрпаққа бағдар бергенін айқын көрсетеді.

Ұлмар Қараштың педагогикалық көзқарастары жастарды жан-жақты дамыған, рухани бай, елжанды тұлға етіп тәрбиелеуді көздеді. Ол үшін білім мен ғылымды игеру жеткіліксіз екенін, сонымен қатар адам бойында адалдық, әділеттілік, имандылық сияқты асыл қасиеттер орнығуы тиіс екенін ерекше ескертті. Бұл қағидаттар қазіргі білім беру саласында құндылықтарға негізделген оқытудың іргетасы болып табылады.

Қазіргі Қазақстан мектебінде кеңінен қолданылып жүрген жобалық оқыту, зерттеу жұмыстары, сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары да Ұлмар Қараштың ізденіске, еңбектенуге, өзіндік пікір қалыптастыруға шақырған педагогикалық ойларымен сабақтасады. Бұл оның мұрасының тек теориялық қана емес, практикалық маңызы да зор екенін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, Ұлмар Қараштың педагогикалық мұрасы – өткен дәуірдің сарқыншағы емес, керісінше, бүгінгі және келешек ұрпаққа бағдар беретін, ұлттық рухты асқақтататын, білім беру ісін жаңғыртуға ықпал ететін құнды қазына. Сондықтан оның еңбектерін ғылыми тұрғыдан терең зерттеп, қазіргі білім беру тәжірибесінде қолдану – болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік әрі ұлттық парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қараш Ғ. Замана. – Орал: «Полиграфия», 1911.
2. Қараш Ғ. Бала тұлпары. – Қазан: «Каримовтар баспасы», 1911.

3. Қараш Ғ. Өрнек. – Орал: «Полиграфия», 1912.
4. Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Алматы: «Жазушы», 1997.
5. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010.
6. Әбдиманұлы Ө. Әдебиеттану және ұлт руханияты. – Алматы: «Қазақ университеті», 2013.
7. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: «Білім», 2002.
8. Оразаев Ф. Ғұмар Қараш мұрасы және қазақ руханияты // Қазақ әдебиеті, 2015, №3.
9. Хасенов Ә. Алаш қайраткерлері және ағартушылық идеялар. – Астана: «Фолиант», 2018.
10. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Құндылыққа негізделген білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2020.

ӘОЖ 94(574)

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНАУИ МАҢЫЗЫ

Жанабаева Р.А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі Қызылорда қ, Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты

Резюме*. Гумар Караш — один из выдающихся казахских просветителей, поэт, публицист и общественный деятель начала XX века. Его творчество и общественная деятельность сыграли важную роль в пробуждении стремления казахского народа к образованию и формировании национального самосознания. В трудах Гумара Караша широко рассматривались актуальные проблемы образования, такие как обучение на родном языке, взаимосвязь образования и воспитания, сохранение национальных ценностей.*

Ключевые слова*: Гумар Караш, система образования, инновации, родной язык, национальные ценности.*

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан қайраткерлердің бірі – Ғұмар Қараш. Ол XX ғасыр басындағы ұлт тағдыры, білім беру мәселелері, ағартушылық бағыттағы ой-тұжырымдарымен ерекшеленген тұлға. Қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, заманауи білім жүйесін қалыптастыруда Ғұмар Қараштың орны ерекше. Оның шығармашылығы мен қоғамдық қызметі сол кезеңде орын алған әлеуметтік, саяси және мәдени түйткілдерге жауап іздеді. Ғұмар Қараш білімнің халықты өркендетудің негізгі

құралы екендігін айта отырып, жаңа мектептер ашу, оқу бағдарламаларын жетілдіру, ана тілінде оқыту сынды мәселелерді көтерді. Ол өз еңбектерінде қазақ жастарының заманауи білім алуы, ғылымға ұмтылуы, дүниетанымының кеңеюіне ерекше мән берді. Білім беру жүйесіндегі әдістемелік, мазмұндық кемшіліктерді сынға алып, олардың шешу жолдарын ұсынды. Сол дәуірдегі білім беру институттарының әлсіздігі, оқу құралдарының тапшылығы, ұлттық тіл мәселесі оның басты зерттеу нысанына айналды. Ғұмар Қараштың көзқарастары қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды сақтау, ана тілінде білім беру, сапалы оқу бағдарламаларын жасау – өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оның мұралары білім берудің ұлттық негізде дамуына, жастардың рухани, мәдени тұрғыдан өсуіне ықпал етеді. Зерттеу аудиториясы – болашақ педагогтар, білім беру саласының мамандары мен зерттеушілері үшін аса маңызды. Себебі, Ғұмар Қараштың еңбектері арқылы білім беру саласындағы тарихи сабақтастықты түйсіну, өткен мен бүгіннің байланысын

зерделеу мүмкіндігі туады. Бұл тақырыптың практикалық маңыздылығы – қазіргі білім беру жүйесіндегі мәселелерді шешу жолдарын іздестіруде тарихи тәжірибеге сүйену қажеттілігінен туындайды. Ғұмар Қараштың педагогикалық идеялары мен көзқарастары бүгінгі білім беру реформаларына тың серпін береді. Сонымен қатар, оның ағартушылық қызметі, ұлт болашағы үшін жасаған еңбектері – білім беру саласындағы жаңа бағыттарды айқындауда маңызды рөл атқарады. Қазіргі қоғамда ұлттық білім беру моделін қалыптастыру, сапалы педагог кадрларды даярлау, инновациялық әдіс- тәсілдерді енгізу сынды мәселелер алдыңғы қатарда тұр. Осы тұрғыдан алғанда, Ғұмар Қараштың идеяларын зерттеу – білім беру жүйесінің тарихи сабақтастығын қамтамасыз етуге, ұлттың рухани дамуын жандандыруға бағытталатын өзекті қадамдардың бірі [1]. Ғұмар Қараш мұрасының негізгі мәні – ұлттық болмысты сақтау мен дамытудың, рухани жаңғырудың, білім арқылы жаңаша өркендеудің берік іргетасы бола алуында. Болашақта осы идеяларды нақты іске асыру үшін: білім беру бағдарламаларына ұлттық мазмұнды күшейту, мұғалімдерді үздіксіз кәсіби даярлауды жолға қою, ана тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын молайту, зиялы қауым мен жастар арасында Ғұмар Қараш идеяларын насихаттау аса маңызды. Әр оқырманды ұлттық құндылықтарға негізделген білім жүйесін дамытуға, ұрпақтың рухани-мәдени дамуына өз үлесін қосуға шақырамын. Білімді ұрпақ – ел болашағының кепілі екенін мықтап ұғынайық, осы жолда бірлесіп еңбек етуге атсалысайық.

Ғұмар Қараш – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының ағартушылық қозғалысының көрнекті өкілі, педагог-реформатор, ұлттық білім беру жүйесінің жарқын үлгісін қалыптастырушы тұлға. Оның еңбектерінде көтерілген өзекті мәселелер бүгінгі білім беру жүйесінде де айрықша маңызға ие. Ең алдымен, Ғұмар Қараштың педагогикалық көзқарастарын қазақ халқының ұлттық мүддесімен, ұлттық тіл мен мәдениетке деген құрметпен байланыстырғанын атап өткен жөн. Ғұмар Қараштың

«Мұғалімдерге» атты еңбегінде ұрпақ тәрбиесіндегі мұғалімнің рөлі, оқу-тәрбие процесіндегі басты ұстанымдар нақты көрсетіледі. Ол білімнің ел болашағы үшін маңызын былай деп тұжырымдайды: «Білім – елдің ертеңі, ұлттың болашағы. Оқу – өркендеудің кілті, ғылым – дамудың негізі». Ғұмар Қараш сол кезеңдегі қазақ қоғамының білімге деген көзқарасындағы олқылықтарды сынап, жаңа үлгідегі мектептер ашу, оқу құралдарын жетілдіру, оқытудың мазмұнын ұлттық ерекшелік пен заман талабына сай үйлестіру қажеттігін алға тартты. Мәселен, 1911 жылы Оралда ашылған

«Қазақ хрестоматиясы» атты оқулықтың дайындалуына атсалысып, оның мазмұнын ұлттық рухта байытуға баса көңіл бөлді. Ғұмар Қараштың көтерген басты мәселелерінің бірі – ана тілінде білім беру және оқу бағдарламаларын қазақы болмысқа бейімдеу. Ол өз мақалаларында: - Оқу-ағарту жұмыстары ана тілінде жүргізілуі тиіс екенін, - Оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұны халықтың таным-түсінігіне жақын болуы қажет екенін, - Мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру қажеттігін ерекше атап өткен. Мұның өзі сол дәуірдегі білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді айқындап, олардың шешу

жолдарын ұсынғанын көрсетеді. Мысалы, 1913 жылы жарық көрген «Бала тәрбиесі» мақаласында Ғұмар Қараш: «Бала тәрбиесі – ұлт болашағының негізі. Ұлттық тәрбиесіз ұрпақ – тамырсыз ағаш секілді» деп, тәрбие мен білімнің ажырамас байланысын көрсетеді. [2]

Ғұмар Қараштың педагогикалық идеяларын қазіргі білім беру жүйесімен салыстырсақ, оның көзқарастарының өзектілігі одан әрі айқындала түседі. Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық білім беру моделін қалыптастыру – күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі. Бұл ретте, Ғұмар Қараштың ана тілі, ұлттық құндылықтар, сапалы оқулық, кәсіби мұғалім сияқты қағидаттары бүгінгі білім беру реформаларында да маңызды орын алады. Статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстандағы оқушылардың ана тілінде білім алуы 2023 жылғы мәлімет бойынша 72% құрап отыр, бұл көрсеткіштің өсуіне ұлттық мектептердегі оқыту мазмұнының жаңару үрдісі тікелей әсер етуде. Ғұмар Қараштың ұсынған ана тілінде білім беру қағидаты осы реформалардың тұғырлы негізі іспеттес. Ғұмар Қараштың педагогикалық идеялары XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ұлттық сана-сезімінің оянуы және білім беру жүйесіне жаңа көзқарастардың енгізілуімен тығыз байланысты қалыптасты. Қараштың еңбектері ұлттық

құндылықтарды сақтау және жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударып, қазақ қоғамындағы білім беру саласын дамытуға зор ықпал етті. Оның идеялары ұлттық рухани мұраға негізделген білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталды, бұл қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтаудың маңыздылығын көрсетеді. Бүгінгі күнде Қараштың педагогикалық идеялары арқылы білім беру жүйесінің ұлттық ерекшеліктерін сақтау және дамыту үшін тиімді әдістерді ұсынуға болады. Оның идеялары білім беру мазмұнын ұлттық тарих пен мәдениетке негіздеу арқылы оқушылардың патриоттық сезімін тәрбиелеуге және олардың білім сапасын арттыруға бағытталған. Қараштың мұрасы қазіргі қоғамдағы білім саласында кездесетін мәселелерді шешуге ықпал ететін құнды ресурс болып табылады. Осы тұрғыда, оқырманға ұсыныс ретінде, білім беру бағдарламаларына ұлттық рухани мұраны енгізу арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру қажет. Бұл әдістер оқушылар арасында ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттырады және олардың сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. Болашақта ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру жүйесін жаңғырту және дамыту арқылы қазақ қоғамының мәдени болмысын сақтау және әрі қарай дамыту жолында нақты қадамдар жасау керек. Ғұмар Қараштың педагогикалық идеялары осы үдерісте маңызды рөл атқаратыны сөзсіз, сондықтан оларды зерттеп, тәжірибеде қолдану – қазіргі және болашақ ұрпақ үшін маңызды міндет.

Ғұмар Қараштың білім беру саласындағы идеяларының маңыздылығы – ұлттық білім беру жүйесінің дамуын, сапалы мұғалім кадрларын даярлау мен оқыту мазмұнын жетілдіру мәселесін шешуде айқын көрініс табады. Оның көзқарастары қазақ қоғамының тарихи дамуы үшін ғана емес, сонымен қатар жаһандық білім кеңістігіне кірігу үшін де аса өзекті. Ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру жүйесі – ел болашағының кепілі, қоғамның рухани жаңғыруының өзегі. Ғұмар Қараштың идеяларының бір артықшылығы – білім беру саласындағы жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығын үйлестіруінде. Алайда, кемшілігі ретінде сол кезеңде оқу құралдарының тапшылығы, мұғалім даярлау ісінің жүйелілігі жеткіліксіз болғанын айтуға болады. Бұл мәселелер бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ, яғни осы тарихи сабақтастықты ескере отырып, білім беру жүйесін жетілдіру – күн тәртібіндегі мәселе. [3]. Ғұмар Қараштың педагогикалық идеяларын қазіргі білім беру стандарттарымен салыстырсақ, оның көзқарастарының әмбебаптығы мен тереңдігі байқалады. Оның тұжырымдары қазір де өзекті: - Ұлттық тілде білім беру - Мазмұнды оқулықтар әзірлеу - Педагогтарды кәсіби дамыту - Оқытудың тәрбиелік мәнін арттыру Бұл қағидаттар қазақстандық білім беру

жүйесінің стратегиялық мақсаттарына сай келеді. Сондықтан Ғұмар Қараш мұрасының практикалық маңызы зор.

Менің пікірімше, Ғұмар Қараштың педагогикалық идеяларын зерттеу, оларды білім беру тәжірибесіне енгізу – ұлттық білім жүйесін жаңғыртудың, рухани жаңғырудың нақты жолы. Оның еңбектеріндегі ұлттық сана, ана тілінің мәртебесі, сапалы оқыту мен тәрбиенің бірлігі – бүгінгі білім беру реформалары үшін сарқылмас рухани қазына. Ғұмар Қараштың идеяларын терең меңгеру арқылы біз тарихи сабақтастықты, білім беру жүйесіндегі ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, заманауи талаптарға сай инновациялық қадамдар жасай аламыз. Жастарды ұлттық құндылықтарды қадірлеуге, ғылым мен білімге ұмтылуға, өз болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу – Ғұмар Қараш идеяларының басты мақсаты. Ғұмар Қараштың педагогикалық идеялары қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық ерекшеліктерді сақтауға және дамытуға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Оның мұрасы арқылы білім беру саласында ұлттық құндылықтарды насихаттау, оқушыларды ұлттық мәдениетке баулу және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары анықталуы мүмкін. Қараштың педагогикалық көзқарастарының зерттелуі ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртуда маңызды рөл атқарып, оны жаңа деңгейге көтеруге негіз бола алады.

Қорытындылай келе, Ғұмар Қараштың педагогикалық мұрасы – қазақ білім беру жүйесінің өткенін саралауға, бүгінгісін жетілдіруге, болашағын айқындауға ықпал ететін аса құнды рухани-ғылыми негіз. Ғұмар Қараштың педагогикалық идеялары мен ағартушылық

мұрасы – қазақ білім беру жүйесінің ұлттық негізін қалыптастыруда, қоғамның рухани дамуы мен жаңғыруында айрықша мәнге ие ерекше феномен. Ғалымның ана тілі мен ұлттық құндылыққа негізделген білім беру тұжырымдары, оқытудың мазмұны мен әдістемесін жетілдіруге қатысты ұстанымдары – бүгінгі білім кеңістігінің өзекті мәселелерін шешуде де маңызын жойған жоқ. Мақалада қарастырылғандай, ұлттық тілде білім беру, мазмұнды оқулықтар әзірлеу, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру және тәрбиелік ұстанымды күшейту – Қазақстанның білім беру саласының стратегиялық басымдықтары ретінде айқындалуда. Бұл ұстанымдарды іске асыру арқылы ғана біз ұлттың болашағына кепілдік беретін сапалы, заманауи білім жүйесін қалыптастыра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қараш Ғ. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Арыс, 2006. – 424 б.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1969. – 384 б.
3. Бисенғалиев З. Ғұмар Қараштың ағартушылық қызметі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. – №5. – 45-49 б.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Санат, 1997. – 312 б.
5. Әбішев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Білім, 1999. – 320 б.
6. Кәрібаев Б. Ғұмар Қараш және қазақ ағартушылығының дамуы // Қазақ тарихы. – 2012. – №2. – 28-35 б.
7. Нысанбаев Ә. Ғұмар Қараш мұрасы және қазіргі білім беру үдерісі // Білім. – 2018. – №4. – 17-21 б.

ӘОЖ 94(574)

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КЕЛБЕТІ ЖӘНЕ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ҮДЕРІСТЕР

Халиуллина Эльенура Сайлауовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№51 жалпы орта білім беретін мектебі, Орал қ.

***Резюме**. В статье рассматриваются исторические условия начала XX века и роль казахской интеллигенции. Раскрывается историко-культурный облик Гумара Караша, анализируется его просветительская, литературная и публицистическая деятельность. Подчёркивается ценность его наследия для современного Казахстана.*

***Ключевые слова:** Гумар Караш, исторические процессы, казахская интеллигенция, просвещение, национальное сознание, культурное наследие*

XX ғасыр басы – қазақ қоғамы үшін аса күрделі әрі тарихи тағдыршешті кезең. Бұл дәуірді сипаттайтын басты белгілер – Ресей империясының отарлық саясатының күшеюі, жер мәселесінің шиеленісуі, халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауы, ұлттық мәдениеттің тоқырау қаупі. Бірақ дәл осы уақытта ұлттық сана-сезімі оянған жаңа буын зиялылар сахнаға шықты.

Қазақ зиялыларының негізгі миссиясы – халықты отарлық езгіден құтқару жолдарын іздеу, ұлттық бірлікті сақтау, білім мен мәдениетті дамыту болды. Солардың ішінде ақын, ойшыл, ағартушы, ұстаз Ғұмар Қараш (1875–1921) тарихи тұлға ретінде ерекше орын алады. Оның еңбектерінен XX ғасыр басындағы тарихи үдерістердің күрделі сипаты, халықтың болашағына алаңдаушылық, ұлттық рухты ояту идеясы айқын көрінеді.

Ресейдегі 1905 жылғы революция отар аймақтарға да әсер етті. Қазақ даласында алғашқы саяси үндеулер, петициялар пайда болды. Қазақ зиялылары халықтың мұң-мұқтажын империялық билікке жеткізуге тырысты.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс – халықтың отарлық саясатқа қарсылығының шарықтау шегі болды. Бұл оқиға қазақ зиялыларына да үлкен сабақ болды: халықтың саяси ұйымшылдығы мен ұлттық тұтастығын арттыру қажеттілігі айқын сезілді.

1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерінен кейін қазақ қоғамында жаңа саяси ахуал қалыптасты. Ұлттық автономия құру идеясы күн тәртібіне шықты. Осы тарихи өзгерістердің бел ортасында қазақ зиялылары тұрды.

Қазақ зиялылары халықтың саяси санасын оятуда маңызды рөл атқарды. Олар:

- ұлттық баспасөзді («Қазақ», «Айқап» т.б.) дамытты,
- мектеп, оқу-ағарту ісін жаңғыртты,
- ұлттық автономия туралы идеяны көтерді.

Ғұмар Қараш та осы үдеріске белсене араласып, өзінің әдеби, публицистикалық еңбектері арқылы халыққа бағыт-бағдар берді.

Ғұмар Қараш Батыс Қазақстан өңірінде дүниеге келіп, дәстүрлі діни білім алды. Оның жастайынан зеректігі мен ізденімпаздығы оны ауыл молдалығынан бөлек ойшылдыққа жетеледі. Ол шығыс әдебиетін, ислам мәдениетін жақсы меңгерді, сонымен бірге орыс әдебиеті мен жаңа заман ойшылдарынан да хабардар болды.

Ұстаздық қызметінде ол балаларды білімге баулыды. Ол үшін тек діни оқу жеткіліксіз екенін түсінді. Оның пікірінше, қазақ халқы заман талабына сай ғылым мен техниканы игеруі керек еді.

Ғұмар Қараш қазақ қоғамының саяси өміріне де араласты. Ол Алаш қозғалысына ниеттес болып, ұлттың дербестігі туралы идеяларды қолдады. Әсіресе 1917 жылғы оқиғалар кезінде халықты бірлікке шақырып, ұлттық автономияның қажеттігін алға тартты.

Ғұмар Қараштың әдеби еңбектерінде ағартушылық сарын басым. «Бала тұлпар» жинағында жастарға арнаған өлеңдері арқылы білімге шақырып, жалқаулық пен надандықты сынайды.

«Аға тұлпар» жинағында ол отарлық езгінің зардаптарын суреттеп, халықты бірлікке үндейді. Мұнда әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздік мәселелері өткір қойылады.

«Тұрымтай» жинағында елдің тағдырына алаңдаушылық пен азаттық аңсары айқын байқалады. Бұл еңбектер – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жаңашыл бағыттағы туындылары.

Ғұмар Қараш тек ақын емес, публицист ретінде де көзге түсті. Ол жер мәселесін, халықтың тұрмыс жағдайын, ұлттық мектептердің дамуын сөз етті. Оның мақалаларында отарлық саясаттың әділетсіздігі сыналып, халықты оянуға шақырған үндер көп.

Ғалым М.Қойгелдиевтің айтуынша: «Ғұмар Қараш публицистикасы XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани ізденісін айқын көрсететін құнды дерек» [Қойгелдиев, 1995, 147-б.].

Ғұмар Қараш тұлғасы көп қырлы:

1. Діни-ағартушы. Ол ислам өркениеті құндылықтарын дәріптеді, бірақ оларды заман талабына сай түсіндірді. Халықты имандылық пен адалдыққа тәрбиелей отырып, ғылым-білімге шақырды.
2. Әдебиетші-ағартушы. Оның өлеңдері тек көркемдік үшін емес, тәрбиелік мәні үшін де құнды. Ол әдебиетті халықтың рухын көтеретін құрал ретінде қарады.
3. Қоғам қайраткері. Ол халықтың саяси санасын көтеруге тырысты, Алаш қозғалысының идеяларын қолдады.

Ғұмар Қараштың дүниетанымының басты ерекшелігі – дін мен ғылымды ұштастыруында. Ол Ислам дінін халықтың рухани тірегі ретінде бағалай отырып, сонымен бірге оны тек қана құлшылық шеңберінде емес, ағартушылық пен өркениеттік дамудың құралы ретінде қарастырды. Оның мақалаларында: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ғылымға ұмтылған кісі имандылыққа да ұмтылады» деген ойлары айтылады. Бұл сол кезеңде кең тараған дәстүрлі дін таратушылардан айырмашылығын көрсетеді. Ол діни фанатизмге қарсы болып, жастардың жаңа ғылым-білімге ашық болуын қолдады.

Ғұмар Қараш XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөздің дамуына да үлес қосты. Ол «Айқап» журналының беттерінде өз ойларын жариялап, елдің оқу-ағарту, саяси көзқарас,

мәдени даму мәселелерін көтерді. Оның публицистикалық мақалалары халықты ұйқыдан оятуға, отарлық езгіге қарсы тұруға, ұлттық болашағын ойлауға бағытталды. Ғұмардың жазбалары арқылы сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік-психологиялық ахуалы айқын көрінеді.

Ғұмар Қараш шығармаларында әлеуметтік теңсіздік, қоғамдағы әділетсіздік мәселелері ерекше орын алды. Ол бай мен кедей арасындағы алшақтықтың ұлттың тұтастығына қауіп төндіретінін ескертті. Ақынның өлеңдерінде әділетсіз болыстарды сынау, қарапайым халықтың мұңын айту жиі кездеседі. Бұл бағыттағы ойлары Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатұлының идеяларымен үндес келеді.

Ақын әрі ойшыл ретінде Қараштың педагогикалық көзқарастары да аса маңызды. Ол бала тәрбиесінде тек қана діни білім беруді жеткіліксіз деп санады. Оның ойынша, жаңа заманға бейімделген, ғылымды меңгерген, ұлттық санасы жоғары жастар ғана елдің болашағын қалыптастырады. «Бала тұлпар» жинағындағы өлеңдерде жастарға арнау түрінде білімге шақыру, жалқаулық пен надандықтан сақтандыру айқын байқалады.

Қазақ зиялыларының XX ғасыр басындағы қозғалысы – үлкен тарихи құбылыс. Әлихан Бөкейхан – саяси күрестің басында болса, Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тіл білімін қалыптастырушы, Міржақып Дулатұлы – әдебиет пен публицистика арқылы ұлтты оятушы болса, Ғұмар Қараш – дін мен ағартушылықты ұштастыра отырып, халықтың рухани негізін бекітті. Осы тұрғыдан алғанда, ол – қазақ зиялыларының рухани қанатын құраған тұлға.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін Ғұмар Қараштың еңбектері ерекше құнды. Оның ағартушылық ойлары «Мәңгілік Ел» идеясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасына үндес. Қоғамды әділетке, білімге шақыру, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу – қазіргі таңда да өзектілігін жоймаған құндылықтар. Ғұмардың мұрасын қайта зерделеу – қазақ зиялыларының XX ғасыр басындағы күресін түсінуге, бүгінгі қоғамға сабақ алуға мүмкіндік береді.Осы қырлары оны тек ақын немесе діндар ғана емес, ұлттың рухани жаңғыруына дәнекер болған тұлға ретінде танытады.

Ғұмар Қараш мұрасы бүгінгі күні де өзекті. Оның білімге шақырған идеялары

«Рухани жаңғыру» бағдарламасымен үндеседі. Қазақ халқы үшін ол – дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре білген қайраткердің үлгісі.

Тарихшы Х.Әбжанов атап өткендей: «XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының еңбегі – бүгінгі тәуелсіздіктің рухани іргетасы» [Әбжанов, 2011, 92-б.]. Осы тұрғыдан алғанда, Ғұмар Қараш еңбектері – ұлттық тарихымыздың ажырамас бөлігі.

Ғұмар Қараш – XX ғасыр басындағы қазақ руханиятының көрнекті өкілі, ағартушы, ақын, ойшыл, қоғам қайраткері. Ол өзінің шығармалары мен қоғамдық қызметі арқылы халықтың ой-санасын оятуды, білім мен ғылымға жетелеуді, ұлттық бірлікті нығайтуды мақсат тұтты.

Зерттеу барысында оның тарихи-мәдени келбеті бірнеше қырынан айқындалды:

- Біріншіден, дін мен ғылымды ұштастырушы ағартушы ретінде ол халықты заманауи білімге шақырды.
- Екіншіден, қоғамдық ойдың белсенді өкілі ретінде ол баспасөз беттерінде ұлттық мүддені қорғап, әлеуметтік әділеттілік мәселесін көтерді.
- Үшіншіден, ақын әрі публицист ретінде ол халықты жалқаулық пен надандықтан арылуға, бірлікке үндеді.
- Төртіншіден, ұлттық қозғалыстың рухани қанаты ретінде ол Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Дулатұлы сынды замандастарымен үндес идеяларды көтерді.

Бүгінгі таңда оның еңбектері тек әдеби мұра ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамының XX ғасыр басындағы тарихи болмысын айқындайтын құнды дереккөз болып табылады. Ғұмар Қараштың ойлары мен көзқарастары қазіргі Қазақстандағы рухани жаңғыру үдерістерімен сабақтасып, тәуелсіздік жағдайындағы ұлттық дамудың мазмұнын байытады.

Осы тұрғыдан алғанда, Қараштың мұрасын қазіргі қоғамда бірнеше бағытта қолдануға болады:

- Білім беру жүйесінде – мектеп пен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізіп, жастарды ұлттық құндылықтар мен ағартушылық дәстүрде тәрбиелеу.
- Ұлттық тәрбие бағдарламасында – оның әділет, бірлік, білім жайлы ойларын

қазіргі жас ұрпаққа өнеге ету.

• Рухани жаңғыру жобаларында – Қараштың дін мен ғылымды үйлестірудегі көзқарастарын насихаттау арқылы қоғамда үйлесімді дүниетаным қалыптастыру.

Сондықтан да, Ғұмар Қараштың шығармашылық және ағартушылық мұрасын жан-жақты зерттеу – тек өткенді түсіну емес, сонымен қатар қазіргі ұлттық сананың өрісін кеңейтуге қызмет ететін маңызды ғылыми міндет.

Менің пікірімше, оның тарихи ерекшелігі – ұлттың рухани дамуын тек діни немесе саяси тұрғыдан емес, кешенді түрде қарастыруында. Ол білім, имандылық, әдебиет, саясатты біртұтас көріп, халықты соған жетеледі. Бүгінгі Қазақстан үшін де бұл көзқарас аса құнды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қараш Ғ. Бала тұлпар. – Орынбор, 1911.
2. Қараш Ғ. Аға тұлпар. – Орынбор, 1914.
3. Қараш Ғ. Тұрымтай. – Орынбор, 1918.
4. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
6. Әбжанов Х. XX ғасырдағы Қазақстан тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
7. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
8. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы. – Алматы, 2013.
9. Бөкейхан Ә., Байтұрсынұлы А., Дулатұлы М. Қазақ газеті мақалалары. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.

ӘОЖ №37.013.42:821.512.122

ҒҰМАР ҚАРАШ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Сапарова Ф.М.

Ақжайық ауданы, Бударин ауылы, «Бударин мектеп-бөбекжай» кешені» КММ

Резюме.*В данной статье представлены строки стихов Гумара Караша обращенные к подрастающему поколению.Статья написана с целью напомнить о значимости его наследия, сохранить память об авторе и пробудить уважение к его творчеству.Его слова и сегодня остаются актуальными, наполняя сердца читателей светом и мудростью.*

Ключевые слова: *нация, воспитание, наследие, ценности, нравственность.*

Қазақ халқының рухани қазынасын байытқан ұлы ойшылдардың бірі - Ғұмар Қараш.Ол XXғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мен ағартушылық қозғалысының көрнекті өкілі, ақын, қоғам қайраткері, дінтанушы, педагог, публицист. Оның шығармашылығы мен еңбектері бүгінің ұрпақ үшін жетпес рухани мұра.Ұлттық болмысты, елжандылықты, адамгершілік пен имандылықты дәріптейді. Осы қасиеттер арқылы жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің озық үлгісін көруге болады.

Ғұмар Қараш - Алаш қайраткері, ұлт ұстазы

Ғұмар Қараш өз заманының ауыр жағдайына қарамастан ,халқына адал қызмт еткен тұлға.Ол мектеп ашып,бала оқытқан, газет-журналдарда мақалалар жариялап,қоғамдағы кемшіліктерді сынап отырған. Алаш қозғалысының идеяларын қолдап, елдің тәуелсіздігі мен дамуына еңбек етті. «Шора» журналының №10 санында

«Шын мәніне келгенде, бастауыш білімнің әр ұлт балаларына өз ана тілдерінде болуында шүбә жоқ»[IIтом 233-бет] деп, ұлт қаламгерлерін қазақ балалары үшін оқулық жазуға,өзге

елдің оқулықтарын аударудан бас тартуға шақырды.Ал татаршадан аудару үрдісінен бас тартуды кеңес етті.Ұлтымыздың салт-дәстүрлерін, рухани әдет- ғұрыптарымызды сол оқулықтарда орны алып, үлгі болғанын қалайтынын айтты. Ал

«Ұлт һәм туған тіл»мақаласында: «Ұмытпаңыз!Өзімізді басқа ұқсас халықтан айыратын белгіміз болған ана тілімізді білсек қана осы мақсаттарға жетпекпіз» [II том 273- бет] деп,атап өтті.

«Заман жайынан» тарауында Ғұмар патша үкіметінің отарлаушылық саясатты қазақ елінде жүргізіп отырғанын сезініп,қазақ халқын саяси тең провалы халық деп санамайтынын айтып,қазақтың саяси теңсіздігін оның оқымаған,надандығынан,білімсіз,өнерсіз екендігінен деп санайтынын айтты.Сондықтан Ғ.Қарашев қазақ халқының тең праволы ел болуы үшін ең әуелі өнерлі,білімді етіп,ХХғасырдың бас кезінде өсіп келе жатқан жас ұрпақты жетістіруді қажет деп біледі. Сол себепті ол:

«Бәрінен де мен қорқам, Надандық бізде берік тұр. Надандық кетпей,оңу жоқ, Мұрал хасыл болу жоқ, Аяқ салмай не қылсын, Дұшпан мұны біліп тұр.

Үйрен,қазақ,өнер біл! Жұртпен қатар дұрыс тұр Оқымыс,жетік ел болсаң Білгендермен тең болсаң Жолалы әрбір орында

Кем тұтпасқа қолың бер!- [I том 163- бет] Бұл өлең жолдарынан жыр оқуды жақсы көретін ,әдебиетке құмар адамша қарамай,автордың патша өкіметі органдарының ұлт мәселесіне ,әсіресе, халқының саны аз ұлттар мен халықтарға шовинистік тұрғыдан үстемдік жүргізгенін әшкерелегеніне назар салсақ,сонда оның қоғам өміріне көңіл бөліп,бостандықты ,азаттықты аңсаған қоғам қайраткері екенін анықтаймыз деп атап өтуге болады.

Ғұмар Қарашев жырларында адами қасиеттер туралы өзіндік өрнек пен ой толғамдарымен жырланады. «Жомарттық» өлеңінде

«Жомарттық»-ашық жүзді шытпағаның, Мұқтаждан қол қайырың қытпағаның.

«Адаммен адам күні»деген сөздің,

Мәнісін есте тұтып, мұтапағаның,- [I том 159- бет] деп жас өренді гуманистік,қайырым мен мейірімге шақырады.-Қайырдың ең үлкені-халық пайдасын, Ізденіп, кем-кетігін жоқтағаның,-деп Отан үшін қызмет жомарттықтың ең кереметі екенін атап өтеді.

Ұлы Абай айтқан бес дұшпанға Ғұмар да тоқталып, жастарға өсиет айтады.»

«Жігер» өлеңінде: Жігіттер, жалқау болма, жігерлі бол, Жігітке еткен жігер ашық-ты жол,-деп жалқаулықтан аулақ болу үшін жігер керек екенін ,жалқау болма, қарттықта қиналмайсың дей келе, «Жігерсіз біздің қазақ бақ-дәулеттен, Айырылды, әлі тағы көрері көп. Осы жолдар арқылы білім, өнер, еңбек, жігер арқылы алға ұмтылу жоқ екенін ескертеді. Жастардың бойына ең қажеттің бірі –әдеп деп,- [I том 161- бет]

Жігіттер, жаның жаста әдеп үйрен, Қаш жырақ,әдепі жоқ істен жирен. Сүйкімді әдеп тұтпай бола алмассың,.. Білікті,өнері сол оңған елдер

Олардың жасы-қарты әдеп білген –деп озық елдерді үлгі етіп,

«Әу,қазақ!балаларың өнер білсін, Жасынан жақсылықтың жолын көрсін. Бұ заман өнерлінің заманы да

Өнері арқасында өрге жүзсін. [I том 168- бет]

Өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде Ғұмар Қараш өмірге қажет адами құндылықтарға баса назар аудартады. Әр өлең осындай қасиеттерге атау беріп отырады.Әсіресе, «Қарлығаш», «Бала тұлпар» жинақтарында тәрбиелік мәні зор жырлары жарияланған. «Ғаділдік», «Жомарттық», «Батырлық», «Жігер», «Әдеп»,

«Надандық», «Өтірік»,

«Ұят», «Тәкаббарлық» жырларында тағлым беріп,жаман мен жақсыны,үйренуге немесе жиренуге тиіс мінездерді сипаттап,ең жоғары моральдық қасиеттерге бағыт береді.Жастардың болашағына сеніп:

Ағаштай өсіп түрлі жеміс берген, Өсірген тәрбиелеп,егіп жерден.

Бала да ер жеткен күн етер пайда, Жасында болған болса өнер білген.

Халқына тиер оның шарафаты,

Күн болса басына бір тарлық келген. [I том 168- бет]

Жастарға өмірлік дос туралы,досты таңдай білу, берік достық қандай болуы керек деген өзекті тақырыптағы жырлары арқылы адал азамат, айырлмас дос туралы түсініктерін кеңейтер кеңес жазған.

Дос деп біл жалған айтпай,расын айтса, Бетіңе айыбыңды ашып айтса,

Дұшпан сол қылған жауыз ғамалыңды,

Жасырып көз алдыңа басып айтса. [I том 287- бет]

Қазақтың маңдайына біткен ардагер ұлының бірі,бірегейі Ғұмар Қараштың қазыналы мұрасына алаштың келешегін сусындатып өсірсек,ұлттық құндылықтардың тұма тұнығына қанып,ел ертеңін жасар ұл мен қыздың болашақта кемел боларына әбден сенуге болады.Ұлт үшін қызмет ету,мінезге бай, зерделі, ғылымға ынталы болуды өсиет еткен маржан ойлар иесі Ғ.Қараш ел есінде мәңгі қалады. Қазақ елі –Мәңгілік Ел десек, сол елдің әдебиетінің алтын қазынасы болып, талай ғасырларға жете береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғұмар Қараш, I том. Жанғали Набиоллаұлы , Қазыбек Құттымұратұлы Орал-2018 жыл
2. Ғұмар Қараш, II том.Жанғали Набиоллаұлы , Қазыбек Құттымұратұлы Орал-2018 жыл
3. Ғұмар Қараш, III том. Жанғали Набиоллаұлы , Қазыбек Құттымұратұлы Орал-2018 жыл

ӘОЖ 94(574)

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ ӘДЕБИ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ТІРЕГІ

Суханкулова М.Е.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы «А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Резюме. *В школах с русским языком обучения на уроках казахского языка и литературы слабо развит навык аудирования. С внедрением обновленного содержания образования на уроках казахского языка и литературы учитель систематически должен развивать навык аудирования. Показать фонетические, лексические, грамматические трудности формирования навыка аудирования у учащихся и на практике показать пути преодоления данных трудностей.*

Ключевые слова*: аудирование, трудности, пути преодоления, задание, органайзер .*

Ұлтты біріктіруді көздеген Алаш идеясына адал болған қайраткерлердің бірі – баршаға танымал ойшыл ақын, көрнекті ғұлама Ғұмар Қараш. Ол бірқатар қырынан танылған тұлға ретінде баршаға белгілі. Алдымен, Ғұмар Қараш ерекше қабілетті ақын болды. Қоғамның құбылыстарын, ұлтының мұңы мен мұқтажын, ел ішінің ахуалын үздіксіз жырлап, өлеңде өзгеше өрнек салды. Ғұмардың өлеңдері қазақтың санасын оятып, жаңаша іс-әрекет жасауға баулыды. Ұлттың жаңа сапаға өтуіне үндеген ақынның өлең-жырларындағы ағартушылық идеялар қайраткерлік ұстанымымен берік сабақтасып жатты. Екіншіден, ол терең білім игерген, сол білімін халқының кәдесіне жаратқан,

оқыған-тоқығаны көп ойшыл ғалым, «халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер ағартушы, дін-шариғат, имандылық жолын, араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік білген ғұлама-ахун»атанды. Үшіншіден, Ғұмар Қараш газет шығару ісінің ұйымдастырушысы ретінде танылды.

Ол 1911-1913 жылдарда Орда мен Оралда «Қазақстан» газетін жарыққа шығаруға үлес

қосты. Сонымен қатар, «Дұрыстық жолы» газеті мен «Мұғалім» журналын шығару жұмысына белсене атсалысты. Сонымен қатар, баспасөзде мақалалары жиі жарық көріп тұрған аса ірі шығармашылық тұлғаға айналды. Ол өнімді еңбек етіп, қысқа мерзімде құнды дүниелер жазды. Әр жылдарда «Ойға келген пікірлерім», «Бала тұлпар»,

«Қарлығаш», «Өрнек», «Тумыш», «Бәдел қажы», «Аға тұлпар», «Тұрымтай» атты кітаптары жарыққа шықты. Бұл кітаптарға оның өлең-жырлары мен ғылыми мақалалары, прозалық еңбектері топтастырылды. Ғұмар Қараш халық мұрасын жинап, бастырып шығару ісіне де атсалысты. Ақынның мұрасын зерттеп, ғылыми еңбек қорғаған ғалым Мақсат Тәжімұратов көрнекті башқұрт ақыны Шәехзадә Бабич

«Китабеннас» деген эпиграммалар кітабында Ғұмарға да орын бергені, ақынның Уфадағы атақты «Ғалия» медресесін бітіргені, кейде Стамбулда оқығаны туралы мәліметтер кездесіп қалатыны жөнінде айтып, дерек көздеріне сілтеме жасайды. Мұның бәрі көрнекті ойшыл ақынның бір қазақ ұлтының аясынан шығып, туыстас өзге ұлттармен араласып-құраласып тұрған танымы биік, толғамы кең тұлға болғанын айғақтай түседі. Осындай деңгейде танылған азаматты түркі халықтарының тарихы мен тағдыры бей-жай қалдырмайтыны анық. Осыған орай М.Тәжімұратовтың Ғұмар Қараш туралы зерттеулері ғылыми ортаға кең таралғанын айта кеткен ләзім. Ғұмардың

«Қарлығашпен сөйлескенім» деген өлеңі бар. Ол бұл өлеңде алдынан ұшып шыққан қарлығашпен тілдесіп, ой бөліседі. Қарлығаш адам баласын жалқау деп кінәлайды («Себепсіз риздық сұрап олар бейне, Бидайға егін екпей тосады қап. Шығар ма егін екпей жерден бидай, Білмей ме, тым болмаса осыны ойлап?!»), ақын содан соң ұлттың намысын қайрап өлең өреді («Жалқау жұрт қалған кейін қазақ халқы, Өнер жоқ, білігі жоқ, қазақ жарты. Қолданған өнерлері осы күнгі, Ойын ойлап, ішкі ішіп жасы-қарты»). Қазақты кәсіпке бейім, тірлікке епті көршілес халықтармен салыстырып, олардың игілігі мен жетістігін айтып жырлау үрдісі Ғұмар поэзиясында жиі кездеседі. Ол соларға қарағанда қазақ ұлтының кейіндеу қалып жатқанына күйінеді, өзгелердің пайдалы қарекетін өз ұлтына үлгі етеді. Бұл оның «Қарлығашпен сөйлескенім» өлеңінде де айқын көрінеді:

Кәсіп жоқ, харекет жоқ, көзін сүзіп, Келемеж қарлығашқа болған заман Кідіріп біздің қазақ қалып соңға, Басқалар асқан оң мен солдан заман.

Ақынның қарлығаш құспен сөйлесуі – өлеңнің формасы ғана.

Бұл – өлең жайын көп зерделеген Ғұмар Қараштың ойлап тапқан немесе үздік үрдістерден үйренген өзіндік ізденістерінің бірі. Қарлығаш бейнесі бекер алынып отырған жоқ. Сол еңбексүйгіштік пен адалдықтың бейнесі саналатын құспен сырласу арқылы өз халқының кемшіліктерін сынайды, өзге халықтармен салыстырады. Іргелес жұрттың озығын өз жұртына үлгі етеді. «Кідіріп біздің қазақ қалып соңға, Басқалар асқан оң мен солдан заман», – деген тұжырым соларды үлгі ете отырып қазақты қайраудың көрінісі. Өйткені, «осындай, қазақ халқының ояна бастаған тұсында, оның ұлт-азаттық жолындағы күрес туын берік ұстап, халық өмірінің шындығы мен алдыңғы қатарлы идеясын жырлаған қоғамдық сананың бір түрі – қазақтың ұлттық әдебиеті болды». Бұл тұжырым Ғұмардың ұстанымынан да алыс болған жоқ. Мұндай байлам-байыптамалар Ғұмардың басқа өлең-жырларында да ұшырасады. Оның ойынша, алға ұмтылған сайын қазақ халқы сапалы бола түсуі керек, өзгелерден ешқашан кем қалмауға тиіс. Ал оның қазіргі жай-күйі ақынды қанағаттандырмайды («Ойлап тұрсам бұ күнде, Біздің халықтан жаман жоқ»), сондықтан ол дүниедегі іргесі кеңейген, етек-жеңін жиған басқа елдердің

тірлігіне қызыға қарайды («Бүгінде бар халықтар өнер білген, Өнердің арқасында өрге жүзген»). Ақын бұл тұста кемеліне келіп, ұлтқа ұстаз болатын тұлғаның сөзін айтты. Халықтың тіршілігі мен іс-әрекетіне өмірдің құбылыстарын жетік білетін терең ойлы философтың көзімен үңілді. Осы орайда Д.Қамзабекұлының тұжырымына сүйенсек,

«Ғ.Қараш руханият жанашыры ретінде жүйелі үйрену мен үйретуге немқұрайды қарамады. Ол ғаламдағы үйлесімділік сырына үңіле отырып, әлемдегі озық үлгілерді меңгеріп, туған топырақтан ажырамайтын іс-әрекет жасау қажеттігін жиі айтты». Ақынның 1914 жылы Орынбордан шыққан «Аға тұлпар» кітабына енген «Замананың адамы» атты толғауында

қазақпен қатар қоныстанған елдердің даму жолдарына көзқарасы көрініс тапқан. Бір кезде әлемге әмірін жүргізген алып елдің құрамында болған түркі халықтарының өз бетінше ілгерілеуі Ғұмардың деңгейіндегі ұлт зиялыларының назарынан тыс қалмақ емес. Әр халықтың тіршілігі қалай өрбитініне айрықша зер салып, шынайы көңілмен баға беретін ақынның нақты ұстанымы – бірлік пен береке. Ол бұл халықтардың биікке ұмтылып, үнемі әрекетшілдігінен айнымай, өнері озық жұрттың қатарына қосылғанын қалайды. Өзінің қазағын ойға ала отырып, елдердің қай-қайсысының да ынтымағы берік болса ғана өсіп-өркендейтінін еске салады. Ғұмардың кең ауқымды ой-тұжырымын таратып айтсақ, береке-бірлік болмаса, ұсақ халықтар алып елдердің жемсауына түсіп, жұтылып кетуі мүмкін. Сондықтан ел болам деген халық уақытты босқа өткізбей, тынымсыз тіршілік етіп, өнер үйреніп, білім игеріп, келешекті ойлап, алдағы кезде не боларын күн ілгері біліп отыруға тиіс. Мұны Ғұмардың өз жолын іздеген ұлттардың дамуына жөн сілтеген бағдарламалық мұраты, барша түркі халықтарына ортақ зерделі зиялы ретіндегі ескертпесі деп бағалауға болады:

Күліп тұрған ел де бар, Біліп тұрған ел де бар, Қайсысында бұл халық. Жыламаған балаға Емшек бермес анасы, Керегіміз сұралық.

Ғұмар өлеңдерінің бірсыпырасы Алаш тақырыбына арналған. Әрине, ақынның жырларында алдымен қазақ халқының тіршілік-тынысы көрініс табатыны баршаға аян. Дей тұрсақ та, Алаш ұғымы тек қазақ ұлтымен шектелмейтіні, қазақпен ниеттес, мұраттас, мақсаттас ағайын-туысты да қамтитыны белгілі. Осы тұрғыдан алсақ, ақын толғамдарын біздің ұлттың ғана емес, Алаш идеясын қолдайтын тілеулес жұрттың басындағы ортақ ахуалдың бейнеленуі деп қарастыруға да болады. Ақын тұжырымдағандай, «Алаш» атты ел болу – бақ-берекесі келіскен жұрт болу деген сөз. Бұл жалғыз қазақ халқының арманы емес, түркі тілдестердің бәрінің ілгергі көздеген нәрсесі болғаны анық. Сондықтан Ғұмардың:

Әлай ма алаш, әлай ма?
Замана жайы бұлай ма?
Түрін айтып заманның
Жақсы менен жаманның

Қозғаған сөзім ұнай ма?, – деген өлең жолдарын бостандық сүйгіш Алаш жұртының бәріне қарата айтылған деп түсіну керек. Бұл өлең ел басына бір ту астында бірігетін қолайлы сәттің туғанын аңғартады. Ерлігің сыналатын, серілігің сақталатын, елдігің көрінетін уақыт жетті деп, халықтың намысын жаниды. Жаңаны жатсынбайтын Ғұмар қай кезде де өз халқына өнері өрге жүзген өзге елдерді үлгі етуден жалыққан емес. Бұл өлеңінде де ол «оңған елдің» өнегесінен үйренуге шақырады. Ол үнемі жұртшылықты ісшілдікке, әрекетшілдікке үндейді. Онсыз ел шаруасының оңға баспайтынын айқын ұқтырады. Ақынның осы тұжырымы өлеңде «қарулансаң, қармансаң» түрінде көрінеді. Ғұмардың ұстамындағы «Алаш» – адами қасиеттерді ұлықтай білетін, тазалықты қадірлейтін, тынбай тірлік жасайтын, ұлтты өзгелерге танытатын, береке-бірлікке бастайтын ізгі мұраты бар ел. Ойшыл барлық өзара ниеттес жұртты сол биіктен көргісі келеді. Ақынның осы мақсаты өзінің өлең өрімдері арқылы былайша көрініс тапты:

Төңірекке көз салсаң, Оңған елден үлгі алсаң, Жұртшылықтың жолында, Қарулансаң, қармансаң, Қолыңа алған әр істе Тазалықты қолдансаң,
«Алаш» атты ел болып, Адамдықты табарсың.

Жалпы, Ғұмар поэзиясында елдікті танытатын «Алаш» ұғымы берік орын алады. Ол ел болып бірігу үшін атқарылатын амал-әрекеттерді атайды. Керегені кеңейтіп, іргені мығым ұстау үшін қажетті ішкі және сыртқы татулықты сақтау жайын үнемі еске салып отырады. Ол халықтан бірлік пен әлеуметтік белсенділік, өнімді іс-әрекет, жақын- жуыққа деген сыйластық, бөтен ойлы бөгдеге сыр алдырмайтын салқынқандылық, айқын мақсаткерлік, тұрлаулы тәуекелшілдік күтеді. Өмір құбылыстарына өте жетік философ ақын Ғұмардың осы өлеңінде ел болудың нақты ереже-қағидаттары көрініс тапқан деуге болады. Мұны Алаш туы астында бас қосқан ел-жұрттың бәріне бірдей берілген бағыт-бағдар деп түсінген жөн:

«Алаш» деп ұран шақырып, Шапқан шөптей жапырып,
«Бауырым» деп бас қосып,

...Іс қыла алсаң қылатын, Ел бола алсаң болатын, Күн туды, алаш, күн туды.

Бірқатар жұртпен тығыз байланыста болып, бірнеше тілде шығармаларын жазған Ғұмар Қараш «Алаш» ұғымы аясында «бауырым» деп бас қосқан ел-жұрттың намысын қайрап, ерік-жігерін шыңдайды. Ол өзінің діни көзқарасын да («Маңдай алған бағыты, Ұжмақтың жолында, «Алаш» сөзі жазулы, Ұстаған ту бар қолында»), белсенді ұстанымын да («Ау, Алаш, көзіңді бүгін ашар күнің! Қарманып ілгері аяқ басар күнің!»), салиқалы басалқы сөзін де («Ау, Алаш, заман жайын білеміз бе? Құлаққа айтқан сөзді ілеміз бе?»), кесімі мен шешімін де («Аңқылдақ Алаш ұлы сеніп отыр, Орнынан шығып, соны растар күнің!») сол мақсатпен байланыстырады. Осы тұрғыдан алғанда, Ғұмардың Алаш ұғымын тілге тиек еткенде тек қазақ ұлтымен ғана шектеле қоймағанын, өз еліміздің де, ниеті түзу, пейілі ортақ өзге жұрттың да мүддесін көздегенін аңғаруға болады. Ғұмар Қараштың қазақ пен татар халықтары арасында орын алған дау-дамайға қатысты ара ағайындық жасап, төрелік еткен «Екі бауырға» деген өлеңі бар. Т.Кәкішев пен М.Тәжімұратов зерттеулеріне сүйене отырып баяндасақ, 1916 жылдың басында

«Ғалия» медресінде оқып жүрген қазақ жастары шығаратын «Садақ» қолжазба журналының екі санын татар жастары жыртып тастайды. Бұған себеп болған нәрсе, 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Ғалия» медресесінде оқитын отыз төрт қазақ шәкіртінің мақаласы екен. Ол мақалада қазақ жастарына татар тіліндегі оқулықтар берілетініне, қазақ тіліндегі оқу құралдары бар болса да пайдаланылмайтынына наразылық білдірілген. «Садақтың» екі саны жыртылғаннан кейін медреседегі қазақ шәкірттерінің ашық хаты Орынборда шығып тұрған татардың «Вакт» газетінде 1916 жылы 16 қаңтарда жарық көреді. Бұл хатта оқушылар ниеттерінің дұрыстығын, дауға

шақыру ойларында болмағанын, тағылымды сабақтастықты жалғастыруға құлықты екендіктерін айтып, өз ұсыныстарын білдіреді. Осы тұста «Қазақ» газетінде қазақ пен татар арасындағы болған жәйтке орай қатқылдау сын айтқан авторы белгісіз «Шекіспей бекіспейді» деген тақырыппен мақала жарияланды. Ғұмардың «Екі бауырға» деген өлеңі сол мезгілде жазылған.

Ғұмар Қараштың «Ноғайлы» деген өлеңін руы ноғайқазақ ақынның өз тегі, өз атамекені туралы толғанысы деп те, арғы тарихтан тамыр тартатын ноғайлы жұртының болмыс- бітімі туралы байыптамасы деп те ұғынуға болады. Бұл өлеңде ноғайлының бақ-берекесі, азаматтарының бірлігі, қоныстың құттылығы көрініс тапқан. Соның бәрі ақынның сағынышы, туған жерге деген іңкәрлік сезімі арқылы өрнектелген:

Ноғайлы ер туысқан елім екен,

Кір жуып, кіндік кескен жерім екен. Суы бал, оты секер қайран Борсы, Ордалық кең орнаған көлім екен.

Қайыспас қабырғалы қалың жұртым, Дұшпанға қарсы тұрар белім екен.

Ғұмар Қараш қай өлеңінде де ұлт тарихымен байланыстыра ой толғайды. Хандары мен билері, батырлары мен бектері ортақ болған замандағы шежіреден мысал келтіріп, елдің жігерін жаниды, белсенділікке шақырады. Ата-баба рухын еске салып, өткен дәуірдің игіліктерінен үлгі алуға үндейді. Ақын түркілік бірлікті қолдай отырып, өз ұлтының тәуелсіз ел болғанын аңсайды. Бұл тұста ол өзі тілге жиі тиек ететін «Алаш» ұғымын

«қазақ» мағынасында қолданды. Ғұмар өлеңінен оның ұлтжандылығы ерекше екенін, туған елін жан-тәнімен беріле жақсы көретінін аңғарамыз. Осылай шексіз сүйетін елі мен жерінің тәуелсіздігі – ақынның ең асыл мұраты, баға жетпес құндылығы, биікте тұрған мақсаты. Ғұмар Қараш мұрасының елеулі бір бөлігін оның философиялық толғамдары мен мақалалары құрайды. Бұл дүниелерде тек қазақ халқының ғана емес, туыстас халықтардың мұң-мұқтажына да жеткілікті назар аударылды. Өйткені ақын түркі тілдес елдердің қай-қайсысының да тіршілігінен хабардар болып отырды. Мақалалары тақырыптық жағынан ауқымдылығымен ерекшеленді, елдің шынайы ахуалын қозғағандығымен есте қалды. Ғұмар Қараш қазақ топырағына жәдитшілдік, милләтшілдік ұғымдарын сіңіргенде озық елдердің тәжірибесін пайдаланғаны анық. Ол барлық мақалаларында жақсыны үлгі етуге, жаңаны жатсынбауға үндейді. Іліп алар нәрсеге сүйсінеді, оны ұлттың пайдасы үшін қолайлы жаңалық деп есептейді.

Ал кемшілік көрсе, оны қай ұлттың да дамуын тежейтін қауіпті кесел деп санайды. Мәселен, оның «Біздің қырғыз-қазақ халқында орта және жоғары медреселерде оқып шыққан жігіттер көп. Бұл жағына қарағанда келешегімізден біраз үміт күтуге болады. Осы жігіттердің халқына қызмет ету жағына келсек, әкімдік дәрежесіне тағайындалып, еңбек ақысын алу, дау-жанжалдардың ішінде болу, арақ ішіп есіру, күн-түн карта ойнап өмір өткізу – осы жолда өз байлықтарын ысырап етуден басқа ешнәрсесін көрмейсіз», – дегенін осы тұрғыдан түсінуге болады. Түркі тілдес халықтардың тілінің дамуына байланысты көзқарас Ғұмардың «Әсер» деген мақаласында көрініс тапқан. Ол өзінің кіріспесінде бұл мақаланы жазуға «Тәржіман» газетінде жарияланған Қазанлы Ғияс әпендінің тіл туралы пікірлері түрткі болғанын айтады. Тіл туралы толғанған автордың ана тілінде таза сөйлеу керектігін айта тұра, оның өзі араб және парсы сөздерін көп қолданатынын сынға алады. Соған орай келтірген мысалы да тағылымдылығымен жадыңа жатталып қалады: «Менің есіме осыған байланысты мешерлер туралы бір әңгіме түседі. Бір топ мешер жиналып, сөзімізге орыс тілін араластырмайық деп әңгімелеседі. Іштерінен бір молда түрегеліп, жұртқа қарап: «Жамағат, слышите, бұдан әрі этнюд орысша сөзлешпеңіз» деп, ең соңында «Доб-добрый, бик добрый» деп тарқасқан екен. Бұ сөзді мен «қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» дегендей жазып отырмын». Ғұмардың бұл мақаласында бүкіл түркі тілдестердің мүддесі тұр. Ол ана тілді қадірлеуге

ірі жазушылардың өздері үлес қосқанын, олардың өзге тілді араластырмай сөйлегенін,

«шешендік сөздердің шетелдік сөздермен шұбарланбағанын» қалайды. Тілді таза ұстауды ел болудың басты шартының бірі ретінде қарастырады. Ғұламаның бұл тұжырымы оның өмірлік ұстанымымен астасып жатыр. Өйткені, өзінің тағы бір мақаласында жазғандай, «Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Яғни, ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады». Түрік халықтарының бірлігін қалайтын, оның тарихына зор құрметпен қарайтын Ғұмар Қараш өз ұлтына байланысты айтылған кереғар ой- пікірлерге бей-жай қарай алмайды. Әсіресе, ұлтының тағдыры, болашағы туралы кесіп- пішіп болжам айтқандарға үнемі тойтарыс беріп отырған. Тіпті ол түркі әлеміндегі беделді тұлғаның бірі Исмайыл Гаспринскийдің «Тәржіман» газетінде басылған мақаласындағы «Қазақтар бүгіннен бастап тез арада ағаруға, мәдениет жолына кіруге асықпаса, көшпелі бәдәуилікті тастап, отырықшылыққа айналмаса, құнарлы жерлерінен айрылады. Сөйтіп, олардың болашақта құрып кету қаупі бар» дегеніне орай қатқыл пікір айтады. Мұны Ғұмардың өз ұлтының келешегіне деген берік сенімі, алдағы заманның игіліктерін аңғара білгендігі деп те, өз халқы туралы жағымсыз сөз айтқан танымал қайраткердің мәлімдемесінен кейінгі ашынған жанайқайы деп те бағалауға болады. «Бұл сөздің де шын мәні ұлтқа үрей туғызу. Ал, шын мәнінде дүниеде қазақтан да төмен ұлттар бар, олар өмір сүріп жатыр, олардың құрып кету қаупі жоқ. Осы қалам тартушы мырзалар құр сөзбенен ғана әуре болмай, нақты іске көшкені жөн. Егер жазғыш болса, нақты тақырыпты тауып жазсын. Қазақта бір мақал бар: «Құр сөйлеп білген жігіт – жігіт емес, қышыған жеріңді айтқан жігіт – жігіт». Шындығына, кімнің ұйғарымы дұрыс болып шыққанына уақыттың өзі көз жеткізді. Осыған қарап Ғұмардың ұлттар дамуының заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін жетік білгендігін аңғарамыз. Бірақ бұдан Ғұмардың түркі әлемінің тегеурінді тұлғасы Гаспринскийге жалпы көзқарасы осындай деген ұғым қалыптаспауға тиіс. Ғұмар Қараштың XX ғасырдың басында шыққан, қазақтың ой-санасын оятуға ықпал еткен, ұлттық идеялардың бесігіне айналған

«Қазақстан» газетін ұйымдастырушылардың бірі екені баршаға белгілі. Бұл басылымды шығаруға түркі тілдес елдердің танымал зиялыларының жәрдемі тиген. Онда ағайын елдердің тыныс-тіршілігі, түркі әлемінің тарихы туралы мақалалар ұдайы жарияланып тұрған. Зерттеуімізді күрмей келе мынадай тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, Ғұмар Қараш түркі әлемінің тұтастығына деген көзқарасын қазақ ұлтының жоқ-жітігін түгелдеу арқылы зерделеді. Ол түркі дүниесіндегі ортақ тарихтан еншісін алған ұлт өзгелермен терезесін тең ұстап, тарихы мен дәстүрін қадірлей білу керек деп есептеді. Сондықтан оның қазақ ұлтының тарихы мен тағдырын саралаған еңбектерін түркі тілдес елдердің бәрінің қалыбына сыйғызуға болады. «Екі түптен екі бұтақ өскен жоқ па?» деп жырлаған Ғұмар үнемі қазақты өзге ағайындармен салыстыра сипаттайды. Өнерді игеріп, алға ұмтылған туыс халықтарды тұрақты түрде насихаттап отырды. Екіншіден, бірнеше елде болып, бірқатар тілде жазған ол түркі

тарихына құрметпен қараған. Оның мақалаларынан бұл елдердің даму заңдылықтарын, мәдениет пен өнерді игеру үрдістерін жақсы білетіндігі аңғарылып тұрады. Осы мақалаларда айтылып қалатын мезеттік ой- пікірлерінің өзінен олардың ілгерілеуіне деген тілектестігі айқын байқалады. Үшіншіден, қайраткер ақын барлық еңбектерінде үнемі бірлік идеясын алға тартты. Бұл көзқарас түркі халықтарының ауызбіршілігіне де қатысты көрініс тапты. Түркі халықтарының арасында туындаған дау-дамайларды уақтысында шешіп, бітімгерлік миссиясын атқаруға үлес қосты. Сол арқылы ол түркі тілдес елдердің өткені мен бүгініне деген қадір-құрметін танытып отырды. Төртіншіден, ол аса эрудит, ғұлама ғалым болды. Оның баға жетпес еңбектерін қазақ ұлтын тығыз топтастырып қана қоймай, өзге бауырлас халықтармен жақындастыра түсетін тәлімді тәрбие құралы ретінде де бағалауға әбден болады. Қорыта айтқанда, Ғұмар Қараш қазақ халқының тыныс- тіршілігін еларалық деңгейде танытып, тарихы мен дәстүрін, салты мен санасын, бағыты мен бағдарын түркі тілдестерге ұғындыра білген, өзі де түркілік бірлікті барынша қадірлеген ұлтымыздың ұлы зиялыларының бірі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыдиықов Қ. Ағартушы, ойшыл, қайраткер ақын // Ғұмар Қараш. Замана. Алматы: Ғылым, 1994. – 240 бет.
2. Қараш Ғұмар. Өрнек. Уфа: Шарқ, 1911.
3. Қараш Ғұмар. Ойға келген фікірлерім. Орынбор. Жылы көрсетілмеген.
4. Қарашұлы Ғұмар. Бәдел-хаж. Қазан: Үмид мәдбағасы, 1913.
5. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы. Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖСШ, 2004. – 384 бет.
6. Тәжімұратов М. Ғұмар Қараштың ақындығы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 1993. – 164 бет.
7. Тәжімұратов М. Ізі жатыр тепсеңде: Ғұмар Қараш мұрасы туралы // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері: ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: «Қазақ университеті», 1993. – 88 бет.
8. Қараш Ғұмар. Замана. Алматы: «Ғылым», 1994. – 240 бет.
9. Қирабаев С. Алашорда және қазақ әдебиеті // Алаш және Әуезов. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Жазушы», 2007. – 304 бет.
10. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 360 бет.
11. Кәкішев Т. Садақ: эссе. Алматы: «Жалын», 1986. – 264 бет.
12. Жұмағұлов С. Ғұмар Қараш шығармашылығы: оқу құралы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 120 бет.

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ДӘСТҮРДІ ЖАЛҒАСТЫРҒАН ТҰЛҒА – ҒҰМАР ҚАРАШ

Таубаева М.Б.
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Орал қалалық « Б.Момышұлы атындағы № 46 ЖОББМ» ШЖҚ КММ

Резюме.*В статье рассматривается жизнь и творческий путь выдающегося просветителя, педагога, общественного и государственного деятеля начала XX века — Гумара Караша. Раскрывается его вклад в развитие национального самосознания и культуры, а также просветительская деятельность. Особое внимание уделяется его участию в движении «Алаш» и критическому отношению к колониальной политике. Отмечается, что с восстановлением*

исторической справедливости наследие ученого вновь вернулось к народу.

***Ключевые слова**: просветитель, сфера воспитания, ориентир, зеркало обществ*

ХХ ғасырдың бас кезінде озық қызметімен танылған халқымыздың біртуар ұлдары, қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Шоқай, М.Жұмабаев тәрізді тұлғалармен замандас, педагогика тарихында өзіндік орны бар белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы-педагог, ғалым, ақын Ғұмар Қараш.

Ақын Бөкей Ордасындағы Қырқұдық деген жерде 1875 жылы кедей шаруаның әулетінде дүниеге келді. Өте ерте жетім қалып, ағайын-туғандарының қолында тәрбиеленіп, ауыл молдасынан сауатын ашады. Ғұмар жастайынан-ақ өлеңдер шығарып, ел аузындағы әдеби мұраларды жалғастырды. ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласына

тарайтын – арабша, түрікше, татарша, қазақша басылымдарды оқып, заман дәуір жайын оңға бастайды, ол әдеби, тарихи пәлсапалық кітаптарды іздеп жүріп оқыды. Сөйтіп, ислам діні қағидаларын жетік білген Ғұмардың енді дүниелік ғылымдардан да хабары болады.1907 жылдардан бастап, қазақ, татар тілдерінде шығатын газет-журналдарда мақалалары мен өлеңдерін жариялады. Ол елдің өміріне араласып, халық мұратын көздейтін істерге белсене араласады.

Қараш патша үкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екіжүзділігін сынап, халықтың адал еңбегін аяққа таптамауды арқау етеді. Ана тілі мен мәдениетін сақтай отырып, ғылым, білімді игеруге мәдениетті дамытуға елдерден үлгі алуға шақырады. Ол 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін ұйымдасқан «Алаш» партиясына, Алашорда үкіметіне зор сеніммен қарайды. Соның дәлелі – ол «Алаш азаматтарына» атты өлеңін шығарады. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда қоғамдық-саяси, ағартушылық-педагогикалық ой-пікірдің дамуына өзінің өлшеусіз үлесін қосқан ХХ ғ.бас кезіндегі қазақ әдебиетінің ең көрнекті қайраткерлерінің бірі, ағартушы, педагог Ғұмар Қараш болды

Көп жылдар бойы оның педагогикалық-ағартушылық қызметі, сол кезеңнің көкейтесті мәселелерін көтерген еңбектері коммунистік идеологияның тікелей әсерімен шаң басып, кітап қоймаларының түкпір-түкпірінде қажетсіз болып жатты. Халық тарихы мен оның рухани мұрасына балта шапқан коммунистік партияның идеологтары Ғ.Қараштың есімін жазуға да, айтуға да тыйым салды. Тарихи ақиқаттың орнауы нәтижесінде Ғ.Қараштың құнды мұралары ортамызға қайтып оралды. Ғ.Қараш туралы деректер Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімді баспасөз беттерінде, мұрағат қазыналарында жиі-жиі кездеседі. Оның есімі ХХ ғасырдың бас кезеңінде татар, башқұрт, қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген газет, журналдар мен кітаптардың беттерінен түскен емес, оның өз заманында Ресейдің бүкіл түркі тілдес халықтарын аузына қаратқандығын мақтан тұтуға болады. Жастайынан өз халқының фольклорлық бай қазынасына құштар болған ол небір жыр, криссаларды ой-санасына сіңіріп өседі. Сол заманның талабына сай орта дәрежелі діни білім алады. Жалпақдаладағы Ғұбайдолла Ғалікеев хазіреттен дәріс алып, сол басқарған медресені бітіреді. Осы ғылымды жетік меңгергені соншама, имам, ал одан кейін ахун дәрежесіне ие болады. Өзі басшылық еткен мешітте медресе ашып, қазақ балаларының сауат алуына біршама ат салысады. 1902-1910 жылдар аралығында медреседе оқитын шәкірттерін жаңа Жадит тәсілімен оқуды қолға алып, біршама жетістіктерге жеткен. Оқушыларды тез арада сауатын ашып, арабша, қазақша, татарша және орысша жазылған басылымдарды оқуға мүмкіндік алған. Мұндай батыл реформалық іс-әрекет дүмше молдалар мен шынжыр балақ, шұбар төс үстем тап өкілдеріне ұнамай «ислам дінін бұзып, қазақ балаларын орыс қылды» деген айып тағылды. Бірақ, көкірегі ояу азаматтың мақсат-мүддесі жергілікті зиялы қауымнан қолдау тауып жәдидше оқытуын әрі қарай жалғастырды. Ғұмар жастайынан-ақ өлеңдер шығарып, ел аузындағы әдеби мұраларды жалғастырды. ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласына тарайтын – арабша, түрікше, татарша, қазақша басылымдарды оқып, заман дәуір жайын оңға бастайды, ол әдеби, тарихи пәлсапалық кітаптарды іздеп жүріп оқыды. Сөйтіп, ислам діні қағидаларын жетік білген Ғұмардың енді дүниелік ғылымдардан да хабары болады. 1907 жылдардан бастап, қазақ, татар тілдерінде шығатын газет- журналдарда мақалалары мен өлеңдерін жариялады. Ол елдің өміріне араласып, халық мұратын көздейтін

істерге белсене араласады. Ғұмар Қараштың саяси көзқарасының қалыптасуына 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы өлшеусіз әсер етеді. Ол татар тілінде шығып тұрған «Ульфат», «Шура» сияқты мерзімді баспасөздерде бірнеше мақалалар жариялап, онда қазақ қоғамының көкейтесті мәселелерін шешудің жолдарын қарастырды.

Ғұмар Қараштың ағартушылық, жасампаздық қызметінің алғашқы кезеңінен бастап, оның дүниетанымында зор төңкеріс жасаған адам Жәңгір хан немересі, қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы көрнекті тұлғаларының бірі – Шәңгерей Бөкеев. Нұғыман

Манайұлы «Ғұмардың оянуына бірінші себеп 1905 жылғы төңкеріс, Ресей мұсылман оқығандары арасындағы жәдидшілік қозғалыс болған болса, екінші жағынан оның оянуына қамшы болып тікелей жетекші болған Шәңгерей», - дейді.

1918 жылғы 2-қыркүйекте Бөкей губерниясының мұғалімдер съезі ашылды. Съездің жұмысына Ғұмар Қараш та белсене араласты. Съезде ұлттық мектептер, мектептен тыс мекемелер жөнінде мәселелер талқыланды. Ауылдарда жаңадан 90 мектеп ашу белгіленді. 1919 жылы қаңтардың 3-нен 17-сіне дейінгі аралықта Бөкей облысы мұғалімдерінің екінші съезінде Ғұмар Қараш 11 мәжілісті басқарып отырды. Съезд ағарту саласында бағдарламалық, ұйымдық мәні бар бірсыпыра шешім қабылдады. Мұғалімдер съезінің қаулысы бойынша мектептер ашу туралы 4 кісіден тұратын комиссияның құрамына Ғұмар Қараш, Нұғыман Манаев, Ғабдолғазиз Мусағалиев, Шәңгерей Бөкеев сайланды. Халыққа қызмет етіп, әлеуметтік өмірге белсене араласып, ағартушылық, ұстаздық жолына бет бұрады. 1919 жылы «Мұғалім» атты тәлім-тәрбие ғылыми пән журналының редакциялық алқасын басқарған. Бұл тұңғыш қазақ кеңес педагогикалық журналы еді. Ғ.Қараштың «Педагогика» атты еңбегі Уфа қаласында жазып, кейін алғашқы «Мұғалім» журналының бірнеше санында жарияланған.

Ақын өлең-толғауларында, көсемсөздері мен мақалаларында заман, өмір, дін- шариғат, табиғат, махаббат, тағы басқа мәселелер туралы толғанады, патша үкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екі жүзділігін сынап, халыққа адал қызмет етуге үндейді. Өз тілі мен мәдениетін сақтай отырып, ғылым, білімге ұмтылуды, мәдениетті елдерден үлгі алуды насихаттаған.

Ғұмар Қараш - XX ғасырдың бас кезіндегі «Қазақ дұрыстығы», «Қазақстан», «Айқап»,

«Дұрыстық жолы», «Шора», «Абай» сияқты газет, журналдарда «Бұл қай заман?»,

«Тірішілік таласы», «Тәнсіз жан жоқ», «Жастарға», «Әрине күнелту керек», «Ұлт және туған ел», «Әсер», «Қазақтар хақында», «Заң мәселесі», «Жүгенсіздік адамға жол ма еді?», тағы басқа мақалаларын жариялаған.

Ғұмар Қараш Абай және Махамбеттің мұраларымен, әсіресе «Зар-заман» ақындары Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері сияқты ақындар мұраларымен жақыннан танысып, меңгерген. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы көптеген қазақ ақындарының, ағартушыларының шығармашылығындағы тұрақты идеялық тенденцияны ұғынып, қазақ мектептеріндегі, медреселеріндегі теологиялық және зайырлы білім беруді дәйекті түрде біріктіруге шақырады, бұл мәдени реформалық қозғалыс түптеп келгенде, Ғұмар Қараштың жариялаған мәселені шешудің жәдидтік үлгісінде барынша айқын және тұжырымдамалық түрде қалыптасты…

«Көреміз бе?» өлеңінде:

Жарық жолға бастаушыға ереміз бе, Ақ жүректі шын ерлерге сенеміз бе? Таза қанды, кірсіз жанды қазақ жұрты Өз алдына ел болғанын көреміз бе?

Алдын-артын мейлінше байқап алып, Төңіректе не бар, не жоқ көзін салып, Өз тізгінін қазақ ұлы өзіне алып,

Өз алдына жұрт болғанын көреміз бе?

Жас буынға жаңа таза білім беріп, Надандықты терең қазып жерге көміп. Қазақ-тағы өзі күнін өзі көріп,

Өз алдына ел болғанын көреміз бе?

Оқу жұрты даярланып жеткендігін, Жалпы оқуды қазақ міндет еткендігін, Қазақ ұлы озат шығып кеткендігін, Тірлікте көзімізбен көреміз бе?

«Алаш» атты орда құрып шалқығанын, Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын, Әрбір іске

қазақ исі анқығанын,

Тірлікте көзімізбен көреміз бе?-дей отырып,халықтың көзін ашып,тәуелсіз,мықты ел болғанын аңсайды.

«Замана жайынан» өлеңінде:

Бәрін айт та, бірін айт Өнер менен білім жоқ, Білімсіз қазақ, күнің жоқ. Күн көретін түрің жоқ.

Өзіңді, өзің зор көріп Басқаларды қор көріп, Мен қазақ деп жүрсең де Білімсіз, надан болған соң Бір тиындық пұлың жоқ. Білімсіз халық ел болмас Болған елмен тең болмас,

Құлдықтан басы арылмас,деген ой тастайды.Жастарды өнер,білім үйренуге шақырады. Әлай ма ,Алаш

Елдің жайын қозғасақ Әбубәкір айтқандай Ханымыз болды қарадан, Биіміз тұрды парадан.

Бүлдірді жұртты баймын деп Бес қарасы бар адам.

Шұңғыма көлдер суалып, Үйрек қонбас күн болды. Асыл ерлер кеткен соң Ел басшымыз тұл болды.

Азаматтық парыз, Отан алдындағы қарыз санаға тоқылып, ел ертеңінің еңселі болуына жастарға сенім артылып , жаңа міндеттер жүктелді. Ғұмар :

Ұжмақ көктен жерге енбек емес , Мезгілсіз бір нәрсе де келмек емес . Өзің ту, ұл тусаң да, қыз тусаң да,

Әкеліп біреу саған бермек емес, - деп ұлттық намысты қамшылады. Мұндай елдік пен ерлікке бағыт-бағдар беретін өршіл рухты поэзия Алашшыл әдебиеттің басты ерекшелігі болумен қатар, қазіргі ұрпақты отаншылдық қасиет биігіне шығаруда өз өміршеңдігін таныта бермек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жас Алаш қоғамдық саяси газеті, 2024 жыл
2. https://bilim-all.kz/tag/olen?tag
3. https://malim.kz/article/adebiet/gumar-qaras
4. https://abai.kz/post/10216

ӘОЖ 94(574)

ҒҰМАР ҚАРАШ ПОЭМАСЫНДАҒЫ ТІЛ КӨРКЕМДІГІ МЕН ҰЛТ РУХЫ

Уразаева Д.З.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы
Көшім «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені

Резюме.*В статье исследуется творчество одного из выдающихся представителей казахской литературы начала XX века — Гумара Караша — в контексте гармонии художественного слова и национального духа. Автор показывает, как в его поэмах переплетаются образность языка, народные традиции и просветительские идеи, превращая произведения поэта в духовный манифест пробуждения нации. В результате анализа делается вывод, что поэзия Гумара Караша стала художественным отражением устремлений казахского народа к свободе, знанию и единству.*

Ключевые слова*: Гумар Караш, казахская литература, национальный дух, поэтика, просветительские идеи.*

XX ғасырдың басы – қазақ әдебиеті мен қоғамдық ойдың жаңғыру дәуірі. Бұл кезеңде ұлт азаттығы, халықтың рухани оянуы, білімге ұмтылуы – әдебиеттің басты тақырыбына

айналды. Осы тұста ерекше көзге түскен тұлғалардың бірі – Ғұмар Қараш. Ол – ақын, ойшыл, ағартушы, қоғам қайраткері. Оның шығармалары елдің еркіндігі мен бірлігін жырлап, халықты оқу-білімге шақырып, ұлттық сананы оятуға бағытталды.

Ғұмар Қараш поэмалары көркем тілімен ғана емес, көтерген идеялық мазмұнымен де құнды. Әрбір поэмасында ұлттық рух пен елдік мүдде айқын сезіледі.

1. Ғұмар Қараш шығармашылығының тарихи-әлеуметтік негіздері

- Ақын XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік өзгерістердің куәсі болды.
- Қазақ қоғамындағы білімсіздік, отарлық езгі, әлеуметтік теңсіздік – оның шығармаларының негізгі тақырыптары.
- Ғұмар Қараш халықты «надандық ұйқысынан оятуды» басты мақсат етіп қойды. Осы тұрғыда ақын поэмалары тек көркем шығарма ғана емес, ұлттық сана манифесі іспетті болды.

2. Поэмаларындағы тіл көркемдігі

Ғұмар Қараш тілі – терең ойды бейнелі жеткізетін поэтикалық құралдарға бай. а) Бейнелеуіш құралдар:

- Эпитеттер: *«алтын бесік», «қасиетті ел»* – халыққа деген сүйіспеншілікті танытады.
- Теңеулер: елдің болашағын балаға, жерді анаға теңеу арқылы ұлттың тағдыры мен табиғатын ұштастырады.
- Метафоралар: *«надандық – түнек», «білім – жарық»* – ақын ойының өзегін ашатын бейнелі кестелер.

ә) Халық ауыз әдебиетімен сабақтастық:

- Мақал-мәтелге ұқсас оралымдарды қолдану.
- Халықтық ұғымдарды жаңаша мазмұнда пайдалану. б) Поэтикалық стиль ерекшелігі:
- Сұрақ-жауап үлгісінде ой қозғау;
- Қарапайым да түсінікті тілде терең философиялық ой айту;
- Шақыру, үндеу мәніндегі сөйлемдердің мол болуы.

Осының бәрі оның тілін әсерлі, түсінікті әрі ұлттық бояуы қанық етеді.

3. Ұлт рухының көрінісі

Ғұмар Қараш поэмаларындағы басты идея – ұлттың оянуы.

- Ағартушылық идеясы: жастарды ғылым мен өнерге шақыру, білімді – болашақтың кепілі ретінде көрсету.
- Елдік пен бірлікке үндеу: ұлттың басы қосылмай, азаттыққа жету мүмкін емес екенін жырлайды.
- Еріктік пен теңдік: қазақ халқының бодандықтағы күйін бейнелей отырып, бостандықты армандады.
- Рухани құндылықтар: дін мен дәстүрді ұлт болашағының рухани тірегі ретінде дәріптеді.

Ғұмар Қараш үшін ұлттық рух – тек тарихқа мақтану емес, қазіргі өмірді түзеу, болашаққа дұрыс бағыт беру.

4. Тіл көркемдігі мен ұлттық рухтың үйлесімі

Ғұмар Қараш шығармашылығында тіл көркемдігі ұлттық рухты жеткізудің негізгі құралына айналған.

- Ол ұлт тағдырын метафора, символдар арқылы өрнектейді.
- Көркем сөздің әсерлілігі арқылы халықтың жүрегіне жол табады.
- Әрбір бейнелі сөз – халықты оятудың, рухын көтерудің құралы. Мысалы:
- «Қараңғылық» – отарлық езгі мен білімсіздікті білдіреді;
- «Жарық» – оқу-білім, ғылым, азаттықтың символы;
- «Туған жер», «ана тіл» – ұлттық рухтың қайнар көзі ретінде суреттеледі. Қорытынды

Ғұмар Қараш – қазақ әдебиеті мен мәдениетінде өшпес із қалдырған тұлға. Оның поэмалары:

- көркем тілдің құдіретін танытса,
- ұлттық рухтың қуатын жеткізді.

Ақын шығармашылығы – тек әдеби мұра емес, ұлттың рухани серпілісінің куәсі. Бүгінгі күні де ол еңбектер халықты бірлікке, білімге, жаңғыруға үндейді.

Қорытындылай келе, Ғұмар Қараш поэмаларындағы тіл көркемдігі – ұлт рухын жеткізудің ең биік үлгісі. Оның шығармалары – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы, ұрпаққа рух берер асыл мұра.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қараш Ғ. Өрнекті сөз, өрісті ой. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
2. Қараш Ғ. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Арыс, 2003. – 320 б.
3. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Білім, 1995. – 368 б.
4. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 450 б.
5. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 312 б.
6. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 272 б.
7. Омарұлы Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Рауан, 1996. – 290 б.
8. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 750 б.
9. Бөкейхан Ә., Дулатұлы М., Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 400 б.
10. Қазақстан тарихы порталы [Электрондық ресурс]. – URL: https://e-history.kz (Қаралған күні: 10.09.2025).
11. Әдебиет порталы [Электрондық ресурс]. – URL: https://adebiportal.kz (Қаралған күні: 10.09.2025).

ӘОЖ 94(574)

ҒҰМАР ҚАРАШ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ - ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ЖОЛ СІЛТЕР РУХАНИ ҚАЗЫНА

Хайреденова Айман Тулеугалиевна
мұғалім, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, №48 ЖОББМ

Резюме*.Творчество Гумара Караша представляет собой духовное наследие, отражающее пробуждение национальной мысли в казахской литературе. В его произведениях особое место занимают идеи стремления к знаниям, национального духа, независимости и нравственного воспитания. В условиях современного независимого Казахстана наследие поэта служит нравственным и патриотическим ориентиром для молодого поколения. Изучение творчества Гумара Караша является важной задачей для будущего страны.*

Ключевые слова*: национальный дух, просветительские идеи, нравственное воспитание, стремление к знаниям, духовное наследие.*

XX ғасырдың басында, қазақ халқы өзінің рухы мен ақыл-ойын оятуға ұмтылған кезде, ағартушылық пен ұлттық сананың жалынын тұтатқандардың арасында жазушы Ғұмар Қараш болды. Оның таланты көп қырлы рөлдерде ашылды: ол жолдары шабыттандырған ақын, идеялары басшылыққа алған ойшыл, іс-әрекеттері үлгі болған қоғам қайраткері, білімі берілген мұғалім және сенімі нығайған дін қайраткері болды. Ғұмар Қараш өз халқын білім мен білімнің нұрына шақырып, жастарды ғылымдарды түсінуге және алға жылжуға итермеледі. Бүгінгі таңда оның шығармалары өз күшін жоғалтпайды, өйткені оларда халықтың бірлігі, білімнің шексіз күші, сенімнің қасиеттілігі және адамзаттың тектілігі туралы мәңгілік ән бар.

Ғұмар Қараш-өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы әділетсіз қуғын-сүргін салдарынан

өмірі үзілген қазақ зиялыларының көрнекті өкілі. Ол қоғам қайраткері, ағартушы және ағартушы болды, содан кейін ақталды. Саяси қайраткер, нәзік интеллектуал және ақын-публицист ретінде Ғұмар Қараш өз заманының және қазақ қоғамының болашағына қатты алаңдады. Ол поэзия, қысқа әңгімелер мен фельетон жанрларын қолдана отырып, өзінің ойлары мен көзқарастарын жазбаша түрде түсірді. Бұл туындылар, біріншіден, өзінің ішкі шығармашылық әлеуетінің арқасында, екіншіден, сол кезеңдегі қазақ қоғамын дамытудың қиындықтары мен күрделі жолына байланысты сыртқы факторлардың әсерінен пайда болды.

Үшіншіден, ойшылда патриотизмнің терең сезімі өз ұлтының тағдыры үшін алаңдаушылық туғызды. Бұл оны саналы немесе бейсаналық түрде өзінің ағартушылық идеяларымен бөлісуге итермеледі. Дәуірдің кемшіліктерін түсініп, дамудың болашақ бағыттарын болжай отырып, ол өз ойларын қағазға түсірмеуге және оларды өз халқы арасында жария етпеуге қарсы тұра алмады. Егер біз автордың шынайы ниеті мен оның ішкі сезімдері оның туындыларын көркем және эстетикалық талдау объективі арқылы толықтығын алатынын мойындайтын болсақ, онда келесі қадам-бұл туындыларды жеткізу тәсілдеріндегі виртуалдылықты зерттеу және олардың мазмұнында көрсетілген эмоционалды тәжірибелердің тереңдігіне ену. Кезкелген мәтін, әсіресе, проза мен поэзия сияқты туындылар, жалпы алғанда, көркемдік таным болғандықтан, эстетикаға толы болып келеді. Ойды көркемдеп, сезіммен жеткізу әдебиетке, оның ішінде поэзияға тән құбылыс.

Қазақ әдебиетінде Ғұмар Қараштың шығармашылығы ұлттық сана-сезімнің өршуін бейнелейтін бірегей құбылыс ретінде ерекшеленеді. Оның шығармалары халықтың болашағы үшін терең алаңдаушылыққа, бағдарларды іздеуге және ұлтты ояту

идеяларына толы. Ақынның мұрасы XX ғасырдың басындағы қазақ халқының рухани өмірін бейнелейтін айна сияқты. Оның еңбектерінде үш негізгі бағыт бар: ағартушылық және тәрбиелік идеялар, ұлттық рух пен тәуелсіздікке деген ұмтылыс, сондай-ақ діни және рухани тәрбие. **Біріншіден, ағартушылық-тәлімдік ойлар:** Ғұмар Қараш ең алдымен халықтың көзін ашуды, қараңғылықтан арылтуды мақсат тұтты. Оның пікірінше, елдің ертеңі – білімді жастардың қолында. Ол өлеңдерінде білім мен ғылымды қастерлеп, қазақ халқының өркениетті елдер қатарына қосылуы тек оқу-ағарту ісімен байланысты екенін дәлелдеді. «Өрнек», «Тұрымтай», «Бала тұлпар» сияқты шығармаларында жастарды ғылымға құштарлыққа, адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиеледі. Бұл еңбектерінде ақын жастарға білімді болуды ғана емес, сонымен қатар алған білімін ел игілігіне жұмсауды өсиет етеді. **Екіншіден, ұлттық рух пен тәуелсіздік идеясы:** Ғұмар Қараш өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жағдайды көре отырып, халықты бодандықтан құтылуға, тәуелсіздікке ұмтылуға үндеді. Оның шығармаларынан қазақ қоғамындағы еркіндікке деген аңсар, азат ойдың лебі сезіледі. Ақын елдің ынтымағын, бірлігін басты құндылық ретінде қарастырады. Халықтың бойындағы ұлттық рухты сақтап, ұрпақ санасына отансүйгіштік сезімін дарыту – оның негізгі мақсаты болды. Қараштың бұл ойлары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де өзекті. Өйткені ұлттық рухсыз, бірліксіз елдің болашағы жарқын болмайтынын ақын терең түсінген. **Үшіншіден, діни- имани тәрбие:** Ғұмар Қараш – тек ақын ғана емес, діни-ағартушылық бағыттағы қайраткер де. Ол исламды халыққа дұрыс түсіндіріп, дінді надандық құралы емес, ізгілік пен әділеттің жолы ретінде дәріптеді. Ақынның шығармаларында имандылық, кішіпейілділік, адалдық, ар-ождан тазалығы жиі айтылады. Осы арқылы ол жастарды рухани тұрғыда жетілдіруді көздеді. Қараш үшін дін – қоғамды біріктіруші, адамдарды жақсылыққа жетелейтін күш. Сонымен қатар, Ғұмар Қараш поэзиясында заман жайлы толғаныс, әлеуметтік теңсіздікті сынау, әділетсіздікке қарсылық сарыны да айқын сезіледі. Оның шығармалары – халықтың арман-мұратын бейнелейтін рухани айна. Ақын сөзімен айтқанда, елдің бақыты – парасатты ұрпақтың қолында, ал парасаттың қайнар көзі – білім мен имандылық. Ақынның «Тұрымтай», «Өрнек», «Көзі ашықтарға»,

«Бала тұлпар» сияқты еңбектері халықтың сана-сезімін оятуға бағытталды. Әсіресе, жастарға арнаған өлеңдері олардың арман-мұратқа жетелейтін рухани бағдаршам іспетті болды. Ғұмар Қараштың діни және философиялық ой-толғамдарын айқындайтын, оның шығармашылығында айрықша маңызға ие туындыларының қатарында 1910 жылы Орынборда басылып шыққан "Ойға келген пікірлерім", 1911 жылы Уфада жарық көрген "Өрнек" және 1913

жылы Қазанда жарияланған "Бедел-Хажы" атты еңбектері бар. "Ойға келген пікірлерім" атты кітабында Ғұмар Қараш сол кездегі байларды, мырзаларды, мешіт пен медресе имамдарын ғылым мен білімді таратуға қаржылай қолдау көрсетуге шақырады. Әсіресе, ұстаздар қауымын осы іске белсене араласып, ғылыми кітаптарды ана тілімізге аударуға, кітап бастыруға, баспаханаларды көбейтуге және газет-журналдар шығаруға күш салу керектігін айтады. Оның пікірінше, сол уақытта бұдан маңыздырақ іс болмаған. Автор өзінің басқа еңбегінде жоғары медресені бітірген қазақ және қырғыз жастарының арасында көптеген білімді адамдар бар деп үрейлене жазады. Алайда, өз халықтарының болашағына қызмет етудің орнына, олар жаман әдеттер мен ойын- сауыққа бой алдырады. Автор: "біздің арамызда ағартылған адамдар неғұрлым көп болса, соғұрлым халықтың көзі ашылады, пайдалы мектептер пайда болады, газеттер мен журналдар сөйлейді, жанжалдар басылып, өмір жеңілдейді. Бірақ қазір біз керісінше көріп отырмыз. Күн сайын олар надандық жолынан шыға алмай, ойын-сауықтың батпағына батады. Олар халықтың назарын өзіне аудара алмайды, оны ағарта алмайды және оны шынайы жолға бағыттай алмайды".

Ақын “Өрнек” деген кітабында адамның әрбір істеген немесе істейін деп жүрген ғамалдарының баршасына түп негіз ығдиқат деген нәрсе болатындығын айтады. Иманның негізінде ізгі ғамал (іс) болып табылады, ізгі іс дегеніміз жақсы істі жақсы болғаны үшіністеу. Атақ үшін, мақтан үшін, істелген іс немесе Алла тағалаға деп оқыған

екі рәкат намаз үшін мәңгілік сауап күту – мойындамау ғибадаттың рухын жоятын бір әдепсіздік деп танытады. Алланың көрсеткен жолымен жүрмесе халық ұлт ретінде жойылатындығын баяндайды [1, 42 б.]. Сол қоғам тұрғысынан қазақ даласында патша үкіметі сайлаған молдалар тарапынан сопылар саудагерлер қаптап келе бастады. Бірі халыққа ислам дінінің қағидаларын түсіндірсе, екіншілері халықтың діннен хабарының аз екенін пайдаланып, жалған діни- ғұрыптарды орындау арқылы, өздерінің тұрмыс жағдайынтүзеп алуға тырысқан алаяқтар көптеп кездесті. Осындай келеңсіздіктердің бой көрсетіп тұрғанын ақын қинала да қынжыла айтады. Ғұмар өз дәуіріндегі надан сопылар мен ишандарды, дүмше молдалардың дінге де, адами құндылықтардың өлшеміне де сәйкес келмейтін әдеттерін, дінді желеу етіп, қоғамды тек надандыққа бастайтын әрекеттерін қатты сынға алады. Соның себебінен де оны көптеген молдалар қудалауға тырысты. Ғұмарды дінге жаңалық енгізуші, дін бұзушы ретінде қабылдап, қоғамнан шеттетуге тырысты. Е.Ысмайлов Ғұмар туралы мақаласында: «Қожа, молдаларды, ишандарды батыл әшкерелеп отырады» деп уақыт ыңғайына қарай жалпылама айта келіп, «бірақ ислам дінің бекерлемейді. Құранды, пайғамбар жолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп біледі» деп орынды қорытынды жасайды. Әсіресе жәдидтік мектептің өкілі Ғұмар Қараш шығармаларында өз уақытындағы сопылар мен ишандардың теріс әрекеттерін әшкерелеп, қатаң сынға алада. Оны мына өлең жолдарынан байқай аламыз:

Сопысып надан жүргені – Қанахага кіргені.

Құлаш жарым тас тізіп, Мойнына орап ілгені Шартын білмей қолданып, Шатасып әбден бүлгені.

Риязат шегіп, ұйықтамай, Карамат түрлі көргені.

Қылуетте зікір айтам деп, Тірідей көрге кіргені.

Қиялдан келген халлерге Түрлі мағына бергені.

Мұның бәрін ойласам, Надандықтан келгені.

Ақынның өлең жолдарына талдау жасайтын болсақ, біз оның сопылық іліміне емес, сопылықтың мәнін түсінбей, тек сыртқы формасына амал жасап, өздерін сопы санайтын дүмше, надан молдаларды сынға алып отыр.

Ғұмардың:

«Сүзіліп, сопысынып дінді сатқан,

Таңқы мұрт, таспа қара, сұрдан қорқам», –

деген жолдарынан дүмше молдалар мен сопылардың дінді рухани жетілуіне емес, жеке мүдделеріне пайдалануына қарсы болғандығын байқаймыз.

Сопылықты аскеттік, мистикалық бағыт ретінде қарастырамыз. Дегенмен сопылықтың мәні – дүниеден бас тарту, ғылым-білімді терістеу емес. Керісінше, бұлардың бәрі құрал ғана.

Дін бойынша алып қарайтын болсақ, дүние, ғылым-білім игеру де ғибадат. Ғұмар Қараш өз кезегінде сопылардың еңбек етпей, тек Құдайдан сұрауды, дінді мешітпен шектеуді, кәсіппен айналыспауды, ғылым игермеуді сынға алады.

«Бізде жоқ адамдардай надан сопы, Сопысып, елді алдайтын төмен қарап. Алданып қиялиға, әм алдатып, Жориды әулиеге өзін балап.

Себепсіз риздық сұрап олар бейне, Бидайға екпей егін тосады қап.

Шығар ма егін екпей, жерден бидай Білмей ме тым болмаса осыны ойлап?! Бір Алла, бір Алла деп, ертеңді кеш, Құдайды ренжітеді бимазалап» –

деген өлең жолдарынан ақынның әрекетсіз, Құдайдан дұға етудің орынсыз екендігін, құлшылық ретінде мәні жоқ екендігін жеткізеді. Сол тарихи кезеңдегі ахуалды қарастыратын болсақ, мұсылман елдерінің, соның ішінде қазақ халқының отаршылдық езгіден шығуы үшін ғылым-білім игеріп, кәсіппен айналысуына байланысты еді. Ал сопысынып, тек мешітте қамалып, әрекет етпей, тек Құдайдан сұрау қоғамның дамуын тежейтіні сөзсіз еді. Автор: "біздің арамызда ағартылған адамдар неғұрлым көп болса, соғұрлым халықтың көзі ашылады, пайдалы мектептер пайда болады, газеттер мен журналдар сөйлейді, жанжалдар басылып, өмір жеңілдейді. Бірақ қазір біз керісінше көріп отырмыз. Күн сайын олар надандық жолынан шыға алмай, ойын-сауықтың батпағына батады. Олар халықтың назарын өзіне аудара алмайды, оны ағарта алмайды және оны шынайы жолға бағыттай алмайды". Ғұмар Қараш білімді, көзі ашық адамдар мен байларды надандықпен күресуге үнемі шақырып отырған. Жастардың білім алып, ғылым игеруі үшін бұл іске мұғалімдердің ғана көмегі жеткіліксіз екендігін түсіне отырып, байлардан өз дүниесін оқу-ағарту, мектеп-медресе жұмысына, ғылым қуамын деген жастарға беруді, қолдау көрсетуді сұрады. Себебі надандық, жалқаулық, қараңғылықты қоғам дамуын тежейтін негізгі себеп ретінде көрсете отырып, одан шығудың жолы ғылым мен ағартушылық деп білді. Ғұмар Қараш – өз заманының жарқын ойшылы, қазақ халқының рухани көсемдерінің бірі. Оның шығармалары – тек әдеби мұра ғана емес, елдің болашағына бағыт беретін, жастарды ізгілік пен ғылымға жетелейтін рухани қазына. Ақын шығармаларында көтерілген білім, имандылық, әділет, бірлік, тәуелсіздік идеялары бүгінгі қоғам үшін де өзекті болып қала береді. Бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік дәуірінде Ғұмар Қараш мұралары ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, жас ұрпақтың санасында отансүйгіштік, имандылық, білімге құштарлық қасиеттерді орнықтырады. Ақынның ағартушылық идеялары – ұрпақ тәрбиесіне бағытталған өнегелі жол, ұлттық рухты асқақтататын сарқылмас қайнар. Сондықтан Ғұмар Қараш шығармашылығын зерделеу – тек өткенді тану ғана емес, болашаққа бағдар жасау. Оның еңбектері жас ұрпаққа рухани тірек, ұлттық болмысты сақтауға, тәуелсіздікті қадірлеуге үйрететін тағылымды мұра болып қала бермек. Бұл тұрғыдан алғанда, ақынның шығармашылығы – ел болашағы үшін аса маңызды, мәңгілік рухани құндылық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Таирова Б. Л. Ғұмар Қараштың философиялық көзқарасы // Алматы, 2007.
2. Қараш Ғ. Замана. Алматы: Ғылым, 1994.
3. М. Тәжімұраттегі. Біз білмейтін Ғұмар Қараш // Ана тілі. 1991. 18 сәуір
4. Созақбаев С. Ағартушы ақын – Ғұмар Қарашев //Жұлдыз,1993. №4.
5. Ысмайылов Е. Омар қарашев // Алматы ақшамы,1990ж,30 қаңтар.
6. Ғұмар Қараш. *Замана. (Өлең, толғаулар, пәлсапалық ой-толғамдар, мақалалар)*. Құрастырған Қ. Сыдиықов. — Алматы: Ғылым, 1998.
7. Өзбекұлы С., Исмағұлов А. *Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары*. — Алматы, 2005.

ӘОЖ 94(574)

ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ ТӘЛІМДІК ОЙЛАРЫ

Казиева Г.У.
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Б.Момышұлы атындағы № 46 ЖОББМ, Орал қаласы

***Резюме**.В статье рассматривается педагогическое и просветительское наследие выдающегося казахского мыслителя и поэта начала XX века — Гумара Караша. Автор анализирует его вклад в развитие национальной системы образования, внедрение жадидистских методов обучения и формирование идей нравственного воспитания и духовного обновления. Особое внимание уделено педагогическим взглядам Караша на роль учителя, содержание образования и значимость гармоничного сочетания знаний, морали и национального сознания. Подчеркивается, что его идеи о самостоятельном обучении, критическом мышлении и связи школы с жизнью остаются актуальными для современной образовательной системы Казахстана.*

***Ключевые слова**: Гумар Караш, просветитель, педагогика, национальное воспитание, современное образование.*

Ғұмар Қараш (1875–1921) – XX ғасыр басындағы қазақ халқының көрнекті ағартушысы, ақын-философы әрі қоғам қайраткері[1][2]. Ол дәстүрлі діни білім алып, бірнеше шығыс және батыс тілдерін меңгерген білімдар тұлға болды[3]. Патша отаршылдығы күшейген, ұлттың рухани еңсесі түскен заманда Ғұмар халықты білім мен ғылымға үндеп, жаңа заманға сай оқу-ағарту ісін жолға қоюға бар күшін жұмсады. Әсіресе, жас ұрпақты тәрбиелеу, оқушы тұлғасын қалыптастыру мәселелері оның шығармашылық қызметінде маңызды орын алды. Ғұмар Қараш алғашқылардың бірі болып қазақ балаларына жаңаша білім беру жүйесін енгізіп, ұлттық педагогиканың негізін қалауға атсалысты[4]. 1918 жылы Бөкей Ордасында ашылған тұңғыш педагогикалық журнал – «Мұғалімнің» редакциясын басқарды. 1919 жылы осы журналда өз ұстанымдарын қорытқан *«Педагогика»* атты еңбегін жариялады[5]. Ғұмар Қараштың тарихи тағдыры қиын болғанымен, оның тәлімдік мұрасы бүгін де өзекті.

Бұл баяндаманың мақсаты – Ғұмар Қараштың педагогикалық көзқарастарын тарихи контексте талдап, оның жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты идеяларын қазіргі білім беру жүйесінің қағидаларымен салыстыра зерделеу.

Ғұмар Қараштың педагогикалық көзқарастары, тарихи негізі:

Ғұмар Қараш – қазақ даласында жәдиттік (жаңашыл) оқыту әдістерін енгізген жаңашыл ұстаз[6][7]. Ол ауыл молдасынан хат танып бастап, Уфа мен Қазан қалаларында діни жоғары білім алған, сол арқылы шығыс мәдениетімен қатар заманның зайырлы білімін де бойына сіңірген[8][9]. 1902–1910 жылдары өз елінде бала оқытып, жаңаша әдіспен сабақ беру тәжірибесін қолға алды[7]. Жасынан кітапқұмар Ғұмар түрлі басылымдарда ағартушылық мазмұнда өлең, мақала жариялап, бұқараның көзін ашуды басты мақсат санады[10]. 1911–1913 жылдары Оралда шыққан «Қазақстан» газеті мен кейінгі «Дұрыстық жолы» газетінің белді авторы ретінде халықты білім-ғылымға шақырған көптеген мақалалар жазды[11].

Ұлт болашағына алаңдаған ойшылдың бір қыры – оның ұлы педагог ретіндегі бейнесі. Зерттеуші Исатай Кенжалиев Ғұмарды “қазақтың ұлы педагогі” деп атап, оның көптілді білімін қазақтың дәстүрлі тәлім-тәрбиесімен ұштастырып, жаңа заман талабына сай тың ұсыныстар жасағанын ерекше бағалайды[3]. Ғұмар Қараш Бөкей Ордасында мектептер ашып, оқу үйлерін салдыру, алғашқы оқу бағдарламалары мен оқулықтарды

әзірлеу ісіне тікелей мұрындық болған[12]. Яғни, ол ағартушылық идеясын тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде де жүзеге асырды. Мәселен, қазақтың тұңғыш педагогикалық журналы «Мұғалімді» шығаруда жетекшілік жасап, сол арқылы қазақ қоғамында ғылыми педагогика

негіздерін қалыптастыруға тырысты[4]. Бұл журнал бетінде ол тәрбие, дидактика, оқыту әдістемесі жайында тың ойларын ортаға салды. 1919 жылы жарық көрген өзінің «Педагогика» еңбегінде автор заманға сай білім беру, шәкірттердің қабілетін ояту, ғылым-білімге ынталандыру мәселелерін көтерді[5]. Өкінішке орай, Кеңес өкіметі тұсында Алаш ардагерлерінің көбесі сөгілгендей, Ғұмар еңбектеріне тыйым салынып, аты ұмыт бола жаздады[13][14]. Тек тәуелсіздікпен бірге Ғұмар Қараштың мол мұрасы халқына қайта оралып, оның тәлімдік идеялары жаңаша бағалана бастады.

Оқушы тұлғасын қалыптастыру туралы идеялары мен қағидалары:

Ғұмар Қараштың пікірінше, баланы тәрбиелеу ісі ең алдымен ата-ана мен ұстаздың қасиетті борышы. Ақынның бір өлеңінде: *«Баланы баста үйрету – жақсы үйрету, / Әркімнің өз басына міндет, шырақ»* деп, балаға тәрбие мен білімді жастайынан беру әр адамның міндеті екенін ескертеді[15]. Қазақ қоғамында баланы шектен тыс еркелету, уақытылы қатаң тәрбие бермеу – келешекте өкінішке соқтыратынын Ғұмар сынаған. Ол

«Надандық» деген өлеңінде бұл пәленің мән-жайын терең ашып көрсетеді. *Надандық келген жерден білінеді, Сөз айтсаң, жауап таппай мүдіреді...* деп, надандықтың қауіптілігін айқындаса; «Ұят» өлеңінде әр адамға ар-ұят, имандылық қасиеттерін сіңірудің маңызын түсіндіреді[16][17]. Яғни, тұлға қалыптастыруда рухани- адамгершілік тәрбие мен мінез қалыптастыруға баса назар аударған.

Ғұмар Қараш үшін ұстаздықтың рөлі айрықша мәнге ие. Ол өзі де ұзақ жылдар мұғалімдік етіп, шәкірт тәрбиелеудің қыр-сырын меңгерген. Ғұмардың пікірінше, мұғалім тек білім беруші ғана емес, шәкірттің мінез-құлқын, адамдық болмысын қалыптастырушы тұлға. Оның еңбектерінде *“Егер бір нәрсеге үйретсең, қате үйретпе”* деген нақыл жиі айтылады[18]. Бұл – білімнің сапасы туралы қағида, яғни оқытудағы әр қадам жаңсақсыз, ғылымға негізделген дұрыс білім болуы тиіс деген сөз[18]. Ол халық арасында ағартушылық қызмет жасап жүрген азаматтарды жоғары бағалап: *«Халық арасында ұлттық тәлім, тәрбие таратуды ниет ететін жақсы адамдар бар. Бұлар ұлттық мектеп ашып, шәкірттерді ілтипатты, мінез-құлықты, міндеттерін адал орындайтын адам етіп шығаруды көздейді. Олар осы іске бар ниетімен қызмет етеді»* деп жазады[19]. Мұнда ұлама шәкірттердің тек білімді ғана емес, тәрбиелі, мінезі түзу, міндетіне адал азамат болып шығуын басты мақсат ету керектігін баса көрсетіп отыр.

Сондай-ақ Ғұмар Қараш білім беру ісіндегі ең өзекті мәселе – нағыз пайдалы білім беру деп санады. Ол оқу бағдарламасын өмірмен байланыстырып, баланы жұрт ісіне пайдалы өнер-білімге баулу керек деп есептеді. Ғұмардың пайымынша, оқу-білім әрбір шәкірттің өз еңбегіне сүйеніп, өз ісімен жүзеге асуы қажет; ал ұстаз шәкіртке бағыт- бағдар беріп, демеуші болуға тиіс. Осы тұрғыда Ғұмар Қараш дәстүрлі мектептердегі жаттамалы оқытуға сын көзбен қарап, балаға азат ойлау мен зерттеушілік қасиеттерді дарыту қажеттігін айтты.

Ғұмар Қараш шәкірттің қызығушылығы мен қабілетін ояту үшін мұғалімнің құр сөзбен ақыл айтуы аздық ететінін түсіндірді. Ол “таусылмай ақыл айту емес, болашақ тұлғаны шынайы қызықтырып, өз үлгіңмен ұйыту” ұстаздың басты міндеті екенін атап көрсетті[20]. Демек, ұстаз балаға беделл болатындай, сөзі мен ісі үйлескен өнегелі жан болуы тиіс. Бұл идеялар қазіргі заман педагогикасындағы тұлғалық-бағдарлы білім беру ұстанымына сәйкес келеді деуге болады.

Сонымен бірге, Ғұмар Қараш ел болашағы үшін жалпы халықтың сауатын ашуды, оқу-ағарту ісін ұлттық деңгейде жүйелеуді армандады. Ол бай-шонжарлар мен имам- молдаларға қарап: ғылым-білімге қаржы аямай құйып, мектеп-медресе ашуға шақырды[21]. 1913 жылғы бір мақаласында *«Бір бай үлкен мешіт салдырғаннан гөрі бір ұлттық мектеп салдырып, соған сабақ беретін мұғалімдер даярласа, қажетті*

кітаптар алса, ... халыққа мың есе пайдалы» деген мағынада ойын білдіреді. Сол кезеңде қазақ тілінде оқулықтар мен ғылыми кітаптардың тапшылығына қынжыла отырып, Ғұмар: *«Қазіргі уақытта кітаптардың аздығынан білім ала алмай, істеріміз дамымай, ұлттық тәлім-тәрбиеміз тығырыққа тірелуде. Ғылымға жігерлендіру болғанда ғана ғылым дами алады. ... Әсіресе мұғалімдер бұл іске қатты кірісіп, ғылым кітаптарын ана тілімізге аудару*

һәм кітаптар сатып алып бастыру, баспаларды көбейту, газет- журнал шығару істеріне атсалысуы керек. Қазір бұдан артық маңызды іс жоқ» деп күйіне жазды[21]. Бұл жолдардан оның білім мен тәрбие ісін жан-жақты дамытуға деген жанашырлық ниеті анық көрінеді.

Ғұмар Қараш жас ұрпақтың оқу-білімін ұлттық сана, имандылық тәрбие негізінде үйлесімді қалыптастыруды көздеді. Оның өлеңдері мен мақалаларында ғылым мен дінді қабыстыра отырып, парасатты, тәрбиелі, өз халқына пайдалы азамат өсіру мұраты айқын аңғарылады[22][23]. Ақынның бір өлеңіндегі төмендегі жолдар соның дәлелі:

«Жас буынға жаңа таза білім беріп, Надандықты терең қазып, жерге көміп, Қазақ тағы өзі күнін өзі көріп,

Өз алдына ел болғанын көреміз бе?»[24]

Мұнда Ғұмар қазақ жастарына сапалы білім беру арқылы халықтың бойындағы надандықты жойып, ұлттың өз алдына ел болып, еңсесін көтерер күні туа ма деп армандайды. Демек, ол үшін білім беру – жеке тұлғаны ғана емес, тұтас ұлтты тәрбиелеп шығаратын стратегиялық міндет болды.

Ғұмар Қараш мұрасы және қазіргі білім беру жүйесі (сабақтастық):

Ғасыр бұрын өмір сүрген Ғұмар Қараштың көтерген педагогикалық мәселелері мен ұстанымдары бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, қазіргі Қазақстанның білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан реформалар оның идеяларымен сабақтасып жатқанын байқаймыз. Мысалы, бүгінде мектептер мен жоғары оқу орындары құзыреттілікке негізделген білім, тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесіне бет бұруда. Бұл жүйеде оқушының өз бетінше білім алу белсенділігі, зерттеушілік дағдысы басты назарда, ал мұғалімнің рөлі бағыттаушы, кеңесші ретінде көрінеді. Дәл осындай әдістемелік принципті Ғұмар Қараш сонау 1919 жылы айтқан болатын: балаға өздігімен оқып-үйрену жағдайын жасап, мұғалім оның жетекшісі болуы қажет деген тұжырымын ол «Мұғалім» журналында жарияланған еңбегінде көрсеткен[25].

Қазіргі заман мұғалімдері оқушылардың бойында *soft skills* деп аталатын өмірлік маңызды қабілеттерді дамытуға ұмтылады (сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағды, шығармашылық т.б.). Ғұмар Қараш та өз дәуірінде баланың тек пәндік білімін емес, оның ой-өрісін, адамгершілігін, жігер-қайратын шыңдауға мән берген. Ол баланы еңбекке баулу, өзіндік шешім қабылдауға тәрбиелеу керектігін жазды[26]. Мысалы,

«Адам баласын ғайри жан иесінен бір адамды бір адамнан артық еткен ғылым-өнер үйреніп, өзіміздің ілгері кеткен халықтармен қатарласуға талап ету тиіс... Бөтен жұрт үлес алып жатқан дүниеден бізге де үлесімізді алу керек. Көзіміздің нұры ғазиз

балаларымыз келешекте рақатшылықта ғұмыр сүрсін десек, ... тіршілік таласында шет миллет балаларынан кем болмастай етіп, оларға ғылым-өнер үйрету тиіс» деп, жастарды іргелі елдермен теңесу үшін өнер, кәсіп үйренуге шақырған[27][28]. Бұл ойлар бүгінгі жаһандану дәуірінде бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру ұстанымымен үндес келеді.

Қазақстанның мемлекеттік білім саясатының маңызды бір бағыты – ұлттық тәрбие мен патриотизмді нығайту. Елбасы Н.Назарбаевтың *«Рухани жаңғыру»* бағдарламасы шеңберінде жас ұрпақтың өз халқының рухани құндылықтарын бойына сіңірген, отансүйгіш азамат болып өсуі міндеті қойылған. Осы ретте Ғұмар Қараштың еңбектері таптырмас рухани азық бола алады. Зерттеушілердің айтуынша, Ғұмар Қараштың идеялары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарымен үндес, әсіресе жастарды патриотизм рухында тәрбиелеу ісінде оның мұрасын оқу аса пайдалы[29][30]. Оның

өлеңдері мен мақалалары тілге, дінге, ұлттық мәдениетке құрметпен қарауға, елжандылыққа шақырады[23]. Бүгінгі ұстаздар қауымы Ғұмар Қараш сынды ұлт ұстазының ой-пікірлерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізіп, одан үлгі алса, ұтарымыз мол. Мысалы, қазіргі «Өлкетану» немесе «Қазақ халқының рухани мұрасы» сияқты бағдарламаларда Ғұмар Қараштың ағартушылық өнегесін насихаттау – өскелең ұрпаққа жақын үлгі болар еді.

Ғұмар Қараштың *«білім – мұрат, тәрбие – құрал»* дегендей астарлы ойлары XXI ғасырдағы білім беру философиясымен сабақтасып жатыр. Оның айтуынша, білімнің түпкі мақсаты – мағыналы өмір сүруге жетелеу[31]. Бұл бүгінгі білім берудің құндылық бағдарымен толық үйлеседі.

Қорыта айтқанда, Ғұмар Қараштың тәлімдік ойлары – қазақ педагогикасы тарихындағы асыл қазына. Ол халқымыздың ой-санасын ояту үшін ағартушылықты ту етіп, бала тәрбиесі мен оқыту ісіне жанашырлықпен атсалысты. Ғұмар Қараш дәстүрлі тәрбие негіздерін заманауи ғылым-біліммен ұштастырып, қазақтың ұлттық мектебін дамыту туралы тұңғыш пайымдар айтқан қайраткер еді. Оның әрбір еңбегі мен өлең жолдарынан ұрпақ болашағына деген зор сенім және жауапкершілік сезіледі. Бүгінде білім беру саласы жаңғырып, жаңа міндеттер қойылған шақта, бір ғасыр бұрын өмір сүрген алаш ардақтысының идеялары біз үшін құнды бағдар бола алады. Ғұмар Қараш ұстаным еткен «шәкірт жүрегіне шындықтың нұрын себу», «білім берсең – дұрыс бер»,

«оқу мен еңбекті ұштастыру» сияқты қағидалар қазіргі педагогиканың да өзекті ұстанымдары екені айқын. Сондықтан Ғұмар Қараштың мұрасын терең зерттеп, оны білім беру тәжірибесінде пайдалану – келешек ұрпақтың кемел тәрбиесіне қызмет ететін игі іс болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғарифолла Әнес. *«Тұңғыш дінбасы һәм тұлпар ақын – Ғұмар Қараш»*. – Қазақ газеттері (kazgazeta.kz), 08.06.2017.

2. *«Ғұмар Қараш (1875-1921)»* – өмірбаяндық мақала, DANAkaz журналы, №3 (4), 2013.

3. Исатай Кенжалиев. *«Ғұмар Қараш туралы кейбір тың мәліметтер»* // Ақиқат журналы, 1995, №5.

4. Тілекжан Рысқалиев. *«Ғұмардың терең сырлары»*. – DANAkaz журналы, №6-7 (20), 2015.

5. *«Немеркнущий маяк просвещения» – Жайық Пресс* ақпараттық порталы, 14.06.2018.

ӘОЖ 94(574)

ҒҰМАР ҚАРАШ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ОЙ ӘЛЕМІНДЕГІ ДАРА ТҰЛҒА

Куратаева Н.М.
мұғалім, № 48 жалпы орта білім беретін мектеп, Орал қаласы

Резюме. *В статье раскрываются творческие грани известного казахского поэта, просветителя, философа и публициста — Гумара Караша. Материал основан на литературных и научных источниках, посвящённых жизни и творчеству автора. Работа предназначена для учебных заведений, исследователей и всех читателей, интересующихся историей казахской культуры и просветительского движения.*

Ключевые слова: *просветитель, богословское образование, писатель, философ и публицист*

Ғұмар Қарашұлы:

Бәрін айт та, бірін айт Өнер менен білім жоқ, Білімсіз қазақ, күнің жоқ. Күн көретін түрің жоқ. Өзіңді, өзің зор көріп,

Басқаларды қор көріп, Мен қазақ деп жүрсең де Білімсіз, надан болған соң Бір тиындық пұлың жоқ. Білімсіз халық ел болмас Болған елмен тең болмас, Құлдықтан басы арылмас. Тілек, қоңыс, бостықпен Кеңшілік ерік алынбас,

Көктен рахмет жауылмас. Жерден жәуһәр табылмас. Дүниеде сәнді ел болып, Болғандармен тең болып, Тұруға керек адамдық,

Керек емес надандық – деп тебірене жырлаған көрнекті ойшыл ақын Ғұмар Қараш кім еді?

Ғұмар Қараш – ағартушы. Ол қазақ халқын өркениетті елдердің санатына көтеру үшін өзінің көзқарастары мен ой-пікірлерін халықты жаппай ағартушылыққа, білім, өнер мен ғылымды меңгеруге шақыруда аянып қалмады. Оның шығармаларының барлығы сол заманның

көкейтесті, зәру мәселелерін ашып көрсетуге талпынған, олардан шығу жолдарын іздестірген. Ағартушы ақынның Неден қорқам?, Көреміз бе?, Келер ме екен?, Күн туды, Алаш азаматтарына атты туындылары шын жүрегімен ұлтын, елін, жерін сүйген, халқының тағдырын ойлаған азаматтың терең тебіреністерден туындаған өлеңдер екендігі айқын көрініп тұр. Ғұмар Қараш – жоғары діни білімді ақын. Оның қоғамды өзгертуге бағытталған ойлары дін мен шариғат заңдарына негізделіп, дін халықты имандылыққа, өркениеттілікке жетелейді. Шариғат заңдары мен дін талаптарынан туындайтын имандылықтың негізінде қалыптасқан тақуалық, ар-ождан қасиеттері дағдарысқа ұшыраса, онда мемлекетте қылмыс пен теріс қылықтар көбейеді. Ғұмар дін және шариғат заңдары ғылым мен өнердің дамуына еш кедергі болмайтынын ғылыми негізде дәлелдейді. Ақын Өрнек деген кітабында адамның әрбір істеген немесе істейін деп жүрген ғамалдарының баршасына түп негіз ығдиқат деген нәрсе болатындығын айтады. Иманның негізінде ізгі ғамал (іс) болып табылады, ізгі іс дегеніміз жақсы істі жақсы болғаны үшіністеу. Атақ үшін, мақтан үшін, істелген іс немесе Алла тағалаға деп оқыған екі рәкат намаз үшін мәңгілік сауап күту – мойындамау ғибадаттың рухын жоятын бір әдепсіздік деп танытады. Алланың көрсеткен жолымен жүрмесе халық ұлт ретінде жойылатындығын баяндайды [1, 42 б.]. Сол қоғам тұрғысынан қазақ даласында патша үкіметі сайлаған молдалар тарапынан сопылар саудагерлер қаптап келе бастады. Бірі халыққа ислам дінінің қағидаларын түсіндірсе, екіншілері халықтың діннен хабарының аз екенін пайдаланып, жалған діни- ұғрыптарды орындау арқылы, өздерінің тұрмыс жағдайынтүзеп алуға тырысқан алаяқтар көптеп кездесті. Осындай келеңсіздіктердің бой көрсетіп тұрғанын ақын қинала да қынжыла айтады. Ғұмар Алланы ғылым арқылы тануға ұмтылған ойшыл, яғни исламдағы ғылыми ғақли бағытын ұстанған. Алланы тану ислам діні бойынша пайғамбар арқылы тану болмақ екені белгілі. Ол Алла мен адам арасын жалғастырушы күш махаббат деп білген. Оны "Махаббат" өлеңінен байқауға болады:

Махаббаттың ұрығы, Болса көңілің ішінде, Адамшылық жемісі
Өсер көктеп ісіңде. Махаббатсыз есіліп, Жүрегіңе қонбайды. Жолдас етіп шешіліп,
Не жарисың мұндайды.

Ақын бұл өлең жолдарында Алланың ақ жолына түскен адам адамшылықтан шықпайтындығына меңзейді. Ғұмар Қараш махаббатты адам басындағы нашар қылықтардан арылатын күш екеніне сенген. Алла шындық деп ұққан, ал осы шындықты халыққа жеткізуші пайғамбардың тұлғалық болмысындағы даралықты, даналықты жоққа шығармайды.

Қайғылы қара күндер өтер ме екен, Қолайсыз мінді мінез бітер ме екен? Ит болып ырылдасып өткен күндер, Жоқ болып ізі, жолы кетер ме екен? Түсініп айтқан сөзге қазақ ұлы Іждиһат ел болуға етер ме екен?

Оранған ақ жүрекке иманының, Қадірін біліп таза күтер ме екен? Табылып ойға алғаны бәрі болып

Еңіреп ер мұратқа жетер ме екен!.

Ғұмар ұлт намысы, жұрт жұмысы қасиетті ұғымдар, сондықтан да оларға имандай ұйып, қағбадай тауап ету биік парыздың өтелуі деп ұғындырады.

Жарық жолға бастаушыға ереміз бе, Ақ жүректі шын ерлерге сенеміз бе?
Таза қанды, кірсіз жанды қазақ жұрты

Өз алдына ел болғанын көреміз бе? деп басталатын осы өлеңіне жатқа тізгін бермейтін еркін ел, азат мемлекет болу сияқты өзекті де өміршең мәселені арқау етеді. Өлеңнің басты ерекшелігі - азат ел болуға мейлінше қажетті шарттардың, тәуелсіз мемлекет құрудың өмірлік талаптарының өткір қойылуында.

Алдын - артын мейлінше байқап алып, Төңіректе не бар, не жоқ көзін салып, Өз тізгінін қазақ ұлы өзіне алып,

Өз алдына жұрт болғанын көреміз бе? Жас буынға жаңа таза білім беріп, Надандықты терең қазып жерге көміп, Қазақ-тағы өзі күнін өзі көріп,

Өз алдына ел болғанын көреміз бе?

Қай істе болмасын дос пен дұшпанын айыратын Алаш перзентінің мерейі қашан да үстем, өзгелерден еңселі болуы үшін оқу-білімнің тереңдігі, береке-бірліктің жоғарылығы,

ұлттық сана-сезімнің асқақтығы, саяси бағыт-бағдардың айқындығы, қоғамдық және діни имандылық ұстанымдарының нақтылығы қажет. Осындай іргелі шарттарға иек артқан, оны ұстанған ұлттың алар асуы, шығар биігі де зәулім болмақ.

Оқу жұрты даярланып жеткендігін, Жалпы оқуды қазақ міндет еткендігін, Қазақ ұлы озат шығып кеткендігін,

Тірілікте көзімізбен көреміз бе? Талас қойып ынтымаққа кіргендігін,

Бір жолменен бір бағытқа жүргендігін, Дос-дұспаны кім екенін білгендігін,

Тірілікте көзімізбен көреміз бе? Жалқаулықты, бос жүрісті тастағанын, Орынсызға дәулет мүлкін шашпағанын, Керек жерде бойды балап қашпағанын, Тірілікте көзімізбен көреміз бе?

Әулие деп көрінгенге бас ұрмауын,

Дін деп қорқып ақиқатты жасырмауын, Ешнәрсені өлшеуіне асырмауын,

Тірілікте көзімізбен көреміз бе?.

Ұлттық бірлік, мемлекеттігімізді нығайту өткір қойылып отырған қазіргі тұста аталған өлеңде көтерілген саяси-идеологиялық мәселелер қашанда санаға тоқылар ұлағат деп білеміз.

Тәуелсіздіктің басты сипаты - мемлекеттік істердің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуі, өз жерінің қазба байлығын халық игілігіне жаратуы десек, осынау кемелділікке жетудің жолдарына қатысты ғасыр басында-ақ Ғұмар келелі ойлар түйеді.

Өз жерінен шыққан кенді өзі алғанын, Әдемілеп айқұш - ұйқұш жол салғанын, Еуропаның өнерінен үлгі алғанын,

Тірілікте көзімізбен көреміз бе?

«Алаш» атты орда құрып шалқығанын, Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын,

Әрбір істе қазақ исі аңқығанын, Тірілікте көзімізбен көреміз бе?!.

Қазақ рухын асқақтату, өзіндік ұлттық болмысын сақтау және әлемнің дамыған елдерінен үлгі алуға шақырған Ғұмар арманы барша Алаш орда қайраткерлерінің ел алдында өтеу ісіне деген парыз бен қарыз ұғымына адалдығын да танытады. Бұл тұрғыда от жүректі жалынды ақын Сұлтанмахмұт Алаш арыстарының азаттық жолындағы ерен істерін арқау етіп «Таныстыру» поэмасын, «Алаш ұраны» өлеңін жазды. Алашшыл әдебиеттің саяси - идеологиялық бағыт-бағдарын нығырлай түсті. Ғұмар Қараш – мерзімді баспасөз беттерінде халқының көкейкесті мәселелері жайлы үзбей жазған қаламгер. Мақалаларында көтерген мәселелері де сан түрлі болып келеді. Қаламгер Бұ қай заман? атты мақаласында ғылым мен өнерді тереңірек түсіндіруді мақсат етеді. Ақын бірнеше дүниелік пәндерді атай келіп: Бұл пәндерді оқудағы мақсат – оларда баян етілген қағидалардың мағынасын біліп, қолданып, адам баласына түрлі жақтардан пайда келтіру болады – дейді, - Бұларды арабша оқып біл, фарсыша оқып біл, түрікше оқып біл, ия болмаса французша оқып біл – бәрібір тек мағынасын жақсы біл де, халыққа пайда келтір

- дейді. Демек, Ғұмар Қараш білім, ғылымды қай тілде болмасын меңгеріп, сол білімді халықтың пайдасы үшін қолданудың қаншалықты маңызды екенін түсіндіргісі келген. Ойшылдың ерекше көңіл бөліп, толғаған мәселесі – ұлт және ана тілі. Ол патша өкіметінің қол астындағы ұлттардың мәдениетін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын жойуға бағытталған саяси әрекеттерін ашына айтады. Ғ. Қараш: Тіл болмаса ұлт болмайды. Яғни, ол ұлт жоғалған ұлт болады. Ең әуелі ана тілі керек. Егер ана тілін білмесең, онда сен сол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзінен өзі белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өркен жаймайды. Білім-өнері болмаған ұлттың ұлт емес екендігіне дәлел. Осы сөздерден кейін Ғ. Қараштың өз ұлтын, тілін, дінін қаншалықты құрметтегені айтпаса да түсінікті [2, 21б.]. Ақынның шығармашылығына тереңірек үңіліп қарайтын болсақ, оның сол кездегі әртүрлі тақырыптағы маңызды мәселелерді көтергенін көреміз. Сонымен, Ғұмар Қараш – көрнекті ақын, халқын өнер мен білімге, берекелі ел болуға шақырған ағартушы, дін-шариғат, имандылық жолын берік ұстанған ғұлама ақын, өз заманындағы

көкейкесті мәселелерді баспасөз беттеріне үзбей жариялаған қаламгер. Бұл сөзімізге

Ғұмар Қараштың өмір жолы мен артында қалдырған еңбектері дәлел бола алады. Автор халқына өнер, білім мен ғылымды қай тілде болмасын үйреніп, елінің пайдасына қызмет етуді үндейді. Ғ. Қараштың мынадай керемет сөзі бар: Тіл болмаса ұлт болмайды. Яғни, ол ұлт жоғалған ұлт болады. Ең әуелі ана тілі керек. Егер ана тілін білмесең, онда сен сол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзінен өзі белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өркен жаймайды. Білім-өнері болмаған ұлттың ұлт емес екендігіне дәлел - дейді. Өз ұлтының ана тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын ұмытпай сақтай отырып, мақтан еткенін қалайды. Өзге елдермен терезесі тең болып, өз билігі өзіндегі ел

болғанын аңсайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Таирова Б. Л. Ғұмар Қараштың философиялық көзқарасы // Алматы, 2007.
2. Қараш Ғ. Замана. Алматы: Ғылым, 1994.
3. М. Тәжімұраттегі. Біз білмейтін Ғұмар Қараш // Ана тілі. 1991. 18 сәуір
4. Созақбаев С. Ағартушы ақын – Ғұмар Қарашев //Жұлдыз,1993. №4.
5. Ысмайылов Е. Омар қарашев // Алматы ақшамы,1990ж,30 қаңтар.

ӘОЖ 37(091)

ҒҰМАР ҚАРАШ-ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ОЙШЫЛЫ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫ

Маштакова У.Ф.

қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Б.Момышұлы атындағы №46 жалпы орта білім беретін мектебі,Орал қаласы

***Резюме**.Гумар Караш — представитель казахской интеллигенции начала XX века, просветитель, поэт и философ, внесший значительный вклад в духовное пробуждение нации и развитие образования. Его литературное и общественное наследие было направлено на укрепление национального воспитания, культуры и науки. В своих трудах Караш призывал народ к просвещению, избавлению от невежества и возрождению национального духа, рассматривая образование как главный путь к развитию общества. Сегодня его идеи обретают новое звучание и продолжают оказывать влияние на духовное обновление казахского народа.*

***Ключевые слова**:развитие культуры и науки, духовные ценности, будущее нации, национальные интересы, общественная деятельность.*

ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлттың рухани оянуын көздеп, әлеуметтік, мәдени, білім беру салаларына үлкен үлес қосты. Солардың ішінде Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, ақын, ағартушы, философ Ғұмар Қараш – ұлттық рухты жаңғырту жолында қажырлы еңбек еткен тұлға. Оның шығармашылық мұрасы мен қоғамдық- саяси қызметі қазақ халқының өркениетке ұмтылу, білім мен ғылым арқылы даму жолындағы күресін көрсетеді.Ғұмар Қараш өз заманындағы әлеуметтік-моральдық мәселелерді батыл көтеріп, қазақ халқын ғылым мен білімге үндеді. Ол «Қай елдің ұлы, қызы болса надан, Сол елдің ырысы қайтып бағы сөнген» деп, ғылым мен өнердің маңызын халыққа ұғындыруға тырысты. Ақын халықтың бойындағы жағымсыз қасиеттер – надандық, жалқаулық, мақтаншақтық, даңғазалық сияқты мінез-құлықтарды өткір сынға алып, ұлт тәрбиесіне аса мән берді. Оның «Қарлығаш» жинағындағы

«Жомарттық», «Батырлық», «Жігер», «Әдеп», «Надандық», «Өтірік», «Ұят»,

«Тәкаббарлық» өлеңдерінен ұлттық тәрбиеге деген ерекше ықыласы байқалады. Ғұмар ұлт мәдениетін көтеріп, рухын оятуды басты мұрат тұтты.

Кеңестік идеология Алаш зиялыларын жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуға тырысқанымен, олардың ұлттық мүдде жолындағы идеялары бүгінгі күні қайта жаңғырып, тарихи әділеттілік орнап келеді. Бұл бағытта Ғұмар Қараштың өмірі мен еңбектерін зерттеуге арналған бірқатар ғылыми еңбектер жарық көрді. Мәселен, Қ.Сыдиықовтың «Замана» жинағы, И.Кенжалиев пен М.Тәжмұраттың зерттеулері, Б.Боранбаеваның монографиясы – соның айғағы.

Ғұмар Қараш: «Көшпелі тұрмыста жүрген қазақ жұрты ешқашан өнерлі, білімді ел болмайды» деп, көшпелі тіршіліктің білім-ғылымнан артта қалуына себеп екенін ашық айтты. Ол халық ағарту ісін басты құрал ретінде көрді. Ұлт болашағын ойлаған қайраткердің мақалалары мен еңбектері – қазақ қоғамының рухани жаңғыруында өзектілігін жоймаған құндылықтар.1919 жылы өткен Бөкей Ордасындағы Екінші мұғалімдер сиезіне белсенді қатысып, оқу-ағарту ісін жолға қою жолында үлкен бастамалар көтерді. Сол жиында Ғұмар бастаған 7 адамнан құралған арнайы комиссия қазақша оқулықтар жазып, баспа ісін жолға қою туралы нақты шешімдер қабылдады. Бұл оның ағартушылық қызметінің ауқымдылығын көрсетеді.

Ғұмар Қараш XX ғасыр басында тұңғыш болып «Педагогика» атты еңбегін жазып, бала тәрбиесі, мұғалімнің рөлі, ұлттық білім беру мәселелеріне тереңнен барды. Ол тәрбие ісін кешенді жүргізу керек деп санады. Ақыл тәрбиесі, дене тәрбиесі және ой тәрбиесін ұштастыра отырып, баланың тұлғалық дамуына мән берді. Мұғалімнің біліктілігі мен адамгершілік келбетін жоғары қойып, жас ұрпаққа үлгі болуын басты талап етті.

Ғұмар тәрбиешілердің балаға жақын болуы керек екенін баса айтып, «тәрбие беруші ең сенімді сырлас болуы керек» деді. Баланың табиғатын түсіну, оны ұрып-соғудан гөрі, ұят, ар-намыс, адамгершілік арқылы тәрбиелеу – ең тиімді жол екенін көрсетті. Бұл ойлары бүгінгі таңда да педагогикалық тұрғыдан өз маңызын жойған жоқ.

Ол әсіресе ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөліне ерекше мән берді. «Баланы жаста үйрету – жақсы үйрету» деген қағиданы алға тартып, ата-аналарды жауапкершілікке шақырды. Сонымен қатар, ол ұлт тәрбиесінде әйелдің, ананың, қыз баланың орны ерекше екенін айтып, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауды насихаттады.

Ғұмар ұлт үшін қызмет етуді, рухани-адамгершілікке негізделген тәрбие беруді ең биік мұрат санады. Ол ұлт зиялыларын да, жастарды да ұлт үшін аянбай еңбек етуге үндеді. Ақынның:

«Жарық таң атты, Жарғанат жатты.

Енді, бауырым, қарышта, Аяқ бас ілгері,

Адымда жүр бері,

Қатарыңнан қалыспа», —деген өлең жолдары – мұғалімдерге ғана емес, тұтас ұлтқа бағытталған үндеу.

Ғұмардың ұлт тәрбиесі туралы ойларының негізінде ұлттық педагогика тұжырымдамасының алғашқы үлгілері жатыр. Оның көзқарастары қазақтың салт- дәстүрі мен рухани болмысымен тығыз байланыста өрілді. Бұл жағынан алғанда,

«Педагогика» еңбегі – тұңғыш этнопедагогикалық еңбек ретінде бағалануға лайық. Сонымен қатар, Ғұмар ана тіліне ерекше мән беріп, бала алғаш ана тілінде білім алуы керектігін атап көрсетті. «Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың» деп, тіл мен білімнің ажырамас бірлігін дәл көрсетеді. Бұл – қазіргі ұлттық білім беру жүйесі үшін де өзекті ұстаным.

Ғұмар Қараш – өз заманының ғана емес, бүгінгі күннің де ағартушысы. Оның шығармалары мен көзқарастары қазақ қоғамының рухани жаңғыруына қажетті құндылықтарды ұсынады. Ұлт зиялыларының мұрасы – болашақ ұрпақ үшін бағдар, ал Ғұмар Қараш – осы жолдағы шамшырақтардың бірі.

XX ғасырдың басында қазақ халқы бодандық қамытын киіп, ұлттық даму жолынан қол үзіп бара жатқан тұста ұлттың рухани жаңғыруына, елдің өркениетті елдермен терезесін тең

етуге күш салған тұлғалар шоғыры пайда болды. Солардың қатарында – өз халқының болашағы үшін жанын да, қаламын да аямаған, қазақ ойының көкжиегін кеңейткен қайраткер Ғұмар Қараш еді. Ол — ақын, ағартушы, ұстаз, ойшыл, публицист, діндар тұлға бола отырып, артында мол рухани мұра қалдырған ірі қайраткер. Ғұмар Қараштың бүкіл шығармашылығы мен қоғамдық қызметі ұлтты оятуға, елдің сауатын ашып, ғылым мен білімге жетелеуге бағытталды. Ол ұлтты сақтау мен ұлтты өркендетудің жалғыз жолы – ағарту мен тәлім-тәрбие деп білді. Сол себепті де оның ағартушылық-педагогикалық көзқарастары бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Ғұмар Қараш өзінің өлеңдері мен мақалаларында қазақ халқының бойындағы жағымсыз мінездерді сынап, елді алға жетелейтін қасиеттерді дәріптеді. Ол халықтың бойынан енжарлық, жалқаулық, көрсеқызарлық, өсекшілдік сияқты жағымсыз қасиеттерді байқап, олардан арылмай ел болашағының күмәнді екенін жазады. Мәселен,

«Көреміз бе?», «Замандасқа», «Замана», «Келешек» секілді өлеңдерінде елді оятуға тырысқан ақын ұлттық сана мен парасаттың, білім мен ғылымның маңызын алға тартады. Ғұмар «елді түзетудің жолы – ең алдымен, адам баласының өзін түзеуі» деп біледі.

Кеңестік дәуірде оның мұралары ескерусіз қалса да, Тәуелсіздікпен бірге Қараш есімі қайта жаңғырды. Қазіргі таңда Қ. Сыдиықов, И. Кенжалиев, М. Тәжмұрат, Б. Боранбаева сынды зерттеушілер оның шығармаларын қайта қарап, ғылыми айналымға енгізіп жатыр. Бұл – ұлт руханияты үшін үлкен олжа.

Ғұмар Қараштың ағартушылық идеялары тек өлең-жырмен шектелмейді. Оның қазақ қоғамына қалдырған ең маңызды еңбектерінің бірі – 1910 жылы Уфа қаласында жарық көрген «Педагогика» атты оқу құралы. Бұл – қазақ тілінде жазылған алғашқы педагогикалық еңбектердің бірі ретінде тарихта қалды. Бұл еңбегінде ол тәрбиенің мәнін, мақсатын, әдіс-тәсілдерін жан-жақты сипаттай отырып, бала тәрбиесінде ескерілетін негізгі қағидаларға тоқталады. Адам тәрбиесінің басты мақсаты – шынайы адамгершілікке, ғылымға, ақыл-парасатқа жетелеу деп түсіндірген. Ғұмар Қараш үшін тәрбие – жан-жақты болуы керек: ақыл тәрбиесі, дене тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі – барлығы үйлесімде дамуы қажет.

Оның педагогикалық көзқарастары бүгінгі күннің өзінде өзекті. Мәселен, мұғалім мен ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлін айқындап берген. Ғұмар ұстаздарды білім мен ғылымның жаршысы, ал ата-ананы бала мінезінің айнасы ретінде көреді. Баланы жазалау, ұрып-соғу емес, керісінше, түсіністікпен тәрбиелеу, дұрыс бағыт беру қажеттігін баса айтады. Ол өз еңбектерінде: «Бала әкенің зұлымдығынан емес, бейқамдығынан бұзылады» деген мазмұндағы ойларды жиі ұсынады.

Ғұмар Қараш қыз тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлді. Ол қазақ қыздарының тәрбиесі – болашақ аналардың, ұрпақтың тәрбиесі деп білді. Өз заманының кейбір кертартпа салт-дәстүрлеріне сын айтып, әйел теңдігін, қыз баланың білім алуын, адамгершілік пен имандылық қасиеттерін насихаттады. Оның «Қыз», «Ана», «Ұят», «Жиған-терген» сынды өлеңдерінде қыз баланың қоғамдағы орны мен тәрбиесіне қатысты терең ойлар айтылады. Әйел затының ұлт тәрбиесіндегі маңызын ол: «Ана – ұлттың ұйытқысы, тәрбие мектебі» деп бағалаған.

Сонымен қатар, ол жас ұрпаққа үлкен сенім артты. «Жаңа шыққан жастарға» атты өлеңінде оларды ел болашағы деп біліп, ғылым мен білімге ұмтылуға үндейді. «Келешек және үміт» атты мақаласында Ғұмар жастардың сана-сезімі мен білімі жоғары болса ғана ел ілгерілейді деген пікірді алға тартады. Жастардың бойында рухани тазалық, ұлттық сана, отансүйгіштік болуы қажет екенін үнемі айтып отырды.

Ғұмар Қараш тілдің, мәдениеттің және әдебиеттің ұлтты сақтаудағы рөліне де ерекше мән берді. Оның ойынша, ұлт тілінен, ділінен, әдебиетінен айырылса – жойылады. Осы тұрғыда ол ана тілімізді қадірлеуге, таза сөйлеуге, халық әдебиетін, жырларын, ертегілерін сақтауға шақырды. Бұл арқылы ол тіл мен әдебиетті тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттың жаны деп білді.

Қорыта айтқанда, Ғұмар Қараш – қазақ халқының рухани әлемінде ерекше орын алатын, ағартушылық пен педагогиканы ұштастыра білген ұлы тұлға. Оның тәрбие мен білімге қатысты

ойлары бүгінгі таңда да өзекті. Ұлттың іргесін бекітіп, болашағын баянды етудің жолы – жас ұрпақты тәрбиелеу мен ағартудан басталатынын ұғындырған қайраткердің еңбектерін жастар арасында кеңінен насихаттау – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Ғұмардың діни-философиялық көзқарастары «Ойға келген пікірлерім» (1910),

«Өрнек» (1911) және «Бәдел-Хажы» (1913) атты шығармаларында анық көрініс табады. Ол бұл еңбектерінде надандықты қоғам дамуына үлкен кедергі деп танып, одан шығудың жолы – ғылым мен білімде екенін баса айтады.

Ғұмар білім мен ағартушылықты халықтың көзі ашылып, өркениетті елдермен терезесі тең болудың негізгі жолы деп санайды. Ол байлар мен дін иелерін, әсіресе мұғалімдерді ағарту ісіне белсенді араласуға шақырады. Оның пікірінше, ғылымды дамыту үшін қаражат аямау керек, ал мұғалімдер мен зиялылар қазақ тіліне ғылыми кітаптарды аударып, баспа ісін жолға қоюға атсалысуы қажет. Бұл ойлар бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ.Ғұмар білім алған жастардың қоғамға қызмет етпей, уақытын ойын-сауыққа жұмсап жүргенін ашық сынайды. Ол зиялы қауым көбейсе, халықтың сана-сезімі өсіп, сауатты мектептер мен басылымдар көбейіп, қоғам алға басар еді деген сенім білдіреді. Оның пікірінше, халықтың надандығы мен жалқаулығы – артта қалудың басты себептері. Ол тек мұғалімдердің ғана емес, байлардың да бұл іске араласуын талап етеді. Себебі қоғамның дамуына ең алдымен қараңғылық пен надандық кедергі.

Ғұмар ислам дінін тек бес парызбен шектемей, Алланың жолында жүру – өмірдің әр сәтінде дұрыс әрекет ету деп түсіндіреді. Ол: «Ғылым-өнер үйреніп, оны өмірде қолдану – Аллаға мойынсұну» дейді. Ғұмардың бұл пікірі Абайдың «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза ғибадат болмайды» деген көзқарасымен үндеседі. Ол шынайы иман – әрекет пен ізденісте деп түсінеді.

Ғұмар Қараш надандықтың көрінісі ретінде бақсы-балгерге сеніп, ауруды жансыз ағашқа апарып емдеуді, шын себеппен күресудің орнына «бәрі Құдайдың қолында» деп әрекетсіз отыруды қатты сынайды. Ол әр істің себебін іздеп, нақты әрекет ету – нағыз мұсылмандықтың белгісі екенін алға тартады. Оның пайымынша, адам еш әрекет жасамай, тек дұғамен шектелсе, ол нағыз рухсыз ғибадат болады.

«Бәдел-Хажы» атты еңбегінде ол қажылық парызын өз орнына басқа адам жіберіп орындау – қоғам үшін пайдасыз шығын деп есептейді. Оның пікірінше, ол қаржыны мектеп ашуға, мұғалім ұстауға, шәкірт оқытуға немесе мұқтаж адамдарға көмектесуге жұмсау әлдеқайда сауапты іс. Бұл пікірі үшін де ол сол кездегі дін өкілдері тарапынан сынға алынды. Дегенмен бұл көзқарас қазіргі әлеуметтік маңызы бар ислам түсінігіне жақын келеді.

Ғұмардың құрбандыққа қатысты көзқарасы да дәстүрлі діни ұстанымдардан өзгеше. Ол құрбандықтың басты мақсаты – Алланың жолында мал-мүлкін қиып, ниеттің тазалығын көрсету екенін айта келіп, құрбандыққа жұмсалатын қаражатты мектептер салуға, оқу-ағартуға, қоғамның мұқтажына жұмсаған орынды дейді. Бұл пікір сол кезеңде «Қазақ» газетінде жарық көріп, түрлі көзқарастар тудырды. Қазіргі кезде де құрбан шалудың орнына қайырымдылық жасау жөнінде пікірлер айтылып жүргені белгілі.

Ғұмар Қараш әйел теңдігі, неке, көп әйел алу, адамгершілік, ар-ождан, заң секілді тақырыптарды да терең қозғаған. Ол діннің негізгі мақсаты – адам өмірін жақсарту,

қоғамның әділетті болуына жол ашу деп түсінді. Дінді теріс пайдаланып, жеке мүддесіне жұмсайтын дүмше молдаларды, надан сопыларды қатты сынға алады. Ғұмардың пікірінше, дін – ғылым мен білімге, еңбекке, адалдыққа негізделуі тиіс. Ол сопылықтың сыртқы белгілеріне ғана еліктеп, әрекет етпей, ғылым мен кәсіптен қашатын жалған сопыларды «надан» деп сипаттайды. Оның өлеңдерінде: «Бір Алла, бір Алла деп, ертеңді-кеш, Құдайды ренжітеді бимазалап» деген сияқты жолдар осы көзқарасын дәлелдейді.Ғұмардың бұл сындары дін өкілдері тарапынан қабылданбады. Оны шоқынған, дінбұзар, кәпір ретінде көрсеткісі келді. Ол туралы әртүрлі өсек таратып, халықтан алшақтатуға тырысты. Дегенмен, оның көзқарасын қолдағандар да болды. Е.Ысмайылов: «Ғұмар молда, ишандарды батыл әшкерелеп отыр. Бірақ ислам дінін жоққа шығармайды, Құран мен пайғамбар жолын бұлжымас қағида деп біледі» – деп орынды тұжырым жасайды.

Бүгінде Ғұмар Қараштың діни-философиялық, ағартушылық ойлары қазақ қоғамы үшін өзекті болып отыр. Ол рухани жаңғыру жолында діни фанатизммен емес, біліммен, ғылыммен күрес жүргізді. Дінді қоғам дамуы мен жеке тұлғаның жетілу жолына бағыттай білді. Жастарды ғылымға, білімге, еңбекке үндеді. Алаш зиялыларымен бірге ұлттық сананы оятуға, зайырлы, демократиялық мемлекет құруға атсалысты. Оның ойлары сол кезеңде толық қолдау таппағанымен, қазіргі уақытта өз бағасын алуда.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. https://madeniportal.kz/referat/gumar-qarastyn-pedagogikalyq-kozqarastary
2. https://zhasalash.kz/news/gumar-karash-shigarmashiligi-zhane-zhadidtk-kozkaras- 555c8d/
3. https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11762

УДК 94 (574)

ГУМАР КАРАШ И ВЛИЯНИЕ СОВРЕМЕННЫХ СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ

Аскарова М.А.

учитель русского языка и литературы, педагог-модератор Бокейординский район, село Уялы комплекс школа-ясли-сад имени Ш.Жексенбаева

***Түйіндеме**. Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы көрнекті ойшыл, ағартушы және әдебиетші Ғұмар Қараштың ұлттық сананы қалыптастырудағы идеялары мен еңбектері талданады. Автор оның ағартушылық көзқарастарының бүгінгі медиакеңістікте де өзектілігін атап өтеді. Сондай-ақ қазіргі ақпараттық дәуірде бұқаралық ақпарат құралдары Қараш идеяларын жаңаша түсіндіруге, білім мен мәдени құндылықтарды таратуға мүмкіндік беретіні көрсетіледі. Мақалада Қараш мұрасының жас ұрпақ санасын тәрбиелеуге ықпал ететіні және оны заманауи медиамен байланыстыра зерттеудің маңыздылығы айқындалады.*

***Тірек сөздер.**:Ағартушылық,ұлттық өзіндік сана, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), мәдени мұра*

В современном мире, где информация становится одним из самых ценных ресурсов, роль средств массовой информации (СМИ) в формировании общественного мнения и культурных ценностей невозможно переоценить. В этом контексте особое внимание заслуживает фигура Гумара Караша, выдающегося деятеля начала XX века,

который оставил заметный след в области образования, литературы и просвещения. Его идеи о ненасильственных изменениях и важности образования как инструмента для формирования национального самосознания остаются актуальными и в наши дни, особенно в свете стремительного развития медиаплатформ и их влияния на общественные процессы.

Гумар Караш, как литератор, философ и педагог, стал символом стремления к просвещению и культурному развитию своего народа. Его поэзия и философские размышления отражают глубокое понимание человеческой природы и социальных процессов, что делает его труды важными не только для своего времени, но и для современного общества. В рамках данной работы будет рассмотрена философия и поэзия Караша, а также его вклад в развитие образовательных инициатив, которые способствовали формированию национального самосознания и культурной идентичности.

Актуальность исследования заключается в том, что идеи Караша могут быть адаптированы к современным условиям, когда средства массовой информации играют ключевую роль в распространении знаний и формировании общественного мнения. В условиях глобализации и информационной перегрузки, важно понимать, как наследие таких мыслителей,

как Караш, может быть использовано для создания более ответственного и осознанного медиапейзажа. В частности, работа будет сосредоточена на том, как современные СМИ могут способствовать распространению идей, связанных с образованием и просвещением, а также на том, как они могут поддерживать ненасильственные изменения в обществе.

В рамках данной работы будут освещены несколько ключевых тем. Во-первых, будет проведен анализ литературного наследия Гумара Караша, его философских взглядов и поэтического творчества, что позволит глубже понять его подход к вопросам образования и просвещения. Во-вторых, будет рассмотрено влияние современных средств массовой информации на формирование общественного мнения и культурных ценностей, а также то, как идеи Караша могут быть интегрированы в современные медиапрактики. В-третьих, работа будет исследовать, каким образом современные платформы могут использоваться для продвижения образовательных инициатив и формирования активного гражданского общества, что является важным аспектом в контексте глобальных вызовов, с которыми сталкивается человечество.

Таким образом, данное исследование направлено на выявление взаимосвязи между наследием Гумара Караша и современными средствами массовой информации, а также на анализ того, как его идеи могут быть использованы для формирования более ответственного и просвещенного общества. В конечном итоге, работа стремится показать, что наследие великих мыслителей, таких как Караш, продолжает жить и вдохновлять новые поколения, а их идеи могут служить основой для создания более справедливого и гармоничного мира. Современные средства массовой информации становятся важным каналом для реинтерпретации идей Гумара Караша в условиях быстро меняющегося информационного ландшафта. В контексте его лирики, наполненной гражданским пафосом и гуманизмом, актуализация его наследия происходит через новые медиаформаты, которые доступны молодому поколению и способствуют осознанию культурных и исторических корней казахского народа.

Программы, такие как «Туған жер», активно популяризируют творчество Караша, организуя конкурсы и мероприятия, которые привлекают молодежь и побуждают её к самовыражению через поэзию. Участники этих мероприятий сами активно интерпретируют и адаптируют идеи Караша, создавая тексты, которые отражают их собственную гражданскую позицию и патриотизм [2]. В этом контексте можно отметить, что его мысль о необходимости образования как средства национального саморазвития становится особенно значимой, когда её осмысливают через призму современных медиа.

Адаптация идей Караша также присутствует в академическом дискурсе, где исследователи стремятся связать его концепции с современными вызовами, такими как вопросы восстановления исторической справедливости и сохранения культурной идентичности [6]. В результате его идеи оказывают реальное влияние на формирование национальной идентичности и культурной самосознательности, особенно в условиях глобализации и информационных изменений.

К примеру, в социальных сетях можно наблюдать, как пользователи делятся цитатами и размышлениями Караша, привязывая их к современным реалиям. Это демонстрирует, что его наследие активно адаптируется и перерабатывается для новых форм медиа, соединяя достижения прошлого с вызовами настоящего. Проводимые конференции, фестивали и культурные мероприятия также служат платформой для обсуждения его идей, что открывает новые горизонты для их восприятия и популяризации среди широкой аудитории [8].

Наличие доступных переводов и публикаций его произведений позволяет значительно расширить аудиторию его идей, обеспечивая возможность глубокого знакомства с творчеством Караша. Это подчеркивает важность медиа как инструмента для сохранения и передачи культурного наследия, а также для формирования новых подходов к интерпретации старых концепций [4]. Важным аспектом является то, что такие адаптации не просто отражают старое, но и вносят новые смыслы, направленные на современное общество и его вызовы.

Таким образом, жизненно важной становится необходимость адаптации к новым условиям, где медиаплатформы играют ключевую роль в распространении и интерпретации

наследия Гумара Караша. Это всего лишь один из примеров того, как культурные ценности могут переноситься и трансформироваться в контексте новых технологий и медийных форматов, позволяя им оставаться актуальными даже в наше время [1]. Заключение

В заключение данной работы следует подчеркнуть, что Гумар Караш, как выдающийся деятель начала XX века, оставил значительное наследие, которое продолжает оказывать влияние на современное общество. Его идеи о важности образования и формирования национального самосознания остаются актуальными и в условиях стремительного развития технологий и средств массовой информации. В условиях глобализации и информационного перенасыщения, идеи Караша о ненасильственных изменениях и просвещении становятся особенно важными, так как они подчеркивают необходимость критического мышления и осознанного подхода к информации.

Караш, будучи литератором, не только создавал произведения, которые вдохновляли его современников, но и формировал философские основы, которые могут быть адаптированы к современным реалиям. Его поэзия и проза, наполненные глубокими размышлениями о человеческой природе и обществе, служат источником вдохновения для многих современных авторов и педагогов. В условиях, когда средства массовой информации играют ключевую роль в формировании общественного мнения, идеи Караша о просвещении и образовании становятся основополагающими для создания ответственного и критически настроенного общества.

Современные медиаплатформы, такие как социальные сети, блоги и онлайн- курсы, предоставляют уникальные возможности для распространения идей Караша. Они позволяют не только делиться знаниями, но и формировать активное гражданское общество, где каждый может внести свой вклад в обсуждение актуальных вопросов. Важно отметить, что в условиях информационного потока, который мы наблюдаем сегодня, критическое восприятие информации становится необходимым навыком. Идеи Караша о необходимости образования и формирования самосознания могут служить основой для разработки образовательных программ, направленных на развитие медиаграмотности.

Кроме того, влияние современных средств массовой информации на общественное мнение невозможно переоценить. Они не только информируют, но и формируют представления о мире, создают образы и стереотипы. В этом контексте идеи Караша о ненасильственных изменениях и важности диалога становятся особенно актуальными. Они подчеркивают необходимость конструктивного общения и взаимопонимания, что особенно важно в условиях поляризации мнений и конфликтов, которые часто возникают в медийном пространстве.

Таким образом, можно сделать вывод, что наследие Гумара Караша продолжает жить и развиваться в современных условиях. Его идеи о просвещении, образовании и ненасильственных изменениях могут быть успешно адаптированы к современным медиаплатформам, способствуя формированию более ответственного и критически настроенного общества. Важно, чтобы современные поколения не только изучали его труды, но и применяли их в своей жизни, создавая тем самым более гармоничное и просвещенное общество, способное справляться с вызовами времени.

Список литературы

1. (PDF) Фетвы ахуна Гумара Караша: муфтийат и правовые... [Электронный ресурс] // www.academia.edu - Режим доступа: https://www.academia.edu/35552800/фетвы_ахуна_гумара_караша_муфтийат_и_правовые_столкновения_во_внутренней_ка захской_орде_в_начале_xx_века_islamology_2017_2, свободный. - Загл. с экрана

2. ГУМАР КАРАШ | Казинформ [Электронный ресурс] // www.inform.kz - Режим доступа: https://www.inform.kz/ru/gumar-karash_a2222586, свободный. - Загл. с экрана

3. Гумар Караш · Духовные деятели казахского народа · E-iSLAM [Электронный ресурс]

// e-islam.kz - Режим доступа: https://e-islam.kz/ru/biography/view/63/ , свободный. - Загл. с экрана

4. Гумар Караш — Википедия [Электронный ресурс] // ru.wikipedia.org - Режим доступа: https://ru.wikipedia.org/wiki/гумар_караш , свободный. - Загл. с экрана
5. Гумар Караш, биография и творчество писателя — РУВИКИ [Электронный ресурс] // ru.ruwiki.ru - Режим доступа: https://ru.ruwiki.ru/wiki/гумар_караш , свободный. - Загл. с экрана
6. Гумару Карашу – поэту и гражданину [Электронный ресурс] // kazpravda.kz - Режим доступа: https://kazpravda.kz/n/gumaru-karashu-poetu-i-grazhdaninu/ , свободный. - Загл. с экрана
7. Караш Гумар (1875-1921) — Алаш Орда [Электронный ресурс] // alash.semeylib.kz - Режим доступа: https://alash.semeylib.kz/?page_id=1220&lang=ru , свободный. - Загл. с экрана
8. О движении Алаш и Гумаре Караше — Приуралье - Газета... [Электронный ресурс] // priru.kz - Режим доступа: https://priru.kz /новости/приуралье-о-движении-алаш-и-гумаре- кар/, свободный. - Загл. с экрана

ӘОЖ 82.316.3

ӘДЕБИЕТ ПЕН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫҢ ТОҒЫСЫНДА: ҒҰМАР ҚАРАШ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Бірлесова Б.Б.
ф.ғ.м., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Б.Момышұлы атындағы №46 жалпы орта білім беретін мектебі, Орал қаласы

Резюме. *Гумар Караш – выдающаяся личность в казахской литературе и просвещении. Он придавал особое значение поднятию национального сознания и духовности, а также стремлению народа к знаниям. Его произведения глубоко раскрывают социально-духовное состояние казахского общества, критикуя несправедливость и невежество. Наследие Гумара Караша остается актуальным и сегодня, направляя будущее нации.*

Ключевые слова: *Гумар Караш, просвещение, национальное сознание, литература.*

Өзінің саналы ғұмырын ұлтты оятуға, қараңғы түнекке сіңіп бара жатқан ел санасына сәуле түсіруге арнаған, әдебиет пен ағартушылықтың алтын көпіріне айналған еткен тұлға – Ғұмар Қараш.

Ғұмар Қараш — заманалар тоғысында, империялық езгінің қыспағында тұншығып жатқан халықтың жоғын жоқтап, арын арлаған күрескер. Оның шығармалары – тұнжыраған түн қойнауынан жол іздеген жолаушыға темірқазықтай бағыт беретін рухани шамшырақ. Ол тек ақын ғана емес, ол – ойшыл, ұстаз, ағартушы һәм ел жанашыры. Ғұмар Қараш – халық рухының күзетшісі, сөздің құдіретін қару еткен, жүректің жарасын жырмен емдеген көсемсөз шебері.

ХХ ғасырдың басы – қазақ халқы үшін рухани сілкініс, ояну дәуірі болды. Осы кезеңде ел ішіне жаңғыру рухын таратып, білім мен өркениеттің шамын жаққан санаулы зиялылардың қатарында Ғұмар Қараштың орны айрықша. Ол – қаламын найза, ойын қорған, сөзін қылыш етіп, қазақтың көкірек көзін ашуға ұмтылған жандардың бірі. Оның поэзиясы – халықтың мұң-шерін айқайлап жеткізген жүректің үні, публицистикасы – ұлттық сананы оятуға шақырған ойдың үні [1,12].

Ғұмар Қараш әдебиетті тек көркем сөз өнері ретінде ғана емес, рухани жаңғырудың, ұлттық бірлік пен елдік сананың ошағы ретінде қарастырды. Ол үшін әдебиет — жанды сөз, тірі ағза. Ал ағартушылық – сол сөздің жарығын ел жүрегіне сіңіретін алтын арқау. Осы екі бағыт – әдебиет пен ағартушылық – Қараш шығармашылығында тел өріліп, бірін-бірі толықтырып,

тұлғаның жан дүниесімен біте қайнасып жатты.

Оның Қазан төңкерісіне дейін-ақ бірнеше кітабын жарыққа шығарып, мерзімді баспасөз беттерінде белсенді түрде жарияланған, халықтың көкейіндегі сан түрлі сауалдарға жауап беруге ұмтылған тұлға еді.

Ғұмардың замандастары оны қазақ үшін Абайдан кейінгі рухани көшбасшы ретінде бағалады. Бұл туралы 1921 жылы «Қазақ тілі» газетінде жазылған қазанама: «Ғұмардың атын Россиядағы қазақ елі түгел біледі десек, артық айтқандық емес. Елге білімді, саналы азаматтар аса қажет болып тұрған кезеңде, сондай ғалымның қаскөй қолынан қаза табуы – бүкіл қазақ қоғамы үшін орны толмас қасірет» – деп жазылды [2]. Бұл оның тек әдебиет пен ағартушылықта ғана емес, бүкіл ұлт санасында алар орнының маңызын көрсетеді. Ғұмар Қараштың философиялық көзқарастары оның 1910–1913 жылдары жарық көрген еңбектерінен анық байқалады. Атап айтқанда: *«Ойға келген пікірлерім»* (Орынбор, 1910),

«Өрнек» (Уфа, 1911), *«Бәдел-хажы»* (Қазан, 1913) кітаптарында ұлт, тәрбие, білім, ғылым, өнер және қоғам тағдыры туралы терең ойлары қамтылған. Ақын бұл еңбектерінде ғылым мен тәрбиеге негізделмеген сыртқы сән-салтанаттың еш мәні жоқ екенін алға тартады[3]. Мысалы, ол Толстойдың бейнелі сөзін келтіре отырып, былай дейді: «Аштықтан әлі кеткен арық сиырдың мүйізін әшекейлегеннен не пайда? Сол секілді, үлкен мешіт салып мақтанғанша, бір мектеп ашып, мұғалімдер дайындап, білім беру ісіне үлес қосқан дұрыс». Бұл пікірден оның ағартушылық бағыттағы ұстанымы, шынайы рухани қажеттіліктерге басымдық бергені айқын аңғарылады.

«Қазақстан» газетінде жарық көрген мақалаларында Ғұмар ғылым мен өнерсіз ұлттың келешегі жоқ екенін дәлелдеп жазды. «Тіршілік таласы» мақаласындағы басты Ғұмар Қараш тіршіліктің бар болмысы үздіксіз күрестен тұратынын мысалмен түсіндіреді: «Аң мен құс, балық пен жәндік – барлығы бірін-бірі жеп, өмір үшін таласып жатыр. Адам баласы да осы күрестен шет емес. Бірақ хайуандар тіс-тырнағын

пайдаланса, адамзат – ақыл мен ғылымды қолданады» – дейді. Ол бұл күресті «тіршілік таласы» деп атаған [4.14].

Ақын XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының күйзелісін, отарлық езгіден кейінгі әлеуметтік дағдарысын терең байқап, халықтың жағдайының күрт төмендеуін білімсіздікпен, даярлықсыздықпен байланыстырады. Оның пайымынша: «Ғылым мен өнерден құр қалған халық – суарылмаған теректей қуарып, ақыры тарих сахнасынан жойылады». Ал бір ғасыр бұрын жазған «Тіршілік таласы» мақаласындағы ойлар бүгін де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Оның:

- халықты ғылым мен кәсіпке бет бұруға үндегені;
- отарлықтан құтылу жолы ретінде білімді қоғам құруды ұсынғаны;
- жастардың ойын-күлкіге алданбай, заман өзгерісін танып-білуге шақырғаны қазіргі қазақ қоғамы үшін де маңызды [5,15].

Ол ұлттық даму мен өркендеудің жалғыз жолы – ақыл, білім, еңбек екенін дәлелдеп айтты. Ұлтты рухани тәуелсіздікке жеткізудің жолы ретінде ағартушылықты таңдаған Ғұмар Қараш – XX ғасыр басындағы ұлттық сана сілкінісінің символы.

Ғұмар Қараштың өлеңдері мен толғауларынан айрықша көркемдік ерекшеліктер мен сырлар байқалады. Оның шығармашылығында Абай, Махамбет, Мұрат сынды қазақ классиктерінің ықпалы күшті болғаны белгілі. Сонымен қатар, ғалымдар Е.Ысмайылов пен А.Нұрқатовтың айтуынша, оның шығармашылығында Бұқар, Дулат, Шәңгерей сияқты ерте кезең жырауларының өнегесі де айқын көрініс табады. Әсіресе, «Замана жайынан» толғауында ежелгі жыраулардың ықпалы анық аңғарылады.

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және ағартушылық-педагогикалық ойлардың дамуына XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен ағартушылығының көрнекті тұлғаларының бірі – Ғұмар Қараш өлшеусіз үлес қосқан. Соңғы жылдары ғана оның өмірі мен қызметі туралы мақалалар басылып, шығармалары жинақталғанымен, көп жылдар бойы оның педагогикалық-ағартушылық қызметі мен еңбектері коммунистік идеологияның ықпалымен еленбей, кітапханалардың қоймасында қалып қойған болатын. Коммунистік

партияның идеологтары халық тарихы мен рухани мұрасына балта шаба отырып, Ғұмар Қараштың есімін жария түрде айтуға да тыйым салды.

Дегенмен, тарихи ақиқаттың орнауымен бірге Ғұмар Қараштың құнды мұралары қайта оралды. Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімдегі баспасөз, мұрағаттарда оның есімі жиі кездеседі. XX ғасырдың басында ол татар, башқұрт, қазақ және орыс тілдерінде шыққан басылымдарда кеңінен танылып, Ресейдегі барлық түркі тілдес халықтардың назарын аударған тұлға ретінде бағаланды [6].

Отарлық саясат пен жаппай орыстандыру әрекеттерінің зардабын көтерген, халықты ұлттық бірлік пен ынтымақтастыққа шақырып, қазақ қоғамына даналық кеңестер берген қайраткерлердің бірі – дәл осы Ғұмар Қараш болды.

Ғұмар Қараштың «Неден қорқам?» атты өлеңі — терең әлеуметтік-философиялық мазмұнға ие, өз дәуірінің ең өткір қайшылықтарын, қоғамдағы жалғандық пен алаяқтықты әшкерелеген өткір сатира. Бұл туынды кеңестік идеология үшін аса қауіпті саналып, оның есімінің аталмауына, шығармаларының таратылмауына себеп болды. Өлең – тек қорқыныштың тізбесі емес, қазақ қоғамын іштен іріткен индеттердің көркем поэтикалық бейнесі.

Аждаһа алты басты жаудан қорқам, Бүлдірген ел арасын даудан қорқам. Күлімдеп кіріп, ішкі сырыңды алып, Құрылған аяқ асты аудан қорқам.

Ертеден кешке дейін бір іс етпес, Жатып іш жалқау – дені саудан қорқам.

Кім көрсе, соған айтқан сырдан қорқам,

Әңгіме сырдың түбі – жырдан қорқам. Сүзіліп, сопысынып дінді сатқан, Таңқы мұрт, таспа қара сұрдан қорқам. Бұлғақтап құр білімсіз, ағымға еріп, Білгенді еліктеген зырдан қорқам.

Ғұмар Қараштың «Неден қорқам?» өлеңі — XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани-әлеуметтік күйін терең толғаныспен сипаттайтын, сыни-тәжірибелік көзқарасқа негізделген маңызды туынды. Бұл өлең — ақынның ойшылдығы мен саяси көрегендігін дәлелдейтін шығармалардың бірі. Онда Ғұмар дәуірінің ащы шындығын бейнелі тілмен жеткізіп, болашаққа деген алаңдаушылығын ашық білдіреді[8].

Ақын өлеңде қарапайым халыққа төнген түрлі қауіп-қатерлерді бейнелі түрде тізбелей келе, надандық, жалған діндарлық, әділетсіздік, жалқаулық, сыртқы жылтырлыққа алдану, саяси сатқындық секілді кесапаттарды сынға алады. Ол кеңестік жүйенің «теңдік», «бақыт», «жұмақ» сынды ұрандарын бос сөзге балап, бұқараны елестің артынан ермеуге шақырады.

Ғұмардың бұл өлеңі – жалғыз қорқыныштар тізімі емес, керісінше, халықты ескерту, елдің болашағына алаңдаушылық білдіру, дұрыс жолға үндеу. Өлең философиялық тереңдігімен, әлеуметтік сыншылдығымен ерекшеленеді. Ақынның айтқандары бүгінгі заманда да өзектілігін жоғалтпаған: еліктеу, саяси манипуляция, жалған ұрандар, рухани дағдарыс сынды мәселелер әлі күнге дейін бар.

Қорыта айтқанда, «Неден қорқам?» – бұл жай ғана өлең емес, ұлттың ар-ожданына арналған рухани ескерту, ағартушылық үндеу. Ақынның әр жолы – елдің ертеңін ойлаған, халқын надандықтан сақтандырған көреген жүректің үні. Бұл туынды – Ғұмар Қараштың ағартушылық, саяси және әдеби тұлға ретіндегі айқын дәлелі.

Әлай ма, алаш, әлай-ма? Замана жайы бұлай ма? Түрін айтып заманның Жақсы менен жаманның Қозғаған сөзім ұнай ма? Бастан өткен күндерін, Есіткенін, білгенін Кәрілер сөйлеп жылай ма? Жалауының себебін Алашым, бізден сұрай ма? Сұраса айтып берейін Кешегі өткен заманның Жері менен суынан.

Ылдиы, жөнейт қырынан, Қыры менен құмынан, Ханы менен биінен, Батыры мен ерінен, Бәйбіше мен байынан, Жігіті мен қызынан.

Жұптап-жұптап берейін Онан шығып бүгінгі Заманға дейін келейін.

«Әлай ма, алаш» — қазақ халқының өткені мен бүгінін салыстыра отырып, өткен дәуірдің бай табиғаты мен әлеуметтік өмірін сағынышпен еске алатын туынды. Бұл өлеңде ақын қазақ елінің табиғатының, тұрмысының, мәдениетінің және халықтың өмір сүру салтының

байлығын ерекше лирикалық шеберлікпен суреттейді. Өленде қазақ даласының сұлулығы мен табиғи байлықтары — кең жайылымдар, таза өзендер, аңдар

мен құстардың шуы – жанды бейнеленеді. Ғұмар Қараш халықтың өткендегі тыныштығы мен табиғатпен үйлесімді өмір сүргенін сипаттай отырып, бүгінгі заманның өзгерістерін, кейде тіпті жоғалтуларды тебіреніспен жеткізеді. Ақын табиғат пен халық арасындағы тығыз байланысты айқын көрсетеді. Сонымен бірге өлең — қазақтың ұлттық тарихын, ата-баба мұрасын дәріптеуге бағытталған. Онда халықтың өткені туралы әңгіме кеңінен баяндалады: ерлер мен әйелдер, би мен батырлар, қарапайым халықтың тұрмысы мен тұрмыстық қиындықтары сөз болады. Ақын өткеннің асыл құндылықтарын сақтап, оларды ұмытпауға шақырады. Жалпылама алғанда, бұл өлең — ұлттың тарихи тағдыры мен рухани болмысын поэтикалық тұрғыда паш ететін шығармашылық еңбегі. Ғұмар Қараш қазақтың мәдениетін, табиғатын, қоғамының өзгерісін терең түсініп, оны оқырманға шынайы әрі әсерлі жеткізген. Өленнің астарында ұлтты сақтау мен дамыту қажеттігі, өткенді құрметтеу және қазіргі заманға бейімделу мәселелері жатыр.

Ғұмар Қараш – қазақтың рухани жаңғыруының жарқын өкілі, ұлттың ояну мен санасының көтерілуіне сүбелі үлес қосқан көрнекті ақын, публицист және ағартушы. Оның шығармашылығы қазақ әдебиеті мен қоғамының күрделі кезеңінде ұлттық болмыс пен мәдениетті сақтап қалудың маңызды амалы болды. Ғұмар Қараш өз туындыларында халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік әділетсіздіктерін ашық әрі өткір тілмен суреттеп, рухани дағдарыстан шығу жолдарын ұсынды. Ол әдебиетті халықтың жан дүниесін оятатын күш ретінде қарастырды, ағартушылықты ұлттық сана мен бірлікті нығайту құралы ретінде бағалады [9.18].

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Ғұмар Қараш қазақ қоғамындағы білім мен ғылымның дамуына ықпал етіп, ұлттық тәуелсіздік пен рухани бірлікке жол ашуға күш салды. Кеңестік биліктің қысымына қарамастан, оның шығармалары халық жадында сақталып, кейінгі кезеңде қайта жаңғыртылды. Оның «Неден қорқам?» және «Әлай ма, алаш?» сынды туындылары қазақ қоғамының өткенін, қазіргі күйін терең зерттеп, келешекке деген үміт пен сенімді нығайтты [10.104].

Ғұмар Қараштың мұрасы – бұл ұлттың рухани күшінің қайнар көзі, білім мен ағартудың, өнер мен әдебиеттің маңыздылығын айқындайтын асыл қазына. Ол қазақ халқының ұлы тұлғалары – Абай, Махамбет, Мұрат секілді классиктердің дәстүрін жалғастырып, жаңа дәуір талабына сай ұлттық мәдениетті жаңғыртты. Ғұмар Қараштың шығармашылығы бүгінгі қазақ қоғамы үшін де өзекті болып қала береді, себебі ол ұлттың дамуындағы ең негізгі құндылықтар - білім, руханият, әділеттілік пен бірлік мәселелерін үнемі алдыңғы орынға қоя білді.

Қорыта келгенде, Ғұмар Қараш – ұлттың тарихы мен рухын сақтап, келешек ұрпаққа жеткізген кемеңгер тұлға. Оның әдеби және ағартушылық қызметі қазақ қоғамының рухани дамуында ерекше маңызды орын алады және қазақ зиялыларының ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын асыл мұрасы ретінде мәңгілік сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғұмар Қараш. Замана. (Өлең, толғаулар, пәлсапалық ой-толғамдар, мақалалар). Құрастырған Қ.Сыдиықов. – Алматы: Ғылым, 1998. – 240 б.
2. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив (БҚОМА.) 312 - қор, 1- тізбе, 8 - іс. 3.Ысмағұлов М. Ғұмар Қарашев. Қолжазба. Батыс Қазақстан облыстық тарихи - өлкетану музейі (БҚОТӨМ), М.Ш. Ысмағұлов қоры. 12 - қор, 3- бума.
4. Ғұмар Қараш Педагогика // Мұғалім. – 1919. – № 2. Б. 10-19.
5. Ғұмар Қараш Педагогика // Мұғалім. – 1919. – № 7. Б. 12-17.
6. Ысмағұлов М. Ғұмар Қараштың тәлім - тәрбиелік ой - пікірлері // Қазақстан мұғалімі. –1959. – №21/ 34. 21 - май.
7. Боранбаева Б.С. Ғұмар Қараш. Қоғамдық саяси қызметі. Монография. . – Алматы: Арыс. – 1998. – 232 б.

8. Ғұмар Қараш Жаңа шыққан жастарға // Социалистік Қазақстан. 1989. 15 желтоқсан.
9. Ғабдолла Мұштақ Қарлығаш. – Қазан: 1911. – 28 б.
10. Кенжеалиев И. Ғұмар Қараш. – Орал. Оқу құралы. – Орал: БҚМУ баспаханасы, 2004. – 136 б.

ӘОЖ 373.3

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ШЕТТІЛДІК ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫ ТҮСІНІГІ, ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Жулкашова А.О.
мұғалім,«№5 Жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, Орал қ.

Резюме*.В статье рассматривается понятие лексических навыков на английском языке и их роль в формировании коммуникативной компетенции учащихся. Подчеркивается важность фонетических, семантических, морфологических и прагматических компонентов для развития словарного запаса. Особое внимание уделяется современным подходам к обучению, включая игровые методы и использование аутентичных материалов.*

Ключевые слова. *Лексические навыки, коммуникативная компетенция, словарный запас, игровые методы.*

Шетел тіліндегі лексикалық дағдылар оқушының сөздерді әртүрлі коммуникативті контексте тану, түсіну және тиімді қолдану қабілетін білдіреді. Бұл дағдылар тілді меңгерудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оқушының ағылшын тілінде оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу қабілетіне тікелей әсер етеді. Лексикалық құзыреттілік көбінесе коммуникативтік құзыреттілік негізі болып саналады, өйткені ол оқушыларға мағынаны жеткізуге, басқаларды түсінуге және мазмұнды, әрі мағыналы әңгімелесуге қатысуға мүмкіндік береді. Сөздік қоры жеткілікті болмаса, тіпті грамматиканы жақсы меңгерген оқушылар да өз ойын еркін және дәл жеткізуге қиналады.

Лексикалық дағдылардың дамуы бірте-бірте жүзеге асады және жүйелі түрде қайталауды және әртүрлі оқыту әдістерін қолдануды талап етеді. Н.Шмитттің пікірінше, сөздік қорды меңгеру айқын және жасырын оқыту процестерін қамтиды [1]. Айқын оқыту (explicit learning) сөздерді және олардың мағыналарын тікелей оқытуды қамтиды, ал жасырын оқыту (implicit learning) оқу және тыңдау әрекеттері сияқты контексте қайталанатын іс-әрекеттер арқылы жүзеге асады.

И.Нейшен сөздік қорын меңгеру рецептивті (сөздерді тану және түсіну) және өнімді (сөйлеу немесе жазу кезінде сөздерді қолдану) дағдыларын қамтитынын атап көрсетеді. Ол сөздік оқудың төрт тармақты құрылымын ұсынады: мағынаға бағытталған кіріс, мағынаға бағытталған шығыс, тілге бағытталған оқыту және еркін сөйлеуді дамыту. И. Нейшен оқышуларға әртүрлі контексттегі сөздерді қайталау қажет екенін және тәжірибе айқын және жасырын оқытуды қамтуы керек екенін ұсынады. Айқын оқыту сөздерді үйренуге бағытталған саналы күш-жігерге бағытталған, ал жасырын оқыту тілді табиғи қолдану арқылы жүзеге асады. И. Нейшеннің сөздік туралы жұмыстарының тереңдігі сөздің мағынасын, оның формасын (айтылуы, жазылуы), контекстте қолданылуы және оның тіркесімі сияқты әртүрлі аспектілерге бағытталған [2, б. 11].

Д.А.Уилкинс «Грамматикасыз өте аз нәрсені жеткізуге болады, бірақ сөздіксіз ештеңе жеткізу мүмкін емес» деп атап, тіл меңгерудегі лексикалық дағдылардың іргелі рөлін көрсетеді [3, б. 111-112].

Лексикалық дағдылар сөз мағыналарын білуді ғана емес, сонымен қатар сөзжасамды,

тіркестерді, идиоматикалық тіркестерді және стильдік реңктерді түсінуді де қамтиды. Лексикалық дағды өнімді сөйлеуде басқа бірліктермен тіркесу нормаларына сәйкес және ұйғарымға адекватты лексикалық бірлікті таңдаудың автоматтандырылған әрекеті, сондай-ақ рецептивтік сөйлеудегі мағынаны автоматтандырылған қабылдау және байланыстыру ретінде анықталады [4, б. 340]. Лексикалық дағдыларды тиімді дамыту үшін оқушылар сөздердің денотативті мағыналарын ғана емес, сонымен қатар олардың коннотативтік мағыналарын, контексте қолданылуын және сәйкес грамматикалық функцияларды меңгеруі керек.

Лексикалық дағдыларды тиімді қалыптастыру үшін бірнеше негізгі факторларды ескеру қажет:

- Тұрақты әсер ету: есте сақтауды және практикалық қолдануды жеңілдету үшін оқушылар әртүрлі контексттегі жаңа сөздермен жиі өзара әрекеттесуді қажет етеді.
- Мағыналы мәтінмәндер: сөздік оқушыларға сөзді қолдануды тереңірек түсінуге көмектесетін оқшау сөздер тізімі ретінде емес, мағыналы жағдайларда ұсынылуы керек.
- Белсенді қатысу: оқушылардың сөйлеу және жазу тапсырмаларында сөздік қорын белсенді пайдалануын талап ететін әрекеттер есте сақтауды айтарлықтай жақсартады.
- Көп сенсорлық оқыту: көру, есту және кинестетикалық элементтерді біріктіру сөздік қорды меңгеруді және есте сақтауды жақсартады.
- Технологияларды және цифрлық құралдарды пайдалану: сандық қолданбалар, онлайн ойындар және интерактивті платформалар сөздерді оқуды серпінді және тартымды ете алады.

Лексикалық дағдыларды дамыту қарым-қатынаста сөздік қорды тиімді пайдалануға ықпал ететін бірнеше негізгі компоненттерді қамтиды. Бұл компоненттерге мыналар жатады:

1. Фонетикалық компонент – сөздерді дұрыс айту, екпін үлгілерін тану және фонетикалық вариацияларды түсіну. Мысалы, «read» сияқты сөздер қазіргі және өткен шақта әртүрлі айтылуы мүмкін, ал ол фонетикалық хабардарлықты қажет етеді.
2. Семантикалық компонент – сөз мағыналарын, синонимдерді, антонимдерді және көп мағыналылықты түсіну. Мысалы, «bank» сөзі контекстке байланысты қаржы мекемесін немесе өзен жағасын білдіруі мүмкін.
3. Морфологиялық компонент – сөзжасамды, оның ішінде префикстерді, жұрнақтарды және түбір сөздерді түсіну. Мысалы, аффиксация арқылы «happy» сөзін «unhappiness» сөзіне айналдыру.
4. Синтаксистік компонент – сөздердің сөйлем құрылымындағы қызметі туралы білім. Мысалы, «She gave him a book» деген сөйлемде «book» сөзі тікелей толықтауыш болып табылады және оның сөйлемдегі орны сөйлемді түсіну үшін шешуші рөл атқарады.
5. Коллокациялық компонент – типтік тіркестердегі сөздерді тану және қолдану мүмкіндігі. Мысалы, ағылшын тіліндегі «do a decision» дегеннен гөрі «make a decision» табиғирақ.
6. Прагматикалық компонент – сөздер мен сөз тіркестерінің әртүрлі әлеуметтік және мәдени контексттерде қалай қолданылатынын білу. Мысалы, «How are you?» денсаулық туралы шынайы сұрау емес, сәлемдесу қызметін атқарады.

Лексикалық дағдыларды тіл үйренудегі және қарым-қатынастағы қызметіне қарай жіктеуге болады. Негізгі түрлеріне мыналар жатады:

1. Рецептивтік лексикалық дағдылар – тыңдау және оқу кезінде сөздерді тану және түсіну қабілеті. Мысалы, мәтінді оқығанда оқушы контекстен сөздердің мағынасын, тіпті таныс болмаса да тануы керек.
2. Өнімді лексикалық дағдылар – сөздік қорды ауызша және жазбаша белсенді пайдалана білу. Эсседе «good» деген сөздің орнына «astonishing» сөзін қолданған оқушы өнімді лексикалық дағдыларын көрсетеді.
3. Белсенді лексикалық дағдылар – оқушының сөйлеуде және жазуда жиі қолданатын сөздері. Мысалы, «go», «do», «have» сияқты жиі қолданылатын етістіктер осы категорияға жатады.

4. Пассивті лексикалық дағдылар – оқушы түсінетін, бірақ қарым-қатынаста белсенді қолданбайтын сөздер. Мысалы, оқушы оқу үзіндісінде «exacerbate» сөзін түсінуі мүмкін, бірақ оны әңгімеде сирек қолданады.

5. Мәнмәтіндік лексикалық дағдылар – контекст негізінде сөз мағыналарын анықтау мүмкіндігі. Мысалы, «She has a bright future» дегендегі «bright» сөзі жарыққа емес, ақылға немесе табысқа қатысты.

Лексикалық дағдылардың қалыптасуын бағалау критерийлеріне тоқталып өтсек. Лексикалық дағдының қалыптасу дәрежесін бағалау үшін келесідей нақты критерийлерді ескеру қажет:

1. Сөздерді қолдану ауқымы – оқушы қарым-қатынаста белсенді және пассивті қолдана алатын сөздер мен сөз тіркестерінің саны.

2. Сөздерді қолданудағы дәлдік – грамматикалық және стилистикалық контексте сөздердің дұрыс қолданылуы. Сөз таңдаудағы қателер, мысалы, «large amount» сөзінде

«large» сөзінің орнына «big» сөзін қолдану лексикалық дағдылардағы олқылықты көрсетеді.

3. Сөздерді еске түсіру жылдамдығы – сөйлесу және жазу кезінде сөздерді жылдам еске түсіру және қолдану мүмкіндігі.

4. Сөздерді контекстте қолдана білу – әр түрлі коммуникативті жағдайларда сөздік қорды орынды қолдану қабілетін көрсетті.

5. Есте сақтау және ұзақ мерзімді есте сақтау – уақыт өте келе меңгерілген сөздік қордың тұрақтылығы және оны белсенді қолданысқа енгізу.

Жалпы білім беретін мектепте оқу барысында оқушылар лексикалық бірліктердің мағынасы мен формаларын меңгеріп, оларды ауызша және жазбаша қарым-қатынастың әртүрлі жағдаяттарында қолдана білуі, яғни сөйлеудегі қызметін білуі керек [5, б. 155].

Лексикалық дағдыларды меңгеру барысында сөйлеу және жазу кезінде келесі дағдылар, біліктіліктер мен білімдер қажет:

а) өнімді дағдылар: коммуникативті ниетке сәйкес сөздерді/сөз тіркестерін дұрыс таңдау; синтагмалар мен сөйлемдердегі сөздерді дұрыс біріктіру; лексика-семантикалық және лексика-тақырыптық бірлестіктер туралы білімге ие болу; жаңа сөздерді бұрын үйренген сөздермен біріктіру;

б) рецептивті дағдылары: сөздің дыбыстық/бейнелік бейнесін семантикамен сәйкестендіру; сөйлеу ағымындағы оқытылатын сөздерді/сөз тіркестерін тану және түсіну; контекст арқылы сөздердің мағынасын ашу;

в) лексика саласындағы әлеуметтік-мәдени білім мен дағдылар: эквивалентті емес лексиканы білу және оны мәтіндерде түсіне білу; оқытылатын тіл елдеріндегі тұрмыстық заттар мен нысандарды білдіретін лексиканы білу; сөйлеу және этикет формулаларын білу;

г) лексика саласындағы лингвистикалық білім: лексикалық бірліктердің сөзжасам ережелерін және олардың үйлесімділігін білу; жеке сөздердің этимологиясын білу; әртүрлі тілдерде мағынасы әр түрлі өрнектелетін ұғымдарды білу [6, б. 288].

Басқа дағдылар сияқты лексикалық дағдыларды дамыту үш кезеңді қамтиды:

а) таныстыру: бірінші кезеңнің маңызды мәселесі – сөздік құрамды енгізу және семантизациялау, яғни лексикалық бірліктердің мағынасын ашу [5, б. 156].

б) жаттығу: оны қолдануда мақсатты оқытуды ұйымдастыру [5, б. 159]. в) оқу материалын қолдану/сөйлеу тәжірибесі [5, б. 157].

Оқушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыруда бірқатар мәселелер және шешімдер туындайтынын атап өтуге болады. Шетел тілін оқытуда лексикалық дағдыларды дамыту іргелі, бірақ күрделі процесс. Сөздік тіл құзыреттілігінің негізі болып табылады, бұл оқушылардың түсінуіне, қарым-қатынасына және ойын тиімді

жеткізуіне мүмкіндік береді. Дегенмен, сөздік қорды меңгеру көбінесе екінші тілді меңгерудің ең қиын аспектілерінің бірі болып табылады, әсіресе сынып жағдайында. Бұл қиындыққа әртүрлі психологиялық, педагогикалық және әдістемелік факторлар ықпал етеді.

Ең басты мәселенің бірі –жатқа жаттауға тәуелділік. Лексиканы оқытудың дәстүрлі

әдістері көбінесе оған сәйкес контекстсіз немесе оларды практикалық қолданбастан оқшауланған сөздер тізімін есте сақтауға баса назар аударады. Бұл үстірт оқуға әкеледі, мұнда оқушылар мағыналарды уақытша еске түсіруі мүмкін, бірақ сөздерді сөйлеуде немесе жазуда орынды қолдануға қиналады. Қайталанатын жаттығусыз және контекстік қолданусыз сөздік тез ұмытылады. Бұл мәселе сабаққа қатысудың жеткіліксіздігінен одан әрі шиеленісе түседі, өйткені оқушыларсөздік оқуды монотонды және нақты қарым-қатынастан ажыратылған деп қабылдауы мүмкін.

Тағы бір жиі кездесетін мәселе лексиканың коммуникативті практикамен жеткіліксіз интеграциялануында. Сөздік тыңдау, сөйлеу, оқу және жазумен біріктірілген құрамдас бөліктен гөрі тәуелсіз дағды ретінде жиі қарастырылады. Нәтижесінде оқушылар пассивті контексттегі сөздерді тануы мүмкін (мысалы, оқу кезінде), бірақ оларды белсенді қарым-қатынаста қолдануға сенімділік немесе еркіндік жетіспейді. Сонымен қатар, сөздік тіркестерді, сөзжасамды ескермей оқытылатын болса, оқушылар сөздердің өмірдегі дискурста қалай қызмет ететінін терең түсінбейді.

Тағы бір қиындық – сөздік оқытудағы жекелендіру мен саралаудың жоқтығы. Оқушылар қызығушылықтарымен, танымдық стильдерімен, алдыңғы білімдерімен және тілді меңгеруімен ерекшеленеді. Бір өлшемді тәсіл оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандырмайды, бұл сөздік оқудың тиімділігін төмендетеді. Кейбір оқушылар үшін сөздік қорды меңгеру қарқыны тым баяу болуы мүмкін, бұл зерігуге әкеледі, ал басқалары лексиканы тым қиын немесе дерексіз деп тауып, бұл оларда алаңдаушылық пен жігерсіздікті тудыруы мүмкін.

Сонымен қатар, сөздерді шынайы тілдік ортаға кірістіруге шектеулі әсер ету лексикалық дамуды тежейді. Көптеген тіл үйренушілер, ең алдымен, ана тілінде сөйлейтіндер қолданатын динамикалық, идиоматикалық және контекстке бай лексиканы көрсетпейтін оқулық тілін қолданады. Бұл оқушылардың нақты өмірлік жағдайларда сөздік қорын түсіну және пайдалану қабілетін шектейді.

Осы мәселелерді шешу үшін заманауи педагогикалық шешімдер мағыналы, интерактивті және оқушыға бағытталған стратегияларға ауысты. Тиімді тәсілдердің бірі лексиканы тақырыптық бірліктер мен әндер, мақалалар, қысқа бейнебаяндар және нақты өмірдегі диалогтар сияқты шынайы материалдар арқылы контекстке енгізуді қамтиды. Бұл оқушыларға сөздердің мағынасын ғана емес, олардың белгілі бір контексте қолданылуын да түсінуге көмектеседі.

Тағы бір құнды шешім – сөздік оқуды коммуникативті тапсырмаларға кірістіретін тапсырмаларға негізделген тілді оқыту құрылымы. Оқушылар проблеманы шешу, пікірталас немесе модельдеу сияқты мақсатты тапсырмалармен айналысқанда, олардың жаңа сөздік қорын пайдалану және есте сақтау ықтималдығы жоғары болады, өйткені ол мағыналы әрекеттестікке байланысты.

Көрнекі құралдарды, ым-ишараны және мультимодальды енгізуді кірістіру оқушылар үшін лексикалық меңгеруді күшейтеді. Сөздік карталар, флэш-карталар, инфографика және сандық құралдар ауызша енгізуді кескіндермен немесе нақты әлем тәжірибесімен байланыстыру арқылы жады мен түсінуді қолдайды.

Ойын арқылы оқытуды қолданудың өсуі тағы бір перспективалы шешімді ұсынады. Мұқият ойластырылған кезде, ойындар сөздік оқуды қызықты және мағыналы тәжірибеге айналдырады. Бәсекелестікті, ынтымақтастықты және марапаттауды біріктіре отырып, ойындар мотивацияны және монотондылықсыз қайталауды арттырады. Маңыздысы, ойындар оқушыларға сөздік қорын тиімді түрде өз бетінше

түзетуге және ішкі қабылдауға көмектесетін дереу кері байланыс жасауға мүмкіндік береді.

Осы әдістердің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мұғалімдер сөздік қордың дамуын бақылап, соған сәйкес оқытуды түзету үшін қалыптастырушы бағалау стратегияларын сабаққа кірістіруі керек. Өзін-өзі бағалау, бірін-бірі тексеру және сөздік журналдары оқушыларды өздерінің жетістіктері туралы ойлануға және оқу үшін жауапкершілік алуға ынталандырады.

Қорытындылай келе, ағылшын тілін оқытуда лексикалық дағдыларды дамыту есте сақтаумен шектелмейтін көп қырлы тәсілді қажет етеді. Мұғалімдер ойын сияқты интерактивті

және тартымды әдістемелер арқылы белсенді, контекстік және жекелендірілген сөздік пайдалану мүмкіндіктерін жасауы керек. Дәстүрлі лексиканы оқытудың мәселелерін шешу және оқушыға бағытталған тәжірибелерді қолдану арқылы педагогтар оқушылардың лексикалық құзыреттілігін және жалпы коммуникативтік дағдысын айтарлықтай арттыра алады.

Сонымен, лексикалық дағдыны қалыптастыру фонетикалық, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, коллокациялық, прагматикалық компоненттердің бірігуін қажет ететін күрделі процесс. Сөздік қорды тиімді меңгеру қабылдау мен танудан толық автоматтандыруға және өздігінен қолдануға дейінгі құрылымдық прогресстен кейін жүреді. Лексикалық құзыреттілікті бағалау сөздік ауқымын, дәлдігін, еске түсіру жылдамдығын және контекстік қолдануды қоса алғанда, көптеген критерийлерге негізделеді. Тіл үйренудегі сөздік қордың маңызды рөлін ескере отырып, лексикалық дағдыларды дамыту келесі бөлімдерде қарастырылатын ойын негізіндегі оқытуды қоса алғанда, әртүрлі және тиімді оқыту әдістемелері арқылы басымдыққа ие болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Schmitt N. Researching Vocabulary: A Vocabulary Research Manual. – New York: Palgrave Macmillan, 2010. – 386 p. URL: http://dx.doi.org/10.1057/9780230293977 (Date of access: 14.11.2024).

2 Nation I. S. P. Learning Vocabulary in Another Language. – Cambridge University Press, 2001. – 477 p.

3 Wilkins D.A. Linguistics in language teaching.–London: Edward Arnold, 1972. – 243 p.

4 Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: ИКАР, 2009. – 340 с.

5 Солонцова Л.П. Современная методика обучения иностранным языкам (общие вопросы, базовый курс): учебник для студентов педагогический специальности и преподавателей иностранных языков разных типов образовательных учреждений. – Алматы: Эверо, 2015. – 373 с.

6 Гальскова Н.Д. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика: учеб. пособие для студ. лингв. ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Академия, 2009. – 336 с

ӘОЖ 81:373

ОРЫС МЕКТЕБІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ (5-СЫНЫП БОЙЫНША)

Жулкашова Жаннагуль Уразгалиевна

«А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Орал қаласы

***Резюме**.В статье рассматриваются методические основы формирования навыков устной речи у учащихся 5 класса в русскоязычной школе на уроках казахского языка и литературы. Особое внимание уделено роли устной речи в развитии коммуникативной компетенции, приведены практические задания и методы (диалог, ролевая игра, пересказ, дискуссия), способствующие развитию речевых умений школьников. Автор подчеркивает значимость создания благоприятной речевой среды для повышения интереса к изучению*

государственного языка.

***Ключевые слова**: казахский язык, устная речь, коммуникативная компетенция, учащиеся 5 класса, методика, диалог, ролевая игра, пересказ, дискуссия, литература*

Білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу- заманауи ұстаздың басты міндеті. Қазақ тілі сабақтарында еркін қарым-қатынас жасауға, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырса, оқушы қазақ тілінде берілген кез-келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақстандағы көптілді білім беру жағдайында мемлекеттік тілді меңгерту, қолданыс аясын кеңейту, оны әрбір азаматтың еркін меңгеруіне жағдай жасау – басты мақсаттардың бірі. Қазіргі білім беру жүйесінде тілдік дағдыларды қалыптастыру – оқушылардың интеллектуалды және коммуникативтік дамуының маңызды аспектісі. Қазіргі таңда орыс тілінде оқытылатын мектептерде қазақ тілін оқыту ерекше маңызға ие. Себебі мемлекеттік тілді меңгеру – тек тілдік құбылыс емес, сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынастың, ұлттық бірегейліктің және қазақстандық патриотизмнің басты көрсеткіші. Қазіргі таңда орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыру, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту. Бұл құзыреттілік ең алдымен айтылым әрекеті арқылы жүзеге асады. Әсіресе, 5-сынып оқушыларына қазақ тілін оқыту барысында айтылым әрекетіне ерекше көңіл бөлу қажет, өйткені бұл кезең – оқушылардың тілдік қабілетін қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Оқушы алған білімін өмірде қолдана білу үшін өз ойын еркін, нақты, жүйелі жеткізе алуы тиіс. Айтылым – тілдің ауызша қалыптасқан көрінісі, ол оқушының сөздік қорын, грамматикалық ережелерді қолдану қабілетін және коммуникативтік шеберлігін көрсетеді. Бұл мақалада 5-сынып оқушыларының айтылым қабілетін дамытуға арналған ғылыми-әдістемелік негіздер қарастырылады.

«Қандай тиімді әдістер арқылы айтылым дағдысын дамытуға болады?» іс-әрекетті зерттеу тобының өз алдына қойған зерттеу мәселесі. Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістердің барлығы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға алып келеді. Бұл - біз тәрбиелеген оқушылар өзіне қажетті білімді ала білуге, оны өмірде қолдана алуға және өмір бойы өз білімін жетілдіруге дайын болуы керек дегенді білдіреді. Қазіргі таңдағы білім беру үрдісі үлкен өзгерістерге бет бұруда. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтарда оқушылар өз білімдері мен ұстанымдары туралы ойланады, бір-бірін оқытады, топпен бірігіп жұмыстанады, белгілі бір тақырыпты оқу үстінде көзқарастарын өзгертеді, өз болжамдарына сыни көзқараспен қарауға үйренеді, өз пікірін фактілермен дәлелдеуге үйренеді. Сол арқылы өз түсініктерін тереңдетіп, кеңейтеді. Құзырлы оқытудың маңызды факторы: мұғалімнің оқушыға тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін қамтамасыз ету болып табылады. Осылайша оқушы өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында сезініп, қабылдайды. Оқушылардың білім және білік дағдыларын қалыптастыратын әдіс- тәсілдер көп болғанымен оның ішінен тиімдісін таңдап алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Айтылым дегеніміз не? Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренулен гөрі оны

қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда, айтылым дегеніміз-өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану. Айтылым дағдысы – бұл тілдің ауызша қолданылуы барысында оқушыда қалыптасатын, нақты коммуникативтік жағдайларға бейімделген сөйлеу қабілеті. Теориялық тұрғыдан айтылымды дамыту тіл үйренушінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық дағдыларын қатар дамытуды талап етеді. Оқытушының рөлі – оқушыны дұрыс айтылымға бағыттап, оның тілдік қорын байыту арқылы сөйлеу шеберлігін қалыптастыру.

Айтылым – тілдік қатынастың негізгі түрі, оқушының өз ойын еркін жеткізу, пікір білдіру, сұрақ қою және жауап беру қабілеттерін қалыптастырады. Сондықтан 5- сыныпта қазақ

тілін оқыту барысында айтылым дағдысын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Бұл мақалада орыс мектебіндегі 5-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында айтылым әрекетін қалыптастырудың әдістемелік жолдары қарастырылады.

Айтылым – тілдік қатынастың негізгі түрлерінің бірі. Ол оқушының ойлау қабілетін, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамытады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында айтылымды дамыту арқылы оқушылардың тілге деген қызығушылығы артып, шығармашылық қабілеті қалыптасады. Оқушының тіл үйренудегі белсенді әрекеті болып табылады. Бұл дағды арқылы оқушылар ойларын жеткізуді, сұрақ қоюды, пікір білдіруді, өз ойын дәлелдеуді үйренеді. Қазақ тілін меңгертуде айтылым әрекеті тек тілдік жаттығулармен шектелмей, коммуникативтік жағдаяттар арқылы жүзеге асуы тиіс.

Айтылым дағдысын қалыптастыру дегеніміз – оқушылардың сөз мәдениетін, сөйлеу әдебін қалыптастыру, өз ойын дұрыс, нақты және толық жеткізе білуге машықтандыру болып табылады. Тілді жетік меңгерген және оны орынды қолданатын оқушы кезкелген ортада коммуникативтік қатынасқа түсе алады. Сонымен қатар сабақталаған білімі мен білігін, дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында қолдана алуы тиіс.

Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін адамзат даярлау – басты мақсат. Тілді оқыту оңай емес іс екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет.

Айтылым дағдысын дамыту арқылы оқушылардың:

Сөздік қоры кеңейеді;

Өз ойын дәлелді жеткізу қабілеті артады;

Қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға ынтасы күшейеді; Сөйлеу мәдениеті қалыптасады.

Бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті белсенді, қиялы дамыған, бірақ сөздік қоры жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан мұғалімдер оқушыларды сөйлету үшін қолайлы орта құрып, қарапайымнан күрделіге қарай тапсырмалар беруі қажет.

5- сынып оқушыларының ерекшеліктері:

Қызығушылықтары жоғары, бірақ тұрақсыз. Әңгімелеуге бейім;

Ойын ашық айтуға ұмтылады;

Танымдық белсенділігі артқан, ойлау қабілеті дамуда. Диалогқа, топтық жұмысқа бейім.

Сұраққа қысқа жауап берумен шектелуі мүмкін.

Сондықтан мұғалім оқушыларды толық сөйлемдермен жауап беруге, ойын толық жеткізуге үйретуі тиіс. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, сабақта ойын, рөлдік жаттығулар, диалог құрастыру, пікірталас элементтерін енгізу тиімді.

Айтылымды дамыту үшін мұғалім түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануы қажет. Олардың ішінде:

Диалогтік сөйлесу – жұптық және топтық жұмыс ұйымдастыру, сұрақ-жауап арқылы қарым-қатынасқа түсу.

Рөлдік ойындар – өмірлік жағдаяттарға еліктеу. Мысалы, «дүкенде», «қонақта», «емханада» сияқты жағдайларды сахналау.

Әңгімелеу – сурет бойынша, көрген фильм немесе оқыған мәтін бойынша мазмұндау. Пікірталас – қарапайым тақырыптарда өз ойын дәлелдей білу. Мысалы: «Жаз – ең жақсы мезгіл», «Телефон ба, әлде кітап па?»

Шығармашылық тапсырмалар – өлең оқу, мақал-мәтелді қолдану, сахналық қойылымдар дайындау.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылатын әдістер Айтылымды дамытудың тиімді әдістері:

“Ыстық орындық” әдісі – бір оқушы сұрақтарға жауап береді, қалғандары тыңдайды. “Еркін микрофон” әдісі – оқушылар өз ойын қысқаша білдіреді.

“Сұхбат құру” – берілген тақырыпта жұппен сөйлесу. “Суреттер сөйлейді” – суретке

қарап әңгіме құрау.

Әдеби кейіпкерлерді сахналау – әдеби шығармалардан үзінділерді сахналау арқылы сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Бұл әдістер оқушылардың сөздік қорын байытып, еркін сөйлеуге баулиды. Сабақ үлгісі 1

Тақырып: «Менің отбасым»

Жаттығу: Сурет бойынша отбасы мүшелерін сипаттау. Диалог: «Отбасымызда кім не істейді?» тақырыбында әңгіме.

Ойын: «Құпия отбасы» (бір оқушы отбасы мүшесін сипаттайды, қалғандары табады). Сабақ үлгісі 2

Тақырып: «Жыл мезгілдері»

Рөлдік ойын: «Ауа райы болжамшысы» (бір оқушы жүргізуші, қалғандары ауа райын сипаттайды).

Әңгімелеу: «Менің сүйікті жыл мезгілім» тақырыбында қысқа шығарма айту. Шығармашылық тапсырма: жыл мезгіліне байланысты мақал-мәтел айтып жарысу. Сабақ үлгісі 3

Тақырып: «Достық»

Әңгіме құрастыру: «Менің ең жақын досым» тақырыбында сөйлеу. Рөлдік ойын: «Достар арасындағы әңгіме» (телефон арқылы сөйлесу).

Пікірталас: «Дос көп болғаны жақсы ма, әлде бір сенімді дос болғаны ма?» Бұл сабақ үлгілері оқушыларды қазақша еркін сөйлеуге жетелейді.

Іс-әрекетті зерттеу жұмысы барысында оқушылардың айтылым дағдысын дамыту бойынша «Керемет пікірталас», «Елшілер», «Мұражайға саяхат», «TED әңгімелері (talks)», «Дебат-диалог», «Журналистік сұрақтар» сияқты бірнеше әдіс-тәсілдер зерттеліп, тиімділері анықталды.

Бала табиғатына сай, оқушылар әңгімелескенді, пікір таластырғанды ұнатады. Мұғалімдер өз тәжірибесінде оқушылармен әңгімелесуді қолданса да, көбіне талқылауды өзі басқарып, оқушылардың идеяларын түзетіп немесе толықтырып, дұрыстап айтуды талап етеді. Мұндай әңгімелесуге барлық оқушылардың қатысу мүмкіндігі шектеулі болады. Оқушылар «дұрыс айтпай қаламын ба» деген оймен сөйлеуден гөрі, үндемей қалуды жөн көреді. Мұғалім сұхбатты бақылап, маңызды сұрақтар қойып, оқушылардың жауаптарын қайталап және мадақтап отыратын сыныптағы қалыпты әңгіме стилі оқушылардың ойлау деңгейлерін де, сөйлеу дағдыларын да дамытпайды. Әрине, құр сөйлесудің өзі жеткіліксіз. Оқушылардың әңгімесі білім алушылық мақсатта жүргізілуі керек және ол мұғалім тарапынан тиісті деңгейде ынталандырылуы қажет. Сабақтың әр кезеңінде оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасап, әңгімелесуіне, сол арқылы сабаққа қызығушылығын арттырып,

білім деңгейінің өсуіне, яғни оқушы бойында айтылым дағдысының жетілуіне ықпал ететін тәсілдердің тізімі іс-әрекетті зерттеудің нәтижесі ретінде ұсынылған.

Қазақ әдебиеті сабақтарында да айтылым әрекетін дамытуға зор мүмкіндік бар. Әңгіме, ертегі, өлеңдерді мәнерлеп оқу, мазмұнын айту, кейіпкерлер арасындағы диалогты сахналау оқушының тілдік белсенділігін арттырады. 5-сынып оқушыларына жас ерекшелігіне сай әдістерді қолданып, шығармашылық орта қалыптастыру – мұғалімнің басты міндеті.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында айтылымды дамыту оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырады, мемлекеттік тілге деген құрметін қалыптастырады. Айтылымды дамыту арқылы оқушының ойлау қабілеті жетіледі, сөздік қоры молаяды, қазақ тіліне деген қызығушылығы артады. Орыс мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында айтылым дағдысын қалыптастыру – оқушының мемлекеттік тілде еркін сөйлей алуына жол ашады. 5-сыныптағы тиімді әдістерді қолдану нәтижесінде оқушылардың қызығушылығы артып, сөздік қоры молаяды, өз ойын еркін жеткізуге машықтанады. Бұл – қазақ тілін оқытудағы басты жетістік болып табылады.

Сонымен, аталған стратегияларды пайдалана отырып көп жетістіктерге жетуге болады. Ең бастысы – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір – бірімен пікір таластырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастайды. өздеріне сенімсіздік

білдіріп отыратын оқушылар өз ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта бастайды. Барлық ұмыс түрлері тілдік материалмен салаларды тізбектеп оқыта берумен емес, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалды танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен де ерекшеленеді. Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынов былай деген екен

«жақсы мұғалім деген атқа түрлі әдістерді меңгеріп, соларды оқытуда қолдана білу арқылы ғана жетуге болады. Сонымен қатар, бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білу керек». Өз пікірін айта алатын, өз көзқарасын қалыптастыра алатын, ұлтын сүйетін оқушы ертеңгі өмірдің ағымына да төтеп бере алатын азамат болатынына сенімдімін. Қорыта айтқанда, аталған әдіс– тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін, айтылым дағдыларын дамытуға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007.
2. Жұбанова Б., Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
3. Әбдікәрімова Т., Қазақ тілін деңгейлеп оқыту. – Астана: Елорда, 2015.
4. Байтұрсынұлы А., Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
5. Қосымова Г., Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2014.

ӘОЖ 94(574)

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ

Измуханова Г.К.
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор,
БҚО, Орал қаласы, №48 ЖОББМ

Резюме. *Алихан Букейханов – духовный лидер движения «Алаш», публицист и общественный деятель. Через газету «Қазақ» он поднимал политические, социальные и культурные вопросы народа, отстаивая самостоятельность казахов. Главным своим принципом он считал решение земельного вопроса, а также внес значительный вклад в*

развитие национальной науки и образования. Его идеи и наследие сохраняют актуальность и в наши дни.

Ключевые слова: *«Қазақ» газета, земельный вопрос, движение «Алаш», национальная наука, независимость.*

Қазақ елі тәуелсіз мемлекет құрып, егемендік алғанда жұртының қамын ойлап, саналы ғұмырын ел үшін, жер үшін құрбан қылған арда азаматтардың өмірін, қайраткерлігі мен шығармашылығын терең зерттеу тек тарихшы ғалымдардың ғана емес, филология, журналистика және тағы да басқа салалардағы зерттеушілердің зерттеу- еңбектеріне арқау болғаны белгілі. Атап айтсақ, Алаш зиялыларының орны, ерен қызметі шетелдік және отандық мұрағаттардан табылып жатқан тың деректер мен мәліметтер арқылы жылдан-жылға толығып, зерттеу аясы кеңейіп келеді. Соның ішінде Алаштың рухани көсемі Әлихан Бөкейхановтың мұралары әлі де мұқият зерттеуді, терең талдауды, ғылыми саралауды молынан қажет етеді.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, Ә.Бөкейханов қаламынан мыңға жуық мақала мен очеркі және т.б. туындылардан тұратын ғылыми публицистикалық шығармалары түрлі басылымдарда жарық көрген. ХХ ғасырдың басында жарық көрген мерзімді басылымдардың бірі «Қазақ» газеті Ә.Бөкейхановтың қызметі туралы нақты мәліметтер бере алады, себебі, «Қазақ» газеті

Ә.Бөкейхановтың тікелей араласуымен өмірге келді. Ә.Бөкейхановтың өмірдегі атқарған қызметінен мол деректер беретін – «Қазақ» қоғамдық-саяси және әдеби газеті 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Таралымы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен [1]. Әлихан Бөкейхановтың публицистикалық мұрасы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және мәдени дамуын терең танытады. Ол өз еңбектері арқылы ұлттың бірлігі, жер мәселесі, оқу-ағарту ісі мен тіл тағдыры сияқты маңызды мәселелерді көтерді. «Қазақ» газеті сол дәуірдегі халықтың көкейіндегі ойды жеткізген, елдің рухани тірегіне айналған басылым болды. Газеттің таралымының жыл санап өсуі – оның халық арасындағы беделі мен қажеттілігін дәлелдейді. Ә.Бөкейханов бастаған зиялылардың бұл қызметі қазақ қоғамының ұлттық санасын оятуға және тәуелсіздікке ұмтылуына зор ықпал етті.

Тарихшы-ғалым М.Қойгелдиев «Қазақ» газетінің материалдарын екі тұрғыдан құнды деп мәлімдеді: «Біріншіден, газет материалдары XX ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық үрдістерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер көзі болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму арнасында өмірге келген бұл басылым, ең алдымен, бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті», - деп көрсетеді [2]. Себебі, «Қазақ» газеті авторларының негізгі көзқарастары ұлт басылымында еркін жазылуы, халыққа қоғамдағы ахуал нақты жеткізіліп отыруы – газеттің тәуелсіз басылым болғанын айғақтайды.

Қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде аса үлкен рөл атқарған «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның ұлттық деңгейге көтерілуінде Әлихан Бөкейхановтың атқарған еңбегі ерекше. Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіндегі мақалалары екі жүзге жуық ең түйінді мәселеге тоқталған.

XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өміріне, қазақтың шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым қатынасына, оқу- ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен шежірге арналған мақалалары жарияланған.

«Қазақ» газетіндегі мақалалардан ұлт зиялыларының жан-жақты білім иелері екенін байқау қиын емес. Ә. Бөкейханов «Қазақ» газетінде 1913 жылы басылған

«Қазақтың тарихы» мақаласында: «Орыстың атты ғаскері казак атанғандықтан біздің қазақ өзінің атынан айырылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарық ғадетіне ыңғайлы қылып

«қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан қазақ әдебиетін тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы. Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы мекемеден шеткері болған әрбір істі орнында «қырғыз» деген жаңылыс атты қойып, «қазақ» деген атты қолдану тиіс. Бұл болмайтын іс, ағынға қарсы (против течения) деген сөз емес, біз суды теріс ағызған атаның баласымыз» [3] – деп жазып, «қазақ» атауын қырғызбен шатастырмауды талап етіп, қазақ халқының өз алдына дербес халық екенін мерзімді баспасөз арқылы барша жұртқа жеткізіп, табандылық көрсетеді.

«Қазақ» газеті бетінде Ә. Бөкейхановтың қалам тартқан негізгі тақырыбы, әрине, жер мәселесі болды. Ол, біріншіден, жер үлесін алдымен, патшалық билік тұсында үлестен тыс қалып келген жергілікті халық алуға тиіс деп санады; екіншіден жерді меншік есебінде үлестіріп беруге қарсы шығып, ондай жағдайда егіншілік мәдениетін толық игермеген қазақ шаруасы үлесін «көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сытылып, жалаңаш шыға келеді», сондықтан да жер қауымға кесіліп, «жерді бірге алған ру, ауыл, болыс өз ішінде өздері тәртіп жасап, әділдікпен пайдаланғанын» жақтады [4]. Яғни, Әлихан Бөкейханов үшін жер – ең негізгі тіршілік өзегі, халықтың болашағы мен тәуелсіздігінің кепілі болды. Ол жерді жеке меншікке айналдыру қазақ қоғамын әлсіретіп, шаруаны кедейлендіреді деп есептеді. Сондықтан да жерді қауымға ортақ үлестіріп, әділдікпен пайдалану – елдің бірлігін, тұрмысын, әлеуметтік теңдігін сақтаудың басты шарты деп білді. Бұл көзқарас оның «Жер – Отан» деген ұстанымының мәнін айқындап, Алаш қайраткерлерінің ұлттық мүддені қорғаудағы негізгі бағыттарының бірі болды.

Бөкейханов жайлы зерттеу ісімен айналысып жүрген ғалым, жазушы, тарихшы Тұрсын

Жұртбай былай дейді: «Әлихан Бөкейхановтың бес ұстанымы болды. Ең бірінші – Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен «жер, жер және жер» болуы тиіс. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі тиіс. Жер – Отан. Жерді сатқан Отанды сатқанмен бірдей. Екінші ұстанымы – Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс... [5]. Бөкейхановтың сөзімен айтар болсақ, «қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс»,

«жер десе, дірілдемей болмайды: жер мәселесі – негізгі өмір мәселесінің ең зоры» [3]. Бұл сөздер әлдеқашан қанатты сөзге айналып үлгерді және бүгінгі таңда да өзектілігі жоғары. Өйткені қазақ жеріне көз тіккен көрші мемлекеттердің қызығушылығы күн санап артуда. Жер үшін жандарын да беруге даяр болған қазақтың біртуар ұлтшыл азаматтарының ата-бабадан қалған жерімізді қорғауға деген үлкен ұмтылысы қазіргі ұрпаққа аманат екені даусыз. Сондықтан жас ұрпақ туған жердің қадір-қасиетін терең түсініп, оны қорғау мен сақтау жолында білімді, отаншыл әрі жауапты азамат болып қалыптасуы тиіс. Бұл – ел болашағының кепілі, тәуелсіздіктің тұғыры.

«Қазақ» газетінде, 1913-1917 жылдар аралығында Әлихан Бөкейхановтың жер мәселесі бойынша мақалалары үзілмей, үнемі жарияланып тұрды. «Қазақ», «Үшінші Дума һәм қазақ», «Үшінші Дума һәм қазақ» (жалғасы), «Дума һәм қазақ», «Төртінші Дума һәм қазақ» т.б. мақалалары жарық көрді. «Қазақтың» 1913 жылғы 8-санында жарияланған «Қазақ» атты мақаласында орыс патшасының қол астына қараған қазақ елінің он губерниясына қараған халық саны 4 миллион 499 мың 664 адам деп барлық есебін көрсеткен. «Бұл қазақ һәм қырғыз Шыңғыс хан заманынан бері, 7 жүз жыл шамасында, жоғарыда аталған 9 облыс жерінде жүріп тұрды. Бұл жердің айналасы мынау: темір қазықта Жайық һәм Тобыл, күн шығыста Ертіс; оң түстікте Түркістан таулары, мұның ең биігі Хан Тәңірі, күн батыста Амудария. Осы 9 облыс, бір губернияда 260 миллион десятина шамасында жер бар» [3], - деп көрсетеді. Кейінгі мақалаларда Думада көтерілген қазақ мәселесі жайы сөз болады. Сол кездегі дау - жанжалдардың көбі газетте талқыланып отырды. Солардың бірі – сайлау төңірегіндегі дау мен жанжал қазақ даласында тоқтау тапқан жоқ. Сондықтан өз кезегінде «Қазақ» газеті де оған қарсы

күресуге мәжбүр болды. Оның бетінде сайлауға арналған бірнеше мақалалар жарияланды. Соның бірінде Әлихан Бөкейхан: «Үш жылда бір сайлау сайын жұрт өрт шыққандай, жау шапқандай жанталасып әбігер болады. Әке баладан, аға іниден, туған-туысқанынан айырылып, бірі атқа, бірі асқа сатылып сандалады. Өсітіп жұрт бүлініп іздегендегісі не? Болыстық, билік, ауылнайлық, елубасылық» - деп («Қазақ», №17. 1913, 9 июнь), сайлаудың қазақ халқына әкелер бар «пайдасы» мен зиянын айтады. Сонымен қатар, сайлаудың қазақ үшін тағы бір зияны, ол барын салып жүріп сайланған болыс, старшындардың, енді өздерінің шыққан шығындарын қайтарып алу мақсатында және ебін тауып келесі сайлауға дейін көбірек мал жиып алу жолында алуан қылмыстарға баруы. Әлихан: «Өтіріксіз, ұрлықсыз бұл сорлылардың арам жемі табылмайды. Қазақтың болыс, би, ауылнай һәм елу-басыларының айтып жүрген өтірігі, қылып жүрген ұрлығы нашар бақалшы бір уыс жүнге сатып жүрген оймақ-бояу: қанша жақса да, әуелде жаратылған өз орнына кетеді» («Қазақ», 1913, №17), - дейді.

Сайлау мәселесін сөз еткенде Әлихан Бөкейханов Еуропа жұртының сайлауымен салыстырады: «Еуропа жұртының сайлауы халыққа тегіс бір үлкен той. Еуропада халық партия болғанда адаспас ақ жол, адам аспас асқар бел, жұрт ілгері басатын іс қыламыз деп таласады. Біз қайтеміз? Төрдегі басын есікке сүйреп, арқасын жауыр, құйрығын шолақ қылып, атының майын параға беріп... болыс, би, елу басы, старшын болмақ, дұшпанынан кек алмақ, намысқа тырыспақ, момын бұқара халыққа алым-шығынды аударып тастап бай болмақ. Мұнан қазақ халқына не пайда?» - деп қазақ сайлауының сиқын ашып көрсетеді де: «Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы соның соңынан ерер еді» - дейді. Халықты басқару үшін «жұртқа ғаділ би пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін тыңдаған, билігін орнына салатын, арам жемейтін, іс білетін, халық үшін жаумен айтысатын болыс пайдалы» («Қазақ», 1913, №17) екендігін ұғындырады, сайлау мәселесінің қазақ даласындағы көрінісін аталған

тақырыптағы төрт мақаласында жан-жақты сипаттайды. Ауызбірліктің жоқтығына қынжылады, әділ сайлаудың өтуіне «ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен» жүзеге асатындығын ескертеді.

«Қазақ» газеті ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жинап, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп талап қыла бастаған уақытқа келді. Бұл тұтынған жолында

«Қазақ» газеті өз міндетін дөп атқарды», - деп жазды Мұхтар Әуезов 1923 жылы

«Шолпан» журналында. «Қазақ» газетінің жарық көруі, оның ұлтшылдық бағыты – халықты оятудан тұтастыруға бейімдеді. Сол дәуірдің куәсі, Алаш қозғалысының мәнін ерте ұғына білген Мұхтар Әуезовтың сөзімен айтсақ: «Қазақ» газетінің мезгілі – әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілмен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді. Сондықтан бұл уақыттағы іс пен сөзде тығыз қамның, асығудың ретінде бұдан өзгенің бәрін қоя тұрып, бір саясат әңгімесіне жұмылдырудың жалғыз соған ғана үңілудің қамында өтті...» («Ақ жол» газеті, 1923). Яғни, «Қазақ» газеті – сол дәуірдегі қазақ қоғамының шынайы айнасы болды. Ол тек ақпарат құралы ғана емес, ұлтты оятқан, елді саяси күреске жұмылдырған, бірлік пен тәуелсіздіктің туын көтерген рухани күшке айналды. Газет бетінде көтерілген мәселелердің дені халықтың болашағына, жер, оқу-ағарту, тіл, дін және ұлттық тұтастыққа қатысты болды. Осы арқылы «Қазақ» газеті халық санасында ұлттық идеяны қалыптастырып, кейінгі ұрпаққа азаттық жолындағы күрестің бағыт-бағдарын көрсетіп кетті. «Қазақ» газеті тек саяси ақпарат жеткізумен шектелген жоқ, ол халықтың рухани дүниесін байытып, ұлттық сананы қалыптастыруда ерекше қызмет атқарды. Газет бетінде жарияланған мақалалар қазақ жастарын білімге, өнерге, ғылымға шақырып, елдің өркениетті мемлекет ретінде дамуына жол ашуды мақсат етті. Сонымен қатар ол халықты әділетсіздікке қарсы күреске үндеп, демократиялық құндылықтарға жетеледі.

«Қазақ» газеті арқылы халықтың көкейіндегі арман-мұраттар, азаттыққа деген

ұмтылысы айқын көрініс тапты. Сондықтан оның тарихи маңызы – ұлттық идеяны дәріптеп қана қоймай, тәуелсіздікке апарар соқпақтың рухани негізін қалауында жатыр. Сонымен қатар қазақ халқының жолына тағдырын құрбандыққа тіккен Әлиханның таңданарлық ұйымдастырушылық қабілетінің де бір қырын көре аламыз. Ол – ғылымы кенжелеп қалған халықтың өскелең ұрпағы үшін оқулықтар әзірлеуді мақсаттас, ниеттес серіктеріне парыз етіп жүктеуі. Әдебиеттанушы ғалым, алаштанушы А. Ісмақова: «XX ғасырдың басындағы Алаш үкіметі, «Қазақ» газетінің интеллектуалдық орталығының басында Мәскеудегі Әлихан Бөкейханов болған. Алаш әдебиеттануы ғылымының басында да тұрған Ә. Бөкейханов. Сол кездегі Ресей, Еуропада ғылыми еңбектері жарияланып тұрған Ә. Бөкейханов хат арқылы замандастарына нақты ғылыми тапсырмалар беріп отырған. Жүсіпбек Аймауытұлына: «Сен «Ақбілек» пен

«Қартқожаны» жаздың. Енді ауылдың қара баласына түсінікті етіп «Психология» оқулығын жаз», - дейді. Мағжанға айтады: «Сен «Бесік жырынан» бастап сезім толғауын жазып келесің. Қазақта оқушы мен ұстазға арналған оқулық әлі жоқ. «Педагогика» оқулық сен жазсаң». 1922-1923 жылдары қазақ тіліндегі тұңғыш арнайы оқу құралдары

«Психология» мен «Педагогика» осылай дүниеге келген. Осы жылдары қазақтарға орыс тілін оқыту үшін орыс букварін Мұхтар Әуезов жазып шығады. Ахмет Байтұрсыновқа:

«Иә, бізде шағатай тілі бар, сен оны XX ғасырдың басына сай әліппе жасап шығар», - деген пікірін білдіреді. 19 жасар Қаныш Сәтбаев математика оқулығын жазған. Қолжазба түрінде қалған бұл кітап тек тәуелсіздік кезінде 2009 жылы жарық көрді. «Қазақ ұлтының ғылымы қашан басталды? Әлемдік ғылымға қазақ ғалымдары несімен таныла алады?». Осы сауалдарға жауап іздесек, бұл істің басында Алаш ғалымдары тұрады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатұлының қазақ тарихы, әдебиеті, қазақ тілі, қазақ ғылымына қосқан үлестері күні бүгін ғылымның осы салалары бойынша әлі реттелген емес» [6], - деп, Бөкейхановтың қоғамдық қызметіне қоса, қазақ ғылымын да назардан тыс қалдырмағанын тілге тиек етеді. Бір кереметі, осыдан бір ғасыр бұрын жазылған сол еңбектер күні бүгінге дейін орта және жоғары

мектептердегі негізгі оқу құралдары санатында.

Әлихан Бөкейханның ойлаған жоспары, асқақ арманы түбінде жүзеге асатынына әбден сенімді болғанын мына сөздерінен аңғара аламыз: «Тірі болсақ, алдымыз – үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар». Ұлтын сүйген ұлы тұлғаның болжаған бақытын – Тәуелсіздік туы асқақтай желбіреген сәтті бүгін, біз, ұрпақтары көріп отырмыз. Ә.Бөкейхан құнды мақалаларымен тұтастай қазақ баласының ойын, ұлттық өресін тәрбиеледі. Жер үшін, жер мен аспан байлығы үшін, тәуелсіз экономика үшін, тіл мен діл үшін, дін үшін, тәуелсіз ғылым үшін күрес жолын бастап берген Әлихан Бөкейхановтың аты ешқашан өлмес, ол негізін салған

«Алаш идеясы» өз жалғасын табатын мәселе екені хақ. Ұлтының ұлағатты ұлының көсемсөздері, мұралары әлі де терең зерттеліп, ғылыми негізделіп, ұрпақ санасын жаңғыртуға орасан септігін тигізеріне сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сұбханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. – Алматы, 1999.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы, 2008. – 181 б.
3. «Қазақ» газеті. (Құр: Сұбханбердина Ү., Дәуітов С., Сақов Қ.) – Алматы, 1998.
4. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
5. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Алматы: Жалын, 2004.
6. «Аңыз адам» журналы, № 3, 2013.

ӘОЖ 94(574)

ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ: ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Есентемір Н.С.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Эстетикалық бағыттағы гимназия, Орал қ.

Резюме. *В статье рассматривается становление и развитие казахской периодической печати начала XX века, её роль в распространении национальной идеи и выполнении просветительской функции. На примере журнала «Айқап» и газеты «Қазақ» анализируется публицистическое наследие национальной интеллигенции.*

Ключевые слова*: казахская печать, национальная идея, просветительство, «Айқап», «Қазақ», интеллигенция.*

ХХ ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени өмірінде түбегейлі бетбұрыстар кезеңі болды. Ресей империясының отарлық саясаты күшейіп, қазақ халқы жерінен, дәстүрлі шаруашылық құрылымынан айырыла бастады. Бұл үдеріс халықтың әлеуметтік жағдайына ғана емес, рухани болмысына да үлкен соққы әкелді. Осындай тарихи жағдайда қазақ зиялыларының жаңа толқыны қалыптасты. Олар ұлттың оянуы мен тәуелсіздікке жету жолында басты құрал ретінде баспасөзді таңдады. Себебі мерзімді басылым – халықты жаппай ағартудың, ұлттық сана қалыптастырудың, идеялық күрестің ең пәрменді құралы болды.

1. Қазақ баспасөзінің пайда болуының тарихи алғышарттары

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының құрамындағы ұлт аймақтарында ұлттық баспасөздің алғашқы үлгілері дүниеге келді. Қазақ даласында да бұл үдеріс өз әсерін тигізді. Дегенмен алғашқы кезеңде баспасөз ісі көбінесе ресми отарлық мүддеге

қызмет етті («Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті»). Бұл басылымдарда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық және әкімшілік жаңалықтары жазылғанымен, ұлттық мүддені қорғау мәселесі кең көтерілген жоқ.

Ал XX ғасырдың алғашқы онжылдығында қазақ зиялылары өз басылымдарын шығару қажеттігін терең сезінді. Бұл қажеттілікті күшейткен бірнеше фактор болды:

- жер мәселесінің шиеленісуі;
- халықтың саяси-құқықтық теңсіздігі;
- оқу-ағарту ісінің кенжелеп қалуы;
- ұлттық тілдің сақталуы мен дамуы төңірегіндегі қауіп.

Демек, қазақ баспасөзі – кездейсоқ құбылыс емес, тарихи қажеттіліктен туған ұлттық қозғалыстың маңызды құрамдас бөлігі.

XX ғасырдың басында Ресей империясының отарлық саясаты күшейіп, қазақ халқы саяси-әлеуметтік қысымға түсті. Халықтың сауаттылық деңгейі тым төмен болды: 1897 жылғы жалпы халық санағы бойынша қазақтардың тек 2,1%-ы ғана хат таныған (ерлер – 3,5%, әйелдер – 0,5%) [1]. Осындай жағдайда қазақ зиялылары үшін мерзімді баспасөз шығару – халықты білімге шақырудың, ұлттық сананы көтерудің ең тиімді жолы еді.

«Айқап» журналының қызметі

1911 жылы Троицк қаласында М. Сералиннің басшылығымен жарық көрген «Айқап» журналы қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси әрі әдеби журналы болды. Оның беттерінде оқу-ағарту ісі, жер мәселесі, әйел теңдігі, мәдениет, әдеби сын кеңінен қозғалды. Мәселен, 1913 жылы жарияланған бір мақалада қазақ ауылындағы қыздардың мектепке

баруы 10%-дан аспайтыны айтылады. Бұл дерек сол кезеңдегі гендерлік теңсіздіктің нақты көрінісін берді.

«Айқап» журналының таралымы – 1000 дана шамасында болғаны жөнінде деректер бар [2]. Бұл қазіргі өлшеммен аз көрінгенімен, қазақ қоғамының ол кездегі жағдайында аса үлкен жетістік еді.

1913 жылы Орынборда А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлы бастаған зиялылардың күшімен «Қазақ» газеті жарық көрді. Оның алғашқы нөмірінің тиражы 3000 данаға жетті. 1917 жылдары таралымы 8000 данаға дейін өскені туралы дерек кездеседі [3]. Бұл – халық арасында газеттің ерекше беделге ие болғанының айғағы.

Газет бетінде елді алаңдатқан ең өзекті мәселелер талқыланды:

- жер мәселесі («Жерсіз халық – тамырсыз ағаш» атты мақалалар сериясы),
- оқу-ағарту («Мектеп керектігі» атты мақалалар),
- саяси еркіндік («Қазақ автономиясы болу керек пе?» деген айдардағы пікірталастар).

Мерзімді басылымдардың қоғамға әсерін мына нақты мысалдардан байқауға болады:

- 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде «Қазақ» газеті халықты сабырға шақырып, қарулы қақтығыстың зардаптарын түсіндірді. Бұл газетке 30-дан астам қазақ болыстары мен ауылдарынан хат келіп түскені белгілі [4].
- 1917 жылы Уақытша үкімет кезінде қазақ съездерін ұйымдастыру, Алаш партиясын құру мәселесінде де «Қазақ» газеті негізгі ақпараттық арна болды.

2. «Айқап» журналы және ағартушылық бағыт

1911 жылы Троицкі қаласында Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен «Айқап» журналы жарық көрді. Бұл – қазақ халқының қоғамдық-мәдени өмірінде жаңа дәуір ашқан басылым болды. «Айқаптың» басты ерекшелігі – оның ағартушылық бағыты. Журнал беттерінде білім-ғылымды тарату, мектеп пен медресе ашу, әйел теңдігі, шаруашылық мәдениетін жетілдіру мәселелері кеңінен қозғалды.

Міржақып Дулатұлы, Бақытжан Қаратаев, Ғұмар Қараш, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды қаламгерлердің мақалалары «Айқап» бетінде жарық көріп, халықты білім мен өркениетке жетелеуге қызмет етті. Журналда ұлттық тәуелсіздік мәселесі тікелей көтерілмесе де, оның ағартушылық идеялары халықты болашақ саяси күреске дайындаудың алғышарты болды.

3. «Қазақ» газеті – ұлттық қозғалыстың рухани орталығы

1913 жылы Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатұлының бастамасымен «Қазақ» газеті жарық көрді. Бұл басылым қазақ ұлтының саяси, әлеуметтік, мәдени өмірінде айрықша орын алды. «Қазақ» газеті ұлттық қозғалыстың идеялық ұйытқысы болды.

Газет бетінде жер мәселесі, оқу-ағарту, шаруашылық, тіл мен әдебиет, отарлық саясатқа қарсылық тақырыптары жан-жақты талқыланды. «Қазақтың» тілі – қарапайым халыққа түсінікті, бірақ мазмұны терең, ғылыми-танымдық деңгейі жоғары болды. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ» газеті қазақ қоғамын ұлттық бірлікке шақырған, саяси күреске дайындаған, тарихи сананы жаңғыртқан басылым болды.

4. Басқа басылымдар және аймақтық ерекшеліктер

«Айқап» пен «Қазақтан» бөлек, XX ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ даласында әртүрлі мерзімді басылымдар шыға бастады. «Қазақстан» газеті (1911), «Серке» газеті (1907), «Бірлік туы» газеті (1917), «Алаш» газеті (1916) сияқты басылымдар белгілі бір аймақтағы халықтың саяси-әлеуметтік сұранысына жауап берді. Бұл газеттерде де ұлт мүддесі, отарлық езгіге қарсылық, халықты ояту идеялары көрініс тапты.

Аймақтық басылымдардың ерекшелігі – жергілікті мәселелерді көтеруімен қатар, бүкілқазақтық ортақ мүддені қозғауы болды. Мұның өзі ұлттық бірлік идеясын күшейтуге ықпал етті.

5. Қазақ зиялылары және баспасөздегі қызметі

XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қараш, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты зиялылардың рухани аренасы болды. Олардың әрбір мақаласы халықтың көкейіндегі сауалға жауап іздеуге бағытталды.

Ахмет Байтұрсынұлы – баспасөзді халықтың «көзі, құлағы һәм тілі» деп бағалады. Бұл анықтама қазақ баспасөзінің тарихи миссиясын дәл айқындайды. Зиялылар баспасөз арқылы халықты оятуды, ұлттық сананы жаңғыртуды, елді дербестікке дайындауды басты мақсат етті.

6. Тарихи-мәдени маңызы

Қазақ баспасөзінің XX ғасыр басындағы рөлі мынадай қырлардан көрінеді:

- халықты білім мен мәдениетке шақырған ағартушылық мектеп болды;
- ұлттық мүддені қорғаған саяси мінбер қызметін атқарды;
- тіл мен әдебиетті дамытуға үлес қосқан рухани орталық болды;
- халықтың тарихи санасын оятып, ұлттық қозғалыстың рухани тірегіне айналды.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ баспасөзі XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының идеялық қаруы, халықты бірлікке шақырған рухани шамшырағы болды.

XX ғасырдың басында қазақ баспасөзі тек Орынбор, Троицк сияқты орталық қалаларда ғана дамып қойған жоқ, өңірлік деңгейде де түрлі басылымдар дүниеге келді. Мәселен, Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті (1917–1918) Алашорда үкіметінің басты идеологиялық құралы болды. Газет бетінде ұлттық автономия, жерді бөлісу, әскер жасақтау, оқу-ағарту туралы мақалалар жарияланып, тікелей саяси бағыт ұстанды. Оның редакциясына Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов қатысқаны белгілі.

Сол сияқты Ташкентте «Алаш» газеті (1916–1917) жарық көріп, негізінен Түркістан өлкесіндегі қазақтардың мұң-мұқтажын көтерді. Бұл басылымның ерекшелігі – түркі халықтарының ынтымақтастығын дәріптеп, «Түркі бірлігі» идеясын алға тартқанында. Бұдан бөлек, Қазан, Уфа, Орынбор баспаханаларында қазақ зиялыларының жеке кітапшалары, саяси үндеулері, оқу құралдары жарық көріп отырды. Статистикалық деректер бойынша, 1900–1917 жылдар аралығында Ресейдің түрлі қалаларында қазақ тілінде 200-ден астам кітап пен брошюра басылған [5]. Бұл – ұлттық баспасөздің кең ауқымда дамығанын айғақтайды.

Тағы бір тың құбылыс – шетелдегі қазақ диаспорасының да баспасөзге араласуы. Қытайдағы Іле аймағында XX ғасырдың басында діни-ағартушылық сипаттағы шағын қолжазба газеттер таратылғаны туралы деректер кездеседі. Бұл да қазақ халқының қайда жүрсе де

ақпаратқа, ағартушылыққа ұмтылғанын көрсетеді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзі – ұлттың тарихи тағдырында шешуші рөл атқарған мәдени-рухани құбылыс. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті бастаған мерзімді басылымдар халықтың қоғамдық ой-санасын жаңғыртып, ұлттық қозғалыстың идеялық орталығына айналды. Олар халықты ағартуға, білімге, өнерге шақырып қана қоймай, саяси күреске дайындап, отарлық саясаттың салдарын ашып көрсетті.

Баспасөздің ерекшелігі – оның бір мезетте ағартушы мектеп, саяси мінбер және рухани ұйытқы қызметін қатар атқаруында. Осы арқылы ол қазақ қоғамының ұлттық сана- сезімін жаңа деңгейге көтерді.

Өзіндік пікірімізді білдірсек, ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзі – ұлттың тәуелсіздікке ұмтылысының рухани айнасы. Егер ол кезеңде «Айқап» пен «Қазақ» сияқты басылымдар шықпағанда, қазақ халқының саяси ойы мен ұлттық идеясы кеш қалыптасуы мүмкін еді. Демек, баспасөз – тарихтың барысын жеделдеткен, қоғамды өзгеріске жұмылдырған фактор болды.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан үшін де бұл тәжірибенің маңызы зор. Бүгінгі ұлттық баспасөздің алдында тұрған міндет – дәл сол кезеңдегідей халықты ағарту, қоғамдық сананы ояту, ұлттық бірлікке шақыру. Демек, ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзінің тарихи сабақтары қазіргі ақпараттық кеңістікте де өзектілігін жойған жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
3. Әбжанов Х. Ұлт зиялылары және баспасөз. – Алматы: Ғылым, 2010.
4. Сералин М. Айқап. Таңдамалы мақалалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2011.
5. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Атамұра, 1995.

ӘОЖ 94(574)

ҒИБРАТ ИЕСІ ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР

Жакупов Е

қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, филология факультеті

***Резюме**. В докладе проводится сравнительный анализ тематико-содержательных идей произведений поэзии Гумара Караша в которых отражены его гражданские взгляды, с поэзией представителей ханского периода. Рассматривается проявление жырауской традиции в стихах поэта Муштака. Отдельное внимание уделяется языковым средствам, используемым в поэзии Гумара Караша.*

***Ключевые слова**: жырауская традиция, наставничество, поэтичность, толғау (философская поэма), Гумар Караш*

Батыс өңірден шыққан ғұлама, ахун, ширек ғасырдай ғұмыр жасап, ұлттық әдебиетке азаматтық-ағартушылық сарындағы шығармашылық мұрасымен танылған Ғабдолла ақынның келте өмірінің біраз қызметі ұлы ұстаздық пен арындаған ақындықта өтті. Педагогика тарихында "Педагогика" еңбегінің авторы Жұмабаев Мағжан екені алты алашқа аян. Алайда тұңғыш рет Ордада жарық көріп тұрған қазақтың ғылыми- педагогикалық бағыттағы "Мұғалім" журналының бірқатар санында Ғұмар ұстаздың "Педагогика" еңбегі басылған. "Ұстаздық ету-ұлылық" дегендей, ол бір ғана бала оқыту ісі арқылы ел жадында, ұлттық руханиятта мәңгі есте

қалар еді. Бірақ "Өсер елдің ақыны көп" демекші, Ғұмар ғұмырында шайырлықты, ақындықты яғни қазақ жұртын адастырмайтын Темірқазық, жұтатпайтын рухани азық болуға бекінді. Арындаған Алаш алыптарының замандасы бола жүріп, әлеуметтік келелі мәселелерді өзек етіп, өмір жайлы жүз ойланып, мың толғанып пәлсапалы, азаматты идеяда жазған өрнекті өлеңдері-ақынның жай ғана ақын емес, мұндарлы, діндар, өрелі жазарман екенін танытады.

Ғұмар Қараш ақын болып елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, шамын жағып отыра қалып өлең жаза бермеді. Ол жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі, жауһар Шәлгез жыраудың тікелей ұрпағы бола жүріп, хандық дәуірдегі жыршы, жыраулардың бәйіттерінің текстологиясын өңдеп, лексикалық қорын қомдап жаңа заманға жеткізді. Яғни ақынның бұл қыры - арқалы ақындығынан бөлек, зерделі һәм зиятты зерттеуші болғанының айқын дәлелі. Өшпес ақын жыраулардың толғамды толғауларының мазмұндық аясын, мәтіндік қалпын танып қана қоймады, өзінің өсімпаз өлеңдерінде де жыраулық дәстүрдің сарқыншағын, тілдік құралдарын кеңінен қолданады. Тіпті халықтың кестелі мұрасынан, хандардың ақылман данагөй толғаушыларынан үйрену- Ғұмардың соңғы өлеңдеріне дейін үзілмей жалғасып келеді. Мәселенки, өзі қызмет қылған "Мұғалім" журналында:

Енжу, маржан асыл тас Су түбінде жатады.

Терең ойлы сан пікір, Ой түбінде жатады. Енжу шығар жарыққа, Сүңгуірдің қолымен. Пікір тарар халыққа,

Шешендердің тілімен.-деген өлеңі асыл Асан бабаның:

Таза мінсіз асыл тас, Су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады-деген өлеңімен неғұрлым сәйкес келетіні айдан анық, күннен жарық көрініп тұр. Екі автор да ой дүниесінің шетсіз-шексіз әлем екенін, сөздің қасиеті мен құдіреті хақында нақыл айта келіп, ойды, сөзді адамның ішкі жан дүниесінің айнасы екенін меңмұндалап тұр. Шынында, адам бойындағы кемелдікті, даналықты ойдың көркемдігі, пайым парасаты толықтырады ғой.

Ғұмардың "Қашан қадірі білінер" деген 83 тармақты өлеңінде де Асан сарыны, Асан дәстүрі сезіледі:

Көктен нұрын кешірген, Жерден набат өсірген.

Шұғыласы түссе жан бітіп, Керіліп жансыз көсілген... Жаһан шамы жарық қып,

Оның қадірін кім білер?-деп шұғыла шашар жарық күннің қадірі жайлы оқырманға ой салады. Бұл тармақтардың астарында аспанды бұлт торламаған бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманның бейнесі бар. Аталмыш толғау Асанның "Көлде жүрген қоңыр қаз" толғауымен үндеседі:

Көлде жүрген қоңыр қаз, Қыр қадірін не білсін Қырда жүрген дуадақ

Су қадірін не білсін...-деп дүние дидарындағы бар асылдың адамзатқа берер қасиетін моншақтай тізіп, осындай ұшан-теңіз ғаламатқа иелік еткендерге "қадір" ұғымының сырына үңілдіргендей. Ғибратты Ғұмар "кім білер" деген дәстүрлі риторикалық сұрауды ғана қоймай, өзінше өзгеше жауапты яғни "сонда білінер" деген жеке бөлім шығарып, жарқыраған көк аспанды бұрқыраған бұлт құрсаса, жайма шуақ жарық күнді қара аспан тұсауласа, сонда ғана қадірдің білінетіндігін шұбалаңқылықтың тігісінен ада етіп, қазақы қара өлеңнің қалыбына салып көрсеткен.

Көксіл ақынның біраз өлеңдері бұқара әлеуметтің басындағы мәселелерге, өмірлік жағдаяттарға арналған шумақтар легі құрайтыны белгілі. "Сезімсіз адам болмайды" дегендей Ғұмардың махаббат лирикасына жататын "Сен" атты өлеңінде: "Сен менің бармай тапқан қағбамсың" дейді. Тура осы ой орамы, көне тілдік порым Шалкиіздің "Би Темірге бірінші толғауында" да кездеседі:

"Білерді білмес не демес, Сұлтан ием, сен менің

Бармай тапқан қағбамсың!"-деп фантастикалық табынуға шейін жеткізеді. Қарға бойлы Қазтуған жырау өз поэзиялық өрнегінде:

"Әрайна, билер, әрайна, Әрайна десем болмай ма?

Әрайнасыз һәр қайда?..."-деп басталатын ұйқасты толғауы реалист ақын Ғұмар толғауларында да елге қаратыла айтылады:

Әлай ма алаш, әлай ма?

Замана жайы бұлай ма?-деп қазақы бейбіт яғни ел арасына алты алауыздықтың кірмеген әсем заманын, сарқыраған сары судың, қымқуыт тіршіліктің сұлулығын аңсайды.

Жыраулар әдебиетін сөз еткенде, қарадан шығып хан болған, тектіден тарлан туған асылзадаларды да сөз етпеске болмас. Себебі жырау мен ханды бөле жара қарауға болмайды. Ғұмар ақын тек жыраулардың сөз өрнегін, тақырыптық мазмұнын өзек етпеді, асыл ханның да кескінін, қасиеттерін өлеңінде суреттеген.

Ол өлеңінде:

Жаһанға жарық нұр берген Мысалы оның күн еді.

Асылы нұрдан жаралып, Таралды демек шын еді. Алтынды тақтың үстінде Қой үстінде боз торғай

Жұмыртқа салып тұр еді.-деп ханның" нұрдан"жаратылған күнге балап, қара қылды қақ жарған әділ басшылығына баға беріп, мәртебесін асқақтатады. Тек хан бейнесін емес, үлгілі көсем мен ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен шешендерді де тілге тиек етеді.

Қорыта келе, Ғұмар ақынның поэзиясы кешегі асыл текті бөрілердей жыршы-жыраулардың үлгілеген толғауларындағы "асыл сөздерден" қанып ішіп, нәр алған. Ақынның поэзиясы асқақ, жортуыл жырындай өршіл де рухты болуы да-жыраулықты ту еткені деп білемін. Заман ақынының нөсерлеген терімді термелері, төкпектеткен жалынды жырлары, өршіл өлеңдері әманда халық жадында. Және жыраулар әдебиетіндегі әдеби үрдістің элементтері ақын өлеңдерінен сезіліп тұрады. Дәстүр жалғастығы, дәстүр сабақтастығы деген-осы.

Ғұмар Қараштың рухына Қуантады Ғұмардай бабам бары

Ұға алмай жүрміз сенің бағаңды әлі. Жыраулық поэзиядан кестеленген Өлеңдерін оқимыз біздер әлі.

Ахун деген ие болдың асыл атқа Тыным таппай іздендің ғалым боп та Қараңғылық басқан жолға шуақ септің Қазағым тақпасын деп қара ноқта.

Қалдық деп айту қиын бүгін көштен Заманның бұл қайығын Алаш ескен. Өзіңдей ұлылардай тұлғалардың Ғаламат қой ұрпағы боп ғұмыр кешкен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғұмар Қараш: үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулер. 3 том.
2. М. Тәж-Мұрат. Ғұмар Қараш. "А-Полиграфия" ЖШС, 2004.-384 бет.
3. Б. Боранбаева. Ғұмар Қараш қоғамдық-саяси қызметі. "Арыс" Алматы 2014.

4.https://adebiportal.kz/kz/news/view/gumar-qaras-alas-atty-orda-quryp-salqyganyn_20223

УДК 378.147.001

МЕТОДЫ УСВОЕНИЯ НОВЫХ СЛОВ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Жулкашова Альбина Олеговна

КГУ «Средняя общеобразовательная школа №5», г.Уральск

Жулкашова Аида Олеговна

Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, г.Уральск

Түйіндеме*. Бұл мақалада бастауыш мектептегі ағылшын тілі сабақтарында жаңа сөздерді меңгерудің әдістері қарастырылады. Автор ойын, визуализация, әндер мен*

тақпақтар, контекст арқылы оқыту, жобалық жұмыс және цифрлық технологиялардың тиімділігін талдайды. Сондай-ақ, шетелдік тәжірибе мен қазақстандық мектеп жағдайындағы ерекшеліктер көрсетіледі. Мақала бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

***Кілт сөздер**: ағылшын тілі, бастауыш сынып, жаңа сөздер, әдістер, ойын, визуализация, контекст, цифрлық технология.*

Современное общество характеризуется активными процессами глобализации и интеграции, что обуславливает особую значимость владения иностранными языками. Английский язык, являясь мировым языком науки, бизнеса и культуры, занимает особое место в системе образования Казахстана и других стран. Умение пользоваться английским языком становится важным условием успешной социализации личности, её профессиональной реализации и культурного развития.

Начальная школа является тем этапом, когда закладываются основы языковой компетенции. Именно в младшем школьном возрасте у детей наблюдается высокая восприимчивость к изучению иностранной речи, активное развитие памяти и воображения. В этот период важно сформировать положительное отношение к изучению языка, заложить базовый словарный запас и умение использовать новые слова в устной речи.

Желание ребенка учить английский язык приходит в современном мире гораздо раньше, чем он посетит свой первый урок в школе. Дети встречают иностранный язык с самых ранних лет: в компьютерных играх, в инструкциях по сборке любимой и долгожданной игрушки, в мультфильмах, комиксах, в рекламе, на витринах магазинов и на интерактивных выставках. А эффективное усвоение программы школьного курса идет настолько активными темпами, что изучать и усваивать информацию нужно после каждого урока, выполняя домашнее задание к каждому уроку.

Изучая особенности психологии детей младшего школьного возраста, можно помнить о том, что если ребенок знает определенный алгоритм действий, то усвоения информации проходит легко и непринуждённо.

У первоклассников (как и у дошкольников) хорошо развита непроизвольная память, фиксирующая яркие, эмоционально насыщенные для ребенка события в его жизни. Совершенствование памяти в младшем школьном возрасте обусловлено в первую очередь приобретением в ходе учебной деятельности различных способов и стратегий запоминания, связанных с организацией и обработкой запоминаемого материала. Однако без специальной работы, направленной на формирование таких способов, они складываются стихийно и нередко оказываются непродуктивными. По мере усложнения учебных заданий установка «просто запомнить» перестает себя оправдывать, и это вынуждает ребенка искать приемы организации памяти. Процесс развития логической памяти у младших школьников должен быть специально организован, и когда педагоги

могут подсказать ребенку как легче и удобнее запоминать материал, учащийся сам начинает видеть результаты своей работы всего за небольшой промежуток времени.

А.Н. Леонтьев отмечает, что у младших школьников более развита память наглядно-образная, чем смысловая. Лучше они запоминают конкретные предметы, лица, факты, цвета, события. Это связано с преобладанием первой сигнальной системы. Вместе с тем в процессе обучения создаются благоприятные условия для развития словесно логической памяти. Во время обучения в начальных классах дается много конкретного, фактического материала, что развивает наглядную, образную память. Но в начальной школе учитель готовит детей к обучению в среднем звене, для этого необходимо развивать логическую память. Учащимся приходится запоминать определения, доказательства, объяснения. Приучая детей к запоминанию логически связанных значений, учитель способствует развитию их мышления.

Мне бы хотелось предложить самые эффективные приемы запоминания английских слов и выражений в начальной школе, которые на практическом опыте помогают детям 1,2,3 и 4-х классов научиться легко и с интересом учить новые слова:

1 - После пройденной темы в классе, детям следует нарисовать большой плакат со всеми словами урока (формат листа А3). Ярко раскрасить предметы (или живых существ), подписав все слова на плакате рядом с рисунками. А затем поместить на самое приметное место в своей комнате. Каждый день следует по 10-15 мин подходить и рассматривать данный плакат, повторяя вслух слова.

2 - Придумать стихотворение или рассказ со словами, а затем оформить его в волшебную историю, которая будет красочно иллюстрирована. А главное, что это произведет впечатление на самого ребенка.

3 - Вырезать, подписать и придумать схематичную картинку данному слову на обратной стороне карточки. Далее можно смастерить стенд с «кармашками» и прикрепить его к стене. В него ребенок будет скрадывать все новые и новые карточки.

4 - Попробовать нарисовать дерево с листьями. И чем больше ребенок сможет заполнить пустых «листиков» и «цветов», тем нагляднее будет его представление насколько он смог запомнить и потренировать свою память.

5 –Взять тетрадь 96 листов, оформить её только под английский язык. Нарисовать комиксы и придумать веселую историю, которая бы ассоциировалась с предложениями и выражениями по нужной теме.

6- Создание ассоциативного ряда из новых слов. То есть ребенку необходимо найти созвучные слова в родном языке, которые бы вызывали логическую связку в тот момент, когда нужно вспомнить и применить данное слово в контексте.

7- Организовать над рабочим местом ребенка магнитную доску, на которую будут вешаться на стикерах слова, которые ребенок должен запомнить. Самое интересное, что как только слово будет уже в активном воспроизведении, можно отложить листочек в коробку (заранее приготовленную и оформленную в «английском стиле»). А на выходных ребенок открывает эту коробку и раскладывает все слова, вспоминая пройденный материал недели.

8 – Запоминание стихов и песен является неотъемлемой частью работы над словами. И в том случае, если ребенок слушает аудиозаписи не только на уроке (в рамках аудио курса учебника), а проявляет желание перевести услышанную в мультике песню или стихотворение. Для того, чтобы у ребенка был положительный опыт стоит подсказать и похвалить его за это.

9 – Напоминание об успехах в изучении иностранного языка поможет ребенку почувствовать свои силы, понимать для чему в жизни он ему пригодится и как здорово понимать людей, говорящих на английском языке, послужит мощным стимулом и придаст уверенность в своих силах школьнику.

Однако усвоение лексики представляет собой сложный и многоэтапный процесс. Дети часто сталкиваются с проблемами запоминания, смешения слов, трудностями произношения. Поэтому задача учителя — подобрать такие методы и приёмы, которые сделают процесс обучения лёгким, интересным и эффективным.

Цель исследования — рассмотреть и проанализировать методы усвоения новых слов на уроках английского языка в начальной школе.

Задачи исследования:

1. Изучить теоретические основы усвоения лексики.
2. Рассмотреть исторический опыт методики преподавания английского языка.
3. Описать современные методы усвоения новых слов.
4. Выявить трудности, с которыми сталкиваются учащиеся, и пути их преодоления.
5. Дать практические рекомендации для учителей начальных классов. Объект исследования — процесс изучения английского языка в начальной школе. Предмет исследования — методы усвоения новых слов.

Методы исследования — анализ педагогической и психологической литературы, обобщение методического опыта, сравнительно-исторический анализ.

Формирование лексической компетенции — важная составляющая коммуникативной компетенции. Без достаточного словарного запаса невозможно полноценное владение иностранным языком. Психолого-педагогические исследования (Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Д.Б. Эльконин) показывают, что младший школьный возраст является сензитивным периодом для изучения иностранных языков. В этот период у ребёнка преобладает образная и непроизвольная память, поэтому информация усваивается лучше в игровой форме, с использованием наглядности и многократного повторения.

Согласно теории Л.С. Выготского, обучение должно строиться в зоне ближайшего развития ребёнка. Это означает, что учитель должен предоставлять поддержку, постепенно усложняя задания. Кроме того, методисты (А.Н. Шамов, Е.И. Пассов) подчёркивают, что для запоминания слова требуется его многократное использование в речи, а также включение в контекст.

Таким образом, для успешного усвоения лексики необходимо сочетание игровых методов, визуализации, аудиального восприятия и практического применения новых слов.

Методика преподавания иностранных языков имеет богатую историю, и подходы к обучению лексике менялись в зависимости от эпохи.

1. Грамматико-переводной метод (XIX – середина XX вв.)

Основное внимание уделялось чтению и переводу текстов. Лексика заучивалась списками, вне речевого контекста. Такой метод давал определённые знания, но не формировал коммуникативные навыки.

2. Аудиолингвальный метод (1950–1960-е гг.)

Основное внимание уделялось устной речи. Слова и фразы заучивались через многократное повторение и имитацию. Однако такой подход делал процесс механическим и не всегда способствовал развитию творческих речевых умений.

3. Метод прямого обучения

Предполагал изучение слов в естественных ситуациях общения, без перевода на родной язык. Дети учили лексику через диалоги, описания предметов, инсценировки.

4. Коммуникативный подход (конец XX в. – по настоящее время) Современная методика ориентирована на использование слов в речи, на развитие навыков общения. Лексика осваивается через игры, песни, проекты, групповые задания. Исторический опыт показывает, что наиболее эффективным является такой подход, где слова используются в живой речи и закрепляются в разнообразных формах деятельности.

Современные методы усвоения новых слов в начальной школе:

1. Игровые методы

Игра является ведущей деятельностью младшего школьника, поэтому через игру

Ритм и рифма способствуют запоминанию. Дети с удовольствием учат песни «Head, shoulders, knees and toes» или «Old MacDonald had a farm», что помогает усвоить лексику.

4. Контекстное обучение

Слова лучше усваиваются в тексте, диалоге или инсценировке. Учитель может разыгрывать с детьми мини-сценки («At the shop», «At school»).

5. Проектная деятельность

Проекты позволяют использовать новые слова в реальной деятельности. Примеры проектов: «My Family», «My Dream House», «Seasons».

6. Цифровые технологии

Программы и приложения (Quizlet, Kahoot, LearningApps) делают процесс интересным и интерактивным.

В странах Европы и США обучение иностранным языкам в начальной школе строится на коммуникативной основе. Учителя используют CLIL (Content and Language Integrated Learning), когда английский язык применяется при изучении других предметов (например, окружающего мира).

В Финляндии и Норвегии активно применяются игровые методы, где дети учат слова через подвижные игры. В Великобритании — акцент на песнях, рифмовках, инсценировках.

Опыт зарубежных школ показывает, что обучение лексике должно быть практичным, основанным на активной речи и разнообразных видах деятельности.

Ученики начальной школы могут сталкиваться со следующими проблемами:

- ограниченный объём памяти;
- смешение похожих слов;
- трудности с произношением;
- отсутствие мотивации. Пути решения:
- многократное повторение в разных формах;
- использование зрительной и слуховой опоры;
- упражнения на произношение;
- создание игровой и эмоционально положительной атмосферы.

Учитель играет ключевую роль в организации процесса. Важно учитывать индивидуальные особенности:

- визуалы лучше усваивают через картинки;
- аудиалы — через песни и рифмовки;
- кинестетики — через подвижные игры.

Индивидуализация обучения повышает эффективность и помогает каждому ученику раскрыть свои способности.

Практические рекомендации для учителей

- Повторять каждое новое слово не менее 7–10 раз в разных ситуациях.
- Использовать метод TPR (Total Physical Response).
- Применять песни и рифмовки для закрепления.
- Организовывать парную и групповую работу.
- Возвращаться к лексике по принципу «спирали».
- Активно использовать цифровые ресурсы.

Усвоение новых слов — важнейший этап изучения английского языка в начальной школе. Эффективное обучение строится на сочетании игровых методов, визуализации, аудиальных упражнений, контекстного обучения и проектной деятельности. Использование современных технологий делает уроки интересными и увлекательными.

Правильный выбор методов, учёт индивидуальных особенностей учеников и систематическая работа с лексикой формируют прочную основу для дальнейшего изучения английского языка.

Список литературы:

1. Шамов А.Н. Методика преподавания иностранных языков в начальной школе. – Москва: Академия, 2018.
2. Козырева С.В. Лексическая работа на уроках английского языка. – Санкт-Петербург: Питер, 2019.
3. Scott, W. A., Ytreberg, L. H. Teaching English to Children. – Oxford: Oxford University Press, 2017.
4. Cameron, L. Teaching Languages to Young Learners. – Cambridge: Cambridge University Press, 2018.
5. Brewster, J., Ellis, G., Girard, D. The Primary English Teacher’s Guide. – London: Penguin English, 2020.
6. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иностранному языку. – Москва: Просвещение, 2019.
7. Wright, A. Games for Language Learning. – Cambridge: Cambridge University Press, 2020.
8. Harmer, J. The Practice of English Language Teaching. – Pearson, 2017.

ӘОЖ 94(574)

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК САРЫН СИПАТЫ

Кайржанова А.А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі
№50 жалпы орта білім беретін мектебі КММ, Орал, Қазақстан

Резюме*.Магжан Жумабаев в своём творчестве предстает как поэт, выступающий за общее дело всех тюркских народов, как хранитель их национального и родственного единства. Тюркские мотивы в его поэзии переплетаются с темой национально-освободительной борьбы казахского народа и приводят к идее сопротивления колониализму. Эти аспекты подробно рассматриваются в статье.*

Ключевые слова*: литературная коммуникация, история, казахско-турецкая связь, Магжан Жумабаев, поэзия.*

Түркі халықтарының бірлігі мәселесі және олардың бостандық үшін күресі XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде ғылыми аспектіде алғаш рет зерттеле бастады.

Солардың бірі М.Жұмабаев шығармашылығы еді. М.Жұмабаев шығармаларындағы түркілік мәселесі бүкіл түркі халықтарының мәңгілік тақырыбын қарастырады. М.Жұмабаев – түркі сана-сезімін, түркі руханиятын, өркениетін, ұрпақтан ұрпаққа түркі мәдениетінің толық сақталуын армандаған ақын. М.Жұмабаевтың поэзиясында түркі халықтарының тарихи жеңістері әлемдік тарихқа ықпал етті. Ол өз шығармаларында түркілік өркениетті толық сақтауды, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп тапсыруды мақсат еткені қарастырылған.

М. Жұмабаев шығармаларының басты ерекшеліктеріне тарихи сананы түркілік тұтастық идеясы негізінде жаңғырту, түркілердің әмбебап дүниетанымдық жүйесі – тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды. [1] Оған дәлел ретінде Мағжан өлеңдеріндегі «жер -су», «жер -от», «Көк тәңірі»

концептілерін түркі халықтарының әлемді жарық дүние деп түсінуі, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарышпен және адамдармен үйлесімділікте болу, өркениет алдында ұлттық архетиптерді сақтай отырып жырлаған. Ж.Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» деген мақаласында «Оның өлеңдерінде түркі жұртына тән көне наным түсініктерді қайта тірілту бар» деп жазылған [2, 406 б]. Ә. Тәжібаев оның «Түркістан»,

«Орал», «Орал тауы» өлеңдерінде түркішілдік сарын бар екенін айтады [3, 5.б.].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта кезінде алыстап қалған қазақ пен түркі елдерінің рухани әрі мәдени тамырластығын, туыстығын қайта жалғастырып, мақсат-мүддесін бір арнаға тоғыстыруда. Қазақ елі мен басқа да түркі тектес халықтардың мәңгілік бірлігі тілі мен сөз құдіретінде жатыр. Мағжан Жұмабаев өз поэзиясында бүкіл түркі халықтарының жоғын жоқтаушы, осы халықтардың елдік, туыстық тамырластығын сақтаушы ақын ретінде өзін көрсетеді. Түркілік сарындар қазақ халқының ұлт-азаттық тақырыбына ұласып, отаршылдыққа қарсы күреске алып келді . Оған мысал ретінде «Орал тауы», «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзінде», «Қазақ тілі»,

«Тез барам!», «Түркістан», «Орал» өлеңдерін жатқызуымызға болады.

Сондай-ақ, Мағжан Жұмабаев «Пайғамбар» өлеңінде «Ғұн – түріктің арғы атасы» десе, «Түркістан» атты өлеңінде «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деп асқақ рухпен жырлады.Мағжанның түркішілдік сезімі, сарыны, идеясы 1919-1923 жылдары Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түрік халқының ұлт-азаттық соғысына арналған «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде ерекше байқалады. Оның бұл өлеңін Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналында (1930, №1) жариялай отырып, оны түркішілдік күресі үшін ең қымбатты және ең пайдалы өлең деп бағалады [4,7 бет].

1919-1923 жылдары Мағжанның Ататүрік бастаған ұлт-азаттық қозғалысы туралы «Алыстағы бауырыма» атты өлең жазғанын жоғарыда айта кеттім. Енді, міне, арада 83 жыл

уақыт өткенде бұл өлеңге түрік ақыны Фейзуллах Будак өлеңмен жауап жазған болатын.

Мағжан шығармашылығы туралы түрік ақыны Фейзуллах Будак: "Түркі әлемі мен түрік ұлтының тәуелсіздік күресінде көптеген ұлдарының қаны мен көптеген зиялылардың әрі сиясы, әрі қаны мен жаны бар. Осылардың ішінде Мағжанның орны бөлек. Өйткені Мағжан – өлеңіндегі күш-қуатты Түркістан аймағындағы түркілердің бөлек хандықтар мен елдерге бөлінбей тұрған мықты кезеңінен алады. Мағжанның денесі бодан болған туған жерде көзін ашып, бүкіл өмірін бодан елде өткізсе де, оның рухы мен арманы еркін түрік қағанатының кең-байтақ даласында қанат қағады және өлеңдері де осындай қайнардан күш алады. Мағжан Жұмабай – көне түркі жерінде ғасырлар бойы жалғасқан ыдыраудан кейін, жылдар бойы жалғасқан құлдық дәуірде отарлаушылардың жүйелі түрде қазақ, қырғыз, өзбек сынды ұсақ атауларды бекіту талпынысына қарсы өлеңдерінде қайтпай ортақ түрік атын және түрік болмысын паш еткен саналы дауыс. Оның өлеңдерінде ұлттың аты – Түрік, отанның аты – Түркістан. Мағжан Жұмабайдың Түрігі оның жүрегіндей кең алқапта өмір сүреді және оның жүрегі Ұлы Әлем Түркі аймағының әрбір бұрышында соғады. Мағжанның ұлт ұғымына құрылған өлеңдеріндегі жалынды сөз тек оның әдеби күшінен емес, сонымен қатар өзі мен ұлтына деген терең сүйіспеншіліктен, ұлтындағы ұлы күштен туады. Мағжанның өлеңдері – Түріктің Түркістан аймағында қырық руға бөлініп, қырық ұлтқа ыдырап, қырық атаумен аталуына себеп болған стратегияларға және сол стратегиялардың жүзеге асуына жағдай жасаған ішкі қателерге қарсы көтерілген саналы бас көтерудің жан айқайы. Сондықтан Мағжан – өлеңіндегі осы биік санаға байланысты Түркі әлемі әдебиетінде және сонымен бірге Түрік ұлтының тіршілігіндегі ең биік құндылықтардың бірі", - деген екен «Түркия үні» радиосына берген сұхбатында.[5]

Япырмай, емес пе еді алтын Алтай Анамыз бізді тапқан асу тайдай? Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ, Жүзіміз емес пе еді жарқын айдай.

Алалы алтын сақа атыспап па ек, Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек Алтайдан анамыздың ақ сүтінен

Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек?

Осы өлең жолдарынан Мағжанның түрік халықтарын түбі бір туысқан екенін өлең тілімен суреттей алатын шебер ақын екенін аңғаруға болады.

Бауырым! Сен ол жақта, мен бұл жақта, Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа Лайық па құл боп тұру? Кел, кетелік Алтайға, ата мирас алтын таққа!

- деп рухы биік көк түріктердің ұрпағын бірлікте, татулықта болуын, олардың байырдан аңсап келе жатқан бостандық жолында бірігуін Мағжан өз поэзиясына арқау еткен.[6, 28-34б]

Осыдан кейін Мағжанның әркімнің аузында жүрген «түрікшілдік» мұраты, яғни түрік тектес ұлттардың рухани-мәдени бірлігі осыдан туындайды.

“Қарашы төңірекке мойның бұрып, Алтай, Орал бойында тұрған түрік. Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ, Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...”-

Ақынның бұл ұлы арманы Кеңес Одағы ыдырап, әлем картасында жаңа тәуелсіздік алған түркі халықтарының мемлекеттері құрылғаннан кейін ғана орындалғаны анық. Түркі халықтарының өзара саяси-экономикалық, мәдени-рухани қарым-қатынастарының даму үдерісі жаман емес, енді одан да жақсы боларына кәміл сенеміз.

Түрік ғалымы Ahmet Zeytinci Мағжан Жұмабаев пен Фейзуллах Будак екеуінің

«Алыстағы бауырыма» жырына берген пікірі «Осындай ұлтжандылыққа, түрікшілдікке толы ақындарды білген қандай тамаша ..»

«Ne güzel yüreği vatan sevgisi ile Türklük sevgisi ile dolu dolu böyle şairleri tanımış olmak...»[7].

Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толу шаралары аясында Түркияда Bengü Yayınları баспасында жарық көрген бұл туындымен «Алыстағы бауырлары» жүрегіндегі Мағжанға деген махаббат одан сайын арта түскенін жазады. Толығырақ айта кетсем:

«Қазақтың Абайдан кейінгі ұлы ақыны саналатын Мағжан Жұмабайдың

«Алыстағы бауырыма» шығармасы қазақтардың сол кездегі үлкен қиыншылықтарына қарамастан, туысқан Түркияның қиын жағдайын жүрегімен сезіну арқылы жазылған тарихи

әдеби шығарма екені сөзсіз. Мағжанның осы өлеңінен бүгінгі ұрпақ ағайындықтың қаншалықты маңызды екенін аңғарады. Мағжанның Түркиядағы танымалдығының бір көрсеткіші, оның шығармаларына Атаюртте 50 жыл бойы (кеңес кезінде) тыйым салынса, Анадолыда ту тағылды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Мағжанның Қазақстаннан тыс жерлердегі алғашқы мүсіні Анкара Кечиөрен қаласында тұрғызылды. Түркия түріктерінің Мағжанға көрсеткен бұл құрметі барша қазақты мақтан тұтады.

Мағжанның Атажұртымыз «Түркістан» туралы жазған өлеңі түрік әлемінде де үлкен әсер етті.

Мағжанның өлеңдері бүгінге дейін Түркияда түрік тіліне бірнеше рет аударылған. Әйтсе де, оның 26 өлеңін алғаш рет ақындық ұқыптылықпен, қадірменді ақын Әли Ақбаш аударған.» деп осылай өз бағасын берген екен. [8]

М.Жұмабаев әдебиетімізде тұңғыш рет қолға алған түрік тақырыбының халықаралық маңызы зор. Бүгінде тәуелсіздік алған Қазақ елінің Түркиямен ынтымақтастығы, екі ел арасындағы достық қарым-қатынасы күн санап нығая түскен осы кезеңде Мағжан туралы зерттеулерді ұмытпау керек. Бірде ақын түрік бауырларымызға: «Бауырым! «Сен мына жақта, мен мына жақта, уайымнан қан кетті...» десе, құдайға шүкір, қазір жағдай біршама өзгерді. Тәуелсіз елдер неге жылайды?

Расында да, бүгінгі оқиғаларға қуанбау мүмкін емес. Ендігі арманымыз да, тілегіміз де сол жақтағы, мына жақтағы қуанышымыз ұзақ болсын. Осыны айта отырып, осы тәуелсіздікке қол жеткізген нұрлы күндерді көрмей, осы күндер үшін жанын пида еткен батырларымызды да мұңмен еске алуымыз керек. Мағжанның Батыс пен Шығысты тең көре отырып, бір ғана мақсаты болды: дүниені жаңарту, адамзаттың ниетін түзетіп, көркейту. Ақынның «Жер бетінде топан су болсын» деген өлеңі де біз айтқан өлеңдер қатарында. [9, 195].

Мағжан Жұмабаев шығармашылығын зерттеуде атақты ақын Ә.Тәжібаев Мағжанның француз ақындарымен тең түсіп, ортақ тақырыпта жазатынын айта келіп, былай дейді: «Мені де, өлім, әлдиле» деген цикл өлеңдегі тақырыпта түркі тектес халықтардан жырлар жазған екі ақын бар. Оның бірі – татар ақыны Дартманд та, екіншісі қазақ ақыны – Мағжан Жұмабаев» [10, 2 б]. Бұл жерде айта кететін нақты шындық түркі халықтарының азаттық ойларының, толғандыратын мәселелерінің мақсаты бір әрі ортақ екендігі болып отыр.

Философ ақын Мағжан – қазақ, түрік халқының өмірлік ұстанымдарын, рухани мұрат-мүддесін, бірлігін жырлаған ақын. Қазақ және түркі халықтарына ортақ ұлттық мәдени дәстүр-салтын, наным-сенімін, ондағы халық тіршілігі мен тынысын, халық шежіресін, халық өмірін, халық тағдырын поэтикалық тілі арқылы жеткізген. Адамзат баласының рухани жан-дүниесіне тәнті ету рухы биік, мойытпас мұң мен сыр шертетін қазақтың асыл ұрпақ әлеміне жетелеп апарар жол Мағжанның поэзиясында жатыр. Мағжан халық мәдениетінің тарихи ізін ең алдымен рухани байлығымызбен сабақтастырады, ұлттың ұлылығын көрсететін елі мен ел ардагерлерінің қадір-қасиетін өлең арқауына, яғни поэзия әлеміне пайдаланғанынан танып-білуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. АЛКЕБАЕВА Д. Мағжанның түркілік-мифтік поэтикасы. - «Ақиқат» газеті. 2021 жыл 2.Аймауытов Ж. , Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. (Құраст. Абдуллин., Х., Дәрімбетов . Б., Жұмабаева.З). – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
3. Майтанов. Б.Қ. – Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2001.-52 бет.
4. Шоқай М. «Яш Түркістан» журналы. (1930, №1) .
5. «Түркия үні» радиосындағы сұхбат.
6. Бейсенова М. Түркі дүниесі: Мағжан және Фейзуллах. Ұлағат. 2008 жыл
7. http://www.siirzamani.org/oku/19912/magcan_cumabay_uzaktaki_kardesime_
8. Uzaktaki Kardeşime Kitabı – Hepsiburada. Bengü Yayınları. https://www.hepsiburada.com/uzaktaki-kardesime-pm-HB00000C4MKQ

9. Елеукенов Ш. Мағжан. - Алматы. 1995 жыл.
10. Тәжібаев.Ә. Кеш мені Мағжанның аурағы. - «Мәдениет» газеті. 1992 жыл.2 б.

ӘОЖ 94(574)

ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ - БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚАЖЕТТІЛІК

Какимгалиева Л.Т
Ақсай қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Ақсай қаласы

***Резюме**. В данной статье рассматривается значимость этнокультурного образования и воспитания в современной системе образования. Этнокультурное образование признаётся как инструмент, способствующий сохранению и развитию*

национальной культуры. Кроме того, этнокультурное воспитание помогает формировать национальное самосознание личности и способствует пониманию культурного разнообразия в обществе. Внедрение этнокультурных компонентов в образовательные учреждения может повысить интерес учащихся к собственной культуре и улучшить их навыки взаимодействия с другими культурами. В статье анализируются теоретические и практические аспекты этнокультурного воспитания и образования.

***Ключевые слова**: этнокультурное образование, воспитание, национальная культура, система образования, культурное разнообразие, национальное сознание*

Этномәдени білім мен тәрбие қазіргі уақытта білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаруда. Бұл білім түрі ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға, мәдениетаралық диалогты нығайтуға ықпал етеді. Этномәдени білім беру оқушыларға өз халқының тарихын, дәстүрлерін, тілін терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәрбиенің мақсаты – жас ұрпақтың өзіндік мәдени түсінігін қалыптастыру, олардың әлем мәдениетіне ашық болуын қамтамасыз ету. Қазақстан контекстінде этномәдени білім мен тәрбие көпұлтты қоғамның үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Этномәдени білім мен тәрбие беру арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру және оларды елін сүйетін қоғамның азаматы ретінде тәрбиелеу. Этномәдени білімнің мәні мен мазмұнын талқылай отырып, оның қазіргі білім беру жүйесіндегі алатын орнын анықтау қажет.

Тәрбиелеу үдерісінде этномәдени құндылықтардың рөлін зерттеу арқылы олардың тәрбиелік әсерін күшейту жолдарын қарастыру керек. Жастар арасында этномәдени біліктілікті дамыту әдістемелерін әзірлеу арқылы олардың мәдениетке деген қызығушылығын арттыруы тиіс. Этномәдени білім негізінде қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкіндіктерін зерттеу қажет.

Қазіргі қоғамда этномәдени білім мен тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтардың сақтау мен дамыту үлкен еңбекті қажет етеді. Этномәдени білім беру оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеуге, олардың тарихи санасын қалыптастыруға және мәдени мұраларды сақтап қалуға бағытталған. Бұл білім беру жүйесі арқылы оқушылардың өз мәдениетіне деген қызығушылығын арттырып, оларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үйретеді. Осылайша, этномәдени білім беру оқушылардың патриоттық сезімдерін күшейтуге, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға және болашақта қоғамның адал азаматы болуына ықпал етеді.

Бүгінгі күнде этномәдени білім беру жүйесінің маңыздылы орасан. Ол жастардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға, олардың тарихи және мәдени білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, этномәдени білім беру арқылы жастар арасында

толеранттылықты қалыптастырып, олардың әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара түсіністікке қол жеткізуіне ықпал етуге болады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және этносаралық қарым-қатынастарды жақсартуға септігін тигізеді.

Этномәдени білім беру жүйесін жетілдіру арқылы қазіргі қоғамдағы бірқатар өзекті мәселелерді шешуге болады. Атап айтқанда, ұлттық құндылықтарды сақтау, жастардың патриоттық сезімдерін дамыту, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және мәдениетаралық диалогты нығайту мәселелері маңызды. Осыған байланысты, этномәдени білім беру білім алушыларды рухани және мәдени тұрғыдан байытуға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыруды талап етеді. Бұл шаралар жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға және қоғамның белсенді мүшелері ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Этномәдени білім мен тәрбие беру қазіргі уақытта қоғамның дамуы үшін аса маңызды, себебі ол жастардың ұлттық санасын, мәдениетке деген құрметін және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Осы бағытта жүргізілетін зерттеулер мен тәжірибелер этномәдени білімнің мәні мен маңызын тереңірек түсінуге және оны жұмыс барысында тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Этномәдени білім беру жүйесі білім алушылардың ұлттық санасын қалыптастырудың негізі болып табылады. Жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Бұл орайда, этномәдени білім беру жастарға өз мәдениетінің ерекшеліктерін түсінуге, оны құрметтеуге және келешекте сақтауына мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстанның көпұлтты қоғамында әр түрлі этностардың бір-бірімен түсіністік пен сыйластықта, достық қарым - қатынаста өмір сүруі маңызды.

Этномәдени тәрбиенің тәрбиелік әсері.

Этномәдени тәрбие беру процесі жастардың мәдениетке деген қызығушылығын арттырумен қатар, олардың патриоттық сезімдерін күшейтуге бағытталған. Тәрбие беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды үйрету арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметі артады. Осылайша, этномәдени тәрбие жастардың қоғам алдында жауапкершілігін арттырып, олардың белсенді азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Жастар арасында этномәдени біліктілікті дамыту.

Жастардың этномәдени біліктілігін дамыту үшін, оларды ұлттық мәдениетпен тығыз байланыстыру қажет. Бұл орайда, білім беру мекемелерінде арнайы мәдени шаралар ұйымдастыру қажеттіліктердің бірі болып табылады. Мысалы, қызметкерлерден бастап білім алушыларға да ұлттық мерекелерді тойлау, ұлттық киім киюді, ұлттық ойынды ойнатуды насихаттау, ұлттық тағам түрлерін ұсыну сияқты шаралар жастардың мәдениетке деген қызығушылығын арттырады.

Қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Этномәдени білім беру қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға септігін тигізеді. Әртүрлі этностардың мәдениетін түсініп, құрметтеу арқылы қоғамдағы этносаралық қарым-қатынастарды жақсартуға болады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты, бірлікті қамтамасыз етеді. Мысалы, Қазақстандағы этносаралық келісімнің үлгісі ретінде, әртүрлі мәдениет өкілдерінің бір-бірімен бейбіт өмір сүруі және мерекелік шараларға бірдей ат салысуы маңызды.

Этномәдени білімнің артықшылықтары мен кемшіліктері.

Этномәдени білімнің артықшылықтары арасында жастардың ұлттық санасын дамыту, патриоттық сезімдерін күшейту, мәдениетаралық диалогты нығайту сияқты аспектілерді атауға болады. Алайда, этномәдени білім беру барысында кейбір қиындықтар да кездеседі. Мысалы, этномәдени білімнің жеткіліксіз қаржыландырылуы немесе жастардың кейбір мәдени құндылықтарға қызығушылық танытпауы мүмкін.

Қорытынды. Этномәдени білім мен тәрбие беру қазіргі уақытта қоғамның дамуы үшін және ұлттық құндылықтарды сақтап қалу үшін аса маңызды. Бұл бағытта жүргізілетін ауқымды жұмыстар этномәдени білімнің мәні мен маңызын тереңірек түсінуге және оны күнделікті өмірде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша, этномәдени білім беру жүйесі арқылы

жастардың рухани және мәдени тұрғыдан байып, этномәдениет туралы түсінігін қалыптастыруға, қоғамның жауапты мүшелері ретінде қалыптасуына ықпал ете аламыз.

Этномәдени білім мен тәрбие қазіргі жаһандану дәуірінде ерекше маңызға ие болып отыр. Әлемдік мәдениеттердің өзара араласуы ұлттық құндылықтарды сақтау қажеттілігін арттыра түсті. Көпұлтты Қазақстан үшін этномәдени білім беру ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мен сақтаудың басты құралы ретінде қызмет етеді. Бұл оқушыларға өз халқының тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін терең түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынасты нығайтады.

Этномәдени білім беру қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып, оқушылардың рухани дамуына ықпал етеді. Этномәдениет түсінігін қалыптастырудың өзі оқушылардың ұлттық сана-сезімін нығайтып, академиялық көрсеткіштеріне оң әсер ететінін көрсетеді.

Этномәдени тәрбие арқылы оқушылардың рухани байлығы артып, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілік қалыптасады.

Қорытындылай келе, этномәдени білім мен тәрбие ұлттық құндылықтарды сақтап, мәдениетаралық түсіністікті арттыру арқылы қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұл бағытта болашақта этномәдени білім беруді дамыту, оның тиімділігін арттыру және мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру маңызды. Оқырмандарды өз мәдениетін құрметтеуге, оны сақтауға және болашақ ұрпаққа жеткізуге шақырамын. Бұл мақсатта әрбіріміз ұлттық құндылықтарды дәріптеп, “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” дегендей, қоғамда мәдениетаралық түсіністікті арттыру жолында баршамыз әрекет етуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Наурызбай Ж.Ж. Оқушыларға этникалық-мәдени білім берудің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2005. – 240 б. (Автордың еңбегінде «этностық-мәдени білім беру», «оқушылардың этностық мәдени білімділігі» ұғымдары, сондай-ақ тұжырымдаманың теориялық негіздері айқындалған) (stud.kz)
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Астана: Педагогика, 2008. – 300 б. (Автор этностық педагогиканың әдіснамалық-теориялық негіздерін, тарихи кезеңдерін терең талдаған) (articlekz.com)
3. Мұхтарова Ш.М. Жоғары педагогикалық білім мазмұнының этностық компонентін қалыптастырудың теориялық негіздері. – Алматы: Білім, 2010. – 280 б. (Жоғары педагогикалық білім мазмұнына этностық компонентті енгізудің ғылыми негіздері мен парадигмалары туралы) (articlekz.com)
4. Жиентаева Б.Ж., Чабакова А.М. Этномәдени білімдер негізінде студенттердің кәсіби бағыттылығын дамыту // Вестник ЕНУ. – 2019. – №1. – 45-52 б. (Этномәдени білім студенттердің кәсіби бағыттылығын, толеранттылық пен рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытуда маңызды рөл атқарады) (dspace.enu.kz)
5. Қазақстанда этномәдени білім берудің әдіснамалық-теориялық негіздері // Мәдени-этникалық білім беру. – 2023. – №2. – 15-23 б. (Қазақстанда этномәдени білім берудің теориялық, әдіснамалық негіздері, тұжырымдамалар талданған) (articlekz.com)
6. Этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы // Stud.kz. – 2022. – №3. – 30-38 б.(Этномәдени білім беру жүйесінің даму тенденциялары мен теориялық-әдістемелік негіздері зерттелген) (stud.kz)

ӘОЖ 94(574)

ҰЛТ АРМАНЫН АРҚАЛАҒАН МЕКТЕПТЕР

Каримоллин А.Г.
Орал қалалық №46 ЖОББМ ШЖҚ КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

***Резюме**. В данной работе, опираясь на взгляды и основные идеи произведений Гумара Караша, предлагаются принципы деятельности „школ, несущих национальную мечту“. Национальный характер школы сам по себе определяет все понятия в мировоззрении казахского народа. Как исток языка и национального сознания, национальная школа должна быть опорой казахской самобытности.*

***Ключевые слова**: Ғұмар Қараш, национальная школа, казахское общество, будущее нации*

Қазақ қазақ болып қалыптасқалы бері ұлттық мектептің рөлін ауыз әдебиеті атқарғаны анық. Халықтың арман, мақсаты батырлар жырында тұнып тұрса, бала тәрбиесі ертегілердің еншісінде болды. Салт-дәстүрі әндермен өрілсе, саясаты билер мен ақындардың тілінде еді. Осылайша ұлттың ұйысуына, ұрпағының ұжданды болуына қызмет етіп жүретін айтыскер ақындар, жыршылар, әуезді әншілер, ертегі айтатын әжелер мен аталар орасан зор істің бір ағзадай жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырды. ХХ ғасырдың басында отырықшылық дәуірі басталғанда, саяси жағдайларға байланысты халық ауыз әдебиетінің қалыбы, яғни жоғарыда аталған «мамандар» түгелге жуық қырылды. Содан бері бір ғасыр өтсе де, бұл зұлматтың орнын толтырмақ түгелі есімізді жия алмай жүргеніміз рас.

Қазіргі таңда ұлттық мұрамызды тек ыңғайы шыққанда ғана насихаттап жүру аздық етеді. Икемі бар ғана жыр тыңдап, өнерлі ғана әнді тыңдайтын заманда ұлттық мұрамызды нық ұстайтын ұрпақ қажет. Дүние есігін ашқан сәбилердің шет тілінде сөйлегені жанымызға найзадай батады. Ал осының алдын алу үшін бізге Ұлттық мектептер қажет. Жеке мектептер ұлттық мектеп үлгісін жасап көріп жатырғанда бұған тек мемлекеттік көзқарас керек деген ойда қаласың. Ең әуелі ұлттық мектеп үлгісін артына із қалдырған Алаш қайраткерлерінің ұстанымы бойынша құрған жөн деп есептеймін.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ұлттық оянуы білім мен тәрбие мәселесін алдыңғы қатарға шығарды. Осы кезде туған зиялылар — ақындар, публицисттер мен педагогтер ұлттық сананы жаңғыртуда мектептің рөлін ерекше бағылады. Солардың бірі — Ғұмар Қараш. Ол білімді, көзі ашық адамдар мен байларды надандықпен күресуге үнемі шақырып отырған. Жастардың білім алып, ғылым игеруі үшін бұл іске мұғалімдердің ғана көмегі жеткіліксіз екендігін түсіне отырып, байлардан өз дүниесін оқу-ағарту, мектеп-медресе жұмысына, ғылым қуамын деген жастарға беруді, қолдау көрсетуді сұрады. Себебі надандық, жалқаулық, қараңғылықты қоғам дамуын тежейтін негізгі себеп ретінде көрсете отырып, одан шығудың жолы ғылым мен ағартушылық деп білді. Оның қоғамдық- педагогикалық және әдеби ойлары қазіргі ұлттық бағыттағы мектептердің рухани негізін қайталап көрсетуге мүмкіндік береді. Төмендегі мақалада Ғұмар Қараштың көзқарастары мен шығармаларындағы негізгі идеяларды негізге ала отырып, «ұлт арманын арқалаған мектептердің» іс-әрекет принциптерін анықтауға тырыстым.

Тіл мен ұлттық сананың бастауы ретінде Ғұмар Қараш үшін — ұлттық мектеп қазақы болмыстың тірегі. Ол: «Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзінен-өзі белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттық өнері де өркен жаймайды» деп жазды [1]. Бұл ұстанымнан туған мектептер ана тілін алғашқы орынға қоюы тиіс: оқу бағдарламасы, оқулықтар, тәрбие жұмыстары қазақ тілінде жүргізіліп, оқушыларға мемлекеттік тілде ойлау мен өз идеясын білдіру машығын қалыптастыруға жағдай жасалуы қажет.

Мектептің ұлттық болуының өзі оның қазақ ұлтының дүниетанымындағы барлық

ұғымдарды осы мектептен бала алып шығады деген сөз. Бастауыш сыныптан бастап баланың санасына түсінікті нәрселерді үйрету, оқыту қолға алынуы тиіс. 2024 -2025 оқу жылы қолға алынған «Адал азамат» бағдарламасының жетілген, аяқталған концепциясы тек ұлттық мектеп болуы тиіс. Сондықтан, бұл жобаны көзі қарақты ғалымдар сралап отыруы қажет.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер: ойлауға тәрбиелеу. Ғұмар педагогикаға терең мән беріп, «Педагогика» атты мақаласын жариялады және ана тілінде педагогикалық қағидаларды ұсынды [5]. Ұлт арманын арқалаған мектептер механикалық жаттаудан гөрі сыни ойлауға, тәжірибеге бай тапсырмаларға, оқу мен өндірісті байланыстыратын практикалық әдістерге басымдық беруі тиіс. Мұғалім — тек білім беруші ғана емес, тәрбиелеуші, қоғамдық қозғалыстың көшбасшысы болуға тиіс. Осы тұрғыда Ғ.Қараштың «Шәкіртіңізге ауыздай үгіт бермеңіз, нәрсені өздері

тәжірибе арқылы тапсын. Оларды еш уақытта жазаламаңыз. Олар айыпты болудың не екенін білмейді. Оларды еш уақыт кешірім сұрарлық халге жеткізбеңіз. Олар сізді жәбірлей алмайды… ». Бұл тұжырымдар-бүгінгі педагогика үшін де әлі күн тәртібінен түспеген, білім берудің жаңа талаптарымен үндескен батыл ойлар болып табылады. жаңартылған жүйе бойынша бала сабақ барысында өздігінен ізденуі қажет. Ұстаз тек қана бағыт береді. Ал тура осы әдісті 1919 жылы «Мұғалім» журналында айтып кеткен. Ардагер ұстаз, ақын-жазушы Д.Мұштанова: «Жинақты қолыма алғанда Ғұмардың «Дұрыс бер, дәріс берсең теріс берме» деген сөзі оттай басылды,»-деуі де Ғұмардай ғұлама ұстаздың айтқаны бүгінгімен сабақтасатынын анық көреміз.

«Мұғалімдердің мұғалімі» Ғ.Қараш «Мұғалім» мұқабасына эпиграф түрінде: Тіл - көңілдің ақылшысы,

Ілім – жарық, жанға ұя. Білім – бақтың басқышы,

Қараңғыда жол қия,- деген жыр жолдарды босқа алмаған. Қараңғыға жол көрсетіп,

халқына шырақ болған ол мектептер ашу ісіне белсене араласып,жаңа мектептің оқу бағдарламаларын, жоспарын жасауға қатысады.

Ұжымдық жұмыс және қоғамға қызмет ету. Ғұмар қоғамдық ұйымдастырушылық қызмет атқарды: газет шығару, оқу-ағарту комиссияларында жұмыс, мұғалімдер журналын ұйымдастыру сияқты істі бастап, қоғам мен білім арасындағы байланысты нығайтты. Ұлт мектептері өзі өмір сүріп отырған қоғамға қызмет ету қағидатын ұстанып, жергілікті қауымның мұқтаждығын есепке ала отырып жұмыс атқаруы қажет: ауыл шаруашылығы, тұрмыс-тіршілік, мәдени іс-шаралармен байланысты оқыту.

Қараштың идеялары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол тілге, білімге, мәдениетке, баспасөз бен ұлт көшбасшылығына берілген маңыз арқылы ұлттық мектептің тұжырымдамасын көрсетті. Қазіргі кезеңде «ұлт арманын арқалаған мектеп» мынадай қағидаларды басшылыққа алуы керек:

- Ана тілін басты оқу құралы ретінде бекіту.
- Дін мен рационалды білімнің үйлесімін қамтамасыз ету.
- Қоғамдық-саяси тұрғыдан әрекет ететін белсенді азаматтық тәрбие.
- Мәдени мұраны, әдебиетті және жергілікті тарихты оқыту.
- Мектеп пен бұқаралық ақпарат, қоғамдық ұйымдар арасындағы тұрақты байланыс.

«Ғұмар Қараштың үлкен мұрасы — халықтың ой-санасын оятуға бағытталған педагогикалық және қоғамдық қызметі» деп бағалануы — бүгінгі білім жүйесіне шығармашылық пен ұлттық рухты қалай енгізу керектігін көрсетеді. Оның өсиеттері негізінде жасалған мектеп — ұлттың болашағын көтеретін, ұлт арманын арқау ететін орын болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ғұмар Қараш. «Тіл мәселелері» (мақала). (дерек: Ғұмардың мақалалары мен жинақтары; үзінділер мәтінінен) [ұқсас дереккөздер: «Педагогика», «Дұрыстық жолы», «Мұғалім» журналдары].

2. Мұқанов С. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. (Фундаментал зерттеу; Ғұмар Қараш туралы бөлім) — (дереккөз көрсетілген материалдан) [2].

3. «Қазақстан» газеті. 1911 жылғы 16 наурыз, «Газет деген не зат?» (Ғұмар Қараш) — (қолжазба/басылым) [3].

4. Ғұмар Қараш. «Сүйінші» (өлең). (жинақ: «Аға тұлпар», Орынбор, 1914) — өлең үзіндісі: «Киіз ойлы қазаққа – "Қазақ" атты ұл туды. Сүйінші, қазақ, сүйінші!» [4].

5. Ғұмар Қараш. Өлеңдер жинағы «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914) — фольклорлық мотивтер үзінділері [4].

6. Том Виннер (Tom Winer). «Ғұмар Қараш» — «Орта Азия» (Англия, 1958) — (шетелдік мақалашылық зерттеу) [6].

7. Есмағамбет Смайылов. Ғұмар Қараш туралы еңбектер мен оқулықтарға енгізулер (қысқаша шолу) [7].

8. Қабиболла Сыдиықов. «Замана» (Ғұмар мұраларын жинақтау, 1994) [8].

9. Мақсат Тәжімұратов. «Ғұмар Қараш» (Арыс, 2004) — биографиялық- талдамалық кітап [9].

10. Сәкен Өзбекұлы, Атақожа Исмайлов. Ғұмар Қараш шығармаларына талдау (2005) [10].

ӘОЖ (373.1.02)

ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП МӘСЕЛЕСІ

Сандибаева Ж.К.
Ақсай қаласының №4 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Резюме.*В данной статье рассматриваются вопросы этнокультурного образования и роли национальной школы в формировании духовно-нравственных ценностей учащихся. Анализируются проблемы и предлагаются пути их решения в контексте современной образовательной политики Казахстана.*

Ключевые слова*: этнокультурное образование, национальная школа, традиции, воспитание, культурная идентичность.*

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Осындай ерекшелік білім беру саласында да этномәдени бағытты дамытуды талап етеді. Тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына, ұлттық құндылықтарды меңгеруіне бағытталған білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл білім беру түрі оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырып, олардың өз ұлтына деген құрметін қалыптастырады.Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмыс пен мәдениетті сақтау – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Этномәдени білім беру арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімі мен рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасады. Бұл мақалада этномәдени білім берудің мәні мен ұлттық мектептің рөлі қарастырылады. Этномәдени білім беру ұлттың өзіндік мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін, өнерін және дүниетанымын жүйелі түрде ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Ұлттық болмысын танымаған ұрпақ түп тамырынан ажырайды. Этномәдени білім беру арқылы балалар өздерінің ұлттық тамырларын біледі, құрметтейді.

Этномәдени білім берудің мәні. Ұлттық мектеп – белгілі бір этностың мәдениетін, тілін, дәстүрін басты негізге алатын білім беру ұйымы. Мұндай мектептерде оқыту тілі – ана тілі болып табылады. Ұлттық мектептер этносаралық келісімді нығайтып, әр ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға өз халқының тілі, тарихы, мәдениеті мен дәстүрлерін үйрету арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесі. Бұл білім беру түрі

оқушылардың ұлттық сана-сезімін оятып, оларды өз мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Оңтүстік Қазақстандағы бір ауыл мектебінде өзбек ұлтының өкілдері көптеп оқиды. Мектепте оқыту тілі — қазақ тілі, бірақ этномәдени білім беру шеңберінде мектеп әкімшілігі арнайы бастамамен аптасына бір рет «Ұлт мәдениеті» сағатын ұйымдастырады. Бұл сабақта оқушылар өзбек халқының ұлттық киімдері, тағамдары, биі,

музыкасы, мақал-мәтелдері мен салт-дәстүрлері туралы жобалар дайындайды, өз ана тілінде өлең оқиды. Бір оқушы — Мухаммадали өзбекше мақал-мәтелдер жинағын жасап, оны қазақ тіліне аударып, сыныптастарымен бөлісті. Осы арқылы тек өз мәдениетін тану емес, өзгелерге де этномәдени түсінік беріп, оқушылар арасында құрмет, қызығушылық қалыптасты.

Бұл мысал этномәдени білім берудің ұлттық мектептен тыс жағдайда да жүзеге асуы мүмкін екенін, әр этностың мәдени мұрасын насихаттау арқылы оқушылардың бойында толеранттылық, ұлттық мақтаныш пен бірлік сезімі қалыптасатынын көрсетеді.

Қазақстанда этномәдени білім беруді енгізуде оң тәжірибелер де бар. Мәселен, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндері тереңдетілген мазмұнда оқытылады. Сондай-ақ, жекелеген ұлттық мектептерде этнография, қолөнер, күй сабағы сынды қосымша курстар енгізілуде.

Сондай-ақ, оқушылардың ата-аналарын да этномәдени процестерге тарту тиімді нәтиже береді.

Ұлттық мектептің рөлі

- Тұлғаның этникалық, ұлттық сәйкестігін қалыптастыру;
- Ана тіліне құрметпен қарауға баулу;
- Халықтың салт-дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын игерту;
- Толеранттылық пен этносаралық келісімді тәрбиелеу. Қазіргі мектептегі этномәдени білім берудің жағдайы

Бүгінде Қазақстан мектептерінде түрлі ұлт өкілдері білім алуда. Этномәдени білім беру аясында ұлттық мерекелер, танымдық кештер, халық ертегілері мен мақал-мәтелдер арқылы оқу-тәрбие үрдісіне этнографиялық элементтер енгізіліп жүр

Педагогтің рөлі

Педагог – этномәдени білім берудің негізгі тетігі. Мұғалім өз пәнін ұлттық сипатта оқытып, балаларды ұлттық мәдениетке қызықтыра білуі керек. Бұл үшін мұғалім ұлттық танымды, фольклорды, әдеби мұраны игеріп, сабақ мазмұнын байытуы қажет. Ұлттық мектеп – этномәдени білім берудің негізгі ортасы. Мұнда оқушылар ана тілінде білім алып, ұлттық құндылықтарды меңгереді. Ұлттық мектептерде халықтық педагогика элементтері, дәстүрлі өнер мен мәдениет сабақтары енгізілуі тиіс.

Қиындықтары мен ұсыныстар

Этномәдени білім беру жолында кейбір қиындықтар кездеседі: оқулықтардың мазмұны жеткіліксіз, ұлттық мазмұндағы ресурстар тапшы, педагогтердің даярлығы әртүрлі деңгейде. Осыған орай қазіргі таңда этномәдени білім беруде бірнеше мәселелер туындап отыр:

- Оқу бағдарламаларында ұлттық мазмұнның жеткіліксіздігі;
- Мұғалімдердің этнопедагогикалық біліктілігінің төмендігі;
- Оқу құралдарының ұлттық ерекшеліктерді ескермеуі.

-Лингвистикалық кедергілер;

-Мәдени құндылықтардың бұзылуы;

-Ғаламдану әсері, жастардың ұлттық санадан алыстауы.

Бұл мәселелерді шешу үшін:

- Оқу бағдарламаларын этномәдени ұлттық мазмұнмен толықтыру;
- Мұғалімдердің этнопедагогикалық біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;
- Ұлттық мазмұндағы оқу құралдарын әзірлеу қажет.
- Мектептерде ұлттық мәдениетке бағытталған іс-шаралар өткізу. ұлттық мерекелер мен салт-дәстүрлерді насихаттау,

Осы мәселелерді дұрыс шешу үшін білім беру бағдарламалары мен әдістемелерін

жетілдіру қажет.

Қорытынды

Ұлттық мектептер арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімі мен мәдениетке деген құрметі қалыптасады. Сондықтан этномәдени білім беруді дамыту – білім беру жүйесінің

басты бағыттарының бірі болуы тиіс. Ұлттық мектептер арқылы бұл бағытты жандандыру – мемлекетіміздің мәдени тұтастығын сақтауға бағытталған маңызды қадам. Сондықтан оны сақтап, дамыту – мемлекет саясатының басты басымдықтарының бірі болуы керек. Ұрпақ ана тілін, тарихын, мәдениетін өз деңгейінде меңгергенде ғана ұлттық сана мен бірегейлік жоғалмайды. Этномәдени білім беру мен ұлттық мектеп – ұлттың рухани тірегі. Қазақстан болашағы – ұлттық негізі берік, мәдениеті терең, тілі шұрайлы ұрпақтың қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Санат, 2006. – 248 б.(https://stud.kz/referat/show/30669)
2. Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 2005. – 36 б. (https://stud.kz/referat/show/30669)
3. Айтмамбетова Б. Жеке тұлғаны тәрбиелеу. – Алматы: Білім, 2004. – 176 б.
4. Жұмабеков А. Ұлттық мектеп және дәстүрлер. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 152 б.
5. Білім беру саласындағы этномәдени компонент. – Алматы: Ғылым, 2021. – 134 б.
6. Тұрсынбекова Ж. Мәдениет пен білім. – Қарағанды: Болашақ, 2018. – 120 б.

ӘОЖ 94(574)

ПАРАСАТ ЖАУЫНГЕРІ

Сапарова Г.Қ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Орал қалалық

« Б.Момышұлы атындағы № 46 ЖОББМ» ШЖҚ КММ

Резюме. *В статье рассматриваются личные качества и индивидуальные особенности одного из видных представителей движения «Алаш» – Гумара Караша. Автор обращает внимание на деятельность Караша как педагога, анализирует его труд «Педагогика», а также раскрывает многогранность его личности — поэта, политика, учёного и публициста.*

Ключевые слова: *учитель, мулла, журналист, поэт, политик, ученый.*

Әлихан Бөкейханұлының әйгілі «Тірі болсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген сөзін бүгінде барлығымыз білеміз. Әрқайсымыздың жүрегімізді бір шарпып өтетін осы бір сөз - арман, мақсат тіпті миссия секілді. Осындай тағдырыңды қай арнаға бұратыныңды анықтап беретін, тура жолға салатын, нақты байламды сөзді естіген ойлы жастар бүгін де Алаш азаматтарының ізін қууды парыз санайды.

Туа сала үйренген өнерін, алған білімін, көрген өнегесін ес жиып, бел буғанда тек қазаққа пайдалы болсын деп ниет еткен Алаш азаматтарының бірі де бірегейі - Ғұмар Қараш. Кішкене ғана ауылда дүниеге келсе де, арманы биік, мұраты асыл болған Ғұмар Қараштың өр тұлғасын басқа Алаштықтармен салыстыруға тіпті де дәтім бармас. Мен ол кісінің жеке қасиеттеріне, тұлғалық ерекшеліктеріне тоқталғым келеді.

Мұғалім. Ғұмар Қараш XYIII ғасырдың төртінші ширегінде қазіргі Жәнібек ауданы, Қырқұдық ауылында дүние есігін ашқан. Өмірге келген заманы да ақының жан- жақты болып қалыптасуына басты себеп болды. Молдадан білім алып, ауылдан ұзап шыққанда халқының дені надандыққа малынып отырғанын, тек молданың аузына қарап қалғанын ұғынады. Ғұмар

Қараштың сол заманда жәдидшілердің жолын ұстануының өзі бір үлкен сыр. Исатай Кенжәлиев Ғұмарды жас кезінде сол өңірдегі 1 кластық орыс- қырғыз училищесінде оқуы да мүмкін дейді. Өйткені Ғұмардың жастайынан татар, орыс, араб, парсы тілдерін жетік меңгерген. «Ғұмар Қараш» атты кітап жазған зерттеуші Мақсат Тәж-Мұраттың еңбегін-де кейіпкеріміздің Уфадағы «Ғалия» медресесінде, тіпті Стамбұлда оқығандығы туралы деректер бар екенін ортаға салады. Алайда бұл мәліметтерді нақтылайтын тарихи құжат әзірге табылмаған. И.Кенжәлиев Ғұмардың 17 жасынан-ақ молда болып, 1892-1898 жылдары туған жері Құрқұдықта бала оқытқанын айтады. 1902-1910 жылдары да өзі туып өскен ауылында, Тіленшісай, Борсы мекендерінде жәдитше бала оқытқан екен [1].

Ақын ауылда молдалық еткен күндері де жеке білімін арттыруды ешқашан тоқтатпаған. Бірнеше тіл меңгеріп, қоғамдық ғылымдарды да, ұйымдастырушылық қабілетін де шыңдай білген. Сөйтіп жүріп 1919 жылдың қаңтарында екінші мұғалімдер съезінде "Мұғалім" атты тәлім-тәрбие, ғылыми пән журналы шығарылсын деп қаулы алынып, редакцияның каллегиясын басқаруға Ғ.Қарашев бекітіледі. Журналдың оннан аса саны жарық көрген. Әзірге табылғаны екінші және төртінші сандары. Осы нөмірде Ғұмардың баяғы Уфада жазылып, басуға үлгере алмай кеткен "Педагогика" деген көлемді ғылыми еңбегі жарияланған [2].

Жәдидші. Аумалы-төкпелі заманда қазақтың маңдайына біткен Алаш азаматтарының қатарынан табылған Ғұмар Қараш, XIX ғасырдың соңында патшалық Ресейдің қазақ даласындағы езгісін көріп ашынады. Себебі, халық надан, ғылым-білімге ұмтылмайды, еуропаша білімі жоқ еді. Яғни тек діни білім алумен шектелетін. Абай мен Шәкәрімнің ізін басқандардың ішінде ең жауапкершілік жүгін арқалаған осы Ғұмар Қараш атамыз еді. Ат төбеліндей ғана сауатты азаматтар ел ішіндегі діни фанатизм мен дүмше молданың біржақты оқытуымен күресті. Халықты білім қууға, жаңалық іздеуге шақырды. Дінді де танып, қоғамдық, нақты ғылымдарды үйренуге жетеледі. Кейін осы әрекеттері үшін қудалауға ұшырады. Ғұмар Қараштың еңбектерінің ішінде ерекше орын алатын, діни-философиялық көзқарастарын көрсететін еңбектері 1910 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Ойға келген пікірлерім», 1911 жылы Уфа қаласында жарық көрген «Өрнек» және 1913 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Бедел-Хажы» [2].

Ақын. Ғұмар Қараш - XX ғасырдың басындағы тұлғалы қазақ ақындарының бірі. Қаламгерлердің біреуі оны зор ақын десе, екіншісі көрнекті қайраткер деген баға береді. Екі пікірдің де қисыны бар. Ғұмардың көптеген ақын жазушылардан ерекшелігі - өз заманының саяси қайраткері, ақыны, философы, педагогы болуында. Ол- туған халқының назарынан елу жыл бойы тыс қалып, атына қара күйе жағылып, шығармалары "кілтке салынып", жазықсыз аластатылған аяулы халық перзенті [3].

Қайраткер 1907 жылдан бастап татар және қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарға мақала жариялай бастайды. Оралда басылған «Қазақстан» газетін шығару кезінде қазақтың саяси көзін ашатын, рухани байытатын «Ойға келген пікірлерім», «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Қарлығаш» (Қазан, 1911),

«Тумыш» (Уфа, 1911), «Тұрымтай» (Уфа, 1918) аталатын бес поэзиялық, «Ойға келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), «Өрнек» (Уфа, 1911), «Бәдел қажы» (Қазан, 1913) дейтін үш зерттеу кітабы жарық көрген.

Мысалы:

...Салдыратып күймесін, Жарқыратып түймесін, Жер дүңкітіп жүрсе де, Адам таппас сұмдықты Бір Құдайға ешбірін Көңілімнің келмес көргісі. Келмегенін бір пара

Іс мәнісін білмеген Дүниені жүріп көрмеген Жөнсіз екен, дер кісі...

Осы «Замана жайынан» деген өлеңінің үзіндісінен-ақ білімсіз, надан адамның әрекеті, қараңғылықтың нәтижесі туралы ашынып айтып отыр емес пе? Халқының діни де, ғылыми да сауатты болғанын қатты қалаған ардақты азаматарымыздың бірі болып

қалды. Ақындығы туралы өз замандастары бағасын беріп кеткен. Бізге тек мойындау және келер ұрпаққа жеткізу міндеті жүктеледі.

Саясаткер. Қазақ халқының арыстай ұлдарының бірі Ғұмар Қараш барлық сауатты қазақтың басын қосқан Алаш Орда үкіметінің құрамына кірді. Ел ішіндегі ұйымдастыру

жұмыстарына араласып, ағарту ісіне үлес қосып, халықтың білімін, өмір салтын жақсартуға тырысты. Ұлт мүддесі үшін, руханияты үшін аянбай қызмет еткен саясаткер атанды. Қоғамда орын алған талас-тартыс, кикілжіңдерге белсене араласа бастайды. Әсіресе XX ғасыр басындағы Ресейдегі социал-демократиялық идеялар, ұлт-азаттық күрестер, ұлттық ояну кезіндегі қарапайым халықтың азаттық ұрандары оның белсенділігін арттырып, халық мүддесін ойлауға, сол үшін бар күшін аянбай жұмсауға алып келеді. Ол ұлт азаттық күрескерлердің алдыңғы легіне қосылды. Патша үкіметінің отар елі Қазақстанды өз алдына мемлекет ету, халын бұратаналықтан құтқару, өнер-білімге, мәдениетке қолын жеткізу жолына белін бекем буды. Жалынды ақын, жауынгер публицист ретінде шыншыл шығармалар жазып баспасөз арқылы кең тарады.

Публицист. Ғұмар Қараш сол ұстанымен басылымдарға өз мақалаларын, өлеңдерін жариялай бастады. Оның шығармашылығы халықтың ауыр халіне жанашырлықтан тұрса, кей тұсында ұйқыдағы елді оятуға тырысты. Әсіре діншіл болып, ғылым-білімге ден қоя керек деген мақсатпен анық күресті. Газетте тілші, редактор, сараптаушы секілді қызметтер атқарды. 1911-1913 жылдары «Қазақстан» газетінің басылып шығуын қадағалады. «Қазақ», «Айқап» газеттерінде де жиі-жиі мақала, очерктері басылып тұрды. Негізгі тақырыптары қазақ халқының хал-ахуалы, айналысатын шаруашылығы, сауат ашу мәселесі, мәдени дамуы сияқты негізгі түткілдер болды. Ғұмар Қараштың ұстанымына келсек: көшпелі халықтың отырықшылыққа ауысуына үгіттеу байқалады. Білім алу, бірігіп атқаратын шаруа, мәдени жиындардың барлығы отырықшы халқы үшін жеңіл әрі тез өрбиді деген тұжырымы болды.

Киіз ойлы қазаққа – "Қазақ" атты ұл туды. Сүйінші, қазақ, сүйінші! Ием тірек беріп тұр.
Ием берсе кем бермес, Кем беруді жол көрмес Мол бермесе ұл бермес,
Жүрек сезіп, сеніп тұр

– деген өлеңі Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетін шығарған кезде туған. Бұл ақынның қоғамдағы елеулі оқиғаға берген бағасы ретінде қарасақ, елдің өсуіне, өнуіне, дамуына, өркендеуіне керек басты талап орындалғандай ерекше қуанышты көреміз. Міне, өмірін ұлтының абыройы, болашағына арнаған асыл ердің өмірдегі бақыты осылай көрініс тапса керек.

Ғалым. 1919 жылдың қаңтарында екінші мұғалімдер съезінде "Мұғалім" атты тәлім-тәрбие, ғылыми пән журналы шығарылсын деген қаулы шығады да, редакцияның каллегиясының басшысы болып Ғ.Қарашев бекітіледі. Коллегия мүшелері болып Ғ.Мұсағалиев, М.Көнебаев, Ғ.Бегалиев, Х.Есенбаев, Ғ.Бөкейханов, Ғ.Мұқалиев, Н.Манаевтар сайланады. Журналдың оннан аса саны жарық көрген. Әзірге табылғаны екінші және төртінші сандары. Осы нөмірде Ғұмардың баяғы Уфада жазылып, басуға үлгере алмай кеткен "Педагогика" деген көлемді ғылыми еңбегі жарияланған. Бұл – педагогика қағидаларын алғаш ана тілімізде сөйлеткен еңбек деп жазады Қабибола Сыдиықов [3].

Осы «Педагогика» еңбегінің эпиграфы ретінде: Тіл көңілдің ақылшысы,
Ілім – жарық, жанға ұя.
Білім – бақтың басқышы,

Қараңғыда жол қия, деген жолдарды жазыпты. Білімді – жарықпен, надандықты-қараңғылықпен теңеген. Бұл жердегі «ұя» сөзі де қазақта жылулық, балаға ата-анасының мейірімін еске салатын ең бір қымбат, жанға үмітсыйлайтын сөз болса, «қия» сөзінің тура мағынасы алыс яғни белгісіз, көрінбейтін жер деген ұғымға саяды. Осылайша қалың қазаққа хат-хабар танудың - басқа ел-жұрттың өмір сүру жағдайын, кәсібін, білімін, өнерін білуге, үйренуге мүмкіндік беретін газет атты бір құралдың пайда болғанына әйелі ұл тапқан сүйіншілетуінің себебі белгілі.

Ғұмар Қараш атап өткеніміздей ауыл мұғалімі болып шеше алмаған мәселелерді мешітте молда болып реттеуге тырысты, шариғат жете алмаған қара халықтың құлағына журналист болып түсіндіруге тырысты, публицистиканың қауқары жетпегенде саясатқа ден қойып, нақты шешімдер арқылы халықтың жоғын түгендеуге кірісті. Құзыретті мекемеде отырып бітпеген шаруасын халыққа қалай дәлелдесем деп ғылымға, оның ішінде ең ауыр сала педагогика

саласына лап етіп кіріп келді. Қоғамдағы ең құрметті мамандық – мұғалім, ең сыйлы адам – молда да болып қазақтың көзін ашуға барын салды. «Өнер алды -қызыл тіл» демекші – тілші, журналист боп жұртын жетеледі. Ең жоғары мінберде қазылық қызметті де атқарды. Өнердің ең асылы - ғалым болу. Ендеше Ғұмар Қараш ғалым да бола алды. Бастысы ол тек ақыл айтушы ауызбен орақ оратын бос адам емес, өзі қалаған қазақ ұлтының ең тамаша азаматының образын қалыптастырды. Қазақ халқының парасатын жоғары деңгейге көтеруге барын салды.

Бүгінгі таңда Ғұмар Қараш атамыз жасаған бейне қазаққа әлі де керек. Қазақ жастары әлі де еуропаша білім алу керек, осы атамыз секілді бірнеше тіл үйреніп, өнер, мәдениет саласын, технологияларды меңгеріп, өркениет көгіне шығуымыз қажет. Ғұмар атамыз армандаған қазақтың азаматтары – Алаш азаматтарының үлгісі ешқашан аласармайды. Олар жеткен білім жетістігіне біз де жетуді армандап қана қоймай, мақсат қойып кірісуіміз қажет.

Ғұмар Қараш — қазақ әдебиеті мен журналистикасында өзіндік орны бар тұлға. Ол қоғам өміріндегі түйткілдерді аңдап, халықтың үні, дәуірдің талабын поэзия мен публицистика арқылы жеткізген ақын әрі қаламгер ретінде танылды. «Парасат жауынгері» деген ұғым — тек метафора ғана емес, оның өмірі мен шығармашылығын сипаттайтын сөз. Қаламы жауапты, сөзі салмақты болды. Әр жазбасы қоғамның жарқын болашағы үшін айтылды.

«Парасат жауынгері» ұғымы Ғұмар Қараштың шығармашылық пен азаматтық ұстанымдарының ұштасуын білдіреді. Бұл — тек ақындық дарын немесе журналистік шеберлік қана емес, сонымен бірге қоғамдағы әділетсіздікпен күресетін моральдық күштің сипаты. Парасат жауынгері — факт пен ойдың, сезім мен сананың тең салмақты ақиқатын жырлай білетін адам. Ғұмар Қараштың өлеңдері мен мақалалары сол қағиданы көпшілікке түсіндіріп, насихаттады. Оның шығармашылығы жеке адамның ішкі әлемін ашып қана қоймай, қоғамдық санадағы тығырықтарды да көрсетіп, шешімге шақырды. Бұл — қалың көрерменге рухани азық пен ой сілкінісін сыйлайтын қасиетке ие болды. Қаламымен күрескен адам ретінде ол ұлттың, тілдің, дәстүрдің сақталуына, жаңғыруына елеулі ықпал етті.

Ғұмар Қараштың шығармашылық мұрасы бірнеше буын оқырманы үшін өнеге. Оның өлеңдері мен публицистикасы жастарды ойлануға, қоғамға жауапкершілікпен қарауға итермелейді. Дәстүрлі діни қағидаларды заман талабына ұштастырып өмір сүруді насихаттаған қаламгер ретінде маңызды із қалдырды. Оның еңбектері көбіне моральдық құндылықтарды, адамгершілік қағидаларын алға тартады.

Ғұмар Қараш — парасаттың, әділеттің, сөз бостандығының қорғаушысы ретінде есте қалатын қаламгер. Ол әдебиет пен журналистиканың мүмкіндігін қоғамды өзгерту құралы ретінде көрді және сол көзқарасты өмірлік ұстанымға айналдырды. Оның мұрасы — қазіргі қоғамға ой салатын, рух беретін және

болашаққа бағдар көрсететін құнды үлгі. Парасат жауынгері болу үшін қолдан келгеннің барлығын жасады. Сол жолда құрбан болды. Оның жарқын бейнесі халық жадында сақталары даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. DANAqaz журналы. 2013 жыл. 4 саны «Ғұмар ҚАРАШ (1875-1921)»
2. «Жас Алаш» қоғамдық-саяси газеті. 06 Қыркүйек 2024 жыл. «Ғұмар Қараш шығармашылығы және жәдидтік көзқарас».
3. https://www.zharar.com/ Қазақ әдебиеті | «Ғұмар Қараш өлеңдеріндегі ой-таным».
4. https://madeniportal.kz/ «Ғұмар Қараштың педагогикалық көзқарастары»

ӘОЖ 82(574)

КОГНИТИВТІК ПОЭТИКА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ИНТЕНЦИЯ

Умирбаев А.С.
докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Резюме. *В данной статье рассматриваются теоретические основы и методология когнитивной поэтики, применяемые при анализе современной казахской прозы. Исследуется механизм проявления авторской интенции в художественном тексте как важного элемента, отражающего цели, установки и когнитивные структуры сознания писателя. Нарративная структура, способы создания образов и языковые средства казахской прозы анализируются во взаимосвязи с внутренним мировоззрением автора.*

Ключевые слова: *когнитивная поэтика, авторская интенция, современная казахская проза, нарратив, художественный дискурс.*

Көркем мәтінді талдаудың дәстүрлі тәсілдерімен қатар соңғы жылдары ғылымда жаңа бағыттар – соның ішінде когнитивтік поэтика ерекше мәнге ие болып отыр. Бұл сала – тіл білімі, психология, әдебиеттану және философия ғылымдарының тоғысқан тұсынан пайда болған жаңа зерттеу бағыты болып табылады. Когнитивтік поэтика көркем мәтінді талдауда тек тілдік формалармен шектелмей, оны қабылдау, түсіну, интерпретациялау, автор мен оқырман арасындағы мағыналық көпірді орнату секілді терең танымдық процестерге негізделеді.

Когнитивтік поэтика – көркем мәтінді адам санасының қызметі арқылы қарастыратын әдебиеттану мен когнитивтік лингвистиканың тоғысындағы пәнаралық сала. Бұл бағыт 1990 жылдары Батыс Еуропа мен Америкада белсенді түрде дами бастады. Когнитивтік поэтиканың негізін қалаушылар ретінде төмендегідей зерттеушілерді атауға болады: Питер Стоквелл (Peter Stockwell) – когнитивтік поэтиканың теориялық негізін қалаушылардың бірі. Оның "*Cognitive Poetics: An Introduction*" атты еңбегі – бұл бағыттың басты оқулығы болып саналады. [1.102]. Маргарет Фрийман (Margaret Freeman) – когнитивтік метафора мен образ табиғатын поэтикалық тұрғыдан түсіндіреді. Рафик Гиздатов, Е.М. Вольф, В.И. Маслова – орыс тілді кеңістіктегі жетекші ғалымдар зерттесе, Қазақстанда бұл бағыт енді дамып келеді. Дегенмен, когнитивтік лингвистика мен көркем мәтін талдау әдістерін ұштастыруға арналған зерттеулер жасалып жатыр. Атап айтатын болсақ: [2.85]. С. Қасқабасов – фольклорлық мәтіндердің мифологиялық және танымдық жүйесін зерттеген. Әсіресе, кейіпкер психологиясын, дүние бейнесін фольклорлық сана арқылы қарастыруы когнитивтік бағытпен сабақтас, «Қазақтың халық прозасы» – кейіпкер бейнесін халықтық сана, түсінік жүйесі арқылы зерделейді. [3.88]. З. Ахметов – Поэтикалық тіл

мен көркемдік ойлау жүйесін зерттеген. Оның поэтикалық бейне, троп түрлері жайлы тұжырымдары когнитивтік поэтиканың алғашқы көріністері деуге болады. «Өлең сөздің теориясы» – көркемдік құралдардың поэтикалық қызметін ашады. [4.55]. Қ. Жұбанов, Р. Сыздық – Көркем тіл табиғатын, авторлық стильді, интенцияны зерттеуі когнитивтік поэтикамен үндеседі деген тұжырым жасайды. Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті» еңбегінде мәтіннің мағыналық құрылымын, автор интенциясын тануға ұмтылыс бар. [5.119]. Ғ. Есім, Ж. Молдабеков, Ұ. Ғабитханұлы – Философиялық көзқарастар арқылы көркем мәтін мен сана, адам мен таным қатынасын қарастырған. Бұл еңбектер де когнитивтік негіздерге бағытталған. Осы бағытты қазіргі таңда зерттеушілер қатарында А. Алдашева, Б. Сағындықұлы, А. Жұбановтың еңбектерінен когнитивтік лингвистика мен поэтикалық тілдегі концепт мәселелері бойынша, ал Ш. Құрманбайұлы, Н. Уәли, Ж. Манкееваның – концепт, метафора, когнитивтік модель секілді ұғымдарды қазақ тілі мен әдебиеті контексінде жазылған ғылыми ізденістерін атап өтсек болады.

Авторлық интенция ұғымы және оның когнитивтік сипаты: Қазіргі әдебиеттануда

когнитивтік поэтика аясында авторлық интенция ұғымы маңызды зерттеу нысанына айналды. Бұл ұғым – жазушының шығарманы жазудағы негізгі идеясы, мақсат–мұраты, эстетикалық және дүниетанымдық ұстанымының көркем мәтіндегі көрінісі. Автор өз интенциясын көбіне тікелей емес, концептуалдық құрылымдар, бейнелік жүйе, тілдік таңбалар, метафоралар, сюжеттік құрылым, нарративтік стратегиялар арқылы білдіреді. Когнитивтік поэтикада авторлық интенцияны түсіну үшін тек мәтіннің сыртқы құрылымын емес, оның терең когнитивтік деңгейін – автордың ойлау жүйесін, мәдени кодын, әлеуметтік тәжірибесін, сондай-ақ бейсаналық процестерді де есепке алу қажет. Бұл – интенция ұғымын кеңейтіп, оны тек саналы шығармашылық акті ретінде емес, когнитивтік модельдер жиынтығы ретінде тануға жол ашады. Автордың сөз таңдау ерекшелігі, көркем образдарды құру тәсілі, эмоционалды – реңкті құрылымдар арқылы берілетін ішкі сезімдер – бәрі де автордың когнитивтік әлемінен хабар береді. Мысалы, белгілі бір ұлтқа тән ұғымдар, дәстүрлер немесе тарихи– мәдени кодтар – автор санасында концепт ретінде қалыптасып, шығарманың көркем құрылымында бейнеленеді. Когнитивтік поэтикада автордың интенциясы мен оқырманның интерпретациясы арасындағы байланыс ерекше зерттеу нысаны болып табылады. Автор мәтінге белгілі бір идеяны енгізгенімен, оның оқырман тарапынан қалай қабылданатыны – әртүрлі болуы мүмкін. Бұл да интенцияның тек авторға ғана тән емес, оқырманмен бірлесе құрылатын динамикалық мағыналық үдеріс екенін көрсетеді.

Сонымен, авторлық интенция когнитивтік поэтикада:

- Мәтіннің терең мағына қабатын ашуға көмектесетін когнитивтік кілт;
- Автордың тілдік, мәдени, танымдық тәжірибесінің көркем тілдегі бейнесі;
- Сана мен бейсананың көркем мәтіндегі көрінісі;
- Автор мен оқырман арасындағы мағыналық диалогтың негізі ретінде танылады. Бұл бағыт қазіргі қазақ прозасын тануда да маңызды құрал бола алады. Себебі әр жазушының дүниетанымы, тілдік бейнелеу әдісі мен концептуалды көзқарасы ұлттық ерекшелікпен тығыз байланысты, ал когнитивтік поэтика осы байланыстарды тануға мүмкіндік береді.

Төлен Әбдіктің – «*Парасат майданы»* шығармасының негізгі интенциясы – адамгершілік пен ар - ұждан мәселелерін философиялық тұрғыда көтеру. Повесть екі кейіпкердің хат алмасуы арқылы жазылған. Бұл форма автордың ішкі монолог, ой кеңістігі, интеллектуалдық тартыс сынды когнитивтік құралдарды қолдана отырып, оқырманды терең этикалық рефлексияға жетелейді. Мысалы, «...адам кейде өз өмірінен бас тартуға да хақылы... бірақ ол басқа біреудің өміріне араласуға қақылы емес» деген ой – жазушының өмір, өлім, таңдау концептілеріне деген көзқарасын көрсетеді. Авторлық интенцияны осындай философиялық құрылымдар мен логикалық құрылымдағы тілдік таңбалардан байқауға болады. [6.11]. Дидар Амантайдың – *«Аспан мен жер арасы»* прозасында экзистенциализм, жалғыздық, рухани дағдарыс, болмыс пен

мән концептілері алға шығады. Авторлық интенция – адамның ішкі күйзелісін, қоғамдық жүйедегі орнын іздеуі арқылы оқырманды ойланту. Шығармасында кеңістіктің бұлыңғыр суреттелуі, уақыттың нақты шекарасының болмауы – автордың саналы түрде қолданған когнитивтік стратегиялық тәсілдері. Бұл арқылы ол кейіпкердің күйзелісін, уақыт пен кеңістікте адасқан психологиялық күйін көрсетеді. Мұндай тәсіл авторлық интенцияны тереңдетіп, оқырманды ішкі анализге итермелейді. [7.25]. Аягүл Мантайдың – *«Жаңбырлы түндегі оқиға»*, «Жалғыздықты жаза аламын» прозасында әйел болмысы, жалғыздық, рухани жара сияқты концептілер доминант болады. Авторлық интенция – қазіргі қазақ әйелінің ішкі драмасын көрсету арқылы қоғамдағы әлеуметтік және психологиялық проблемаларды көтеру. Мысалы, «Жалғыздықты жаза аламын» әңгімесінде кейіпкердің ішкі монологы, табиғатпен үндестіктегі күйі арқылы эмоциялық–когнитивтік әлем құрылады. Мұнда табиғат – жай фон емес, кейіпкердің ішкі күйінің метафорасы. Бұл да – автордың интенциясын жеткізу тәсілі.[8.45]. Қуаныш Жиенбайдың – *«Түнгі* қонақ», «Жолаушы» шығармаларында тағдыр, өтпелі өмір, уақыт концептілері жиі кездеседі. Авторлық интенция – қазақы философия мен өмірлік шындықты ұштастыра отырып, адам мен уақыт, адам мен қоғам арасындағы күрделі қатынасты ашуға негізделген тұжырым болып табылады. «Жолаушы» повесінде кейіпкердің өмірлік

сапары арқылы автор адам өмірінің мәні мен өткіншілігі туралы ой қозғайды. Бұл интенция метафоралық деңгейде – жол бейнесі арқылы жеткізіледі. Жол – уақыт, тағдыр, үміт, ізденіс сияқты ұғымдардың когнитивтік символына айналады. [9.101]. Қазіргі қазақ прозасында авторлық интенция көркем мәтіннің терең мағыналық деңгейінде, когнитивтік және мәдени кодтар арқылы беріледі. Бұл бағытты зерттеу – қазақ әдебиетінің ішкі мазмұнын, ұлттық танымын, авторлық ұстанымын тануда маңызды құрал болмақ.

Автор мен оқырман арасындағы интерактивті байланыс (когнитивтік поэтика тұрғысынан) айтатын болсақ: Когнитивтік поэтика бағытында автордың мәтінге енгізген интенциясы мен оқырманның интерпретациясы арасындағы өзара әрекет – басты зерттеу нысандарының бірі болып саналады. Дәстүрлі әдебиеттануда оқырман мәтінді қабылдаушы пассивті субъект ретінде қарастырылса, когнитивтік бағытта оқырман – мәтінді мағыналандырушы, белсенді тұлға ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, көркем шығарма тек автор тарапынан ғана емес, оқырман тұрғысынан да «қайта туады». Бұл үдеріс когнитивтік поэтиканың негізі саналатын интерактивті мағыналық кеңістік арқылы жүзеге асады. Интерактивті мағыналық кеңістік — бұл автордың интенциясы мен оқырманның когнитивтік тәжірибесі тоғысқан, олардың өзара диалогқа түсетін ерекше орта. Мұнда оқырман тек мәтінді «қабылдап» қоймай, оны өзінің өмірлік тәжірибесі, эмоциясы және танымдық қабілеттері негізінде қайта құрады, мәтінге жаңа мәндер мен мазмұндар қосады. Бұл процесс мәтіннің тұрақты емес, динамикалық және көпқабатты болуын қамтамасыз етеді.

Когнитивтік поэтика оқырманның мәтінмен байланысты екі негізгі аспектісін анықтайды:

1. Танымдық құрылымдар – оқырманның мәтінді қабылдауы мен интерпретациясы оның когнитивтік схемаларына, менталдық карталарына негізделеді. Бұл құрылымдар оқырманның түсіну үдерісін ұйымдастырады және мәтін мазмұнын өз тәжірибесімен сәйкестендіруге мүмкіндік береді;
2. Эмоционалдық және эстетикалық әсер – мәтін оқырманда белгілі бір эмоция- лар мен сезімдерді тудырады, бұл да когнитивтік процестермен тығыз байланысты. Оқырманның эмоционалдық реакциялары мәтінді түсінудің маңызды компоненті болып табылады.

Осылайша, когнитивтік поэтика көркем мәтінді автор мен оқырман арасындағы диалог, өзара әрекет пен мағыналық келісімнің нәтижесі ретінде қарастырады. Бұл бағытта мәтін – тұрақты және толық анықталған өнім емес, керісінше, интерпретация

барысында әр оқырманда ерекше және бірегей мағыналарға ие болатын қозғалыстағы құбылыс болып табылады.

Авторлық интенция мен оқырман интерпретациясының қатынасы: Авторлық интенция – жазушының шығарманы жазудағы мақсат–мұраты, ойы, идеясы. Алайда бұл интенция оқырманға дайын күйінде берілмейді. Оны түсіну және қабылдау үшін оқырман өз санасындағы когнитивтік құрылымдарды: *Скрипт* (жағдайды автоматты түсіну моделі), *Фрейм* (құбылысты қабылдау үлгісі), *Схема* (түсінікті жинақтаушы құрылым) сияқты танымдық құралдарды қолданады.[10.75]. Бұл кезде автор мен оқырман арасындағы өзара әрекет (интеракция) пайда болады. Егер оқырман автор қолданған мәдени кодтар мен символдарды, метафоралық тіл мен контекстті дұрыс ұғына алса – интенция мен интерпретация арасында үйлесім қалыптасады. Ал егер оқырман мәтінді басқа когнитивтік база негізінде қабылдаса – мағыналық ауытқу немесе жаңаша түсіну туындайды. Бұл көркем мәтінді көпқырлы, полисемиялық (көп мағыналы) құбылыс етеді. Қазақ әдебиетіндегі шығармалардан мысал келтіретін болсақ: Төлен Әбдік – «Оң қол» повесінде автор адамның екіге жарылған табиғаты, психологиялық қақтығысы мен қоғамдағы қатыгездік жайында терең интенция ұсынады. Дегенмен, әр оқырман кейіпкердің «оң қолын» әртүрлі интерпретациялайды: біреулер оны бейсаналық агрессия символы, басқалар қоғамның адамға ықпалы, ал кейбірі рухани екіұдайлық деп ұғынады. Мұнда автордың метафоралық моделі мен оқырманның фреймдік білімі арасында күрделі байланыс бар. Автор интенциясы – адам жанындағы жарық пен қараңғыны көрсету болса, оқырман оны өз танымдық жүйесіне сай жориды. Бұл – когнитивтік поэтиканың интерактивтілігін дәлелдейтін айқын мысал.[6.40]. Дидар Амантай – «Гүлдер мен кітаптар» шығармасында нақты оқиға емес, көңіл

күй, естеліктер, символдық бейнелер басым. Автор нақты интенцияны ашық айтпайды – оқырманға интерпретация мүмкіндігін қалдырады. Бір оқырман үшін шығарма – сезім мен рухани ізденістің көрінісі, екінші оқырман үшін – болмысты жоққа шығаратын нигилистік көзқарасты қалыптастырады. Автор мен оқырман арасындағы мағыналық кеңістік жартылай ашық (open–ended) болып келеді – бұл когнитивтік поэтикада интенционалды белгісіздік деп аталады.[7.34].

Интерактивті мағына кеңістігінің маңыздылығы бойынша автор мен оқырман арасындағы бұл өзара әрекет:

- Көркем мәтінді жабық емес, әрдайым өзгеретін мағыналық құрылым етеді;
- Оқырманды шығармашылық тұлға ретінде танытады;
- Әдеби шығарманың әр оқырманда әрқалай әсер етуін түсіндіреді;
- Ұлттық таным мен мәдени когнитивтік кодтардың рөлін арттырады.

Когнитивтік поэтикада автор мен оқырман – мағына жасаушы серіктестер. Автор шығарманы белгілі бір интенциямен жазса, оқырман оны өз дүниетанымы, тәжірибесі мен танымдық құрылымдары арқылы қабылдап, жаңа интерпретация ұсынады. Бұл өзара байланыс көркем әдебиетті статикалық мәтін емес, динамикалық когнитивтік кеңістік ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, оқырман – автор ойының жалғыз емес, тең құқылы жалғастырушысы саналады.[10.132].

Қорыта айтқанда, қазіргі әдебиеттану ғылымында когнитивтік поэтика мен авторлық интенция ұғымдары көркем мәтінді танудың жаңа танымдық–әдіснамалық мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Бұл ұғымдар – жазушының шығармашылық актісін тек тілдік немесе стилистикалық деңгейде ғана емес, сонымен қатар саналық, танымдық, мәдени, психологиялық үдерістермен байланыста қарастыруға жол ашады. Көркем туындыны тану барысында автор мен оқырман арасында қалыптасатын қарым–қатынас – жай қабылдау процесі емес, бұл – мағыналық интерактивті диалог. Бұл диалог біржақты емес: автор шығарманы белгілі бір идеялық–көркемдік ұстанымммен жасайды, ал оқырман сол шығарманы өзінің когнитивтік тәжірибесіне, дүниетанымына, мәдени фреймдеріне сүйене отырып қабылдайды және интерпретациялайды. Яғни, автор мен оқырман арасындағы байланыс – мағынаны бірге жасаудың танымдық алаңы болып

табылады. Когнитивтік поэтика тұрғысынан алғанда, көркем мәтін – дайын мағына емес, оқырманмен бірлесе құрылатын мағыналық кеңістік болып табылады. Мұнда жазушының интенциясы бейнелік құрылымдар, нарративтік стратегиялар, символдар мен концепттер арқылы көрінеді. Ал оқырман өз тарапынан бұл белгілерді интеллектуалдық және эмоциялық деңгейде қабылдап, өзіндік интерпретациялық әрекет жасайды. Бұл үдеріс барысында интенция мен интерпретация арасында үйлесім де, алшақтық та туындауы мүмкін – мұның өзі көркем мәтіннің полисемиялық табиғатын анықтайды. Сондықтан қазіргі әдеби процесті зерттеуде когнитивтік әдіснама мен авторлық интенцияны қатар қарастыру – көркем мәтінге терең бойлаудың, авторлық ойдың астарын ашудың тиімді жолы. Бұл бағыт әдебиеттану ғылымының пәнаралық интеграциясын күшейтіп, әдеби шығарманың семантикалық, танымдық және мәдени қабаттарын тұтастықта талдауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Стоквелл П. Cognitive Poetics: An Introduction. – London: Routledge, 2002. – 226 б.
2. Гиздатов Р.М. Когнитивная поэтика и интерпретация текста. – Казань: Казанский университет, 2010. – 240 б.
3. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 320 б.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 208 б.
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
6. Әбдікұлы Т. Парасат майданы. – Алматы: Жазушы, 2014. – 96 б.
7. Амантай Д. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жалын, 2009. – 208 б.
8. Мантай А. Жаңбырлы түндегі оқиға. – Алматы: BookCity, 2020. – 192 б.

9. Жиенбай Қ. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2007. – 240 б.
10. Оразалиева, Э. Н. **Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы.** – Алматы: Ан Арыс, 2007. — 312 б.

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Шайхиева Г.Н.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебі, Орал қ.

Резюме*.В данной статье рассматриваются значение и эффективные методы развития произносительных навыков на уроках казахского языка. Произношение – важный навык, развивающий у учащихся способность свободно и системно излагать свои мысли. В его развитии особенно эффективны диалог, дискуссия, ролевые игры, проектная работа и использование средств ИКТ. Очевидно, что профессиональные навыки преподавателя и активность учащихся также играют значительную роль.*

Ключевые слова*: произносительные навыки, казахский язык, эффективные методы, диалог, ролевая игра.*

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Оның ішінде тілдік білім берудің басты мақсаты – оқушыны өз ойын еркін, нақты және жүйелі түрде жеткізе алатын дара тұлға ретінде қалыптастыру. Қазақ тілін оқытуда оқушының тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдыларын біртұтас дамыту көзделеді. Соның ішінде айтылым дағдысы тіл

үйретудің негізгі нәтижелерінің бірі болып саналады. Айтылым – тілдік қатынастың белсенді түрі, себебі ол оқушыдан ойлануды, сөз таңдауды, сөйлем құруды және коммуникативтік жағдайға бейімделуді талап етеді. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында айтылым дағдысын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтап, оны сабақ барысында жүйелі қолдану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Негізгі бөлім

Айтылым дағдысының мәні мен маңызы.

Айтылым – сөйлеу әрекетінің негізгі түрі. Ол адамның ойлау қабілетімен, тілдік қоры мен тәжірибесімен тікелей байланысты.

Айтылым ұғымы және оның тіл үйретудегі орны:

Айтылым оқушының тілдік білімін коммуникативтік әрекетте қолдануын қамтамасыз етеді. Бұл дағды арқылы оқушы өз ой-пікірін айтады, басқаларды тыңдайды, пікірталас жүргізеді.Айтылым оқушылардың сөздік қорын жандандырып, тілдік бірліктерді практикада қолдануға мүмкіндік береді.

Психолингвистикалық аспектілері:

Айтылым үдерісінде бір мезгілде бірнеше әрекет іске асады: ой қалыптасады, сөз таңдалады, сөйлем құралады, дауыс ырғағы реттеледі. Бұл процестерді үйлестіру оқушыдан үлкен зейін мен машықты талап етеді.

Қазақ тілін оқытудағы айтылым дағдысының маңызы:

Қазақ тілінде еркін сөйлей алу – оқушының функционалдық сауаттылығының көрсеткіші. Айтылым дағдысы төмендегі бағыттарда маңызды:

Қарым-қатынас мәдениеті. Оқушының өзгелермен тіл табысып, ойын дұрыс жеткізуі оның тұлғалық дамуына әсер етеді.

Функционалдық сауаттылық. Айтылым дағдысы қалыптасқан оқушы өз білімін күнделікті өмірде пайдалана алады.

Тұлғалық даму. Айтылым арқылы оқушы өзіндік көзқарасын қалыптастырады, қоғамда белсенді азамат болуға дайындалады.

Айтылым – оқушының сөйлесім әрекеті арқылы өз ойын ауызша жеткізу қабілеті. Бұл дағдыны меңгеру оқушының тіл мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, оның тұлғалық дамуына да ықпал етеді. Айтылым барысында оқушы:

ойды қысқа әрі түсінікті жеткізуді үйренеді; сөздік қорын белсенді қолданады;

қарым-қатынасқа еркін түседі;

пікірін дәлелдеуге, тыңдаушыны сендіруге машықтанады.

Бүгінгі таңда айтылым дағдысын дамыту – оқушының тілдік құзыреттілігін арттырудың, өзге пәндерде де білімін еркін жеткізе алуына жағдай жасаудың кепілі болып отыр.

Қазақ тілі сабақтарында айтылымды дамыту жолдары

Айтылым дағдысын қалыптастыру үшін мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін, тілдік деңгейін және сабақтың мақсат-міндеттерін ескеруі қажет. Оқушылардың ауызекі сөйлеуін дамыту үшін мынадай ұйымдастыру жолдары тиімді болып табылады:

Сабақта коммуникативтік жағдай туғызу; Оқушыларды жұптық және топтық жұмысқа тарту; Түрлі тақырыптарда пікір алмасуға жағдай жасау; Сұрақ-жауап әдісін белсенді пайдалану;

АКТ арқылы бейнематериалдар, аудиожазбалар қолдану.

Бұл тәсілдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, айтылым дағдысын еркін дамытуға ықпал етеді.

Тиімді әдіс-тәсілдер

Айтылым дағдысын дамытуға бағытталған бірқатар тиімді әдіс-тәсілдер бар:

1. Диалогтық оқыту.

Диалог оқушыны ойлануға, сұрақ қоюға, пікір білдіруге жетелейді. Мысалы, «Менің сүйікті ісім» тақырыбында жұптық әңгімелесу арқылы оқушылар сөйлеуге ынталанады.

2. Пікірталас әдісі.

Оқушылардың сыни ойлауын дамытады. «Ұлттық дәстүрдің заманауи қоғамдағы рөлі» сияқты тақырыпта пікірталас ұйымдастыру – оқушыға өз көзқарасын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

3. Рөлдік ойындар.

Жағдаяттық ойындар оқушыны өмірлік жағдайларда сөйлесуге үйретеді. Мысалы:

«Әуежайда», «Дүкенде», «Дәрігер қабылдауында» сияқты көріністер.

4. Жобалық әдіс.

Топтық жоба дайындау барысында оқушылар ақпарат жинап, оны сынып алдында таныстырады. Бұл сөйлеу машығын жетілдіреді.

5. АКТ пайдалану.

Видео көру, подкаст тыңдау, презентация қорғау – тыңдалым мен айтылымды қатар дамытады.

6. Шығармашылық тапсырмалар.

Сурет бойынша әңгіме құрастыру, мақал-мәтел негізінде әңгіме айту, импровизациялық әңгіме – оқушыны еркін сөйлеуге баулиды.

Қазақ тілі сабағында айтылымды дамытудағы инновациялық тәсілдер

Қазіргі білім беру кеңістігінде дәстүрлі әдістермен қатар инновациялық тәсілдерді қолдану тиімді:

CLIL (Content and Language Integrated Learning) – пән мен тілді кіріктіре оқыту. Мысалы, география тақырыбын қазақ тілінде талдау арқылы оқушы жаңа терминдерді қолдана отырып сөйлейді.

Критериалды бағалау. Оқушының айтылымын нақты өлшемдер арқылы бағалау (мазмұн, тілдік нормалар, сөйлеу мәнері).

Оқыту үшін бағалау. Мұғалім оқушыға кері байланыс беріп, сөйлеуін жақсартуға

бағыттайды.

Дебат технологиясы. Арнайы құрылымға негізделген пікірталас оқушылардың шешендік қабілетін дамытады.

Практикалық мысалдар

Сабақ үлгісі («Менің сүйікті қалам» тақырыбы):

Мұғалім тақырып бойынша суреттер көрсетеді.

Оқушылар топта шағын мәтін құрап, оны ауызша қорғайды.

Әр топ өз қаласының ерекшеліктерін сипаттап, бір-біріне сұрақ қояды. Мұғалім қорытынды жасап, белсенді оқушыларды мадақтайды.

Жұптық жұмыс тапсырмасы:

– Бір оқушы турист, екіншісі – гид. Олар Қазақстандағы белгілі бір қала туралы диалог жүргізеді.

Топтық жұмыс тапсырмасы:

– Топ мүшелері «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбына постер жасап, оны сынып алдында таныстырады.

Бұл тапсырмалар оқушыларды еркін сөйлеуге жетелеп, сөздік қорын белсенді қолдануға мүмкіндік береді.

Мұғалім мен оқушы рөлі

Айтылым дағдысын дамытуда мұғалімнің кәсіби шеберлігі шешуші рөл атқарады: сабақта қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру;

оқушыларды еркін сөйлеуге ынталандыру; түзетулерді сын емес, қолдау ретінде ұсыну; әр оқушыға сөйлеу мүмкіндігін беру.

Оқушының белсенділігі де аса маңызды. Белсенді оқушы: сабаққа қызыға қатысады;

өз ойын жеткізуге талпынады;

жаңа сөздерді қолданып сөйлеуге тырысады; жұптық, топтық жұмысқа еркін араласады.

Қорытынды.Қазақ тілі сабақтарында айтылым дағдысын қалыптастыру – тілдік құзыреттіліктің негізгі бөлігі. Айтылымды дамыту оқушының тіл мәдениетін жетілдіріп қана қоймай, оны өмірлік жағдаяттарда еркін әрекет етуге бейімдейді. Мұғалім сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді (диалог, пікірталас, рөлдік ойын, жобалық әдіс, АКТ, шығармашылық тапсырмалар) жүйелі қолданып, оқушының белсенділігін арттырғанда ғана нәтиже жоғары болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2021.

2. Жұбанова Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2018.

3. Қосымова Г.Қ., Сайрамбаев Т.С. Қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы, 2019.

4. Әуелбаев Ш. Оқушылардың тіл дамыту жұмыстары. – Алматы: Рауан, 2017.

5. Выготский Л.С. Оқыту мен дамудың өзара байланысы. – Мәскеу, 2015.

6. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы. – Алматы, 2012.

7. Құдайбергенова К. Инновациялық технологиялар және қазақ тілін оқыту. – Алматы, 2020.

УДК94(574)

ЛИТЕРАТУРНОЕ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЕ НАСЛЕДИЕ ГУМАРА КАРАША – ОПОРА НАЦИОНАЛЬНОГО ДУХА

Габдуллина Л.С.
учитель русского языка и литературы, педагог-эксперт, Бокейординский район село Уялы Комплекс школа-ясли-сад имени Ш.Жексенбаева

Түйіндеме*.Бұл мақалада XX ғасыр басындағы көрнекті ақын, ағартушы және қоғам қайраткері Ғұмар Қараштың әдеби әрі педагогикалық мұрасы жан-жақты қарастырылады. Зерттеуде ақынның ұлттық сана мен руханиятты қалыптастырудағы рөлі, ағартушылық идеялары мен әлеуметтік әділеттілікке үндеген ойларының заманауи мәні талданады. Сондай-ақ оның шығармашылығының қазақ әдебиетінің дамуына, жаңа бағыттардың қалыптасуына және қазіргі кезеңдегі рухани жаңғыру үрдістеріне ықпалы айқындалады.*

Тірек сөздер*: Ғұмар Қараш, ағартушылық мұра, ұлттық рух, қазақ әдебиеті, рухани жаңғыру.*

Литературное и просветительское наследие Гумара Караша представляет собой важный аспект казахской культуры и истории, который продолжает оказывать влияние на формирование национального самосознания и идентичности. Гумар Караш, как выдающаяся личность, стал символом стремления к просвещению и культурному возрождению казахского народа в условиях колониального давления. Его творчество, пронизанное любовью к родной земле и стремлением к социальной справедливости, отражает глубокие социокультурные идеи, которые остаются актуальными и в современном обществе. Актуальность данной работы обусловлена необходимостью осмысления и сохранения наследия Гумара Караша в контексте современных вызовов. В условиях глобализации и культурной унификации важно помнить о тех личностях, которые способствовали формированию национального духа и идентичности. Гумар Караш не только создал значимые литературные произведения, но и стал активным участником просветительского движения, подчеркивая важность образования и знаний для народа. Его идеи о необходимости просвещения как средства противостояния колониальным давлениям остаются актуальными и сегодня, когда многие народы сталкиваются с угрозами утраты своей культурной самобытности. Также будет уделено внимание влиянию Гумара Караша на казахскую литературу и его роли в формировании новых литературных направлений. Его идеи и творчество вдохновили многих последующих писателей и поэтов, что подчеркивает значимость его наследия для развития казахской литературы. Современные интерпретации наследия Гумара Караша также займут важное место в данной работе. В условиях современности необходимо переосмыслить его идеи и подходы, чтобы они могли служить опорой для новых поколений, стремящихся сохранить и развивать национальную идентичность.

Наконец, работа затронет проблемы сохранения наследия Гумара Караша, включая вопросы о том, как сохранить и передать его идеи и произведения будущим поколениям. Важно не только изучать его творчество, но и активно внедрять его идеи в современное общество, чтобы они продолжали вдохновлять и поддерживать национальный дух казахского народ

Исторический контекст жизни и творчества Гумара Караша

Гумар Караш, казахский поэт и просветитель, изобилует богатством литературных жанров, которые служат мостом между традициями и современностью. Его творчество охватывает широкий спектр форм – от поэзии и публицистики до педагогических трудов. Выдающимся элементом его наследия является сочетание элементов восточной поэзии и традиционных жанров, таких как толгау, что отражает его глубокие корни в казахской культуре и желание пробудить национальное самосознание.

Поэтическое наследие Караша разнообразно и богато. Сборник стихов "Алаштың

азаматтарына" стал не только отображением его литературного таланта, но и важным культурным явлением, преобразившим казахскую поэзию [9]. Эта работа продолжает жить в сердцах читателей, служа символом преданности родной земле, народу и культуре. Караш использовал поэзию как инструмент для передачи социальных и гуманистических идей, подталкивая к размышлениям о судьбах казахского народа.

Одним из значительных достижений Караша является его проникновение в публицистический жанр. Его статьи и эссе, наполненные критиками о социальных изменениях и просветительских идеях, не только нашли отклик в обществе, но и подчеркнули важность образования как фактора общественного прогресса. В своих публикациях он использовал язык живой и доступной прозы, что привлекало внимание широкой аудитории к актуальным вопросам своей эпохи [10].

Караш активно участвовал в развитии образовательной системы, что находило отражение в его трудах, таких как "Педагогика". Его подход сочетал традиционные методы обучения с новыми идеями, направленными на формирование сознательного поколения.

Лирические произведения Караша также выделяются своим глубоким эмоциональным содержанием и философскими размышлениями о жизни, судьбе и национальной идентичности. Они наполнены аллегориями и метафорами, что делает его поэзию не только эстетически привлекательной, но и насыщенной смыслом [23]. Стиль Караша, соединяющий гражданский пафос с личными переживаниями, стал основой для многих последующих поэтов, ищущих выразительные формы для передачи национальных тем [15]. Таким образом, наследие Гумара Караша представляет собой уникальный сплав различных жанров и направлений, отражая его глубокую связь с казахской культурой и стремление к просвещению своего народа. Эта связь сохраняет актуальность и сегодня, продолжая вдохновлять новое поколение казахских поэтов и мыслителей

3 Влияние Гумара Караша на казахскую литературу. Гумар Караш занимает особое место в истории казахской литературы, положив начало новым традициям и направлениям, которые оказали влияние на многих своих последователей. Творчество Караша стало основой для формирования новых литературных форм, которые сочетали народные традиции с современными идеями. Он стал отражением исторических процессов и культурных изменений, происходивших в Казахстане в начале XX века

Основная характеристика его работ заключается в их глубоком социальном содержании. Как один из первых казахских казиев, Караш активно отстаивал идеи просвещения и реформы образования, что отразилось в его литературе. Темы социальной справедливости, борьбы с неравенством и насилием были центральными в его произведениях, что вдохновило молодых писателей, стремившихся продолжить его дело . Постепенно свои шаги на литературном пути начали делать авторы, которые, вдохновляясь Карашем, искали способы адаптировать традиционную казахскую поэзию к новым условиям.

Караш также стал образцом для подражания в плане художественного выражения. Его опыт сочетания различных стилей и традиций в поэзии привел к возникновению новых художественных течений. Его работы отличаются стремлением к эксперименту и поиском уникальных форм, что стало неотъемлемой частью последующей казахской литературы. Этот подход вдохновил таких писателей, как Ильяс Жансугуров и Бейсенбай Шекербеков, которые продолжили развивать новые жанры в казахской литературе, включая прозу, поэзию и драматургию.

Среди его современных последователей наблюдается желание взаимодействия с наследием Гумара Караша. Эта связь не прекращается и в наши дни, когда новые писатели и поэты, вдохновленные его работами, продолжают искать новые способы выразить свою индивидуальность и сохранить национальный дух. Тематика и стиль Караша служат отправной точкой для новых поэтов, которые стремятся адаптировать его идеи к современным реалиям, исследуя культурную идентичность и социальные проблемы Казахстана . Несмотря на репрессии, которых Гумар Караш подвергся в советский период, его наследие продолжает жить. Многие его произведения периодически переиздаются, а также обсуждаются на научных

конференциях и литературных семинарах. Этот интерес к его работам подтверждает их актуальность и важность в контексте современного литературного процесса . С каждым годом возрастает интерес исследователей к его личности и творчеству как к важному культурному явлению, которое сформировало литературные традиции и повлияло на дух нации.

4 Современные интерпретации наследия Гумара Караша. Современные интерпретации наследия Гумара Караша в Казахстане и за его пределами активизировались в последние десятилетия, подчеркивая ценность его идей о просвещении и идентичности. Учёные и культурные деятели обращаются к его работам для анализа социокультурных изменений и формирования национального духа казахского народа. Например, важными аспектами его наследия остаются вопросы о сохранении языка и культуры, которые продолжают быть актуальными в контексте современного Казахстана .

Гумар Караш стал символом движения за просвещение, и его подходы к обучению и воспитанию находит отражение в образовательных реформах сегодняшнего дня. Современные исследователи подчеркивают, что его идеи о необходимости цивилизованного, ненасильственного пути к изменениям в обществе находят отклик в современных научных дискурсах [25]. Это направление мыслей усиливает стремление казахского общества к самосознанию и культурной идентичности.

На международной арене также проявляется интерес к работам Караша. Например, исследования, сфокусированные на его религиозных взглядах и фетвах, рассматривают его вклад в формирование правовой базы мусульманских сообществ в Центральной

Азии, что открывает новые горизонты для понимания исторических и правовых аспектов общества того времени [12]. В таких работах акцентируется внимание на том, как его идеи повлияли на юридическую практику и образование на территории Казахстана.

Исследования о наследии Караша в научных рамках также подчеркивают его философский подход к справедливости и социальной гармонии. Стоит отметить, что его концепции оказали влияние на современные подходы к развитию казахского языка и литературы, а его борьба за культурное возрождение соотносится с текущими вызовами, стоящими перед казахским обществом [14]. Среди исследователей современных интерпретаций также можно выделить представителей джадидизма, которые подчеркивают наследие Караша как ключевое в контексте формирования современного мусульманского образования в Центральной Азии. Этот подход связывает идеи Караша с более широкими культурными и образовательными реформами, которые происходили в регионе, на что указывают современные научные исследования [1].

Таким образом, современная интерпретация наследия Гумара Караша, независимо от географического положения исследователей, создает обширное поле для анализа его идей. Это подчеркивает важность его вклада в развитие нации и служит основой для дальнейшего изучения влияния его мыслей на формирование национального духа и идентичности казахского общества.

Гумар Караш занимает особое место в истории казахской литературы и просветительского движения, его наследие является не только литературным, но и культурным феноменом, который продолжает оказывать влияние на формирование национального самосознания. Он был не только поэтом, но и просветителем, философом, педагогом и общественным деятелем.Исторический контекст, в котором жил и творил Гумар Караш, был насыщен социальными и политическими изменениями. В условиях колониального давления и культурной ассимиляции он стал символом сопротивления и стремления к возрождению казахской идентичности. Его произведения, написанные в различных жанрах, от поэзии до публицистики, отражают не только личные переживания, но и общественные проблемы, с которыми сталкивался казахский народ. Караш подчеркивал важность образования и знания, что стало основой его просветительской деятельности. Он призывал к просвещению как к средству противостояния внешним угрозам, что делает его идеи актуальными и в современном контексте.

Его творчество – это гимн любви к Родине, призыв к знаниям и духовному развитию. Его

идеи о школе, культуре и национальном духе оказались опорой для целого поколения и остаются актуальными в наше время. Гумар Караш по праву считается опорой национального духа, потому что именно через его слово и деятельность казахский народ обрёл духовную силу, необходимую для сохранения самобытности и движения вперёд. Его наследие остаётся актуальным и сегодня, когда вопросы сохранения языка, культуры и духовной независимости приобретают особое значение для современного Казахстана.

Литературное наследие Гумара Караша охватывает широкий спектр жанров и направлений. Его поэтические произведения, наполненные глубокими чувствами и патриотизмом, стали основой для формирования казахской поэтической традиции. Публицистические работы, в свою очередь, служили важным инструментом для распространения просветительских идей и формирования общественного мнения. Караш умело сочетал традиционные казахские мотивы с новыми формами выражения, что позволило ему достичь широкой аудитории и оставить значимый след в литературе.

Современные интерпретации наследия Гумара Караша показывают, что его идеи и творчество продолжают быть актуальными. Исследования, посвященные его жизни и творчеству, способствуют более глубокому пониманию его вклада в казахскую культуру и литературу. Проблемы сохранения наследия Караша требуют особого внимания, так как они связаны с необходимостью защиты культурного наследия от утраты и искажения.

Таким образом, Гумар Караш остается важной фигурой в истории казахской литературы и просветительского движения. Его наследие служит опорой для национального духа, вдохновляя новые поколения на сохранение и развитие казахской культуры. Важно продолжать исследовать и популяризировать его творчество, чтобы оно не только сохранилось в памяти народа, но и продолжало служить живым источником знаний, духовной силы и культурного вдохновения для будущих поколений.»

Список литературы:

1. В Союзе писателей Казахстана высказались о сохранении... [Электронный ресурс] // www.nur.kz - Режим доступа: https://www.nur.kz/society/2222439-v-soyuze-pisateley- kazahstana-vyskazalis-o-sohranenii-i-razvitii-russkogo-yazyka-i-literatury/, свободный. - Загл. с экрана
2. ГУМАР КАРАШ | Казинформ [Электронный ресурс] // www.inform.kz - Режим доступа: https://www.inform.kz/ru/gumar-karash_a2222586, свободный. - Загл. с экрана
3. Гумар Караш – великая историческая личность — zhantas.kz [Электронный ресурс] // zhantas.kz - Режим доступа: https://zhantas.kz/ru/gumar-karash-velikaja-istoricheskaja-lichnost/, свободный. - Загл. с экрана
4. Гумар Караш — Википедия [Электронный ресурс] // ru.wikipedia.org - Режим доступа: https://ru.wikipedia.org/wiki/гумар_караш, свободный. - Загл. с экрана
5. Гумар Караш, биография и творчество писателя — РУВИКИ [Электронный ресурс] // ru.ruwiki.ru - Режим доступа: https://ru.ruwiki.ru/wiki/гумар_караш, свободный. - Загл. с экрана
6. Жайық Пресс - Сакральные места ЗКО - мавзолей Гумара Караша... [Электронный ресурс] // zhaikpress.kz - Режим доступа: https://zhaikpress.kz/ru/news/sakralnye-mesta-zko- mavzolej-gumara-karasha/, свободный. - Загл. с экрана
7. Идея исторической справедливости в мыслях Гумара... [Электронный ресурс] // alfarabijournal.org - Режим доступа: https://alfarabijournal.org/index.php/journal/article/view/966, свободный. - Загл. с экрана
8. Культурное наследие казахского народа [Электронный ресурс] // www.kazportal.kz - Режим доступа: https://www.kazportal.kz/kulturnoe-nasledie-kazahskogo-naroda/, свободный. - Загл. с экрана
9. Немеркнущий маяк просвещения — zhantas.kz [Электронный ресурс] // zhantas.kz - Режим доступа: https://zhantas.kz/ru/nemerknushhij-majak-prosveshhenija/, свободный. - Загл. с

экрана
10. Певец степи – газета «ИНФОРМБИРЖА news» [Электронный ресурс] // ibirzha.kz - Режим доступа: https://ibirzha.kz/pevets-stepi/, свободный. - Загл. с экрана
12. Поэтическое наследие Гумара Караша - автореферат... [Электронный ресурс] // cheloveknauka.com - Режим доступа: https://cheloveknauka.com/poeticheskoe-nasledie- gumara-karasha, свободный. - Загл. с экрана

ӘОЖ 94 (574)

ЕДІГЕНІҢ АТАСЫ – ҚҰТЛҰҚАЯ

Осатова К.М.
мұғалім, БҚО,Жәнібек ауданы Борсы ауылы
« Ғ.Қараш ат. Жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

***Резюме**. Статья посвящена анализу фольклорного произведения эпохи Золотой Орды, являющегося общим культурным наследием не только казахского, но и всех тюркских народов. Рассматривается труд Гумара Караша «Едігенің атасы – Құтлұқая», в котором автор стремился сохранить исторические сведения и языковые особенности, связанные с образом Едіге. В работе подчеркивается значение исследовательской деятельности Караша в сохранении древнего слова и художественного наследия тюркской культуры.*

***Ключевые слова:** Едіге, древнее слово, языковая особенность, художественное наследие.*

Табиғат құбылысы сияқты адамзат баласы ғұмыр кешетін дәуірлер мен замандар мінезі де әрқилы. Кезінде заманның қара суығына кезігіп, асыл мұралары бірнеше жылдар бойы оқырман тарапыннан тыс қалған әдебиеттің көрнекті тұлғаларының бірі – Ғұмар Қараш.

Ғұмар Қараш кім десек, ол – көрнекті ақын, ойшыл-философ, халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер-ағартушы, дін-шариғат, имандылық жолын, араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік білген ғұлама-ахун, өз дәуіріндегі мерзімді баспасөзге қазақ елінің өмірі мен шығармаларын жариялап отырған публицист.

Ғұмардың өмірбаяны мен шығармашылық жолы, ақынның балалық шағы, білім алуы, ел ісіне араласуы - өлеңдерінен көрініс табады.

Сағыныш, наз, реніш – өкпе, серт сияқты жан иірімдерінің пернесін қозғай, яки халық тағдыры, заман ахуалына тебіріне, сезімге беріле, жалын ата жырлаған.

Ғұмар Қараш - ақын, жыраулар елінде туып, өсті. Жас кезінен жанына серік, көңіліне көрік еткені Шәлгез бен Доспамбеттің, Асан қайғы мен Қазтуғанның, Махамбет пен Мұраттың өлең, толғаулары, Қазақстанның батыс аймағына тараған батырлық жырлары еді.

Міне, ақын осы мұраларды жинастырып, 1910-1912 жылдарда Орынбор қаласынан

«Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлар», «Көксілдер, яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары уә ғайри мағыналы жырлар» деген екі жинақ шығарады. Ол

«Шайыр» жинағына Байтоқ, Жанұзақ, Доспамбет, Қазтуған, Шәлгез, Әсет, Шәңгерей шығармаларын, шешендік сөздер мен «Ер Шобан», «Әділ сұлтан» сияқты жырларды не бары жиырмадан аса әдеби мұраны топтастырған. Құрастырушы «Көксілдерде» Шәлкиіз мұраларынан үзінділер, «Едіге,Тоқтамыс», «Орақ, Мамай» жырларын жариялайды. Аталған екі жинақ та - сирек кездесетін кітаптар, оларда жарық көрген мұралар әр дәуірдегі сөз зергерлерінің ой-арманын, дүниетанымын, талант-дарынын әйгілер елеулі рухани қазынамыз. [1]

Қазақ халқының бай мұрасы , рухани қазынасы – эпостық жырлары.. Сондай қазақ арасына көп нұсқалы болып таралған жырлардың бірі – «Едіге жыры». «Едіге жырын» ел жадынан өшірмеу үшін қазақ зерттеушілері Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Бисенбай Кенжебаев секілді тұлғалар өз үлестерін қосты. 1980 жылдардан бастап дастанның

қазақ, қарақалпақ, қырғыз, татар, башқұрт, түркімен тіліндегі нұсқалары пайда болды. Қазақ даласында зерттелуі «Шоқаннан бастау алған» деп айтсақ, қате кете қоймас деп ойлап, 1841 жылы Аманқарағай округіндегі «Көрлеуіт қыпшақ» тобынан шыққан Жұмағұл дейтін ақынның аузынан жазып алған. Осы Жұмағұлдың сөзін қыпшақ тобынан шыққан Арыстанбай ақыннан сөзімен салыстырып, Едіге жырының сөзін жазып алып, қағазға түсірген екен. Оны орыс тіліне аударып, бастырған екен. Академик В.М.Жирмунскийдің айтуынша, орыс тіліне әр тілден «Едіге жырының» 30 нұсқасы аударылғаны айтылады. Қашық Сәтбаев 1927 жылы Мәскеуде араб әрпімен 3000 дана жырды бастырып шығарған. Әсіресе, Батыс Қазақстан өлкесінде бұл жыр жыраулар арқылы тараған, әрі дәстүрлі жыраулық өнерде сақталып, бүгінгі күнге жеткен. Жырдың Ғ.Қараш «Көкселдір» жинағына енгізген нұсқасы да бар. Бұл

«Едіге жыры» әдеби және ғылыми тұрғыдан бағалы жазба нұсқасы болып табылады. Нұсқа жыраулар арқылы біздің уақытқа жетіп отырған болар деп ойлаймыз. Себебі Ғұмардың Шәлгез, Доспамбет жыраулық үлгілерін хаттап кеткеніні белгілі. «Едіге жырының» таралу аймақтары белгілі. Енді Қазақстандағы жыр нұсқалары мен Ғұмар Қараш жазып алған нұсқаны салыстыра талдау жасап көрейін. Ауызекі (жыраулық) нұсқалардың ерекшеліктері мен тілдік ерекшеліктеріне назар аударамын. Батыс өлке ақыны, ағартушы Ғұмар Қараштың 150 жылдық мерейтойына орай назардан тыс қалған, зерттеушілер тарапынан айтылмаған «Едігенің атасы - Құтлұқая» жыр үлгісін тілдік ерекшеліктер бағыты бойынша қысқаша талдап өтейін. [2]

«Айқап» журналының 1911 жығы наурызда шыққан № 3 санының 16 -17 -беттерінде

«Жаңа шыққан кітаптар» атты хабарламада: «Көкселдер йәки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары уа ғайри мағыналы жырлар». Жиушысы уа нашірі Ғабдолла Мұштақ. (Бөкейлік).», - деп жарияланған екен.

«Әр көңілдің бір ойы бар» Ғабдолла Мұштақ сөзі. Басылуы жақсы. «Ләкин ескі сөздерді жазған жазуы сөздің біраз назми бітісуі біздің көңілге ұнап бітпейді» деп жазылған , баға берілген.

«Аболлаһ Мұштақ. Бөкей елі» деген лақап атпен «Көсілдерді» жинаған Ғұмар Қараш сөзінен үзінді: «Жыр шығарудан бірінші дәрежедегі мақсаты: әр елдің ана тілін һәм ондағы «шешендікті жоғалтпай сақтау болды. Бірінші, шешендік, тәттілік жағынан көз жіберу, екінші, анау соңғыларға назар салу тиіс. Сосың мен бұ бек ескі жырлардың тарих жағынан дұрыстылығына көп көз жібермедім, көңіл салмадым. Бәлки, ол жақтан қарағанда, көп жерлері қате де болса, болар. Маған қалғаны да жыр: біреуді мақтасын яки жамандасын бәрібір, тек тілі тәтті, сөзі әсерлі болып, әдепке халаф болмаса, сол жетеді. Бұ милла жырларда «шешендік», «хамаса» бек кәміл болғандығы үшін басылмай, оқылмай, тіліміздің негізі жойылуына зор зарар деп білдім» - деп айтқан екен.

Жырдың негізгі сюжеті – Едігенің ерекше тууы, ер жетуі, елін жаудан қорғауы, батырлық ерлігі және кейінгі тағдыры. Әр нұсқада бұл оқиғалар әртүрлі баяндалады.

Ғұмар Қараш жинақтаған “Едіге. Тоқтамыс” – осы ауызша нұсқалардың негізінде жазылған әдеби үлгі және қазіргі тілмен айтқан болсақ, шалқыма әдісі арқылы жазылған нұсқа. Бұл нұсқаны жинақтау арқылы Ғ. Қараш қазақтың рухани мұрасын болашаққа аманаттаған. Ол мәтіндік дәлдікке, әдеби тіл тазалығына көңіл бөлген.

Мазмұндық белгілері:

Мазмұндық белгі	Ауызша (жыраулық) нұсқасы	Ғ.Қараш жинақтаған нұсқасы
Тілі	Диалектілік, жергілікті тіл ерекшеліктері	Әдеби, түсінікті,қарасөз бен жыр шумақтары біріге жазылған
Көлемі	Жыр түрінде ұзақ немесе кең таралған.	Қысқаша,шалқыма әдісімен ықшамдалып берілген.

Құрылымы	Кейбір оқиғалары ауысып, импровизация бар.	Композициялық құрылымы сақталған. Мазмұны түсінікті.
Діни элементтері	Батырлыққа басымдық беріледі, аз – маз кездеседі.	Діни көзқарасы көрінбейді.
Баяндау стилі	Жыраулық мақаммен айтуға ыңғайлы, эмоциялық	Жазбаша баяндау, кітаби стильге жақын.
Орындау ерекшелігі	Жыршылар орындауына лайықталған.	Мәтіндік баяндау басым.

Ел аузындағы ескі сөздер қазақ тілі ғылымына екі негізде маңызды деп білеміз:

1. Олардың ішінде қазіргі буынға мүлде жат көрініп, ұмытыдып бара жатқан қазақтың ескі сөздері көп кездесіп отырады. Бұл «тіл сақтау», «тіл байыту» жақтарынан өте бағалы нәрсе.

2. Ескі сөздердің ішінде келетін толғаулар көбіне шебер, кестелі түрімен жасалады. Бейнешілдік, кеңдік, суретшілдік жақтарынан алғанда қазақ ескі толғауларының кейбіреулері әлі күнге жаңа ақындардың көбіне үлгі болуға жарамды. Бұл – әдебиет жағынан маңызды нәрсе. Және осы күнде «Әдебиет қай жолмен бару керек?» деп қойылған сұрауды ел аузындағы ескі сөздер қағаз бетіне түсіп, қазақ әдебиетінің тарихи – табиғи бағыттарын әбден айқындайды. [3]

Шоқанның жазып алуымен сақталған нұсқасы туралы айтар болсақ, Шоқан «Бұл әңгіме ішінде кездесетін бөтен жұрттан алынған кірме сөздер жоқ» дейді. Ғұмар Қараштың жинақтауымен сақталған Едіге. Тоқтамыс жөніндегі нұсқада дыбыстық өзгеріске түскен сөздер кездеседі. Мысалы: сафар (сапар), хауыф (қауіп), Демір (Темір)

. Мағынасы жұмбақ көрінген көне сөздер де бар.

Ғ.Қараш жинақтаған нұсқа бойынша көне сөздер	Ғ.Қараш «Едіге .Тоқтамыс» жыр нұсқасынан үзінді
Оғлы (ұл)	Әкесі Құтлұқая Тарағай ұлы (оғлы) Темірханмен жақындығы, аралас болып, Тоқтамыстың қолынан жұмыртқалатып тұрған «түкті аяқ» сұңқарының бір жұмыртқасын оған (Темірге) ұрлап беріпті.
мелшидім	Емендер едім,ием! Мелшидім,Еділ едім,бұлғандым.
шора	Едіге менің нем еді.Есікте жүрген шора еді.
Хауыф(қауіп)	қауіп
Файда (пайда)	«Құмкент» ден (Блише богды) файда болғанға ұқсайды.
Сұсыл	Сұсыл тұрған ет желкелі құба ұл.

Қорытындылай келе, Ғұмар Қараш шығармашылығы қазақ қоғамын өркениетке жетелеуге бағытталғанына көз жеткіземіз. Оның мұрасы бүгінгі күнде де тарихи танымдық және тәлімдік мәнін жоймаған, қазақ әдебиеті мен мәденеиетінде өшпес із қалдырған құндылық болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғұмар Қараш . Қ.Сыдиықов , «Ғылым»баспасы,1994.
2. «Ғұмар Қараш шығармалары»/ I том позиялық шығармалары/ Ж. Набиоллаұлы, Қ.Құттымұратұлы.Орал, 2018 .120- бет
3. Ер Едіге: Әділбек Нәби. - Алматы: «Отбасы» баспа үйі,2024.-7бет.

ӘОЖ 373.3

ОҚУШЫЛАРДЫ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Булатбаева Алмагуль Айтимбетовна
№12 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Орал қаласы

Бекташева Райгул Жумагалиевна
№23 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Орал қаласы

Резюме. *В статье рассматривается значение формирования критического мышления учащихся на уроках казахского языка и литературы. Определяется педагогическая основа обучения критическому мышлению, дается определение педагогической технологии. На уроках казахского языка и литературы подробно раскрываются формы работы, побуждающие к критическому мышлению.*

Ключевые слова: *критическое мышление, педагогическая технология, казахский язык и литература*

Қоғамдағы өзгерістер білім беру жүйесіне жаңаша қарауды, қол жеткен жетістіктерді саралауды, оқушылардың шығармашылық мүмкіндігін дамыту мен мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап ететіні белгілі. Бүгінгі таңда педагогика өзінің арнаулы міндеттерімен қоса, оқушының ана тіліне сүйіспеншілігін ояту, жалпы тілді оқытудың әуезділік мәселелерін айқындау, шебер сөйлеуге үйрену, бір сөзбен айтқанда, қазақ тілі пәнінің атқарар рөлінің қаншалықты маңызды екенін дәлелдеп отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асырудың бір жолы – интербелсенді ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану есебінен мектеп оқушыларының ой-өрісінің даму деңгейін көтерудің, олардың ғылыми танымдық іс-әрекеттерін белсенді іске асырудың ойлы әрекетке ұштастыру мен оқуға, білім алуға ынталандырудың тиімді әдістемесін жасау арқылы оқушылардың проблемалық жағдяттан шығу қабілеттерін дамыту болып табылады.

Өзінің жалпы жаратылысында, отбасындағы тәрбиесінде, тегінде тілге икемді айрықша қабілетті балалар бар. Әйтсе де, тек сөйлер сөзге шеберлік бар болғанымен, логикалық ой жүйелеуі мен сөздің салмағы мен құдіретін салмақтап, саралай білеу талдау жоқтың қасы екенін де мойындау қажет. Міне, сондықтан да, “мықты” деген оқушының өзінің жауабынан да шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бойынша өз пікірін өрбіту мен өзіндік талдау жасауды міндеттейтін тосын сұрақтар төңірегінде көңіл тұшытарлық нәтижелер көріне бермейді. Бұл – қазақ тілін оқытудағы елеулі олқылықтың бар екенінің дәлелі. Міне, осы кезеңде бүгінгі «Қазақ тілі мен әдебиеті» сабақтарының көтерер жүгі айқындала түседі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Қазіргі мектептердің, біріншіден, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы; екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық- қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет»,

— деп атап көрсетілуі мектептегі оқу-тәрбие үдерісіне жаңа бағыт сілтейді [1].

Жоғары сынып оқушыларын оқыту технологиясы арқылы дамытудағы ғылыми-практикалық тәжірибенің рөлі орасан зор.

Д.Г.Левитестің пікірінше «білім беру технологиясы» – орындалуы педагогикалық мақсатқа жетуге кепілдік беретін реттелген қызмет жүйесі. Бірақ бұл өте ауқымды анықтама. Оған тәрбиелеу технологиясы да, қарым-қатынас техналогиясы да,кіреді [2,46 б].Педагогикалық технология ұғымына шетелдік және отандық әдебиеттерде үш жүзден астам анықтама берілген.

Бұл педагогикалық технология ұғымының қалыптасу мен дамуының тарихында оның оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деп ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер бар. Олар педагогикалық технология мәселесіне арналған Б.Блум, Ф.Фрадкин, П.Я.Гальперин, М.Кларин, Л.В.Занков т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

«Технология» термині алғаш рет 1940-50 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Технология - өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай даяр заттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы . Қысқаша педагогикалық сөздікте “Педагогикалық технология – социомәдени өлшемді тұлғалық көрініс еркіндігін үйлестіру, әлемге қатынасын қалыптастыру мақсатында қоршаған ортамен дара қарым-қатынас мағынасында балаға педагогтық әсер етудің ғылыми негізделген кәсіби шешімін білдіретін педагогикалық шеберліктің компоненті”, - делінген

В.П.Беспалько жалпы білім беретін мектептер үшін педагогикалық технология мынадай төрт басты шарттарды орындауы тиіс:

а) педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық экспромттарды жоюы керек;

ә) оқушының танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесінің жобасына негізделуі қажет;

б) оқу мақсатын диагностикалық зерттеу жолымен анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалауды қажет етеді;

в) практикада оқу-тәрбие процесінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс деп атап көрсетеді және педагогикалық технология практикада жүзеге асатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы деген көзқарас білдірген [3,55 б]

Б.Т.Лихачев: «Педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым. Педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттердің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу», - деп түсіндіреді [4, 68 б].

Белоруссияның ұлттық мектебінің ғылыми-зерттеуші ұжымы технологияны жеке тұлғаны дамытудағы процесс және оқушыны оқытудың әр кезеңінде дамытатын педагогикалық құрал ретінде бағалайды. Олар: «Технология – баланы дамытуға жағдай жасаудағы мұғалімдердің қабілеттілігі», – деп есептесе Ф.А.Фрадкин педагогикалық технологияны білімділік мақсатқа қол жеткізудегі оқушы мен мұғалімнің жүйелі, тұжырымдамалы, нормативті, объективті, көпнұсқалы әрекеті деген ойды айтады [16,72- б]. Ал В.М.Монахов педагогикалық технология белгілі бір әрекеттің ретке келтірілуі, оны орындауға бағытталған жоспарлы нәтиженің анықталуы деген баға береді [5].

Г.С.Сельевконың пікірінше, «педагогикалық технология» үш түрлі: ғылыми, бейнелік және нақты өрісте көрінуі мүмкін.

Бірінші жағдайда, ол педагогика ғылымының оқытудың мақсатын, мазмұнын және оқыту әдістерін зерттеп, педагогикалық процесті жобалаушы бөлігі, аймағы;

Екінші жағдайда, ол процестің жүру алгоритмі, жоспарланған нәтижеге жетудің мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдарының бірлігі;

Үшінші жағдайда, барлық жеке, заттық және әдістемелік құралдардың жұмыс істеп, жүзеге асуы болып табылады. Сол себептен Г.К.Селевко педагогикалық технологияның құрылымына төмендегідей бөліктерді:

а) тұжырымдық негіз;

ә) мазмұндық бөлім: оқытудың жалпы және нақты мақсаттары, оқу материалдарының мазмұны;

б) процессуалды бөлім – технологиялық процесс: оқу процесін ұйымдастыру; оқушылардың оқу әрекетінің әдістері мен түрлері; мұғалімнің материалды игеру процесін басқарудағы іс-әрекеті; оқу процесінің диагностикасын кіргізеді [6,77 б.].

М.В.Кларин: «Педагогикалық технология – бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдістемелік құралдарының

жүйелі жиынтығы және жұмыс жасау реті» – деген пікір білдіреді [7, 60 б].

Н.Ф.Талызинаның пікірінше: «Оқыту технологиясы – бұл оқу процесін нақты сипаттаудың, мұғалімге қойылған мақсатқа жетуде басшылыққа алынатынның нақ өзі» [8,88 б].

Ж.Қараевтың пікірінше, технология дегеніміз - әдістемелік жүйемен сәйкесті дидактикалық процестер кешенінің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер оның құрамды бөлігі ғана. Оның үстіне қолданылатын әдістер нәтижеге жетуге кепілдік бере алмайды [9,118 б].

Мәселені зерттеуші ғалымдардың пікірін қорытындылай келе, біздің педагогикалық технология – педагогика ғылымының оқытудың мақсатын, мазмұнын және әдістерін зерттеп, айқындаушы және педагогикалық үдерісті жобалаушы бір бөлшегі деген тұжырым жасауымызға болады. Демек, ол – білім стандартында көзделген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу жолындағы мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдардың біртұтас қызметін бейнелейтін үдеріс.

Ғылыми–педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау көрсеткендей, қазіргі педагогикалық теорияда «педагогикалық технология» ұғымына бірдей көзқарас жоқ, оны біреулер мектепті техникаландыру десе, енді біреулер оқытуды аудиовизуалды құралдармен қамтамасыз етіп, компьютерлендіру, ал келесі бір көзқарас бойынша, дидактикалық жобалар мен педагогикалық жүйені, оны практикада қолданудың дәрежесін көтеру болып табылады дейді. Осының бәрі бұл ұғымның (құбылыстың) көп қырлылығын сипаттайды, демек оны зерттеудің әдіснамалық бағыт-бағдарын негіздеу қажет. Сонымен, педагогикалық технология – тиімді оқыту жүйелерін құрастырумен, оқу процестерін жобалаумен айналысатын педагогикалық ғылымның бағыты.

Біріншіден, оқыту технологиясы – оқу ақпараттарының пайда болып көрінуі, өзгеру, өңделу әдістері мен құралдарының жиынтығы болса; екіншіден оқыту барысындағы мұғалімнің оқушыға қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды қолдана отырып, әсер ету жолдары туралы ғылым. Яғни, оқыту технологиясы – алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдісі, құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы. Сөйтіп, оқыту технологиясында мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы мен себептілігі жатыр, ал қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Анықтамалардан технология мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылымымен, құралдарымен, әдістерімен және түрлерімен тығыз байланысты деген тұжырым аңғарылады.

Біз «технология» – techne - өнер, шеберлік және logos - ғылым, заң, бір сөзбен айтқанда, технология дегеніміз – шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін көреміз.

Педагогикалық технологиялардың қазіргі мағынасы адамның іс-әрекетінде білімдердің тәсілдерін қолдана отырып белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кепілдік беру. Осылайша технологияның негізгі белгілері болып табылатындар:

- белгілі бір құрамдардың жиынтығы (сәйкес келуі, кірігуі);
- логикасы, құрамдардың бірізділігі;
- әдіс-тәсілдер, әрекеттер;
- нәтиженің кепілі деген қорытындыға келдік.

Бүгінгі таңда мынадай жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиялары:

- В.Ф.Шаталовтың тірек белгілер негізіндегі технологиясы
- П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру (ДБШ) технологиясы
- В.В.Фирсовтың саралай оқыту технологиясы ;
- Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы [24,98-б];
- Л.В.Занковтың, Д.Б.Эльконин-В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы ;
- Ю.К.Бабанскийдің оқу процесін оптимизациялау технологияс;
- М.Чошановтың, П.И.Третьяковтың, К.Я.Вазинаның, В.М.Монаховтың модульдік оқыту технологиялары ;
- Г.К.Селевконың өзін-өзі дамыта оқыту технологиясы ;

- Ж.А.Қараевтың, Т.Т.Ғалиевтің, Ә.Жүнісбектің, М.М.Жанпейісованың, Н. Оразахыновалардың оқыту технологиялары кеңінен танымал. Сонымен, біздің теориялық пайымдарымыз өзіміз айқындаған жүйеге сәйкес ұйымдастырылған жағдайда, білім беру үдерісі оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға меңгеріп қана емес, өзін-өзі дамытуға, мүмкіндіктерін өз бетінше іске асыруға, дара режимде жұмыс жасауға

мүмкіндік туғызады деп тұжырымдаймыз. Мұндай мақсатқа жетуді пәнді оқытудағы дамытушылық орта, тиімді технология мен психологиялық жағымды ахуал қамтамасыз етеді демекпіз.

Білім беру арқылы тұлғаның шығармашылық белсенділігін көтеру және білім алушының шығармашылығын қалыптастыру мәселесіне біртұтас педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарау қажет деп санаймыз. Диплом жұмысымыз жеке тұлғаның шығармашылық потенциалы, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға бағытталғандықтан, біз жүйелілік тәсіліне назар аударды қ. Жүйелілік тәсіл оның құрамдарының өзара ықпалдастығы мен өзара байланысын көрсететін жүйе құруды білдіреді. Сонда жүйелілік және біртұтастық тәсілдері жүзеге асырылады, бұл мектепті басқару қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Жүйелілік тәсілі барысында инновациялық қызметтің негізгі мақсаттары анықталды, яғни оқушының жеке тұлғасының :

- қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- жан-жақты дамыту;
- қабілеттерін ашуға мүмкіндік туғызу және білім берудің қазіргі даму кезеңінде оларды реттеу қажеттілігі айқындалды.

Жүйелілік тәсілін тиімді қолдану барысында талқылау, талдаудың да маңызы зор. Талдау қызметінің формалары мен әдістері педагогикалық, әдістемелік кеңестерде, ашық сабақтар мен іс-шараларда, шығармашылық топтарда, оқушылар ұйымдарында («Оқушылардың ғылыми қоғамы», «Оқушылардың шығармашылық одағы», «Жас тілші») ұжымдық талдау мен ізденіске бағытталған. Өзін-өзі талдау жазбаша түрде де (қойылған сұрақтарға жауап беру, баяндама тезистері, әдістемелік құралдар), сұхбаттасу, тест, әңгімелесу формасында да іске асырылады.

Оқытуды ұйымдастыру формаларының бірі – оқушылардың шағын топтарда жұмыс істеуі. Мұндай жұмыстың басты жетістіктерінің бірі – әрбір оқушыны нәтижелі оқытуға жағдай жасап қана қоймай, жан-жақты дамуына ықпал етуі. Шағын топтар жұмысының негізінде оқудағы өзара ықпалдастық қызмет жатыр. Ең басты фактор мұғалім мен оқушының әрекеттестігі болып табылады. Топтық жұмысты басқару негізінде тек қана өзара ықпалдастық, қолдау, көмек көрсету жатуы тиіс. Мұндай кешенді жұмыстардың тұтастығы оқушының шығармашылығын дамытуға бағытталған іс-әрекетінің құрылымдық жүйесін құрайды.

Ізденіс барысында мұғалім мен оқушының іс-әрекеттегі өзара қарым-қатынасын ұйымдастыруда, негізінен, Л.Фридманның төмендегідей ережелерге негізделген тұжырымдамасы ойымызды жинақы бергендей:

1. Оқу оқушының жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызметінің жүйесі ретінде қаралады. Олар оқушының қисынды ойлауын, көзге елестету қабілетін, жадын, шығармашылығын және т.б. қабілеттерін дамытуға, яғни білім берудің мақсаттары болып табылатын жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Оқуды басқарудың психологиялық сенімді түрі – ең алдымен, оқушының қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарын дамытуға жағдай жасау.

3. Оқуды басқару икемді болуы тиіс, бұл тек оқушылардың іштей өсуі жүргенде ғана, балалардың білім дәрежесінің артуына қарай мүмкін болады.

4. Оқушылар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару жеке тұлғаға бағытталған болуы тиіс. Оқу процесін жеке тұлғалық басқару дәрежесі оқушылардың өсуіне қарай артып отыруы және оқудың жоғарғы сатысында жалпылама сипат алуы тиіс.

Оқыту процесін басқару балалардың ішкі қуатына және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс. Тұлғаны дамыту – педагогикалық жағдаяттардың басты сипаттамасы. Ал сын

тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту – тұлғаның ой-өрісінің жетілуі мен өміршең білімді қабылдауы үшін қажетті негіз. Ал бұл бағытта педагогикада қарқынды түрде

қолданылып отырған интербелсенді оқыту тәсілдері оң нәтижеге бастар ізденіс болып отыр.

Интербелсенді оқыту үдерісінің мақсаты - педагогикалық өзара ықпалдастық әрекетіне қатысушылардың мінез-құлық және қызмет үлгілерін өзгерту және жақсарту. Өз әрекетін және серіктесінің әрекетін талдай келе, әрбір қатысушы өз мінез-құлқының үлгісін өзгертеді және білімді саналы түрде меңгереді.

Интербелсенді оқыту үдерісін ұйымдастырудың жетекші қағидалары:

- ойлау қызметін ұйымдастыру;
- мазмұн шығарушылық қызметті ұйымдастыру;
- өзіндік пікірін қалыптастыру мен сөйлеу, жазу әрекетін дамыту;
- алынған ақпаратты қорыту, кері байланысты ұйымдастыру. С.В.Белованың зерттеулерінде оқушылардың үш тобы айқындалған:

1. сұхбаттасуға тек формальды түрде қатысушылар;
2. өз ұстанымын қорғауға ұмтылуы басым оқушылар;
3. шын мәнінде сұхбаттаса алатын оқушылар тобы, олар өз ұстанымын қайта қарап, оны байыта түсуге ұмтылады .

Оқушыны белсенді іс-әрекетке тарту - тұлғаны дамытушы педагогикалық жағдаят құру болып табылады. Соңғы кездері тапсырмаларды ұжыммен орындау мақсатындағы еркін қатынасқа жағдай жасайтын алуан түрлі топтық жұмыс формаларына ерекше назар аударылып жүр. Қандай да бір шартты талаптардың, мұғалімнің алдында қорқыныш сезімінің болмауы, табиғи еркіндік – мұның бәрі жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін айқындап, дамытуда жағымды ахуал қалыптастыратындығын айқындауда.

«Сөйлеу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясының стратегиялары расыменде оң нәтижелерге жол ашуда. Блум таксономиясы негізінде жұмыс жасау әрекеттің алгоритмін және танымдық қызмет мақсатын айқындап береді:

Блум таксономиясы бойынша оқушының сын тұрғысынан ойлауды дамыту жолының бірлігі

Деңгейлер	Анықтама	Оқушының іс-әрекеті
Білім	Берілген жаңа түсінікті ұғу, есте сақтау, бұрынғы білімді еске түсіру	Тыңдайды, қабылдайды, есте сақтайды, ойлайды
Түсіну	Жаңа материалда берілетін білімді түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасау	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады
Қолдану	Жаңа білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінді таба білу, бүтінді бөліктерге жіктеу, арасындағы байланысты айқындау	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, талдайды, ашады, іздейді
Талдау	Алған білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінін бөліп көрсету	Бұрынғы білім негізін пайдалана отырып, жаңа проблеманы шешеді
Жүйелеу	Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау	Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады
Бағалау (сын, пайымдау)	Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады

Б.Блум таксономиясы негізінде анықталған білімді меңгеру деңгейлері сыни тұрғыдан

ойлау қабілетін дамытуда ақпаратты саралау, ойлау қадамдары мен дәл де жүйелі ойды жеткізу мүмкіндігіне жол ашпақ.

Қорыта айтқанда, оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға жағдай тудыру оқыту үдерісінің біртұтас жүйелілігімен бірге оның жан-жақты шығармашыл тұлға ретінде дамуына мол мүмкіндік береді. Бұл шығармашыл, функционалды сауатты жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыруды талап етеді. Ал ол нәтижелі бағытта – берілетін тапсырмалар жүйесі дифференциалануы, оқулық, оқу құралдары, АКТ және өзге де қосымша әдебиеттерді қолдану, оқу материалдарымен жүйелі жұмыс жасау, сөйлесу арқылы жүргізілуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім туралы Заңы. 27.07.2007 ж
2. Левитес Д.Г. Практика обучения: современные образовательные технологии. – М.: Изд-во: «Институт практической психологии»; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1998. – 288с.
3. Фрадкин Ф.А. Вопросы формирования и воспитания ребенка в группе. Методическое пособие. - Владимир, 1972.-76 с
4. Беспалько В.Л. Слагаемые педагогической технологии – М.: Педагогика, 1989. – 192с
5. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие – М.: Прометей, 1992. – 528с
6. Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. – Волгоград.: Перемена, 1995. – 153с
7. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998. - 256 с.
8. Кларин М.В. Развитие “педагогической технологии” и проблемы теории обучения // Советская педагогика. – 1984. С.117-122.
9. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – М., МГУ, 1975. – 343

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Зинеш Г.Қ., 1 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, Орал қаласы

***Резюме**. В статье рассматриваются педагогико-методические подходы к развитию навыков критического мышления на уроках английского языка. Подробно описана трёхфазная структура технологии развития критического мышления, предложенная Ч. Темплом, К. Мередит и Дж. Стилом: стадии вызова, осмысления и рефлексии. Анализируются эффективные методы и приёмы, которые могут применяться на каждом этапе: кластер, «Чистая доска», метод INSERT, бортовой журнал, диаграмма Fishbone, синквейн, пиктограмма, дискуссия и другие. Подчёркивается, что систематическое использование этих технологий способствует повышению познавательной активности студентов, развитию языковой компетенции, логического и аналитического мышления.*

***Ключевые слова:** критическое мышление, английский язык, методика преподавания, педагогические технологии, кластер, INSERT, Fishbone, рефлексия, активное обучение.*

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушының тек ақпаратты меңгеруі ғана емес, сонымен бірге оны саналы түрде талдап, сұрыптап, бағалап, негізделген шешім қабылдай алатын тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету. Осы тұрғыда *сыни ойлау* (critical thinking) ұғымы білім беру процесінде ерекше маңызға ие болуда. Сыни ойлау – бұл ақпаратты жай қабылдау емес, оны талдап, бағалау, салыстыру, логикалық қорытынды шығару және өз ұстанымын дәлелдеп, негіздей білу қабілеті.

Шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін оқыту үдерісінде сыни ойлауды дамыту – қазіргі заманғы білім беру парадигмасының маңызды бағыттарының бірі. Ағылшын тілі пәнінің басты мақсаттарының бірі – студенттердің тілдік құзыреттілігін дамыту, олардың коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру. Бұл міндеттерді шешуде сыни ойлау технологиясы үлкен рөл атқарады. Себебі сыни тұрғыдан ойлау арқылы студенттер тілдік материалды тек жаттап қана қоймай, оны түсініп, талдап, салыстырып, жаңа контекстерде қолдана алады.

Сыни ойлауға үйрету – оқушының өз бетімен ойлануына, сұрақ қоюына, ақпаратты іздеп табуға және оны өңдеуге мүмкіндік беретін ерекше педагогикалық тәсілдер жүйесі. Мұндай тәсілдер сабақтың әр кезеңінде, яғни жаңа тақырыпты енгізу, меңгеру, пысықтау және қорытындылау кезінде қолданылады.

Сыни ойлауды дамыту технологиясын ұзақ уақыт бойы қолдану барысында оның мұғалімдер мен білім алушылар үшін айқын артықшылықтары байқалды.

Сыни ойлау технологиясы білім алушыларға мынандай мүмкіндіктер береді:

- ақпаратты қабылдау тиімділігінің артуы;
- оқытылатын материалға және оқыту процесінің өзіне деген қызығушылықтың пайда болуы;
- сыни тұрғыдан ойлау және өз оқуына жауапкершілікпен қарау қабілетінің дамуы;
- топпен жұмыс істей білу дағдыларының қалыптасуы;
- білім сапасының артуы;
- өмір бойы білім алуға деген ұмтылыстың қалыптасуы.

Сыни ойлау технологиясы мұғалім үшін мынадай артықшылықтарға ие:

- сыныпта еркін және қолайлы атмосфера құруға мүмкіндік береді;
- сыни ойлау мен дербестікті дамытуға бағытталған тиімді әдістемелер жүйесін қолдануға жағдай жасайды;
- өзінің педагогикалық тәжірибесін сауатты талдай алатын практик маман болуға ықпал етеді;
- басқа әріптестер үшін кәсіби тұрғыда құнды ақпарат көзіне айналуға мүмкіндік береді [6].

Сыни ойлауды дамыту технологиясын қолдану процесінде:

- білім алушылар жалпыланған білім, білік, дағды және ойлау тәсілдерін меңгеру мүмкіндігіне ие болады;
- жеке оқу технологиясы қалыптасып, өзін-өзі іске асыруға бағыттылық артады;
- сабақ аясында әртүрлі пәндерді біріктіруге жағдай туады;
- оқытуды дараландыру мен вариативтілікті жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады.

Төменде ағылшын тілі сабақтарында сыни ойлауды дамытудың тиімді технологиялары мен әдіс-тәсілдері педагогикалық тәжірибеге сүйене отырып қарастырылады.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының теориялық негіздері

Сыни ойлау технологиясы XX ғасырдың 90-жылдары американдық ғалымдар Ч. Темпл, К. Мередит және Дж. Стилдің бастамасымен дамыған. Бұл технологияның басты ерекшелігі – сабақ құрылымының үш кезеңге бөлінуі: «қозғау» (вызов), «түсіну» (осмысление) және «рефлексия» (reflection) [1].

- Қозғау кезеңі – білім алушылардың тақырып бойынша бар білімін белсендіру, қызығушылығын арттыру, жаңа білімге дайындық жасау кезеңі.
- Түсіну кезеңі – жаңа ақпаратты қабылдау, талдау және түсіну кезеңі.
- Рефлексия кезеңі – алынған білімді қорыту, салыстыру, өз көзқарасын қалыптастыру,

пікір білдіру кезеңі.

Бұл үш фазалы құрылым ағылшын тілі сабағында студенттердің белсенділігін арттыруға, тілдік материалды терең түсінуге және өз ойларын еркін жеткізуге жағдай жасайды.

«Қозғау» кезеңінде қолданылатын әдіс-тәсілдер.

Бұл кезеңнің басты мақсаты – студенттердің қызығушылығын ояту және алдыңғы білімдерін белсендіру. Мұғалім студенттерді сабақтың тақырыбына жетелейтін ой қозғау сұрақтарын, ойын элементтерін, графикалық ұйымдастырушыларды пайдаланады. а) *«Ми шабуылы» әдісі.* Бұл әдістің негізгі мақсаты – шығармашылық ойлау түрін дамыту болып табылады. Бірінші кезең – білім алушылар идеялар банкін құрады, яғни мәселенің мүмкін болатын шешімдерін ұсынады. Тақтаға немесе плакатқа ұсынылған барлық идеялар жазылады, олардың қисындылығы немесе орындылығы бұл кезеңде талқыланбайды. Екінші кезең – білім алушылар ұсынылған идеялар мен пікірлерді талқылайды. Бұл кезеңнің мақсаты – әрбір ұсыныстан рационалды тұстарды табу, оларды толықтырып, біріктіріп, тұтас шешімге айналдыру. Үшінші кезең – ең тиімді

және перспективалы шешімдерді таңдау.

Сурет 1: Ми шабуылы әдісінің көрінісі [6]

ә) *Кластер әдісі.* Кластер – негізгі ұғымды қағаздың ортасына жазып, одан таралатын ассоциациялар мен идеяларды сәулелер түрінде көрсету әдісі. Мысалы,

«Climate change» тақырыбын өткенде, студенттер ортасына осы сөзді жазып, айналасына

«air pollution», «global warming», «deforestation», «drought» сияқты сөздерді тарата алады. Бұл әдіс студенттердің ойларын визуалды түрде жүйелеуге, топтық талқылауға жағдай жасайды.



Сурет 2: Кластер әдісінің көрінісі [6]

б) *«Таза тақта» ойыны.* Сабақ басталғанда тақтаға сұрақтар жазылған қағаздар ілінеді. Әр студент кезекпен шығып, бір сұрақты алып, оған жауап беріп, тақтаны

«тазалайды». Бұл әдіс қайталау және жаңа сабаққа қызығушылық тудыру үшін тиімді. в) *Дұрыс және бұрыс тұжырымдар.* Мұғалім сабақ тақырыбына қатысты

бірнеше пікірді (дұрыс және бұрыс) ұсынады. Студенттер олармен келісетінін немесе келіспейтінін білдіріп, себептерін айтады. Мысалы, «All plastic can be recycled» – бұл пікірді талқылай отырып, студенттер өз білімін қолдануға және жаңа ақпаратқа қызығушылық танытуға ынталанады [3].

3. «Түсіну» кезеңінде қолданылатын әдістер

Бұл кезеңде студенттер жаңа ақпаратпен белсенді жұмыс жүргізеді: мәтінді оқиды, бейнематериал көреді, жаңа лексика мен грамматиканы меңгереді. Мұғалімнің рөлі – студенттерге ақпаратты жай беру емес, олардың өз бетімен түсінуіне, талдауына бағыт беру.

а) INSERT әдісі. INSERT (Interactive Noting System for Effective Reading and Thinking) – мәтінді оқу барысында арнайы белгілер қою әдісі:

- «V» – мен мұны бұрыннан білемін
- «+» – жаңа ақпарат
- «–» – мен басқаша ойлағанмын
- «?» – түсініксіз, сұрақ туындады

Бұл әдіс студенттердің мәтінмен белсенді жұмыс істеуін, өз білімін жаңа ақпаратпен салыстыруын қамтамасыз етеді.

ә) «Борт журналы» әдісі. Студенттер сабақ барысында арнайы кестені толтырады:

- Не білемін?
- Не білдім?
- Қандай сұрақтар туындады?

Бұл әдіс студенттің оқу процесін өздігінен бақылауына мүмкіндік береді және рефлексияға негіз дайындайды.

б) Fishbone (Фишбоун) диаграммасы. Бұл әдіс белгілі бір мәселенің себеп-салдар байланысын талдауға мүмкіндік береді. Диаграмма «балық қаңқасы» түрінде салынады:

«басты сүйек» – мәселе, «қабырғалар» – себептер мен дәлелдер. Мысалы, «Why students have difficulties with speaking English?» деген мәселені алып, студенттер топпен талқылап, грамматикалық қиындықтар, сөздік қордың жетіспеуі, ұялшақтық, практика аздығы сияқты себептерді жаза алады.



Сурет 3: Фишбоун әдісі [6]

в) Пиктограмма әдісі. Жаңа ұғымдарды немесе оқиғаларды сурет немесе белгі арқылы есте сақтауға көмектеседі. Әсіресе бастауыш және орта деңгейде тиімді.

«Рефлексия» кезеңінде қолданылатын әдістер

Сабақтың соңғы кезеңінде студенттер алған білімдерін қорытып, өз пікірлерін білдіреді, жаңа және бұрынғы білімді салыстырады.

а) Синквейн әдісі. Синквейн – бес жолды қысқа өлең түрінде жаңа ұғымды сипаттау.

Мысалы:

1- жол: Pollution
2- жол: Dangerous, global
3- жол: Affects, spreads, destroys
4- жол: Makes life more difficult
5- жол: Threat [4]

Бұл әдіс студенттердің сөздік қорын дамытып, ойларын жинақтап, тақырыпты қысқа әрі нақты түрде сипаттауға үйретеді.

ә) «Ладошки» әдісі. Студенттерге сабақта меңгерген дағдылар жазылған алақан бейнесіндегі қағаз беріледі. Олар меңгерген дағдыларына қарай саусақтарын бүгіп немесе жазып, өз жетістіктерін бағалайды.

б) Дискуссия және пікірталас. Сабақ соңында студенттерге проблемалық сұрақтар қойылып, топпен немесе жұппен пікірталас жүргізіледі. Бұл олардың логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, дәлелді пікір айтуын дамытады.

в) Кестелер мен концептуалды диаграммалар. Студенттер ақпаратты жүйелеп, салыстыру үшін кесте немесе диаграмма толтырады. Мысалы, үш түрлі мәдениеттің мерекелік дәстүрлерін салыстыру [5].

Сыни ойлауды дамыту технологиясының педагогикалық артықшылықтары

Сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің ағылшын тілі сабақтарындағы маңызы мен артықшылықтары мынадай:

- Студенттердің белсенді танымдық іс-әрекетін қамтамасыз етеді.
- Тілдік дағдыларды (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) кешенді дамытады.
- Шығармашылық қабілеттерді, логикалық және аналитикалық ойлауды жетілдіреді.
- Топтық жұмысты дамыта отырып, ынтымақтастыққа үйретеді.
- Оқуға деген қызығушылықты арттырады, өйткені сабақ процесі интерактивті және ойын элементтерімен жүреді.
- Студенттердің өз білімін өздігінен бағалау және жетілдіру дағдысын қалыптастырады.

Мұндай технологияларды жүйелі қолдану нәтижесінде студенттер тек тілдік материалды меңгеріп қана қоймай, өз пікірін еркін жеткізе алатын, ақпаратты талдап, салыстырып, жаңа жағдайларда қолдана білетін тұлғаға айналады.

Қорыта айтқанда, ағылшын тілі сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологияларын қолдану – қазіргі білім беру үдерісінің маңызды талабы. Үш кезеңді құрылым (қозғау – түсіну – рефлексия) мен әр түрлі әдіс-тәсілдер студенттердің белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Педагог үшін басты міндет – осы әдістерді сабақ мақсаты мен мазмұнына сай тиімді үйлестіре қолдану. Сонда ғана ағылшын тілі сабағы тек тіл үйрету құралы емес, тұлғаның зияткерлік және рухани дамуының алаңына айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мередит К., Темпл Ч., Стил Дж. *Развитие критического мышления через чтение и письмо*. – М., 1997.
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. *Жаңартылған білім беру бағдарламасы*. – Астана, 2016.
3. Anderson, L.W., Krathwohl, D.R. (Eds.). *A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom's Taxonomy of Educational Objectives*. – New York: Longman, 2001.
4. Paul, R., Elder, L. *Critical Thinking: Tools for Taking Charge of Your Learning and Your Life*. – Pearson, 2002.
5. Scrivener, J. *Learning Teaching*. – Macmillan Education, 2011.
6. Ядыкина Н.В., Использование технологии критического мышления на уроках английского языка. Электронды нұсқа. URL:// https://www.pedopyt.ru/categories/9/articles/3303 (Қаралған күні: 15.09.25)

ӘОЖ 811.1

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ: АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Уразова А.Д., 2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

***Резюме**. Данная работа посвящена исследованию методов, направленных на развитие правильного произношения студентов на занятиях английского языка. Правильное произношение является важнейшим аспектом успешного общения на иностранном языке и требует особого внимания в процессе обучения. В работе рассматриваются различные методы и подходы, такие как моделирование произношения, использование фонетических упражнений, метод "теневого повторения", использование аудиовизуальных материалов, а также обратная связь от преподавателя. Также выделены проблемы, с которыми сталкиваются студенты при обучении произношению, такие как языковой барьер и недостаток практики. В заключение даны рекомендации для преподавателей по эффективной организации обучения произношению.*

***Ключевые слова**: произношение, английский язык, методы обучения, фонетика, артикуляция, интонация, обратная связь, студенты, обучение.*

Шет тілдерін, әсіресе, ағылшын тілін үйрену тенденциясы бұрыннан басталып, осы күнге дейін күшін жоймды. Бұл құбылыс ағылшын тілінің қазіргі әлемдегі рөлі мен орнына байланысты: ағылшын тілді елдермен сауда-экономикалық қатынастардың дамуы, жаһандық интернет желісінің пайда болуы, сондай-ақ шетелге саяхаттау, жұмыс істеу және демалу мүмкіндіктерінің кеңеюі осы үрдіске ықпал етуде.

Тілді меңгеру алғашқы кезеңде дыбыстық, фонетикалық деңгейден басталатындықтан, айтылым дағдыларын қалыптастыру — бастапқы оқыту сатысының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Айтылым — бұл сөйлеушінің өзіндік «визит картасы». Өйткені адаммен қарым-қатынас кезінде ең алдымен назар аударатынымыз — оның сөйлеуінің тазалығы мен дұрыстығы. Бұл тек ағылшын тіліне ғана емес, өзге тілдерге де тән маңызды ерекшелік.

Айтылымға жеткілікті көңіл бөлінбеген жағдайда, білім алушылардың артикуляциялық аппараты дыбыстарды қате айтуға үйреніп кетеді, сөйлеу интонациясын дұрыс бере алмайды, ал кейін бұл қате дағдыларды түзету өте қиынға соғады. Мұндай жағдайда сөйлеу ағылшын тіліне тән емес естіледі. Сонымен қатар, дұрыс айтылым мағынаны дәл жеткізуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, ағылшын тіліндегі дауысты дыбыстардың ұзақ-қысқалығы мен дауыссыз дыбыстардың қатаң-ұяң айтылуы мағынаны өзгертеді: ship – sheep, send – sent, bed – bet және т.б [1].

Айтылымды оқыту — шет тілін меңгерудің барлық сөйлеу әрекеттерін, соның ішінде ауызша сөйлеу мен дауыстап оқуды игеру үшін міндетті болып табылатын бағдарламалық талап.

Шет тілін оқытудың алғашқы жылының бастапқы кезеңі — мұғалім үшін ең жауапты сәттердің бірі. Себебі дәл осы кезеңде оқытудың әрі қарайғы табыстылығының негізі қаланады.Ағылшын тілін меңгеруде дұрыс айтылым — сөйлеуді қабылдау мен түсінуге тікелей әсер ететін маңызды аспект болып табылады. Ағылшын тілін шет тілі ретінде үйреніп жүрген студенттер үшін дұрыс айтылым олардың сөйлеуінің ана тіл иелеріне түсінікті болуы мен нақты қарым-қатынаста тиімділігін қамтамасыз етеді. Ағылшын тілін меңгеру жаңа дыбыстарды, интонациялық құрылымдарды және айтылым әдеттерін игерумен байланысты. Бұл элементтер көбіне студенттің ана тіліндегі дыбыстық жүйемен сәйкес келмейді. Айтылымдағы қиындықтар жиі кездесетін түсініспеушіліктердің себебі болуы мүмкін, сондықтан шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінен бастап дұрыс дыбыстауды дамытуға бағытталған әдістерді қолдану өте маңызды.

Мақалада ағылшын тілін үйренуде айтылым дағдыларын күшейту жолдары, алда кездесетін қиындықтар көрсетілген. Сонымен қатар мақала соңында айтылым дағдыларын үйрету бойынша оқытушыларға рекомендациялар берілді.

Ағылшын тіліндегі айтылымның теориялық негіздері мен рөлі

Айтылым — ауызекі сөйлеудің ең маңызды аспектілерінің бірі. Ол дыбыстарды, интонацияны, екпінді және сөйлеу ырғағын қамтиды. Айтылымның негізгі құрамдас бөліктері — *фонетика мен интонация* — ағылшын тілінде тиімді қарым-қатынас жасау үшін айрықша рөл атқарады [2].

Ағылшын тілін меңгеру барысында студенттер дыбыстар жүйесіне ерекше назар аударуы қажет, себебі ағылшын тіліндегі кейбір дыбыстар қазақ тілінде кездеспейді. Мысалы, “think” сөзіндегі [θ] немесе “this” сөзіндегі [ð] дыбыстары қазақ тілінде жоқ, сондықтан қазақ тілді студенттер оларды айтуда қиындықтарға жиі ұшырайды [2, 4].

Айтылымда тек дыбыстарды дәл айту жеткіліксіз, сонымен қатар интонация мен сөйлеу ырғағын сақтау да қажет. Мысалы, сөзге дұрыс екпін қойылмауы оның мағынасының бұрмалануына және сөйлеушіні түсінбеуге әкелуі мүмкін. Осыған байланысты студенттер сөйлеудің табиғи әрі түсінікті болуы үшін тек жекелеген дыбыстарды ғана емес, сонымен қатар интонацияны, екпінді және сөйлеу ырғағын меңгеруі тиіс.

Ағылшын тілінде интонация мен екпін — сөйлеу мағынасын жеткізудегі маңызды құралдар. Ағылшын тілінің грамматикасында сұраулы, лепті және хабарлы сөйлемдерге тән белгілі бір интонациялық заңдылықтар бар. Бұл заңдылықтарды студенттер дұрыс меңгеруі тиіс. Себебі, интонациядағы қателіктер сөйлемнің мағынасын түсінуге кедергі келтіріп, сөйлеуді қабылдауды қиындатады.

Айтылымды оқыту — ұзақ әрі жүйелі түрде жүргізілетін процесс, оған тұрақты жаттығулар мен қателіктерді түзету жұмыстары кіреді. Сонымен қатар, айтылым — студенттің жеке тұлғасы мен тілдік деңгейін бағалауда маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сөздерді дұрыс және анық айтатын, сөйлемдерді сенімді және нақты жеткізетін студенттер тіл иелері мен басқа оқушылар арасында жоғары құрметке ие болады.

Дұрыс айтылымды дамытуға ықпал ететін әдістер

Студенттердің ағылшын тілінде дұрыс айтылым дағдысын дамытуына көмектесетін көптеген әдістер мен техникалар бар. Солардың бірі — ***«айтылымды модельдеу»*** *әдісі.* Бұл әдісте оқытушы сөзді немесе сөйлемді айтады, ал студент оны қайталайды. Бұл әдіс — оқытудың ең бастапқы кезеңдерінде қолданылатын негізгі тәсілдердің бірі. Мұғалім артикуляцияны, интонацияны және екпінді дұрыс көрсетуі тиіс, сонда студент осы элементтерді дәл қайталай алады [3].

Айтылымды модельдеу әдісі (моделирование произношения) — шет тілін оқытуда дыбыстарды, екпінді, ырғақты және интонацияны дұрыс қалыптастыруға бағытталған тиімді тәсілдердің бірі. Бұл әдісте білім алушылар нақты үлгіні тыңдап,

соны қайталау арқылы дұрыс артикуляцияны меңгереді. Төменде айтылымды модельдеу әдісін қолдануға арналған бірнеше нақты мысалдар келтірілген:

1. *Дыбыстық модельдеу (Sound modeling)*

Мақсаты: Жеке дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

Мысал: Мұғалім [θ] және [ð] дыбыстарын (мысалы think, this) нақты артикуляциялық нұсқаумен көрсетеді. Білім алушылар айна арқылы өз артикуляциясын бақылап, үлгіні бірнеше рет қайталайды. Тыңдалым мен қайталау жаттығулары арқылы дыбыстарды дұрыс айту дағдысы қалыптасады.

2. *Буындық және сөздік деңгейде модельдеу*

Мақсаты: Дыбыстарды сөз ішінде дұрыс айтуға және екпінді дұрыс қоюға үйрету. Мысал: Мұғалім қиын сөздерді буындарға бөліп, әр буынды дұрыс екпінмен айтып береді: pho-to-graph / pho-to-gra-phy / pho-to-gra-phic

Білім алушылар мұғалімнің үлгісін тыңдап, әр буынды және толық сөзді бірнеше рет дауыстап қайталайды. Буындық ырғақ пен екпін бекітіледі.

3. *Сөйлемдік және интонациялық модельдеу*

Мақсаты: Сөйлемнің жалпы әуезін, екпінін және интонациялық өрнегін меңгеру. Мысал: Мұғалім сөйлемді табиғи қарқынмен оқиды:

Would you like some tea? (сұраулы интонация)

Білім алушылар алдымен хормен, кейін жеке-жеке қайталайды. Интонациялық сызбалар немесе диаграммалар (↑↓) арқылы сөйлем ырғағы мен екпіні көрсетіледі.

4. Диалогтарды модельдеу

Мақсаты: Нақты коммуникативтік жағдаяттағы айтылымды жаттықтыру.

Мысал: Мұғалім/аудиожазба дайын диалогты оқиды (мысалы, әуежайда сөйлесу).

Білім алушылар диалогты тыңдап, рөлдерге бөлініп, дәл сол интонациямен қайталайды. Қайталау барысында қарқын, екпін, дауыс биіктігіне назар аударылады.

«Көлеңкелі қайталау» әдісі (shadowing) — айтылым дағдыларын жетілдірудің өте тиімді заманауи тәсілдерінің бірі. Бұл әдісте білім алушылар аудиомәтінді тыңдап отырып, сөйлеушінің артынан дерлік бір уақытта (0,5–1 секунд кідіріс арқылы) қайталайды. Мұндай тәсіл тыңдалым, айтылым, екпін, интонация және сөйлеу қарқынын табиғи деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді. Төменде көлеңкелі қайталау әдісін қолдануға арналған нақты мысалдар берілген:

1. Қысқа сөйлемдермен жұмыс (бастапқы деңгей)

Мақсаты: Дыбыстау мен интонацияны қалыптастыру.

Мысал:

- Мұғалім немесе аудиожазба сөйлемді айтады:

Good morning. How are you today?

- Білім алушылар сөйлемді тыңдап, бірден сөйлеушінің артынан 0,5 секундтай кідіріп қайталайды.
- Бірнеше рет қайталанып, қарқын біртіндеп жылдамдатылады.

Кеңес: алғашқыда сөйлемдерді баяу қарқынмен таңдап, дикция мен екпінге назар аударған жөн.

2. Диалогтарды көлеңкелі қайталау (орта деңгей)

Мақсаты: Табиғи қарқын мен сөйлесу ырғағын меңгеру.

Мысал:

- Аудиожазбада екі адамның сөйлесуі беріледі (мысалы, әуежайда билеттер туралы сұхбат).
- Білім алушылар диалогты тыңдап отырып, әр сөйлеушінің репликасын кідіріссіз қайталайды.
- Рөлдер ауыстырылып, бірнеше рет жаттығу жүргізіледі.

Бұл тәсіл шынайы қарым-қатынаста жылдам реакция мен табиғи сөйлеу дағдысын дамытады.

3. Мәтінді көлеңкелі қайталау (жоғары деңгей)

Мақсаты: Ұзақ мәтіндерді тыңдау және бір уақытта сөйлеу арқылы тыңдалым мен айтылымды қатар дамыту. Мысал:

- Аудио ретінде жаңалықтар мәтіні, подкаст үзіндісі немесе әңгіме қолданылады.
- Білім алушылар құлаққап арқылы тыңдап, диктордың артынан бір уақытта сөйлеуге тырысады.
- Содан кейін мәтінді жазбаша қарап, қиын бөліктер талданады және қайта қайталанады.

Бұл жаттығу сөйлеу ырғағын, қарқынын және сөз тіркестерін автоматтандыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, ***аудио-визуалды материалдарды*** қолдану да маңызды құрал болып табылады. Бұл — бейнематериалдар, фильмдер мен онлайн-курстар, олардың көмегімен студенттер тіл иелерінің айтылымын тыңдап, дыбыстардың қалай шығарылатынын көре алады:

Бейнематериалмен жұмыс (визуалды көлеңкелі қайталау)

Мақсаты: Интонациямен қатар артикуляцияны да меңгеру.

Мысал:

- Білім алушылар қысқа бейнефрагментті (мысалы, фильм немесе TED Talk үзіндісі) көреді.
- Содан кейін бейнені қосып қойып, спикермен бірге бір уақытта сөйлейді, ерін мен дауыс қимылын қайталайды.
- Артынан бейне тоқтатылып, білім алушы рөлді өздігінен дауыстап айтады.

Бұл тәсіл актерлік дикция, табиғи сөйлеу мәнері мен эмоциялық бояуды дамытуға өте пайдалы. Мұндай материалдар студентке сөздерді дұрыс айтуға, сондай-ақ тыңдап түсіну қабілетін дамытуға көмектеседі. Оқу материалдары әртүрлі болуы және студенттің деңгейіне сай іріктелуі қажет. Айтылымды оқшау күйінде ғана емес, нақты тілдік контексте үйрену — анағұрлым нәтижелі.

Оқытушының кері байланысы да – айтылымды меңгерудегі маңызды элементтердің бірі. Айтылымдағы қателіктер дер кезінде түзетіліп, оқытушы студентке қай жерде қате жібергенін және сөзді немесе сөйлемді қалай дұрыс айту керек екенін нақты түсіндіруі тиіс. Көп жағдайда студенттер қателіктерді немқұрайлықтан немесе өз тіліндегі әдеттегі акцентпен сөйлеуден жасайды. Мұндай жағдайларда оқытушы қателікті түзету жолдарын нақты ұсынып, дұрыс дыбыстауға бағыт көрсетуі қажет.

Студенттердің айтылымды үйрену барысында кездесетін қиындықтар

Ағылшын тілін үйреніп жүрген студенттер айтылымға байланысты көптеген мәселелерге тап болады. Ең кең таралған қиындықтардың бірі — тілдік кедергі, яғни студенттің ана тілі мен ағылшын тілі арасындағы фонетикалық айырмашылықтар. Мысалы, қазақ тілінде [θ] және [ð] дыбыстары жоқ, бұл студенттердің оларды дұрыс айтуда қиындықтарға ұшырауына себеп болады. Көп жағдайда олар бұл дыбыстарды [т] немесе [д] түрінде айтады, бұл айтылым қателіктеріне әкеледі. Мұғалім осындай нақты қиындықтарға назар аударып, оларды жеңуге арналған арнайы жаттығулар ұсынуы қажет [5, 6].

Сонымен қатар, көптеген студенттер дұрыс айтпаудан қорқу салдарынан өзіне сенімсіз болады. Айтылымына сенімді болмаған студент сөзді дұрыс айта алмай қалам ба деп, сөйлеуден қашқақтайды. Бұл жағдай олардың мотивациясын төмендетіп, жаттығу жасау мүмкіндігін азайтады. Мұндай проблема мәдени кедергілермен немесе ұяттану, күлкіге қалудан қорқу сезімдерімен байланысты болуы мүмкін. Осы себепті, сабақта қолдаушы, қауіпсіз атмосфера құрып, қателіктерді оқытудың бір бөлігі ретінде қабылдауға үйрету қажет.

Бұған қоса, кейбір студенттерде айту тәжірибесі жетіспейді. Бұл әсіресе ағылшын тілі күнделікті қолданылмайтын елдерде оқитын студенттерге тән. Олар шынайы тілдік ортада жиі бола алмайды, сондықтан тіл иелерінің сөйлеуін тыңдау және қайталау мүмкіндігі шектеулі. Бұл мәселені шешу үшін мұғалімдер қосымша материалдар —

фильмдер, радиобағдарламалар және басқа да тыңдалым құралдарын пайдалана отырып, студенттерді тілдік ортаға жақындатуы қажет.

Оқытушыларға арналған ұсыныстар

Айтылымды тиімді оқыту үшін мұғалім әр студенттің жеке ерекшеліктерін, деңгейін, қажеттілігін ескеріп, оқыту әдістерін соған сәйкес бейімдеуі тиіс. Студенттердің қызығушылығын арттыру және айтылым дағдыларын дамыту үшін оқыту әдістерінің әртүрлілігін қамтамасыз ету маңызды. Сабақта материалды бекіту үшін қайталануларды жиі қолдану, сөйлеу автоматизмін қалыптастыруға көмектеседі.

Студенттер тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да белсенді түрде жаттығуы керек. Ол үшін тіл үйренуге арналған мобильді қосымшалар мен интернет- ресурстарды тиімді пайдалануға болады.

Мұғалімдер сабақтағы психологиялық ахуалға да ерекше көңіл бөлуі тиіс. Оқу барысында студент қателесуден қорықпауы, сөйлеуге еркін қатыса алуы қажет. Мұғалім студенттің прогресін мадақтап, қателіктерін жұмсақ түрде түзетуі, қалай дұрыс айту керектігін нақты көрсетуі тиіс. Сонымен қатар, аудио-визуалды материалдарды қолдану дұрыс интонация мен айтылымды көрсету үшін өте тиімді әдіс болып табылады.

Қорыта айтқанда, ағылшын тіліндегі дұрыс айтылымды үйрету — өте күрделі міндет. Дұрыс қалыптасқан айтылымсыз тілдің коммуникативтік функциясын толыққанды жүзеге

асыру мүмкін емес. Қазіргі заманда шет тілдерін білу тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, жеке даму тұрғысынан да үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Мысалы, ағылшын тілінде еркін сөйлей алу адамға дүниенің кез келген нүктесіне сапар шегуге және тілдік кедергіден қорықпауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жаңа әрі қызықты таныстықтар орнатып, мәдени өрісті кеңейтуге және әлемнің түкпір- түкпіріндегі достық байланыстарды нығайтуға жағдай жасайды.

Мұның бәріне ағылшын тілінің дұрыс айтылымын жүйелі түрде меңгеру және қойылған мақсатқа жетудегі жеке табандылық арқылы қол жеткізуге болады. Ағылшын тілін үйренуде оқушыға айтылым дағдыларын дұрыстап үйрену маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Сол себепті берілген мақалада көрсетілген әдіс тәсілдерді пайдалану, оқытушыларға арналған ұсыныстар мен нұсқаулықтарға мән беру маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бахтина, М. М. Теория и практика преподавания иностранного языка / М. М. Бахтина.

— Москва: Наука, 2000.

2. Хейкель, М. Л. Фонетика английского языка / М. Л. Хейкель. — Москва: Высшая школа, 2001.

3. Ривз, Л. Преподавание произношения: методика и практика / Л. Ривз. — Лондон: Cambridge University Press, 2010.

4. Baker, A., & Murphy, J. (2011). *Ship or Sheep? An Intermediate Pronunciation Course*. Cambridge University Press.

5. Ur, P. (2012). *A Course in Language Teaching: Practice and Theory*. Cambridge University Press.

6. Билишова О., Атаджанова Дж методы, направленные на развитие правильного произношения студентов на занятиях английского языка // Символ науки. 2024. №12-1-3. URL:https://cyberleninka.ru/article/n/metody-napravlennye-na-razvitie-pravilnogo- proiznosheniya-studentov-na-zanyatiyah-angliyskogo-yazyka (Қаралған күні: 30.09.2025).

ӘОЖ 372.881.111.1

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Қайырбай А.Ж., 2 курс магистранты

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Резюме. *Статья посвящена оценке перспектив использования искусственного интеллекта в педагогической практике, в том числе в ходе обучения иностранным языкам. Достоинства и недостатки машинного перевода, систем и алгоритмов для самообучения и распознания речи, дистанционного обучения с использованием компьютерных технологий и других помощников от искусственного интеллекта давно обсуждаются в педагогической среде. Сделана попытка проанализировать преимущества и недостатки внедрения искусственного интеллекта в образовательный процесс.*

Ключевые слова*: искусственный интеллект, обучение иностранным языкам, преимущества, недостатки, компьютерная программа.*

Өркениеттің дамуы адам өмірінің бірде-бір аспектісін айналып өтпейді. Біз жасанды интеллектуалды жүйелер үлкен рөл атқаратын цифрлық дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Соңғы уақытқа дейін олар адамды физикалық еңбектен босатты, бірақ кезек пен ақыл-ой қызметі

келді. Жоғары білім, оның ішінде шет тілдерін оқыту да назардан тыс қалған жоқ. Жасанды интеллект элементтеріне жүгінуді қамтитын және үлкен ғылыми-практикалық қызығушылық тудыратын шет тілдерін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану қазіргі лингводидактиканың жарқын сипаттамаларының бірі болып табылады. Педагогикалық практикада осы элементтерді қолдану перспективаларын бағалау үшін оларды білім беру процесіне енгізуді зерделеу, жаңа педагогикалық және ақпараттық-техникалық шешімдерді анықтау, олардың жоғары білімнің федералды білім беру стандарттарында қарастырылған құзыреттіліктерді қалыптастыру тиімділігіне әсерін талдау, артықшылықтар мен кемшіліктерді анықтау және соңғысын азайтуға тырысу қажет.

Жасанды интеллект туралы түсіндірме сөздікте бұл ұғымға келесі анықтама берілген: "интеллектуалды жүйелердің дәстүрлі түрде адамның құзыреті болып саналатын шығармашылық функцияларды орындау қасиеті" [1]. Сондай-ақ, Джон Маккартидің пікірінше, бұл "интеллектуалды машиналарды, әсіресе интеллектуалды компьютерлік бағдарламаларды құрудың ғылымы мен технологиясы" [2, б.2]. Осылайша, жасанды интеллекттің басты міндеті - адамның интеллектінің қалай жұмыс істейтінін түсіну және оны модельдеу деп қорытынды жасауға болады.

Мақалада жасанды интеллектті шет тілін үйренуде қолдану және оның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айтылады. Жасанды интеллект қзіргі заманда кеңінен қолданылып, әрбір тұрғыда адамның жұмысын жеңілдетуде. Сол секілді, шет тілін үйренуде көптеген жеңлдіктер алып келеді.

Шет тілін үйренуге бос уақыт келді деп елестетіп көріңіз. Оқулықта сіз барлық жаттығуларды орындадыңыз және Интернетке жаңа тапсырмалар үшін барасыз. Дұрысын табу үшін әр түрлі сайттарды қарау керек: біреуінде жаттығулар тым күрделі болып көрінеді, екіншісінде жауаптар жоқ, үшіншісінде жарнама кедергі келтіреді. Нәтижесінде барлық бос уақыт тапсырмалары бар сайтты іздеуге кетеді.

Мәселені нейрондық желілер шешеді-олар тек сұрау жіберуі керек және сізге сәйкес жаттығулар, мәтіндер, Диалогтар және т.б. жасайды. Біз мақалада нейрондық желілердің артықшылықтары мен оларды қалай пайдалану керектігі туралы көбірек

айттық. Соңында олар шетелдік жаттығуларға арналған AI бағдарламаларымен таңдау жасады.

Нейрожелілер арқылы шет тілдерін оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Алдымен шет тілдерін үйренуде нейрожелілер қандай артықшылықтар беретінін қарастырайық:

- *Бейімделетін оқыту.* Нейрожеліге өзіңіздің тіл меңгеру деңгейіңізді, қызығушылықтарыңызды, грамматикадағы әлсіз тұстарыңызды көрсетуге болады, ал жасанды интеллект дәл сіздің қажеттіліктеріңізге сай тапсырмалар құрастырады.
- *Шексіз тәжірибе.* Нейрожелі шексіз көлемде жаттығулар, мәтіндер, ауызекі диалогтар құра алады. Осылайша, күрделі тақырыптарды толық меңгергенге дейін қайта-қайта жаттығуға мүмкіндік бар.
- *Кез келген уақытта оқу мүмкіндігі.* Нейрожелілерге компьютерден де, телефоннан да қол жеткізуге болады, сондықтан бос сәттерде — дәрігердің кезегінде, метро ішінде, түскі аста немесе ұйықтар алдында — шет тілін оңай жаттықтыруға болады.
- *Ауызекі сөйлеуді жетілдіру.* Жасанды интеллектпен сөйлесу арқылы сөйлеу дағдыларын дамытуға болады. Практиканы бастау үшін нейрожеліге өзіңіздің ағылшын тілі деңгейіңізді және әңгіме тақырыбын айтып берсеңіз жеткілікті.
- *Тар маманданған тақырыптарда жаттығу мүмкіндігі.* Мысалы, термиялық талдау саласындағы инженер шетелге өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге барады делік және осы тақырыпқа қатысты терминологияны меңгеруі керек. Ол қажет білімі бар репетиторларды таба алмады, ал интернеттен тек сөздік қана табылды, оны өздігінен зерттеуге тура келеді. Мұндай жағдайда нейрожелілер көмектесе алады: олар термиялық талдау саласына қатысты жиі қолданылатын сөздер тізімін жасап, лексиканы жаттықтыруға арналған мәтіндер мен жаттығулар

құрастырады.

- *Жылдам кері байланыс.* Мысалы, сізге бір сөздің мағынасын шұғыл білу, жазылуын тексеру немесе күрделі мәтінді аудару қажет болды делік. Нейрожелі бірнеше секунд ішінде кез келген сұраққа жауап береді. Ал егер бір нәрсе түсініксіз болып қалса, сұрақ қойып, әңгімені жалғастыруға болады [3].

Алайда жасанды интеллекттің кемшіліктері де бар:

- *Тірі адаммен қарым-қатынасты алмастыра алмайды.* Көп жағдайда ИИ адам деңгейіне бейімделіп, бірдей сөздер мен сөз тіркестерін қайталай береді, бұл коммуникацияның тиімділігін төмендетеді. Сонымен қатар, нейрожелілер сөйлесу барысында тірі интонацияны жеткізе алмайды және мәдени ерекшеліктерді жиі түсінбейді. ИИ-мен жаттығуға болады, бірақ терең әрі шынайы қарым-қатынас күтудің қажеті жоқ.
- *Қателік жіберуі мүмкін.* Кейде қолданушылар нейрожелілерден қате табады: сөзді қате қолдану, ережені дұрыс түсіндірмеу, грамматикалық жағынан бұрыс сөйлемдер құрастыру және т.б. Көп жағдайда жасанды интеллект дұрыс жазады, бірақ қателіктер болатынын есте ұстаған жөн.
- *Дыбыстауды жақсартуға көмектесе алмайды.* Нейрожелі мәтінді дауыстап оқып бере алады, оны тыңдап, қайталап айтуға болады. Алайда жасанды интеллект сіздің қалай айтып жатқаныңызды бағалай алмайды — бұл үшін адам қажет [3].

Нейрожелілер — шет тілін үйренуде тамаша көмекші. Олар кез келген уақытта күрделі тақырыпты түсіндіріп, түсініксіз сөзді ашып бере алады немесе әңгімелесуге дайын. Егер сіз шет тілін жақсы меңгерген болсаңыз — ИИ білім деңгейін сақтауға көмектеседі. Ал егер үйренуді енді бастаған болсаңыз — жасанды интеллектті мұғаліммен оқумен бірге қолданған дұрыс. Бұл жағдайда оқу толыққанды болады:

мұғалім оқыту бағытын анықтайды, кері байланыс береді, дұрыс дыбыстауға үйретеді, ал нейрожелілер күрделі тақырыптарды пысықтауға көмектеседі.

Шет тілін үйренуде нейрожелілерді қолдану тәсілдері.

Шет тілдерін меңгеру қазіргі заманғы нейрондық желілер мен жасанды интеллект мүмкіндіктері кіріктірілген қосымшалардың арқасында едәуір оңайлады. Нейрондық желілерді шет тілін үйрену процесінде қолдану тілдік дағдылардың игерілуіне нақты ықпал етуі мүмкін. Енді бес нейросетіні қарастырайық.

1. Perplexity

Perplexity AI — шет тілін үйрену процесін айтарлықтай жеңілдететін қуатты құрал. Ол пайдаланушыларға сұрақтарға дәл жауаптар алуға, қажетті материалдарды табуға және тәжірибе үшін контент өндіруге мүмкіндік береді. Төменде Perplexity-ті тілдерді үйренуде тиімді қолданудың бірнеше жолы берілген.

Perplexity-ті грамматикалық және лексикалық жаттығулар құру үшін пайдалануға болады, әсіресе сізге қиындық тудыратын тақырыптар бойынша. Мысалы, одан испан тіліндегі өткен шақтарды қолдануға арналған тапсырмалар немесе ағылшын тіліндегі фразальдық етістіктер (phrasal verbs) бойынша жаттығулар дайындауын сұрауға болады. Нейрондық желі сіздің жауаптарыңызды тексеріп, әр жағдайды егжей-тегжейлі түсіндіріп, ұсыныстар бере алады.

Perplexity берілген тақырыптар бойынша мәтіндік материалдар жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Саяхаттар» немесе «Ағылшын тілді елдердегі мерекелер» сияқты нақты тақырыпқа мәтін сұрасаңыз, оқу үшін сапалы контент алуға болады. Шотландияның дәстүрлі мерекесі туралы ағылшын тіліндегі мәтінді сұрау оқу дағдыларын жақсартуға және сөздік қорды кеңейтуге көмектеседі. Неміс мәдениетіне арналған неміс тіліндегі мақала тауып, Perplexity-ден мәтіннің негізгі идеяларын тұжырымдауды сұрау сын тұрғысынан ойлау және аналитикалық қабілеттерді дамытуға жәрдемдеседі. Сонымен қатар, өз идеяларыңызды Perplexity-пен талқылап, мәтінді түсіну деңгейін тексеруге арналған 10 сұрақ пен олардың жауаптарын жасауын сұрап, өз біліміңізді бағалай аласыз.

2. Pimsleur

Pimsleur — бұл дауысты тану технологиясын пайдалана отырып, шет тілдерін үйретуге арналған аудио сабақтар ұсынатын платформа. Әр сабақ ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытуға

бағытталған. Платформаның басты артықшылықтарының бірі — оны жолда келе жатып немесе басқа іспен айналысып жүрген кезде де қолдануға болатындығы. Аудио форматтағы сабақтар күрделі грамматикалық құрылымдарды практикалық мысалдар арқылы меңгеруге мүмкіндік береді. Дауысты тану технологиясы дұрыс айтылымды жетілдіруге көмектеседі. Алайда, бұл платформаның кемшіліктерінің бірі — оқыту үдерісінің тек тыңдалым дағдыларын дамытуға шоғырлануы [4].



Сурет 1: Pimsleur нейрожелісі сайтынан алынған [4] Talkpal

Talkpal — шет тілдерін үйренуді жеңіл әрі қызықты ететін нейрондық желі. Ол жекелендірілген сабақтар ұсынып, жасанды интеллектпен жүргізілетін диалогтар арқылы ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Talkpal оқыту процесін пайдаланушының тіл меңгеру деңгейіне бейімдейді және айтылым мен грамматика бойынша кері байланыс береді. Оның сөзсіз артықшылықтарының бірі — 57-ден астам тілді қолдауы. Пайдаланушылар әртүрлі тақырыптар бойынша диалог жүргізе алады.

3. Memrise

Memrise жасанды интеллект технологиясын қолдану арқылы оқыту процесін жекелендіріп, ойын элементтері енгізілген интерактивті сабақтар ұсынады. Бұл нейрондық желінің бірқатар маңызды артықшылықтарын атап өтуге болады:

- ***Оқытуды геймификациялау*** – үйрену процесіне ойын элементтерін енгізу арқылы тілді қызықты әрі белсенді түрде меңгеруге жағдай жасайды.
- ***Көрнекі және аудиоматериалдар*** – тілді тасымалдаушылардың қатысуымен дайындалған бейне және аудиожазбаларды пайдалану арқылы тыңдалым мен айтылым дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.
- ***Күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер мен тіркестерді ұсыну*** – бұл тілдік қорды нақты коммуникативтік жағдаяттарға жақындата түседі.
- ***Адаптивті жаттығулар*** – алгоритмдер әрбір пайдаланушының деңгейіне бейімделіп, жеке оқу траекториясын қалыптастырады [5].

Сурет 2: Memrise нейрожелісі сайтынан алынған [5]

4. Chat GPT.

Алдымен ChatGPTден бізге оқу жоспарын құрып беруін сұраймыз:

Егер шет тілін қай жерден бастау немесе жалғастыру керектігін білмесеңіз — нейрожеліге жүгініңіз. Жасанды интеллект сізге сәйкес келетін оқу бағдарламасын құрастыруы үшін мына мәліметтерді көрсетіңіз:

- Қай тілді үйренгіңіз келеді;
- Тілді меңгеру деңгейіңіз;
- Масаттарыңыз: мысалы, еркін сөйлесу немесе емтиханға дайындалу;
- Оқу мерзімі (қанша уақыт бөлуді жоспарлап отырсыз);
- Оқытуға деген қалауыңыз: мысалы, сөйлесу арқылы үйрену, практикалық тапсырмалар арқылы, т.б.

Мысал ретінде осындай сұрау жазуға болады:

«Бастапқы деңгей үшін ағылшын тілін үйренуге арналған оқу жоспарын құрастыр. Мен еркін сөйлегім келеді және 3 ай бойы оқуды жоспарлап отырмын. Маған ауызекі сөйлеу практикасы, практикалық тапсырмалар мен мәтіндерді аудару ұнайды». Сұранысты ChatGPT-ке жіберіп, дайын оқу жоспарын аламыз.



Память обновлена

Вот план обучения английскому языку для начинающего на 3 месяца с акцентом на разговорные практики, практические задания и переводы текстов.

1. Первый месяц: Базовые навыки и основная грамматика

- **Грамматика:** Алфавит, произношение, Present Simple (простое настоящее время).
- **Лексика:** Основные фразы для приветствий, знакомства, повседневных действий (время суток, числа, дни недели).
- **Практические задания:** Написание простых предложений о повседневных действиях (например, "I get up at 7 am. I go to work.").
- **Переводы:** Перевод коротких текстов (например, инструкции, меню, простые диалоги).
- **Разговорная практика:** Введение себя, рассказ о семье, распорядок дня, простые вопросы-ответы (например, "What is your name?", "Where are you from?").

2. Второй месяц: Расширение лексики и основы диалога

- **Грамматика:** Present Continuous (длительное настоящее), Past Simple (простое прошедшее время).
- **Лексика:** Описание повседневной жизни (дом, семья, работа), покупки, еда.
- **Практические задания:** Описание своего дня, составление коротких историй о прошедших событиях.
- **Переводы:** Перевод простых новостных статей или описаний повседневных ситуаций (например, как прошел день, описание выходного).
- **Разговорная практика:** Описание прошедших событий (что делал вчера), диалоги на тему походов в магазин, заказы в кафе.

Сурет 3: ChatGPT жасанды интеллект сайтынан алынған [6]

Жасанды интеллект ұсынған оқу жоспары бойынша оқуды бастау үшін интернеттен немесе оқулықтардан материал іздеудің қажеті жоқ. Бұл тапсырманы да нейрожеліге тапсыруға болады. Мысалы, біз мынадай сұраныс жібердік: «Бірінші айға арналған теория мен тапсырмаларды жаз. Ыңғайлы болу үшін теория мен тапсырмаларды апталарға бөліп көрсет».

Нейрожелі келесі түрде жоспар жасап береді: әр аптаға грамматикалық ережелер, жаңа сөздер, сөйлеу және жазу жаттығулары, сондай-ақ қысқа мәтіндер мен диалогтар кіреді. Осылайша, бүкіл оқу процесін бір жерден ұйымдастыруға болады.

Теория:

- **Личные местоимения**: I, You, He, She, It, We, They.
- **Глагол "to be"**: am, is, are.
- **Present Simple (простое настоящее время)**: Используется для описания регулярных действий.
  - Структура: Подлежащее + глагол (например, "I work every day.", "He likes coffee.").
  - Вопросы: Do/Does (например, "Do you like pizza?", "Does she play tennis?").
  - Отрицание: do not / does not (например, "I do not like coffee.", "She does not read books.").

Задания:

1. **Упражнения на местоимения**: Заполни пропуски в предложениях местоимениями.
   - "___ am a student." (I)
   - "___ is my friend." (She)
2. **Составление предложений в Present Simple**: Напиши 5 предложений о своём распорядке дня (например, "I get up at 7 am. I go to work.").
3. **Создание вопросов и отрицаний**: Преобразуй следующие предложения в вопросы и отрицательные предложения.
   - "He plays football." → "Does he play football?" / "He does not play football."
4. **Перевод**: Переведи текст:
   - "I wake up at 7 am. I go to work every day. My friend likes coffee. We walk in the park on Sundays."

Сурет 4: ChatGPT жасанды интеллект сайтынан алынған [6]

Осы секілді жасанды интеллекттен кез келген сұрақ қою арқылы шет тілін меңгеруге немесе деңгейіңізді арттыруға болады. Мысал ретінде, ағылшын тілінің грамматыкасын күшейткім келеді, ағылшын тілінде сөздік қорымды құшйту қажет немесе нақты бір сала боыншы сөздік қорымды күшейту, жазу дағдыларын, сөйлесу дағдыларын арттыру секілд сұраныстар жіберуге болады.

Қорыта айтқанда, нейрожелілер шет тілін үйренуде тамаша көмекші бола алады. Олар оқу процесін қызықты етеді, грамматиканы түсінуге, жаңа сөздерді үйренуге, сөйлемдер құрауға және сөйлей бастауға көмектеседі. Жасанды интеллектті кез келген мақсат пен тіл деңгейіне бейімдеуге болады.

Алайда егер сіз оқуды енді ғана бастап жатсаңыз, оны тірі адаммен — репетитормен, курстағы мұғаліммен немесе шет тілін жақсы меңгерген досыңызбен біріктіре оқыған жөн. Мұғалім сіздің даму бағытыңызды анықтап береді, әйтпесе нейрожелілер мен олардың мүмкіндіктерінің көптігінен адасып қалуға болады. Сонымен қатар, мұғалім сіздің әлсіз тұстарыңызды көрсетеді, ал нейрожелілер сол тұстарды пысықтауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аверкин, А.Н. Толковый словарь по искусственному интеллекту / А.Н. Аверкин, М.Г. Гаазе-Рапопорт, Д.А. Поспелов. М. : Радио и связь, 1992. 256 с.
2. Губина, Т.Н. Тенденции применения образовательных веб-сервисов учителем математики в общеобразовательноий школе / Т.Н. Губина, Е.В. Зубарева // Информатика и образование. 2015. № 9 (268). С. 59-61.
3. Кравец А. Как с помощью нейросетей выучить иностранный язык Рассказываем о плюсах и минусах, делимся промптами и подборкой ИИ-программ. URL: //https://www.unisender.com/ru/blog/nejroseti-dlya-izucheniya-yazykov/ (Қаралған күні: 25.09.25)
4. Pimsleur жасанды интеллект желісі. URL://https://www.pimsleur.com/?srsltid=AfmBOooWt6ANK1ClUfmf4IHSYdJ4HRr_uhdUa_XuC7kg0ZiNZr1IeRWJ (Қаралған күні: 10.10.25)
5. Memrise жасанды интеллект желісі. URL:// https://www.memrise.com/ru/ (Қаралған күні: 10.10.25)

6. ChatGPT жасанды интеллект желісі. URL: // https://chatgpt.com/c/68073819-6290-800a-94e0-f37b08510e46 (Қаралған күні: 25.09.25)

ӘОЖ 371.3

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Қалаушан Д.Т.,
2 курс магистранты. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Резюме.*В данной статье анализируются инновационные методы и подходы, используемые при обучении иностранным языкам, а также их роль и эффективность в образовательном процессе. Автор рассматривает новые направления, отвечающие современным образовательным потребностям, подчеркивая ограниченность традиционных методов обучения. Предлагаются пути повышения познавательной активности и творческих способностей учащихся через внедрение информационных технологий, коммуникативных и межкультурных подходов в учебный процесс.*

Ключевые слова: *инновационный метод, метод, обучение иностранным языкам, английский язык*

Қазіргі қоғамда шет тілдері кәсіби дайындықтың маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Әртүрлі саладағы мамандар шет тілін жоғары деңгейде меңгеруге мүдделі, себебі бұл кәсіби мәселелерді тиімді шешуге және мансаптық өсуге тікелей әсер етеді. Көптеген салаларда шетелдік әріптестермен байланыс орнату қажеттілігі туындауда.

Мектеп шет тілін жоғары оқу орындарында, тілдік курстарда немесе өз бетінше үйренуге қажетті базалық білімді беруі тиіс. Бүгінде әртүрлі деңгейдегі тіл меңгерушілерге арналған оқу материалдарының кең таңдауы бар.

Бұл мақсатқа қол жеткізудің табысы қолданылатын әдістер мен мұғалімнің кәсіби біліктілігіне байланысты. Ақпараттық технологиялар мен заманауи оқыту әдістерін пайдалану жаңа материалды тез түсінуге ықпал етеді. Әртүрлі әдістерді үйлестіре отырып, мұғалім нақты білім беру бағдарламаларын тиімді жүзеге асыра алады [2,3].

Осыған байланысты, мұғалімдер мен оқушылар шет тілін оқытудың заманауи әдістерімен таныс болуы керек. Бұл оларға өз мақсаттарына жету үшін ең тиімді тәсілдерді таңдауға мүмкіндік береді.

Шет тілін оқытудың заманауи әдістері мен тәсілдері

Ұлттық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына сәйкес, «әдіс» ұғымының екі негізгі мағынасы бар:

- Мақсатқа жетудің белгілі бір жолы, нәтижеге қол жеткізудің құралы.
- Оқытудың толыққанды әдістемелік жүйесі мен ғылыми дамудың әртүрлі кезеңдерінде басымдыққа ие болған негізгі бағыты.

Қазіргі кезеңде шет тілдерін оқыту әдістерін мұқият іріктеу өзекті мәселеге айналып отыр. Бүгінде ерекше назар заманауи ақпараттық технологияларға және нақты тенденцияларға аударылуда. Әртүрлі салаларда мамандарды даярлау барысында ең тиімді әдістерді, тәсілдер мен құралдарды таңдау қажеттілігі туындауда.

Ғалымдардың пікірінше, ең маңызды мақсат — студенттің «екінші тілдік тұлғасын» қалыптастыру. Яғни, студент шет тілін түбегейлі жаңа деңгейде меңгеруі тиіс. Ол үшін шет тілін ана тілінен ажырату маңызды, өйткені бұл тілдік қабылдаудағы қателіктердің алдын алады.

Инновациялық әдістерді таңдау кезінде келесі критерийлер ескеріледі:

- Студентке ыңғайлы және қолайлы орта қалыптастыру, жаңа тілді үйренуге деген табиғи қызығушылық пен ынтаны ынталандыру.
- Білім беру процесіне эмоциялар, сезімдер мен тәжірибені тарту арқылы ауызша, жазбаша және шығармашылық қабілеттерді дамыту.
- Білім беру барысында когнитивтік (танымдық) тәсілді қолдану.
- Студенттің эмоционалды және физикалық мүмкіндіктеріне сай өз бетінше тілмен жұмыс жасауына мүмкіндік беру [4].

Бұл мақсаттарға әртүрлі жұмыс түрлерін қолдану арқылы жетуге болады. Практикалық тәжірибе көрсеткендей, шет тілін меңгерудің сапасы студенттің тұлғасы мен қызығушылықтарына тікелей байланысты. Сондықтан оқытуда әртүрлі әдіс-тәсілдер мен оқу құралдарын тиімді қолдану маңызды.

XX ғасырдың соңына қарай педагогика саласында көптеген қызықты әрі тиімді әдістер мен тәсілдер жинақталды. Ғалымдар шет тілдерін оқыту әдістемесін байытып, оны күрделі әрі көпқырлы ғылым саласына айналдырды.

Шет тілін оқытуда заманаи әдіс-тәсілдерге тоқтала кетейік.

1. Гуманистік тәсіл. 1960–1970 жылдары оқыту үдерісінде гуманистік тәсіл қалыптасты. Бұл тәсіл оқытуды тікелей оқушының тұлғасына бағыттайды. Яғни,

оқушының қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеру — оның шет тілін жылдам әрі терең меңгеруіне ықпал етеді. Жеке ерекшеліктерді ескере отырып, ойын элементтерімен оқу жағдайларын құру — оқушыны оқыту үдерісіне белсендірек тартуға мүмкіндік береді.Гуманистік тәсілде мұғалімнің тұлғасы екінші орынға ығыстырылады, дегенмен оның рөлі әлі де маңызды болып қала береді.

Гуманистік тәсіл шет тілін меңгеруге, сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға бағытталған баламалы оқыту әдістерінің пайда болуына себеп болды. Бұл дәстүрлі емес әдістерге мыналар жатады:

- Физикалық әрекеттерге негізделу;
- «Қауымдастық» әдісі;
- «Тыныш оқыту» (Silent Way);
- Нейро-лингвистикалық бағдарламалау (НЛБ) [5].

Кейбір әдістер өз тиімділігін дәлелдеп, бүгінге дейін қолданыста қалып отыр. Педагогика бұл тәсілдерді біріктіріп, оқыту сапасын арттыру мақсатында кешенді қолдануға көшті.

2. Коммуникативтік тәсіл. Технологиялардың дамуымен бірге кітапқа қарап оқыту, грамматикалық жаттығуларды қайталай беру, мәтіндерді оқып-аудару секілді дәстүрлі тәсілдер екінші қатарға ығысты. Гуманистік тәсілдің ықпалымен оқытудың коммуникативтік тәсілі қалыптасты және бүгінде бұл тәсіл оқытудың негізгі бағытына айналды.

Дәстүрлі грамматикалық-аударма әдістері шынайы тілдік дағдыларды қалыптастырмайды. Оқушы мәтінді оқып, аударуға қабілетті болғанымен, сол тілді өмірде, нақты жағдаяттарда қолдана алмайды. Ал коммуникативтік тәсіл грамматикалық білімді сөйлеу және жазу дағдысы арқылы қолдануға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік тәсілдегі басты міндеттердің бірі — сөздік қорды байыту. Алайда жаңа сөздер тек пассивті түрде ғана емес, белсенді түрде де меңгерілуі тиіс. Яғни, оқушы сөздің аудармасын ғана біліп қоймай, оны сөйлеуде немесе жазуда қолдана алуы қажет.

Мысалы ретінде келесі жаттығуды келтіруге болады: Оқушылар топтарға бөлініп, әртүрлі тақырыптарда еркін диалог жүргізеді. Мұғалім олардың сөйлесуін қадағалап немесе көмек сұрақтармен бағыттап отырады.

Жаңа сөздерді меңгеру үшін карточкалармен жұмыс істеу ұсынылады. Карточкаларда жаңа сөздер жазылады, оларды араластырып, бір оқушы алып, сол сөздің мағынасын түсіндіреді, ал қалғандары оны табуға тырысады. Бұл жаттығу сөздерді

«сезініп» үйренуге, оларды нақты жағдаяттарда қолдану арқылы есте сақтауға көмектеседі [7].

Оқыту үдерісінің белгілі бір кезеңінде шет тіліндегі фильмдер мен бейнематериалдарды

қолдануға болады. Студенттерге сұрақтар қойылады, жауапты олар бейнеден табуы тиіс.

Коммуникативтік тәсілде жай ғана мәтін оқып, оны аудару сирек кездеседі. Керісінше, мұғалімдер көбінесе топтық пікірталастар ұйымдастырады. Мысалы, оқылған мәтін бойынша шығармашылық жауап беру, пікір айту жаттығулары жүргізіледі. Мұғалімдер дәстүрлі грамматикалық және аудармаға негізделген жаттығулардан алыстап, түрлі әдіс-тәсілдерді біріктіріп қолдана бастады. Оқушылар грамматикалық білімді сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін пайдаланады. Жаттығулар тыңдау, оқу,

жазу секілді түрлі тілдік әрекеттерді қамтиды.

3. Мәдениеттанымдық (культуралогиялық) тәсіл. Шет тілін оқытуда әдістемелік жүйені құру барысында жиі қолданылатын бағыттардың бірі — мәдениеттанымдық тәсіл. Бұл тәсілдің басты мақсаты — мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру. Осы негізде оқу үлгілері мен негізгі қағидаттар қалыптасады. Мұғалім оқытудың мақсатына қарай тапсырмалар жиынтығын таңдай алады [8].

Аталған тәсіл жеке оқыту қағидаттарына негізделеді және шет тілін меңгерудің мәдениетке бағытталған бағытын сипаттайды. Сарапшылар бұл тәсілдің келесі ұстанымдарын анықтаған:

- Оқыту үдерісінің ауызекі сөйлеуге бағытталуы;
- Шет тіліндегі сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін ескеру;
- Оқу барысында мәдениетаралық коммуникация жағдаяттарын модельдеу;
- Саналылық пен модульдік қағидатын есепке алу;
- Ана тілі мен шет тілін ұтымды пайдалану;
- Оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеру;
- Жаттығулар жүйесін бірізділікпен құрастыруға ұмтылу.

Бұл тәсілде ауызекі және шартты түрде ауызекі сипаттағы жаттығуларға басымдық беріледі. Бұл — мәдениеттанымдық тәсілде сөйлеуге бағытталған оқыту қағидатының нақты көрінісі. Мұндай тәсіл арқылы мәдениетаралық қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға болады.

Қазіргі шет тілін оқыту әдістерінде лексика, емле, фонетика, грамматика, сөйлеу, тілдің өзі, рецептивтік және өнімді дағдылар секілді бағыттарға жіктеу кең тараған. Алайда оқытудың практикалық мақсаты — мәдениетаралық коммуникация жүргізе алу қабілетіне тікелей байланысты.

Мұнда жаттығулардың мазмұнға сәйкестігі маңызды рөл атқарады. Олар мәдениетаралық дайындыққа арналған жағдаяттарды үлгілеуге бағытталуы тиіс. Ол үшін:

- мәдениетті,
- құндылықтарды,
- коммуникациялық ниеттер мен күтілімдерді,
- фондық білімді ескеру қажет.

Мұғалім әртүрлі факторларды назарға ала отырып, оқушыларды түрлі деңгейдегі мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысуға бейімдейтін тапсырмалар құрастыруы тиіс. Мүмкін жаттығулардың түрлері:

- студенттер арасындағы диалогтар,
- әртүрлі мәтіндер мен фильмдерді талқылау,
- ана тілі мен үйреніп жатқан тілдің мәдени ерекшеліктерін салыстыру.

Түрлі жағдаяттарды үлгілеу (симуляция) тілдік дағдыларды кеңейтеді әрі сөйлеу шеберлігін дамытады.

4. Проблемалық тәсіл. Оқыту тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру саласында зерттеулер үнемі жүргізіліп келеді. Осы бағыттағы негізгі әдістердің бірі — проблемалық оқыту, ол шет тілін меңгерудің әртүрлі аспектілерін дамытуды көздейді. Сарапшылар проблемалық тапсырмаларды шешудің жолдарын іздей отырып, танымдық белсенділікті арттыру, барлық ойлау қабілеттерін іске қосу, шығармашылық пен дербестікті ынталандыруға тырысады.

Педагогика бүгінде оқушыны тек ақпаратты қабылдаушы пассивті объект ретінде емес,

оқу процесінің белсенді қатысушысы ретінде қарастырады. Проблемалық оқыту — шет тілін оқытудың инновациялық әдістерінің бірі ретінде қарастырылады. Ол студенттің өзіндік дамуына, ойлау қабілетін қалыптастыруға, зерттеушілік және шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Проблемалық тәсілдің ерекшелігі:

Бұл тәсіл студенттерді оқу процесіне тереңірек тартуды көздейді. Олар дайын ақпаратты жай ғана меңгермейді, керісінше:

- өз тұжырымдарын жасайды,
- жаңа білім алады,
- гипотезалар ұсынады және оларды дәлелдеуге тырысады [5].

Осылайша, проблемалық оқыту өз бетімен ойлануға, шешім қабылдауға және зерттеу жүргізу дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Оқытушыларға арналған нұсқаулар: Проблемалық тәсілді қолданатын мұғалімдер студенттердің топтық және жеке өзіндік жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыруға көңіл бөлуі тиіс. Мұндағы басты мақсат — оқушылардың білімді өз бетімен игеруіне жол ашу. Шығармашылық қиялды дамыту, пайымдау және ұсақ- түйекке назар аудару қабілеті келешекте терең оқуға септігін тигізеді.

Проблемалық тәсілдің негізгі қырлары:

- Логикалық, шығармашылық және диалектикалық ойлауды дамыту.
- Дәстүрлі оқу материалдарын көрнекі әрі тартымды формаға келтіру.
- Проблемалық жағдаяттарды тұрақты түрде қолдану.
- Бірізді оқу жүйесін құру. Проблемалық жағдаяттардың түрлері:
- Педагогикалық (мысалы, жаңа грамматикалық ережелерді нақты жағдаятта қолдану).
Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Муканов С. «Халық мұрасы». Алма-ата. Жазушы. 1987. С. 5-93.
2. Молдагаринов А. Казахские детские игры. Алма-ата. Жалын. 1974. С. 100.
3. Национальные игры - средства физического воспитания молодежи. Алма-ата. С. 3-17

ӘОЖ 821.512.22

ЖАЗБА МҰРАЛАР ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ЗЕРТТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Шұғайпова Ұлжан

2- курс магистранты, Х.Досмұхамбетов ат. Атырау университеті

***Резюме**. В статье исследованы языковые, структурные и содержательные особенности пословиц и поговорок в письменных памятниках Средневековья. В результате исследования выявлено, что пословицы и поговорки на древнекыпчакском языке имеют структурное и содержательное сходство с современными казахскими пословицами и поговорками. Кроме того, показано этнокультурное значение пословиц, особенности их исторического развития и языковых изменений. Установлено, что пословицы и поговорки в письменных памятниках повлияли на формирование казахских пословиц и поговорок. Это исследование имеет важное значение для изучения истории языка, национального мировоззрения и культурного наследия.*

***Ключевые слова**: письменные памятники, пословицы и поговорки, исследование, огузско-кыпчакский язык.*

Қазіргі таңда ұлттық дүниетаным мен мәдениетті, этностың ойлау жүйесін сол ұлттың тіліне сүйеніп зерделеу, тіл арқылы қалыптасқан мәдениетті таразылау өзекті болып отырғаны сөзсіз. Көптеген құбылыстардың тарихи қалыптасуын ең алдымен көне дәуірден бері сақталып келе жатқан жазба әдеби ескерткіштердің тілдік деректерін жан-жақты зерттеу арқылы ғана анықтауға болады. Әдеби тілдің қалыптасу, даму тарихын жалпыхалықтық тілмен, диалектілермен және көне жазба жәдігерліктер тілімен байланыстыра зерттеудің маңызды екені

анық. Осылардың ішінде әдеби тіл тарихының тереңдігін көрсететін бірден-бір айғақ көне жазба ескерткіштердің кешенді түрде зерттелуі – тіл тарихындағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Қазақ халқының этникалық болмысы, ұлттық жаратылысы тек тарихи деректермен анықталмайды, ұлттық дүниетаным, көркемдік таным-түсінік, наным-сенім, бейнелі ойлау тілдің өз бойында, яғни ғибратты сөз, мақал-мәтел және тұрақты тіркестер мен қанатты сөздерде сақталған. Осыған байланысты орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліне қазіргі тіліміздің қаншалықты қатыстылығын анықтау, этномәдени сабақтастығын зерделеу - тілді тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттық мәдени ақпарат жинақтаған код ретінде қарастыратын антропоөзектік бағыттағы іргелі зерттеулердің негізгі бір арнасы[1,12]. Мұның өзі этнос табиғатынан өрбиді. Сонымен қатар бұл жағдай белгілі бір тілдің өзгеру, даму, қалыптасу жолдарын айқындауға да әсерін тигізеді. Сол себепті жазба ескерткіштердегі мақал-мәтелдерді зерделеу – ерекше маңызы бар өзекті мәселе. Орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде кездесетін мақал-мәтелдердің дыбыстық, грамматикалық, лексикалық өзгерістерге ұшырап қалыптасуы құрылымдық сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген көптеген мақал- мәтелдердің мазмұны мен сарыны сақталғанмен, оның құрылысы кейбір өзгерістерге ие болған. Осыған байланысты, айта кететін сөз – о баста бірін-бірі толықтыру үшін екі тармақтан тұратын мақал-мәтелдер қазіргі тілдерде бір-бірінен ажырап кеткендігі

сезіледі.

Жазба ескерткіштердегі мақал-мәтелдердің дыбыстық жүйесін, лексикалық құрамын, грамматикалық құрылысын зерттегенде салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы олардың түркілік тектестігін білдіретін жалпы заңдылықтармен қатар кейбір өзгешеліктері анықталды.

Мақал-мәтелдер бір дәуірдің жемісі емес, қоғамдасқан, ұжымдасқан халықтың басынан кешкен өмірінің бел-белестері мен сол халық тілінің лексикалық қорының, лексика-грамматикалық жүйесінің өсу, қалыптасу дәрежесіне тығыз байланыста

жасалып отыратын категория. Мақал-мәтелдердің жасалуына тілдің негізгі сөздік қоры ұйытқы болады. Сол сөздік қордың базасында жасалып, жалпыхалықтық мәнге ие болып отырады. Сондықтан мақал-мәтелдердің өсу, даму жолы тілдің лексикалық қорының баю тарихымен ұштасып, екінші жағынан лексика-грамматикалық жүйенің, заңдылықтардың қалыптасу тарихымен тығыз ұштасып жатады. Мұрағаттар тіліндегі мақал-мәтелдер құрылысы бүгінгі тіліміздегі мақал- мәтелдердің құрылысынан өзгеше емес, ұқсас.

Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген көптеген мақал- мәтелдердің мазмұны мен сарыны сақталғанмен, оның құрылысы кейбір өзгерістерге ие болған. Осыған байланысты, айта кететін сөз – о баста бірін-бірі толықтыру үшін екі тармақтан тұратын мақал-мәтелдер қазіргі тілдерде бір-бірінен ажырап кеткендігі сезіледі.

Мақал-мәтелдердің өзгерістерге, тұлғалық модификацияларға ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін инварианттар деп атаймыз.

Компоненттерінің өзгеше айтылуы, бір жолын түсіріп айтудан пайда болған инварианттар:

Іттің улуқанын пору есітпас,

Порунуң улуқанын теңрі есітпас (НФ, 35в3)

Қазіргі қазақ тілінде «иттің ұлығанын бөрі есітпес» [3, 332] деген бірінші тармағы ғана қолданыста.

Адасқандын аібы жоқ, қаітып уйун тапқан соң Ачылқандың аібы жоқ озу біліп жапқан соң.(НФ, 11а7)

Бұл мақал қырғыз, қазақ, тараншы, шағатай, бараба, тобол диалектілерінде қолданылады, ал қазіргі таңда түркітілдерінде бірінші немесе екінші тармағы қолданысқа ие.Қазақ тілінде мақалдың бірінші тармағы қолданыста.Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң [3, 6].

«Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» дегендей бұл мақалдан өмірде адаспайтын мал жоқ, алжаспайтын (қателеспейтін) адам жоқ, егер олар өз қатесін өздері біліп, өз уақытында

жөндей білсе, қайтып түзу қалпына келіп, өз ортасына оралса – ол үшін айып жоқ деген» деген адамгершілікке тән ойды аңғаруға болады.

Қалыптасуы бірнеше ғасырды қамтыған мақал-мәтелдердің әртүрлі өзгеріске ұшырауы заңды құбылыс.

Жылы-жылы сойлесең, жылан шықар іиіндан,

Қатты-қатты сойласаң, бусурман шықар діиіндан (НФ, 16в). Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады [3, 124].

Жазба жәдігерлікте кездесетін кейбір мақал-мәтелдердің бірінші тармағы сақталып, екінші тармағы жаңа мазмұнға ие болған.

Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады,

Қатты-қатты сөйлесе, мұсылман дінінен шығады [2, 339

б].

Жазба жәдігерліктер тілінде құрылымдары әр түрлі мақал- мәтелдердің аса мол қоры

орналасқан. Мұрағаттар тіліндегі мақал-мәтелдер құрылысы бүгінгі тіліміздегі мақал-мәтелдер құрылысымен ұқсас.

Ескерткіштер тілінде бір тармақты мақал-мәтелдер көптеп кездеседі:

Тузы аз болса ашның татығы болмаз (Г, 21а8) - Тұзы аз болса астың татымы болмас.

Сөз сөзләсәң сақшап сөзлә (ХШ, 92в11) - Сөз сөйлесең, байқап сөйле.

Өкүш ел қарғышын алма сақынғыл (НФ, 35в11) - Көптің қарғысын алма, сақтанғыл. *Арслан түлкілік қылса йарашмаз* (Мн, 113б4) - Арыстан түлкілік қылса, жараспас. *Едгү болмаз ол муңлыға күлмек* (Мн, 56а23) - Жақсы болмас мұңлыға күлмек

Көрар болса фарішта иолдан азғай (Г, 5а9) - көрер болса періште жолдан азғай. *Ачыб соң йесаң етмак шакартег* (ХШ, 135а22) - ашығып барып жесең, нан шекердей. *Ақыл аінымас, алтын чірімас* (Г, 28б44) - Ақыл арымас, алтын шірімес.

Кіші алысы ішгін, йылқы алысы таштын (НФ, 6в14) -Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде.

Зауратда қойан арсланлық етәр (ХШ, 93а15) - Сасқанда қоян арыстандық жасар.

Йылан камік чурумаз (НФ, 23а45) - Жыланның сүйегі шірімес.

Ақил вә адәб билән тирикгил (НФ, 142а1) - Ақыл және әдеппен өмір сүр.

Кузаға не қойсаң аны ичкәсән (Г, 4б3) - Құмыраға не құйсаң, соны ішесің.

Қойанды қамыс олтурур, ерді намыс олтурур (Мн, 121б8) -Қоянды қамыс өлтірер, ерді намыс өлтірер.

Ыхлас – біла жыіласаң сукыр куздан йаш чықар (Г, 12в2) -Шындап жыласа, соқыр көзден де жас шығар.

Ил урысыз булмас, тау бурісіз булмас (НФ, 55а3) -Ел ұрысыз, тау бөрісіз болмас. *Қатыннарның чачі өзен, ақылы қысқа* (Г, 156а7) - Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа. *Амалсыз алим балсыз занбурға ахшар* (Г, 173а9) - Еңбегі жоқ ғалым балсыз ара тәрізді.

Ата михриндән уста жәври йахшы (Г, 141б5) - Ата мейірімінен ұстаз қаталдығы артық.

Жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдердің басым бөлігі – қос тармақты болып келеді.

Сабыр бірлә тіләккә тегсә болур,

Темүрні ақрун-ақрун ігсә болур (Мн, 22в35). Сабырменен тілекке жетсе болар, Темірді ақырын-ақырын исе болар

Кілімүңгә көрә көсүл айақны,

Йоқ ерсә, йерсәң аңсызда табақны (НФ, 87а13). Кілеміңе қарай көсіл аяқты, әйтпесе, жерсің аңсызда табақты.

Сөз өлчүб сөзләтілсә сөзгә охшар,

өкүш сөз йүк ешекке теп мәсәл бар (ХШ, 65б22). Сөз өлшеп сөйлетілсе, сөзге ұқсар,

«Көп сөз – есекке жүк» деген мысал бар.

Сақын кім болмасун hіч дост душман,
әгәр болса, сен андын йахшы сақлан (ХШ, 88в4).
Абайла, болмасын еш досың дұшпан, Егер болса, сен одан жақсы сақтан.

Ағач кім әввәліндә егрі бітсә,
Аны от болмаса болмаз түзәтсә (Г, 32а44). Ағаш әуелде иір бітсе, Оны от болмаса, түзетуге болмас.

Ескерткіштер тілінде үш-төрт тармақты мақал-мәтелдер сирек те болса кездеседі:
Дағы мухал-и ақл ерүр ким әгәр Йазыдағы барча кумлар инжи болса, тиләнчиләрниң көзи толмағай. (Г, 156а6). Ақылға сыйымсыз, тіленшінің көзі еш уақытта тоймайды, тіпті сахараның құмы інжуге айналса да.

Дәгүлдүр дустлуқ нимәтдә хәрким, Мухаббат лафыны урса йаныңда, Хақиқат дустлуқ йарықдур ол ким,
Қолуң тутса айақдан түш кәниңдә (Г, 26а13). Аудармасы:
Жағдайың жақсы кезде сенімен достығына мақтанғанды досқа санама, қиын кезде қолын ұсынған адам ғана адал дос болар.

Жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдердің қазақ тіліндегі мақал-мәтелдермен ортақтығы мен тілдік сәйкестігі белгілі бір заңдылыққа, тарихи дерекке қатысты. Көне қыпшақтардың көшпенді өмірі, өмір тіршілігі мен рухани мәдениетіндегі дүниетанымы мен пайымдауы, тіл төркіндестігі, тектестігі, бір тілде пайда болған мақал- мәтелдерді тіл заңдылығына ыңғайластыра қабылдауы қазақ тілінде де көрініс тапқан. Ескерткіштер тіліндегі мақал- мәтелдерді тауып, олардың құрылымдық сипатын анықтау кезінде
«Мақал-мәтелде ұғымнан гөрі кесек ой басым жатады. Сондықтан да бұлар сыртқы пішіні жағынан сөйлем түрінде келеді» деген В.П. Жуковтың концепциясын негізге алдық [4,154].

Жазба ескерткіштердегі мақал-мәтелдердің дыбыстық жүйесін, лексикалық құрамын, грамматикалық құрылысын зерттегенде салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы олардың түркілік тектестігін білдіретін жалпы заңдылықтармен қатар кейбір өзгешеліктері анықталды. Атап айтқанда, жәдігерліктер тілінде қос тармақты болып келген мақалдар қазақ тілінде бір тармақты болып келеді.

Қорыта айтқанда, мұрағаттар тіліндегі мақал-мәтелдер құрылымы бүгінгі тіліміздегі мақал-мәтелдер құрылымымен ұқсас. Көне қыпшақ тілінде кездесетін мақал- мәтелдердің көпшілігі ерте заманда пайда болып, бірнеше ғасырлар бойы дамып, жаңарыпотырған. Көптегенмақал-мәтелдеркұрылымы мен мазмұнынан ұлттық дүниетанымға тән қасиеттерді байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сабыр М.Б., Исина Ж.А.Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты (XIVғ.). Орал: «Ағартушы», 2014. -188б.
2. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 2005. – 106 б.
3. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы: «Сардар»,2012. 326б.
4. Жуков. В.П. Некоторые общие положения о соотношении фразеологизма со словом
// Вопросы фразеологии. III. – Самарканд, 1970. – 53 б.

ӘОЖ 81-11.1

НҰРАЛЫ ӘЖІҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Талғат Алтынзер
7М01701-қазақ тілі мен әдебиеті ББ магистранты
Аманғазиева Меруерт
филология ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан, Атырау қ.

***Резюме**. В статье рассматривается языковой мир поэта и его образно- выразительное использование слов. Проводится лингвостилистический анализ поэтического творчества автора.*

***Ключевые слова:** стилистическая особенность, эпитет, метафора, морально-этическая лирика, эстетическая окраска, художественный образ.*

Атыраулық белгілі ақын Нұралы Әжіғалиевтің шығармашылық әлемі, поэзиясы – бүкіл қазақтың өлең құдіретінің асыл қасиеттерін бойына жинаудың үздік көрінісі. Ол үшін бір мағынадағы, белгілі бір өлеңге негіз болатын көркем образды сөздер мен теңеулердің ұйқасты жүйелі гармониясы ғана поэзия деңгейіне шығады. Ақынның ең басты құралы, әрине, сөз бен сөздердің ішкі мағыналары болып келеді. Сөздер стильдік

бояуы бар және стильдік бояуы жоқ қарапайым сөздер болып, ал олардың мағыналары тура және ауыспалы мағына болып бөлінетіндігі көпшілікке аян. Н.Әжіғалиев сөздердің стильдік бояуын, олардың ауыспалы мағынасын барынша орынды пайдаланған. Ақын ұлттық тілде бар эпитет, метафора, метонимия, перифраз синекдоха, теңеу сияқты көркем образды әдістерін кең қолданды. Осы поэзия құралдарын жете қолдану жолымен сөз мағыналарын, сөз тұлғаларын пайдаланып, өз ойын құбылту арқылы айтпақ болған ойын анық, айқын жеткізді. Жай жеткізген жоқ, ол тіркестерді образды, эстетикалық көркем поэтикалық жолмен шұрайлы жеткізген.

Ақынның тілдік әлемі туралы айтқанда оның образды бейнелі сөз қолданысына тоқталған жөн. Сол арқылы ақынның сөз тіркестерін аша аламыз. Ақын өз поэзиясына терең мағыналық, айшықты көркемдік әрі эстетикалық рең береді. Н.Әжіғалиев өз өлеңдерінде сөз тұлғаларының мәнін әрлеп қолданады. Әрбір өлең жолында сөзді кейде тура,кейде ауыспалы мағынасында қолданады. Ақынның «Бата» деген өлеңінде қазақ баласына тән батаны өзінше өрнектейді:

Ұлып қосылып, үріп тараудан сақтасын, Пәниден бақиға
Имансыз өтуден сақтасын,
Періште болып келіп,Пері боп кетуден сақтасын! [1.64]

Стилдік жағынан қарайтын болсақ, мағынасы жағынан тілек райында берілген бұл өлең бір жағынан философиялық, моральдық-этикалық лирикаға, екінші жағынан діни уағыздық сипаты бар дәстүрлі өлеңге де жатады. «Пәни», «бақи», «имансыздық»,

«періште», «пері» тәрізді діни сипаттағы сөздерді қолдана отырып, ақын адам баласын түзу жолдан таймауға шақырады. Ислам дінінің ұғым түсініктерін қарапайым адамгершіліктен аспауға, адами келбетті сақтауға бата түрінде қолданады. *«Періште болып келіп – пері боп кету»* деген ұтымды антитеза арқылы адамның сәбилік- періштелігі мен дүниеден озғанда «пері» болып кетуін қарама-қарсы қойып суреттейді. Ал осындағы *сақтасын* деген сөздің қайталана берілуі батаның мән-мазмұнын экспрессивті беріп қана қоймай, әрі уағыздық, әрі ұйқастық – ритмдік жағынан айтылуын күшейте түседі.

Өлеңдегі тосын ұйқас «Ұлып қосылып, үріп тарау». «Ұлып-қосылу» қасқыр сияқты дала тағысының бірін-бірі жауға бермеуі, тағылық бірлігі болса, «үріп тарау» – иттей үрісіп, ұрысып тарасуы, адамшылықтан арылу, бет жыртысу. Ақын күтпеген теңеу арқылы терең

мәселені қозғайды. «Ұлып», «үріп» сөздері қоғамдық әрекетті, адамдардың жағымсыз қатынасын метафора арқылы берген ұтымды теңдеу десе болады. Мысалы екі жырдан тұратын «Дала» атты өлеңінің мазмұнын алсақ, өлеңдегі теңеулер көркем образды ойлаудың тамаша үлгісін байқата отырып, шығармашылық шабыттың ең бір шұрайланған биігінің үлгісі сияқты ой қалдырады. «жымиясың жайсаң далам, боз жусаны бойшаң далам, дана далам, дарқан далам, барым бағаларым, панарым, сағаларым» ерекелеткен, сағынышты көңілден шыққан теңеулерді арнайды. Ал екінші жырда «сылқым далам, марқа далам, алқа далам, жүкті далам, күпті далам, жұмбақ далам» сияқты теңеулерді келтіреді және оның бәрі жай ұйқас қуалау емес, ақын осы теңеудің бәрінің сырын ашады, даланың қайталанбас келбетін, қасиетін жайып салады.

Ақын далаға арнаған махаббатын, ыстық көңілін, даланың рухани ролін жанды нәрсе түрінде оған арнап сөйлеп, онымен сырласады.

Нұралы ақынның шығармалары дүниенің шым-шытырық қатынасын тығыз байланыста қарап, әлемнің тұтастай картинасын жасайды. Табиғат, қоғам, адам үштігі бірін-бірі толықтырып, үндесіп, өзара тұтастық құрайды. Жалпы осы «Табиғат- Қоғам- Адам» үштағаны ақын поэзиясының стильдік, семантикалық іргетасы десе болады.

Бәріміз білетіндей, тіл ғылымында *лексика* –деп сөйлемде қолданып отырған сөздеріміздің бүкіл қоры аталады. *Ол лексикада* бір ұлттың мәдени-әлеуметтік өмірі, бүкіл тағдыры көрініс береді. Демек, ұлттың немесе адамның өмірі ортасы күрделі болған сайын тілдік құрамы, лексикасы да бай бола түседі. Бұл тілдік қор деп аталады,

бұл жағынан ақын Нұралы Әжіғалиевтің тілдік қоры, лексикасы өте бай. Жалпы ұлттық поэзия тұрғысынан лексика деген – жеке ұлттың барлық мәдени-тарихи өмірін, құндылықтарын, ділін, дәстүрлі дүниетанымын беретін этномәдени, этнолингвистикалық, семантикалық қор. Ал осы жағынан алар болсақ, Нұралы Әжіғалиевтің поэзиясы – осы ұлттық лексикалық қорды ұлттың санасымен сабақтастырған ұлттық поэзияның озық көрінісі екені сөзсіз. Жалпы өзіміздің төлтума поэзия әлемі тұрғысынан қарағанда ақынның тілдік қоры мен оның лексикалық қолданысы сол ақынның мықтылығын, деңгейін анықтайтын критерий-өлшемнің бірі, себебі, қазақ – сөз өнерін өте жетік меңгерген сыншыл халық. Нұралы Әжіғалиев өлеңдері осы талапқа әбден сай поэзияның бірі екені шүбәсіз. Ақынның сөздің, лексикалық қорын бірнеше деңгейге сатылауға болар еді. Ол біріншіден, халқымыздың өмірі мен салт-дәстүрінен туындайтын лексикалық бірліктер, екіншіден, ұлтымыздың ауыз әдебиетінен келген бабалар сөзінің алтын қорынан алынған сөздер, ол жырлаған табиғат, қоғам, адам әлемін бейнелеген теңеулер, метафоралар. Сонымен қатар ақынның өлкелік өндіріске, әсіресе, мұнай өндірісіне қатысты қолданған сөздері де оның туған өлке, отан тақырыбындағы шығармаларының өзіндік бір ерекшелігі болып келеді. Осы тұста Нұралы Әжіғалиевтің поэзиясының жаңашылдығы ретінде жоғарыда айтылған ұлттық дәстүр, отандық тарихи сана, ұлттық код, руханият сияқты ұғымдармен өлшенетін поэзия екендігін айтқан жөн.

Ақын лексикасы өмірдің барлық жағын, қоғамдық өмірді, мәдениетті, табиғатты, өзінің жеке өмірлік «менін», қоғамдық қатынасын, адамдармен қатынасын, дүние, әлем, жастық, достық, махаббат, балалық, тағдыр, өмір сияқты абстрактілік, өмір танымдық тақырыптағы сөздерден құралып, ақынның бай өмірлік тәжірибесін, өмірден түйгенін, жетістіктері мен әттеген-айларын байқатады. Ақынның лексикалық қорында ескі (байырғы) сөздерде, жаңа заманауи лексикалық бірлікте, тіпті өндірістік салаға байланысты сөздерде жетеді. Мысалы, оның мұнайшыларға, өндіріске арналған сөздері басқа өңір ақындарында кездеспеуі мүмкін. Мысалы, ол қолданған *«геолог», «Ембі», «от айдарлы мұнаралар», «мұнай»* деген сөздер қолданысы орақ тілді ақынның мұнайлы Атырау өңірінен, соның ішінде мұнайлы Исатай жерінен екенін білдіреді. Сонымен қатар бұл сөздер мұнайлы өлкенің байлығын білдіретін бір жағынан идеялық көркемдік әрі символдық-семиотикалық мазмұн арқалап тұрған сөздер. Себебі олар ақынның туған жерін, ақындық рухани бастауын, өлең әлемінің поэзиялық қайнар көзін білдіретін кодтар, белгілер іспетті.Сонымен бірге ақын көп жырлаған, оның бір ерекшелігі болып табылатын *өндірістік лириканың* анық көрінісі. Осы өлеңдегі «От айдарлы мұнаралар» тіркесіне назар аударсақ деймін. Бұл да зор метафоралық мәнге ие тіркес болып

табылады. Неге от айдарлы? Осы өлеңдегі от, от айдарлы мұнара сөздеріне талдау жасап көрсек. «От» - қазақтың киелі ұғымдарының бірі, тіршілік көзі. Ол - өмірдің өзі, қуат, жылылық символы. Тіке мағынасында мұнай мұнарасы от (яғни, өндірістік «факел») болып жанады. Ақын соған айдарлы тіркесін қосады. Айдар деген өрлік, еркектік, ерлік нышаны. Ерекшелік белгісі, айдары бар ұл дегендей ұғымға келеді. Сонымен бірге ақын бұл сөзге елдің өндірісі дамуы, байлығы, халықтың игілігі, халықтың еңбек ерлігінің символы сияқты мән мағына береді. Осы жағынан ақын Нұралы Әжіғалиев тілдегі көркемдегіш құралдарды кеңінен пайдаланып, түрлі бағыт, салалардан, лексикалық қатпарларды құрайды. Сондай-ақ, Нұралы ақын өз шығармаларында өзі өскен елдің тұрмыс жағдайын, күн көрісін, ата кәсібін, дәстүрлі шаруашылығын, этномәдени тіршілігін жыр еткен. Ақын өскен ауылының қазақы болмысы *«Аққыстауым», «Дала»,*

«Туған жер», «Жесір өткен жеңгелер» сияқты өлеңдеріндегі берілген: Беу, ағайын ұғыңдар:

Алыс жүрген менің жалғыз ұлым бар Сол ұлымды сағынсам мен, **шұрқырар** Қыр астында **күлте жалды құлын** бар. **Қоңыр төбе** тұрған анау сағымданып,

Теңселіп маған көрінеді қай таудан да еңселі. О, туған жер!

Жұмармын-ау жанарды етпетімнен сүйіп жатып мен сені. Ақынның өз туған жеріне деген сүйіспеншілігі, махаббаты беріледі. Ғалым З.Қабдоловтың: «Әрбір әдеби шығарма оқырманға оны жазған автордың творчестволық ерекшелігін танытады. Оны тілден де, тақырып пен идеядан да, образ жасау тәсілінен де аңғаруға болады. Әр шығармадан көрінетін осындай суреткерлік ерекшелік оның барлық шығармасындағы белгілі бір бірлікке әкеледі»-деген сөзі осы Н.Әжіғалиев шығармашылығына да сәйкес келеді. [2.353].

Өлеңнен не көреміз? Біріншіден, туған жерге деген сағыныш, екіншіден, жанұяға, туған ұлға деген сағыныш, үшіншіден, адам жан дүниесі мен табиғат байланысы, үндестігі. Осының бәрі топтала келе, өлеңнің идеялық құрылымын жасайды. Өлеңде талдасақ, бірнеше поэзиялық амалдарды, әдістерді көреміз. Соның ішінде, мысалы

«күлте жалды құлын», «қоңыр төбе» сияқты эпитеттер қолданылады. Ал құлын, төбе, тау теңеулері ақынның туған жерге деген махаббатын білдеретін эмоционалдық күйге толы сөздер. Осындағы «күлте жалды құлын», «шұрқырар», «қоңыр төбе» деген сөздер қазақы ортаға тән, ұлттық нақыштағы сөздер. Мысалы, «күлте құйрық жылқының сәндікпен тарамдалған қалың, тығыз қыл будасы екен». [3.123].

«Шұрқырасу-сағыну», «қоңыр» сөзі - қазақтың әр жағдайға, затқа қолданатын сипаттаушы сөзі. Ақын өлеңдерінде мәдени лексика мол орын алады. «Рухани-мәдени лексикаға адамдардың жасы мен жыныс ерекшеліктеріне байланысты терминдер, туыстық атаулар, қоғамдық қатынастар терминдері, адамдардың рухани өміріне, адамдардың тәрбиесі мен біліміне байланысты, қоғамдық құндылықтарды атайтын сөздер , дәстүр мен салтқа байланысты сөздер жатады»-дейді Ахметьянов Р.Г.[4.68].

Нұралы ақын өлеңдерінің лексикалық құрылымына атадан балаға, кешеден бүгінге сол қалпында келіп, жылдар бойы қалпын сақтап келе жатырған байырғы сөздер, кірме сөздер, төл лексикамызды байытқан неологизмдер, ғалыми термин ұғымдар сияқты тіліміздегі барлық сөздерді табамыз.

Ақын өлеңдерінде ұлтымызда қалыптасқан қазақтың дәстүрлі төл сөздері кең қолданылған. Мысалы, соның ішінде ағайын-туыс атаулары, мал –жануар атаулары, шаруашылық, құрал-жабдық атаулары, қазіргі өндіріске қатысты атаулар молынан кездеседі.

Н.Әжіғалиев шығармашылығында қазақ халқының күнделікті тіршілігімен, дүние танымымен мен діліне байланысты көне және жаңа сөздер кеңінен кездесіп, ақын поэзиясының ұлттық дүниетанымдық сипатын беретін сөздер жиі қолданыс табады.

Жақсы менен жаманды жіктеп берем, Жиһазымды күміспен күптеп берем, Есін жия бастаған елмен бірге

Енді ғана еңсемді тіктеп келем. [1.158].

Лексикалық жағынан «Жақсы менен жаманды жіктеп берем»- диалектикалық қайшылықты білдіріп, адамның танымдық, имандылық әрекетін білдіреді. Ақын елінің өсуін,

өнуін, дамуын байқайды, оған баға беріп қуанады. Осы өлеңдегі «жиһазымды күміспен күптеп берем»-деген тіркестер есін жиған елге көзқарас, оған тілеулестік көрінеді. Яғни, елде барды, қолдағыны бағалау, қадірлеу деген мағына береді. Осындағы жиһаз, күміс, күптеу, еңсе сияқты ұғымдар өзара үйлесімді лексикалық тұтастық құрып тұр. Ақын көбіне жеке адамға қатысты қолданылатын «есін жию» деген тіркесті«Есін жия бастаған елмен бірге» деген мағынада қолданады. Соғыстан кейінгі ауыр кезеңді көрген ақын елдің есін жиып, көркейгеніне қуанады, соны өлеңмен береді. Осы өлең жолдарының стилистикалық сипатын талдап көрсек. Жалпы өлеңде стилистикалық жағынан қайталанулар, символдар, эпитеттер, монолог сияқты әдістер қолданылады. Мысалы, үш рет қайталанған «берем», бір рет –«келем» ақынның елге қатысты әрекетін білдіруді күшейтіп тұрса, қазақта жиі айтылатын «Күміспен күптеу», «Есін жия бастаған

ел» сияқты эпитеттер ақынның еліне деген көңілін, жақсылық жасауға ұмтылысын білдіреді. Ал «күміс», «жиһаз» сөздері әрі метафора, әрі символ ретінде үйлесімді қолданыс тапқан.

Ақын өз поэзиясының жолдарына терең мағыналық, ерекше стильдік, айшықты көркемдік әрі эстетикалық рең береді. Н.Әжіғалиев өлеңдерінде сөз тұлғаларының мәнін әрлеп қолданады. Әрбір өлең жолында сөзді кейде тура әрі ауыспалы мағынасында қолданады.

Жаралған *жүзі аяздан, қасы мұздан* Кештік біз заманды да басымыздан, Талайлар жампаң қағып жақындады,

Талайлар қашықтады қасымыздан. Осы өлеңнен тағы да ақынның қайталанбас стильдік ерекшелігін, стилистикалық қолданысын байқаймыз. Мысалы ақын «Жаралған жүзі аяздан, қасы мұздан» деген тосын эпитетті қолданады. Баяғы Абайдың классикалық өлеңіндегі қысты сипаттағандай ақын бұл жерде заманды антропоморфтік тәңеумен береді. Әрине, аяз бен мұз ерекше суықтықты, қаталдықты білдіреді. Бұл ақын өмір сүрген жастық шақтағы қиын кезеңнің, қоғамның қиын өмірінің бейнесі екені сөзсіз. Кейінгі екі жолдағы «Талайлар жампаң қағып жақындады, Талайлар қашықтады қасымыздан» - адамдардың кейбір топтарын «талайлар» сөзі арқылы береді. Жолдардың бас жағындағы «талайлар» ұйқасы ол адамдар жайлы ақынның негативті, жақтырмаған кейпін бергенін байқаймыз. Жақындағанда «жампаң қағуы» - жағымпаздық, арамдық сияқты теріс пиғылды қулық бейнені суреттейді. Ал қашықтады сөзі де теріс айналу, достыққа тұрақсыздық, сатқындыққа жақын тәңеуді береді. Осылайша ақын «жампаң қағу», «қасынан қашықтау» сияқты метафораларды қолдану жолымен тұтас адам сипатын, олардың моральдық ұстанымын, өмірде неше түрлі адамдар болуын, жалпы пенделік деген нәрсені тосын тәңеулермен екі жолға сиғызады. Мына бір жолдарда ақын тағы да өмірдің өткіншілігі, уақыттың жылдамдығы жайлы философиялық толғаныс жасайды.

Қалды артта *Жастық дейтін кекілді қыз,*

Өтіпте барады енді *екіндіміз.*

Жер жиһан түгел бәрі өзгергенмен,

Өзгермей біздер қалған секілдіміз. Қазақ поэзиясында өмір, уақыт және адамның ішкі сезімі дәстүрлі түрдегі негізгі тақырыптардың бірі болып саналатыны белгілі. Н.Әжіғалиевта көріп отырғанымыздай, ұлттық поэзияның осы бір философиялық лирика дәстүрінен аттап өтпейді. Өлеңнен «кекілді қыз», «жер жиһан», «екінді» тәрізді бейнелі сөздерді көреміз, ақынның тәңеулеріне риза боламыз. Ақын эпитеттер, метафоралар, қайталанулар сияқты стилистикалық әдіс тәсілдерді кеңінен қолданады. Оның өзі осы бір өлеңге қайталанбас көркемдік шешім, философиялық толғаныс және эмоционалдық- сезімдік сипат бергені көрініп тұр. «Қалды артта *Жастық дейтін кекілді қыз»*-деген метафоралық қолданыс үлкен мазмұндық жүк арқалап тұрғандай. «Кекілді қыз» - тек жас қыз баланың бейнесі емес, ол бүкіл жастық шақтың символы болып табылады. Өтіпте барады енді *екіндіміз-жолындағы «екінді»*-үлкен діни, халықтық танымдық мағынасы бар сөз. Біздің ұлтымыздың уақыт мезгілінде «екі кештің арасы» аталатын, халықтың нанымда тиымға толы өтпелі уақыт. Әдетте екіндіден кейін күн батады, сол кезде адамның бір күні өткен болып есептеледі. Ұлы Жамбыл ақын осы бір мезгілге байланысты: «еңкейіп екіндіге күн құласа, көріксіз көрінбейме дүние бір» - деп жырлаған екен. Ақын қарттыққа аяқ басқан адамның өмір жайлы түсінігін осылай береді. Жастық - екінді арасы

өткенді аңсау, қарттықты сезіну сияқты көңіл күй тудырады. Бірақ өмір жастық шақ пен екінді арасында зу ете түскенімен өзгермейтіз біз деген ой түзейді.Өмірдің өтуі мен адам сезімінің тұрақтылығы деген философиялық ой өлеңнің семантикалық ерекшелігі болып табылады.

Ақын өлеңдерінде антонимдерді де кең қолданады. Солайша қарсы мәндес сөздермен өмірдің философиялық мәнін поэзия жолымен беруге ұмтылады. Мысалы,

«Ғұмыр шіркін ұзармас сұрағанға» деген философиялық мазмұнды өлеңін алайықшы.

Есте бәрі: *жеңгенім, жеңілгенім*, *Сенгенім, түңілгенім*.

Сапырумен санада сақталғанды Тіршілікте аңғарсам сырын ненің – Солар ғана жазатын жырым менің. *Қызығы мен шыжығы* араласып, Өте шықты тағы бір жылым менің. Ғұмыр шіркін ұзармас сұрағанға, *Тұру* болмас қайтадан *құлағанға.*

Бірде *күліп,* қарағым, бірде *жылап,*

Өте шығар фәниден бұл ағаң да.

Ақын адам өмірінің өткіншілігін, тұрақсыздығын суреттеуге бірнеше антонимдерді орынды қолданады. Мысалы, жеңу - жеңілу, сенгенім – түңілгенім, қызығы - шыжығы, тұру мен құлау, күлу мен жылау. Қарама-қарсылық, қайшылық, өмірде барлық нәрсені өзара қайшылықта болуы өмір мен табиғат заңдылығы. Ақын осы заңдылықты «Ғұмыр шіркін ұзармас сұрағанға» өлеңінде орынды қолданады. Сонымен бірге ақын, «Өте шықты тағы бір айым, жылым менің» деген жолдарды қолданады. Осылай өмірдің өткінішілігі жайлы қысқа да нұсқа өлең жолдарын құрайды, терең мәнді философиялық тұжырым жасайды. Ақынның айтар ойын жеткізуге қолданған тағы бір тәсілі ол - әлдебір сөзді, болмаса сөз тіркесін қайталана қолдануы еді. Қайталау жайлы ғалым Б.Момынова дейді: «Қайталау-тілдің көркемдегіш тәсілдерінің ішіндегі ертеден келе жатқан түрі... өлең мәтініндегі қайталаулардың дені стильдік қызмет атқарғандықтан, стильдік қайталаулар деп аталады. Стильдік қайталаулардың эмоционалдық жүгі көп, әсер етуі ерекше, сондықтан поэтикалық тілдегі орны айрықша» [4.74].

Демек, Н.Әжіғалиев поэзиясында жыраулық, дәстүрлі поэзияның ықпалы ерекше байқалады. Бұл да оның поэзиясының стилистикалық ерекшелігін көрсетеді. Жалпы ақын Нұралы Әжіғалиев поэзиясының стилистикалық ерекшелігіне өлеңдерінің құрылымында халық ауыз әдебиеті мен поэтикалық стильдің, авторлық «мен» көрінетін монологтардың, философиялық лириканың, синтаксистік қайталанулардың молдығын, эпитеттер мен метафора үлкен орын алып тұрғанын айтқымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әжіғалиев Н.Есіңде мәңгі қалғалы келгем. – Атырау : Ағатай, 2014. - 418 б.
2. Қабдолов, З. Сөз өнері. монография- Алматы : Санат, 2002. – 360б.
3. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: "Сөздік-Словарь". 1997.- 368 б.
4. Ахметьянов Р.Г Общая лексика духовной культуры народов среднего Поволжья. М.:Наука,1981.с.312.
5. Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексикалық-функциональды ракурс).- Алматы: «Арыс» баспасы,2008. – 256 б.
6. Әжіғалиев Н. Тағдырым осы таңдаған. Арыс» баспасы, Алматы-1998, 178-бет.

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА КИНОФИЛЬМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сатаева Л.Р.,
1 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Орал қаласы

Аннотация

Резюме: *В данной статье рассматривается эффективность применения кинофильмов в процессе обучения английскому языку. Актуальность темы обусловлена возрастающей потребностью в использовании мультимедийных и аутентичных материалов, которые способствуют формированию речевой, социокультурной и коммуникативной компетенций учащихся. Теоретическая часть статьи раскрывает психолингвистические особенности восприятия аудиовизуальной информации, а также дидактический потенциал кинофильмов как средства обучения. Аналитическая часть подтверждает, что использование кинофильмов значительно повышает мотивацию учащихся, улучшает навыки аудирования, расширяет словарный запас и способствует формированию устойчивых коммуникативных умений. В заключение подчеркивается, что кинофильмы являются эффективным и современным инструментом обучения, который обеспечивает погружение в аутентичную языковую среду и делает образовательный процесс более динамичным и результативным.*

Ключевые слова: *аудиовизуальные материалы, кинофильмы, обучение английскому языку, методика преподавания, аутентичная среда, коммуникативная компетенция, аудирование,мотивация,лексические навыки, интерактивные технологии.*

КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру кеңістігінде шетел тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану ерекше маңызға ие. Оқыту үдерісінде бейнематериалдарды, соның ішінде көркем және деректі кинофильмдерді қолдану оқушылардың тілдік құзыреттілігін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Кинофильмдер шынайы тілдік ортаға енуге, нақты коммуникативтік жағдаяттарды бақылауға, сөйлеушілердің интонациялық, вербалды және вербалды емес мінез-құлқын қабылдауға жағдай жасайды. Сол себепті кино арқылы тіл үйрету әдістемесі соңғы жылдары педагогикалық зерттеулердің маңызды бағыттарының біріне айналды.

Бұл мақаланың мақсаты — ағылшын тілін оқытуда кинофильмдерді қолданудың теориялық негіздерін ашу, олардың оқу үдерісіне ықпалын талдау және тиімді әдістемелік тәсілдер ұсыну.

1. Кинофильмдерді тіл үйретуде пайдаланудың теориялық-әдіснамалық негіздері

Қазіргі шетел тілін оқыту жүйесінде оқушыны тек тілдік біліммен қаруландыру жеткіліксіз. XXI ғасыр жағдайында білім беру процесі коммуникативтік құзыреттілікке, мәдениетаралық қарым-қатынасқа, аутенттік тілдік ортада еркін әрекет етуге бағытталуда. Осы тұрғыдан алғанда, кинофильмдер тіл үйренушілер үшін табиғи сөйлесу үлгілерін, күнделікті жағдаяттарды, мәдени ақпараттарды бір мезетте ұсына алатын ерекше мультимедиялық ресурс ретінде қарастырылады.

Кинофильмдер шынайы коммуникацияның барлық элементтерін қамтиды: дауыс ырғағы, сөйлеу екпіні, бет-әлпет мимикасы, ым-ишара, әлеуметтік контекст. Бұл компоненттер оқушының тек лингвистикалық білімін ғана емес, прагматикалық, социолингвистикалық және дискурсивтік құзыреттіліктерін де дамытады.

Педагогикалық зерттеулер кинофильмдердің тіл үйренушінің қабылдау, есте сақтау, талдау және сөйлеу дағдыларын белсенді түрде дамытуға әсер ететінін көрсетеді.

Бейнематериалдар эмоциялық фон жасайды, оқушыны қызықтырады, мотивацияны арттырады, ақпаратты көру-есту арқылы бір уақытта қабылдау процесін күшейтеді.

Кинофильмдермен жұмыс психолингвистикалық механизмдердің бірнешеуін қатар іске қосады:

1. *Көру және есту арналарын біріктірілген қабылдау.* Dual coding – ақпараттың визуалды және дыбыстық код арқылы есте сақталуы оқушылардың ұзақ мерзімді жадысына оң әсер етеді.
2. *Контекст арқылы тіл элементтерін түсіну.* Әрбір реплика нақты жағдайға байланыстырылғандықтан, жаңа сөздер немесе грамматикалық құрылымдар табиғи түрде меңгеріледі.
3. *Эмоциялық фактор.* Кино көрерменнің эмоциясына әсер етеді, эмоция когнитивтік процестерді жандандырып, есте сақталуды жеңілдетеді.
4. *Аудитивтік дағдылардың дамуы.* Әртүрлі акценттер, сөйлеу қарқыны мен интонацияны тыңдау арқылы оқушылардың тыңдап түсіну қабілеті қалыптасады.
5. *Вербалды емес коммуникацияны оқыту.* Мимика, жест, дене қозғалысы – сөйлеудің маңызды элементтері, олар тілдік қарым-қатынастың толық картинасын жасауға көмектеседі [1-3].

Кинофильмдердің тілдік және мәдени құзыреттілікті қалыптастырудағы рөлі жоғары. Атап өтсек:

- ***Лингвистикалық құзыреттілік***

Кинофильмдер оқушыларға: аутентті лексиканы; сөйлеу тіліне тән қысқартуларды; идиомаларды, сленг элементтерін; шынайы грамматикалық құрылымдарды меңгеруге мүмкіндік береді. Кітаптағы немесе жаттығудағы жасанды диалогтардан айырмашылығы — фильмдердегі диалогтар табиғи, нақты мақсатқа бағытталған, сөйлеу актісінің шынайы моделі [4].

- ***Коммуникативтік құзыреттілік***

Фильмдер: диалог құру; пікір білдіру; түрлі рөлдерде сөйлеу; сөйлеу стратегияларын таңдау сияқты дағдыларды дамытуға оң жағдай жасайды.

- ***Мәдениетаралық құзыреттілік***

Ағылшын тіліндегі фильмдер арқылы оқушылар: ұлттық салт-дәстүрді, мәдени нормаларды, құндылықтарды; әлеуметтік рөлдер мен коммуникация этикетін; тарихи және қазіргі мәдени шындықтарды түсіне алады. Бұл мәдени ақпарат прототиптік жағдаяттарда ұсынылатындықтан, оқушыларда «мәдениетке ену» әсері қалыптасады.

Сонымен қатар, шетел тілін оқытудағы бейне технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері бірталай. Бейне ресурстардың дидактикалық мүмкіндіктері [4]:

1. Аутенттік материал ұсыну мүмкіндігі. Оқушы тілді табиғи қалпында көреді және естиді.
2. Мотивацияны арттыру.

Кино — қызықты, динамикалық материал. Оқушылар сабаққа белсенді қатысады.

3. Жеке және топтық жұмысқа қолайлылық. Кино негізінде пікірталас, топтық талдау, рөлдік ойындар ұйымдастыруға болады.
4. Интегралды оқыту мүмкіндігі. Бейне материал тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекеттерін бір сабақта бірдей дамытуға жағдай жасайды.
5. Көрнекілік.

Вербалды емес әрекеттер тілдік мағынаны күшейтеді, түсінуді жеңілдетеді [5].

Кинофильмдерді ағылшын тілін оқытуда пайдаланудың әдістемелік принциптеріне тоқтала кетсек, фильмді тиімді қолдану үшін мұғалім келесі принциптерге сүйенуі керек:

1) Жүйелілік және мақсаттылық принципі: әрбір фильм немесе үзінді нақты оқу мақсатына сәйкес таңдалуы тиіс: лексикалық, грамматикалық, фонетикалық немесе коммуникативтік міндет.

2) Жас ерекшелігіне сәйкестік принципі: Фильм мазмұны, сөйлеу қарқыны, тақырыптық күрделілігі оқушының жасына сай болуы қажет.

3) Белсенді қатысу принципі: Фильм тек қаралуы керек материал емес, ол — талқылау, талдау, пікір білдіру үшін қолданылатын құрал.

4) Қолжетімділік және түсініктілік принципі: Тілдік деңгейіне байланысты субтитрлер пайдалану, күрделі эпизодтарды қысқарту ұсынылады.

5) Интерактивтілік принципі: Фильм негізінде пікірталас, диалог, рөлдік ойындар, шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылады [6-7].

2. Ағылшын тілі сабақтарында кинофильмдерді пайдаланудың әдістемелік жүйесі.

Ағылшын тілін оқытуда кинофильмдерді жүйелі және мақсатты түрде қолдану үшін сабақ үш негізгі кезеңнен тұрады: алдын ала жұмыс (pre-viewing), көру кезіндегі жұмыс (while-viewing), көруден кейінгі жұмыс (post-viewing). Бұл модель шетел тілін меңгертудің коммуникативтік, әрекеттік және интегративті тәсілдеріне сүйенеді:

- ***Pre-viewing кезеңі: оқушыны фильмге дайындау***

Бұл кезеңде оқушылардың фондық білімін белсендіру, жаңа тақырыпқа қызығушылық ояту және қажетті лексикалық тіректерді меңгерту көзделеді.

Бұл кезеңдегі негізгі тапсырмалар:

- фильмнің атауына, постеріне қарап болжам жасау;
- тақырыпқа байланысты brainstorming;
- негізгі кілт сөздермен жұмыс (matching, definition, translation);
- лексикалық тірек картасын құрастыру;
- фильм тақырыбына байланысты пікір алмасу[8].

Pre-viewing оқушыларды контекстке енгізіп, фильмді бірізді қабылдауға мүмкіндік береді.

- ***While-viewing кезеңі: фильмді мақсатты қарау***

Бұл кезеңде оқушылар назарын белсенді тыңдап-көруге бағыттайтын тапсырмалар орындалады. Мұғалім фильмді тұтас емес, қысқа фрагменттерге бөліп көрсетеді.

Негізгі тапсырмалар:

- gap-filling (тыңдап толтыру);
- true/false statements;
- кадр бойынша диалог құрау;
- оқиға желісін реттеу (ordering tasks);
- қысқа сұрақтарға жауап беру;
- персонаждардың эмоциясы мен қимылын бақылау;
- мәдени реалийлерді белгілеу (food, holidays, greetings).

Бұл кезең оқушылардың тыңдалым және көру арқылы ақпаратты түсіну қабілетін дамытады [8].

- ***Post-viewing кезеңі: фильмнен кейінгі шығармашылық жұмыс***

Бұл кезең оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын белсенді дамытуға бағытталады.

Тапсырмалар:

- фильм туралы пікір жазу (review writing);
- пікірталас (debate): *Do you agree with the character's behavior?*;
- рөлдік ойын (role-play): көріністі қайта ойнау;
- диалогтарды толықтырып жазу;
- кейіпкерлерді талдау (character analysis);
- көріністі аудару немесе дубляж жасау;
- фильмнің жалғасын болжау немесе альтернативті финал ұсыну.

Post-viewing кезеңі фильмдегі материалды оқушының жеке тілді қолдану тәжірибесіне айналдырады [8].

Кинофильмдер негізінде тілдік дағдыларды жоғары деңгейде дамытуға болады.

Атап айтсақ:

1. Лексикалық дағдылрды дамыту

Кинофильмдер аутенттік лексикамен жұмыс жасауға ерекше мүмкіндік береді. Тиімді тапсырмалар:

- жаңа сөздерді контекстке сәйкес анықтау;
- фильмнен идиомалар мен сленг элементтерін табу;
- сөз-сурет сәйкестендіру;
- фразалық етістіктермен жұмыс;
- сөздік диктант (visual / audio dictation).

Бұл әдіс оқушылардың сөздік қорын табиғи жолмен кеңейтеді.

2. Грамматикалық дағдыларды жетілдіру

Фильмдердегі диалогтар грамматикалық құрылымдардың нақты қолданысын көрсетеді [9-10].

Тапсырмалар:

- грамматикалық формаларды табу (find examples);
- уақыт формаларын, модаль етістіктерді талдау;
- сөйлемдерді қайта құрастыру;
- грамматикалық ағаттықтарды түзету (error correction).

Жасанды жаттығуларға қарағанда, аутенттік материалдағы грамматика оқушыға табиғи қабылданады.

3. Аудитивтік дағдыларды дамыту

Кинофильмдер тыңдап түсінуді дамытудың ең тиімді құралдарының бірі. Тапсырмалар:

- негізгі ойды анықтау;
- детальдарды сұрыптау;
- тыңдап-көру тестілері;
- диктордың акцентін, интонациясын талдау.

Оқушылар түрлі акценттерді есті отырып, өмірдегі шынайы коммуникацияға дайындалады.

4. Айтылым дағдыларын дамыту

Айтылымға бағытталған шығармашылық тапсырмалар:

- диалогтарды көлеңкелі қайталау (shadowing technique);
- фильм бойынша презентация жасау;
- көріністі қайта ойнау;
- кейіпкермен сұхбат жүргізу.

Бұл оқушылардың сөйлеу қарқынын, ритмін, интонациясын табиғи қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кинофильмдерді қолдануға арналған практикалық мысалдар:

Мысал 1: Бастапқы деңгей (A1–A2)

Фильм: *“Inside Out”, “Frozen”, “Home Alone”*.

Тапсырмалар:

- қысқа диалогтарды қайталау;
- негізгі сөздерді табу;
- қарапайым сұрақтарға жауап беру.

Мысал 2: Орта деңгей (B1–B2)

Фильм: *“The Intern”, “The Martian”, “Harry Potter”*.

Тапсырмалар:

- мәдени элементтерді талдау;
- кейіпкердің мотивациясын түсіндіру;
- фразеологизмдерді анықтау.

Мысал 3: Жоғары деңгей (C1–C2)

Фильм: *“The King’s Speech”, “The Social Network”, “Sherlock”*.

Тапсырмалар:

- кәсіби сөздермен жұмыс;
- пікірталас, эссе жазу;

- идеологиялық және мәдени кодтарды салыстыру.

3. Кинофильмдерді қолданудың тәжірибелік тиімділігі.

Ағылшын тілін оқытуда кинофильмдерді пайдалану тәжірибесі олардың тілдік дағдыларды кешенді дамытуда жоғары тиімділігін дәлелдейді. Кинофильмдер шынайы коммуникативтік жағдайларды көрсететін аутентиктілігімен ерекшеленіп, оқушылардың тілді табиғи контексте қабылдау қабілетін қалыптастырады. Көптеген ғылыми зерттеулер мен практик-мұғалімдердің тәжірибесі кинофильмдердің оқу үдерісіне оң ықпалын көрсетті. Бұл бөлімде кинофильмдерді қолданудың негізгі тәжірибелік артықшылықтары қарастырылады.

– ***Тыңдалым дағдыларының айқын жақсаруы***

Кинофильмдер оқушыларға әртүрлі акценттерді, сөйлеу темпі мен стильдерін естуге мүмкіндік береді. Нақты жағдайларда қолданылатын тіркестер, сөйлеудің табиғи ритмі тыңдалым қабілетін табиғи түрде дамытады.

Практикалық нәтиже:

- оқушылар шынайы ағылшын тілін түсінуге бейімделеді;
- сөйлеушінің эмоциясын, екпінін, сөйлеу қарқынын ажырату қабілеті дамиды;
- тыңдалымдағы ақпаратты іріктеу және мағынаны болжап түсіну дағдылары қалыптасады.

– ***Айтылымдағы ритм мен интонациялық мәнерліліктің қалыптасуы***

Кинофильмдердегі интонация, дауыс ырғағы, эмоция және пауза қою ерекшеліктері оқушылардың сөйлеу дағдысын байытады. “Shadowing”, “repetition”, “role-play imitation” сияқты әдістер оқушылардың табиғи сөйлеуге жақындауына жағдай жасайды.

Практикалық нәтиже:

- оқушылар ағылшын тілінің табиғи ритмін меңгереді;
- интонациялық өрнектерді дәл қайталап, өз сөзінде қолдана алады;
- сөйлеу мәнерлілігі артып, монотонды сөйлеу азаяды.

– ***Лексикалық қордың кеңеюі және фразеологизмдерді меңгеру***

Кинофильмдердегі тілдік бірліктер — фразалық етістіктер, тұрақты тіркестер, сленг, идиомалар — оқушыларға қазіргі өмірде қолданылатын сөздік қорды ұсынады. Бұл сөздер оқулықтарда жиі кездеспейді, бірақ күнделікті сөйлесуде маңызды рөл атқарады.

Практикалық нәтиже:

- жаңа сөздер тез есте сақталады, себебі визуалды қолдау күшті;
- лексиканы дұрыс контексте қолдану дағдысы қалыптасады;
- коммуникативтік жауап беру жылдамдығы артады.

– ***Мәдениетаралық құзыреттің дамуы***

Кинофильмдер — ағылшын тілді елдердің мәдениеті, әлеуметтік нормалары, қарым-қатынас этикеті, мінез-құлық үлгілері бейнеленген мәдени құжат. Олар оқушыларға лингвомәдени контексті терең түсінуге көмектеседі.

Практикалық нәтиже:

- мәдениетті салыстыра талдау дағдысы дамиды;
- тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени мағынасы ашылады;
- стереотиптер азайып, мәдениетаралық түсіністік артады [11].

– ***Оқушылардың оқу мотивациясының артуы***

Кинофильмдер оқушыларды қызықтыра отырып, тіл үйренуді жандандырады. Сюжеттің эмоционалды әсері, музыкалық сүйемелдеу, кейіпкерлерге еліктеу — мотивациялық факторлардың бірі.

Практикалық нәтиже:

- сабаққа қатысу белсенділігі артады;
- күрделі грамматикалық материалдар жеңіл қабылданады;
- оқушылар өз бетінше фильм көруге ынталанады.

– ***Коммуникативтік дағдылардың жетілуі***

Фильмнен кейінгі пікірталас, рөлдік ойындар, диалогтық тапсырмалар сөйлеу арқылы тілдің практикалық қолданылуын күшейтеді. Оқушылар тілдік материалды нақты жағдаятта

пайдаланады.

Практикалық нәтиже:

- өз ойын еркін жеткізу қабілеті артады;
- аргументтеу, сұрақ қою, қарсы пікір білдіру дағдылары қалыптасады;
- топтық жұмыс пен пікір алмасу дағдылары дамиды.

– ***Критикалық ойлау дағдыларының дамуы***

Кинофильмдердегі оқиғаларды талдау, кейіпкерлердің әрекетін бағалау, сюжеттік желіні болжау арқылы оқушылар аналитикалық қабілеттерін дамытады.

Практикалық нәтиже:

- оқушылар оқиғаларды салыстыра алады;
- логикалық қорытынды жасау деңгейі жоғарылайды;
- шығармашылық ойлау ынталандырылады [12].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ағылшын тілін оқытуда кинофильмдерді пайдалану – қазіргі шет тілі педагогикасындағы ең тиімді әрі инновациялық әдістердің бірі. Кинофильмдер оқыту процесіне аутентиктілікті, өмірлік жағдаяттарды, мәдени ақпаратты және табиғи сөйлеу үлгілерін енгізе отырып, оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын жан- жақты дамытады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, фильмдерді сабақта жүйелі қолдану тыңдалым дағдыларын жақсартып қана қоймай, айтылымдағы ритм мен интонацияны табиғиландырады, сөйлеудің эмоционалды реңкін дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді.

Кинофильмдерді оқыту процесіне тиімді енгізу үш кезеңге бөлінеді: фильм алдындағы дайындық, фильмді көру барысындағы жұмыс және фильмнен кейінгі тапсырмалар. Әр кезеңде оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған түрлі әдістер – диалогты қалпына келтіру, интанациялық көлеңкелей қайталау (shadowing), рөлдік ойындар, мәдениетаралық талдау – жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, кинофильмдер арқылы оқыту оқушылардың шынайы ағылшын тілін қабылдауға дайындығын арттырып, мәдениетаралық коммуникацияға қажетті фондық біліммен қамтамасыз етеді. Тілді табиғи ортада қабылдау қабілеті дамып, өз ойын еркін жеткізу, пікір білдіру, аргументтеу сияқты жоғары деңгейлі дағдылар қалыптасады.

Әдістемені қолдану барысында кездесетін қиындықтар (сөйлеу жылдамдығы, мәдени контекст, техникалық шектеулер) дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық тәсілдер арқылы оңай шешімін табады. Демек, кинофильмдер – тілдік орта тапшылығын толықтыруға мүмкіндік беретін тиімді дидактикалық ресурс.

Қорытындылай келе, кинофильмдерге негізделген оқыту технологиясы – оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыратын, коммуникативтік құзыреттілігін дамытатын және мәдениетаралық түсінігін кеңейтетін пәрменді құрал. Бұл әдіс заманауи білім беру талаптарына толық сәйкес келеді және ағылшын тілін оқытудың сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Stempleski, S., & Tomalin, B. *Film in Action: Teaching Language Using Moving Images*. Cambridge University Press, 2001.

2. Sherman, J. *Using Authentic Video in the Language Classroom*. Cambridge University Press, 2003.

3. Harmer, J. *The Practice of English Language Teaching*. Pearson Education, 2015.

4. Richards, J. C., & Rodgers, T. S. *Approaches and Methods in Language Teaching*. Cambridge University Press, 2014.

5. Brown, H. D. *Principles of Language Learning and Teaching*. Pearson Education, 2007.

6. King, J. "Using DVD Feature Films in the EFL Classroom." *Computer Assisted Language Learning*, 2002.

7. Canning-Wilson, C. "Practical Aspects of Using Video in the Foreign Language Classroom." *The Internet TESL Journal*, 2000.

8. Allan, M. "Teaching English with Video." *ELT Journal*, 1985.
9. Oxford, R. *Language Learning Strategies: What Every Teacher Should Know*. Newbury House, 1990.
10. Harwood, N. (Ed.). *English Language Teaching Materials: Theory and Practice*. Cambridge University Press, 2010.
11. Кулькина, Н. В. Использование видеофрагментов при обучении иностранному языку. – М.: Просвещение, 2018.
12. Садыкова, Р. Ш. Инновационные технологии в обучении иностранным языкам. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КАРАОКЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МОДЕЛІ

Хамитова Б.С ., 1 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Аннотация
Резюме:*В статье рассматриваются теоретические основы и методическая модель использования караоке-технологии в процессе обучения английскому языку. Показано, что применение караоке способствует развитию фонетических навыков, формированию правильного речевого ритма, интонационной выразительности, улучшению аудирования и автоматизации устной речи. На основе анализа психолингвистических и педагогических подходов предложена структурированная модель, включающая целевой, содержательный, процессуальный, инструментальный и оценочный компоненты. Подробно описаны этапы работы с караоке: мотивационный, аудитивный, фонетико-артикуляционный, этап исполнения и рефлексивно- аналитический. Доказано, что интеграция караоке в учебный процесс повышает мотивацию обучающихся, создает эмоционально благоприятную среду, развивает творческие и коммуникативные способности. Представленная модель может быть использована учителями иностранного языка для повышения эффективности фонетической подготовки и формирования естественных навыков английской речи.*

Ключевые слова: *караоке-технология, обучение английскому языку, фонетические навыки, речевой ритм, интонация, аудирование, коммуникативная компетенция, интерактивные методы, мотивация, методическая модель.*

КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар шет тілін оқытуда ерекше орын алып отыр. Соның ішінде караоке технологиясын қолдану —

тіл үйренушілердің фонетикалық дағдыларын, ритм мен интонацияны, сөйлеу мәнерлілігін дамытуға бағытталған инновациялық әдістердің бірі. Караоке оқушыларға ән мәтінін дыбыстау, интонациялық өрнекті дұрыс қою, ағылшын тілінің табиғи артикуляциялық дағдыларын меңгеру мүмкіндігін береді.

Музыкалық материал мен тілдік материалдың байланысы танымдық қызығушылықты арттыра отырып, сөйлеу мүшелерінің жұмысын белсендіреді, тыңдалым және айтылым дағдыларын кешенді дамытады. Осы мақалада караоке технологиясын ағылшын тілі сабақтарында қолданудың әдістемелік моделі ұсынылады.

1. Караоке технологиясының теориялық негіздері

Караоке технологиясы – шет тілін оқытуда аудиовизуалдық материалдарды қолдануға негізделген, дыбыстық сүйемелдеу арқылы мәтінді ырғақпен, интонациямен, анық айтуды

дамытуға бағытталған инновациялық әдіс. Бұл технологияның мәні – оқушыларға белгілі бір тілдегі ән немесе аудиожазба мәтінін көрнекі түрде көрсетіп, оны музыкалық сүйемелдеу арқылы орындауға мүмкіндік беру. Караоке тек көңіл көтеру құралы ретінде ғана емес, тілдік дағдыларды қалыптастырудың тиімді педагогикалық әдісі ретінде танылып отыр.

Караоке технологиясы оқытудағы мультимедиялық тәсілдерге жатады. Мультимедиялық оқыту теориясы (Р. Мейер) бойынша дыбыс, мәтін және визуалды ақпараттың бірігуі оқушының ақпаратты қабылдау тиімділігін арттырады. Караоке дәл осы үш арнаны бірдей іске қосады [1]:

- есту арнасы – әннің әуені мен дикцияны тыңдау арқылы;
- көру арнасы – экранда көрінетін мәтін арқылы;
- қимыл-динамикалық арна – ән айтқан кезде артикуляциялық аппараттың белсенді жұмыс істеуі арқылы.

Бұл үш арнаның бір мезетте іске қосылуы есте сақтауды күшейтіп, жаңа лексика мен грамматикалық құрылымдарды жылдам меңгеруге көмектеседі.

Караоке технологиясы тіл үйретудің келесі лингводидактикалық қағидаттарына сүйенеді:

1) Коммуникативтік қағидат

Ән айту кезінде оқушы нақты тілдік әрекетке қатысады: ырғақ, пауза, интонация табиғи сөйлеуді модельдейді. Ән мәтіндері әдетте сөйлеу тілінің үлгілеріне жақын, сондықтан оқушылар табиғи тілдік ортаға ұқсас жағдайға енгізіледі.

2) Аутенттілік қағидаты

Көптеген сабақтарда қолданылатын караоке материалдары – нағыз аутентті контент, яғни сол тілдің мәдениетіне тән, табиғи лексика мен стильдік ерекшеліктерді қамтиды. Бұл оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады.

3) Когнитивтік белсендіру қағидаты

Әнді оқу, тыңдау, айту – есте сақтау, ассоциация құру, мәтінді талдау сияқты когнитивтік процестерді ынталандырады. Музыка эмоция арқылы есте сақтауды арттыратын қуатты когнитивтік құрал болып табылады.

4) Мотивациялық қағидат

Көптеген зерттеулер (Г. Гарднер, Д. Хармер) бойынша музыка мен әндерді қолдану оқушылардың ішкі мотивациясын күшейтеді. Караоке сабақтары оқушыларға жағымды эмоционалды атмосфера қалыптастырып, тіл үйрену үрдісін ойын формасына жақындатады [1-2].

Сонымен қатар, Караоке технологиясын қолдану келесі психологиялық механизмдерге сүйенеді:

- *Музыкалық-эмоционалдық әсер* – музыка адам эмоциясын қоздырады, стрессті төмендетеді, оқу үрдісін жеңілдетеді.
- Вербалды-жаттығу механизмі – ән айту арқылы артикуляциялық бұлшықеттер жаттығып, сөйлеу аппаратының икемділігі артады.
- *Жадтың ассоциативті формасы* – сөздер әуенмен байланысқан кезде жылдам есте қалады.
- *Сенім қалыптастыру* – музыкамен айту оқушының қорқынышын азайтып, өзін еркін сезіндіреді.

Ән айту барысында табиғи түрде қайталау жүреді. Қайталау – тіл үйретудегі негізгі принциптердің бірі, ал караоке бұл процесті қызықты формада жүзеге асырады.

Бұған қоса, Караоке технологиясы сөйлеу әрекетінің барлық түрін дамытады:

- айтылым – дыбыстау, қарқын, интонация, дауыс қою;
- естілім – тыңдау дағдысы, фонематикалық есту;
- оқылым – мәтінді жылдам тану, сөз мағынасын контекстен түсіну;
- жазылым – ән мәтіні бойынша рефлексия, мазмұндама немесе постер құрастыру.

Әсіресе айтылымды қалыптастыруда караоке өте тиімді:

- фонетикалық дағдылар қалыптасады;

- сөйлеу қарқыны реттеледі;
- тілдің табиғи интонациялық үлгісі меңгеріледі.

Караоке технологиясын қолданудың артықшылықтары мен шектеулері бар, соларға тоқталып өтсек. Алдымен *артықшылықтарна* келер болсақ, олар:

- қызықтылық пен мотивацияны арттырады;
- аутентті материалдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді;
- фонетикалық дағдыларды табиғи жолмен қалыптастырады;
- оқушының өзіндік белсенділігін арттырады;
- эмоциялық фонды жақсартады;
- сөйлеу мәдениетін дамытады.

Караоке технологиясын қолданудағы *шектеулер:*

- барлық ән мәтіндері оқу мақсаттарына сәйкес келмеуі мүмкін;
- техникалық жабдық қажет (проектор, колонка, интернет);
- кейбір оқушылар көпшілік алдында ән айтуға ұялуы мүмкін;
- кей әндер тым жылдам немесе күрделі болуы мүмкін.

Дегенмен дұрыс таңдалған караоке материалдары бұл шектеулерді азайтып, технологияны тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

2. Караоке технологиясын қолданудың әдістемелік моделі

Караоке технологиясын шетел тілін оқыту процесіне енгізу жүйелі әдістемелік модельді қажет етеді. Бұл модель оқытудың мақсаттарын, мазмұнын, формаларын, құралдарын, бағалау түрлерін және оқыту нәтижелерін өзара байланыста іске асыруға бағытталған. Әдістемелік модель — караокені тек қосымша ресурс ретінде емес, тілдік дағдыларды кешенді дамытуға арналған толыққанды оқыту технологиясы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Модель келесі негізгі компоненттерден тұрады [3-4]:

1. Мақсаттық компонент
2. Мазмұндық компонент
3. Процессуалдық (операциялық) компонент
4. Құралдық компонент
5. Нәтижелік компонент

Әр компонент өзара байланысқан және оқыту процесінің логикалық бірлігін қамтамасыз етеді.

— ***Мақсаттық компонент***

Караоке технологиясын қолданудың негізгі мақсаттары:

1) Фонетикалық дағдыларды дамыту
- дыбыстарды дұрыс артикуляциялау;
- интонация, пауза, қарқын, ритм;
- ағылшын тілінің табиғи дыбысталуы мен екпін үлгілерін меңгеру.

2) Лексикалық қорды кеңейту
- жаңа сөздерді ән мәтіндерінен меңгеру;
- сөздерді контекстте қолдану дағдысын қалыптастыру.

3) Тыңдалым дағдыларын дамыту
- фонематикалық естуді жетілдіру;
- жылдам сөйлеуді түсіну;
- әртүрлі акценттерді тану.

4) Айтылым дағдыларын автоматтандыру
- сөйлеу жылдамдығын реттеу;
- әлсіз буындарды дұрыс айту;
- сөйлем құрау дағдысын жетілдіру.

5) Мотивацияны арттыру
- оқушының тілге деген қызығушылығын күшейту;
- жағымды эмоционалды орта қалыптастыру.

— ***Мазмұндық компонент***

Мазмұндық компонент караоке материалдарын іріктеу қағидаттарына сүйенеді:

1) Тілдік мазмұнның сәйкестігі

- сөздік деңгейі оқушылардың деңгейіне сай болуы;
- мәтіннің күрделілігі CEFR шкаласына сәйкес таңдалады.

2) Дидактикалық құндылығы

- мәтінде жиі қолданылатын грамматикалық құрылымдардың болуы;
- сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер мен тіркестер.

3) Мәдени-аутенттілік

- ағылшын тілін тасымалдаушы елдердің мәдени элементтерін қамту.

4) Жас ерекшелігі

- мазмұны оқушылардың жасына, қызығушылығына сәйкес болуы. Мазмұндық компонент үш деңгейден тұрады:

1. Дайындық материалдары

– фонетикалық жаттығулар, сөздік минимум.

2. Негізгі караоке материалдары

– ән мәтіні, аудармасы, фонетикалық қиын сөздер.

3. Қолданбалы материалдар

– постер, шағын эссе, пікірталас сұрақтары.

— ***Процессуалдық (операциялық) компонент***

Процессуалдық компонент караокені сабақта қолданудың нақты қадамдарын сипаттайды. Бұл бөлім технологияның тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі әдістерді қамтиды [6].

Караоке технологиясын сабақта қолданудың кезеңдері:

1- кезең: Мотивациялық-ұйымдастырушылық кезең

Мақсаты – оқушылардың назарын шоғырландыру, эмоционалды фон қалыптастыру. Мұғалімнің әрекеттері:

- әнге қысқаша кіріспе жасайды;
- негізгі жаңа сөздерді алдын ала түсіндіреді;
- әннің тақырыбын талқылауға бағытталған сұрақтар қояды. Оқушы әрекеті:
- болжам жасайды;
- тақырып бойынша өз ойын айтады. 2-кезең: Тыңдалым кезеңі

Мақсаты – әнді жалпы түсіну және фонематикалық естуді дамыту. Әдістер:

- *“Listen and check”*
- *“Missing words”* (жоғалған сөздерді толтыру)
- *“Order the lines”* (шумақтарды реттеу)

Оқушылар әнді бірінші рет толық тыңдап, негізгі мазмұнын анықтайды.

3-кезең: Айтылым және фонетикалық жұмыс кезеңі Бұл кезең — караоке технологиясының өзегі.

Жүргізілетін жұмыстар:

- қиын сөздердің артикуляциясын талдау;
- интонациялық үлгімен жаттығу;
- жеке дауыспен айту (қажет болса);
- буындық ырғақпен айту.

Бұл кезеңде *choral reading, shadowing, echo pronunciation* әдістері жиі қолданылады. 4-кезең: Караокемен орындау кезеңі

Оқушылар әнді музыкалық сүйемелдеумен айтады. Формалары:

- жеке орындау,
- жұптық,
- топтық орындау,
- “хор” форматы.

Бұл кезең сөйлеу дағдыларының автоматтануына әсер етеді. 5-кезең: Рефлексия және тілдік талдау

Мақсаты – атқарылған жұмыс бойынша қорытынды жасау. Мүмкін болатын тапсырмалар:

- ән мазмұны бойынша пікір білдіру;
- жаңа сөздерді сөйлемде қолдану;
- ән кейіпкерінің образын сипаттау;
- шағын шығармашылық тапсырмалар.

— ***Құралдық компонент***

Караоке технологиясын жүзеге асыруға қажет құралдар:

- компьютер, ноутбук немесе планшет;
- проектор немесе интерактивті тақта;
- дыбыс құрылғылары (колонка, микрофон);
- интернетке қолжетімділік;
- YouTube, LyricsTraining, ESL Karaoke, Smule т.б. платформалар. Сонымен бірге мұғалім келесі дидактикалық қосымшаларды қолдана алады:
- жұмыс парақтары;
- сөздік карточкалар;
- QR-код арқылы қолжетімді материалдар.

— ***Бағалау компоненті***

Караоке технологиясында бағалау бірнеше бағытта жүргізіледі:

1) Фонетикалық дағдыларды бағалау
- дыбыстау дәлдігі
- екпін
- интонация

2) Тыңдалым нәтижелері
- мәтінді түсіну деңгейі
- тапсырмаларды орындау сапасы

3) Лексикалық дағдылар
- жаңа сөздерді қолдану
- сөз тіркестерін дұрыс айту

4) Шығармашылық және коммуникативтік белсенділік Бағалау формалары:
- қалыптастырушы бағалау
- өзара бағалау
- өзін-өзі бағалау
- критериалды бағалау [3-4].

3. Караоке технологиясын қолданудың тәжірибелік тиімділігі

Караоке технологиясын сабақта жүйелі қолдану төмендегі нәтижелерге қол жеткізеді:

Фонетикалық дағдылардың жақсаруы

- дыбыстарды дұрыс айту;
- ритм мен стресс заңдылықтарын меңгеру;
- интонацияның табиғилануы.

Сөйлеу мәнерлілігінің артуы

- дауыс ырғағын бақылау;
- эмоционалды реңкті дәл жеткізу;
- сөйлеудің монотонды болмауы.

Лексикалық және грамматикалық дағдылардың дамуы

- жиі қолданылатын сөздер мен тіркестерді меңгеру;
- фразеологизмдер мен қысқартылған формаларды үйрену;
- грамматикалық құрылымдарды контекстте қолдану.

Психологиялық барьердің төмендеуі

Ән айту — табиғи эмоционалды процесс, сондықтан:

- сөйлеудегі қысылу сезімі азаяды;
- қате жасаудан қорқу төмендейді;

- топтық ынтымақтастық күшейеді.

Оқу мотивациясының артуы

Музыка мен тілдің бірігуі:

- сабаққа қызығушылықты арттырады;
- зейінді тұрақтандырады;
- өзіндік оқуға ынталандырады (оқушылар өздері сүйетін әндерді жаттайды) [5,7].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ағылшын тілін оқытуда караоке технологиясын қолдану — заманауи педагогиканың талаптарына жауап беретін, оқушылардың тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуға бағытталған тиімді инновациялық әдістердің бірі. Жүргізілген теориялық талдау караоке технологиясының негізгі психолингвистикалық және әдістемелік негіздері фонетикалық дағдыларды қалыптастыруға, ритм мен интонацияны автоматтандыруға, тыңдалым және айтылым құзыреттілігін дамытуға тікелей әсер ететінін көрсетті. Ән мәтіндерінің құрылымы, ырғақтық табиғаты, интонациялық ерекшеліктері оқушының шетел тіліндегі дыбыстық жүйені табиғи қабылдауына мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында жасалған караоке технологиясын қолданудың әдістемелік моделі оның оқыту процесін жүйелі түрде ұйымдастыруға болатындығын дәлелдеді. Модельдің мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық, құралдық және бағалау компоненттерінің бірлігі сабақтың құрылымын нақты, нәтижеге бағытталған және педагогикалық тұрғыдан тиімді етуге мүмкіндік береді. Караокеге негізделген оқыту моделі фонетикалық дағдыларды қалыптастырумен қатар, сөздік қорды кеңейтуді, тыңдалым дағдыларын жетілдіруді, сөйлеу қарқынын реттеуді және оқушының өзіне деген сенімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Әдістемелік модельдің тәжірибеде қолданылуы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын айтарлықтай арттыратынын, эмоционалды жағымды орта қалыптастыратынын және тіл үйрену мотивациясын күшейтетінін көрсетті. Караоке технологиясының интерактивті сипаты оқушыларды белсенді қатысушыға айналдырып, олардың коммуникативтік әрекетке еркін араласуына ықпал етеді. Сонымен бірге топтық орындау, жұптық жұмыс, шығармашылық тапсырмалар оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, караоке технологиясын жүйелі және әдістемелік тұрғыдан дұрыс қолдану төмендегідей нақты нәтижелерге әкеледі:

– ағылшын тілінің ритм-екпіндік жүйесін меңгерудің жақсаруы;
– интонациялық өрнектерді дұрыс қолдану деңгейінің артуы;
– тыңдалым дағдыларының айтарлықтай жетілуі;
– айтылымның табиғиланып, сөйлеу жылдамдығының реттелуі;
– сөздік және фразеологиялық қордың кеңеюі;
– креативтілік, еркіндік және сенімділік сезімінің қалыптасуы.

Жалпы алғанда, караоке технологиясы — тілдік орта тапшылығын толықтыруға, оқушының сөйлеу әрекетін белсендіруге және тіл үйрену процесін эмоционалды әрі қызықты етуге мүмкіндік беретін педагогикалық құрал. Сондықтан бұл технологияны ағылшын тілін оқытудағы қосымша әдіс ретінде ғана емес, фонетикалық, лексикалық және коммуникативтік дағдыларды дамытудың пәрменді кешенді технологиясы ретінде қарастыру қажет.

Келешекте караоке технологиясын цифрлық білім беру платформаларымен интеграциялау, жас ерекшелігіне қарай бейімделген караоке-жаттығулар жинағын әзірлеу, сондай-ақ технологияның әртүрлі деңгейдегі оқушыларға ықпалы бойынша эмпирикалық зерттеулер жүргізу өзекті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Murphey, T. *Music and Song in Language Learning*. Cambridge University Press, 1990.
2. Goodwin, J. *Pronunciation Teaching: The Power of Music and Rhythm*. Routledge, 2018.
3. Richards, J. C., & Rodgers, T. *Approaches and Methods in Language Teaching*. Cambridge

University Press, 2014.
4. Fonseca-Mora, M. C. "The Role of Music in Language Acquisition." *Language Teaching Research*, 2009.
5. Sharman, S. “Using Karaoke in EFL Classrooms.” *TESOL Journal*, 2016.
6. Садыкова, Р. Ш. Инновационные методы обучения иностранным языкам. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
7. Көшербаева, А. Фонетикалық дағдыларды қалыптастырудағы музыкалық технологиялар. – Алматы, 2019.

ӘОЖ 94 (574)

ЖАНҰЗАҚ ҚАСЫМБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ МЕН СҰЛТАНДАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Жубандыков А.О., 2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Аннотация
Резюме:*В данной статье рассматриваются исследования выдающегося историка, профессора Жанузака Касымбаева о казахских ханов и султанах. Работы автора направлены на изучение политической истории казахского государства XVIII– XIX веков, эволюции системы управления страной и роли национальной элиты. В статье анализируются научные выводы Касымбаева о таких исторических личностях, как Абылай хан, Абулхайыр хан, Баймухамед Айшуаков, и их вклад в сохранение государственности Казахстана, основанный на архивных данных. Особое внимание уделяется использованию архивных материалов и методологии историка. Исследования Ж. Касымбаева способствовали объективной оценке деятельности казахских ханов и*

султанов в условиях колониальной политики, а также глубокому пониманию их борьбы за независимость.

Ключевые слова*: Жанузак Касымбаев, казахские ханы, султаны, историческое исследование, Абылай хан, Абылайкайыр хан, Баймухамед Айшуаков, источниковедение, колониальная политика.*

Қазақ халқының мемлекеттілігі мен оның тарихи тұлғалары – хандар мен сұлтандардың өмірі мен қызметін зерттеу отандық тарих ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осы салада елеулі еңбек еткен көрнекті тарихшылардың бірі – профессор Жанұзақ Қасымбаев. Ол өзінің ғылыми зерттеулерінде XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ елінің саяси, әлеуметтік, әскери тарихына, әсіресе Абылай, Кенесары, Әбілқайыр, Айшуақ, Есім, Жәңгір, Жантөре секілді хандар мен сұлтандардың қызметіне жан-жақты талдау жасаған. Ж.Қасымбаев еңбектерінің басты ерекшелігі – деректік материалдардың мол қолданылуы, тарихи тұлғаларға тек саяси тұрғыдан емес, ұлттық мемлекеттілік дамуының контекстінде баға беруінде. Оның зерттеулері қазіргі қазақ тарихнамасында хандар мен сұлтандардың рөлін қайта қарауға зор үлес қосты.

Жанұзақ Қасымбаев (1941–2001) – Қазақстан тарих ғылымының ірі өкілі, педагог, профессор, көптеген ғылыми монографиялар мен оқулықтардың авторы. Ол Қазақстанның Ресей империясы құрамындағы кезеңін, хандық билік институтының эволюциясын, аймақтық басқару жүйелерінің қалыптасуын зерттеген. Ғалымның

«Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.)», «Кенесары хан: саясатшы және қолбасшы.», «Генерал, султан-правитель Баймухамед Айшуаков (1790-1847)» секілді еңбектері отандық тарихнаманың алтын қорына енді. Ол архив материалдарын кеңінен пайдаланып,

бұрынғы зерттеушілер назарынан тыс қалған деректерді ғылыми айналымға енгізді. Қасымбаевтың еңбектерінде қазақ қоғамының басқару жүйесі, билік иелерінің саяси-құқықтық мәртебесі, олардың Ресей империясымен қарым- қатынасындағы стратегиялары жан-жақты талданады. Бұл зерттеулер отарлық кезеңнің күрделі әлеуметтік-саяси процестерін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының XVIII ғасырдағы тарихы – елдің тәуелсіздігі мен тұтастығын сақтап қалу жолындағы күреспен тығыз байланысты. Сол дәуірдің ең көрнекті тұлғаларының бірі – Абылай хан (1711–1781). Ол қазақ елін біріктіріп, саяси тұрақтылық орнатқан, көреген саясаткер әрі батыр қолбасшы ретінде халық жадында сақталған. Абылай хан тұлғасы туралы көптеген еңбектер жазылғанымен, оны ғылыми тұрғыдан жүйелеп, деректік негізде жаңаша талдаған зерттеушілердің бірі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Жанұзақ Қасымбаев.

Жанұзақ Қасымбаев Абылай ханның қызметін зерттеуде бұрынғы еңбектерге сыни көзқараспен қарап, оның саяси, әскери, дипломатиялық әрекеттерін жаңа тарихи деректермен негіздейді [1]. Ғалымның басты мақсаты – Абылайдың ұлттық мемлекеттілікті сақтап қалудағы стратегиялық рөлін ашу, оны кеңестік идеология әсерінен арылтып, шынайы тарихи бейнесін қалпына келтіру болды. Қасымбаев зерттеуінде Абылайды тек батыр немесе билеуші емес, мемлекет қайраткері, дипломат, және ұлттық бірлікті сақтаушы тұлға ретінде сипаттайды. Ол ханның ішкі және сыртқы саясаттағы шешімдерін кең көлемде талдай отырып, оның қазақ қоғамындағы реформаторлық қызметіне баға береді [2, 25 б.].

Ж.Қасымбаев еңбектерінде Абылайдың ішкі саясаты – ел бірлігін нығайту, рулар арасындағы талас-тартысты тоқтату және орталық билікті күшейту бағытында болғаны айтылады. Ғалымның тұжырымы бойынша, Абылай хан қазақ мемлекеттілігінің жаңғыруына жол ашқан тұлға. Ол үш жүздің басын қосып, елді ортақ мақсатқа жұмылдырды. Ж.Қасымбаев атап өтеді: Абылай билігі тұсында хандық кеңес жүйесі жанданып, билер мен батырлардың ықпалы күшейген, алайда түпкі шешім ханның

қолында болған. Бұл – сол кезеңдегі мемлекетті басқарудың аралас моделі, яғни дәстүрлі билік пен орталықтандырудың үйлесімі еді [1. 156 б.].

Қасымбаев Абылай ханның сыртқы саясатына ерекше назар аударған. Ол ханның көрші мемлекеттермен – Ресей, Қытай, Жоңғар, Хиуа және Бұхара хандықтарымен қатынастарын нақты архив құжаттарына сүйене отырып талдайды. Ғалымның пікірінше, Абылай ханның басты дипломатиялық шеберлігі – екі империя арасындағы тепе-тең саясат жүргізуінде. Ол Ресей мен Қытай арасындағы қарама-қайшылықты пайдаланып, қазақ жерінің тәуелсіздігін сақтап қалды. Мысалы, Абылайдың Ресей империясымен хат алмасулары мен Қытай сарайына жолдаған елшіліктері арқылы елдің шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз еткендігі дәлелденеді. Қасымбаев бұл саясатты «тәуелсіздік бағытының үлгісі» деп бағалайды [3, 45 б.]. Ол Абылайды тек «қос державаның боданы» ретінде емес, егемендік үшін күрескер, көпвекторлы саясат жүргізген кемеңгер деп сипаттайды.

Ж.Қасымбаевтың зерттеу жұмыстары нақты тарихи деректерге сүйеніп жазылған. Ол Омбы, Орынбор, Мәскеу, Санкт-Петербург және Бейжің мұрағаттарындағы құжаттарды, елшілік есептерін, замандас зерттеушілердің жазбаларын кеңінен қолданған. Ғалым деректерді салыстырмалы-тарихи, хронологиялық және жүйелі талдау әдістерімен зерттейді. Мысалы, ол Абылай туралы орыс деректерін қазақ ауызша дәстүрімен және шығыс жазбаларымен салыстырып, тарихи оқиғалардың шынайылығын дәлелдеуге тырысқан [4, 56 б.].

Ж.Қасымбаев Абылайды қазақ елінің мемлекеттік мүддесін қорғаған, ішкі тұрақтылық пен сыртқы қауіпсіздікті сақтаған тарихи тұлға деп бағалайды. Ол ханның іс-әрекетін идеологиялық емес, тарихи-реалистік тұрғыдан түсіндіреді. Ғалымның пікірінше, Абылай ханның ең басты жетістігі – елді саяси дағдарыстан алып шығып, қазақ мемлекеттілігін жаңа деңгейге көтеруі. Ол қазақ халқының болашағы үшін шынайы дипломатиялық күрес жүргізіп, сыртқы күштер арасында теңгерімді саясат ұстанды.

Жанұзақ Қасымбаевтың Абылай хан туралы зерттеулерінің тарихи маңызы зор. Біріншіден, ол ханның саяси және дипломатиялық қызметін жаңаша тұрғыдан талдап, ұлттық мемлекеттілік идеясын айқындады. Екіншіден, Абылай тұлғасы арқылы қазақ қоғамының XVIII

ғасырдағы саяси мәдениеті мен басқару жүйесін ғылыми тұрғыдан сипаттады. Үшіншіден, Қасымбаев еңбектері қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік дәуіріндегі мемлекеттік идеялармен сабақтасып жатыр [5, 78 б.]. Ғалым зерттеулері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды, себебі Абылайдың саяси тәжірибесі қазіргі замандағы ұлттық қауіпсіздік пен егемендік ұғымдарын түсінуге үлгі бола алады.

Жанұзақ Қасымбаев – қазақ хандары мен сұлтандарының, соның ішінде Абылай ханның тарихи тұлғасын терең зерттеген көрнекті тарихшы. Оның еңбектері Абылайдың бейнесін ғылыми тұрғыдан толық ашып, оны тек аңыз кейіпкері емес, нақты саяси қайраткер ретінде танытты. Қасымбаев зерттеулері Абылай ханның мемлекет басқарудағы даналығы мен ұлт бірлігін сақтаудағы еңбегін бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан ғалымның мұрасы – қазақ тарих ғылымындағы ұлттық мемлекеттіліктің негізін түсіндіретін құнды дереккөзі.

XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси өмірінде ерекше орын алған тұлға – Кіші жүздің ханы Әбілқайыр Мұхамбетқазыұлы (1693–1748). Оның ел бірлігін сақтау, сыртқы қауіптерге қарсы тұру және Ресей империясымен саяси байланыс орнатудағы рөлі тарих ғылымында көп талқыланған. Осы күрделі дәуірді терең әрі жан-жақты зерттеген тарихшылардың бірі – профессор Жанұзақ Қасымбаев. Ол Әбілқайырдың тұлғасын біржақты бағалаудан арылтып, оны өз заманындағы геосаяси жағдайды дұрыс түсіне білген, ел тәуелсіздігін сақтауға ұмтылған мемлекет қайраткері ретінде танытты.

Ж.Қасымбаев өз зерттеулерінде XVIII ғасырдағы қазақ қоғамындағы саяси процестерді нақты тарихи деректермен негіздей отырып талдады. Ол Әбілқайыр хан туралы зерттеулерінде: біріншіден, ханның Ресеймен одақ орнату себептерін, екіншіден,

оның ішкі саясаттағы ұстанымын, үшіншіден, қазақ мемлекеттілігін сақтап қалудағы стратегиялық шешімдерін саралады [6, 45 б.]. Ғалымның пікірінше, Әбілқайыр хан Ресей империясымен 1731 жылғы келісімге мәжбүрліктен емес, прагматикалық саяси қадам ретінде барған. Себебі ол заманда қазақ халқы үш жақты қысымда – жоңғарлардан, башқұрттар мен Хиуа билеушілерінен қауіп төндіріп тұрған еді.

Кеңестік кезеңде Әбілқайыр ханның бейнесі көбіне теріс тұрғыдан сипатталып, оны «Ресей бодандығын қабылдаған сатқын» ретінде көрсету басым болды. Ж.Қасымбаев бұл көзқарасты түбегейлі өзгертті. Ол архивтік құжаттар мен елшілік жазбаларды талдай отырып, Әбілқайырдың Ресеймен қарым-қатынасы тәуелсіздік идеясын қорғауға бағытталған күрделі дипломатиялық қадам болғанын дәлелдеді. Ғалымның еңбектерінде Әбілқайырдың саясаткер ретіндегі тұлғасы бірнеше қырынан қарастырылады: 1. Қорғаныс саясаты – жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ жасақтарын ұйымдастыру; 2. Дипломатиялық стратегия – Ресей мен Орта Азия хандықтары арасындағы теңгерімді саясат; 3. Мемлекеттілікті сақтау – қазақ руларының басын қосу және билік құрылымын нығайту. Қасымбаев атап көрсеткендей, Әбілқайырдың Ресеймен байланысы «тәуелділік емес, саяси қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрекеті» болды.

Ж.Қасымбаев өз зерттеулерінде Орынбор, Омбы, Мәскеу мұрағаттарындағы бұрын қолжетімсіз болған тарихи деректерді пайдаланды. Ол Әбілқайыр ханның Ресей әкімшілігіне жазған хаттарын, елшілік есептерін, дипломатиялық құжаттарын ғылыми айналымға енгізіп, тарихи шындықты қалпына келтірді. Ғалымның әдістемесі объективті талдау мен салыстырмалы тарихнама принциптеріне сүйенді. Мәселен, ол Әбілқайырдың саясатын тек Ресейге бейім саясат ретінде емес, сонымен қатар Хиуа, Бұхара, Жоңғар және Қытай бағытындағы байланыстармен қатар қарастырды. Бұл тәсіл Әбілқайырдың саяси көкжиегін кеңінен ашуға мүмкіндік берді.

Қасымбаевтың пікірінше, Әбілқайыр хан – XVIII ғасырдағы қазақ мемлекеттілігін сақтап қалуда маңызды рөл атқарған тарихи тұлға [1, 274 б.]. Оның басты мақсаты – елдің тұтастығын қамтамасыз ету және сыртқы жаудан қорғану. Ғалымның талдауынша, Әбілқайыр Ресей бодандығын қабылдаған соң да өз билігін тәуелсіз жүргізіп, қазақ руларының ішкі мәселелеріне империялық әкімшілікті араластырмауға тырысқан. Қасымбаев Әбілқайырдың саяси қызметін прагматизм, ұлттық мүдде және тарихи жауапкершілік тұрғысынан бағалады. Ол ханның шешімдерін сол дәуірдің геосаяси шындығымен байланыстыра отырып, бүгінгі тәуелсіздік

идеясының бастауларымен сабақтастырды.

Жанұзақ Қасымбаевтың Әбілқайыр хан туралы еңбектері қазақ тарихнамасында жаңа кезең ашты. Ол: біріншіден, Әбілқайыр тұлғасына тарихи әділдік орнатты; екіншіден, оның саяси іс-әрекетін ұлттық мемлекеттілік мүддесімен байланыстырды; үшіншіден, қазақ хандарының қызметін реалистік тұрғыдан қарастыру дәстүрін қалыптастырды. Ғалым еңбектерінің тарихи маңызы – қазақ халқының XVIII ғасырдағы күрделі тағдырлы кезеңін жан-жақты түсіндіруінде. Әбілқайырдың бейнесін жаңаша тану – қазіргі Қазақстанның мемлекеттілік тарихын терең ұғынуға жол ашады [4, 56 б.]. Жанұзақ Қасымбаев Әбілқайыр ханның қызметін зерттеу арқылы қазақ тарихының маңызды кезеңін қайта зерделеуге зор үлес қосты. Ол бұрын бұрмаланып келген тарихи бағаларды түзетіп, Әбілқайырды ұлттық мүддені қорғаған, мемлекеттілік

идеясының сақталуына қызмет еткен тұлға ретінде танытты.

Ж.Қасымбаев қазақ сұлтандарының қызметін зерттеуге де айрықша назар аударды. Оның еңбектерінде сұлтандардың қоғамдағы орны, билік иерархиясындағы рөлі және олардың Ресей империясы әкімшілігімен қарым-қатынасы кеңінен талданады. Ол сұлтандардың рөлі тек билік жүйесінде ғана емес, қазақ қоғамының рухани және мәдени өмірінде де маңызды болғанын дәлелдеді. Қасымбаев сұлтандарды «халық пен билік арасындағы көпір» [2, 72 б.] деп сипаттай отырып, олардың бір бөлігі империялық

жүйеге бейімделіп, кейбірі ұлт-азаттық қозғалыстардың басында тұрғанын атап көрсетеді.

XIX ғасырдың алғашқы жартысы қазақ тарихында саяси өзгерістер мен ұлт тағдырына әсер еткен маңызды кезеңдердің бірі болды. Осы уақытта Бөкей ордасы мен Кіші жүз аймағында Ресей империясының отарлық саясаты күшейіп, жергілікті билік құрылымы біртіндеп империялық жүйеге бағындырылды. Осы тарихи кезеңде ел тағдырына ықпал еткен тұлғалардың бірі — Баймұхамед Айшуақов (1794–1846). Ол – хан Айшуақтың ұлы, Бөкей ордасының беделді сұлтандарының бірі, саяси күрестің белсенді қатысушысы. Профессор Жанұзақ Қасымбаев өз еңбектерінде Баймұхамед Айшуақовтың саяси қызметін, Ресей әкімшілігімен қатынасын және қазақ қоғамындағы орнын тарихи деректер арқылы жан-жақты талдаған [7].

Ж.Қасымбаев Баймұхамед Айшуақовты қазақ қоғамындағы саяси мәмілегер әрі реформаторлық көзқарасы бар сұлтандардың бірі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, Баймұхамед өз заманының күрделі саяси жағдайында ел мүддесін сақтауға, отарлық қысым мен ішкі қайшылықтар арасында тепе-теңдік орнатуға тырысқан тұлға болған. Қасымбаев архивтік деректерге (Орынбор, Омбы және Санкт-Петербург архивтері) сүйене отырып, Баймұхамед Айшуақовтың Ресей билеушілерімен жүргізген хат алмасулары мен өтініштерін нақтылайды. Бұл құжаттар оның саяси ұстанымдарының прагматикалық және ел болашағына жауапты болғанын дәлелдейді.

Ж.Қасымбаев өз еңбектерінде сұлтанның қызметін үш негізгі бағытта қарастырады:

Біріншіден, Ресей әкімшілігімен қарым-қатынасы. Қасымбаевтың пікірінше, Баймұхамед Айшуақов Бөкей Ордасы мен Кіші жүз арасындағы байланыстарды нығайтуға ұмтылған, сонымен қатар Ресейдің жаңа реформаларын қазақ қоғамына бейімдеуге тырысқан. Ол империялық саясатқа толық бағынбай, өз билігін сақтап қалуға күш салған [7, 148 б.].

Екіншіден, ішкі саяси тұрақтылықты сақтау жолындағы рөлі. Зерттеуші сұлтанның Исатай–Махамбет көтерілісі кезеңіндегі ұстанымына ерекше тоқталады. Қасымбаевтың мәліметінше, Баймұхамед көтерілісшілердің қозғалысын түсінуге тырысқанымен, қантөгісті болдырмауға күш салған. Бұл оның бейбітшілік пен келісімге негізделген саяси бағытын айқындайды [7, 125 б.].

Үшіншіден, білім мен мәдениетке назар аударуы. Ж.Қасымбаев Баймұхамед Айшуақовтың қазақ жастарын орыс мектептерінде оқытуға, жергілікті басқару жүйесіне білімді кадрлар тартуға ұмтылғанын атап өтеді. Бұл – оның заманы үшін жаңашыл көзқарас болған.

Жанұзақ Қасымбаев Баймұхамед Айшуақовтың өмірі мен қызметін зерттеу арқылы қазақтың XIX ғасырдағы саяси элитасының күрделі бейнесін ашып көрсетті. Оның пікірінше,

Баймұхамед сынды сұлтандар ұлттық мемлекеттілікті сақтап қалу жолында дипломатиялық тәсілдерді пайдаланған, яғни қарулы күрестен гөрі саяси келісім мен заңдық тетіктерге сүйенген [8, 74 б.]. Қасымбаев еңбектерінде Баймұхамед Айшуақовтың тұлғасы отарлық дәуірдегі қазақ басшыларының жаңа типін көрсететін мысал ретінде қарастырылады — рухани тектілік пен саяси бейімделудің үйлесімі.

Жанұзақ Қасымбаевтың зерттеулерінде Баймұхамед Айшуақов бейнесі күрделі тарихи тұлға ретінде сомдалған. Ол қазақ қоғамының отарлық кезеңдегі саяси даму бағыттарын, билеуші элитаның жаңа стратегияларын айқындайтын маңызды кейіпкер ретінде қарастырылады. Қасымбаевтың ғылыми мұрасы арқылы біз Баймұхамед Айшуақовтың өмірі мен қызметін тек жеке тұлға ретінде ғана емес, ұлттық тарихтың маңызды бөлігі ретінде тани аламыз.

Ж.Қасымбаевтың зерттеулерінің маңыздылығы – оның қазақ мемлекеттілігін қалыптастырған тарихи тұлғаларға объективті ғылыми баға бергенінде. Ол кеңестік идеология шеңберінде бұрмаланып келген хандар мен сұлтандардың бейнесін тарихи әділдік тұрғысынан қалпына келтірді. Ғалым алғашқылардың бірі болып, қазақ

билеушілерінің саяси іс-әрекеттерін тек «феодалдық қалдық» ретінде емес, ұлттық мемлекеттіліктің эволюциясы ретінде қарастырды [9]. Сонымен қатар, ол архив материалдарын (Орынбор, Омбы, Мәскеу мұрағаттары) кеңінен қолданып, жаңа деректер негізінде бірқатар тұлғалардың шынайы бейнесін ашты. Қасымбаев еңбектерінің тағы бір құндылығы – тарихи деректерді педагогикалық тұрғыдан пайдалану мүмкіндігі. Оның зерттеулері мектеп пен жоғары оқу орындарындағы Қазақстан тарихы пәніне құнды материал болып табылады.

Жанұзақ Қасымбаев – қазақ тарих ғылымының дамуына зор үлес қосқан, ұлттық тарихнаманың негізін қалаушылардың бірі. Оның қазақ хандары мен сұлтандары туралы зерттеулері – отандық ғылымдағы жаңа кезеңнің бастамасы. Ғалым еңбектерінде ұлттық мемлекеттіліктің үздіксіз дамуы, хандар мен сұлтандардың ел тәуелсіздігі жолындағы күресі мен саяси көрегендігі нақты деректермен дәлелденеді. Ж.Қасымбаевтың ғылыми мұрасы бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихының ғылыми-идеялық іргетасын нығайтуда маңызды орын алады. Қасымбаев еңбектері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды, себебі ол зерттеулер арқылы қазақ қоғамының саяси дамуы мен ұлттық тәуелсіздік идеясының тарихи тамырын айқындап берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.) – Алматы: Білім, 1999. – 288 с.
2. Әбдіманов Ө. Қазақ хандары мен сұлтандарының саяси қызметі. – Астана, 2010.
3. Қасымбаев Ж. Кенесары хан: саясатшы және қолбасшы. – Алматы: Қазақстан, 1993. - 1102.
4. Мекемтас М. Қазақстан тарихының деректемелік негіздері. – Алматы: Білім, 2015.
5. Касымбаев Ж. Последний поход хана Кенесары и его гибель (декабрь 1846 – апрель 1847 г.). – Алматы: Ана тілі, 2002. – 200 с.
6. Ерофеева И. Хан Абулхаир. Полководец, правитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. – 334 с.
7. Касымбаев Ж. Генерал, султан-правитель Баймухамед Айшуаков (1790-1847). – Алматы: Өлке, 2000. – 187 б.
8. Касымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств (XVIII – первой половины XIX в. Т. 2. Хан Айшуак (1719-1810). Личность во взаимодействии с номадным обществом и сопредельными странами. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 255 с.
9. Мамырайымов С.Д. Жанұзақ Қасымбаевтың жас ұрпаққа тарихи білім беру саласындағы қызметі // Отан тарихы. – 2005. – № 4. – 151-164 б.

ӘОЖ 94 (574)

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Нұржанов А.Қ., 2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Аннотация

Резюме:*В данной статье рассматриваются методы преподавания восстания Кенесары Касымулы на уроках истории Казахстана. Рассматриваются как традиционные, так и современные педагогические подходы: лекция, метод анализа и*

критической оценки, ролевые игры, интерактивные технологии, проектная деятельность. Особое внимание уделяется развитию у учащихся способности анализировать исторические события, критического и творческого мышления, формированию патриотических чувств и национального самосознания. Статья содержит рекомендации по практическому применению методов преподавания и примеры уроков.

Ключевые слова: *Кенесары Касымулы, восстание, урок истории, методы преподавания, ролевые игры, интерактивные технологии, проектная деятельность, анализ и критика.*

Кенесары Қасымұлы көтерілісі (1837–1847 жж.) – қазақ халқының Ресей империясының отарлық саясатына қарсы ұйымдастырған ірі саяси-әскери қозғалысы. Бұл көтеріліс қазақ мемлекеттілігін сақтау, жер мен тәуелсіздік үшін күрестің символы ретінде тарихта қалды. Қазақстан тарихы пәнінде оқушыларға Кенесары Қасымұлы көтерілісін дұрыс жеткізу, оны тек әскери оқиға ретінде емес, саяси, әлеуметтік, мәдени құбылыс ретінде түсіндіру маңызды. Қазақстандық педагогика мен тарих ғылымында бұл тақырыпқа ерекше көңіл бөлінеді. Оқытудың тиімді әдістерін пайдалана отырып, оқушыларға ұлттық тарихты терең түсіндіру, патриоттық сезімін қалыптастыру, тарихи ойлау қабілетін дамыту міндеті тұр.

Кенесары Қасымұлы көтерілісі – қазақ халқының Ресей империясының отарлық саясатына қарсы жүргізген саяси күресінің шыңы. Көтерілістің басты себептері: -

- Ресей билігі тарапынан қазақ жерлерінің тартып алынуы;
- Қазақ қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздік;
- Ұлттық тәуелсіздік пен мемлекет билігінің сақталу қажеттігі.

Кенесары көтерілісі барысында қазақ хандары мен сұлтандарының рөлі, рулық- саяси қатынастар, халықтық қолдаудың маңызы көрсетіледі. Ғылыми деректерге сүйенгенде, бұл қозғалыс қазақ мемлекеттілігін сақтау жолындағы тарихи оқиға ретінде бағаланады.

Кенесары Қасымұлы көтерілісін оқытуда келесі әдістерді қолдану ұсынылады:

Бірінші әдіс - Дәріс және әңгімелесу әдісі: Оқушыларға көтерілістің негізгі кезеңдері, себептері мен нәтижелерін дәріс арқылы жеткізу; Тарихи тұлғалардың рөлін талқылау, сұрақ-жауап арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту.

Мұғалімнің жаңа сабақты ауызша баяндауы тарихты оқытуда жетекші орын алады. Ал, қазақ мектебінің өзіндік ерекшелігіне байланысты бұл әдіс тарих сабағындағы ең негізгі әдіс болып отыр. Өйткені жігерлі де әсерлі, қызықты да тартымды, өткен тарихтың тұтас бейнесін, суретін, оқиғаларын сол қалпында оқушының көз алдына келтіріп елестететін мұғалім әңгімесін ешқандай құрал ауыстыра алмайды. Оның үстіне ауызша сөйлеудің басқа да мүмкіндіктері мол, әсіресе ол басқа әдіс, тәсілдермен үйлесімді байланысып жатады. Мәселен, тарихи материалды әңгімелеп тұрып мұғалім тақтаны, тарихи картаны, ілулі тұрған көрнекі құралды пайдаланады, тарихи құжаттың, көркем әдебиеттің үзіндісін оқып береді, не олардың мазмұнын өз әңгімесіне қосып пайдаланады [1, 75 б.].

Мұғалімнің оқушыларға ауызша айтқан әңгімесі анық, түсінікті және нақты болуы тиіс. Күрделі мәселелердің ғылыми, теориялық мазмұнына нұқсан келтірмей оларды жай, қарапайым сөздермен түсіндіре білу мұғалімнің шеберлігі. Оқушылардың өздері дұрыс түсінбеген, оларды

қызықтырмаған әңгімені тындамайтыны белгілі. Сондықтан әрбір сөйлемді ойланып, әрбір сөзді тандап, іріктеп сөйлеген дұрыс. Мұғалімнің дауыс ырғағы да, сөйлеу екпіні де, сөйлеп тұрып жасайтын қимылы да оқушылардың дұрыс тындауына әсер етеді. Әңгіменің өзі оқушыларды ойландыратындай, олардың таным қызметін дамытатындай болып құрылуы тиіс.

Кезекті сабақта оқытылатын тарихи материалдың негізгі мәселелері мен олардың мазмұнына және әңгімеге қоса пайдаланатын басқа да құралдарға байланысты ауызша

баяндаудың бірнеше тәсілдері: әңгімелеу, түсіндіру, суреттеп айту, сипаттама беру қолданылады.

Жаңа сабақты ауызша баяндаған кезде осы тәсілдер бірімен-бірі ұштасып, бірін бірі ауыстырып жатады.

Мұғалімнің әңгімесі: терең ғылымилығы, жүйелілігі, байлығы (мазмұны жағынан да), эмоциялылығы, бейнелілігі және ақиқаттығы жағынан дидактикалық талаптарға толық сәйкес келуі тиіс. Бейнелеп, көркем тілімен сөйлеу тарихшы мұғалімнің басты қасиеттерінің бірі. Фактілер мен оқиғаларды дұрыс айтып беру жеткіліксіз, негізгі міндет

— олар оқушылардың санасы мен жадына сурет болып түсуі тиіс.

Жаңа сабақтың күрделі, қиындау мәселелерін мұғалім түсіндіріп айтады. А.М.Сохор оқыту үрдісіндегі түсіндіруге арналған еңбегінде: бүгін оқытылатын тақырыпшадағы ең негізгі ғылыми мәселені анықтауды, оны түсіндіру кезендерін белгілеуді, білім элементтерін саралауды, қалай еткенде оны түсінікті етіп оқытып үйретуді ескертеді.

Белгілі тарихи шайқастарды, соғыстың басталуын баяндағанда, соғыс болған жерді таныстырғанда, мәдениет ескерткіштеріне т.б. тоқталғанда тарихи құбылыстарды әңгіме еткенде суреттеп айту тәсілі қолайлы.

Ал тарихи құбылыстардың ерекше белгілерін баяндағанда сипаттап айту тәсілін қолданған дұрыс.

Тарих сабақтарында жиі қолданылатын әдістердің бірі — әңгімелесу. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оның білімдік те, тәрбиелік те және дамытушылық та маңызы зор. Ол бүкіл сыныпты қамтиды, оқушылардың белсенділігін арттырады, олардың таным қызметін, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін дамытады, дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқытуға ұжымдық сипат береді. Бірақ әңгімелесу әдісін қолданғанда белгілі әдістемелік талаптарды ескерген дұрыс [2, 45 б.].

Тарих әдістемесінде әңгімелесудің өзі — кіріспе өңгімелесу, бақылау әңгімелесу, талдап-жинақтап әңгімелесу, қорытын әңгімелесу деп төрт түрге бөлінеді.

Кіріспе әңгімелесу көбіне тарихтың жаңа сабағын бұрын өтілгенмен байланыстыру үшін, ал бақылау әңгімелесу үйге берілген тапсырманы сұрағанда және жаңа сабақты оқушылардың қаншалықты түсінгенін анықтау, ол бойынша өздігінше атқаруына берілген жұмыстың орындалу барысын тексеру үшін де қолданылады.

Әңгімелесудің талдау және жинақтау тәсілі тарихи фактілер мен оқиғаларды салыстырып, ұқсас және өзгеше белгілерін, сондай-ақ оқиғалардың себептік-салдарлық байланыстарын анықтауға т.б. өте тиімді.

Қорытып әңгімелесу бір не бірнеше сабақта өтілген материал бойынша жүргізіледі, оқушылардың алған білімдерін жүйеге келтіруді, өтілген материалды қорытуды мақсат етеді.

Екінші әдіс - Сараптама және талдау әдісі: Архивтік құжаттар, деректі карталар, иллюстрациялар арқылы оқушыларды тарихи оқиғаларды талдауға үйрету; Көтерілістің себептерін, нәтижелерін және Кенесары Қасымұлының стратегиясын бағалау.

Сараптама және талдау әдісі – оқушыларға тарихи оқиғаларды бірізді түрде қарастырып, себеп-салдар байланысын түсінуге үйретететін оқыту тәсілі. Кенесары Қасымұлы көтерілісін оқытуда бұл әдіс келесі мақсаттарда қолданылады: 1. Тарихи деректерді бағалау • Оқушыларға көтеріліске қатысты архивтік құжаттарды, хаттарды, күнделіктерді және тарихи карталарды қарастыру ұсынылады. Әр дерек бойынша сұрақтар қою арқылы оқушылар ақпаратты сыни тұрғыдан талдауды үйренеді: «Бұл құжат қандай кезеңге қатысты?», «Кімнің мүддесін көрсетеді?», «Қандай нәтижелерге әкелді?»

2. Себеп-салдарды анықтау: Көтерілістің негізгі себептерін бөліп көрсету: жер

даулары, Ресей империясының отарлық саясаты, ішкі саяси қайшылықтар. Әр себептің көтеріліс барысына қалай әсер еткенін талдау. Оқушылардан өз тұжырымдарын шығару сұралады: «Егер осы себептер болмағанда, көтеріліс қалай дамитын еді?»

3. Тарихи тұлғалардың әрекетін бағалау Кенесары Қасымұлының, хандар мен сұлтандардың, сондай-ақ Ресей әкімшілігінің әрекетін салыстырмалы түрде қарастыру.

«Кімнің шешімі тиімді болды?», «Қайсысы халық мүддесіне сәйкес келді?» деген сұрақтар арқылы тарихи ойлауды дамыту.

4. Қорытынды жасау және пікірталас ұйымдастыру: Оқушыларға талдау нәтижесінде өз пікірін дәлелдеп, қорытынды шығару тапсырмасы беріледі. Мысалы,

«Кенесары Қасымұлы көтерілісін тарихи тұрғыдан қалай бағалаймыз?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастыру.

Педагогикалық пайдасы:

-Тарихи ойлау қабілеті дамиды; Себеп-салдар байланысын түсіну қалыптасады; Сыни тұрғыдан ақпарат бағалау дағдысы жетіледі;

- Оқушылар дереккөзбен жұмыс істеуді үйренеді;
- Сабаққа белсенді қатысу ынтасы артады [3, 15 б.].

Қолдану мысалы: Сабақ барысында мұғалім көтеріліске қатысты бірнеше тарихи деректі бөліп көрсетеді (мысалы, Кенесары Қасымұлының Ресейге жазған хаты, ауыл әкімдерінің есептері, тарихи карта). Оқушылар оларды топтарға бөліп, талдайды, себеп- салдар байланысын анықтайды, соңында әр топ өз қорытындысын тақтада немесе постерде таныстырады.

Үшінші әдіс - Рөлдік ойындар: Оқушыларға көтерілістегі кейіпкерлердің рөлін беру: Кенесары, хандар, сұлтандар, Ресей әкімшілігі өкілдері; Тарихи жағдайға сәйкестендіріп шешім қабылдау арқылы тарихи ойлауды дамыту.

Рөлдік ойындар әдісі – оқушыларды тарихи оқиғалардың кейіпкерлері ретінде ойландыру арқылы сабаққа белсенді қатыстыру тәсілі. Кенесары Қасымұлы көтерілісін оқытуда бұл әдіс оқушылардың тарихи оқиғаларды терең түсінуіне, шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Мақсаты: Тарихи тұлғалардың шешімдерін түсіндіру; Оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамыту; Тарихи оқиғаның әлеуметтік және саяси аспектілерін сезіну; Патриоттық сезімін қалыптастыру.

Қолдану тәсілдері:

1. Тарихи кейіпкерлерді бөлу Оқушыларға көтерілістегі негізгі кейіпкерлердің рөлін беру: Кенесары Қасымұлы – көтерілістің басшысы; Хандар мен сұлтандар – ішкі келісім мен билік өкілдері; • Ресей әкімшілігі өкілдері – сыртқы саяси қысымды көрсететін тарап; Халық өкілдері – жергілікті тұрғындар, көтеріліс қолдаушылары немесе қарсыластары.

2. Сценарий құру Сабақ алдында оқушыларға тарихи оқиға кезеңдері бойынша қысқаша сценарий беріледі. Мысалы, Кенесары көтерілісінің алғашқы кезеңі, Ресей әкімшілігіне хат жолдау, рулық келіссөздер.

3. Шешім қабылдау және талқылау Әр рөлдегі оқушылар өз кейіпкерлерінің тұрғысынан пікір білдіреді, әрекетке шешім қабылдайды. •Мысалы, «Кенесары қандай стратегия қолдануы керек?» немесе «Хан сұлтандары көтерілісті қолдай ма, қарсы ма?» деген сұрақтар арқылы тарихи жағдайды қайта жасайды.

4. Қорытынды шығару Оқушылар рөлдік ойыннан кейін өз пікірін нақты дәлелдермен қорғайды. Мұғалім әр топтың әрекеттерін талдап, тарихи шынайылық пен себеп-салдар байланысын көрсетеді.

Педагогикалық тиімділігі:

-Оқушылар сабаққа белсенді араласады;

-Тарихи жағдайды түсіну оңай және қызықты болады; Шығармашылық қабілет пен сыни ойлау дамиды;

- Топтық жұмыс дағдылары жетіледі;

-Сабақ интерактивті форматта өтеді, есте сақтау мен түсіну деңгейі артады [4].

Мысал қолдану: Сабақта оқушылар топтарға бөлініп, Кенесары көтерілісінің негізгі оқиғалары бойынша рөлге бөлінеді. Топтар көтерілістің әр кезеңіндегі шешімдерді қабылдап,

өз пікірін қорғайды. Мысалы, «Кенесары мен хандар келісімге

келу үшін қандай стратегия қолдануы керек?» немесе «Ресей әкімшілігі қазақтарға қысымды қалай күшейтті?» деген тақырыптар талқыланады.

Төртінші әдіс -Интерактивті технологиялар: Слайд, презентация, қысқа бейнефильмдер арқылы визуалды материалдарды қолдану; Мультимедиа сабақтарда картографиялық деректерді көрсету.

Интерактивті технологиялар әдісі – оқушылар мен мұғалімнің сабақ барысында белсенді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін заманауи оқыту тәсілі. Кенесары Қасымұлы көтерілісін оқытуда бұл әдіс тарихи материалдарды қызықты, көрнекі және ұғынуға оңай түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Мақсаты:

- Сабақты интерактивті әрі қызықты ету;
- Тарихи оқиғаларды визуалды және аудиовизуалды материалдар арқылы жеткізу;
- Оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін дамыту;

-Топтық және жеке жұмыс арқылы сыни ойлау мен талдау дағдыларын қалыптастыру.

Қолдану тәсілдері: 1. Слайд және презентациялар: Көтерілістің негізгі кезеңдерін, басты тұлғаларды және оқиғаларды көрсететін көрнекі материалдар жасау. Карталар, диаграммалар, тарихи фотосуреттер, бейнелер арқылы оқушыларға визуалды ақпарат беру. 2. Мультимедиа сабақтар: Көтеріліс туралы қысқаметражды бейнефильмдер немесе анимациялар көрсету. Әр оқиға немесе тарихи кейіпкер бойынша интерактивті сұрақтар қою. 3. Интерактивті тақта мен қосымшалар: Сабақ барысында карталарды, жоспарларды және тарихи схемаларды интерактивті тақтада көрсету. Оқушыларға белгілі бір әрекеттерді (мысалы, көтерілістің бағыттарын көрсету, карталық деректермен жұмыс) орындауға мүмкіндік беру. 4. Онлайн тесттер мен викториналар: Сабақ соңында оқушыларға көтеріліс бойынша викториналар өткізу. 5. Электронды ресурстарды пайдалану: Архивтік құжаттар, электронды кітаптар, ғылыми мақалаларға сілтеме беру. Оқушыларға дереккөзбен жұмыс жасау, зерттеу тапсырмаларын орындау мүмкіндігі.

Педагогикалық тиімділігі:

- Сабақ қызықты әрі есте қаларлық болады;
- Оқушылар ақпаратты тез қабылдайды, дереккөздермен жұмыс істеу дағдысы дамиды; • Топтық және жеке жұмыс дағдылары жетіледі;
- Тарихи ойлау, талдау және сыни тұрғыдан бағалау қабілеті қалыптасады;
- Сабақтың визуалды көрнекілігі мен интерактивтілігі оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырады [5, 64 б.].

Қолдану мысалы: Сабақта Кенесары Қасымұлы көтерілісінің картасы интерактивті тақтада көрсетіледі. Оқушылар көтерілістің әр кезеңін белгілеу, маршруттарын көрсету, басты шайқастардың орналасуын талдау арқылы сабаққа белсенді қатысады. Сонымен қатар, сабақ соңында онлайн викторина арқылы көтерілістің маңызды оқиғаларын қайталап, білімдерін тексереді.

Бесінші әдіс - Жобалық жұмыс: Оқушыларға көтерілістің себептері мен салдары бойынша зерттеу жұмысы тапсыру; Топтық талқылаулар арқылы тарихи оқиғаларды салыстыру, қорытынды жасау.

Жобалық жұмыс әдісі – оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізуін, ақпарат жинауды, оны талдап қорытынды жасауын қамтамасыз ететін оқыту тәсілі. Кенесары Қасымұлы көтерілісін тарих сабақтарында қолданғанда бұл әдіс оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға, шығармашылық ойлауын қалыптастыруға бағытталады. Мақсаты: Тарихи оқиғаны жан-жақты зерттеу және талдау; Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту; Топтық және жеке жұмыста жауапкершілікті қалыптастыру; Тарихи деректерді талдай отырып, қорытынды жасау қабілетін қалыптастыру; •Сабаққа қызығушылық пен белсенділікті арттыру.

Қолдану тәсілдері: 1. Тақырыптық зерттеу жобалары: Оқушыларға көтерілістің нақты бір тақырыбы бойынша зерттеу жұмысы беріледі: Көтерілістің себептері; Кенесары Қасымұлының әскери стратегиясы; Хандар мен сұлтандардың рөлі;

Көтерілістің әлеуметтік салдары. 2. Топтық және жеке жұмыс: Оқушылар топқа бөлініп

немесе жеке тақырып бойынша зерттеу жүргізеді. Әр топ өз зерттеу нәтижесін қорғайды, презентация немесе постер арқылы сабақта таныстырады. 3. Дереккөздерді пайдалану: Оқушылар архивтік материалдар, тарихи карталар, әдебиеттер, электронды ресурстар арқылы ақпарат жинайды. Жинақталған деректерді талдап, тарихи оқиғаның себептері мен салдарын анықтайды. 4. Қорытынды жасау және талқылау: Жобаның соңында оқушылар өз тұжырымдарын қорғайды. Мұғалім ғылыми дәлелдермен толықтырып, жобаны бағалайды. Мысалы, «Кенесары көтерілісінің қазақ мемлекеттілігін сақтау жолындағы рөлі» немесе «Көтерілістің әртүрлі рулық және әлеуметтік топтарға әсері» тақырыбында қорытынды шығару [6].

Педагогикалық тиімділігі:

- Оқушылар зерттеу, талдау және қорытынды жасау дағдыларын дамытады;
- Топтық жұмыс арқылы коммуникация мен ынтымақтастық қабілеті қалыптасады;
- Сабаққа белсенділік пен қызығушылық артады;
- Оқушылар тарихи оқиғаны кешенді түрде түсінеді;
- Зерттеу жұмысы шығармашылық ойлауды дамытады.

Қолдану мысалы: Сабақ барысында оқушылар көтерілістің бір кезеңін зерттеу жобасын орындайды. Мысалы, топтардың бірі «Кенесары Қасымұлының Ресейге жазған хаттарын» зерттесе, екіншісі «Хандар мен сұлтандардың рөлі» тақырыбында жұмыс істейді. Жобаның қорытындысы презентация немесе постер ретінде таныстырылады, әр топ өз зерттеу нәтижесін сабақта талқылайды [7].

Кенесары Қасымұлы көтерілісін оқыту арқылы төмендегі мақсаттар жүзеге асырылады: Ұлттық тарихты дұрыс түсіну және бағалау қабілетін қалыптастыру; Тарихи ойлау мен талдау дағдыларын дамыту; Патриоттық сезімін ояту; Халықтың мемлекеттілікке деген ұмтылысын көрсету; Сабақта шығармашылық және зерттеу жұмыстарын қолдану арқылы белсенділікке баулу.

Кенесары Қасымұлы көтерілісі – қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресінің маңызды символы. Тарих пәнінде оны оқыту әдістемесі оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда, ұлттық патриотизмді дамытуда маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі дәріс әдістерімен қатар, интерактивті, зерттеу, рөлдік ойын әдістерін қолдану арқылы сабақ қызықты әрі нәтижелі болады. Осы әдістер арқылы оқушылар көтерілістің тарихи мәнін терең түсініп, Кенесары Қасымұлының ел тарихындағы орнына баға бере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрлығұл Т.Т. Тарих сабақтарын жетілдіру жолдары. – Алматы: Мектеп, 1984. - 185 б.
2. Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 1984. -156 б.
3. Шаймерденова К.Ш. Қазіргі сабақ және өзекті мәселелер. Алматы: Ана тілі, 1990. -189 б.
4. Шолпақұлова Г. Педагогика ғылымында пәнаралық байланыс дамуының теориялық негізі.// Ұлт тағылымы.2005. №3.
5. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: Рауан, 2002ж. -178 б.
6. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, №4, 2008
7. Салихова А. Оқушылардың шығармашылығын дамыту. //Ғылыми-әдістемелік журнал, №5-2009 ж

ӘОЖ 94 (574)

***Резюме**: Гумар Караш — казахский поэт-философ и просветитель начала XX века. Его творчество является примером глубокой философской поэзии в казахской духовной и литературной традиции. В своих стихах поэт затрагивает такие темы, как человеческая сущность, смысл жизни, время и судьба, совесть, справедливость, щедрость и невежество, выражая при этом философские размышления.В таких произведениях, как «Щедрость», «Отчёт», «Невежество», поэт открыто говорит о горькой правде общества, призывая читателя задуматься, познать себя и осознать ответственность. Его литературный язык красив и глубок по смыслу, имеет важное воспитательное значение.*

Ключевые слова: *казахская духовность, философская поэзия, философские размышления, духовное совершенство, национальное самосознание*

Ғұмар Қараш поэзиясы- қазақ руханиятындағы ой мен таным тереңдігін айқындайтын құбылыс. Ақынның өлеңдерінен адамның өмірлік мақсаты, уақыт пен тағдырдың мәні, қоғам мен тұлға арақатынасы сияқты іргелі философиялық мәселелер айқын көрінеді. Ол адамзатты әділет пен мейірімге шақыра отырып, адамның ішкі әлемін, рухани кемелдікке жету жолдарын толғайды. Ғұмар Қараш өлеңдері – қазақ әдебиетіндегі философиялық ойдың терең арнасы болып табылады.

Ғұмар Қараш адамның қоғамдағы орны, ар-ождан, әділет, адалдық туралы толғанады. Ол адамды тек тән иесі емес, рухани ізденіс иесі деп таниды. Адамның қадірі - білімінде, иманында, адамгершілігінде деген ойды өлеңдерінде жиі айтады. Қоғамның дамуы әрбір азаматтың ізгілікке ұмтылуына байланысты деп түсіндіреді. Адам өмірінің өткіншілігі мен істің баянсыздығы жайлы ой қозғайды. Қазақ халқының артта қалмауы үшін ғылым мен өнерді меңгеруді ең үлкен міндет деп есептеген. Өлеңдерінде қараңғылық надандықтан, жарық ғылымнан деген тұжырымды айтады. Жалпы адамзаттық құндылықтарды жырлап, жас ұрпақты ізгілікке шақырды. Адамның рухани жетілуін, қоғамның өркендеуін дәріптейді.

Ақынның өлеңдеріндегі тақырыптарды оның өшпес мұрасын ғылыми, әдеби, философиялық талқыға салып, әрбір өлеңін, әңгімелерін, өзі жазғандай, «пәлсапалық ой-толғамдарын» саралап, ой елегінен өткізуіміз керек. Ғұмар Қараш пайымдауларының философияға, атап айтқанда, даналыққа, түсінікке, яғни философияның негізгі анықтамаларына тікелей қатысы бар. Өзі де оларды «пәлсапалық ой-толғамдар» деп орынды атаған. Мұнда сөз болатын мәселелер: өмір, тағдыр, өмірдегі талас тартыс, жақсылық-жамандық, шындық-жалған, әр алуан құндылықтар, ар-ұят, оқу, білім, өнер, ғылым, дін, сенім, үміт т.б. туралы болып келеді. Ғұмар Қараштың өлеңдерінде өмір, тағдыр, өмірдегі талас тартыс, жақсылық, жамандық, шындық жалған, әр алуан құндылықтар жөнінде айтылған. Ұлттық сананы оятып, рухты жаңғыртуға күш салған, надандық, жалқаулық, сияқты қазақ ұлтының бойындағы теріс мінез-құлықтарды өткір сынаған ойшыл ақын. Ұлттың болашағы үшін қараңғылықпен, надандықпен күресу керектігін түсіндіреді. Адамның көңіл күйі, өкініші, үрейі, қорқынышы, жалғыздыққа тап болып, күйзеліске ұшырауы туралы Ғұмар Қараш өлеңмен де, сөзбен де айтып кеткен. Өлеңдерінде өзін-өзі танып, болмысына, іс-қимылына, өткен өміріне ойлы көзбен қарап, өзіне-өзі есеп беретінін шағын бейнелейді. Адамгершілік құндылықтар төңірегіндегі терең философиялық ойларын бейнелейтін шығармалар.

«Жомарттық» өлеңнің басты тақырыбы - адамгершілік пен жомарттық қасиеттері. Автор бұл құндылықтарды терең әрі жан-жақты аша отырып, шынайы жомарттықтың мәнін түсіндіреді. Өлеңде жомарттық тек материалдық көмекпен ғана шектелмей, жүрек жылуын, мейірімділікті, кеңпейілділікті де қамтиды. Сонымен қатар өлеңде надандық пен адамгершілікке жат мінездер сыналады; әлеуметтік әділетсіздікке, өтірік пен іштарлыққа қарсы үн қосылады; адамдық парызды ұмытпаудың маңызы айтылып, шынайы жомарттыққа шақырылады.

Тақырыптық және моральдық ерекшеліктеріне тоқталып, композициялық құрылымымына келер болсақ, өлең біртұтас, бірақ екі негізгі тақырыптық блоктан тұрады: жомарттықтың шынайы мәні: мұқтаждарға көмек көрсету, жан-жүректен шынайы көмек көрсетудің маңызы, көмекке мұқтаж жандарға қамқорлық. Бұл - адам бойындағы рухани байлық, кемелдік деп білеміз.

Надандық пен өтіріктің кесірі: қоғамдағы нашар мінездерді, өтірікті, ішіп-жеуді сынау, надандықтың адамгершілікке зияны деп қарауға болады. Надандықтың адамға, қоғамға зияны айқындалады. Өтірік, екіжүзділік, өтірік сөйлеу, ішіп-жем – адамгершіліктің жауы ретінде суреттеледі. Жетім-жесірге қамқорлықтың қажеттілігі көрсетіледі. Қиын өмір жағдайындағы адамдарға көмек көрсету - қоғамның негізгі міндеті.

Әр бөлім мазмұн жағынан да, эмоциялық жағынан да бір-бірімен байланысты, бірақ

қарама-қарсы тұстарды ашып көрсетіледі. Өлеңнің негізгі идеясы — жомарттықтың шынайы бейнесін ашу болды.

Өлеңде **классикалық әдеби тілдің ерекшеліктері** байқалады. Мысалы: «шытпағаның», «қытпағаның», «тұтып», «қытырамасаң» — бұл сөздер қазақ тілінің көне үлгісін, әдеби тілін көрсетеді.

Қолданылған сөздер көбіне **терең мағыналы, моральдық-этикалық мазмұнға ие.** Мысалы, «шафғат» (жомарттық, мейірімділік), «жетім», «жесір», «қорағаш» - бұл сөздер өлеңнің әлеуметтік мәнін нығайтады. Мысалы, «Адаммен адам күні» деген сөздің мәнісін есте тұтып, мұтпағаның» - бұл адамзат арасындағы қарым-қатынастың маңызын білдіретін нақыл.

Өлең жолдары **ұзақ әрі күрделі синтаксистік құрылымдардан** тұрады, бұл автордың терең ойды баяндауын көрсетеді. **Сұраулы және үкімді сөйлемдер** көп кездеседі, олар оқырманды ойлануға шақырады. Мысалы: «Айтыңдар, көрдіңіз бе жомарттардың?», «Бұл не?» Өлеңде **жеке тұлға мен қоғам арасындағы байланыс**, сын мен үгіт формалары жиі қолданылады.

«Кәріпке беріп киім жылытқаның» -мұнда кәріп (киімнің бір түрі) көмек пен қамқорлықтың символы ретінде қызмет етеді. *«Жетімдер жылап, жесір сықтағанын»* - қайғыны, әлеуметтік жағдайдың ауырлығын бейнелейді. *«Ашық жүзді», «сүйкімсіз надан»* - мінез бен тұлғаның көркемдік сипаттамасы. *«Жақсы іске сүле болып жүрсе дағы»* - жақсылық пен жамандықтың күрделі араласуын көрсетеді. Жомарттық пен надандық, шынайы көмек пен өтірік жалған жомарттық, жақсы іс пен жамандық қарама-қарсы қойылып, олардың арасындағы күрес бейнеленеді. *«Жетімдер жылап»* - қайғы сезімін адам секілді бейнелеу көрсетіледі. *«Қорағаш алып қарсы жүгіреді»* - кедергілер мен қиындықтардың метафорасы ретінде қолданылған.

Өлеңнің тілі **көркем, тілдің нақтылығы, анықтық пен күшті сезімталдық** оқырманды рухани тәрбиелеуге бағытталған. Автордың мұраты – қоғамдағы жақсы қасиеттерді дәріптеп, жаман мінездерді сынға алу. «Жомарттық» өлеңі - қазақ поэзиясында **адамгершілік пен рухани құндылықтарды насихаттайтын үлгі.** Бұл шығарманың басты ерекшелігі - **жомарттық пен надандық, шындық пен өтіріктің қарама-қайшылығын аша отырып, адам бойындағы ізгі қасиеттерді дәріптеу.** Өлеңнің әлеуметтік, моральдық маңызы зор, себебі ол қазіргі қоғамға да өзекті мәселелерді қозғайды.

Жомарттық өлеңінде жомарттықты рухани кемелдіктің өлшемі ретінде көрсетеді. Ақын жомарт адамды- өзгеге пайдасы тиетін, қайырымдылық жасаудан тартынбайтын тұлға ретінде бейнелейді. Жомарттық жүректің тазалығынан туатын қасиет делінген. Ғұмар Қараш дүние қолда тұрғанда, өзгенің кәдесіне жараса, шын мәнін табады деген ойды меңзейді. Қазақ қоғамын ізгілікке, ортақ мүдде жолына шақырды. Ғұмар Қараштың өлеңдері ғибратқа жақын келеді философиялық поэзиясының басты белгісі.

Ғұмар Қараштың өлеңдері тек көркемдік қуатымен емес, терең философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. «Есеп бер» - **адам өмірінің өткіншілігі мен жауапкершілігін терең сезіндіретін өлең.** Оның тілі әдеби, көркемдік тәсілдері бай, адамды ойландыруға бағытталған. Автор жас кезден бастап өмірлік есеп беруге дайын болуды насихаттайды, әрбір сәтті тиімді пайдаланудың маңызын айтады.

«Есеп бер» өлеңінде адамды өз-өзіне үңілуге, ар алдындағы жауапкершілігін сезінуге шақырады. Адамның бұл дүниедегі миссиясын ізгілікпен байланыстырады. Адамды рухани есепке, өзін-өзі тануға және жауапкершілікке шақыратын терең ойлы туынды. Әлеуметтік теңсіздікті жоюды көздейді. Ғұмар Қараш есеп беру арқылы өмірдің шектеулі екенін ескертеді.

Өлеңнің негізгі идеясы –**жас ұрпақтың жауапкершілігі және әр адамның өмірінде жасаған ісінің есебін беру қажеттігі**. Автор уақыттың қадірін түсінуге, жас кезден бастап өзіне, қоғамға пайда тигізетін істермен айналысуға шақырады. Өмірді босқа өткізу, есепсіз өмір сүру – болашақта өкінішке алып келеді деген ойды жеткізеді.

Өлең 10 жолдан тұрады, мазмұндық жағынан біртұтас. Бірінші жартысында өмірдің өтуі мен уақыттың қадірінің жоғалып бара жатқандығы туралы ойлар айтылады. Екінші

жартысында – жас кезінде жасаған істеріңнің есебін дұрыс беру қажеттігі, өмірді мәнді өткізу туралы кеңес беріледі. **Көркем, мәнерлі сөздер:** *«Өксиді көңіл», «ауық-ауық», «құрып сауық», «қан тамып»* - эмоциялық бояуы күшті, өлеңнің терең мағынасын ашатын сөздер.

Уақыт пен өмірге қатысты сөздер: *«Кешегі өткен күн», «жеткен шақ», «кетеді»* - уақыттың үздіксіз өтуін білдіреді. **Жауапкершілік пен есептілік туралы сөздер:** *«Есеп бер», «жасыру есеп емес», «дұрыс берсең»* - өлеңнің негізгі идеясы. Өлеңдегі сөйлемдер көбінесе **байланысқан әрі үйлесімді,** кейде сұраулы формада: *«Бір нәрсе бітірдің бе жолын тауып?»* бұл оқырманды тікелей бағыттайтын сұрақ, ойландырады. Кейбір жолдарда **себеп-салдар қатынасы айқын:** *«Бұлаңдап болар күнің бос өткізсең, Жақсы атақ есейген соң тағылмайды.» «Өксиді көңіл шіркін ауық-ауық»* - көңілдің мұңын, жанның азабын білдіреді.

«Қан тамып қылышыңнан тұрған шақта» - өмірдің қиын кезеңі, қиыншылықтарды білдіретін метафора. *«Кешегі өткен күн», «жылы жауып»* - уақыттың өтуін бейнелейді. *«Жастық шақ»* (тұжырым ретінде емес, бірақ мағынасы жас кездің өткініштігін білдіреді). *«Кетеді қай бір шақта... Кеткен соң...»* - қайталанатын сөз тіркестері өлеңнің ритмін күшейтеді. *«Есеп беру»* - тек күнделікті есеп емес, өмірлік, рухани жауапкершілікті білдіреді. *«Жерлерді жылы жауып»* - өлімді, мәңгілік тыныштықты білдіреді.

Өлеңде үміт пен үгіт, өкініш пен уәде, өмірдің өткені мен жауапкершілік сезімі қатар өрілген. Лирикалық кейіпкер оқырманды өзін-өзі жетілдіруге, уақытты бағалауға шақырады.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайы күрделі болды. Ел ішінде сауатсыздық, қараңғылық жайлап, жаңалыққа бетбұрыс жасауға тосқауыл болған. Қазақ ойшыл-ағартушыларының бірі Ғұмар Қараш өз өлеңдерінде халқын білімге, мәдениетке, өркениетке шақырды. Сол шығармаларының бірі – «Надандық» өлеңі. Өлеңнің негізгі тақырыбы – надандықтың зияны, қараңғылықтың қасіреті. Ақын халықтың мешеулікке ұшырауының басты себебі – білімсіздік екенін ашып көрсетеді.

Өлеңнің идеясы – елді надандықтан құтқаратын жалғыз жол – оқу-білімге ұмтылу, ғылым үйрену. Ғылым мен өнері бар халық қана өркениетке жетеді, ал надан ел мәңгі артта қалып, езгіге түседі.

Ақын «надандықты» адамзат үшін ең ауыр дерт, қараңғылық деп суреттейді. Надандық – халықты құлдыққа итермелейді, өйткені білімсіз ел өз құқығын қорғай алмайды. Надандық – қоғамды қара түнекке батырады, себебі ғылымы жоқ елдің өркениетке қосар үлесі болмайды. Ақын қараңғылықта қалған халықтың болашағы бұлыңғыр болатынын ескертеді. Ғұмар Қараш өлеңінде халыққа ашық үндеу тастайды: қазақты мешеуліктен құтқаратын күш – білім мен ғылым.

Өлеңнің тәрбиелік мәні зор. Ол жастарды оқуға, ғылымды қастерлеуге, қараңғылық пен сауатсыздықтан аулақ болуға үндейді. Надандықтың – ұлтқа, елге кесірін тигізетін қауіпті құбылыс екенін түсіндіреді.

Ғұмар Қараштың «Надандық» өлеңі – ағартушылық сарындағы шығармалардың бірі. Ол халық санасын оятуға, білімнің маңызын түсіндіруге бағытталған. Ақынның басты айтары – «Надандық – қасірет, ал білім – құтқарушы күш». Бұл өлең бүгінгі күнде де өзекті, өйткені қоғамның дамуы әрқашан білім мен ғылымға сүйенеді.

Қорытындылай келе, Ғұмар Қараш өлеңдері - қазақ халқының рухани кемелденуіне, ұлттық сананың қалыптасуына зор үлес қосқан мұра. Оның шығармалары бүгінгі күні де өзектілігін жоймаған, тәлім- тәрбиелік мәні зор асыл қазына болып қала береді. Халықтың намысын оятып, білім мен ғылымға үндеді. Әділдік, мейірімділік, жомарттық, ар-намыс секілді құндылықтарды дәріптеп жастарды ізгі жолға шақырды. Ғұмар Қараш адам, қоғам, уақыт, өмірдің мәні туралы ой қозғай отырып, қазақ әдебиетінде философиялық лириканың дамуына жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, 2005.

2. Бисенғали З. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.

3. Құдайбергенова К. Ғұмар Қараш шығармашылығындағы ағартушылық сарын. – Алматы: Қазақ әдебиеті журналы, 2012

4. Қараш, Ғ. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993.

5. Әбдіғазиев, Б. Ғұмар Қараш және қазақ философиясының дамуы. – Астана: Фолиант, 2015.

6. Есім, Ғ. Философия тарихы. – Алматы: Санат, 1998.

7. Қасабек, А., Алтаев, Ж. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.

ОӘЖ 37:001.12/.18

ЖОО-НЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Иргалиев А. С.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Орал қ., Қазақстан Республикасы

ОРГАНИЗАЦИЯ И ДИАГНОСТИКА ЦИФРОВОЙ КОММУНИКАЦИИ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА

Аннотация.

В статье рассматривается проблема цифровизации образовательного процесса вуза и особенности цифровой коммуникации, качество цифровой коммуникации между преподавателями и студентами, а также между самими студентами, уникальные особенности цифровой коммуникации и эффективное использование цифровых инструментов в образовательной среде. Рассмотрены психологические критерии эффективной коммуникации в образовательной среде университета (взаимное доверие, активное слушание, четкость и яснопонятность, адаптация к индивидуальным потребностям, эмоциональная поддержка и открытость к обратной связи), самооценка, отношение к использованию онлайн-ресурсов, стратегии сетевой активности, показатели, влияющие на психологические и профессиональные представлены результаты роста студента. Анализируются психологические критерии эффективной цифровой коммуникации в образовательном процессе и психологические инструменты для анализа удовлетворенности цифровым взаимодействием в вузе со смешанным обучением.

ORGANIZATION AND DIAGNOSIS OF DIGITAL COMMUNICATION IN THE EDUCATIONAL PROCESS OF THE UNIVERSITY

Annotation.

The article examines the problem of digitalization of the educational process of the university and the features of digital communication, the quality of digital communication between teachers and students, as well as between students themselves, the unique features of digital communication and the effective use of digital tools in the educational environment. The psychological criteria of effective communication in the educational environment of the university (mutual trust, active listening, clarity and clarity, adaptation to individual needs, emotional support and openness to feedback), self-attitudes, attitudes on the use of online resources, strategies of network activity, indicators affecting the psychological and professional growth of the student are presented. The psychological criteria of

effective digital communication in the educational process and psychological tools for analyzing satisfaction with digital interaction in a university with mixed learning are analyzed.

Қазіргі қоғам ақпараттық ағынның өсуіне, құндылық бағдарлары мен білім беру парадигмаларының өзгеруіне, ақпаратты цифрлық басқарудың жаңа тәсілдердің пайда болуына байланысты елеулі трансформация процесінде. Қазіргі заманғы отандық білім берудегі жаңа технологиялық трендтер (даралау, геймификация, интерактивті онлайн оқыту, виртуалды ойындар мен желілер, ақпараттық-білім беру платформалары және т.б.) цифрлық ортадағы коммуникация мәселесін түбегейлі ғылыми талдауды талап етеді [1].

Университеттің білім беру процесін цифрландыру «тұлғаның құндылығы» ұғымының өзгеруіне әкелді. Студенттің жеке басының құндылығы оның ақпаратының мөлшерімен және цифрлық ресурстармен жұмыс істеу құзыреттілігімен анықталады. Студенттер арасында жанды (бетпе бет) тұлғааралық қарым-қатынастың төмендеу үрдісі байқалады.

В.Г. Крикун мен Е.В. Крикунның зерттеулері көрсеткендей, университеттік оқу кезеңінде респонденттердің 27%-ы достар шеңберін кеңейте алмады, ал студент жастардың 20% сөйлеу қарым-қатынасының әртүрлілігі жеткіліксіз [2, 41 б.].

Осыған байланысты, блендинг-оқыту (blended learning) кезінде ЖОО-ның оқу процесінде цифрлық коммуникацияның ерекшеліктерін зерделеу мәселесі өте өзекті болып табылады:

- жаңа технологиялар мен мүмкіндіктердің пайда болуымен цифрлық коммуникация ЖОО-ның оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналды. Блендинг оқыту дәстүрлі оқыту мен онлайн форматтарды біріктіруді қамтиды;

- оқытушылар мен студенттер арасындағы, сондай-ақ студенттердің арасындағы қарым-қатынас сапасы материалды түсіну деңгейіне, студенттердің белсенділігі мен мотивациясына айтарлықтай әсер етеді. Блендинг оқытудағы цифрлық байланыс оңтайлы өзара әрекеттесу мен ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге бағытталған;

- цифрлық коммуникацияның бірегей ерекшеліктері - бұл өзара іс-қимыл студенттер мен оқытушылардан коммуникацияның жаңа дағдылары мен стратегияларын талап ететін әртүрлі онлайн платформалар мен құралдар арқылы жүзеге асырылады. Осы ерекшеліктерді зерттеу цифрлық ортада өзара әрекеттесудің тиімді әдістерін жасауға көмектеседі;

- цифрлық коммуникацияның ерекшеліктерін түсіну оқу процесін оңтайландыруға және студенттердің оқу қолдауын жақсартуға мүмкіндік береді. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалануды түсіну және өзара әрекеттесуді ынталандыру қол жетімді, интерактивті және өнімді білім беру орталарын құруға мүмкіндік береді.

Т.В. Орлованың пікірінше, «цифрлық коммуникация - бұл цифрлық ресурстар арқылы ауызша және жазбаша коммуникация жасауға мүмкіндік беретін байланыс түрі» [3, б.42].

Университеттің нәтижелі оқу процесінде коммуникация маңызды рөл атқарады. Университеттің оқу ортасында тиімді қарым-қатынасқа ықпал ететін бірқатар психологиялық критерийлерді атап өтеміз:

1. Өзара сенім: тиімді қарым-қатынас жасау үшін оқытушылар мен студенттер арасында сенім болуы керек. Студенттер өздерінің пікірлері мен сұрақтарын бағалайтынын сезінуі керек, ал оқытушылар ашық және диалогты сақтауға дайын болуы керек.

2. Белсенді тыңдау: оқытушылар белсенді тыңдауды көрсетуі керек, яғни студенттерге олардың ойлары мен идеяларының маңызды екенін түсіндіруі керек. Студенттер өздерін тыңдап, құрметтейтінін сезінуі керек.

3. Айқындық пен нақтылық: оқытушылар күрделі ұғымдарды түсіндіру кезінде түсінікті және айқын академиялық лексиканы қолдануы керек. Бұл студенттерге ақпаратты жақсы түсінуге және түсініспеушіліктерден аулақ болуға көмектеседі.

4. Жеке қажеттіліктерге бейімделу: оқытушылар әр студенттің қалауы мен оқу стиліне сәйкес әртүрлі байланыс әдістерін қолдану.

5. Эмоционалды қолдау: оқытушылар студенттерді эмоционалды түрде қолдауы және түсінуі керек. Оң кері байланыс, студенттердің эмоционалды жағдайына назар аудару және қиын жағдайда қолдау сенімді қарым-қатынас орнатуға және тиімді қарым-қатынасты дамытуға көмектеседі.

6. Кері байланысқа ашықтық: оқытушы конструктивті сынды қабылдауға, эмоционалды жетілуге және студенттердің кері байланысына негізделген өзгерістерге ашық болуға дайын болуы керек. Оқытушылар тарапынан кері байланысқа ашықтық студенттерді толық түсінуге ықпал етеді, сенім мен өзара құрмет атмосферасын қалыптастырады, сондай-ақ оқытушылар мен студенттерге оқу процесін жақсарту үшін бірлесіп жұмыс істеуге көмектеседі.

Студенттердің цифрлық коммуникация мәселесін зерттеуде өзін-өзі қарым-қатынас ерекшеліктерін, онлайн-ресурстарды пайдалану жөніндегі көзқарастарды, желілік белсенділік стратегияларын зерттеу маңызды. Бұл сипаттамаларды ЖОО-да аралас оқыту кезінде студенттерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруда қолданған жөн [4].

Блендингтік оқыту кезінде университеттің оқу процесінде цифрлық коммуникация саласындағы заманауи талаптарға бейімделу студенттің психологиялық және кәсіби өсуіне айтарлықтай әсер етеді. Бірқатар психологиялық аспектілерді атап өтейік:

1. Өзін-өзі ұйымдастыру және тәуелсіздік дағдыларын дамыту. Блендинг оқытудағы цифрлық байланыс студенттен өз бетінше-жеке оқу процесін біртұтас ұйымдастыруды талап етеді (уақытты басқару, тапсырмаларды басқару, виртуалды ортада белсенді өзара әрекеттесу).

2. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту өзара түсіністікті жақсартуға, жанжалдарды шешуге және әлеуметтік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді, бұл студенттің психологиялық және кәсіби өсуіне оң әсер етеді.

3. Оқыту шекаралары мен мүмкіндіктерін кеңейту: цифрлық коммуникация білім алушыларға жаһандық білім беру ресурстарына қол жеткізуге, онлайн курстарға, вебинарларға, конференцияларға және географиялық немесе ұйымдастырушылық шектеулерге байланысты бұрын қол жетімді болмаған қосымша білім алуға мүмкіндік береді.

4. Технологиялық сауаттылықты дамыту - бұл әртүрлі цифрлық құралдар мен технологияларды қолдана білу, сандық құралдар мен платформалардың үлкен спектрін қолдана отырып, цифрлық ортада жұмыс істеуге дайын болу.

5. Зерттеушілік оқыту мүмкіндігін кеңейту, проблемалық ойлауды ынталандыру және инновацияларды қолдану. Цифрлық коммуникация студенттерге мультимедиялық презентациялар, бейнематериалдар, интерактивті тапсырмалар мен жобалар жасау, виртуалды ортадағы байланыс пен ынтымақтастықты жақсарту негізінде шығармашылық пен инновация мүмкіндіктерін ұсынады.

Университеттің оқу процесінде тиімді цифрлық коммуникацияны ұйымдастырудың келесі психологиялық критерийлерді ескеруді талап етеді:

1. Айқындық пен нақтылық. Цифрлық коммуникацияда ақпараттың (хабарламалардың) нақты және анық болу өте маңызды: қарапайым және түсінікті тілді қолдану, хабарламаларды қол жетімді және оңай қабылдау үшін визуалды құралдар арқылы ақпараттың құрылымдалуы.

2. Студенттердің цифрлық коммуникацияға белсенді қатысуын ынталандыру. Бұл онлайн сауалнамалар, форумдар немесе чаттар сияқты интерактивті құралдарды пікір алмасу және ақпаратпен бөлісу арқылы талқылауды ынталандыру үшін қолдану.

3. Студенттердің цифрлық байланыс құралдарын пайдаланудағы жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, икемділік пен қолжетімділік. Техникалық дағдыларға немесе технологияның қол жетімділігіне қарамастан студенттердің байланыс құралдары мен форматтарын таңдауда икемділікті қамтамасыз етуді қамтиды.

4. Эмоционалды қолдау: студенттердің эмоционалды жағдайына назар аудару, өз сөздерінде қолдау мен түсіністік білдіру, студенттердің өзара қолдауын ынталандыру.

5. ЫІнтымақтастыққа жәрдемдесу: онлайн-топтық жобаларды, пікір алмасу және талқылау үшін форумдарды ұйымдастыру, топтық жұмыс дағдыларын дамыту.

6. Ұйымдастырылған құрылым: цифрлық байланыс құралдарын пайдалану бойынша нақты нұсқаулар мен нұсқаулықтар жасау (қол жетімділік пен ыңғайлылық үшін ақпаратты, файлдарды және ресурстарды құрылымдау).

7. Коммуникациялық стильдердің әртүрлілігін ескеру - студенттердің коммуникативті қалауына сәйкес қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерін таңдауды қамтамасыз ету.

8. Цифрлы коммуникациядағы ықтимал алаңдаушылықты жою.

Аралас оқыту кезінде ЖОО-да цифрлық өзара іс-қимылдың қалыптасу деңгейінің психологиялық диагностикасы, біздің ойымызша, келесі аспектілерді зерттеуді қамтиды:

1. Сандық құралдарды пайдалану дағдыларын бағалау: студенттердің оқу процесінде тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті цифрлық құралдарды пайдаланудың негізгі дағдыларын қаншалықты меңгергенін анықтау маңызды.

2. Қарым-қатынас дағдыларының деңгейін бағалау: цифрлық өзара әрекеттесу белгілі бір коммуникативті дағдыларды қажет етеді, мысалы, жазбаша түрде ойды білдірудің анықтығы, онлайн талқылауларда тыңдау және сұрақтар қою, топтық жобаларға қатысу және т.б. бұл дағдыларды бағалау цифрлық өзара әрекеттесудің қалыптасу деңгейін анықтауға көмектеседі.

3. Өзара әрекеттесу мен ынтымақтастық деңгейін зерттеу: цифрлық өзара әрекеттесу студенттер мен оқытушылар арасындағы ынтымақтастық пен өзара әрекеттесу мүмкіндігін болжайды. Психологиялық диагностика студенттердің онлайн пікірталастардағы белсенділік деңгейін, топтық жобаларға қатысуын және оқу процесінің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесуін зерттеуді қамтуы мүмкін.

4. Сандық ортаға бейімделу деңгейін бағалау: цифрлық өзара әрекеттесу жаңа технологиялар мен онлайн платформаларға бейімделуді қажет етеді. Бейімделу деңгейін бағалау студенттердің цифрлық құралдарды пайдаланудағы жайлылық пен сенімділік дәрежесін, олардың өзгеретін цифрлық ортаға бейімделуге дайындығы мен қабілетін зерттеуді қамтуы мүмкін.

5. Қанағаттану мен мотивацияны талдау: студенттердің цифрлық ортадағы қарым-қатынас пен коммуникацияға қанағаттану деңгейі, сондай-ақ олардың цифрлық өзара әрекеттесуге белсенді қатысуға деген ынтасы мен қызығушылығы.

Университеттегі білім алушылардың цифрлық өзара әрекеттесуге қанағаттануды талдау үшін әртүрлі құралдарды қолдану ұсынылады:

- сауалнамалар. Студенттер арасында сауалнамалар жүргізу олардың цифрлық өзара әрекеттесудегі қанағаттану мен мотивацияға қатысты пікірлері мен бағалауларын жинауға мүмкіндік береді. Сұрақтар олардың байланыс сапасын бағалауға, цифрлық құралдарды пайдалануға қанағаттану деңгейіне, онлайн оқу сессияларына қызығушылыққа және басқа студенттермен ынтымақтастыққа қатысты болуы мүмкін.

- сұхбат және фокус-топтар. Топтық немесе жеке сұхбат жүргізу студенттердің цифрлық өзара әрекеттесуге деген қанағаттануы мен мотивациясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сұхбат арқылы олардың пікірлерін, тәжірибелерін және цифрлық ортадағы байланысты жақсарту бойынша ұсыныстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қоюға болады.

- цифрлық оқу ортасында белсенділік деңгейін талдау. Студенттердің цифрлық өзара әрекеттесуге қатысуы туралы деректерді бақылау және талдау үшін аналитикалық құралдар мен платформаларды пайдалану пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, онлайн форумдардағы студенттердің белсенділігін талдау, қойылған сұрақтар мен жауаптардың саны, топтық жобаларға қатысу деңгейі және басқа көрсеткіштер олардың мотивациясы мен қызығушылық деңгейі;

- психологиялық тесттер мен шкалалар. Қанағаттану мен мотивацияға байланысты психологиялық тесттер мен шкалаларды қолдану осы психологиялық аспектілерді өлшеуге көмектеседі. Мысалы, коммуникацияға қанағаттану шкаласын, цифрлық ортада оқуға деген ынтаны немесе онлайн оқуға қызығушылық шкаласын пайдалануға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Иргалиев А.С. Тұлғаны әлеуметтендіру (цифрлық білім беру кеңістігі): монография. 3 басылым. - Орал, 2023. - 68 б.
2. Цифровые трансформации в образовании. Технологии, коммуникации, решения: монография. - СПб.: ГНИИ «Нацразвитие», 2023. - 80 с.
3. Орлова Т.П. К вопросу об определении понятия «цифровая коммуникация» и способах ее изучения // Вестник магистратуры. - №6(105). – 2020. – Б. 42-44.
4. Сунгурова Н.Л., Акимкина Ю.Е. Особенности самоотношения и психологических стратегий электронной коммуникации студентов // Высшее образование. - № 9. - 2020. - Б. 85-89.

ӘОЖ: 821.512.122.0(092)

ҒҰМАР ҚАРАШ: ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕРДІ КӨТЕРУШІ

Какимова Д.М. – п.ғ.м., аға оқытушы
Казкенова Г.У. - п.ғ.м., аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Аннотация: В статье всесторонне рассматриваются социально-политические условия казахского общества начала XX века, а также духовное и просветительское наследие видного просветителя, поэта, педагога и общественного деятеля Гумара Караша. Кроме того, анализируется общественная деятельность казахской интеллигенции начала XX века в контексте последствий колониальной политики, при этом наследие Караша рассматривается как важное явление, определившее процесс духовного возрождения нации.

Ключевые слова: Гумар Караш, просвещение, духовное наследие, национальное самосознание, религиозное обновление, воспитание, культура, общественная мысль.

XX ғасырдың басы қазақ халқының тарихындағы аса күрделі әрі бетбұрысты кезеңдердің бірі болды. Бұл дәуірде отаршылдық саясаттың күшеюі, ұлттық теңсіздік пен әлеуметтік әділетсіздіктің тереңдеуі, мәдени артта қалушылық сияқты факторлар қазақ қоғамының саяси, экономикалық және рухани өміріне зор ықпал етті. Осындай жағдайда елдің тәуелсіздігін, рухани жаңғыруын және ұлттық тұтастығын сақтау мәселесі ұлт зиялыларының басты мақсатына айналды. Ұлттық сана мен қоғамдық ойдың жаңғыруына бағытталған қозғалыс — Алаш дәуірі идеяларымен сабақтас, елдің рухани-мәдени дамуының жаңа кезеңін айқындаған тарихи құбылыс болды.

Осы күрделі тарихи жағдайда қазақ зиялылары өздерінің ағартушылық және қоғамдық қызметі арқылы халықтың саяси санасын оятуға, білім мен ғылымды дамытудың маңыздылығын түсіндіруге, ұлттық бірлік пен мәдени өркендеуге шақырды. Солардың ішінде Ғұмар Қараш — өз дәуірінің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде ерекше орын алады. Ол – ақын, педагог, ағартушы, қоғам қайраткері және діни реформатор ретінде қазақ халқының рухани өмірінде айрықша із қалдырған тұлға.

Ғұмар Қараштың шығармашылық және қоғамдық қызметінің негізгі өзегі – ұлтты рухани және әлеуметтік тұрғыдан жаңғырту идеясы. Ол өзінің поэзиялық туындылары мен публицистикалық мақалаларында қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, ұлттық тәуелсіздік, білім мен ғылымның рөлі, әйел теңдігі, саяси еркіндік және ұлттық бірлік мәселелерін кеңінен қозғады. Оның еңбектері қазақ қоғамының ішкі қайшылықтарын терең талдап, олардың шешу жолдарын ұсынуымен ерекшеленеді.

Қараштың дүниетанымы мен көзқарастары исламдық ағартушылық идеяларымен және батыс өркениетінің прогрессивті қағидаларымен ұштасып жатты. Ол діни дәстүрлер мен заманауи білімнің үйлесімін табуға ұмтылды, руханиятты қоғам дамуының басты қозғаушы күші ретінде қарастырды. Осы тұрғыдан алғанда, Ғұмар Қараштың еңбектері тек әдеби және публицистикалық мұра ғана емес, сонымен қатар XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының идеологиялық және мәдени бағдарларын айқындаған маңызды дерек көзі болып табылады.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында әлеуметтік-саяси қатынастар түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты күшейіп, қазақ халқының жері жаппай тартып алынды, дәстүрлі шаруашылық жүйе күйзеліске түсті. Бұл жағдай елдің экономикалық тәуелділігін арттырып, әлеуметтік жіктелудің күшеюіне алып келді. Ұлттық мәдениет пен тілдің қолданыс аясы тарылып, рухани өмірде тоқырау үдерістері байқалды. Осындай тарихи жағдайда ұлттың болашағына алаңдаған қазақ зиялылары халықтың санасын ояту, білім мен ғылымға шақыру, ұлттық дербестікті сақтау жолында күрес жүргізді.

Қазақ қоғамында пайда болған жаңа интеллигенция өкілдері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және Ғұмар Қараш сияқты тұлғалар елдің қоғамдық-саяси өмірінде жетекші рөл атқарды. Олар халықты отарлық езгіден құтқарудың негізгі жолы – ағарту ісін дамыту және ұлттық сананы жаңғырту деп білді. [1] Бұл бағыттағы күрес тек саяси деңгейде ғана емес, сонымен бірге мәдени және рухани салада да жүрді.

Ғұмар Қараштың шығармашылық және қоғамдық қызметі дәл осы тарихи қажеттіліктен туындады. Ол өз заманының әлеуметтік қайшылықтарын көркем әдебиет, публицистика және діни-ағартушылық еңбектері арқылы бейнелеп, ұлттың рухани жаңғыруына үлес қосты. Қараш шығармаларында қоғамның моральдық құндылықтарын қайта қарау, білім мен ғылымды өркендету, ұлттық бірлік пен діннің тәрбиелік рөлін күшейту мәселелері кеңінен сөз болды.

Оның публицистикалық еңбектері халықтың саяси сауатын ашуға бағытталса, педагогикалық көзқарастары ұлттық мектептің мазмұны мен міндеттерін айқындауға арналды. Ал діни-ағартушылық қызметінде ол исламның рухани-имандылық қағидаларын заманауи тұрғыда түсіндіре отырып, жастарды әділдікке, еңбекқорлыққа және отансүйгіштікке тәрбиелеуді көздеді. Осы арқылы Ғұмар Қараш дәуірдің идеологиялық күресінде ұлттық ой-сананың жаңғыруына ықпал еткен жетекші тұлғалардың біріне айналды.

Ғалымның көзқарастары мен шығармалары XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік болмысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Ол өз заманының саяси оқиғалары мен қоғамдық құбылыстарын талдай отырып, ұлттық дамудың болашақ бағытын айқындауға ұмтылды. Сондықтан Ғұмар Қараштың мұрасы – тек әдеби немесе тарихи құндылық емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани өрлеу кезеңін бейнелейтін маңызды ғылыми-мәдени феномен болып табылады.

Ғұмар Қараш — тек ақын ғана емес, сонымен қатар қоғам қайраткері, ұстаз және ойшыл ретінде танылған тұлға. Ол дәстүрлі діни біліммен қатар, орыс мәдениетінен де хабардар болып, шығыс пен батыс өркениетінің озық үлгілерін синтездей білді. Бөкей Ордасындағы медреселерде ұстаздық қызмет атқарып, жаңа үлгідегі оқу-ағарту жүйесін енгізуге тырысты. [2] Оның «Мұғалім», «Қазақстан», «Айқап» журналдарында жарық көрген мақалалары халықты білімге, ғылымға, еңбекқорлыққа шақырды. Ол білім арқылы халықтың теңдікке және өркениетке қол жеткізе алатынына сенді.

Ғұмар Қараш қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті, кедейшілік пен сауатсыздықты ең өзекті мәселе деп білді. Оның өлеңдері мен мақалаларында халықты надандықтан арылуға, өз құқықтарын қорғауға шақыратын идеялар жиі кездеседі. «Кедейлік күйі», «Насихат қазақия», «Бала тұлғасы» сияқты шығармаларында қоғамдағы әділетсіздікті айыптап, адамның қадір-қасиеті білім мен еңбекте деп көрсетеді. [3] Өз заманының әлеуметтік мәселелерін терең сезініп, оларды тек сын тұрғысынан емес, шешімін ұсыну арқылы қоғамды жаңартуға шақырған ағартушы болды. Оның шығармаларында әйел теңдігі, отбасы тәрбиесі, жастардың рухани және интеллектуалдық дамуы сияқты тақырыптар кеңінен қозғалады. Бұл мәселелер XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында өте өзекті болатын, себебі сол кезеңде әйелдің қоғамдағы

рөлі төмен, білім алу мүмкіндігі шектеулі, ал бала тәрбиесі көбінесе дәстүрлі шеңберден аспайтын еді.

Ғұмар Қараш әйелді қоғамның белсенді мүшесі, ұлттың рухани тірегі ретінде қарастырды. Ол әйелдің білім алуы, қоғамдық өмірге араласуы — ұлттың өркендеуімен тікелей байланысты деп білді. Қараштың ойынша, ананың сауатты болуы – ұлттың сауатты болуының кепілі, өйткені тәрбиенің бастауы – ана. Бұл көзқарас қазіргі гендерлік теңдік пен әйелдің әлеуметтік мәртебесін арттыру идеяларымен үндес келеді.

«Педагогика» атты еңбегінде ол бала тәрбиесінің ғылыми негіздерін талдап, әрбір баланың бойында ұлттық рух, адамгершілік қасиет және отансүйгіштік сезім қалыптастыру қажеттігін баса айтады. Оның пікірінше, тәрбие – ұлттың болашағын айқындайтын басты құрал, сондықтан тәрбие мазмұны тек діни немесе тұрмыстық шеңбермен шектелмеуі керек, ол заман талабына сай, ұлт рухына негізделген болуы қажет. [4]

Ғұмар Қараш тәрбиенің үш тірегін атап көрсетеді:

Адамгершілік тәрбие – әділдік, ізгілік, жауапкершілік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді дамыту;

Ақыл-ой тәрбиесі – білім мен ғылымға ұмтылу, танымдық қызығушылықты арттыру;

Рухани тәрбие – имандылық пен ұлттық сана арқылы тұлғаның үйлесімді дамуына жету.

Ол жастарды рухани азғындықтан, надандықтан қорғау қажеттігін үнемі ескертіп, олардың бойына ұлттық намыс пен елжандылық сезімін сіңіруді басты міндеттердің бірі деп санады. Қараштың ойынша, жастар – ұлттың болашағы ғана емес, қоғамның рухани және моральдық айнасы. Егер жастар иманды, білімді, еңбекқор болса, онда ұлттың болашағы да жарқын болмақ. Осы тұрғыда ол жас ұрпақ тәрбиесін ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, рухани жаңғырудың негізгі тетігі ретінде қарастырды.

Қараштың көзқарасы бойынша, жастардың адамгершілік және имандылық тәрбиесі олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастырудың негізі болып табылады. Ол тәрбие жүйесінде дін мен дәстүр сабақтастығын сақтауды, білім мен тәрбиенің үйлесімде болуын ерекше атап өтеді. Жастардың бойына отансүйгіштік, ұлтжандылық және еңбексүйгіштік қасиеттерді дарыту арқылы ғана қоғамда тұрақтылық пен рухани тұтастық орнайтынын айтады.

Ғалымның бұл идеялары қазіргі заманғы педагогикалық және әлеуметтік ғылымдарда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Себебі бүгінгі жаһандану дәуірінде жастардың рухани иммунитетін нығайту, олардың мәдени және ұлттық бірегейлігін сақтау – қоғамның стратегиялық міндеті болып табылады. Сондықтан Қараштың ойлары тек тарихи тұрғыдан ғана емес, қазіргі жастар саясаты мен тәрбие жүйесін жетілдіруде де құнды бағыт-бағдар береді.

Ғұмар Қараштың бұл көзқарастары қазіргі заманның құндылықты тәрбие, адам капиталы, ұлттық идеология ұғымдарымен тікелей байланысты. Ол өз заманының шындығында отырып, қазақ қоғамын өркениетті дамуға бастайтын әлеуметтік және тәрбиелік үлгілерді ұсынды. Сондықтан оны қазақ ағартушылық педагогикасының негізін қалаушылардың бірі деп атауға толық негіз бар.

Ғұмар Қараштың саяси көзқарастары оның ағартушылық және діни танымымен тығыз байланысты болды. Ол халықтың өзін-өзі басқару құқығын, әділ заң мен саяси еркіндікті жақтады. [5] Қараш Алаш қозғалысының идеясымен үндес болды, бірақ зорлық-зомбылықсыз, бейбіт жолмен реформаны қолдады.

Ол исламды халықты біріктіретін, рухани тұтастықты сақтайтын күш ретінде қарастырды. Оның ойынша, шынайы дін адамды ізгілікке, әділетке және парасаттылыққа жетелейді. Осыған байланысты ол дінді саясаттан бөлек, бірақ қоғаммен үйлесімде қарастыруды ұсынды. [6]

Ғұмар Қараш діни фанатизм мен соқыр сенімге қарсы шықты. Ол дәстүрлі ислам қағидаларын заманауи ағартушылық идеялармен ұштастырып, дінді білім мен ғылымның дамуына кедергі емес, керісінше, соны қолдаушы күш ретінде түсіндірді. Оның «фетвалары» мен мақалаларында дін мен заманның байланысы, имандылық пен адамгершіліктің қоғамдағы орны кеңінен талданады.

Қараш дінді адамның рухани дамуының тетігі ретінде қарастырып, ислам ілімінің мәнін әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан түсіндіреді. Ол үшін дін тек ғибадат пен рәсімдер жиынтығы емес, қоғамды әділдікке тәрбиелейтін жүйе болуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, ол қазақ топырағындағы исламдық модернизмнің көрнекті өкілдерінің бірі саналады.

Ғұмар Қараштың идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси және рухани өмірінде де өзекті мәнге ие. Оның қоғамды білімге, мәдениетке, әділет пен имандылыққа негіздеп құру туралы ойлары қазіргі Қазақстанның ұлттық идеологиясының негізгі бағыттарымен үйлеседі. Қараштың «халықтың болашағы – білім мен ғылымда» деген ұстанымы бүгінгі “Білімді ұлт” тұжырымдамасының да іргетасы болып табылады. Ол өз еңбектерінде надандық пен қараңғылықты ұлттың басты жауы деп есептеп, әрбір адамның рухани және интеллектуалдық жетілуін қоғам дамуының кепілі ретінде қарастырды. Ол халықтың тарихи жадын сақтау, ұлттық кодты жоғалтпау, дәстүр мен діннің арасындағы үйлесімділікті сақтау керектігін XX ғасырдың басында-ақ айтып кеткен болатын. Осы тұрғыдан алғанда, Қараштың рухани-мәдени көзқарастары — қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау мәселесіне бағыт-бағдар беретін құнды идеялық мұра. [7]

Ғұмар Қараш өз еңбектерінде әлеуметтік әділеттілік, адам құқығы, қоғамдық жауапкершілік секілді ұғымдарды ерекше атап өтеді. Оның пікірінше, мемлекет пен қоғамның дамуы әділет пен адамгершілікке негізделуі тиіс. Бұл ой қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың, инклюзивті қоғам қалыптастыру идеясының және азаматтық теңдік принциптерінің идеологиялық негізімен ұштасады.

Сонымен қатар, Қараштың имандылық пен адамгершілік туралы көзқарастары да қазіргі қоғамда ерекше маңызға ие. Ол дінді фанатизмнен ада, ағартушылық сипаттағы рухани күш ретінде қарастырды. Бүгінгі таңда діни радикализмге қарсы тұру, жастардың рухани иммунитетін қалыптастыру мәселелерінде Қараштың осы ұстанымдары өзектілігін арттыра түсуде.

Ғұмар Қараш ұсынған ұлттық бірлік пен қоғамдық келісім идеялары қазіргі Қазақстан қоғамындағы этносаралық және конфессияаралық татулықтың рухани негізі болып табылады. Оның шығармаларында көрініс тапқан *“ынтымақсыз елдің күні қараң”* деген ой — қазіргі заманның бейбітшілік пен келісім саясатына да сәйкес келеді.

Сондықтан Ғұмар Қараштың мұрасы тек тарихи тұлға ретінде емес, қазіргі заманның рухани-идеялық бағдаршамы ретінде бағалануы тиіс. Оның еңбектерін оқу, зерттеу және жас ұрпақ санасына сіңіру — ұлттық сана мен рухани мәдениетті дамытудағы маңызды міндеттердің бірі.

Қорыта келгенде, Ғұмар Қараш – қазақ халқының XX ғасыр басындағы ұлттық ояну дәуірінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол өз шығармаларында әлеуметтік теңсіздік, білім, руханият, дін және саясат тақырыптарын кеңінен қозғап, ұлттың рухани жаңғыруына үлкен ықпал етті. Қараштың ағартушылық қызметі мен саяси көзқарастары – қазақ қоғамының дамуында терең із қалдырған құндылықтар жүйесі. Оның идеялары тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Сондықтан Ғұмар Қараш мұрасын жан-жақты зерттеу және оны жас ұрпаққа насихаттау – ұлттық руханият пен мәдениет тарихындағы маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ энциклопедиясы. Т.4. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015.
2. «Ғұмар Қараш – ағартушы және қоғам қайраткері». Bilim-all.kz, 2020.
3. Қараш Ғ. «Бала тұлғасы». – Орынбор, 1912.
4. Қараш Ғ. «Педагогика». – Орал, 1913.
5. «Алаш қозғалысы және қазақ зиялылары». Aqiqat журналы, №2, 2019.
6. Shablei P. “Fatwas of Akhun Gumar Karash.” Islamology Journal, Vol.7, 2017.
7. Сыдықов Е. «Ғұмар Қараш және ұлттық идея». – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
ӘОЖ: 371.3:811.512.122

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ахашева Н.Б. – *бастауыш сынып мұғалімі*
№42 «Ақ ниет» гимназиясы, Орал қаласы

Аннотация: В статье рассматриваются теоретические и практические основы применения инновационных педагогических технологий в обучении казахскому языку в начальных классах. Анализируется роль современных образовательных подходов в формировании языковой компетентности младших школьников. Особое внимание уделяется использованию интерактивных, цифровых и личностно-ориентированных технологий, способствующих развитию коммуникативных навыков, познавательной активности и самостоятельности обучающихся. Раскрывается эффективность игровых методов, проектного обучения и информационно-коммуникационных средств в процессе усвоения языкового материала. Полученные результаты подтверждают целесообразность системного внедрения инновационных технологий в практику преподавания казахского языка и направлены на повышение качества начального образования.

Ключевые слова: начальное образование, казахский язык, инновационные педагогические технологии, интерактивные методы обучения, цифровое обучение, языковая компетентность, коммуникативные навыки.

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінің жаңаруы оқыту үдерісіне инновациялық педагогикалық технологияларды кеңінен енгізуді талап етеді. Әсіресе бастауыш мектеп кезеңі – баланың тілдік тұлғасы қалыптасатын маңызды саты болғандықтан, қазақ тілін оқытуда тиімді әдістемелік шешімдерді қолдану өзекті мәселе болып табылады. Бұл кезеңде оқушының оқу мотивациясын арттыру, сөйлеу әрекетін дамыту және тілдік дағдыларын қалыптастыру мұғалімнің кәсіби шеберлігімен қатар, қолданылатын технологиялардың сапасына да тікелей байланысты.

Дәстүрлі оқыту үлгілерінен инновациялық бағытқа көшу білім алушыны оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қарастыруды көздейді. Мұндай тәсілде оқушы тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетінше меңгеруші тұлға ретінде танылады. Сондықтан қазіргі бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуда интерактивті әдістер, цифрлық ресурстар, жобалық жұмыс және ойын технологиялары кеңінен қолданылуда.

Инновациялық педагогикалық технологиялар оқыту мазмұнын жаңартумен қатар, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда жаңашыл әдістерді жүйелі қолдану білім сапасын арттырудың негізгі тетіктерінің бірі болып саналады.

Инновациялық педагогикалық технологиялар – оқу үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негізделген, нәтижеге бағытталған және оқушы тұлғасының дамуын қамтамасыз ететін әдістемелік жүйе. Бұл технологиялардың басты ерекшелігі – білім алушының белсенді әрекетіне сүйенуі және жеке қабілеттерін ескеруі.

Қазіргі педагогикада инновациялық технологиялар қатарына тұлғаға бағдарланған оқыту, дамыта оқыту, деңгейлеп саралап оқыту, жобалық әдіс, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ойын және проблемалық оқыту жатады. Аталған тәсілдер бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келіп, олардың тілдік материалды саналы меңгеруіне жағдай жасайды.

Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологиялар сөздік қорды байытуға, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және мәтінмен жұмыс істеу қабілетін дамытуға бағытталады. Мысалы, интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылар дыбыстарды ажырату, сөз құрау, сөйлем жасау сияқты әрекеттерді қызығушылықпен орындайды.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Тілдік құзыреттілік оқушының сөздік қорын меңгеруімен ғана шектелмей, өз ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе білуін, мәтінді түсініп қабылдауын және коммуникативтік жағдаяттарға еркін қатысуын қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда инновациялық педагогикалық технологиялар тілдік құзыреттіліктің барлық құрамдас бөліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Интерактивті оқыту әдістері оқушының белсенді қатысуына негізделеді. Диалогтік оқыту, жұптық және топтық жұмыс, пікірталас элементтері бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін жандандырып, қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасауына жағдай туғызады. Мұндай тәсілдер оқушылардың бір-бірімен тілдік байланыс орнатуына, өз ойын дәл әрі жүйелі айтуына ықпал етеді.

Цифрлық технологияларды қолдану оқыту мазмұнын визуализациялауға мүмкіндік береді. Электронды тапсырмалар, бейнематериалдар, интерактивті жаттығулар арқылы оқушылар дыбыстық, графикалық және мағыналық ақпаратты қатар қабылдайды. Бұл қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін кешенді меңгеруге жағдай жасайды.

Сонымен қатар инновациялық технологиялар оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталған. Деңгейлеп саралап оқыту әдісі әр оқушының дайындық деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік беріп, әлсіз оқушыларды қолдауға, ал қабілетті балалардың әлеуетін дамытуға жағдай жасайды. Бұл тәсіл бастауыш сыныптағы білім алушылардың оқу мотивациясын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда ойын технологиялары ерекше орын алады. Ойын элементтері оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, тілдік материалды жеңіл әрі есте сақтауға көмектеседі. Рөлдік ойындар, сөздік жарыстар, логикалық тапсырмалар оқушылардың ауызша сөйлеуін белсендіреді.

Бастауыш жастағы балалар үшін ойын – негізгі әрекет түрі. Сондықтан қазақ тілін оқытуда ойын технологияларын пайдалану оқу материалының тиімді меңгерілуіне ықпал етеді. Сөздік ойындар, грамматикалық жарыстар, рөлдік тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, тілдік бірліктерді табиғи ортада қолдануға мүмкіндік береді.

Шығармашылық тапсырмалар да тіл үйретудің маңызды құралы болып табылады. Мәтін құрастыру, сурет бойынша әңгіме айту, шағын эссе жазу сияқты жұмыстар оқушылардың қиялын дамытып, сөздік қорын байытады. Бұл әрекеттер арқылы балалар қазақ тілін тек пән ретінде ғана емес, ойды жеткізудің құралы ретінде қабылдай бастайды.

Ойын және шығармашылық технологиялар оқушылардың эмоционалдық жағдайына оң әсер етіп, сабақта жағымды психологиялық ахуал қалыптастырады. Мұндай ортада бала қателесуден қорықпай, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық білдіруге үйренеді. Бұл қазақ тілін меңгерудің сапасына тікелей әсер етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану да маңызды. Электронды оқулықтар, интерактивті тақта, онлайн платформалар арқылы ұсынылатын жаттығулар оқушылардың тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдыларын кешенді дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық ресурстар визуалды қабылдауды күшейтіп, оқу материалының тиімді меңгерілуін қамтамасыз етеді.

Жобалық оқыту әдісі бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілетін қалыптастырады. Қарапайым тақырыптар бойынша шағын жобалар орындау барысында оқушылар сөздерді орынды қолдануға, өз ойын жүйелі жеткізуге және топпен жұмыс істеуге үйренеді. Бұл әдіс қазақ тілін практикалық тұрғыда меңгеруге жол ашады.

Инновациялық педагогикалық технологиялардың тиімділігі мұғалімнің кәсіби даярлығына тікелей байланысты. Мұғалім жаңа әдістерді механикалық түрде қолданбай, олардың дидактикалық мүмкіндіктерін терең түсінуі қажет. Әр сабақтың мақсатына сәйкес технологияны дұрыс таңдау – оқыту нәтижелілігінің басты шарты.

Педагог оқушының танымдық белсенділігін арттыру үшін бағыттаушы, ұйымдастырушы және кеңесші рөлін атқарады. Мұндай модельде мұғалім дайын білім беруші емес, білімді

бірлесіп құрастырушы серіктес ретінде көрінеді. Бұл тәсіл бастауыш сынып оқушыларының дербестігін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі де маңызды. Ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану, онлайн платформалармен жұмыс істеу және интерактивті материалдар әзірлеу қазіргі қазақ тілі мұғалімінің кәсіби бейнесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Қорыта айтқанда, бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Жаңашыл әдістер мен цифрлық құралдар оқушылардың тілдік материалды саналы меңгеруіне, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруына және оқу мотивациясын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Интерактивті, ойын және жобалық технологиялар арқылы оқыту оқушыны білім алудың белсенді субъектісіне айналдырып, қазақ тілін практикалық тұрғыда қолдануға жағдай жасайды.

Зерттеу барысында инновациялық технологиялардың бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым әрекеттерін кешенді дамытуға ықпал ететіні анықталды. Бұл тәсілдер оқушылардың сөздік қорын байытып қана қоймай, өз ойын жүйелі жеткізу, мәтінмен жұмыс істеу және қарым-қатынас жасау қабілеттерін жетілдіреді. Сонымен қатар деңгейлеп саралап оқыту мен тұлғаға бағдарланған тәсіл әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беріп, оқу үдерісінің инклюзивті сипатын күшейтеді.

Тыңдалым мен оқылым дағдылары да тілдік құзыреттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Аудио және мәтіндік материалдармен жұмыс жасау оқушылардың ақпаратты қабылдау, түсіну және қайта өңдеу қабілеттерін дамытады. Тыңдалған немесе оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, мазмұнын әңгімелеу сияқты тапсырмалар сөйлеу әрекетінің барлық түрін өзара байланыстырады. Сонымен қатар тілдік құзыреттілік оқушының коммуникативтік және әлеуметтік тәжірибесімен де ұштасады. Топтық жұмыс, пікір алмасу және рөлдік ойындар барысында балалар өз ойын жеткізумен қатар, өзгелерді тыңдауға, келісуге немесе өз көзқарасын қорғауға үйренеді. Бұл үдеріс тілдік білімді әлеуметтік ортада қолдануға бейімдейді.

Жалпы алғанда, тілдік құзыреттілік бастауыш сынып оқушыларының тілдік тұлға ретінде қалыптасуының негізін құрайды. Оның құрылымдық компоненттерін жүйелі дамыту қазақ тілі сабақтарының басты міндеті болып табылады. Осы бағыттағы мақсатты жұмыс оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасай алатын тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтары бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған негізгі оқу алаңы болып табылады. Бұл сабақтарда тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым әрекеттері өзара байланыста дамытылып, оқушылардың тілдік тәжірибесі біртіндеп кеңейеді. Мұғалім тарапынан дұрыс ұйымдастырылған оқу үдерісі балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, қазақ тілін табиғи қарым-қатынас құралы ретінде қабылдауына мүмкіндік береді.

Тыңдалым дағдысын дамытуда аудиомәтіндер, мұғалімнің үлгілі сөйлеуі және сыныптастарымен диалог маңызды рөл атқарады. Оқушылар тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын анықтау, сұрақтарға жауап беру және қысқаша мазмұндау арқылы ақпаратты қабылдау мен түсіну қабілеттерін жетілдіреді. Бұл әрекеттер сөздік қорды байытып қана қоймай, тілдік интонацияны, дыбыстау ерекшеліктерін меңгеруге де жағдай жасайды.

Айтылым дағдысын қалыптастыру қазақ тілі сабақтарының басты бағыттарының бірі болып табылады. Диалог құрастыру, сурет бойынша әңгіме айту, шағын монологтар жасау сияқты тапсырмалар оқушылардың өз ойын жүйелі жеткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар рөлдік ойындар мен жағдаяттық жаттығулар балаларды еркін сөйлеуге үйретіп, коммуникативтік сенімділігін арттырады.

Оқылым мен жазылым дағдыларын дамыту мәтінмен мақсатты жұмыс жасау арқылы жүзеге асырылады. Мәтінді мәнерлеп оқу, негізгі ойды анықтау, жоспар құру және мазмұндама жазу сияқты жұмыстар оқушылардың логикалық ойлауын дамытып, жазбаша сауаттылығын

қалыптастырады. Бұл үдерісте грамматикалық құрылымдар сөйлеу тәжірибесімен ұштасып, тілдік нормаларды практикалық деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді.

Тыңдалым дағдысын дамытуда мұғалім қысқа ертегілерді немесе күнделікті өмірге жақын мәтіндерді дыбыстап оқып, оқушыларға «Кім? Қайда? Не істеді?» сияқты жетекші сұрақтар қояды. Мысалы, «Менің отбасым» тақырыбындағы аудиомәтінді тыңдағаннан кейін балалар отбасы мүшелерін атап, олардың іс-әрекетін сипаттайды. Бұл тапсырма тыңдалған ақпаратты түсінуге және оны ауызша қайта жеткізуге үйретеді.

Айтылымды қалыптастыруда «Сурет сөйлейді» әдісі тиімді қолданылады. Мұғалім тақтаға табиғат немесе мектеп өміріне қатысты сурет іліп, оқушылардан көргенін сипаттауды сұрайды. Мысалы, «Күзгі бақ» суреті бойынша балалар «Жапырақтар сарғайды», «Балалар серуендеп жүр» сияқты сөйлемдер құрастырады. Сонымен қатар «Дүкенде» рөлдік ойыны барысында бір оқушы – сатушы, екіншісі – сатып алушы болып, тауар сұрау, баға айту, алғыс білдіру үлгілерін қолданады. Бұл тәсіл сөйлеуді өмірлік жағдаятпен байланыстырады.

Оқылым мен жазылымды дамытуда шағын мәтіндермен жұмыс жүргізіледі. Мысалы, «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбындағы мәтінді оқығаннан кейін оқушылар негізгі ойды анықтап, жоспар құрады, кейін сол жоспар бойынша 3-4 сөйлемнен тұратын шағын мәтін жазады. «Сөйлемді толықтыр» немесе «Артық сөзді тап» сияқты тапсырмалар грамматикалық білімді бекітіп, жазбаша сауаттылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Топтық жұмыс кезінде әр топқа белгілі бір тақырып беріледі (мысалы, «Мектеп», «Табиғат», «Достық»). Оқушылар сол тақырып бойынша сөздер жинақтап, постер жасап, сынып алдында қорғайды. Бұл әдіс балалардың бірлесіп жұмыс істеуін, өз ойын көпшілік алдында жеткізуін және еркін сөйлеуін дамытады.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда қазақ тілі сабақтары шешуші рөл атқарады. Бұл пән арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдылары кешенді түрде дамып, сөздік қоры байиды, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Зерттеу барысында интерактивті, коммуникативтік және ойын технологияларын жүйелі қолдану оқушылардың тілдік белсенділігін арттырып, қазақ тілін меңгеру үдерісін табиғи әрі нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні айқындалды.

Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі оқу мазмұнын өмірлік жағдаяттармен байланыстыру, оқушыларды белсенді тілдік әрекетке тарту және әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы арта түсетіні байқалды. Тыңдалым мен айтылымды дамытуға бағытталған тапсырмалар, мәтінмен мақсатты жұмыс және топтық әрекеттер оқушылардың коммуникативтік сенімділігін қалыптастырып, грамматикалық білімді практикалық деңгейде меңгеруге жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттырып, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады.

Жалпы алғанда, қазақ тілі сабақтарын тұлғаға бағдарланған, коммуникативтік негізде ұйымдастыру бастауыш мектеп оқушыларының тілдік құзыреттілігін дамытудың ғылыми тұрғыдан негізделген жолы болып табылады. Алдағы уақытта осы бағыттағы әдістемелік ізденістерді жалғастыру, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және заманауи педагогикалық технологияларды кеңінен енгізу қазақ тілін оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

13. Мұханбетжанова А.У, Бухарбаева Г. Бастауыш білім беру мазмұнын құзыреттілік тұрғыдан жобалау. // Білім берудегі құзыреттілік және тұлғалық-бағдарлы тұрғылар: п.ғ.д. Профессор Әлия Мұханбетжанованың 60 жас мерейтойына арналған респ.ғылыми-практ.конф. материалдары. - Орал: Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2011. - 75-78 б.

14. Нарыкова Г.К. Білім берудегі құзыреттілік ұстанымының негізгі талаптары мен артықшылықтары // 12 жылдық білім беру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің

функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру: Облыстық ғылыми-тәжірибелік семинардың материалдары, 18 мамыр 2012 ж., 2012. - 193-195 б.

УДК 39(574.1)
МРНТИ 03.09.23

1990 – 2020 ЖЫЛДАР АРАСЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫ

Жумагалиева Алмажан Жасұланқызы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті магистранты, Орал қ.

Аннотация : *В статье рассматриваются историческое становление, культурные особенности этнических групп Западно-Казахстанской области и их вклад в социально-культурное развитие региона. Исследование направлено на дифференциацию процессов деятельности этнокультурных объединений, укрепления межэтнического согласия и культурной интеграции.*

Ключевые слова: *Ассамблея, согласие, полиэтнический, этнокультурные объединения*

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаев 2025 жылы 24-қазанда Республика күніне арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде «Биыл Қазақстан халқы ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толды. Ассамблея – берекелі бірлігіміздің мызғымас нышаны, теңдесі жоқ бірегей құрылым. Оның мүшелері елдегі тұрақтылықты нығайту үшін аянбай еңбек етіп жүр. Ал қоғамдағы келісім мен ынтымақты күшейту – нағыз отаншылдық белгісі. Озық ел болу үшін біз әлі талай белесті бағындыруымыз керек. Тұрақтылық пен тыныштықтың қадірін білу қажет. Әсіресе, мұны жастарымызға дұрыс түсіндіріп, оларға бағдар көрсеткен жөн. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген. Біз ұлт ретінде биік белестерді бағындырамыз десек, ең алдымен, халқымыздың ауызбіршілігі мықты болуы керек. Азаматтарымыз бірін-бірі сыйлап, құрметтеуі қажет»,- деді.

Этносаралық келісім мен қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі Қазақстандық тәжірибенің бірегейлігі әртүрлі көзқарастарға, дәстүрлер мен мәдениеттерге қарамастан қоғамда өзара сыйластық қағидаттарын орнықтыру, конфессияаралық және этносаралық бейбітшілікті нығайту, этникалық немесе тілдік белгілері бойынша кемсітушіліктің кез келген көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру.

Облыс орталығы Орал қаласынан оңтүстік-шығыс жақ бетінде шалғайда орналасқан біздің Қаратөбе ауданымызда қазақтан басқа этностық топ өкілдері өте аз. Тарихи жағдайларға байланысты келіп қоныстанған татар ұлтының өкілдерінің ұрпақтары, тың игеру жылдары келген украин ұлтының ұрпақтары сосын бірлі-екілі оқып жүргенде танысып біздің өлкемізге тұрмысқа шыққан этнос өкілдері бар. Осы тақырыпта зерттеу жұмысын бастамас бұрын қазақы Қаратөбе балаларына сауалнама жүргізіп көрдім?

1. Сіздің өңіріңізде қандай этностар тұрады?
2. Олардың мәдени мерекелерін, ұлттық тағамдарын білесіз бе?
3. Этномәдени іс-шараларға қатысып көрдіңіз бе?
4. Басқа этностардың мәдениеті сізді қызықтырады ма?

Оқушылардың білетін мәліметі аз болғанмен, этникалық топтардың тарихына, тіліне, ұлттық мерекелеріне қызығушылықтары байқалды.

Тәуелсіз мемлекет мәртебесін алғанға дейін Қазақстан ТМД субъектілері ішіндегі ең көп ұлтты ел болды. Қазақстанның көпэтносты қоғам ретіндегі ерекшелігі оның тарихи даму жолымен, миграциялық және әлеуметтік-экономикалық үдерістерімен тікелей байланысты. Батыс Қазақстан облысы этникалық құрамы жағынан алуан түрлі аймақ болып табылады.

Мұнда қазақтармен қатар орыс, татар, украин, башқұрт, неміс, кәріс, армян, әзербайжан, шешен және басқа да этностар өмір сүреді. Этностардың тарихи қоныстану кезеңдері мен мәдени мұрасының сақталуы аймақтың мәдени кеңістігінің ерекшелігін айқын көрсетеді. 1989 жылғы бүкілодақтық санақ бойынша Батыс Қазақстан облысында 629,5 мың адам тұрған, олардың ішінде қазақ – 351123 адам, орыс – 216514 адам, украин - 28092, татар – 12726, белорус – 5112, неміс – 4550, мордвин – 1883, шешен – 1303, әзірбайжан – 847, молдован – 697, кәріс – 631 және т.б [1, 33].

Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданының журналист ақыны Махмет Қажиахметовтың осы бір «Ұлы достық» өлеңін тілге тиек етсек, тақырыбымыз айшықтала түсетіндей. [2]

Нәсілдерге нәсіл болсын нұрлы күн,
Ынтымақтың шертсем деймін бір жырын,
Татулығын жырға қосам ұлттардың
Мақтан қылып ұлыстардың бірлігін.
Достық тапса діндер менен ділімді
Салт-дәстүрлер сыйға ұласты бүгінгі,
Бір туғандай ұлтаралық келісім
Бір көтерген басқа түскен жүгімді.
Серт берісіп туыс болып қалуға
Нәубеттерден аман жеттік дамуға,
Байтақ елдің биік ұстап байрағын
Біздің достық мәңгі болып қалуда.

«Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы бірлігімізді нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым болып өңірдегі 80 нен астам этнос өкілдерін ұйыстырып отыр. Қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанынан құрылған 27 аккредиттелген, 16 облыстық, 11 аудандық барлығы 53 этномәдени бірлестік белсенді қызмет етуде. 16 этномәдени бірлестік Достық үйінде орналасқан. Олардың жанында би және вокальдық ұжымдар бар. «Қоғамдық келісім» КММ жанынан «Достық» хор және би ансамблі, «Масис» армян этномәдени бірлестігі жанынан «Арарат» би ансамблі құрылған. Сонымен қатар бұл бірлестіктердің екеуі республикалық филиалдары болып табылады. Оның біреуі жетекшісі Илияр Муталипов басқаратын 2003 жылы құрылған «Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің Орал қаласындағы филиалы, екіншісі Вячеслав Солодилов басқаратын «Жайық казактары Одағы» казактар орталығы[3]. Олар көптеген іс-шара, оның ішінде ашық кездесу, семинар, пікірталас форматында шаралар өткізеді. Оның әрқайсысы 100-150 адамның қатысуымен ұйымдастырылады.

«Вайнах» - шешен – ингуш мәдени – ағарту қоғамы. Орал қаласында 1991 ж құрылды (жетекшісі Д. А. Саратов). Құрамында 700 – ден астам шешен – ингуш ұлт өкілдері бар. Қоғам негізінен ұлттық тіл, дәстүр мен мәдениетті насихаттайды. Қоғам мешіт құрылысына, жетім балалар үйіне демеушілік жасап, мәдени шараларға белсене қатысады.[4, 215] Данильбек Алиевич Саратов әлі күнге сол этномәдени бірлестіктің жетекшісі, сонымен қатар БҚО Қазақстан Халқы Академиясының басшысының орынбасары қызметін де атқарып келеді.

Облысымызда еврей диаспорасының да Еврей мәдени-ағарту қоғамы бар. 1999 жылғы санақ бойынша 140 еврей ұлтының өкілдері болған екен. Бұл қоғам балалар мен ересектерге иврит тілін үйрететін жексенбілік мектеп ұйымдастырып, еврей және қазақ халқының мәдениеті мен тарихын оқыту ісін қолға алған. Жыл сайын «Пасех», «Ханука», «Пурим» атты ұлттық мейрамдар өткізеді. Қоғам мүшелері облыс көлеміндегі, Орал қаласындағы мәдени-әлеуметтік шараларға белсене қатысады.[4, 239]

«Масис» армян этномәдени бірлестігінің төрағасы Аветик Амирханян, «Еднання» Украин этномәдени бірлестігі 1994 жылы құрылған. Қазіргі таңда жетекшісі Станислав Котенко. «Грамада» белорус этнобірлестігі қазіргі таңда жетекшісі Ирина Разенкова. БҚО ҚХА төрағасының орынбасары Наджаф Мамедов төрағалық ететін «Бірлік» әзербайжан мәдени-

ағарту қоғамы да облысымыздағы үлгілі этномәдени бірлестіктердің бірі. Мен бұл мәліметтерді БАҚ мәліметтерінен, кітаптардан, инстаграмм, фейсбук парақшаларынан тауып жинақтап жазсам, Қазақстан халқы Ассамблеясының Батыс Қазақстан облысы бойынша сайтында этномәдени бірлестіктер туралы төмендегі кесте тұр екен.

	Аты-жөні	Лауазымы	Байланыс нөмірі	Электронды почтасы
.	Биғалиев Арман Маратұлы	«Ағайын» Батыс Қазақстан облысы қазақ этномәдени бірлестігі қоғамдық бірлестігінің төрағасы	8 776 910 11 11	Arman.bigaliev@mail.ru
	Амирханян Аветик Рубенович	«Масис» Батыс Қазақстан облыстық армян этномәдени қоғамдық бірлестігінің төрағасы	8 707 533 43 73	aydana.kz@mail.ru
	Баюканский Феликс Аркадьевич	«Ламед» Батыс Қазақстан Облыстық Еврей Этномәдени Қоғамдық бірлестігінің төрағасы	8 705 638 72 73 53 90 52	bayukanskaya@mail.ru
	Тю Бэла Владимировна	«Батыс Қазақстан Облысының Корей этномәдени бірлестігі» ҚБ төрайымы	8 777 671 33 31	belat@halykbank.kz
	Мамедов Наджаф Мирзага оглы	«Бірлік» Әзербайжан мәдени-ағарту қоғамы» ҚБ төрағасы	8 701 400 73 31 8 777 061 60 33	mamedov1703@mail.ru
	Миликеева Флюра Ириковна	«Татар мәдени орталығы» ҚБ төрайымы	8 701 333 31 98 51-00-07	zhaiktatar2016@mail.ru
.	Быков Сергей Сергеевич	Батыс Қазақстан облыстық «Орыс мәдениеті орталығы» ҚБ төрағасы	8 771 483 30 90	bykov_sergei@list.ru
.	Саратов	«Вайнах» Чечен-ингуш мәдени	8 701 314	saratov.danilbek@mail.ru

	Данильбек Алиевич	ағарту қоғамы” ҚБ төрағасы	37 05 8 705 240 53 23	
.	Солодилов Вячеслав Юрьевич	«Союз Яицких Уральских казаков» ҚБ төрағасы	8 701 520 57 23 8 707 577 44 44	solodilov_ataman@mail.ru
0.	Спиридонов Игорь Владимирович	«Яик» Фольклорлық-этнографиялық казактар орталығы» ҚБ төрағасы	8 701 787 77 74	spisha@mail.ru
1	Шапкин Олег Васильевич	Батыс Қазақстан облыстық «Орал-Яик казактары» ҚБ төрағасы	8 701 728 74 69	
2.	Куракина Вера Николаевна	«Украинское культурно-просветительское общество «Еднання» Батыс Қазақстан облысындағы ҚБ төрайымы	8 705 216 69 54	
3.	Муталипов Илияр Мусажанович	«Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдениет орталығы» қоғамдық бірлестігінің Орал қаласындағы филиалының төрағасы	8 707 141 19 90	ilyar_90@mail.ru
4.	Франк Геннадий Артурович	«Хаймат» Орал неміс мәдени-ағарту қоғамы” ҚБ төрағасы	8 777 180 40 90 8 777 797 29 79	Frank505@mail.ru

Бұл этномәдени бірлестіктер ұлттық мерекелерінде мәдениеті мен дәстүрлерін көрсете отырып, қалада, обылыста, республикамызда өтетін іс-шараларға қатысады, қайырмыдылықпен айналысады. «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің БҚО филиалы, БҚО Қазақстан халқы Ассамблеясы ақсақалдар кеңесі, Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі, «Ассамблея жастары» қоғамдық бірлестігі, «Дос» қоғамдық қоры сияқты құрылымдық бөлімшелер жас ұрпақты елжандылыққа, толеранттылыққа тәрбиелеуде, қоғамдағы демократиялық өзгерістерге қолдау көрсететін, түрлі шығармашылықты дамытуға

және өскелең ұрпақты отаншылдық рухында тәрбиелеуге атсалысып қызмет етеді. Достық үйінде мемлекеттік және ағылшын тілдерін тегін үйрететін сыныптар ашылған. Ассамблеяның көптеген мүшелері – өз қала, аудан, ауылдарының дамуына нақты үлес қосып жүрген меценаттар, тәлімгерлер, қоғамдық қызметкерлер.

Батыс Қазақстан облысындағы әрбір этностың мәдениеті оның дәстүрлі құндылықтарында, тілінде, мерекелерінде және әлеуметтік өмірге қатысу формаларында көрініс табады. Орыс диаспорасы православие мәдениетін, тілдік және әдеби дәстүрлерді сақтауға көңіл бөледі. Татар-башқұрт қауымдастығы ислам мәдениетін, фольклорлық мұраларды, ұлттық тағамдар, халықтық мерекелерін дамытып келеді. Украин және неміс этностық топтары ұлттық би, ән, қолданбалы өнер және тарихи-мәдени жобалар арқылы мәдени бірегейлікті сақтауда. Кавказ халықтары – армяндар, әзербайжандар, дағыстандықтар – ұлттық асханасы, отбасы дәстүрлері және қонақжай мәдениетімен ерекшеленеді.

Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының аясында жылдар бойы өтіп жатқан этностардың мерекелері – бейбітшілік пен бірліктің айқын көрінісі. Әрбір өткізген іс-шаралары әр халықтың дәстүрлерінің бай екенін, мәдениеттердің сан алуан палитрасын паш етіп, ел ішіндегі достық пен өзара құрметті нығайта түсетінін көруге болады. Облыс орталығымыз Орал қаласында, этностық топтар көп шоғырланған аудандарда халқымыздың «Наурыз» мерекесі, татарлардың «Сабантуй», украиндардың «Сорочинск жәрмеңкесі», армяндардың «Вардавар» (алманың жаңа өнімі шығатын, ұсталар мен арқан бойымен жүретіндердің мерекесі болып саналады), белорус халқының «Дожинки», «Шешен әйелінің күні», азербайжандардың «Nar bayramı» (анар мерекесі) мерекесі, «Масленица», корейлердің «Чхусок» мерекесі жыл сайын атап өтіледі. Осындай іс-шараларға барлық этномәдени бірлестіктер бас қосып , мерекемен құттықтап, әр этностың мәдениетін құрметтеп, ортақ құндылық бірлікті нығайтады.

Төрағасы Сергей Быков болып табылатын Батыс Қазақстан облыстық «Орыс мәдениеті орталығы» ҚБ , аймағымыздағы ұрпақтарды, мәдениетті, дәстүрлерді және құндылықтарды сабақтастыра, белсенді әрекет етіп келе жатқан алғашқы этномәдени бірлестіктердің бірі. Сергей Быковтың айтуы бойынша олардың қызметінің басым бағытының бірі - балаларды оқуға тарту болып табылады. Бұл кітап фестивальдері, әдеби кештер және т.б. Қазақстан Республикасы Президенті Қасымжомарт Тоқаев қоғамдағы мәдениеттің деңгейі кітап оқуға тәуелді екенін атап айтады. Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның «Мәдениеттің мәйегі – кітап» ,- деп айтуы бекер емес. Біздің жоспарымызды жүзеге асыруда жолымыз болғаны , барлық орыс әдебиеті шығармалары қазақ тіліне аударылған. Бұл , шын мәнісінде біріктіруші фактор, өйткені орыс тілді балалар қазақ тілінде білімдерін көрсеткісі келеді. Әдебиет арқылы әртүрлі халықтар өкілдерінің бірігуі және мәдениеттердің өзара байытылуы жүреді[5].

Бүгінгі күні Қазақстан – бейбітшілік пен келісім сақталған, этностар өзара ынтымақта өмір сүріп жатқан бірегей мемлекет. Этносаралық келісім мен бейбітшілік аясында әлемде баламасы жоқ қазақстандық үлгі қалыптасып, қарқынды дамуда. Этносаяси мәселелер мемлекеттік ұлттық саясаттың өзегіне айналды. Ол мемлекетті қалыптастырушы қазақ ұлтына этносаралық келісім мен ынтымақтастықты сақтауға, өзге этностар құқықтарының шектелмеуіне деген жауапкершілігін жүктейді.

Қазақ халқымен еліміздегі барлық этникалық диаспоралар бейбітшілік пен келісім негізінде полимәдени қоғам болып құрылды. Халқымыз ынтымақ, бірлік пен діни тұрақтылықты қорғауға бар күш-жігерін салады[6, 133].

Этностардың қатысуымен аймақтың мәдени кеңістігі кеңейіп, тілдік және рухани әртүрлілігі арта түсті. Этностар өнер, білім, қолөнер, кәсіпкерлік салаларының дамуына ықпал етіп отыр. Мәдени әртүрлілік – өңірдегі қоғамдық тұрақтылық пен әлеуметтік интеграцияның негізгі факторларының бірі.

Батыс Қазақстан облысындағы этностардың мәдениеті аймақтың тарихи дамуы мен әлеуметтік-мәдени құрылымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Этностардың мәдени мұрасын сақтау, дамыту және қоғам өміріне интеграциялау өңірдің тұрақты дамуына

және этносаралық татулықтың нығаюына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қалауымыз – ХАЛЫҚ БІРЛІГІ», Орал қаласы, 2010 ж
2. «Қоғамдық келісім жаршысы», №4, 5.06.2015
3. Оксана Каткова «Мы разные, но мы едины» - «Приуралье» газеті, №65 от 12.08.2025 г.
4. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы, «Арыс» баспасы, Алматы 2002 ж
5. Светлана Садырова «Процветай, родной Казахстан!» - «Приуралье» газеті, №70 от 28.08.2025
6. Қазақстан тарихы 1-бөлім 11-сынып. Авторлары: З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев, «Атамұра» баспасы, 2020 ж

ӘОЖ 378.147

ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Султангалиева А.И.
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос актуальности реализации проектной технологии, направленной на развитие познавательного интереса. Изучено понятие и цели применения проектной деятельности в процессе обучения младших школьников. Анализируется влияние проектной деятельности на формирование познавательного интереса младших школьников.

Ключевые слова: познавательный интерес, проектная деятельность, практическая деятельность, развитие личности младшего школьника.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың әдіснамасы мен дидактикасы деңгейінде елеулі өзгерістер жүріп жатыр. Білім беру үдерісінің стандарттары мен сапа критерийлері жаңартылып, оқыту технологиялары қайта қаралуда. Тәрбиелік назар жеке тұлғаның қалыптасуына, яғни дербес әрі өнімді ойлай алатын, түрлі жағдайларда алған білімін дұрыс қолдана білетін оқушыны дамытуға бағытталуда.

Оқу іс-әрекетінің бір түрі ретінде жобалау білімді, білік пен дағдыларды, жеке жетістіктерді және оқу міндеттерін шешудегі дербес көзқарасты дамытуға мүмкіндік беретін тиімді әдіс болып табылады. Білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне жобалау іс-әрекетін енгізу, мектептегі жобалау мәселелері және оның тұлғаның интеллектуалдық негіздері мен шығармашылық бастамаларын қалыптастырудағы рөлін айқындау мәселелері В.П. Беспалько, А.Л. Блохина, О.В. Брыкова, О.Б. Волжина, В.В. Давыдов, А.Н. Джуринский, Н.А. Забелина, А.Д. Климова, И.В. Никитина және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Алайда бұл еңбектерде бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудағы жобалау іс-әрекетінің әлеуеттік мүмкіндіктері туралы нақты түсінік толық берілмеген. Сонымен қатар, жүргізілген педагогикалық зерттеулерге жасалған аналитикалық шолу жобалау әдісінің танымдық іс-әрекетті жандандыратынын, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытатынын, олардың оқу әрекетіне деген уәжін арттыратынын және дербес жұмыс түрлерін ынталандыратынын көрсетеді.

Жобалау әдісінің дидактикалық мәні оның шығармашылық және конструктивтік негіздерінен айқындалады. Бұл негіздер оқушыларға қажетті траектория бойынша білім алу

үдерісін модельдеуге, оқу міндеттерін шешу барысында танымдық іскерліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Жобалау әдісі репродуктивті және продуктивті іс-әрекетті қамтып, формальды білім мен практикалық тәжірибені ұштастырады[1]. Алғашында оқу жобаларының тұжырымдамалық негізі XX ғасырдың 80-жылдарында Е.В. Бондаревская, А.Н. Леонтьев, Г.Н. Сериков, И.С. Якиманская негіздеген тұлғалық-бағдарланған білім беру моделі болды. Бұл модель Ш.А. Амонашвили, И.П. Волков, Е.Н. Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф. Шаталов сияқты жаңашыл педагогтердің тәжірибесінде іске асырылды. Оқушының қайталанбас тұлғасы олардың әдістемелік жүйелерінің жүйеқұраушы факторы ретінде қарастырылды.

П.А. Масловтың еңбектерінде жобалау іс-әрекеті оқушылардың өздері қойған танымдық міндеттерді шешуге, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған бірлескен танымдық әрі шығармашылық іс-әрекет ретінде түсіндіріледі [2].

М.В. Чанова мектептегі жобалау үдерісіне проблемалылық элементін енгізеді, оның барысында нақты оқу өнімін жасауға бағытталған оқушылардың дербес және шығармашылық іс-әрекеті жандана түседі[3].

Н.В. Матяш жобалау іс-әрекетін оқушылардың оқу-танымдық белсенділігінің бір түрі ретінде сипаттайды. Мұнда шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған жетістікке жету мотивациясы мен саналы түрде қойылған мақсаттардың болуы шарт. Бұл оқу үдерісінің әртүрлі қырларының бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз етеді[4].

Бастауыш сынып оқушылары жобалау іс-әрекетіне қатыса отырып, оқу-танымдық мәселелерді шешетін дербес субъект ретінде оқу іс-әрекеттерінің кешенін құрастырады. Бұл үдеріс ересектердің эмоциялық, реттеушілік және нұсқаулық қолдауы арқылы жүзеге асып, белгілі бір өнім жасаумен аяқталады.

Жобалау іс-әрекеті танымдық қызығушылықтың дамуына ықпал етеді. Бұл ықпал оқушының практикалық және ойлау әрекеттеріне тән дағдыларды меңгеру деңгейі арқылы көрінеді. Оған мыналар жатады: проблемалық жағдайды саналы түрде анықтау (ұғыну), мәселені тұжырымдау, мәселені шешудің ықтимал жолдарын белгілеу, жоспар құру және оны іске асыру, жобалау іс-әрекетінің нәтижесін таныстыру.

Оқушыларға көмектесу барысында мұғалім мотивация, ынтымақтастық және өзіндік әрекет принциптері сияқты педагогикалық қағидаларды тиімді қолдана алады.

Жобалау іс-әрекеті өз мәні бойынша бастауыш сынып оқушылары үшін күрделі үдеріс болып табылады, оны жүзеге асыру барысында олар бірқатар қиындықтарға тап болуы мүмкін. Олардың қатарында: негізгі және аралық мақсаттар мен міндеттерді анықтаудағы қиындықтар; қойылған міндеттерді шешу жолдарын таңдаудың және өз таңдауларын дәлелдеудің күрделілігі; дербес жұмыс істеуге дағдыланбау; аралық нәтижелерді ескере отырып, өз іс-әрекетін түзете алмау; жобалау үдерісі мен оның нәтижесін объективті бағалау тәжірибесінің болмауы.

Бұл қиындықтар жобалау іс-әрекетінің әр кезеңіндегі жұмысты дұрыс ұйымдастыру арқылы мұғалім тарапынан еңсеріледі. Демек, оқу іс-әрекеттерінің тұтас құрылымынан тұратын кезеңдер негізінде дұрыс ұйымдастырылған жобалау іс-әрекеті нақты оқу жағдайларында қойылған мақсаттарға барынша қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жобалаудың әр кезеңіндегі педагогтың араласу деңгейі әртүрлі. Алғашқы кезеңдерде мұғалім ақпарат беруші және оның өңделуін бақылайтын тұлға рөлін атқарса, соңғы кезеңдерде кеңесші, ұйымдастырушы және көмекші рөлінде болады. Педагог балалармен жұмыста саралау мен даралауды жүзеге асыра алады, бұл әсіресе жобалау тапсырмаларының күрделілік деңгейін таңдаудан көрінеді.

Бастауыш сынып оқушыларының жобалау іс-әрекеті барысында танымдық қызығушылықтарының дамуын қарастырғанда, оның кезеңдерін ескеру қажет.

Дайындық кезеңі – жобалау іс-әрекетінің тақырыптарын жылдық жоспар аясында айқындау кезеңі. Бұл кезеңде жеке немесе топтық жобалық жұмысқа лайық 20–25 тақырып анықталады. Тақырыптар күрделілік деңгейіне қарай сараланады. Осы кезеңде алдағы жобалау іс-әрекетінің мақсаттары белгіленеді, күтілетін оқу нәтижелері жоспарланады, жұмыс алгоритмі мен іс-әрекет кезеңдері нақтыланады.

Дайындық кезеңі – мұғалімнің ұйымдастырушылық қызметін жүзеге асыру кезеңі. Мұғалім педагогикалық жағдайларды қалыптастырады, белсенді дамытушы орта жасайды, қажетті техникалық құралдарды қолданады, қойылған мақсаттарға сәйкес жағымды тұлғааралық қарым-қатынастар орнатады. Бұл кезеңде бастауыш сынып оқушыларына түсінікті әрі іске асыруға қолайлы міндеттердің анық әрі нақты тұжырымдалуы маңызды. Осы кезеңдегі мұғалімнің ұйымдастырушылық қызметінің негізгі компоненттері бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын дамытуға бағытталады. Мысалы:

- оқушылармен бірлесе отырып мәселені тұжырымдау;
- танымдық қызығушылықты оятатын сұрақ қою, бұл кейін диалогтік жұмыс түрлері мен пікірталасқа алып келеді;
- танымдық белсенділік тәсілдерін нақты көрсету;
- топтық және жұптық жұмысты қолдану;
- оқушылардың дауыстап ойлануына мүмкіндік беретін мақсатты қателіктерді пайдалану.

Келесі кезең – мақсат қою кезеңі – жобаның негізгі ойының пайда болу кезеңі. Бұл жобаның бастауы болып есептеледі. Мұғалім жобаның мақсаты мен оқушылардың қажеттіліктерін үйлестіреді, жобалаудың не үшін қажет екенін түсіндіреді, оның оқу және әлеуметтік үдерісте қандай рөл атқаратынын көрсетеді, қандай сұрақтарға бағытталуы мүмкін екенін және қандай проблемаларды шешуге көмектесетінін түсіндіреді.

Оқушылар шығармашылық пен ғылым әлемін ашып, таным мен жаңа ізденістің бірлігін сезінеді. Бастауыш сынып оқушылары үшін топтың қол жеткізгісі келетін нәтижені көрсету маңызды, бұл нәтиженің шынайы және қолжетімді болуына бағыттайды. Мақсат қою жобалау нысанын таңдауды қажет етеді, және оқушыларға топта орындауға болатын шағын жобаларды таңдауға көмектесу керек, өйткені олардың дербес жұмыс істеу дағдылары әлі толық дамымаған.

Жобаның мақсатын талдай отырып, келесі әдістерді қолдануға болады:

1. **Миға шабуыл әдісі** – бастауыш сынып оқушыларының топтағы шығармашылық іс-әрекетін белсендіру үшін қолданылады. Бұл әдіс конструктивті өзара көмек көрсету дағдыларын дамытады, топтық жұмыс кезінде басқалардың жауаптарын тыңдау, оларға сын тұрғысынан және шығармашылық тұрғыдан қарау қабілетін жетілдіреді.
2. **Аналогия әдісі** – бастауыш сынып оқушыларымен жұмыста ішінара қолданылады және мәселені шешуге гипотезаларды ұсынуды көздейді. Фантастикалық, ойын және жеке тұлғалық аналогиялар жобалау іс-әрекетінде оқушылардың танымдық қызығушылығын ынталандырады.
3. Модельдеу әдісі – тапсырмаларды шешу модельдерін өз бетінше құруға үйретеді, суреттер мен графика арқылы жаңа белгілеу жүйелерін жасау мүмкіндігін береді. Бастауыш сынып оқушылары дербес модельдеу барысында күрделі ойлау операцияларын түсіну және идеалды пәндік ортаны құру қабілеттерін дамытады.
4. Фокалды объект әдісі – бір фокалды объект және бірнеше кездейсоқ объект таңдалады, олардың белгілері мен сипаттары қарастырылады. Фокалды объектке кездейсоқ объектілердің белгілері мен сипаттары қосылады, алынған комбинация еркін ассоциациялар арқылы дамытылады.
5. Каталог әдісі – оқушылар мұғалім ұсынған сұрақтар бойынша әңгіме немесе ертегі құрастырады. Соңғы шығарма талдануы мүмкін және нәтижелі жобалау іс-әрекетіне бағытталуы мүмкін.

Мақсат қою кезеңінде әртүрлі әдістерді қолдану арқылы бастауыш сынып оқушылары өз мүмкіндіктерін талаптармен салыстыра білуге, бірнеше мақсат арасынан топ үшін ең маңыздысын таңдай білуге үйренеді. Танымдық қызығушылықты дамытуда мұғалімнің бағыттаушы сұрақтары арқылы жүргізілетін өзін-өзі диагностикалау ықпал етеді. Сондай-ақ шығармашылық тапсырмалар, пікірталастар, ең үздік идея үшін жарыстар, экскурсиялар, әңгімелер, берілген тақырыпқа арналған иллюстрацияларды талдау және дидактикалық ойындар қызығушылықты ынталандырады.

Жоспарлау кезеңі. Бұл кезеңде жұмыс ойын түрінде немесе арнайы дайындалған сабақ форматында өтуі мүмкін. Жоспарлау барлық құралдар мен жабдықтарды, кезеңдер мен сапа критерийлерін, жобалауды түзету критерийлерін (мұғалім) егжей-тегжейлі таңдауға бағытталады. Жоспарлау оқушыларға қолөнер немесе жобалау нысанының сыртқы көрінісін, түсін, пішінін, идеясы мен фактурасын сипаттауға мүмкіндік береді. Оқушылар мұғаліммен бірге операциялардың мазмұны мен ретін жоспарлап, қалаған үлгіні алу жолын және әдістерін модельдейді. Бұл кезеңде оқушылардың танымдық қызығушылығы әңгімелесу және марапаттау арқылы қолдау табады.

Бұл кезеңде бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтары келесі тұрғыда көрінеді:

- жобаның әр кезеңін дербес орындау дәрежесінде;
- топта өз рөлін нақты орындау қабілетінде;
- пәндік білім, дағды мен машықтарды практикалық қолдануда;
- жобада қолданылған ақпараттың мағыналылығында;
- шығармашылық оқу әдістерін қолданудың күрделілік деңгейінде;
- идеяның және жобалық мәселені шешу жолдарының түпнұсқалығында;
- презентацияны дайындауға шығармашылық көзқараста.

Коррекциялық кезең. Бұл кезеңде жұмыс барысында жасалған қателіктер бойынша қорытындылар шығарылады және ұсыныстар беріледі. Оқушылар не өзгерту қажет екенін және қандай түзетулер жобалық нәтижені жақсарта алатынын түсінуді үйренеді.

Бастауыш сыныпта жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру кезінде уақыт, ақпараттық және ресурстық шығындардың көп болуын ескеру қажет. Жобалық жұмыс формаларын бастауыш сыныпта тек жобалау үдерісі барысында ғана емес, сабақтарда кезең-кезеңімен дамытуға болады. Мұғалім оқушылардың ізденушілік, танымдық іс-әрекетін және қызығушылығын ынталандыратын сабақтық ұйымдастырушылық формалар мен оқу әдістерін үнемі жетілдіруі тиіс[5].

Бұл дербес танымдық іс-әрекеттер балалардың тұлғалық дамуын белсендіріп, оқуға деген мотивацияны арттырады және оқушылардың тұрақты тұлғалық сапасы ретінде танымдық қызығушылықтарын қалыптастырады.

Бастауыш сынып жастағы оқушыларға дифференцияланған, тұрақты және тиімді танымдық қызығушылықтар тән. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын практикалық бағыттағы іс-әрекеттер арқылы сәтті дамытуға болады. Мұндай іс-әрекеттер оқушыны мәселелік жағдайға енгізіп, оның интеллектіне, еркіне, эмоциясына, сезімдеріне, тілектеріне және әрекетіне әсер етеді.

Бастауыш сыныптағы жобалау іс-әрекеті әрдайым бірлескен болып, оқу-танымдық үдеріс, шығармашылық және ойынға бағытталады. Мұнда жалпы мақсат, тиімді әдістер мен тәсілдер бар, олар нақты нәтижеге жетуге бағытталған. Бастауыш сыныпта жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру – тұтас құрылымды білдіреді, ол оқушылардың танымдық қызығушылығы мен шығармашылық белсенділігін дамытуға барынша пайдалы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Блохин А.Л. Метод проектов как личностно-ориентированная педагогическая технология: Диссертация ... кандидата педагогических наук. Ростов-на-Дону, 2005.
2. 2Маслов П.А. Проектная деятельность как условие самореализации младших школьников на уроках технологии. Духовно-нравственное воспитание в пространстве современного образования. Волгоград: Издательство ВГИПК РО, 2007; Вып. 5.
3. Чанова М.В. Приобретение учащимися опыта творческой деятельности при использовании метода проектов в обучении географии. Научно-методическое партнёрство в сфере образования: Материалы III Региональной научно-практической конференции, 15 ноября 2005 г. Новосибирск: НГУЭУ, 2006.
4. Матяш Н.В. Проектная деятельность младших школьников: книга для учителя начальных классов. Москва: Вентана-Граф, 2013.

5. Кузина А.Ю. Развитие у старших дошкольников познавательного интереса к истории предметного мира в проектной деятельности. Автореферат диссертации ... кандидата педагогических наук. Санкт-Петербург, 2009.

ӘӨЖ 811.512.122:37.016:159.946

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНЫҢ РӨЛІ

Нұрғазы Ж.Е.,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты, БҚО, Теректі ауданы, Подстепное ауылы

Аннотация: *В статье с психолингвистических и методических позиций рассматривается роль предмета «Казахский язык» в процессе формирования языкового сознания учащихся старших классов казахских школ. Понятие языкового сознания характеризуется как сложная психолингвистическая структура, составляющая ядро когнитивной, коммуникативной и культурной компетентности личности. В ходе исследования были выявлены основные факторы, способствующие расширению мировоззрения учащихся, усвоению национальных ценностей и формированию языковой личности на уроках казахского языка. Предлагая систему заданий, направленных на развитие языкового сознания, автор раскрывает воспитательный, познавательный и развивающий потенциал уроков казахского языка.*

Ключевые слова: *языковое сознание, языковая личность, урок казахского языка, старшие классы, психолингвистика, коммуникативная компетентность, национальные ценности.*

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту, оның когнитивтік және рухани әлеуетін арттыру басты стратегиялық мақсаттардың біріне айналып отыр. Бұл үдерісте ана тілі пәні, әсіресе жоғары сыныптардағы қазақ тілі сабақтары оқушының тілдік санасын қалыптастыруда жетекші орын алады. Тілдік сана – жеке тұлғаның тіл арқылы әлемді тануы, ұлт мәдениетін игеруі және коммуникативтік тәжірибесін жүйелеуімен тығыз байланысты күрделі психолингвистикалық құбылыс.

Жоғары сынып кезеңі – оқушының абстрактілі ойлауы, рефлексиясы, өзіндік көзқарасы белсенді қалыптасатын ерекше даму сатысы. Осы уақытта тілдік білім тек грамматикалық ережелер жиынтығы ретінде емес, тұлғалық мәнге ие танымдық құрал ретінде ұсынылуы қажет. Сондықтан қазақ тілі сабағы оқушының тек тілдік дағдысын емес, ұлттық дүниетанымын, мәдени сәйкестігін және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырушы пән ретінде қарастырылады.

Қазақ мектептеріндегі қазақ тілі сабақтарының мазмұны оқушыны тілдік ортада еркін бағдарлай алатын, ойы мен сезімін сауатты жеткізе білетін, мәдени коммуникацияға қабілетті тілдік тұлға деңгейіне көтеруді мақсат етеді. Бұл тұрғыда тілдік сананы қалыптастыру мәселесі әдістемелік тұрғыдан қайта пайымдауды қажет етеді.

Тілші-ғалымдардың пікірінше: «тілдік сана – сөйлеу әрекетінің меха- низмдерін қамтамасыз ететін сананың бір бөлігі: сөйлеудің тууы, сөйлеуді қабылдау және өте маңыздысы – тілдің санада сақталуы. Әрқилы мағыналары бар тілдік бірліктер жүйесі санада сақталады және тілдік сананың керек-жарағы болып табылады, ал сана феномені ретіндегі тіл жүйесін зерттеу тілдік сананы зерттеу деген сөз» [1, 120].

Тілдік сана – жеке тұлғаның тіл арқылы қоршаған ортаны тануы, ақпаратты қабылдауы,

өңдеуі және қайта өндіруімен байланысты күрделі психолингвистикалық құбылыс. Ол адамның ішкі ойлау жүйесі мен сыртқы сөйлеу әрекетінің өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасып, тілдік бірліктердің мағыналық құрылымын саналы түрде меңгеруді қамтамасыз етеді. Тілдік сана сөйлеу барысында ғана емес, оқу, тыңдау, жазу әрекеттері кезінде де дамып, тұлғаның когнитивтік тәжірибесін жүйелейді. Сондықтан бұл ұғым тіл білімінде ғана емес, педагогика мен психологияда да маңызды зерттеу нысанына айналып отыр.

Тілдік сана мәселесі философия, логика, психология, когнитология, лингвистика салаларында әр қырынан зерттеледі. Тіл білімінде тілдік сана сипаты тіл мен ойлау, тіл мен сана, тіл мен әлем бейнесінің, сана мен сөйлеу әрекетінің бір-бірімен байланысын анықтау арқылы ашылады. Мақалада этномәдени бірліктердің тілдік санадағы көрінісі талданып, психолингвистикалық тұрғыда қарастырылған. Тілдік сана көрінісі – санадағы бейнелер жүйесінің түрлі тілдік деңгей бірліктері арқылы заттануы. Тіл таңбалар жүйесінен тұратын құрылым ғана емес, ол – санада әлем бейнесі туралы қалыптасқан ұғым-түсініктерді жеткізуші таным құралы. Белгілі бір ұлттың тілдік сана көрінісін зерделеу ұлттық бірегейлікті, ұлттық мәдени кодты, оның сақталу деңгейін анықтауға жол ашады [2, 110].

Психолингвистикалық тұрғыдан тілдік сана адамның тілдік білімін ұйымдастыратын ішкі механизм ретінде қарастырылады. Ол сөздердің лексикалық мағынасын, грамматикалық қатынастарын, мәтіннің тұтастығын және прагматикалық астарын түсінуге мүмкіндік береді. Жоғары сынып оқушылары үшін тілдік сананың дамуы абстрактілі ойлаудың жетілуімен, рефлексиялық қабілеттің қалыптасуымен және өзіндік пікірдің орнығуымен тығыз байланысты. Осы кезеңде оқушы тілдік құбылыстарды тек қабылдап қана қоймай, оларды талдап, салыстырып, бағалай бастайды.

Педагогикалық аспектіде тілдік сана оқушының оқу материалына саналы қатынасын қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Ол тілдік білімді механикалық түрде меңгеруден гөрі, мағыналық түсінуге, функционалдық қолдануға бағыттайды. Қазақ тілі сабақтарында тілдік сананы дамыту оқушының сөздік қорын байытумен шектелмей, оның тілдік әрекетке ішкі уәжін арттыруды көздейді. Бұл өз кезегінде оқыту үдерісінің тұлғалық-бағдарлы сипатын күшейтеді.

Тілдік сананың маңызды құрамдас бөлігі – мәдени-танымдық компонент. Ана тілі арқылы оқушы ұлттық дүниетанымды, тарихи жадты, этномәдени құндылықтарды меңгереді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, көркем бейнелер оқушы санасында әлемнің ұлттық тілдік бейнесін қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік сана тек лингвистикалық құбылыс емес, сонымен қатар рухани-мәдени феномен ретінде танылады.

Жоғары сыныпта тілдік сананы қалыптастыру метатілдік қабілеттердің дамуына да негіз болады. Оқушы тіл туралы ойлана отырып, грамматикалық құрылымдардың қызметін, стильдік реңктерді, дискурстық ерекшеліктерді ажырата білуге үйренеді. Мұндай рефлексиялық әрекет оның коммуникативтік құзыреттілігін арттырып, түрлі әлеуметтік жағдаяттарда тілдік құралдарды орынды қолдануына мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушы өз ойын дәл, жүйелі және мәдени нормаларға сай жеткізе алатын деңгейге көтеріледі.

Қазақ мектептеріндегі қазақ тілі сабақтары тілдік сананы қалыптастырудың табиғи алаңы болып табылады. Мұнда мәтінмен жұмыс, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар, жобалық әрекеттер арқылы оқушының ішкі сөйлеуі белсендіріледі. Әсіресе проблемалық сұрақтар мен жағдаяттық тапсырмалар оқушыны ойлануға, дәлелдеуге, қорытынды жасауға үйретіп, тілдік сананың белсенді дамуына жағдай жасайды. Бұл тәсілдер оқушыны пассив қабылдаушыдан белсенді тілдік тұлғаға айналдыруға бағытталған.

Осылайша, тілдік сана жоғары сынып оқушысының интеллектуалдық және рухани дамуының өзегін құрайтын маңызды категория ретінде танылады. Оның педагогикалық мәні оқушыны тіл арқылы ойлайтын, ұлттық құндылықтарды түсінетін, коммуникативтік тұрғыдан жетілген тұлға ретінде қалыптастыруымен айқындалады. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында тілдік сананы дамытуға бағытталған жүйелі жұмыс білім мазмұнын жаңғыртудың және сапалы нәтижеге қол жеткізудің негізгі шарттарының бірі болып саналады.

Қазақ тілі сабағы жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастыруда

жетекші педагогикалық кеңістік болып табылады. Тілдік тұлға ұғымы оқушының тілдік білімінің көлемін ғана емес, оның сөйлеу мәдениетін, коммуникативтік икемділігін, дүниетанымдық көзқарасын және әлеуметтік тәжірибесін қамтитын кешенді құрылым ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабағы оқушының жеке қабілеттерін ашуға, өзіндік пікірін қалыптастыруға және тілдік әрекетке саналы қатынасын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыс алаңы қызметін атқарады.

Жоғары сынып кезеңінде оқушының тілдік дамуы жаңа сапалық деңгейге көтеріледі. Бұл уақытта ол күрделі мәтіндерді талдауға, ойды логикалық тұрғыдан жүйелеуге, дәлелді пікір айтуға бейімделеді. Қазақ тілі сабақтарында ұсынылатын мәтіндік тапсырмалар, дискурстық талдаулар және проблемалық жағдаяттар оқушының аналитикалық ойлауын дамытып, тілдік бірліктерді функционалдық тұрғыдан түсінуіне мүмкіндік береді. Мұндай жұмыс түрлері оқушының тілдік тұлғасының интеллектуалдық компонентін нығайтады.

Тілдік тұлғаны қалыптастыруда сөйлеу әрекетінің барлық түрін кіріктіре оқытудың маңызы зор. Тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын өзара сабақтастыра дамыту оқушының коммуникативтік тәжірибесін кеңейтеді. Қазақ тілі сабағында пікірталас, ауызша презентация, эссе жазу, мәтінді қайта құрастыру сияқты тапсырмалар арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге, тілдік құралдарды саналы таңдауға үйренеді. Бұл үдеріс оның прагматикалық құзыреттілігінің қалыптасуына негіз болады.

Қазақ тілінің ұлттық-мәдени мазмұны тілдік тұлғаның рухани қырын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, көркем мәтін үзінділері, ұлттық концептілерге негізделген тапсырмалар оқушының этномәдени санасын дамытады. Осындай тілдік материалдар арқылы оқушы халықтың тарихи тәжірибесін, құндылықтар жүйесін және дүниені қабылдау ерекшеліктерін меңгереді. Нәтижесінде тілдік тұлға ұлттық болмыспен сабақтасып қалыптасады.

Сонымен қатар қазақ тілі сабағы оқушының рефлексиялық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Тілдік құбылыстарды салыстыру, стильдік айырмашылықтарды анықтау, мәтіннің авторлық позициясын талдау сияқты жұмыстар оқушыны тіл туралы ойлануға жетелейді. Бұл метатілдік әрекет оның өз сөйлеуін бағалай білуіне, қателерін түзетуіне және коммуникативтік стратегиясын саналы түрде құруына жағдай жасайды. Осылайша тілдік тұлға өзіндік бақылау мен жауапкершілік негізінде жетіледі.

Қазіргі қазақ мектебінде қазақ тілі сабағы тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілікке негізделген тәсілдермен ұштаса жүргізіледі. Мұнда жобалық жұмыстар, зерттеушілік тапсырмалар, шығармашылық жазылым түрлері кеңінен қолданылады. Мұндай әдістер оқушыны білімнің пассив қабылдаушысы емес, белсенді жасаушысы ретінде қалыптастырып, оның тілдік әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Бұл оқыту формалары тілдік тұлғаның дербестігін және әлеуметтік белсенділігін арттырады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағы жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастыратын негізгі педагогикалық алаң ретінде сипатталады. Ол оқушының лингвистикалық, коммуникативтік, мәдени және когнитивтік қабілеттерін кешенді түрде дамытады. Сондықтан қазақ тілі сабақтарының мазмұны тілдік сананы тереңдетуге, ұлттық құндылықтарды меңгертуге және өмірлік жағдаяттарда тілдік білімді тиімді қолдана алатын тұлға тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Жоғары сынып оқушыларының тілдік санасын қалыптастыру жүйелі әрі мақсатты ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс оқушының тілдік білімін функционалдық тұрғыдан қолдануына, сөйлеу әрекетін саналы реттеуіне және тілдік құбылыстарды терең түсінуіне бағытталуы тиіс. Осы тұрғыда қазақ тілі сабақтарында қолданылатын әдістемелік тетіктер оқушының когнитивтік белсенділігін арттырып, оның тілге деген ішкі уәжін қалыптастыруды көздейді.

Тілдік сананы дамытудың маңызды тәсілдерінің бірі – проблемалық оқыту. Мұнда оқушыларға дайын ереже берілмей, тілдік деректер негізінде қорытынды жасау ұсынылады. Мысалы, мәтіндегі сөз қолданыстарын салыстыру, стильдік ерекшеліктерді анықтау, авторлық көзқарасты талдау сияқты тапсырмалар оқушыны ізденіске жетелейді. Бұл тәсіл оқушының

аналитикалық ойлауын дамытып, тілдік бірліктердің мағынасын саналы меңгеруіне мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс тілдік сананы қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады. Қазақ тілі сабақтарында көркем, ғылыми және публицистикалық мәтіндерді кіріктіре пайдалану оқушының тілдік тәжірибесін байытады. Мәтін мазмұнын интерпретациялау, негізгі ойды анықтау, эмоционалдық реңкті тану сияқты әрекеттер оқушының ішкі сөйлеуін белсендіреді. Сонымен қатар мәтін арқылы ұлттық мәдени ақпараттың берілуі тілдік сананың этномәдени компонентін дамытады.

Коммуникативтік бағыттағы тапсырмалар да тілдік сананы жетілдіруде ерекше орын алады. Пікірталас, рөлдік ойын, ауызша презентация, топтық талқылау сияқты жұмыстар оқушыны тілдік жағдаяттарға енгізіп, өз ойын дәлелді жеткізуге үйретеді. Бұл үдерісте оқушы тілдік құралдарды таңдау, сөйлеу стратегиясын құру, тыңдаушы реакциясын ескеру сияқты прагматикалық дағдыларды меңгереді. Нәтижесінде оның коммуникативтік құзыреттілігі артады.

Шығармашылық жазылым түрлері тілдік сананың рефлексиялық қырын дамытуға ықпал етеді. Эссе, тілдік портрет, рефлексиялық күнделік, еркін жазба жұмыстары оқушының ішкі ойлауын сыртқы сөйлеумен ұштастырады. Мұндай тапсырмалар арқылы оқушы өз сезімін, көзқарасын, өмірлік тәжірибесін тіл арқылы бейнелеуге дағдыланады. Бұл оның тұлғалық өзіндік санасының қалыптасуына да негіз болады.

Қорыта айтқанда, тілдік сананы қалыптастырудың әдістемелік тетіктері оқушының ойлау, сөйлеу және мәдени тәжірибесін біртұтас жүйеде дамытуды көздейді. Проблемалық оқыту, мәтіндік талдау, коммуникативтік тапсырмалар, шығармашылық жазылым және ұлттық мазмұндағы тілдік материалдарды кіріктіру жоғары сынып оқушысының тілдік тұлғасын жетілдірудің тиімді жолдары болып табылады. Бұл тәсілдер қазақ тілі сабағын оқушының интеллектуалдық және рухани дамуын қамтамасыз ететін пәрменді педагогикалық ортаға айналдырады.

Зерттеу нәтижелері қазақ мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларының тілдік санасын қалыптастыру көпқырлы, үздіксіз және мақсатты педагогикалық ықпалға негізделетінін көрсетті. Бұл үдеріс тек тілдік білімді меңгертумен шектелмей, оқушының ойлау мәдениетін, әлеуметтік жауапкершілігін және рухани бағдарын қалыптастырумен тығыз байланысты. Тілдік сана тұлғаның ішкі интеллектуалдық ресурстарын іске қосатын механизм ретінде оқушының өзіндік дамуына, дербес шешім қабылдауына және өмірлік ұстанымының қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақ тілі сабағы оқушының әлемді тіл арқылы тануына жағдай жасайтын ерекше білім кеңістігі ретінде айқындалады. Осы пән аясында қалыптасатын тілдік тәжірибе оқушының қоғамдық қатынастарға енуін жеңілдетіп, көпқырлы коммуникациялық ортада еркін бағдарлауына мүмкіндік береді. Ана тілі негізінде дамыған тілдік сана оқушының ұлттық сәйкестігін сақтай отырып, заманауи ақпараттық қоғам талаптарына бейімделуіне жол ашады.

Жоғары сынып кезеңінде тілдік сананың дамуы тұлғаның кәсіби бағдарлануымен де сабақтасады. Тілдік ойлауы қалыптасқан оқушы ақпаратты сын тұрғысынан қабылдай алады, өз позициясын дәлелдейді, түрлі дискурстарды саралап, саналы таңдау жасауға бейімделеді. Бұл қасиеттер оның болашақта әлеуметтік белсенді, зияткерлік әлеуеті жоғары азамат ретінде қалыптасуына негіз болады.

Зерттеу барысында тілдік сананың қалыптасуы оқу мазмұнының құрылымына, қолданылатын педагогикалық технологияларға және мұғалімнің кәсіби ұстанымына тікелей тәуелді екені анықталды. Сондықтан қазақ тілі пәнін оқытуда репродуктивті тәсілдерден гөрі оқушының тілдік тәжірибесін кеңейтетін, ойлау дербестігін арттыратын, мәдени мағыналарды ашатын әдістерді басым қолдану қажеттілігі туындайды. Мұғалім бұл үдерісте білім жеткізуші емес, тілдік дамуды ұйымдастырушы модератор рөлін атқаруы тиіс.

Сонымен қатар тілдік сананы дамыту білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында жаңа мазмұндық шешімдерді талап етеді. Сандық мәтіндермен жұмыс, мультимодальды ресурстарды пайдалану, онлайн-коммуникация элементтерін кіріктіру оқушының тілдік тәжірибесін

кеңейтіп, оның функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ізденістер қазақ тілін оқытудың болашақтағы стратегиялық дамуына негіз бола алады.

Қорыта келгенде, жоғары сынып оқушыларының тілдік санасын қалыптастыру – қазақ тілін оқытудың негізгі нәтижелік көрсеткіштерінің бірі. Ол оқушыны тек тілдік тұрғыдан сауатты тұлға ретінде емес, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ойы жүйелі, сөзі дәл, әлеуметтік тұрғыдан жауапты азамат ретінде тәрбиелеуге бағытталады. Ұсынылған тұжырымдар қазақ тілі мұғалімдерінің тәжірибесін жетілдіруге және тілдік сана мәселесін одан әрі ғылыми тұрғыдан зерделеуге теориялық әрі практикалық негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәмбетова М.Қ. Сана және тілдік сана // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №2(132). 2011. 119-121-бб.
2. Ахметова М.К., Сыздықова Г.О., т.б. Тілдік сана көрінісін этникалық-когнитивтік тұрғыда зерделеу // Қарағанды университетінің Хабаршысы. «Филология» сериясы. 2025, 30, 3(119). 110-121-бб.

ӘӨЖ 811.512.122:37.016:39

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТІН ДАМЫТУ

Ажкеева Г.А.,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-шебер, филология ғылымдарының магистрі
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты, БҚО, Теректі ауданы, Подстепное ауылы

Аннотация: *В статье с лингводидактических и этнокультурных позиций рассматривается проблема развития языково-культурной компетенции учащихся старших классов казахских школ. Языково-культурная компетенция характеризуется как комплексная способность личности, интегрирующая коммуникативные умения с национальным мировоззрением. В исследовании определяются основные методические направления, способствующие освоению учащимися культурных кодов и усвоению национальных ценностей через язык на уроках казахского языка. Автор предлагает эффективные механизмы интеграции языкового материала с культурным содержанием обучения.*

Ключевые слова: *языково-культурная компетенция, урок казахского языка, старшие классы, национальная культура, коммуникативная компетентность, языковая личность, этнолингвистика.*

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушының тек академиялық білімін қалыптастырумен шектелмей, оның мәдени сәйкестігін, коммуникативтік икемділігін және әлеуметтік жауапкершілігін дамыту өзекті міндеттердің біріне айналды. Осы тұрғыда ана тілі пәні тұлғаның рухани әлемін қалыптастыратын негізгі құрал ретінде танылады. Қазақ мектептеріндегі қазақ тілі сабақтары оқушыны тілдік ортада еркін әрекет ете алатын, ұлттық құндылықтарды түсінетін және мәдени коммуникацияға қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеуге бағытталады.

Жоғары сынып кезеңі оқушының дүниетанымы кеңейіп, әлеуметтік тәжірибесі тереңдейтін, өзіндік көзқарасы қалыптасатын маңызды даму сатысы болып табылады. Бұл уақытта тілдік білім мәдени мазмұнмен ұштасып, оқушы санасында әлемнің ұлттық тілдік

бейнесін қалыптастыруы тиіс. Сондықтан тілдік-мәдени құзыретті дамыту қазақ тілі сабақтарының стратегиялық мақсаттарының бірі ретінде қарастырылады.

Тілдік-мәдени құзырет қазіргі лингводидактика мен педагогикада тұлғаның тілдік білімін ұлттық мәдени тәжірибемен ұштастыра қолдана алу қабілетін білдіретін кешенді ұғым ретінде қарастырылады. Бұл құзырет тілдік бірліктердің мағынасын меңгерумен қатар, олардың мәдени астарын түсінуді, сөйлеу жағдаятына сәйкес тілдік құралдарды таңдай білуді және ұлттық этикет нормаларын сақтауды қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік-мәдени құзырет оқушының тек сауатты сөйлеуін емес, мәдени тұрғыдан негізделген коммуникация жүргізуін қамтамасыз етеді.

Тілдік-мәдени құзыреттің қалыптасуы оқушының дүниені тіл арқылы тануымен, халықтың тарихи жадын, салт-дәстүрін, құндылықтар жүйесін меңгеруімен тікелей байланысты. Ана тілі арқылы игерілген мәдени ақпарат тұлғаның ішкі рухани әлемін байытып, оның ұлттық сәйкестігін қалыптастырады. Қазақ тілі сабақтарында мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, көркем мәтіндер, ұлттық концептілер оқушы санасында әлемнің ұлттық тілдік бейнесін орнықтыруға мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесінде тілдік-мәдени құзырет функционалдық сауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылады. Ол оқушының түрлі әлеуметтік жағдаяттарда тиімді қарым-қатынас жасауына, ақпаратты мәдени контексте түсінуіне және өзіндік көзқарасын этикалық нормаларға сай білдіруіне негіз болады. Осы құзыретке ие тұлға көпмәдениетті ортада еркін бағдарлап, өз мәдени болмысын сақтай отырып, өзгелермен сындарлы диалог орната алады.

Педагогикалық тұрғыдан тілдік-мәдени құзырет оқушының тілге деген құндылықтық қатынасын қалыптастыруға бағытталады. Бұл үдеріс оқу мазмұнын ұлттық мәдени компоненттермен байыту, тілдік материалды мәдени контексте ұсыну және оқушының рефлексиялық қабілетін дамыту арқылы жүзеге асады. Мұндай тәсілдер оқушыны білімнің пассив қабылдаушысы емес, мәдени мағыналарды саналы меңгеруші тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғары сынып кезеңінде тілдік-мәдени құзыреттің дамуы тұлғаның әлеуметтік және кәсіби бағдарлануымен сабақтасады. Оқушы тілдік нормаларды ғана емес, мәдени реңктерді де ескере отырып сөйлей білуге дағдыланады, мәтінді интерпретациялау барысында авторлық көзқарасты және ұлттық ерекшеліктерді ажырата алады. Бұл қабілеттер оның ақпараттық қоғам жағдайында сын тұрғысынан ойлай алатын, мәдени тұрғыдан сауатты азамат ретінде қалыптасуына негіз болады.

Сонымен қатар тілдік-мәдени құзырет цифрлық білім беру кеңістігінде жаңа мазмұндық қырынан дамиды. Онлайн мәтіндермен жұмыс, мультимедиалық ресурстарды пайдалану, виртуалды коммуникация элементтері оқушының мәдени ақпаратты қабылдау аясын кеңейтеді. Осы жағдайда қазақ тілі сабағы оқушыны сандық ортадағы мәдени коммуникацияға бейімдеудің маңызды тетігіне айналады.

Қорыта айтқанда, тілдік-мәдени құзырет білім беру жүйесінде тұлғаның рухани, коммуникативтік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық категория болып табылады. Қазақ тілі сабақтарында бұл құзыретті мақсатты қалыптастыру оқушының ұлттық құндылықтарды терең түсінетін, тілдік құралдарды мәдени тұрғыдан орынды қолдана алатын, зияткерлік әлеуеті жоғары тілдік тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабағы жоғары сынып оқушыларының тілдік-мәдени тұлғасын қалыптастыруға бағытталған кешенді педагогикалық орта ретінде сипатталады. Бұл пән аясында тілдік білім мәдени мазмұнмен ұштасып, оқушының әлеуметтік тәжірибесін кеңейтеді. Тілдік-мәдени тұлға тек грамматикалық нормаларды меңгерген оқушы емес, тіл арқылы ұлттық құндылықтарды танып, оларды күнделікті коммуникацияда қолдана алатын тұлға ретінде қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабағы оқушының рухани дамуын қамтамасыз ететін маңызды білім кеңістігі болып табылады.

Жоғары сынып кезеңінде оқушылардың мәдени өзіндік санасы белсенді дамиды. Бұл уақытта олар тілдік материалды жеке тәжірибесімен байланыстыра отырып қабылдайды, мәтіндегі әлеуметтік және мәдени мағыналарды ажыратуға үйренеді. Қазақ тілі сабақтарында

ұсынылатын көркем шығармалар, публицистикалық мәтіндер және ғылыми үзінділер оқушыны әртүрлі дискурстық ортаға енгізіп, оның мәдени көкжиегін кеңейтеді. Мұндай жұмыс түрлері оқушының мәдени интерпретация дағдыларын қалыптастырады.

Тілдік-мәдени тұлғаны қалыптастыруда мәтіннің контекстік талдауы ерекше мәнге ие. Оқушылар мәтіндегі ұлттық символдарды, мәдени кодтарды, авторлық позицияны анықтау арқылы тілдік бірліктердің терең мағынасын ұғынады. Бұл үдеріс оқушының тілге деген саналы қатынасын дамытып, мәдени ақпаратты талдай білу қабілетін арттырады. Сонымен қатар мәтінмен жүйелі жұмыс оқушының сөздік қорын байытып, стильдік сезімталдығын қалыптастырады.

Сөйлеу әрекетінің барлық түрін кіріктіре оқыту тілдік-мәдени тұлғаның коммуникативтік қырын дамытады. Пікірталас, рөлдік ойын, жобалық презентациялар, шығармашылық жазылым арқылы оқушы түрлі әлеуметтік жағдаяттарда мәдени нормаларды сақтай отырып сөйлеуге дағдыланады. Бұл тапсырмалар оқушыны өз ойын дәл жеткізуге, тыңдаушының көзқарасын ескеруге және мәдени қарым-қатынас стратегиясын саналы түрде құруға үйретеді.

Ұлттық мазмұндағы тілдік материалдар тілдік-мәдени тұлғаның рухани негізін қалыптастырады. Мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, дәстүрлі мәтін үлгілері, ұлттық концептілерге құрылған тапсырмалар оқушының этномәдени санасын дамытады. Осындай материалдар арқылы оқушы халықтың тарихи тәжірибесін, дүниетанымдық ерекшеліктерін және құндылықтар жүйесін меңгереді. Бұл үрдіс тілдік тұлғаның ұлттық болмыспен сабақтасып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабағы сонымен қатар оқушының рефлексиялық қабілетін жетілдіруге жағдай жасайды. Тілдік құбылыстарды салыстыру, стильдік айырмашылықтарды талдау, сөйлеу әрекетін бағалау сияқты тапсырмалар оқушыны өз тілдік тәжірибесіне сыни көзбен қарауға жетелейді. Мұндай рефлексия оқушының мәдени сөйлеуін жетілдіріп, тілдік таңдауын саналы түрде жүзеге асыруына негіз болады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабағы жоғары сынып оқушыларының тілдік-мәдени тұлғасын қалыптастыратын негізгі педагогикалық алаң ретінде танылады. Ол оқушының тілдік, мәдени және коммуникативтік қабілеттерін біртұтас жүйеде дамытып, ұлттық құндылықтарды терең түсінетін, мәдени тұрғыдан сауатты, әлеуметтік жауапты тұлға тәрбиелеуге бағытталады. Сондықтан қазақ тілі пәнінің мазмұны тілдік-мәдени құзыретті мақсатты қалыптастыруға бағдарланып, тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидаттарымен жүйелі түрде ұштасуы тиіс.

Жоғары сынып оқушыларының тілдік-мәдени құзыретін дамыту мақсатты ұйымдастырылған әдістемелік жүйені талап етеді. Бұл үдеріс оқушының тілдік білімін мәдени мазмұнмен ұштастыра отырып қолдануына, ұлттық құндылықтарды саналы меңгеруіне және коммуникативтік әрекетте мәдени нормаларды сақтай білуіне бағытталады. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында қолданылатын әдістемелік бағыттар оқушының когнитивтік белсенділігін арттырып қана қоймай, оның рухани тәжірибесін байытуға негізделуі тиіс.

Тілдік-мәдени құзыретті қалыптастырудың негізгі тетіктерінің бірі – мәдени контексті ескере отырып ұйымдастырылатын мәтіндік жұмыс. Көркем, публицистикалық және ғылыми мәтіндерді салыстыра талдау арқылы оқушылар тілдік бірліктердің функционалдық қызметін және мәдени мағынасын түсінеді. Мәтіндегі ұлттық символдарды, мәдени кодтарды, авторлық ұстанымды анықтау оқушыны терең интерпретацияға жетелейді. Бұл тәсіл оның мәдени ойлауын дамытып, тілге саналы қатынасын қалыптастырады.

Коммуникативтік-жағдаяттық тапсырмалар тілдік-мәдени құзыреттің практикалық қырын дамытады. Рөлдік ойындар, пікірталас алаңдары, жобалық презентациялар және өмірлік жағдаяттарға негізделген диалогтар оқушыны нақты әлеуметтік ортаға енгізеді. Мұндай жұмыстар барысында оқушылар сөйлеу әдебін сақтауға, мәдени реңктерді ескеруге және тыңдаушының позициясын қабылдауға үйренеді. Нәтижесінде олардың әлеуметтік-коммуникативтік икемділігі артады.

Ұлттық мазмұндағы тілдік материалдарды жүйелі қолдану тілдік-мәдени құзыреттің рухани негізін қалыптастырады. Мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, тұрақты тіркестер, ұлттық

концептілерге құрылған тапсырмалар оқушының этномәдени санасын дамытады. Бұл материалдар арқылы оқушы халықтың дүниетанымын, тарихи тәжірибесін және құндылықтар жүйесін меңгереді. Осындай жұмыс түрлері тілдік білімнің мәдени маңызын ашуға мүмкіндік береді.

Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар тілдік-мәдени құзыреттің тұлғалық аспектісін күшейтеді. Эссе жазу, мәдени тақырыптағы рефлексия, мәтінге өзіндік көзқарас білдіру, ұлттық тақырыпта шағын жобалар дайындау оқушының ішкі сөйлеуін белсендіреді. Бұл әрекеттер оның өзіндік пікірін қалыптастырып, тіл арқылы мәдени тәжірибесін бейнелеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар шығармашылық жұмыс оқушының эстетикалық талғамын дамытады.

Цифрлық білім беру кеңістігінде тілдік-мәдени құзыретті дамыту жаңа әдістемелік шешімдерді талап етеді. Онлайн мәтіндермен жұмыс, мультимедиалық ресурстарды пайдалану, бейнематериалдар негізінде пікір білдіру оқушының мәдени ақпаратты қабылдау аясын кеңейтеді. Сандық ортадағы коммуникация элементтерін кіріктіру оқушыны қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында мәдени тұрғыдан сауатты қарым-қатынас жасауға бейімдейді.

Қорыта айтқанда, тілдік-мәдени құзыретті дамытудың әдістемелік бағыттары оқушының тілдік, мәдени және коммуникативтік тәжірибесін біртұтас жүйеде қалыптастыруға бағдарланған. Мәтіндік талдау, жағдаяттық тапсырмалар, ұлттық мазмұндағы материалдар, шығармашылық жұмыстар және цифрлық ресурстарды кіріктіру жоғары сынып оқушысының мәдени тұрғыдан жетілген тілдік тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер қазақ тілі сабағын оқушының рухани және зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін пәрменді педагогикалық ортаға айналдырады.

Практикалық тапсырма үлгілері:

1. «Мәдени кодты ашу» тапсырмасы. Оқушыларға көркем мәтін үзіндісі ұсынылады.

Тапсырма: мәтіннен ұлттық символдарды, мәдени ишараларды анықтап, олардың мағынасын түсіндіріңіз. Өз көзқарасыңызды шағын жазба түрінде беріңіз.

Мақсаты: мәдени интерпретация дағдысын дамыту.

2. «Фразеологизм – мәдени айна» жаттығуы. Берілген фразеологизмдердің мағынасын ашып, өмірлік жағдаятпен байланыстырып сөйлем құраңыз.

Мақсаты: тілдік бірліктердің мәдени мазмұнын меңгерту.

3. Жағдаяттық диалог. Тақырып: «Ұлттық мерекеде қонақ қарсы алу».

Оқушылар жұпта диалог құрып, сөйлеу әдебін, ұлттық этикет формаларын сақтай отырып пікір алмасады.

Мақсаты: мәдени коммуникация дағдыларын қалыптастыру.

4. Шығармашылық жазылым. Тақырып: «Мен үшін ана тілінің мәдени мәні».

Оқушы эссе немесе рефлексиялық мәтін жазады.

Мақсаты: тұлғалық көзқарасты тіл арқылы бейнелеу.

5. Мини-жоба. Тақырыптар үлгісі:

– Қазақ тіліндегі ұлттық концептілер (ар, намыс, қонақжайлық);

– Мақал-мәтелдердегі тәрбиелік мән;

– Қазақ сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктері.

Мақсаты: зерттеушілік және презентациялық дағдыларды дамыту.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілі сабақтарында жоғары сынып оқушыларының тілдік-мәдени құзыретін дамыту тұлғаның коммуникативтік, когнитивтік және рухани әлеуетін кешенді қалыптастыруға бағытталған көпдеңгейлі педагогикалық үдеріс екенін көрсетті. Бұл құзырет оқушының тілдік білімін мәдени тәжірибемен ұштастырып қолдануына, ұлттық дүниетанымды саналы меңгеруіне және әлеуметтік ортада мәдени нормаларға негізделген қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік-мәдени құзырет қазақ тілі пәнінің нәтижелік көрсеткіштерінің бірі ретінде айқындалады.

Қазақ тілі сабағы оқушыны тек тілдік тұрғыдан сауатты тұлға ретінде емес, мәдени мағыналарды түсінетін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ойы жүйелі азамат ретінде қалыптастыратын негізгі білім кеңістігі болып табылады. Жоғары сынып кезеңінде қалыптасқан тілдік-мәдени тәжірибе оқушының болашақ кәсіби және әлеуметтік өмірінде

маңызды ресурсқа айналады. Тіл арқылы меңгерілген мәдени білім тұлғаның өзіндік ұстанымын бекітіп, көпмәдениетті ортада еркін бағдарлауына жағдай жасайды.

Зерттеу барысында тілдік-мәдени құзыреттің дамуы оқу мазмұнының құрылымына, қолданылатын әдіс-тәсілдердің сипатына және мұғалімнің кәсіби позициясына тікелей тәуелді екені анықталды. Сондықтан қазақ тілі пәнін оқытуда репродуктивті модельден гөрі оқушының тілдік тәжірибесін кеңейтетін, мәдени рефлексиясын дамытатын, дербес ойлауын қолдайтын әдістемелік тәсілдерге басымдық беру қажеттілігі туындайды. Мұғалім бұл үдерісте білім жеткізуші емес, тілдік-мәдени дамуды ұйымдастырушы жетекші тұлға қызметін атқаруы тиіс.

Сонымен қатар цифрлық білім беру жағдайында тілдік-мәдени құзыретті дамыту жаңа мазмұндық және технологиялық шешімдерді талап етеді. Сандық мәтіндермен жұмыс, мультимодальды ресурстарды пайдалану, онлайн пікір алмасу формалары оқушының мәдени коммуникация тәжірибесін кеңейтіп, функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ізденістер қазақ тілін оқытудың болашақтағы стратегиялық дамуына негіз бола алады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтарында тілдік-мәдени құзыретті мақсатты қалыптастыру оқушыны ұлттық болмысын сақтай отырып, заманауи қоғам талаптарына бейімделген мәдени тұрғыдан сауатты тілдік тұлға ретінде тәрбиелеуге бағытталады. Ұсынылған тұжырымдар мен әдістемелік бағыттар қазақ тілі мұғалімдерінің практикасында қолдануға, сондай-ақ тілдік-мәдени құзырет мәселесін одан әрі ғылыми тұрғыдан тереңдетіп зерттеуге теориялық әрі практикалық негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

3. Шолпанкулова Г.К., Султанова Э., Сейдахметов Б.С. «Мәдени құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. Том 1. № 76 (2023).
4. Сайдильдина С.А. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту жолдары // https://cyberleninka.ru/article/n/o-ushylardy-kommunikativtik-zyrettiligin-damytu- zholdary/viewer
5. Беркинбаева Г.О. Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Түркістан, 2023.

ӘОЖ:930.271:94

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ТІЛІНДЕГІ СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

Мендешова Макпал Саматовна
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
қазақ тілі мен әдебиеті б.б.бағдарламсының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д.,профессор ***Сабыр М.Б.***

Резюме.Древнетюркские письменные памятники являются ценнейшими источниками, отражающими языковое, историческое и культурное наследие тюркских народов. К их числу относятся орхоно-енисейские надписи, в том числе надписи Культегина, Бильге-кагана и Тоньюкука. Статья направлена на изучение синтаксических конструкций в языке этих письменных памятников. Синтаксическая структура языка памятников наглядно демонстрирует грамматическую систему древнетюркского языка, способы выражения мысли и особенности построения предложений.

Ключевые слова. древнетюркские письменные памятники, синтаксические структуры, словосочетания, простое предложение

Көне түркі жазба ескерткіштері географиялық, тілдік ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлінеді: 1. Енисей ескерткіштері. Түркі жазбаларының ең көнесі боп саналады (V-VIIғ.); Енисей ескерткіштері материалдарын оқып, транскрипцияларын жасауда, жариялауда В.Радлов, В.Томсен, П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов, И.А.Батманов, Х.Н.Оркун, В.Л.Котвич, т.б. ғалымдар еңбегі зор. Ескерткіш Енисей өзені, Тува, Алтай, Хакас, Красноярөлкесі маңында табылған. Енисей ескерткіштерінің жалпы саны 145, олар көлемі жағынан өте шағын, 10-15 жолдан аспайды. Кейбірі екі-үш жолдан тұрады. И.А.Батмановтың "Енисей көне түркі ескерткіштерінің тілі" еңбегінде жан-жақты талданды.

2. Талас жазу ескерткіштері**.** Талас өзені бойынан табылған 12 ескерткіш ғылымға белгілі. Талас жазу ескерткіші VIII ғасыр туындысы деген пікір-болжамдар бар. Талас өзені бойындағы Айыртам-ой (қазіргі Жамбыл облысы) жерінен табылған алғашқы Талас жазу ескерткіші туралы деректерде оның графикасы Орхон, Енисей ескерткіштеріне қарағанда ерекше екендігі айтылады. Талас жазу ескерткіштерінің Енисей жазбаларына жақындығы туралы Г.Гейкель, В.Радлов, Ю.Немет, П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов, Х.Н.Оркун, И.А.Батманов, В.В.Бартольд, т.б. пікірлері де құнды боп табылады.

3. Орхон жазу ескерткіштері*:* Құтлығ қаған (Онгин), Білге қаған (Могилян), Күлтегін, Тұниұқұқ (Тоны көк), Күлі Чор, Суджа, Селенгі, Мойын чор, т.б.[1].

Құтлығ қаған (Онгин) ескерткіші**.** Монғолиядағы Онгин өзені бойынан табылған Орхон ескерткіштерінің ең көнесі. аты әйгілі қолбасшы Күлтегін мен Білге қағанның әкесі - Құтлығ (Ілтеріс) қаған мен оның әйелі Ілбілге қатын жөнінде әңгіме болуы; Құтылық (Елтеріс) – екінші Шығыс Түрік қағандығының негізін салған бірінші қағаны. Ол шамамен 650 жылы туып, 691 жылы қайтыс болған. Әкесі де Ашина тайпасын басқарған, жорыққа бастаған. Құтылықтың қолбасшылығымен Шығыс түркілер табғаштарға (қытай) қарсы азаматтық күресте жеңіске жетіп, өз мемлекетін қайта құрған. Құтылық қаған (немесе Онгин) ескерткішін 1891 жылы Н.Ядринцев Онгин өзені маңындағы Сайын Ноян шіркеуінен тапқан. Ескерткіш тексі 20 жолдан құралған. Ескерткіштің жоғарғы жағы киіктің суретімен әшекейленген. Бұл жазудың алғаш В.Радлов, одан кейін түрік ғалымы Х.Н.Оркун, одан кейін С.Е.Малов аудармасын жасады.

Білге қаған (Могилян) ескерткіші - Монғолиядағы Орхон өзені бойынан табылған. Онда Құтылығ қағанның үлкен ұлы Білге қаған және оғыз, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр тайпалары туралы жазылған. Білге қаған (685-734) – Елтеріс қағанның үлкен ұлы, Шығыс Түрік мемлекетінің қағаны, атақты түркі батыры. Білге қаған ескерткіші – көне түркі жазулары ішіндегі көлемі мен мазмұны жағынан ең үлкені. Білге қаған тұсында Түркі қағандығы территориялық жағынан кеңейіп, нығайып, аса қуатты мемлекетке айналған. Ескерткіште осы жай, түркі халқы, оның Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, т.б. батырлары туралы жырланған. Ескерткіш о баста тастан қашалып тасбақа мүсіні үстіне орнатылған балбал тасқа (тас бағана) ұқсатып жасалған. Бәдіз (тас мүсін, өрнек жазу) қабырғасына қашап жазылған жыр. Білге қаған ескерткішіндегі кейбір текстер Күлтегін ескерткішіндегі сөздермен мағыналас, ұқсас болып, қайталанып келеді. Әйтсе де мұндай қайталану көп емес[2].

Күлтегін ескерткіші - Құтылығ қағанның кіші ұлы әйгілі қолбасшы Күлтегінге арналған. Ескерткіш Улан-Баторға жақын маңдағы Кошо-Цайдам ойпатында Қарабалғасун деген жерден табылған. Оны алғаш тауып, ғылым әлеміне мәлімдеуші орыс ғалымы Н.М.Ядринцев болды. Ескерткіштің сол жақ бетінде 13 жол жазу, ал негізгі бетінде оның жалғасы ретінде 40 жол бар, оларды ғалымдар Үлкен жазу, Кіші жазу деп атап кеткен. Осы туралы жазылған Ғ.Айдаровтың "Күлтегін ескерткіші" еңбегінің маңызы зор.

Күлтегін (684-731) – Қапаған және Білге қаған дәуіріндегі түркілер мемлекетінің көрнекті әскери

Тоникуқ ескерткіші - Селенгі өзені бойынан табылған. Тоникұқ - әскери кеңесші болып, Құтлығ, Білге қағанға қызмет еткен. Тоныкөк – Түрік қағандығының көрнекті мемлекет және

қоғам қайраткері. Ол кемеңгер ойшыл, қолбасшы, батыр, дарынды ақын ретінде танылған.Тонықөк өз кезінде түркі халқының жауынгерлік даңқын әлемге танытқан аса ірі қолбасшы болған. Ол - әлемді таңқалдырған "Тонықөк" эпосының авторы. Бұл жыр – түркілердің даңқы мен ерлігін жырлаған мәңгілік өшпес мұра. Тонықөк ескерткіші Ұлан батордың оңтүстік жағынан 36 км жерден табылған. Оны алғаш тауып, таныстырған Е.А.Клеменц 1898 жылы ескерткішті суретке түсірген. Осы фото-сурет негізінде В.В.Радлов аударма жасаған. Ескерткіш туралы Г.Рамстедт, Б.В.Владимирцев зерттеу жүргізген. Ескерткіш тексі биіктігі 1,60-1,70 метр екі төрт қырлы бағана тасқа ойып жазылған. "Тонықөк" сөзінің этимологиясы жөнінде әртүрлі пікірлер бар.

Күлі Чор, Мойын чор ескерткіші - Монғолияның Ихе-Хушоту, Селенгі өзені маңынан табылған. Күлі Чор - Білге қаған мен Күлтегін замандасы болса, Мойын Чор - ұйғыр мемлекетінің алғашқы қағаны, әйгілі қолбасшы. Ескерткішті ғалым Г.И.Рамстедт тауып, жұртшылыққа танымал еткен.

Қазақ тілі тарихы үшін көне түркі жазба ескерткіштерінің маңызы зор. Жазба дәстүрдің негізінде ауызекі сөйлеу тілі жататындығын ескерсек, көне түркі сөйлеу мәдениетінің жоғарғы көрсеткіші болып табылатыны шындық. Адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы ойын білдіруге бағытталған сөйлеу әрекеті оның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне негізделсе, ал сөйлеудің мәдени деңгейі-оның дүние танымы мен ақыл-парасатының көрінісі. Сөйлеу мәдеинетінің негізгі шарттарының бірі-айтылмақ ойды білдіретін синтаксистік конструкцияның тиянақтылылығы мен жүйелілігі құрамындағы сөздердің мағыналық үйлесімі мен сөйлемнің дұрыс құрылымы болып келеді[3].

Түркі тілдерінде сөйлемнің құрылымдық заңдылықтарын анықтап, жекелеген түркі тілдеріндегі сөйлем құрылысының өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастық жақтарын ажырата білуде Орхон-Енисей ескеркерткіштері тілінің маңызы зор. Көне түркі жазба ескерткіштері мәтініндегі синтаксистік конструкциялардың заңдылықтарын, құрылымындағы бірліктердің мағыналық үйлесімділігі мен дыбыстық әуезділігін лингвистикалық түрғыдан зерттеу түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи алтын діңгегі болуымен қатар, қазіргі түркі халықтарының сөйлеу мәдениетінің, шешендік өнерінің қалыптасу, даму жолдарын анықтауға да мүмкіндік береді.

Түркі сына жазуларының құпия сырын ашуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстары XX ғасырдың соңғы жылдарынан бері жүргізіліп келе жатқанымен, таза синтаксистік құрылымын талдауға арналған еңбектер көп емес. Осы саладағы құнды еңбектер, негізінен көне түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрамын зерттеуге арналған.

Қазақ ғалымдарының ішінен Орхон-Енисей ескерткіштерінің синтактистік жүйесін талдауға арналған Ғ.Айдаровтың еңбектерінің маңызы зор. Көлемі мен мазмұны ерекше әрі біршама тереңірек зерттелген Күлтегін ескерткішінің мәтініне көз жүгіртсек, сол кезеңде-ақ түркілер тілінде белгілі бір синтаксистік жүйе қалыптасқанын, сол құрылымның қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылып жүрген құрылымдарға сәйкес келетінін байқаймыз.

Қазіргі қазақ тілі жүйесіндегі сөйлем түрлерінің құрылымдық топтары да (жай сөйлем,құрмалас сөйлем), айтылу мақсаты мен эмоцияға байланысты бөлінетін түрлері де (хабарлы,сұраулы,бұйрықты және лепті сөйлемдер) Күлтегін ескерткіштерінде кездеседі. Мысалы: жай сөйлем-*Темір қапығқа тегі сүледім* «Темір қақпаға дейін сүледім»; құрмалас сөйлем-*Үзе көк теңрі, асра ісағыз ісір қасыңтұқта екін ара кісі қалынмыс* « Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда , екеуінің арасында адам баласы жаралған»; сұраулы сөйлем-*Түрк будун ілінің түрүнүн кім артады?* «Түрік халқының елін, дәстүрін кім құртады?»; лепті сөйлем-*Көгмен иерсубы ідісіз қалмазун.* «Көгмен жер-суы иесіз қалмысын.»т.б. Көне түркі ескерткіштеріндегі жай сөйлемдерді топтастыруда тіл біліміндегі дәстүрлі заңдылықтарға сүйенеміз. Жалаң және жайылма сөйлемдер Күлтегін ескерткішінде молынан кездеседі. Ескерткіште өткен өткен шақта және 1- жақта бастауышы мен жіктеу есімдігі арқылы құрылған бір ғана сөйлем кездесті: *Мен бәңгү таш тоқыттым* «Мен мәңгі тас орнаттырдым». Бұл сөйлемді жалаң сөйлемнің қатарына қосуға болады. Себебі сөйлемдегі *бәңгү таш* тіркесін қазіргі қазақ тіліндегі *темір жол* тәрізді күрделі зат есімге жатқызуға болады. Алайда ескерткіштерге *таш* сөзі жеке де, немесе *бәңгү, бітіг* (жазба) сөздерімен тіркесіп те қолданыла береді.

Сондықтан бұл мысалды жайылма сөйлемнің құрамына жатқызғанды жөн көрдік. Бұл сөйлемде бастауыш – *мен* есімдігі де, баяндауыш – *бәңгү таш тоқыттым* тәрізді құранды етістік арқылы жасалған. Ескерткіште 2 – жақта, келер шақта қолданылған ерекше сөйлемдер бар. Мұндай сөйлемдерде бастауыш орнында *сен* есімдігі арнайы қолданылмайды. Оның орнына қазіргі қазақ тілінде қаратпа сөз қызметінде аталып жүрген жалқы есімдер пайданылғандай сыңайда аңғарылады. Мысалы, *Түрк бұдұн, өлесікің* « Түрк халқы өлесің(жойыласын)» Жалаң сөйлемдер өткен шақта және 3-жақта біршама қолданылған. Ең алдымен баяндауышы бір сөзден жасалғандарға тоқталайық. Мысалы, Ізгіл (бұдұн) өлті « Ізгіл халқы өлті (жойылды)» сөйлемінде баяндауыш - *өлті* сөзі. Бастауышы – *Ізгіл бұдұн* тіркесінен жасалған күрделі сөз. Сондай – ақ *ер- ті, ер – міс* көмекші сөздері арқылы жалаң сөйлем құрылады. Мысалы, *Барс бег ерті* «Барыс бек еді». Күлтегін ескерткішінде жалаң сөйлемге қарағанда жайылма сөйлем айтарлықтай мөлшерде мол ұшырайды. Сөйлем құрылысында анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш сияқты тұрлаусыз мүшелер өте кең көлемде пайдаланылған[4].

Көне жазбадағы жайылма сөйлемде кездесетін анықтауыштар көбінесе бастауыштың қасында тұрады. Мысалы, *Йаблақ қаған олұрмыс ерінч* «Жаман қаған отырған екен (тақта)» Анықтауыш сапалық сын есім, қатыстық сын есім, есімдік арқылы жасалады: *Білігсіз қаған олұрмыс ерінч* «Біліксіз қаған отырған екен (тақта)», *Ол ат анта түсді* «Ол ат сонда құлады». Ескерткіште ілік септігінде тұрып анықтауыш қызметінде жұмсалу да орын алған. Мысалы**,** *Бізің сұ аты тұрұқ , азұқы йоқ ерті* «Біздің әскердің ата арық, азығы жоқ еді*».*

Тура толықтауышты жайылма сөйлемдегі толықтауыштар жай септік жалғауымен және тәуелденіп те септеліп қолданыла беретіні байқалады. Мысалы, *Оғұз йағы ордұғ басды* «Оғыз жау орданы басты». Табыс септігінің жалғауы түсіріліп те қолданылады: *Қаған ат бұнта біз біртіміз* «Қаған атын мұнда біз бердік». Жанама толықтауыштың қатысы арқылы құрылатын жайылма сөйлемдер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерімен жасалады. Барыс септігі жалғауы арқылы: *Йаблақ кісі ер... алп ер бізіңе тегміш ерті* «Жаман кісі ер,... алып ерлер бізге тиіскен еді».

Көне ескерткіштегі жайылма сөйлемді құруға пысықтауыштар белсенді түрде қатысады. Мысалы, *Анта кісіре қара түргіс бұдұн йағы болмыш Кеңерес тапа барды* « Одан соң қара түркеш халқы жау болған Кеңереске қарай барды».

Жай сөйлемдер мен (атаулы, жалаң, жайылма, толымды, толымсыз сөйлемдер), құрмалас сөйлем түрлерінің (салалас, сабақтас, аралас, құрмалас сөйлемдер), бастауышқа қатысты жақты, жақсыз, мағыналарына қарай болымды, болымсыз сөйлемдердің барлық түрлерінің ескерткіш тілінде кездесуі көне түркі тілінің синтаксистік байланысу тәсілдеріне тікелей қатысты болып келеді.

Ескерткіш тіліндегі сөздердің байланысу түрлері де қазіргі қазақ тілінен ерекшеленбейді. Мысалы*, Түрк беглер түрк атын ыты, табғач атын тұтынан, табғач қағанға көрміс* «Түркі бектері түркі атын тастап, табғаш бектерінің табғаш атын ұстап, табғаш қағанға бағынды» .

Бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс (қиысу) – *беглер ыты* «бектері тастап»; *беглер көрміс* «бектері бағынды».

Сөздердің меңгеріле байланысуы (ілік септігінен басқа септікте) - *атын ыты* «атын тастап»; *атын тұтыпан* «атын ұстап»; *қағанға көрміс* «қағанға бағынды».

Ілік септігіндегі сөз бен тәуелді жалғаулы сөздің байланысы (матасу)- *түрк атын* «түркі(нің) атын»; *беглер атын* «бектер(дің) атын».

Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуы (қабысу) – *табғач қаған* «табғаш қаған»; *түрк беглер* «түркі бектер».

Бірыңғай мүшелі сөйлемдер өзіндік құрылымдық ерекшелігімен оқшауланбайды. Олар жайылма сөйлемдерден тек бірнеше бірыңғай бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш мүшелерімен ғана ерекшеленеді. Мысалы, Енелтрим, келиним, кунчиларым, өзим сағынтым «Шешелерім, келінім, ханым, өзім қайғырдым». Бұл сөйлемде тәуелдік тұлғасындағы бірнеше бастауыш баяндауышпен қиысып, бір сұраққа жауап беріп тұр. Осылайша бір сөйлем мүшесі бірыңғай болып тізбектеліп, басқа бір мүшеге қатысты болуы арқылы сөйлем ықшамдалып айтылады. Ол үшін бірнеше бірыңғай бастауыштың бір баяндауышы немесе

бірнеше бірыңғай баяндауыштың бір ғана бастауышы болуы мүмкін. Бірыңғай мүшелер өзара салаласа байланысады да, сол тобымен сөйлемдегі басқа мүшелерден дауысталуы жағынан оқшауланып, жинала келе бөлек топ құрады. Мысалы сына жазбаларындағы бірыңғай бастауыштардың көрінісі мынадай: Табғаш, оғуз, құтан – бу үшеуи қабысыр «Табғаш, оғыз, қытай – бұл үшеуі бірігер».

Бірыңғай баяндауыштың көрінісі: Табғаш бодун токутдум, йықдум, бастум йайдум «Табғаш халқын тоғыттым, жықтым, бастым, жайладым».

Бірыңғай толықтауыштар: Барғын, бедизин бітіг ташун алқадумуз «Мазарын, бедерін жазу тасын аяқтадық».

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері сөйлем құрылысына еш нұқсан келтірмейді, тек сөйлем мүшелерінің санын молайтып, сөйлемдегі ойға эмоциялық реңк үстеп тұратынын байқаймыз.

Сондай-ақ көне түркі тілінде жай сөйлемдер даму деңгейінің кемелденуін білдіретін сөйлемнің үйірлі мүшелерінің өзі бір төбе. Құрамында үйірлі мүшесі бар сөйлемнің құрылысы өте күрделі болып келеді. Сол себепті бұндай үйірлі мүшелер айтылған ойды жекелеп, нақтылап жеткізуге бейім тұрады. Олар беретін мағыналарына байланысты тек ғана толықтауыш қызметінде ғана емес, бастауыш та, баяндауыш та, олардың құрамдас бөлігі болып та немесе пысықтауыш пен анықтауыш болып та қолданылуы мүмкін. Бұндай үйірлі мүшелердің өз ішінде үйірлі мүшелі сөйлемдер жазба тілге тән[5].

Көне түркі сына жазбалары тіліндегі үйірлі мүшелер де жай сөйлемдерден өте ерекшеленбейді. Құрылысы да бір-бірінен онша алыс емес. Бірақ бұлар да күрделі мүшелер сияқты топтала келе өзі үйірілетін бір мүшенің сұрағына жауап беріп отырады.Үйірлі мүше жасайтын есім сөздер септіктің барлық түрінің жалғауларына тұра береді. Сол тұлғалардың бірінде толықтауыш, бірінде анықтауыш, бірінде пысықтауыш болып құбылып келе береді. Осы ерекшеліктеріне байланысты оларды әр түрде қарастыруға болады. Олар бірнеше сөздің категориясынан құралады және бұлардың ішіндегі ең негізгісі, күштісі есімше болып келеді., *Алтун, күмүш ічікті, қутай бунсуз анча берүр табғаш бодун сабы сүчүк, ағузы йумшақ ерміс.* «Алтын, күміс,дақыл,жібекті сонша есепсіз беретін табғаш халқы сөзі тәтті, дүниесі жұмсақ екен. Бұл сөйлемдегі «Алтын, күміс, дақыл жібекті сонша есепсіз беретін»-үйірлі мүшелері *табғаш халқы* күрделі бастауышына үйіріліп келіп, *қай* сұрағына жауап беріп, барлығы бір ғана анықтауыштың қызметін атқарады. Бұларды іштей мүшелеуге де болады. Есімше сөзде атау сөзбен тіркессе, анықтауыш сөйлем соңынан келсе, баяндауыш қызметін атқаратыны белгілі. Мысалы, *берүр* – сөйлемде *табғаш будун* сөзімен тіркесіп келіп, анықтауыш болса, жеке компонентке бөліп қарағанда сөйлемдегі өзінің алдынан енген сөздерді таянақтап, баяндауыш қызметіне көшеді. Пысықтауыштың қалай сұрағына жауап беретін *бунсуз анча* – күрделі пысықтауыш; *Алтун, күмүш, ічікті қутай* – табыс септігінде тұрған күрделі пысықтауыш; - табыс септігінде тұрған күрделі тура толықтауыш қызметінде болады. Көріп отырғанымыздай, үйірлі мүшелердің өз құрамына күрделі мүшелерді қамтуы мүмкін. Ал, сөйлемнің екінші компонентіндегі *сабы сүчүк, ағузы йумшақ* анықтауыштың қандай деген сұрағына жауап беретін *табғаш бодун* сөзін анықтайтын күрделі мүшелер болып табылады.

Сына жазба ескерткіштері тіліндегі сөйлемнің үйірлі мүшелері көбінесе есімшеге үйіріліп, анықтауыш тұлғалы үйірлі мүшелерге бейім келетіні байқалады.

Деректердің көрсетіп отырғандай, көне түркі тіліндегі синтаксистік құрылымдар үлкен өзгеріске түспей-ақ, ескерткіш тілінде біздің заманымызға да жетіп отыр. Оның тіл мәдениетінің тарихында да атқарар маңызы зор. Қалай болғанда да, Орхон-Енисей сияқты ұлы жазба ескерткіштер тілін синтаксистік тұрғыдан жан-жақты зерттеу – зор мәдени, игілікті іс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманжолов А.С. Көне түркі, араб, латын графикасы курсының программасы. – Алматы, 1980.
2. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 3-12 беттер.
3. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – М.-Л., 1952.
4. Хасанова С.Ш. Көне түркі және араб-латын жазбалары. – Алматы: РБК, 1994. – 39-43 беттер.
5. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 39-44 беттер.

ӘОЖ 81:37.016

ДИАЛЕКТІЛІК ВАРИАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ӘЛЕУЕТІ

Кадырова Майра Тобушовна – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Аннотация

Мақалада диалектілік вариация ұғымы тілдің әлеуметтік, аймақтық және мәдени факторларға байланысты көпнұсқалы түрде жүзеге асуын сипаттайтын маңызды лингвистикалық категория ретінде қарастырылады. Диалектілік вариацияның теориялық негіздері Ф. де Соссюр, У. Лабов, Л. П. Крысин және басқа ғалымдардың еңбектері негізінде талданады. Сондай-ақ диалектілік вариацияның шет тілін меңгертудегі лингвистикалық және коммуникативтік маңызы айқындалып, білім алушылардың тыңдалым мен сөйлеу дағдыларын дамытудағы рөлі негізделеді.

Тірек сөздер

Диалектілік вариация, диалект, акцент, тілдік вариативтілік, социолингвистика, коммуникативтік құзыреттілік, шет тілін оқыту, тілдік норма, коммуникативтік құзырет.

Қазіргі лингвистикада тіл біртекті, қатаң стандартталған жүйе ретінде емес, әлеуметтік, аймақтық және мәдени факторлардың ықпалымен үнемі өзгеріп, түрленіп отыратын динамикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда диалектілік вариация тілдің ішкі көптүрлілігін айқындайтын маңызды лингвистикалық категориялардың бірі болып табылады. Диалектілік вариация белгілі бір тілдің аумақтық немесе әлеуметтік қауымдастықтарда қолданылу барысында қалыптасқан фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және прагматикалық ерекшеліктерін қамтиды.

Диалект – тілдің белгілі бір аймақтық немесе әлеуметтік қауымдастықта қолданылатын нұсқасы болып табылады және ол фонетикалық, лексикалық, грамматикалық әрі синтаксистік ерекшеліктерді қамтиды. Ал акцент негізінен фонетикалық деңгейдегі айырмашылықты білдіреді, яғни ол көбінесе айтылым ерекшеліктерімен сипатталып, лексика мен грамматикадағы өзгерістермен міндетті түрде қатар жүрмейді.

«Диалектілік вариация» ұғымы лингвистикада XX ғасырдың ортасында тілдің әлеуметтік және аумақтық өзгермелілігін арнайы зерттеу нысаны ретінде қалыптаса бастады. Бұл ұғымның теориялық негізі алдымен тілдік вариативтілік туралы жалпы көзқарастармен байланысты дамыды. **«**Диалектілік вариация» (dialectal variation / dialect variation) деген термин бір автордың атымен тікелей бекітілген классикалық «алғашқы анықтама» ретінде пайда болған жоқ**.** Ол лингвистикада біртіндеп қалыптасқан ұғым**.** Тілдің біртекті емес, өзгермелі жүйе екендігі туралы идеяны алғаш жүйелі түрде Фердинанд де Соссюр ұсынды. Оның «Курс общей лингвистики» еңбегінде диалектілік вариация термині дербес ғылыми ұғым ретінде қолданылмағанымен, бұл құбылыстың негізгі теориялық алғышарттары айқын көрініс табады. Соссюр тілдік жүйені (langue) және нақты сөйлеу актісін (parole) ажырата отырып, тілдің әлеуеттік құрылым ретінде салыстырмалы тұрақты болғанымен, нақты қолданыста әртүрлі формада жүзеге асатынын көрсетеді [1].

Ғалымның пікірінше, тіл әлеуметтік институт ретінде қоғамға ортақ болғанымен, оның жүзеге асу формалары сөйлеушінің әлеуметтік ортасына, географиялық кеңістігіне және коммуникативтік жағдаятына байланысты түрленіп отырады. Тілдік жүйенің элементтері уақыт пен кеңістікке тәуелді түрде әрқилы көрініс табады деген бұл тұжырым диалектілік вариацияның теориялық өзегін құрайды. Сонымен қатар Соссюр енгізген синхрония және диахрония қағидалары тілдік айырмашылықтарды белгілі бір тарихи кезең

аясында қарастыруға мүмкіндік беріп, кейінгі диалектология мен әлеуметтік лингвистиканың әдіснамалық негізін қалады. Осы тұрғыдан алғанда, Соссюр диалектілік вариацияны тікелей сипаттамағанымен, тілдің вариативті табиғатын, оның әлеуметтік шарттылығын және нақты қолданыстағы көпнұсқалылығын алғаш ғылыми тұрғыда негіздеген ғалым ретінде бағаланады.

Диалектілік вариацияны дербес әрі жүйелі ғылыми зерттеу нысанына айналдырған ғалымдардың бірі – Уильям Лабов. Ол XX ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік лингвистика аясында тілдік өзгерістердің табиғатын эмпирикалық деректер негізінде талдап, диалектілік айырмашылықтардың кездейсоқ емес, белгілі бір заңдылықтарға бағынатынын дәлелдеді. Лабовтың басты ғылыми жаңалығы – тілдік вариацияны тілдің «бұзылуы» немесе нормадан ауытқуы ретінде емес, тілдің ішкі даму механизмі ретінде қарастыруы.

У. Лабовтың негізгі тұжырымдарының бірі – *вариация мен өзгеріс арасындағы ажырамас байланыс.* Ғалымның пікірінше, тілдік өзгеріс вариативтілік арқылы жүзеге асады: белгілі бір тілдік бірліктің бірнеше нұсқасының қатар өмір сүруі уақыт өте келе олардың бірінің басымдық алуына алып келеді. Бұл идея оның үштомдық іргелі еңбегінің бірінші томында – «Principles of Linguistic Change. Vol. I: Internal Factors» – кеңінен негізделеді [2]. Аталған еңбекте ғалым фонетикалық және фонологиялық вариацияларды талдай отырып, тілдік өзгерістердің ішкі жүйелік факторларға тәуелді екенін көрсетеді.

Екінші маңызды идея – *диалектілік вариацияның әлеуметтік шарттылығы.* У. Лабов тілдік нұсқалардың сөйлеушінің жасына, жынысына, әлеуметтік мәртебесіне, кәсіби ортасына және қауымдастыққа тиесілілігіне қарай жүйелі түрде өзгеретінін дәлелдеді. Бұл тұжырым «Principles of Linguistic Change. Vol. II: Social Factors» атты екінші томында жан-жақты қарастырылған [3]. Ғалым әлеуметтік факторлардың тілдік таңдауға тікелей әсер ететінін статистикалық және далалық зерттеулер арқылы нақтылайды. Осы арқылы диалектілік вариация әлеуметтік құрылымның тілдегі көрінісі ретінде сипатталады.

У. Лабов теориясындағы үшінші маңызды бағыт – *когнитивтік және мәдени факторлардың рөлі.* Үшінші томда – «Principles of Linguistic Change. Vol. III: Cognitive and Cultural Factors» – ғалым тілдік өзгерістердің тек құрылымдық немесе әлеуметтік себептермен ғана емес, сөйлеушінің когнитивтік үлгілері мен мәдени тәжірибесіне де тәуелді екенін көрсетеді [4]. Бұл тұрғыда диалектілік вариация тілдік сана, ұжымдық тәжірибе және мәдени нормалармен тығыз байланыста қарастырылады.

Осылайша, У. Лабов диалектілік вариация теориясын көпқырлы ғылыми модель ретінде қалыптастырып, оның ішкі тілдік, әлеуметтік және когнитивтік негіздерін кешенді түрде дәлелдеді. Оның еңбектері диалектілік вариацияны қазіргі лингвистикада тілдің ажырамас әрі заңды қасиеті ретінде тануға мүмкіндік берді. Бұл тұжырымдар шет тілін оқыту теориясында да маңызды орын алып, білім алушыларды тілдің көпнұсқалы табиғатына дайындаудың ғылыми негізін құрайды.

Шет тілін оқыту әдістемесінде диалектілік вариация мәселесі ұзақ уақыт бойы екінші кезектегі құбылыс ретінде қарастырылып келді. Дәстүрлі оқыту жүйесінде басты назар стандартты тілдік нормаға аударылып, диалектілік немесе аймақтық ерекшеліктер көбінесе оқыту мазмұнынан тыс қалдырылды. Алайда жаһандану, академиялық және кәсіби мобильділіктің артуы, сондай-ақ цифрлық коммуникацияның кеңеюі шет тілін меңгерушілердің әртүрлі диалектілермен және тілдік нұсқалармен бетпе-бет келу ықтималдығын арттырды. Осыған байланысты диалектілік вариацияны елемеу тілдік кедергілердің пайда болуына және коммуникативтік сәтсіздіктерге әкелуі мүмкін.

Коммуникативтік тұрғыдан алғанда диалектілік вариация шет тілін үйренушінің қабылдау (listening) және сөйлеу (speaking) дағдыларына тікелей әсер етеді. Әртүрлі диалектілерде айтылған бір тілдік бірліктің дыбысталуы, сөздік құрамы немесе интонациялық өрнегі айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Егер оқушы тек стандартты нормаға ғана үйренсе, ол нақты коммуникативтік жағдаятта тілдік ақпаратты толық түсінбеуі немесе оны дұрыс интерпретациялай алмауы ықтимал. Сондықтан диалектілік

вариациямен танысу шет тілін меңгерушінің тыңдалым икемділігін арттырып, тілдік интуициясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі социолингвистикада диалектілік вариация тіл жүйесінің табиғи әрі заңды қасиеті ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным Л. П. Крысиннің «Очерки по социолингвистике» еңбегінде дәйекті түрде негізделген [5]. Ғалым тілдің қоғамда қызмет етуі әрқашан әлеуметтік, аумақтық және коммуникативтік факторлармен шартталатынын атап көрсетеді. Осыған байланысты тіл біртұтас жүйе бола отырып, нақты тілдік қауымдастықтарда әртүрлі нұсқада жүзеге асады, ал бұл нұсқалар тілдің ішкі құрылымына қайшы келмейді, керісінше оның функционалдық әлеуетін кеңейтеді.

Диалект ұғымының өзі де социолингвистикалық тұрғыдан кең мағынада түсіндіріледі. «Диалект термині (грек. *διάλεκτος, διαλέγομαι* етістігінен – «сөйлеу, өз ойын білдіру») әдетте тілдің аумақтық түрлерін белгілеу үшін қолданылады және көбіне ауыл тұрғындары пайдаланатын сөйлеу нұсқаларына қатысты айтылады. Алайда арнайы ғылыми әдебиеттерде «әлеуметтік диалектілер», «қалалық диалектілер», «кәсіби диалектілер» сияқты тіркестердің де қолданылуы» диалект ұғымының тек аумақтық шеңбермен шектелмейтінін көрсетеді [5, 35 б.]. Бұл түсінік диалектілерді тілдік нормадан ауытқу ретінде емес, тілдің әлеуметтік және функционалдық жіктелуінің бір көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Л. П. Крысин диалектілік және әлеуметтік тілдік нұсқаларды тілдік нормадан ауытқу ретінде емес, әлеуметтік-коммуникативтік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, әрбір тілдік қауымдастықта әдеби тіл, диалектілер, жаргондар мен стильдік түрлер функционалдық толықтыру (функциональная дополнительность) қағидасы бойынша қатар өмір сүреді. Диалектілік вариация дәл осы қағида аясында тілдің коммуникативтік қажеттіліктерге бейімделуін қамтамасыз етеді.

Диалектілік вариация ұғымын түсіндіруде өте қызықты әрі ғылыми тұрғыдан маңызды түсіндірме Головко Е. В., Вахтин Н. Б., Асиновский А. С. еңбегінде ұсынылады [6]. Ғалым диалектіні немесе жергілікті говорды лингвистикалық тұрғыдан «дұрыс емес» тілдік форма ретінде қарастыруды қате деп есептейді және мұндай бағалаудың тілдің ішкі құрылымына емес, әлеуметтік-нормативтік өлшемдерге негізделетінін атап көрсетеді. Оның пайымдауынша, кез келген диалект – фонетикалық, лексикалық және грамматикалық деңгейлерде ішкі заңдылықтары қалыптасқан, толыққанды әрі жүйелі тілдік жүйе болып табылады.

Ғалымдар диалектінің «дұрыс еместігі» туралы түсінік тек әдеби тіл нормасы мен мектептік тілдік саясат шеңберінде пайда болатынын көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, диалектіні бағалау лингвистикалық категория емес, әлеуметтік және педагогикалық сипаттағы құбылыс болып табылады. Ғалымның пікірінше, әдеби тіл қоғамда кодификацияланған, стандартталған коммуникация құралы ретінде қызмет атқарса, диалект нақты сөйлеу тәжірибесінде, табиғи коммуникативтік ортада қалыптасқан тілдік нұсқа ретінде өмір сүреді. Сондықтан диалект пен әдеби тіл арасындағы айырмашылықты тілдік «дұрыстық» өлшемімен емес, олардың қоғамдағы қызмет ету саласымен және функциясымен байланысты қарастыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, ғалымдардың көзқарасы диалектілік вариацияны тіл жүйесінің ауытқуы емес, оның өмір сүруінің заңды әрі мәнді формасы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл тұжырым диалектілік вариацияның лингвистикалық мәртебесін қайта пайымдауға негіз болып қана қоймай, тілдік көпнұсқалылықты шет тілін меңгертуде ескерудің теориялық алғышарттарын да айқындайды.

Қазақстандық лингвистикада да тілдің әлеуметтік шарттылығы мен көпнұсқалы табиғатына байланысты мәселелер, соның ішінде диалектілік вариация проблемасы, ғылыми тұрғыда назардан тыс қалмаған. Отандық зерттеулерде тіл біртекті, қатаң стандартталған жүйе ретінде емес, нақты қоғамда әлеуметтік, мәдени және коммуникативтік факторлардың ықпалымен әртүрлі нұсқада жүзеге асатын күрделі

құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы социолингвистикалық пайымдар қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де көрініс табады.

Аталған тұрғыда Э. Д. Сүлейменова еңбектері ерекше мәнге ие [7]. Автор тілдің нақты қоғамда қызмет етуі әрдайым әлеуметтік құрылымға, мәдени ортаға, тілдік саясат пен коммуникативтік қажеттіліктерге тәуелді екенін дәлелдейді. Ғалым тілдік жағдаят ұғымын тілдердің, тілдік нұсқалардың және сөйлеу формаларының қоғам ішіндегі функционалдық бөлінісі ретінде сипаттайды. Бұл ретте әдеби тіл, ауызекі сөйлеу, аймақтық және әлеуметтік нұсқалар бір-біріне қарсы қойылмайды, керісінше ортақ тілдік кеңістікте әртүрлі әлеуметтік функция атқаратын формалар ретінде қарастырылады. Осы тұжырым тілдік норманың абсолютті емес, әлеуметтік тұрғыдан реттелетін категория екенін көрсетеді.

Ғалымның еңбегінің фундаменталды маңызы – тілдік вариативтілікті тіл жүйесінің бұзылуы емес, оның өмір сүруінің табиғи шарты ретінде түсіндіруінде. Автордың пайымдауынша, нақты коммуникацияда тіл әрдайым стандартталған үлгі шеңберінде жүзеге аспайды, сондықтан тілдік саясат пен тілдік жоспарлау тілдің осы көпнұсқалы табиғатын ескеруі тиіс. Бұл идея диалектілік және аймақтық тілдік нұсқаларды тілдің заңды әлеуметтік формалары ретінде тануға теориялық негіз береді.

Сонымен, диалектілік вариация қазіргі лингвистикада тілдің кездейсоқ немесе шеткері құбылысы емес, оның әлеуметтік, аумақтық және мәдени шарттарда жүзеге асуының заңды формасы ретінде қарастырылады. Ф. де Соссюрдің тілдің вариативті табиғаты туралы жалпы теориялық тұжырымдары У. Лабовтың еңбектерінде эмпирикалық және социолингвистикалық тұрғыда тереңдетіліп, диалектілік айырмашылықтардың жүйелі әрі заңдылыққа бағынатын құбылыс екені дәлелденді. Бұл көзқарас диалектілік вариацияны тілдің ішкі даму механизмімен, әлеуметтік құрылыммен және мәдени тәжірибемен тығыз байланысты күрделі лингвистикалық феномен ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Шет тілін меңгерту контекстінде диалектілік вариацияны ескерудің маңызы ерекше, өйткені нақты коммуникация әрдайым стандартталған тілдік үлгі шеңберінде жүзеге аспайды. Диалектілік және аймақтық нұсқалармен танысу білім алушының тыңдалым мен сөйлеу дағдыларын икемді етіп, тілдік интуициясын дамытады және коммуникативтік сәтсіздіктердің алдын алуға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, диалектілік вариация шет тілін оқытуда тек теориялық лингвистикалық ұғым ретінде ғана емес, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды компоненті ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. // Пер. с фр. А. Сухотина, Коммент. Туллио де Мауро. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 1999. – 426 с.
2. Labov, W. Principles of Linguistic Change. Vol. I: Internal Factors. – Oxford: Blackwell, 1994. – 342 pp. (Принципы языковых изменений. Том I: Внутренние факторы)
3. Labov, W. Principles of Linguistic Change. Vol. II: Social Factors. – Oxford: Blackwell, 2001. – 470 pp. (Принципы языковых изменений. Том II: Социальные факторы)
4. Labov, W. Principles of Linguistic Change. Vol. III: Cognitive and Cultural Factors. – Oxford: Wiley-Blackwell, 2010. – 444 pp. (Принципы языковых изменений. Том III: Когнитивные и культурные факторы)
5. Крысин Л. П. К85 Очерки по социолингвистике / Л. П. Крысин. – Москва: ФЛИНТА, 2021. – 360 с.
6. Головко Е. В., Вахтин Н. Б., Асиновский А. С. Язык командорских алеутов. – Санкт-Петербург: Наука, 2009. – 354 с.
7. Сулейменова Э. Д., Смагулова Ж. С. – Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. – Алматы: Казак университеті, 2005. – 343 с.

ӘОЖ 81.37:016

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Борамбаева Жайнагүл Жеткизгенқызы – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Аннотация

Мақалада шет тілін оқыту үдерісінде сыни тұрғысынан ойлауды дамытуға бағытталған әдістер жүйесі қарастырылады. Сыни ойлаудың коммуникативтік, проблемалық және жобалық әдістер аясында тілдік әрекет барысында қалыптасуы негізделеді. Коммуникативтік әдіс арқылы оқушылардың ақпаратты талдау, бағалау, интерпретациялау және коммуникативтік жағдаяттарда саналы қолдану дағдыларын дамыту мүмкіндіктері айқындалады. Бұл тәсіл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, аналитикалық ойлауын, рефлексия жасауын және тілдік құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастыруға бағытталады қазіргі білім беру талаптары аясында тиімді әдістемелік негіз ретінде ұсынылады.

Тірек сөздер

Сыни тұрғысынан ойлау, коммуникативтік әдіс, проблемалық оқыту, жобалық әдіс, коммуникативтік құзыреттілік, интерактивті оқыту, рефлексия, аутенттік материалдар.

Қазіргі білім беру кеңістігінде шет тілін оқыту тек тілдік білім мен дағдыларды меңгертумен шектелмей, білім алушының танымдық дербестігін, аналитикалық ойлауын және саналы пайымдау қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, сыни тұрғысынан ойлау шет тілі сабақтарының мазмұны мен әдістемелік құрылымына интеграцияланатын негізгі метатанымдық құзыреттердің бірі ретінде қарастырылады.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту арнайы оқыту технологиясы ретінде емес, шет тілін оқытуда қолданылатын әдістер жүйесінің ішкі құрамдас бөлігі ретінде тиімді жүзеге асырылады. Бұл жағдайда сыни ойлау тілдік әрекет барысында қалыптасып, оқушылардың ақпаратты қабылдау, өңдеу, бағалау және коммуникативтік жағдаяттарға сәйкес қолдану қабілеттерін жетілдіруге қызмет етеді.

Шет тілін оқыту әдістемесінде сыни ойлауды дамытуға бағытталған әдістер жүйесі келесі дидактикалық қағидаттарға негізделеді:

- оқушының танымдық белсенділігін арттыру;
- проблемалық жағдаяттар арқылы ойлауды ұйымдастыру;
- оқу үдерісіне рефлексия элементтерін енгізу;
- тілдік материалды саналы және контекстік тұрғыда меңгерту;
- оқушыны оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қалыптастыру.

Осы қағидаттар аясында шет тілі сабақтарында сыни тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін негізгі әдістер ретінде коммуникативтік әдіс, проблемалық оқыту және жобалық әдіс айқындалады. Аталған әдістер бір-бірімен өзара тығыз байланыста қолданылады және оқушылардың ойлау әрекетін репродуктивті деңгейден аналитикалық және шығармашылық деңгейге дейін дамытуға бағытталады.

Коммуникативтік әдіс шет тілін оқытуда оқушыларды нақты қарым-қатынас жағдаяттарына енгізу арқылы тілдік материалды саналы түрде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әдіс барысында білім алушылар мәтін мазмұнын талдайды, сұрақтарға жауап береді, пікір білдіреді, өз көзқарасын дәлелдейді және өзге пікірлерді бағалайды. Мұндай әрекеттер сыни тұрғысынан ойлаудың негізгі компоненттері – талдау, интерпретация, аргументация және бағалау дағдыларын қалыптастырады.

Қазіргі кезеңде шет тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік әдіс өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, жаңартылған білім мазмұны, құзыреттілікке негізделген тәсіл және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру талаптары аясында ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл әдіс шет тілін меңгеруді тілдік ережелер мен құрылымдарды игерумен шектемей, оны нақты қарым-қатынас жағдаяттарында саналы әрі мақсатты түрде қолдануға үйретуге бағытталады.

Шет тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік әдістің теориялық және практикалық негіздерін қалыптастырған жетекші ғалымдар қатарына К. Брамфит, К. Джонсон, Дж. Хармер, Дж. Ричардс және Т. Роджерс жатады. Аталған әдіскерлер коммуникативтік әдісті әртүрлі қырынан сипаттап, оны шет тілін меңгерудің тиімді жолы ретінде ғылыми тұрғыда негіздеді. Олардың еңбектерінде оқыту үдерісі оқушының белсенді қатысуына, мағынаны түсінуге, өзара әрекетке және тілдік материалды саналы қолдануға негізделеді.

Коммуникативтік әдістің шет тілін оқытудағы негізгі қағидаттарын алғашқылардың бірі болып британдық әдіскер-ғалым Кристофер Брамфит жүйелі түрде тұжырымдады. Ол 1980-жылдары коммуникативтік әдістің теориялық негіздерін айқындап, оны шет тілін оқытудың балама әрі тиімді моделі ретінде ұсынды. Брамфиттің идеялары К. Джонсон, Г. Уиддоусон, Д. Уилкинс және Д. Хаймс сынды ғалымдардың еңбектерімен бірлесе отырып, «The Communicative Approach to Language Teaching» атты еңбекте жинақталып, коммуникативтік әдістің классикалық тұжырымдамасын қалыптастырды [1].

К. Брамфиттің пікірінше, шет тілін оқытудың басты мақсаты – оқушыларды тілдік формаларды дұрыс қолдануға ғана емес, сол тіл арқылы тиімді қарым-қатынас жасауға үйрету. Осыған байланысты грамматика, лексика және фонетика оқыту мақсаты емес, мағынаны жеткізудің құралы ретінде қарастырылады. Ғалым тілдік материалды оқытуда оның функционалдық және коммуникативтік мәніне басымдық беру қажеттігін атап көрсетеді.

Брамфит ұсынған коммуникативтік әдістің негізгі қағидаттарына мыналар жатады:

Бірінші қағидат – тілдік бірліктердің функционалдылығы.

Тілдік материалды меңгеруде дайын фразаларды жаттап алу міндетті болып табылмайды. Негізгі назар тілдік бірліктердің нақты коммуникативтік міндеттерді орындаудағы қызметіне аударылады. Оқушы тілдік форманы емес, сол форма арқылы жеткізілетін мағынаны меңгереді.

Екінші қағидат – тілді оқытудың контекстік сипаты.

Коммуникативтік әдісте тілдік материал оқшау түрде емес, мағыналық және жағдаяттық контекст негізінде ұсынылады. Диалогтар мен мәтіндер нақты коммуникативтік мақсатқа ие болуы тиіс, бұл оқушылардың ақпаратты түсінуіне және оны саналы түрде қолдануына мүмкіндік береді.

Үшінші қағидат – түсінікті айтылымның басымдығы.

Коммуникативтік әдісте мінсіз фонетикалық дәлдікке ұмтылу міндетті талап ретінде қарастырылмайды. Негізгі мақсат – оқушының айтылымы түсінікті болуы. Айтылымдағы дәлдік сөйлеу тәжірибесі жинақталғаннан кейін біртіндеп қалыптасады.

Төртінші қағидат – шет тілінде сөйлеуге ерте кезеңнен бастап ынталандыру.

Оқушылардың шет тілінде алғашқы әрекеттері оқытудың бастапқы кезеңінен-ақ қолдау табуы тиіс. Қателер оқу үдерісінің табиғи бөлігі ретінде қабылданып, оларды түзету жазалау емес, бағыттау сипатында жүзеге асырылады.

Бесінші қағидат – ана тілін шектеулі қолдану.

Коммуникативтік әдісте ана тілін қолдану барынша шектеледі. Алайда қажет жағдайда, егер ол оқу үдерісін жеңілдетсе немесе түсінуді қамтамасыз етсе, аударма элементтері минималды көлемде қолданылуы мүмкін.

Алтыншы қағидат – өзара әрекетке негізделген оқу формалары.

Коммуникативтік әдісте оқушылардың жұптық, топтық және бүкіл сыныптық жұмыстар арқылы өзара әрекетке түсуі негізгі орын алады. Бұл жұмыс түрлері пікір алмасуға, келісуге, дәлелдеуге және шешім қабылдауға үйретеді.

Жетінші қағидат – тілді меңгерудің «сынақ пен қате» арқылы жүзеге асуы.

Тіл үйрену барысында қателесу табиғи әрі қажетті құбылыс ретінде қарастырылады. Оқушылар тәжірибе жасау арқылы тілдік дағдыларын жетілдіреді, бұл олардың дербестігі мен сенімділігін арттырады.

Сегізінші қағидат – сөйлеу бегілдігінің грамматикалық дәлдіктен басымдығы.

Коммуникативтік әдісте сөйлеудің еркіндігі мен сенімділігі қалыптастырылады. Грамматикалық дәлдік кейінгі кезеңдерде жүйелі түрде жетілдіріледі [1].

Осы қағидаттар К. Брамфит ұсынған коммуникативтік әдістің шет тілін оқытудағы әдіснамалық негізін құрайды. Олар оқушылардың тілдік дағдыларымен қатар, ойлау, талдау, бағалау және рефлексия жасау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан Брамфиттің коммуникативтік әдісі шет тілі сабақтарында сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастыруға тиімді педагогикалық негіз болып табылады.

Ғалым К. Джонсон шет тілін оқытуда коммуникативтік өзара әрекетке ерекше мән береді және тілді меңгеру үдерісін нақты қарым-қатынас барысында мағынаны бірлесіп құрастыру ретінде қарастырады. Ол шет тілін үйрену тілдік ережелерді механикалық меңгеру арқылы емес, оқушылардың өзара әрекетке түсуі, пікір алмасуы және мағынаны келісу үдерісі арқылы жүзеге асуы тиіс деп есептейді.

К. Джонсонның коммуникативтік әдістегі негізгі жаңалығы – оқыту үдерісін проблемалық сипаттағы коммуникативтік тапсырмалар арқылы ұйымдастыруды ұсынуы [2]. Мұндай тапсырмаларда алдын ала дайын «дұрыс жауап» болмайды, ал шешім оқушылардың талқылауы, дәлелдеуі және ортақ келісімге келуі арқылы қалыптасады. Бұл тәсіл оқушылардың речемыслительная белсенділігін арттырып, тілдік таңдау жасау қабілетін дамытады.

Ғалым коммуникативтік тапсырмаларды орындау барысында оқушыларға тілдік құралдарды еркін таңдауға мүмкіндік беру қажет екенін атап көрсетеді. Грамматикалық және лексикалық бірліктер оқыту нысаны ретінде емес, коммуникативтік мақсатқа жетудің құралы ретінде қолданылады. Тілдік қателер оқу үдерісінің табиғи бөлігі ретінде қабылданып, оқушының сөйлеу бастамасын шектемеуі тиіс.

Сонымен қатар, К. Джонсон шет тілін оқытуда аутенттік материалдарды қолданудың маңызын көрсетеді. Мұндай материалдар оқушылардың тілдік жағдаятты түсінуіне, ақпаратты интерпретациялауына және нақты коммуникативтік шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

К. Джонсонның коммуникативтік оқытуға қатысты негізгі идеялары К. Брамфитпен бірлесіп жазған еңбегінде жүйелі түрде баяндалған [1].

Осылайша, К. Джонсон ұсынған коммуникативтік әдіс шет тілін оқытуда оқушылардың өзара әрекетке негізделген сөйлеуін, саналы тілдік таңдауын және талдау мен бағалауға негізделген ойлау әрекетін дамытуға бағытталған әдістемелік негіз ретінде сипатталады.

Ғалым Джереми Хармер коммуникативтік әдісті шет тілін оқыту практикасына нақты және жүйелі түрде енгізген әдіскерлердің бірі болып табылады. Оның негізгі жаңалығы – шет тілі сабағын ұйымдастыруға арналған ESA моделі (Engage – Study – Activate) [3]. Бұл модель коммуникативтік оқытуды сабақтың құрылымдық деңгейінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Дж. Хармердің пікірінше, шет тілін тиімді меңгеру үшін сабақ оқушылардың эмоциялық қатысуын, саналы тілдік талдауын және еркін сөйлеу әрекетін біртұтас жүйеде қамтуы тиіс. Осы мақсатта ол сабақтың үш міндетті фазасын ұсынады.

Engage (вовлечение / тарту) кезеңі.

Бұл кезеңнің мақсаты – оқушылардың қызығушылығын ояту және оларды тілдік қарым-қатынасқа психологиялық тұрғыда дайындау. Хармер бұл кезеңде оқушылардың жеке тәжірибесіне, пікіріне және эмоциясына сүйенуді ұсынады. Көрнекі материалдар, бейнематериалдар, қысқа мәтіндер немесе өмірлік жағдаяттар арқылы оқушылар сөйлесуге уәж алады. Бұл кезең сөйлеуге ішкі дайындықты қалыптастырады.

Study (изучения / меңгеру) кезеңі.

Бұл кезеңде оқушылар жаңа тілдік материалмен жұмыс жасайды. Дж. Хармердің жаңалығы – тілдік ережені дайын күйінде беру емес, оқушылардың оны өз бетімен байқап, талдау арқылы түсінуіне мүмкіндік беруі. Оқушылар грамматикалық құрылымдарды, лексикалық бірліктерді немесе тілдік тәсілдерді контекст ішінде анықтайды, бұл олардың саналы меңгеруін қамтамасыз етеді.

Activate (активации / белсендіру) кезеңі.

ESA моделіндегі негізгі кезең болып табылады және сабақ уақытының едәуір бөлігін қамтиды. Бұл кезеңде оқушылар меңгерілген тілдік материалды еркін сөйлеу әрекетінде қолданады. Хармер рөлдік ойындар, пікірталастар, дебаттар, әңгіме құрастыру, диалог жазу сияқты тапсырмаларды ұсынады. Мұнда басты мақсат – тілдік дәлдіктен гөрі сөйлеу еркіндігі мен мағынаны жеткізу [4].

Осылайша, Дж. Хармер ұсынған ESA моделі коммуникативтік әдісті практикалық сабақ құрылымына айналдырады. Бұл модель оқушылардың қызығушылығын арттыруға, тілдік материалды саналы меңгеруге және оны нақты қарым-қатынас барысында қолдануға мүмкіндік береді. ESA моделі шет тілі сабақтарында оқушылардың ойлау, талдау, шешім қабылдау және рефлексия жасау дағдыларын дамытуға тиімді әдістемелік негіз болып табылады.

Джек Ричардс пен Теодор С. Роджерс шет тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік әдісті ғылыми тұрғыда жүйелеп, құрылымдаған жетекші ғалымдар болып табылады. Олардың бірлескен еңбектерінде коммуникативтік оқыту жекелеген әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде емес, мақсаты, мазмұны, оқу үдерісі және нәтижелері өзара байланысқан тұтас әдістемелік модель ретінде қарастырылады.

Ричардс пен Роджерс коммуникативтік әдістің басты мақсаты ретінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды айқындайды. Бұл құзыреттілік шет тілін нақты жағдаяттарда қолдана алу, сөйлеу ниетін білдіру, мағынаны түсіну және қарым-қатынас барысында өзара келісімге келу қабілеттерін қамтиды. Ғалымдардың пікірінше, тілдік білімдер оқшау түрде емес, функционалдық және прагматикалық тұрғыда меңгерілуі тиіс.

Дж. Ричардстың ерте кезеңдегі «Error Analysis» еңбегінде ұсынылған қателерді тіл үйренудің табиғи бөлігі ретінде қарастыру идеясы кейіннен коммуникативтік әдістің әдіснамалық негізіне айналды [5]. Қателер оқыту үдерісінде жазаланатын құбылыс емес, оқушылардың ойлауын, талдауын және рефлексиясын дамытуға мүмкіндік беретін құрал ретінде танылады. Бұл ұстаным оқушылардың сөйлеу бастамасын қолдауға және олардың танымдық дербестігін арттыруға бағытталған.

Т. Роджерстің негізгі үлесі – шет тілін оқыту әдістерін салыстырмалы-талдамалық тұрғыда сипаттап, оларды құрылымдық модель ретінде ұсынуы. Ол коммуникативтік әдісті оқыту мақсаттары, тапсырмалар типтері, мұғалім мен оқушының рөлі және оқу нәтижелері тұрғысынан нақтылап, оны мектеп тәжірибесіне бейімдеуге мүмкіндік берді.

Дж. Ричардс пен Т. Роджерс коммуникативтік әдістің негізгі ерекшеліктері ретінде:

- сөйлеу әрекетінің басымдығын;
- өзара әрекетке негізделген тапсырмаларды;
- аутенттік тілдік материалдарды қолдануды;
- ашық сипаттағы, бір ғана дұрыс жауабы жоқ тапсырмаларды айқындайды. Ғалымдардың коммуникативтік әдіске қатысты негізгі тұжырымдамалары бірлескен іргелі еңбегінде толық әрі жүйелі түрде баяндалған [6]

Осылайша, Дж. Ричардс пен Т. Роджерс коммуникативтік әдісті шет тілін оқытуда әдіснамалық тұрғыда негізделген, құрылымы айқын және практикалық қолдануға бағытталған жүйе ретінде қалыптастырды. Олардың идеялары 8-сынып оқушыларына арналған коммуникативтік әрі сыни тұрғысынан ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін әзірлеуге берік теориялық негіз болады.

К. Брамфит, К. Джонсон, Дж. Хармер, Дж. Ричардс және Т. Роджерс ұсынған теориялық қағидаттарды жинақтай келе, шет тілін оқытуда сыни тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін төмендегідей әдістер жүйесін айқындауға болады.

Бірінші әдіс – проблемалық-коммуникативтік оқыту.

Бұл әдіс К. Джонсон мен Дж. Ричардстың идеяларына негізделеді және бір ғана дұрыс жауабы жоқ коммуникативтік тапсырмаларды қолдануды көздейді. Оқушылар мәселені талқылау, дәлелдеу және ортақ шешімге келу арқылы тілдік материалды саналы түрде қолданады. Бұл әдіс талдау, бағалау және шешім қабылдау дағдыларын дамытады.

Екінші әдіс – өзара әрекетке негізделген оқыту (interactive learning).

Бұл әдіс Ричардс пен Роджерс сипаттаған коммуникативтік модельге сүйенеді. Жұптық және топтық жұмыстар, пікірталастар мен бірлескен тапсырмалар арқылы оқушылардың тілдік қарым-қатынасы белсендіріледі. Өзара әрекет ой алмасуды, көзқарастарды салыстыруды және рефлексия жасауды талап етеді.

Үшінші әдіс – тапсырмаға негізделген оқыту элементтері (task-based approach).

Коммуникативтік әдіс аясында тапсырмалар нақты коммуникативтік мақсатқа бағытталады. Оқушылар тапсырманы орындау барысында ақпарат жинайды, оны өңдейді және нәтижесін ұсынады. Бұл әдіс тілдік әрекеттің саналы және мақсатты болуын қамтамасыз етеді.

Төртінші әдіс – ESA моделіне негізделген оқыту (Дж. Хармер).

Сабақ құрылымы Engage – Study – Activate кезеңдері арқылы ұйымдастырылады. Engage кезеңі оқушылардың қызығушылығын оятып, ойлануға жетелейді; Study кезеңі тілдік құбылысты талдауға бағытталады; Activate кезеңі меңгерілген материалды еркін сөйлеуде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл модель ойлау, талдау және рефлексияны біртұтас үдеріс ретінде дамытады.

Бесінші әдіс – рефлексиялық-коммуникативтік оқыту.

Бұл әдіс Дж. Ричардстың қателерді талдау идеяларына сүйенеді. Қателерді талқылау, өз әрекетін бағалау және нәтижені талдау арқылы оқушылар тілдік тәжірибесін саналы түрде түсінеді. Бұл тәсіл сыни ойлаудың маңызды компоненті болып табылатын рефлексияны қалыптастырады.

Алтыншы әдіс – аутенттік материалдармен жұмыс.

Ричардс пен Роджерс ұсынған бұл әдіс шынайы мәтіндер, бейне және аудио материалдар арқылы оқушыларды ақпаратты түсінуге, бағалауға және интерпретациялауға үйретеді. Аутенттік материалдар сыни қабылдауды және мағынаны контекст ішінде талдауды талап етеді.

Осылайша, коммуникативтік әдіс аясында қолданылатын аталған әдістер шет тілі сабақтарында тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сыни ойлау, талдау, бағалау, шешім қабылдау және рефлексия жасау қабілеттерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Brumfit, C. J., Johnson, K. The Communicative Approach to Language Teaching. – Oxford: Oxford University Press, 1987. – 221 p.
2. Johnson, K. Communicative Syllabus Design and Methodology. – Oxford: Pergamon Press, 1982. – 214 p.
3. Harmer, J. How to Teach English. – London: Longman, 2007. – 288 p.
4. Harmer J. Jeremy Harmer’s 50 Communicative Activities. Cambridge: Cambridge University Press, 2022. 120 p.
5. Richards, J. C. Error Analysis: Perspectives on Second Language Acquisition // Applied Linguistics and Language Learning. – Florence: Taylor & Francis, 1974. – P. 172–188.
6. Richards, J. C., Rodgers, T. S. Approaches and Methods in Language Teaching. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 270 p.

УДК 378

XX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДА БЕЙІМДЕЛУІ

Жұмағұл Бақытханым
7М01601-«Тарих» Білім беру бағдарламасының II курс магистранты

Аннотация. *Мақалада XX ғасырдың ортасында Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтардың тарихы және олардың жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделу үдерістері қарастырылады. Ғылыми еңбектер мен мұрағат материалдарын талдау негізінде әртүрлі этностардың депортациялану себептері, ауқымы және тоталитарлық жүйенің көші-қон саясатының ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Сонымен қатар этникалық депортация ұғымы, оның түрлері мен демографиялық жағдайға әсері жан-жақты талданады. Зерттеуде депортацияланған халықтардың Қазақстан қоғамына бейімделуі, сондай-ақ қазақ халқының көрсеткен қолдауы мен өзара түсіністіктің қалыптасуы ерекше назарға алынады. Тәуелсіздік жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерістері де қарастырылады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан тарихындағы күрделі кезеңдерді терең түсінуге және көпэтносты қоғамның қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.*

Түйін сөздер. *Депортация, Қазақстан, этностар, тоталитарлық жүйе, саяси қуғын-сүргін, бейімделу, этносаралық қатынастар, реабилитация, тарихи жады, XX ғасыр*

Халықтарды Қазақстанға күштеп жер аудару тарихы бірқатар ғылыми жұмыстар мен монографиялардың зерттеу тақырыбы болды. Бұл мәселені шешуге қазақстандық ғалым академик М. Қозыбаев үлкен үлес қосты. Академик Манаш Қозыбаев қазақстандық тарих ғылымында алғашқылардың бірі болып Қазақстандағы этностардың депортациялануы проблемасына бет бұрды. Алғаш рет халықтарды Қазақстанға депортациялау тарихы 10 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» атты бірінші басылымда жарияланды [1, 209-215 б.]. Ал «Қазақстан Тарихы» хрестоматиясында осы халықтардың қайғылы тағдырлары туралы баяндайтын көптеген құжаттар жарық көрді [2, 256 б.]. Осы тақырып М. Қозыбаевтың басқа да еңбектерінде жалғасын тапты, онда Қазақстанға жер аударылған халық саны туралы жан-жақты мәліметтер берілген [3, 135 б.]. Сонымен қатар осы мәселе бойынша Қазақстан аумағына депортацияланған халықтар халқының саны туралы мәліметтерді К.С. Алдажұманов пен Е. К. Алдажұманов жазған «Халықтарды

депортациялау – тоталитарлық режимнің қылмысы» деген жұмыста беріледі. Г.В. Кан «Қазақстанның корейлері», «Қазахстан тарихы» еңбектерінде көтеріліп отырған тақырып төңірегінде жазды. Сонымен қатар, басқа да ғылыми жұмыстар жарық көрген. Құнды материалдардың ішінде Н. Абуовтың диссертациясын атап өткен жөн, өйткені ол 1936-1957 жылдары халықтарды Қазақстанға депортациялау бойынша Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарының материалдары арқылы қоныс аудару және эвакуациялықкөші-қон процестеріне талдау жүргізген [4, 28 б.]. Соңғы жылдары еліміздің барлық өңірлерінде депортация мәселелері бойынша жаңа кітаптар мен мұрағат материалдарының жинақтары басылып, дайындалуда. Сондай ақ, депортация мәселесі және белгілі қазақстандық басқа этнос өкілдері туралы мақалалар өңірлерде де жарияланған. «Қазақстан этностарының Қазақстан халқының ортақ тарихи және мәдени мұрасына қосқан үлесін зерттеу» жобасы бойынша басылымнан шыққан «Қазақстан этностары: тұлға, тарих, естелік» еңбегінде қарастырылған. Кеңес басшылығының директиваларына сәйкес, этностарды тікелей нақты көрсете отырып олардың «сенімсіздігіне» байланысты күштеп, жаппай көшіру туралы тікелей нұскаулар берілген. Олар Қазақстанға депортацияланған: кәрістер, немістер, поляктар, қарашайлар, қалмақтар, шешендер, ингуштар, балқарлар, қырым татарлары. «Шекаралық аймақты тазарту бойынша» деген тұжырыммен оңтүстікте КСРО шекарасы бойында Түркиямен, Иранмен, Ауғанстанмен және батыста қауіпсіздік аймағын құру үшін, Қазақстанға ирандықтар, түріктер, күрдтер, болгарлар, армяндар, гректер, поляктар депортацияланды. Бұл жерде бастапқы құжаттарда нақты этнос көрсетілмегенімен, адамдар этникалық белгілері бойынша күштеп жер аударылды. Мұрағат құжаттары бойынша жаппай саяси қуғын-сүргін жылдары Қазақстанға шамамен 1053525 адам этникалық белгілері бойынша жер аударылғаны анықталды [5, 8-10 б.]. Көптеген этностар үшін өмір сүрген жылдар ішінде Қазақстан екінші Отанына айналды және олар қалған өмірін көп ұлтты Қазақстанның гүлденуіне арнады. Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарында әрбір нақты кезеңнің мүмкіндіктеріне сәйкес Қазақстанға жер аударылған халықтардың құрбандарын ақтау бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. 1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданды, монографиялар, ғылыми жарияланымдар, мақалалар дайындалды және жарияланды, депортация тарихы бойынша ғылыми форумдар өткізілді. Қазақ халқының осы жылдары атқарған қамқорлығы мен адал қарым қатынасы үшін депортациядан аман қалған этностар ризашылықтарын білдіріп, Астанадағы «Қазақ еліне мың алғыс» монументі, еліміздің бірқатар өңірлерінде «Қазақ халкына мың алғыс» ескерткіштері орнатылды. Сондай-ақ, «Алғыс айту күні» мерекесі бекітілді. Халықтарды депортациялауды тоталитарлық режимнің қылмысы екендігін Қ. Алдажұманов өз ғылыми жұмыстарында терең қарастырды. Мысалы Қ. Алдажұманов «Халықтарды депортациялау-тоталитарлық режимнің қылмысы» атты семинарда жасаған баяндамасында «Түрлі топтар мен сословиелердің өкілдерін көшіру соғыстан

бұрын болған. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін мүліктік топ өкілдері, байлар Орал, Қазақстан және Сібірге жер аударылды. Қазақстанға Ресейден, Украинадан және басқа да республикалардан арнайы қоныс аударылғандардың саны 1936 жылға қарай 300 мың адамды құрады. Осылайша, тоталитарлық режимге қарсы келген қалаусыз адамдарға кең көлемді қуғын-сүргін тетігі жасалды. Қазақстан 30-шы жылдары жер аударған халықтар үшін өзіндік резервацияға айналғанын» атап көрсетткен [6, 16 б.]. Корейлер тоталитарлық мемлекетте адамдардың жаппай қоныс аударуы бойынша жапа шеккен бірінші халық болды. КСРО ХКК мен БК(б)П ОК-нің 1937 жылғы 21 тамыздағы «Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан корей халқын көшіру туралы» № 1428-326 қаулысында атап өтілгендей, бұл «жапон тыңшыларының» Қиыр Шығыс өлкесіне жолын кесу мақсатында жасалды делінген. [7, 11-12 б.]. Қазақстанға депортацияланған халықтарды оларды депортациялаудың себептеріне қарай 2 санатқа бөлуге болады. Бірінші санатқа жататындар – «сенімсіз халықтар» болды. Атап айтқанда: кәрістер, ирандықтар, немістер, қарашайлар, қалмақтар, шешендер, ингуштар, балқарлар, қырым татарлары партияның, үкіметтің және КСРО-ның басқа да басқарушы органдарының шешімдеріне сәйкес, олардың этникалық тобы нақты көрсетіліп, жер аударылды. Бұл бізге «этникалық депортация» ұғымын – әлеуметтік депортациялармен қатар саяси қуғын-сүргін нысаны ретінде бөліп көрсетуге негіз береді. Депортацияланған этностардың екінші санаты – КСРО-ның оңтүстігі мен батысындағы «шекаралық белдеуді тазарту бойынша» ресми тұжырымымен Қазақстанға жер аударылғандар-поляктар, күрдтер, месхетиндіктер-түріктер және т. б болды. Жалпы, Қазақстанға немістердің 38%-і, шешен мен ингуштардың 83%- і, қарашайлардың 58%-і, балқарлардың 55%-і, гректердің 76%-і, күрдтердің 62%- і, корейлердің 59% -і жер аударылды [8, 11 б.]. Халықтарды депортациялау институты бұрынғы КСРО-да жүзеге асырылған нысанда әуел бастан адамдардың негізгі саяси және азаматтық құқықтарын жаппай бұзумен байланысты болды. Адам өзіне жүктелген әрекетті жасағанына немесе жасамағанына қарамастан жазаға және қуғын-сүргінге ұшырады. Адам құқығы мен бостандығы бұзылды. 1945 жылы 8 қаңтарда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Арнайы қоныс аударушылардың құқықтық жағдайы туралы» қаулысы шықты. Осы қаулы бойынша арнайы қоныстанушылар осы арнайы комендатура қызмет көрсететін елді мекен аймағынан арнайы комендатураның рұқсатынсыз кетуге құқығы жоқ болды. Барлық арнайы қоныс аударушылар қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуға міндетті болды. Мысалы, 1942 жылдың қаңтарында 15 пен 55 жас аралығындағы барлық немістер еңбек колонналарына біріктірілді. Олардың қоныстануға құқығы болмады. Бұл қашу ретінде қарастырылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 26 қарашадағы «Отан соғысы жылдарында Кеңес Одағының белгілі бір жерлеріне шығарылған адамдарды мәжбүрлі және тұрақты қоныстандыру орындарынан қашып кеткені үшін қылмыстық жауаптылық туралы» Жарлығы шықты. Осы мақсатқа шыдамаған және оны

жүзеге асыруға қарсылық білдіргендерге қатысты ең қатаң жазалар белгіленді: мәжбүрлі қоныстандыру орындарынан өз бетінше кеткені (қашып кеткені) үшін кінәлілер 20 жылға бас бостандығынан айырумен қылмыстық жауапкершілікке тартылды [9, 34 б.]. 1936 жылғы КСРО Конституциясының «азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттері», «арнайы қоныс аударушылардың құқықтық жағдайы туралы», Ішкі істер халық комиссариаты арнайы комендатуралары туралы ережені бекіту туралы қаулылары мен жер аударылған халықтардың өмірінен алынған фактілерге қарай отырып арнайы қоныс аударушылардың құқықтарының бұзылғандығын көреміз. Сонымен, Конституцияда бекітілген еңбек 12-бап және «құқықтық ереже туралы» қаулыдағы 118-баптағы құқық ретінде арнайы қоныс аударушылардың тек міндеті ретінде қана анықталды. Еңбек саласындағы құқықтардың бұзылуы еңбек демалыстары мен әлеуметтік төлемдерді бермеуден көрінді. Осылайша, 119 және 120 баптар бұзылды. КСРО Конституциясы арнайы қоныс аударушыларға еңбек демалыстарын берудің сирек фактілері олардың жүріп-тұруындағы шектеулерге байланысты жалған болды. Шектеулер, арнайы қоныс аударушылардың жүріптұруларында оларға өздерінің құқықтарын іске асыруға мүмкіндік бермеді. Тіпті, КСРО Конституциясының 121-бабында Мемлекет кепілдік берген білім туралы бабы бұзылған. Мәселен, Қызыл Ту ауданында 100-ден астам оқушы 7 жылдық оқуын аяқтағаннан кейін, комендант рұқсат бермегендіктен оқуын жалғастыруға ауданға бара алмаған [5, 28 б.]. Сонымен, депортациялау техникасын қарастырсақ, ол жер аударылғандарды поездарға тиеумен тікелей басталды деуге болады, өйткені ол барынша қысқа мерзімде әрі қатаң құпия жағдайда жүргізілді. Сондықтан бұл туралы хабардар ету және басқа да түсіндіру жұмыстары қарастырылмады. Жер аударылғандар адамдарды тасымалдауға арналмаған, жиі, терезелері сынған немесе мүлде терезесі жоқ, төбесінен су ағатын, автоматты тежегіштері жоқ, т.б. вагондарға тиелді. Мұндай жағдайларда жазатайым оқиғалар, жаппай аурулар, адамдардың өлімі көп болды [10]. Арнайы органдардың көзқарасы бойынша, «күдікті» болғандықтан жер аударылғандар көшіру орындарында, сондай-ақ жолда және Қазақстанға келгеннен кейін де қуғын-сүргінге ұшырады. Оларды жазалауға арнайы жиналыстар, Ішкі істер халық комиссариаты, Үштіктері және басқа да соттан тыс органдар төрелік етті [11]. Депортацияның нәтижесінде жаппай саяси қуғын-сүргіннің бұл түріне ұшыраған халықтар моральдық қорлауды және басқада азапты бастан кешірді, жолда көбі осы өмірден өтіп кетті, денсаулығынан айырылды, мәдени өмірінде шығынға ұшырады. Бұл фактілердің соңғы жылдары Ішкі істер министрлігі мен ҰҚК-нің құпия мұрағаттарын зерделеу қорытындысы бойынша анықталуда. Мысалы, Қызылорда облысының мұражай құжаттарына сәйкес Қазақстанның суығы шешен, ингуш, қалмақтарға, түріктерге қиынға түскен. Қысқы мезгілде үсіп қалу, суық тию, ауру фактілері көбейген. Осыны ескеріп облыстық кеңестің атқару комитеті Қызылорда облысындағы күштеп қоныс аударылғандар үшін байпақ (пима) дайындау үшін 116 центнер жүн бөліп, 1944 жылдың қараша-

желтоқсан айларында 2840 пар байпақ дайындауға тапсырма берген. Бұның 520 парын қалмақтарға, 2320 парын шешендерге бөліп берілген. Осы кезде Қызылорда қаласының халқы көмек берген. Майдан мұқтажы үшін жинаған жылы киіміне қоса, күштеп қоныс аударылғандар үшін киім-кешек, азық-түлік, аяқ-киім жинап береді. Осы деректерге сүйенсек, мысалы Қармақшы ауданының тұрғындары өздеріне жетпей жатса да, қоныстанушылар жағдайын көріп 152 пар аяқ-киім, 360 түрлі киім, 25 келі жүн, 150 литр сүт берген. Ал, Қармақшыдағы Мехзавод осында жұмыс істеп жатқан қоныстанушылар мұқтажына 698 метр мата бөлді. Жалағаш ауданының тұрғындары 7 пальто, 313 пар аяқ-киім, 202 кг жүн, 20 шалбар, 4500 сом ақшалай жинап берген. Аралдықтар 57 телогрейка, 6 мақта шалбар, 53 пар пима, 39 пар бәтеңке, 3 пар резина етік жинап берді. Бұндай көмекті арнайы қоныстанушыларға қаланың «Челюскинец» артелі сияқты мекемелерде көрсеткен [12, 263-269 б.]. Қазақстанға келген жер аударылғандарды арнайы жасақ үнемі бақылауда ұстады. Өкімет органдарына күдік туындаған жағдайда контрреволюциялық, тыңшылық, диверсиялық, антисоветтік үгіт және т.б. жала жауылып жазаланып отырды. Жер аударылғандар: бұрынғы түрме, бұрынғы әскери қоймалар, Заготқойма, Союзтил қоймалары, қараусыз қалған мешіттер ғимараттары, клубтар, қызыл бұрыштар, шошқа қораларындағы казармалар, көбінесе терезесіз, есігі жоқ бөлмелерге, едендері жоқ құр топырақ және т.б. ғимараттарға орналастырылды [13]. Тұрғын үйлер санитарлық талаптарға сай келмейтін, көбіне олар терең қазбалар немесе тозығы жеткен, бұрын бос тұрған қазақтардың қыстақтары болған. Жер аударылғандардың арасында антисанитария жағдайына байланысты биттеген адамдар көп болды, моншалар жұмыс істемеді. Қоныстанушылар өте нашар тамақтанды, тіпті нан да жетпейтін. Осының бәрі цинга ауруының дамуына ықпал етті және барлық жерде қоныстанушылар осы аурудан зардап шекті. Ол мезгілде аурудың, өлімнің нақты есебін жүргізген жоқ. Қоныс аударушылар арасында цинга, іш сүзегі, дифтерия, қызылша сияқты аурулардан басқа оба, тырысқақ және басқа да жұқпалы аурулардың ошақтары болды. Медициналық көмек қанағаттанарлықсыз болды, дәрі-дәрмектер, таңғыштар, дезинфекциялау құралдары және т.б. іс жүзінде болған жоқ [14]. Климаттың күрт өзгеруі, жағдай жасалмастан бөтен жерде акелу, онда өмір сүру, нашар тамақ, антисанитариялық жағдай салдарынан депортацияланғандар арасында өлім көп болды. Тіпті Ішкі істер халық комиссариаты қызметкерлерінің өздері де естеліктерінде: «Біз мұндай құбылысты қылмыспен шектесетін мүлде жол беруге болмайтын құбылыс деп санаймыз» деп жазды [15]. Жер аударылғандар физикалық азаппен қатар мәдени өмірде орны толмас шығынға ұшырады. Мәселен, 1938 жылы 13 сәуірде Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Ұлттық мектептерді қайта құру туралы» № 353 қаулысы қабылданды. Оған 1938 жылғы 24 қаңтардағы Орталық Комитеттің Қаулысы негіз болды. Онда былай делінген: «Халық Комиссарлар Кеңесі Қазақстанның халық ағарту органдарында қызмет еткен буржуазиялық ұлтшылдар арнайы ұлттық мектептерді (неміс, болгар, корей және т.б.), оларды балаларға

буржуазиялық-ұлтшылдық, антисоветтік әсер ету орталықтарына айналдырды. Осыған орай олар жабылды. Бұл дұрыс білім мен тәрбие беру ісіне үлкен зиянын тигізді, балаларды кеңестік мәдениет пен ғылыммен танысу мүмкіндігінен айырды, әрі қарай білім алу жолын кесті [16]. Тоталитарлық режимнің қуғын-сүргін саясатының және оның жалған насихатының орасан зор қысымымен «сенімсіз» деген белгімен халықтарды күштеп жаппай көшірудің осы қиын-қыстау жағдайларында Қазақстанға өмір сүруге қолайсыз жағдайда бола тұра депортацияланған халықтар қазақ халқының бауырлас көмегінің арқасында ғана аман қалды. Өз тарихындағы ең үлкен ашаршылық қасіретін басынан өткерген қазақ халқы жаппай саяси қуғын-сүргіннің ауыртпалығын басынан кешіргеніне қарамастан, соңғыларын құрбан етіп, осы халықтарға олардың өмірінің ең ауыр сәтінде баға жетпес көмек көрсетті [17, 210-211 б.]. Жер аударылған этникалық топтар аштықтан, суықтан, азаптан, қорлықтан, жақындарының өлімін көрді, аман қалды. Адамдар осындай қиын жағдайда өмір сүріп, ауыл, колхоздар құрды, бала өсірді, салт-дәстүрін, мәдениетін еш нәрсеге қарамастан қалайша сақтап қалды деген сұрақ туындайды. Жауабында олар: бірге өмір сүрдік, талпындық, бір-бірімізге барлық істе көмектестік, сосын аяққа тұрдық дейді. Бұл Қазақстан аумағына жер аударылған халықтардың көпшілігі үшін жай ғана уақытша тұратын жер емес, осы жерден олар өз атамекенін тапты. Түрлі этностардың көптеген өкілдері өмір сүрген жылдар ішінде Қазақстан олардың екінші Отанына айналды, қалған өмірлерін еліміздің гүлденуіне арнады. Олардың арасында қажырлы еңбеккерлер, елге танылған, құрметті азаматтары да аз емес. Жер аударылған халықтар да халық шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытуға барын салды. Олар өнеркәсіп пен транспорт және ауыл шаруашылығы салаларындағы қажырлы еңбектерімен елдегі экономиканы көтеруге атсалысты. Халық шаруашылығын қалпына келтіріліп, дамуынан елдің тұрмыстық жағдайы түзеле бастады. Халық шаруашылығының қалпына келтірудегі ерен еңбектерімен жер аударылған халықтар арасынан көптеген еңбек озаттары танылды. Қазақстанның ғылымына үлес қосқан кәріс, неміс, түрік, күрт, қарашай, әзірбайжан т.б. ұлт өкілдері арасынан Э.Г. Босс, Э.Ф. Госсен, А.Г. Рау, А.К. Курскеев, Н.К. Надиров, А.А. Мамедов, К.Н. Мирзоев, И.Т. Пак, еңбек армияшылары қатарында болған М.П. Лайгер, О. Бадер, Б.В. Раушенбах сияқты танымал ғалымдар, А. Реймген, П. Алиев, И.Т. Хаккиев сияқты ақын-жазушылар, М. Бокаев, А.К. Надиров, С.И. Сеидов сынды педагогтар т.б. атақты адамдар шықты [17, 21-22 б.]. Ақталғаннан кейін кезінде өз ықтиярынсыз келген адамдар ата-бабаларының Отанына оралуға мүмкіндік алды. Алайда олар Қазақстанда қалды, осында тамыр жайды, олардың балалары, ұрпақтары байырғы халықпен тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Олардың қатарында еліміздің даңқын асқақтатқан өзге этностардың көрнекті өкілдерін атап өтуге болады: Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Герольд Бельгер, күрішші Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, КСРО көптеген ордендерінің иегері Ким Ман Сам, КСРО еңбек сіңірген жаттықтырушысы Эдуард Эйрих, Қазақстанның еңбек сіңірген

қайраткері Асылы Осман және тағы басқалар. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жер аударылған халықтар мен арнайы қоныс аударушыларға, олардың отбасы мүшелеріне дұрыс, өркениетті, ізгілікті көзқарас қалыптастырды. Қазақ халқының табиғи интернационализмі мемлекеттік деңгейде жалғасын тапты. Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында жер аударылған халықтарды ақтау бағытында қыруар жұмыстар атқарылғанын айта кеткен жөн. Нормативтік құқықтық актілер, ғылыми әзірлемелер қабылданды, диссертациялар қорғалды, кітаптар, мақалалар, жер аудару құрбандарының естеліктері жазылды, т.б. Олардың ұрпақтары бұған дән риза. Көп этностардың бірталай уақыт бұрын қиын жағдайда жаппай саяси қуғын-сүргін жылдарында қазақ арасында ғұмыр кешкен, халқымыздың тарихи-мәдени мұрасы мен әлеуметтік-экономикалық өмірінде өшпес із қалдырған, Қазақстанның этникалық топтарының өкілдері тарихымызда белгілі. Олар туынды адамгершіліктің, толайым талланттың, парасатты патриотизмнің және Қазақстанға деген шынайы сүйіспеншіліктің таңғажайып фактілеріне сүйеніп, адамдардың рухын көтеру және рухтандыру мақсатында талай ерлік жасаған. Осы кішкентай мақалада көрсетілген қайраткерлердің қызметінің бір саласы арқылы біздің тарихи және мәдени мұрамыз – Қазақстанда тұратын барлық этностардың, оның ішінде депортациядан өткен қазақ халқымен бірлескен рухани, интеллектуалдық дамуына үлес қосқан ірі қайраткерлерлерді жастарға өнеге ретінде көрсету маңызды. Сондықтан басқа ұлт өкілдерінің депортациядан, күргін-сүргін азабынан өте отыра қазақ халқына, қазақ тіліне, әдет гұрпына деген сүйіспеншілігіне, патриотизмына таң қалауға болады.

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін ата тарихымыз бен мәдени құндылықтарымызды ыждағаттылықпен қайта зерттеуге кірістік. Азаттықпен келген шығармашылық бостандық тарих ғылымында да түбейгелі өзгерістерге жол ашты. Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін оқытуға ерекше мән беріле бастады. Өйткені, тарих – ғылым мен пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Бүгінгі жас ұрпақ өз елінің, жерінің, ата-бабаларының тарихын біліп, оның жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп қорытынды жасауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кан Г.В. Корейцы Казахстана. Алматы; исторический очерк. 1994. 240 б.
2. Козыбаев М.К. «Қазақстан тарихы» орыс тіліндегі 10-сыныпқа арналған мектеп оқулығы. 3-ші басылым. Алматы. 1992. – Б. 209-215.
3. Қозыбаев М.К., Қозыбаев И.М. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. – Алматы, 1994. – 256 с.
4. Қозыбаев М.Қ. Қазақстан тарихнамасы: тарих сабақтары. – Алматы: Рауан, 1990. – 135 с.

5. Абуов Н. Депортации народов в Казахстан в 1936-1957 гг. (на материалах Северо-Казахстанской и Кокчетавской областей): автореферат. на соиск. уч. ст. к.и.н Қарағанды, 2008, 28.
6. Кан Г.В. Основные направления деятельности 4 рабочей группы по нереабилитированным жертвам насильственно депортированных в Казахстан народов. Алматы, 2021. – с.11.
7. Алдажұманов Қ. «Халықтарды депортациялау-тоталитарлық режимнің қылмысы». Семинар материалдары. Халықтарды депортациялау және адам құқықтары мәселесі. Жинақ. Алматы, 1997. 12 маусым, 16.
8. Депортация народов и проблема прав человека. Алматы, 1998. – С.11.
9. ҚР ОМА. Қ. 1208. Тізбе 1. 23 іс. 3,5,8,9 п.
10. ҚР ОМА. Қ. 1208. Тізбе 1. 112 іс. 1-3 п.
11. Оразбақов А.Ж. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қызылорда облысына күштеп қоныс аударылғандар. Международная научно-практическая конференция История второй мировой войны: новые источники и интерпретации (к 70-летию победы в Великой отечественной войне). – Астана, 2015. – с. 263-269.
12. ҚР ОМА. Қ. 1490 с. Тізбе 1. 7 іс. 8-12 п.
13. ҚР ОМА. Қ. 1490 с. Тізбе 1, 7 іс. 61-66 п.
14. ҚР ОМА. Қ. 1490. Тізбе 1, 7 іс. 64 п.
15. ҚР ОМА. Қ. 1692, Тізбе 1. 137 іс. 5-7 п.
16. Кан Г.В. История Казахстана. Учебник для вузов. – Алматы. 2011. – 311 б.
17. Қожаханова Қ. К. «Қазақстанға жер аударылған халықтар және олардың Республиканың халық шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытуға қосқан үлесі (1946-1960 жылдар)», т.ғ.қ. дәрежесін алу үшін әзірленген авторефераты. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. – Алматы, 2007. – 28 б.

ӘОЖ 82:81-26

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҰҚСАСТЫҒЫ

Мақсотова Ақмарал Шоймардонқызы
БҚИТУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті. Орал қ.

Аннотация: *В статье были сопоставлены пословицы и поговорки казахского и турецкого народов. Пословицы и поговорки являются свидетельством исторического сознания и мировоззрения, присущего казахскому, турецкому этносу. Широко раскрыт источник народной мудрости и философских размышлений, эстетического познания и учения, культуры. Пословицы и поговорки двух языков сравниваются и классифицируются на две группы. Во-первых, абсолютно (полностью) сходные пословицы, полностью совпадающие по смыслу и структуре. Во-вторых, есть небольшие изменения в компонентах, но похожие по содержанию пословицы и поговорки. Было сформулировано, что пословицы и поговорки являются показателем общих источников двух языков, источником древних эпох.*

Ключевые слова: *казахский язык, турецкий язык, пословицы и поговорки, лексика сходство, общность, особенности.*

Түркі халықтарының ұлттық болмысын танытатын бай мұралардың бірі- мақал-мәтелдер. Жаңа ғасырдың басынан бастап тіл білімінде, түркітануда мақал-мәтелдердің лексикалық, семантикалық және синтаксистік жақтары ғана емес, сонымен бірге көркемдік, этномәдени ерекшеліктерін, олардың тіларалық ұқсастық, айырмашылық деңгейлері де қарастырыла бастады. Мақал-мәтелдерді қазақ тіл білімінің жеке-дербес жаңа бір саласы-паремиологияның нақты зерттеу нысаны ету, оларды ұлттың рухани мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, ділімен сабақтастықта қарастыру енді қолға алынуда.

Мақал-мәтелдер әдеби тілдің көркемдігін, байлығын, бейнелілігін көрсететін лексикологиялық категория. Олар ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің айнасы. Қазақ және түрік тіліндегі мақал-мәтелдер сан, сапа жағынан әртүрлі, сонымен қатар ұқсастықтары да көп. Мақал-мәтелдер ұлттық менталитеттің белгісі, қазақ, түрік этносына тән дүниетаным, эстетикалық тағылым мен мәдениеттің көрсеткіші[1, 68].

Қазіргі кезде түркітануда әр халықтың ұлттық болмысын танытатын бай мұралардың бірі мақал-мәтелдерді жан-жақты салыстыра зерттеу кешенді түрде қолға алына бастады. Жаңа ғасырда Қазақстан

түркітанушылары мақал-мәтелдердің лексикалық, семантикалық және синтаксистік жақтарын, көркемдік ерекшеліктерін, тіларалық ұқсастық деңгейлерін, әр тілдегі өзіндік айырмашылықтарын да зерттеу үстінде. Кеңес Одағы тұсында да, Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте де Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тілдік, тарихи байланысы Орталық Азия, Шығыс-оңтүстік Сібір, Орта, Төменгі Еділ, Каспий жағалауларын мекен еткен жалпы түркі тектес ру-тайпалармен байланысынан іздеу дәстүрлі орында болды. Өйткені Орта Азия мен Қазақстанда тұратын қазіргі қазақтар, өзбектер, түрікмендер, ұйғырлар, қарақалпақтар, қырғыздар өзінің ұлттық әдеби тілі қалыптасқанға дейін ортақ кезеңдерді бастан кешірген. Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамындағы түркі тілдес ұлттар тәуелсіздігін жариялағаннан бері олардың арсындағы саяси байланыстар жаңа кезеңге аяқ басты.

Әсіресе Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы болып таныған Түркия Республикасының орны бөлек. Ғылымда Анадолы түріктері деп жүрген осы ағайындармен тарихи тамырластығымыз тым тереңде жатыр. Олар оғыз тобында, біздер қыпшақ тобында болғанымызбен ежелгі батыс хуннан бастау аламыз. Қазақ тіліндегі «көкте күн жалғыз, жерде ұн жалғыз» деген мақал тегін айтылмаған.

Түркі халықтарының Шығыс Еуропаға қарай оқшауланған бөлігін оғыз тайпалары құрайды. Оғыз тайпалары Шығыс Еуропаға үш түрлі жолмен өткені тарихта белгілі. Орта Азияға YIII ғасырларда келіп коныстана бастаған олардың бір бөлігі Еділ мен Жайық өзендерін кесіп өтіп, Шығыс Еуропаға жылжиды. Екінші тобы Арал теңізі маңын қоныстанып, Хазар теңізі жағалауын жайлай бастайды[2,23]. Үшінші тобы XI ғасырда Персия, Иран, Кіші Азия арқылы Еуропаға өтеді. Осы қоныстану ерекшелігіне сәйкес оғыз тобына жататын тілдер үш подгрупаға бөлінеді: 1)Оғыз-бұлғар подгрупппасы. Бұл подгрупаның құрамына көне печенег, көне уыз және қазіргі гагауыз тілі мен Балкан түріктерінің тілі кіреді. 2) Оғыз-түркімен подгруппасы. Бұл подгруппаға М.Қашқари еңбегінде айтылған көне оғыз, қазіргі түрікмен және Солтүстік Кавказды мекендейтін турхмен тайпасының тілі жатады. 3) Оғыз-селжук подгруппасы. Бұл подгруппаны өлі селжук, көне азербайжан, көне осман тілдері мен қазіргі азербайжан, қазіргі түрік және Қырым татарлары тілінің оңтүстік диалектісі құрайды.

Ал қазақ тілі қыпшақ тобына жататыны белгілі. Қыпшақ тобы тілдері қыпшақ тайпаларының ортасында қалыптасты. Қыпшақ тайпалары Шығыс Еуропа мен Азияға IX-XI ғасырларда печенегтермен, XI-XII ғасырларда половецтермен, кумандармен бірге келіп, XIII-XY ғасырлардағы Алтын Орда мемлекетінің негізгі тұрғындарын құраған. Қыпшақ тайпалары Астрахань, Қазан және Қырым хандықтарының, Үлкен Ноғай ордасының құрамына кірген. Н.А.Баскаков Қыпшақ тобын үш подгруппаға бөліп қарастырады:

1) қыпшақ-бұлғар подгруппасы; 2) қыпшақ-половец подгруппасы; 3) қыпшақ-ноғай подгруппасы.

Міне, осылай оғыз, қыпшақ тобында жатқан қазақ және түрік ұлттарының әлеуметті өміріндегі тамырластық, тектестік олардың мақал-мәтелдерінен көрініс тапқан. Екі тілдегі мақал-мәтелдерге тақырыптық топтарға бөліп, сараласақ дүниетаным ортақтығы анық көрінеді. Қазақ және түрік тілдеріндегі біріне өте ұқсас, ортақ мақал-мәтелдер екі халықтың рухани, мәдени, тарихи жақындығын білдіреді.

Екі тіл бойынша салыстыра отырып, жинақтаған ұқсас мақал-мәтелдерді зерделей қарастырғанымызда ұқсастықтың екі түрлі деңгейі болатынындығы байқалды. Олар: Бірінші деңгей – мақал-мәтелдердің мағынасы мен құрам-құрылымы жағынан толық сәйкес болып келетін абсолюттті (толық) ұқсасты.

Екінші деңгей –компоненттерінде азды-көпті өзгерістер бар, бірақ мазмұны ұқсас мақал-мәтелдер.

Бірінші деңгей қатысты мақал-мәтелдерді қарастырсақ, Мәселен, қазақтар *Көрінген таудың алыстығы жоқ* десе, түріктер *Görünen dagın uzagı olmaz* - (көрүнен дағын узағы олмаз) дейді. Мағынасы ортақ екені айқын. Көрінген нәрсенің, болатын істің орандалуының анық мүмкіндігін айтып тұр. Қазақтар *Не ексең соны орарсың* десе, түріктер *Ne ekersen onu biçersin*(нэ экэрсэн ону бичерсин)деп, қалай еңбек етсең, соған сай нәтижелі болатын айтып отыр. Қазақтар жас баланың қылығынан қарап, баға бергенде *Адам болар бала боғынан белгілі* дейді, ал түріктер де *Adam olacak çocuk bokundan belli olur* (адам олажак чөжук бокундан белли олур) дейді. Адамның жақсы –жаманын немес ішіне жасырар пейілін ажыратудың қиындығын қазақтар *Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында* деп тұжырымдаса, түрік мақалында да осы ой қайталанады: *Adamın alacası içinde hayvanın alacası dışında* (адамын алажасы ичинде, хайуанын алажасы дышында)[3].

Екінші деңгейге қатысты мақал-мәтелдерді сараласақ, ой-тұжырымның қайталанып тұрғанын байқаймыз. Тек кейбір сөздердің орнын басқа сөздер басқанын байқаймыз. Мәселен, түрікше *Gönülsüz davara giden köpekten hayır çıkmaz*(Көниулсиуз давара гиден көпектен hайр чикмаз)- Құлықсыз аңға шыққан итттен қайыр күтпе (түрікше). Ал қазақ тілінде бұл мақал нақтыланып, иттің орнына *тазы*, ал аң *түлкі* болып анықталған: Сүйреп қосқан тазы түлкі алмас.

Түрік тілінде *İnsan söyleşe söyleşe, hayvan koklaşa koklaşa* (инсан сөйлече сөйлече, hайван коклача)-«адам сөйлескенше, хайуан дыбыстағанша»,- деген мақал бар. Ал қазақ тілінде *Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше* деп осы ой қайталанады. Түрік тіліндегі мақалды зерделесек, *инсан* сөзі араб тілінен енген элемент, жалпылама *hайуан* сөзі қолданылған. Ал қазақ тілінде hайуан сөзі нақтыланып *жылқы кісінескенше* деп көрсетілген. Қазақтар *Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ* десе түріктер бұл ойды нақтылап: *Hiç yanılmamış alim yoktur* (хич йанылмаш алим йоктур)-«Бір рет жаңылмас білгір жоқ»деп нақтылап берген. Түрік тілінде *Aş tavık tüsinde özin arpa kambasında körer* (аш тавык түсинде өзин арпа камбасында көрер)-Аш

тауық түсінде өзін арпа қамбасында көрер. Қазақтар осы тұжырымды *Қораздың түсіне тары кірер* деп қайталайды. Түріктер *Akıl jaska karamaz, baska karar*(акыл йаска карамаз, баска карар)-Ақыл жасқа қарамас, басқа қарар, десе, қазақтар *Көп жасаған емес, көп көрген білер* деп көпті көргеннің білері көп екенін айқындап айтады.

Екінші деңгейге жатқызылған жұп мақал-мәтелдердің бәрі де мағына жағынан ұқсас, бір ғана ұғым-түсінікті білдіретін мақал-мәтелдер. Бірақ олардың құрам-құрылым жағынан байқалатын айырмашылықтар бір ұғымның орнына екі түрлі сөз қолданылуы. Мәселен, түрікшеде хайуан десе, қазақшада жылқы деп анықтай түседі. Түрікше де көпек (ит)десе, қазақшада тазы деп нақтылып айтамыз. Бірақ бұл өзгерістер олардың жалпы мағынасына әсер етпейді.

Түркі тектес халықтардың мақал-мәтелдеріндегі уәжділік сәйкестік пен айырмашылықтар олардың ұлттық тілдінің өзіндік айшықтарымен, белгілерімен тығыз байланысты[4].

Түркілік біртұтас дүниетанымды қалыптастырған әрекеттерді, жағдаяттарды кеңістік пен уақыт бедерінен іздейтін болсақ-басты сүйеніреміз түркі әлеміне ортақ мақал-мәтелдер. Түркі әлемінің ортақ тілдік бейнесі осы мақал-мәтелдер бойында жатыр.

Сонымен қатар елбасы Н.Ә.Назарбаев «ұлттық тілмен ұлттық сана» қалыптасады деп атап айтқандай мақал-мәтелдер мазмұнынан әр ұлттың өзіндік бойы да, сойы да, қоршаған ортаны танып, баға беру ерекшелігі де көрінеді. «Тіл мен ұлт біртұтастығы» қағидасын толықтыру үшін мақал-мәтелдерді этномәдени тұрғыдан зерттеудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Сабыр М.Б., Исина Ж.А. Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты. -Орал: Ағартушы, 2014.188б.
2. Қайдаров Ә, Оразов М.Түркітануға кіріспе. -Алматы: Арыс, 2004. -360б.
3. Сидорина Н.П. Турецко-русский словарь пословиц и поговорок. - Москва:Толмач, 2006 -352 б.
4. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –Алматы: Жібек жолы, 2008.-356б.

ӘОЖ 811.111’373:316.77

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ ВАРИАТИВТІЛІКТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Кусаинова Лунара Нурлыбековна – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Аннотация

В данной статье рассматривается понятие лексической вариативности и её роль в формировании казахстанского варианта английского языка. Анализируются особенности адаптации лексических вариантов к социально-культурной среде и их влияние на функциональное развитие языка. Кроме того, с научной точки зрения обосновываются причины появления казахстанских культурных реалий, локализмов и нативизированной лексики в английском языке. Определяется значение лексической вариативности в межкультурной коммуникации, сохранении языковой идентичности и обучении иностранным языкам, а также характеризуется её место в современной лингвистической парадигме.

Ключевые слова

Лексическая вариативность, казахстанский вариант английского языка, нативизация, локализмы, культурные реалии, межкультурная коммуникация, языковая идентичность, обучение иностранным языкам, лингвокультурология.

Лексикалық деңгей тілдік жүйенің ең ашық және икемді қабаты болып табылады, сондықтан тілдік вариативтілік мұнда ең айқын және қарқынды көрініс табады. Ағылшын тілінің жаһандық кеңістікте таралуы тек дыбыстық өзгерістермен ғана шектелмей, оның сөздік құрамының жергілікті әлеуметтік-мәдени контекстке бейімделуімен (нативизация) сипатталады.

Дэвид Кристал (David Crystal) – қазіргі заманғы ең ықпалды лингвистердің бірі, оның ағылшын тілінің жаһандық мәртебесі мен вариативтілігіне қатысты зерттеулері заманауи лингвистиканың бағытын айқындап берді. Оның «English as a Global Language» атты іргелі еңбегі ағылшын тілінің тек бір ұлттың меншігі емес, бүкіл адамзаттың қарым-қатынас құралына айналу процесін ғылыми тұрғыдан негіздеп берді [1]. Ғалым ағылшын тілінің жаһандық таралуын «лингвистикалық империализм» ретінде емес, тілдің жаңа орталарға бейімделуі мен байуы ретінде қарастырады.

Оның лексикалық деңгейдегі зерттеулеріндегі ең маңызды қырлардың бірі – лексикалық «мәдени қажеттілік» және тілдің номинативтік қызметі болып табылады. Д. Кристалдың пайымдауы бойынша, ағылшын тілі жаңа географиялық және мәдени кеңістікке енгенде, ол жергілікті халықтың күнделікті тұрмысын, тарихын, саясатын және табиғатын сипаттауға мәжбүр болады. Стандартты британдық ағылшын тілінің сөздік қоры қазақ, үнді немесе африкалық сияқты басқа мәдениеттердің ерекшеліктерін толық қамти алмайтындықтан, жаңа лексикалық бірліктердің пайда болуы жай ғана қосымша сөздер емес, тілдің сол ортада өмір сүруі үшін қажетті эволюциялық қадам болып саналады.

Сонымен қатар, ғалым «The New Englishes» концепциясы аясында ағылшын тілінің жаңа нұсқаларындағы лексикалық ерекшеліктерді «қате» деп санауға үзілді-кесілді қарсы шығады. Керісінше, ол жергілікті тілдерден енген қарыз сөздер мен семантикалық өзгерістерді жаһандық ағылшын тілінің лексикалық қорын байытушы фактор ретінде қарастырады. Оның пікірінше, бұл процесс тілді әлсіретпейді, қайта оның мәдениетаралық қасиетін нығайта түседі.

Бұл процесс вариативтіліктің «диалогтық» сипатымен де тығыз байланысты. Кристал лексикалық вариативтіліктің екі жақты процесін атап өтеді: бір жағынан, тіл жергілікті мәдениетке бейімделеді, яғни нативизация үдерісі жүреді, екінші жағынан, сол жергілікті ұғымдар жаһандық ағылшын тілі арқылы бүкіл әлемге танылады. Мысалы, біздің контексттегі «Akimat» немесе қазақ даласының ерекшелігін білдіретін «Steppe» сөздері ағылшын тілінің қазақстандық нұсқасында қолданылғанда, олар Д. Кристал айтқан «мәдени қажеттілік» заңына толық сай келеді.

Ғалымның лексикалық вариативтілікке қатысты ұстанымын оның мына бір іргелі ойымен нақтылауға болады: «Тіл – бұл жай ғана сөздердің жиынтығы емес, ол – мәдениеттің айнасы. Егер ағылшын тілі шын мәнінде жаһандық тіл болғысы келсе, ол жергілікті мәдениеттердің ерекшеліктерін өзіне сіңіруге және сол халықтардың бірегей «дауысын» жеткізуге дайын болуы тиіс» [2, 124 б.].

Бұл концепцияның біздің диссертациялық зерттеуіміз үшін маңызы зор, себебі ол «ағылшын тілінің қазақстандық нұсқасындағы лексикалық ерекшеліктерді» ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді. Оның «мәдени қажеттілік» теориясы арқылы біз ағылшын тіліндегі қазақизмдердің қолданысын «тіл білмеушілік» немесе қарапайым қателік емес, тілдік норманың жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделген функционалдық нұсқасы ретінде бағалай аламыз.

Р. Кверк ағылшын тілінің әлемдік деңгейдегі нұсқалылығын зерттей келе, лексикалық деңгейдегі өзгерістерді жүйелі «инновациялар» ретінде бағалайды. Ол лексикалық нұсқаларды олардың атқаратын қызметіне қарай екі негізгі топқа жіктейді.

Бірінші кезекте, Р. Кверк «аймақтық синонимия» ұғымын алға тартады. Бұл – бір ұғымның әртүрлі аймақтық нұсқаларда түрлі лексемалармен аталуы. Ғалым мұны тілдің «ішкі нұсқалылығы» деп атай отырып, британдық нұсқадағы *sweets, flat, lift* сөздерінің американдық нұсқада *candy, apartment, elevator* болып өзгеруін мағыналық ауытқу емес, тек «таңбаның» аймақтық таңдауы деп түсіндіреді. Мұндай синонимдер «инвариантты ұғымның аймақтық эквиваленттері» болып табылады. Диссертация контекстінде бұл теория қазақстандық білім алушылардың сөз таңдау еркіндігін, яғни британдық немесе американдық нұсқаларды қатар қолдануының лингвистикалық негізін айқындайды.

Лексикалық инновациялардың екінші тобын «мәдени-маркерленген лексика» және реалийлер құрайды. Бұл категория Р. Кверк бойынша тілдің жаңа мәдениетке енуінің ең жоғарғы көрсеткіші болып саналады. Ол белгілі бір аймаққа ғана тән, басқа мәдениетте баламасы жоқ ұғымдарды ағылшын тілінің «лексикалық байлығы» ретінде қарастырады. Егер ағылшын тілінде белгілі бір ұғымды білдіретін сөз болмаса (мысалы, қазақ мәдениетіндегі *Nauryz, Shanyrak, Akimat*), тіл сол жергілікті лексеманы өз құрамына қабылдау арқылы функционалдық тұрғыдан кеңейеді. Кверктің пайымдауы бойынша, мәдени-маркерленген лексика тілдің тұтастығын бұзбайды, керісінше оны локальды ортада коммуникативті түрде тиімді ете түседі.

Ғалымның вариативтілікке қатысты ұстанымын оның мына бір классикалық тұжырымымен түйіндеуге болады: «Ағылшын тілінің аймақтық нұсқаларындағы лексикалық ерекшеліктер – бұл тілдік жүйенің әлсіздігі емес, оның әлемдік шындықтың сан алуандығын бейнелеуге қабілеттілігінің айғағы» [3, 18 б.].

Бұл типология зерттеу жұмысымыздағы лексикалық деңгейдегі нұсқалылықты жүйелеуге мүмкіндік береді. Қазақстандық ағылшын тіліндегі лексиканы Р. Кверктің әдістемесіне сүйене отырып, «аймақтық синонимдер» (американизмдердің қолданысы) және «мәдени-маркерленген лексика» (қазақизмдер) деп жіктеу зерттеуге методологиялық бірізділік береді. Осылайша, лексикалық нұсқалар тілдің жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделген функционалдық элементтері ретінде танылады.

Ғалым Б. Качру ағылшын тілінің жаңа әлеуметтік-мәдени орталарға енуін жай ғана таралу емес, тілдің ішкі табиғатының өзгеруі, яғни «тіл алхимиясы» ретінде сипаттайды [4]. Оның пікірінше, бұл процесс лексикалық деңгейде екі негізгі механизм – «нативизация» және «аккультурация» арқылы жүзеге асады.

«Нативизация» үдерісі – ағылшын тілінің жергілікті тілдерден сөздер мен тіркестерді тікелей қабылдауын білдіреді. Бұл процесс ағылшын тілінің жаңа ортадағы «бөтендік» сипатын жойып, оны сол қоғамның төл құралына айналдырады. Мысалы, Үндістан ағылшын тіліндегі немесе біздің контексттегі қазақстандық ағылшын тіліндегі жергілікті реалийлердің (тағам атаулары, салт-дәстүр ұғымдары, әкімшілік терминдер) қолданылуы – нативизацияның айқын көрінісі. Ғалым бұл құбылысты тілдің кедейленуі емес, оның прагматикалық және мәдени тұрғыдан байуы деп есептейді.

Екінші маңызды механизм – «аккультурация», яғни тілдік бірліктердің мағыналық жағынан жаңа мәдени реңктерге ие болуы. Мұнда ағылшын тіліндегі стандартты сөздер сол аймақтық мәдениеттің әсерінен жаңа семантикалық өрістермен толығады. Бұл дегеніміз – сөздің формасы ағылшынша болғанымен, оның астарындағы мағыналық жүктеме жергілікті менталитетке бейімделеді. Б. Качрудың бұл теориясы лексикалық вариативтіліктің тек сөздік қордағы өзгеріс емес, тілдік санадағы терең трансформация екенін дәлелдеді.

Б. Качрудың «тіл алхимиясы» теориясының маңызы зор. Ол бізге қазақстандық ағылшын тіліндегі лексикалық ерекшеліктерді «нативизацияланған» лексика ретінде ғылыми легитимдеуге мүмкіндік береді. Ғалымның тұжырымы бойынша, әрбір тілдік қауымдастық ағылшын тілін өз мәдениетіне сәйкес қайта «балқытып», жаңа форма беруге құқылы. Осылайша, Б. Качрудың концепциясы ағылшын тілінің қазақстандық нұсқасын тілдік нұсқалылықтың заңды және толыққанды көрінісі ретінде қарастыруға теориялық тұрғыдан жол ашады.

Ресейлік көрнекті лингвист-американист, ф.ғ.д., профессор А. Д. Швейцер тілдік вариатология мен социолингвистиканың іргетасын қалаушылардың бірі болып табылады. Оның «Очерк современного английского языка в США» және «Современная социолингвистика» атты еңбектеріндегі тұжырымдамалар ағылшын тілінің ұлттық нұсқаларын жүйелі зерттеуге жол ашты [5-6]. А. Д. Швейцердің лексикалық вариативтілікке қатысты негізгі жаңалығы – «лексика-семантикалық өрістердің сәйкес келмеуі» мәселесін ғылыми тұрғыдан негіздеуінде.

Ғалым ағылшын тілінің ұлттық нұсқаларын салыстыра отырып, лексикалық деңгейдегі айырмашылықтардың тек сыртқы формада немесе сөздердің жай тізімінде емес, ең алдымен олардың терең семантикалық құрылымында екенін дәлелдеді. А. Д. Швейцердің пайымдауынша, тілдің әртүрлі нұсқаларында бірдей сөздердің мағыналық көлемі мен қолданылу шекарасы сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл құбылысты ол «семантикалық қайта құрылымдау» деп атады. Яғни, бір нұсқадағы кең мағыналы сөз екінші бір нұсқада тарылуы немесе мүлдем басқа ассоциативті өріске ие болуы ықтимал.

А. Д. Швейцер типологиясында лексикалық нұсқалардың үш деңгейі қарастырылады. Бірінші деңгей – толық эквивалентсіздік, мұнда бір нұсқада бар сөз екіншісінде мүлдем кездеспейді (локализмдер). Екінші деңгей – жартылай семантикалық сәйкессіздік, мұнда сөздің негізгі мағынасы ортақ болғанымен, туынды мағыналары мен реңктері алшақтайды. Үшінші деңгей – стилистикалық вариативтілік, мұнда сөздің мағынасы бірдей, бірақ оның қолданылу ортасы мен прагматикалық жүктемесі әртүрлі болады.

А.Д. Швейцердің бұл теориялық моделі қазақстандық ағылшын тілінің лексикалық ерекшеліктерін сипаттауға методологиялық негіз болады. Мысалы, біздің сөйлеушілер қолданатын кейбір ағылшын сөздері (мәселен, *family, hospitality, tradition*) стандартты британдық нұсқамен салыстырғанда қазақ мәдениетінің әсерінен анағұрлым кең немесе спецификалық семантикалық өріске ие болуы мүмкін. Ғалымның пайымдауы бойынша, мұндай семантикалық алшақтықтар тілдің «бұзылуы» емес, оның жаңа әлеуметтік шындыққа бейімделуінің заңды нәтижесі.

А.Д. Швейцердің вариатологияға қосқан үлесін оның мына бір тұжырымымен түйіндеуге болады: «Тілдік нұсқа – бұл тек ерекшеліктердің жиынтығы емес, бұл өзіндік ішкі тепе-теңдігі мен семантикалық ерекшелігі бар дербес функционалдық жүйе» [6, 88

б.]. Бұл ұстаным біздің зерттеуіміздегі ағылшын тілінің қазақстандық қолданысын жүйелі құбылыс ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Ресейлік лингвомәдениеттану мектебінің көрнекті өкілі, ф.ғ.д. , профессор Г. Д. Томахин тілдік нұсқалылықты зерттеуде мәдениет пен тілдің сабақтастығына баса назар аударды. Оның «Реалии – американизмы» және «Лингвострановедческий словарь: Соединенные Штаты Америки» атты еңбектері ағылшын тілінің аймақтық нұсқаларын лингвомәдениеттану тұрғысынан сипаттаудың жаңа әдістемесін қалыптастырды [7-8]. Г. Д. Томахиннің лексикалық вариативтілікке қатысты басты жаңалығы – «реалий» ұғымын тілдік нұсқаның негізгі құрамдас бөлігі ретінде тереңдетуінде.

Ғалымның пайымдауы бойынша, лексикалық нұсқалар – бұл жай ғана сөздердің жиынтығы емес, халықтың тарихы мен тұрмысының өзіндік айнасы. Ол ағылшын тіліндегі «фонологиялық емес» нұсқалылықтың негізі ретінде денотативтік және конотативтік мағыналардың алшақтауын көрсетеді. Томахиннің тұжырымдамасы бойынша, тілдік бірліктердің мағыналық құрылымындағы айырмашылықтар екі деңгейде көрініс табады. Бірінші деңгейде – денотативтік мағынадағы алшақтық, яғни белгілі бір зат немесе құбылыс тек бір ғана аймаққа тән болып, басқа нұсқаларда баламасы болмайды (реалийлер). Екінші деңгейде – конотативтік мағына, мұнда сөздің негізгі ұғымы бірдей болғанымен, оның тудыратын ассоциациялары мен эмоционалдық реңктері әртүрлі мәдени ортада түрліше қабылданады.

Г. Д. Томахин лексикалық реалийлерді жіктеуде олардың тарихи-мәдени тамырына үңіледі. Ол ағылшын тілінің американдық нұсқасындағы «американизмдерді» зерттей отырып, олардың пайда болуын жаңа жердің географиялық ерекшеліктерімен, мемлекеттік құрылымымен және күнделікті тұрмыс салтымен байланыстырды. Бұл әдістеме қазақстандық ағылшын тілінің лексикалық қорын сипаттау үшін өте тиімді. Мысалы, ағылшын тіліндегі қазақстандық реалийлер (мәселен, *Kyz kuu, Nauryz kozhe, Shanyrak*) тек атаулар ғана емес, олардың астарында терең тарихи-мәдени конотациялар жатыр. Г. Д. Томахиннің пікірінше, мұндай лексикалық бірліктер тілдің ұлттық бейнесін қалыптастыратын басты фактор болып табылады.

Г. Д. Томахиннің еңбектері лексикалық вариативтіліктің «бейнелілік» және «мәдени-танымдық» сипатын ашуға мүмкіндік береді. Оның «реалий» теориясы арқылы біз қазақстандық ағылшын тіліндегі лексикалық ерекшеліктерді жай ғана «баламасыз сөздер» емес, қазақ халқының дүниетанымын ағылшын тілі арқылы жеткізетін мәдени кодтар ретінде бағалаймыз. Осылайша, лексикалық нұсқалар тілдің қатысымдық қызметін мәдени мазмұнмен байытып, оны жаһандық деңгейдегі бірегей құралға айналдырады.

Шетелдік және ресейлік лингвистикалық мектептердегі лексикалық вариативтілік теорияларынан кейін, бұл мәселенің қазақстандық ғылыми кеңістіктегі көрінісін қарастыру зерттеуіміздің өзектілігін арттыра түседі. Қазақстандық лингвистикада лексикалық вариативтілік мәселесі тілдердің өзара іс-қимылы мен жаһандық ағылшын тілінің ұлттық мәдениетпен тоғысу контекстінде терең зерделенеді. Отандық ғалымдар ағылшын тілінің жергілікті нұсқасын жай ғана шет тілі ретінде емес, қазақстандық бірегейлікті білдіретін маңызды коммуникативтік құрал ретінде бағалайды.

Осы бағыттағы іргелі зерттеулердің басында филология ғылымдарының докторы, профессор З. К. Ахметжанова тұр. Ол өзінің «Сопоставительное изучение языков и когнитивная лингвистика» атты іргелі еңбегінде «мәдени лакуналарды» толтыру механизмін жан-жақты сипаттайды [9]. Ғалымның тұжырымы бойынша, ағылшын тілі Қазақстанның мәдени кеңістігіне енгенде, қазақ тіліндегі баламасыз лексика (мысалы: *домбыра, төрт түлік, сүйінші*) ағылшын тіліне тікелей транслитерация немесе семантикалық калькалау арқылы енеді. Бұл процесс – лексикалық нұсқалылықтың ең жоғарғы формасы болып табылады, өйткені ол тілдің тек формасын емес, оның когнитивтік мазмұнын да жаңа арнаға бұрады.

З. К. Ахметжанованың пайымдауынша, ағылшын тілінің қазақстандық контекстке бейімделуі барысында «лакуналардың» жойылуы тілдің номинативтік мүмкіндіктерін кеңейтеді. Егер стандартты ағылшын тілінде қазақ халқының дүниетанымына тән спецификалық ұғымдарды білдіретін сөздер болмаса, онда жергілікті нұсқада сол бостықты толтыратын жаңа лексикалық қабат қалыптасады. Мысалы, *«suyinshi»* сөзі ағылшын тіліндегі мәтінде қолданылғанда, ол жай ғана «good news» деген мағынаны емес, қазақ дәстүріне тән сүйінші сұраудың эмоционалдық-мәдени жүктемесін де бірге тасымалдайды.

Ғалымның бұл концепциясы диссертациямыздың теориялық негізін нығайтып, ағылшын тілінің қазақстандық нұсқасындағы лексикалық ерекшеліктерді «тілдік қате» емес, «мәдени-когнитивтік қажеттілік» ретінде легитимдеуге мүмкіндік береді. Осылайша, З. К. Ахметжанованың зерттеулері бізді ағылшын тілінің қазақстандық шындыққа бейімделген бірегей лексикалық жүйесі бар екендігі туралы қорытындыға жетелейді.

Осы бағытта ф.ғ.д., профессор Н. Ж. Шаймерденованың зерттеулері қазақстандық лингвистикадағы лексикалық вариативтілік мәселесін әлеуметтік-мәдени реңкпен толықтыра түседі [10]. Ғалым тілдің номинативтік қызметінің әлеуметтік факторларға тәуелділігін зерделей отырып, Қазақстандағы ағылшын тілінің лексикалық қорындағы «локализмдерді» ұлттық менталитеттің тікелей көрінісі деп бағалайды. Оның пікірінше, лексикалық деңгейдегі вариативтілік білім алушыға ағылшын тілінің дайын үлгілерін қолданып қана қоймай, сол тілдің құралдары арқылы өз мәдениетін әлемдік деңгейде таныстыруға мүмкіндік береді.

Н. Ж. Шаймерденованың тұжырымдамасы бойынша, ағылшын тіліндегі қазақстандық лексикалық нұсқалар (мысалы, *shanyrak, kieli, bauyrtak*) жай ғана экзотизмдер емес, олар сөйлеушінің өзіндік «лингвистикалық бейнесін» қалыптастыратын маңызды элементтер. Бұл – тілдің жаһандық сипаты мен локальды ерекшелігінің үйлесім табуының айқын дәлелі.

Лексикалық вариативтілік деңгейіндегі Д. Кристал мен Р. Кверктің жаһандық теорияларын, А. Швейцер мен Г. Томахиннің семантикалық талдауларын және З. Ахметжанова мен Н. Шаймерденованың отандық зерттеулерін синтездей келе, келесідей қорытындыларға келеміз:

1. Функционалдық қажеттілік: лексикалық нұсқалардың пайда болуы – тілдің кедейленуі емес, оның жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуінің және «мәдени лакуналарды» толтыруының заңды нәтижесі.

2. Мәдени легитимділік: қазақстандық ағылшын тіліндегі лексикалық ерекшеліктер – бұл білім алушының ағылшын тілі арқылы өз ұлттық бірегейлігін сақтау құралы.

3. Норманың кеңеюі: қазіргі лингвистикалық парадигма ағылшын тіліндегі локализмдерді «қате» ретінде емес, тілдің қатысымдық мүмкіндіктерін кеңейтетін «нұсқа» ретінде тануды талап етеді.

Бұл теориялық негіздеме біздің диссертациямыздың келесі бөлімдерінде ағылшын тілін оқыту әдістемесіне қазақстандық компонентті енгізудің ғылыми базасын қалайды. Лексикалық нұсқа – бұл тілдің жаңа шындыққа бейімделген, өміршең және динамикалық ағзасы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кристал, Д. Английский язык как глобальный. / пер. с англ. Н. В. Кузнецовой. – М.: Весь Мир, 2001. – 240 с.
2. Crystal, D. The Stories of English. – London: Penguin Books, 2005. – 584 p.
3. Quirk, R., Greenbaum, S., Leech, G., Svartvik, J. A Comprehensive Grammar of the English Language. – London: Longman, 1985. – 1779 p.

4. Kachru, B. B. The Alchemy of English: The Spread, Functions, and Models of Non-native Englishes. – Oxford: Pergamon Press, 1986. – 200 p.
5. Швейцер А. Д. Очерк современного английского языка в США. – М.: Высшая школа, 1963. – 216 с.
6. Швейцер А. Д. Современная социолингвистика: Теория, проблемы, методы. – М.: Наука, 1976. – 176 с.
7. Томахин Г. Д. Реалии – американизмы. – М.: Высшая школа, 1988. – 239 с.
8. Томахин Г. Д. Лингвострановедческий словарь: Соединенные Штаты Америки. – М.: Русский язык, 1999. – 576 с.
9. Ахметжанова З. К. Сопоставительное изучение языков и когнитивная лингвистика. – Алматы: Ғылым, 2001. – 224 с.
10. Шаймерденова Н. Ж. Тіл және мәдениет: номинативтік аспект. – Алматы, 2012.

ӘОЖ 37.018.43:811.111

Шет тілін меңгертуде жасанды интеллектіні қолданудың танымдық және әлеуметтік ерекшеліктері

Алуадинова Сымбат Сарсенбекқызы – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Аннотация

В данной статье рассматриваются психолого-педагогические аспекты применения искусственного интеллекта в процессе обучения иностранным языкам. Анализируется влияние инструментов искусственного интеллекта на познавательную активность обучающихся, учебную мотивацию, эмоциональное состояние и социально-коммуникативные навыки. Кроме того, раскрываются возможности технологий, основанных на искусственном интеллекте, в оптимизации когнитивной нагрузки, реализации персонализированного обучения и развитии коммуникативной компетенции в процессе овладения иностранным языком.

Ключевые слова

Искусственный интеллект, обучение иностранным языкам, психолого-педагогические аспекты, учебная мотивация, коммуникативная компетенция, цифровые технологии.

Шет тілін меңгеру – бір жағынан, тілдік білімді (лексика, грамматика, фонетика) игеру; екінші жағынан, сол білімді қатысым жағдайында тиімді қолдануға алып келетін психологиялық механизмдердің (зейін, ес, ойлау, эмоция, ерік, мотивация) күрделі бірлігі. Сондықтан жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын шет тілін оқытуға енгізу тек «цифрлық ресурстарды көбейту» емес, ең алдымен оқу әрекетінің психологиялық құрылымына ықпал ететін педагогикалық ықпал болып саналады.

Классикалық психологияда (мәдени-тарихи және әрекеттік бағыт) оқыту «сыртқы құрал» арқылы ұйымдастырылып, білім алушының іс-әрекетін бағыттайтыны көрсетіледі. Осы жалпы фундамент бүгінгі ЖИ феноменін түсіндіруге теориялық негіз бола алады (Л.С. Выготский; А.Н. Леонтьев; И.А. Зимняя). Алайда генеративті ЖИ білім беруде салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болғандықтан, оның оқу үдерісіне әсерін дәл

сипаттау үшін соңғы жылдары шыққан педагогика, білім психологиясы және AI in Education салаларындағы еңбектерге сүйену қажет.

Заманауи әдебиеттерде ЖИ-дің білім берудегі әсері үш ірі бағытта қарастырылады:

1. оқытуды дербестендіру және бейімдеу (personalization/adaptivity);
2. оқытудағы кері байланыс пен бағалау (feedback/assessment);
3. оқу әрекетіндегі тәуекелдер (академиялық адалдық, «жалған шеберлік», тәуелділік) [1].

Бұл жіктеу білім беру саласындағы ЖИ зерттеулеріне жасалған жүйелі шолуларда айқын көрінеді.

Осы бөлімде ЖИ-ді шет тілін оқытуда қолданудың психолого-педагогикалық қырлары танымдық, мотивациялық, эмоциялық және әлеуметтік-қатысымдық тұрғыдан кешенді талданады.

Танымдық аспект.

Шет тілін меңгерудің психологиялық өзегі – ақпаратты өңдеу үдерістерімен байланысты. Тыңдалым мен оқылым барысында білім алушы тілдік бірліктерді тану, мағынаны интерпретациялау және контексті сақтау міндеттерін қатар атқарса, айтылым мен жазылымда ойды жоспарлау, тілдік формада құрастыру және оны бақылау әрекеттерін жүзеге асырады. Бұл үдерістердің барлығы жұмыс жадысының (working memory) ресурстарын талап етеді, сондықтан шет тілін үйрену когнитивтік тұрғыдан күрделі әрекет ретінде сипатталады [2].

Аталған мәселе когнитивтік жүктеме теориясында (Cognitive Load Theory) жан-жақты негізделген. Дж. Свеллер және оның әріптестері оқу үдерісінің тиімділігі оқу материалының құрылымына тікелей байланысты екенін дәлелдей отырып, когнитивтік жүктеменің үш түрін айқындайды: ішкі жүктеме (intrinsic load), артық жүктеме (extraneous load) және мәнді жүктеме (germane load) [2]. Ғалымдардың пікірінше, оқытуда артық жүктемені азайтып, білімді құрылымдауға бағытталған мәнді жүктемеге жағдай жасау негізгі педагогикалық міндет болып табылады.

Когнитивтік жүктеме теориясы тұрғысынан қарағанда, жасанды интеллект құралдары оқу материалының ұсынылу формасын оңтайландыру арқылы артық жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ЖИ жүйелері мәтінді деңгейге сай ықшамдау, күрделі ақпаратты құрылымдау және қателерге жедел түсіндірме беру арқылы білім алушының танымдық ресурстарын негізгі мазмұнды өңдеуге бағыттай алады.

Мысалы, күрделі мәтінмен жұмыс барысында жасанды интеллект:

– мәтіннің негізгі идеясын алдын ала құрылымдалған түрде ұсынады (advance organizer);

– бейтаныс лексиканы контекст негізінде түсіндіреді;

– грамматикалық құрылымдарды қарапайым тілмен сипаттайды.

Нәтижесінде білім алушының зейіні ақпаратты «бәрін бірден ұстап тұруға» емес, мәтіннің мағыналық мазмұнын түсінуге және коммуникативтік мақсатты жүзеге асыруға бағытталады. Бұл когнитивтік ресурстарды тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, заманауи зерттеулерде жасанды интеллектті қолданудың танымдық тәуекелдері де көрсетіледі. Егер ЖИ дайын жауапты шамадан тыс жеңіл ұсынса, білім алушының ойлау әрекеті әлсіреп, танымдық күш салу төмендеуі мүмкін. Бұл мәселе бүгінгі AI in Education зерттеулерінде кеңінен талқылануда. Атап айтқанда, Каснеци Э. және әріптестері ірі тілдік модельдердің білім беруде белгілі бір мүмкіндіктерге ие екендігін мойындай отырып, олардың бақылаусыз қолданылуының қауіптеріне назар аударады. Авторлардың пікірінше, **«ChatGPT сияқты ірі тілдік модельдер оқу үдерістерін қолдауға әлеуеті болғанымен, сонымен қатар елеулі тәуекелдерді де тудырады, соның ішінде білім алушылардың танымдық белсенділігінің төмендеуі және олардың өз түсінігін қалыптастырмай, дайын түрде генерацияланған жауаптарға сүйену қаупі бар»** [3, 5-б.].

Осыған байланысты, жасанды интеллектті танымдық тұрғыдан тиімді қолданудың келесі шарттарын бөліп көрсетуге болады:

– ЖИ-ді дайын жауап беретін құрал ретінде емес, ойлауды ұйымдастыратын қолдаушы ресурс ретінде пайдалану;

– тапсырмаларды аралық қадамдарды орындауды талап ететіндей етіп құрастыру (жоспарлау, аргументация, қорытындылау);

– ЖИ ұсынған материалды білім алушы немесе мұғалім тарапынан міндетті түрде тексеру және салыстыру.

Осы шарттар сақталған жағдайда жасанды интеллект шет тілін меңгеруде когнитивтік жүктемені оңтайландыратын және танымдық белсенділікті арттыратын тиімді педагогикалық құрал ретінде қызмет атқара алады.

Оқу уәжі.

Шет тілін үйренуде уәждің тұрақсыз болуы кең таралған құбылыс болып табылады: бастапқы қызығушылық оқу үдерісі күрделенген сайын бәсеңдеп, қиындықтар артқанда білім алушыда «мен істей алмаймын» деген сенім күшеюі мүмкін. Бұл екінші тілді меңгеру үдерісінде уәждің динамикалық сипатқа ие екенін көрсетеді, яғни мотивация оқу тәжірибесіне және өзіндік оқу нәтижелеріне байланысты өзгеріп отырады.

Уәждемелік психологияда ішкі уәждің негізі автономия, құзыреттілік және әлеуметтік қатыстылық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуымен байланыстырылатыны өзіндік детерминация теориясында (Self-Determination Theory) жан-жақты негізделген. Э. Деси мен Р. Райан бұл байланысқа ерекше мән беріп, «ішкі уәж автономия, құзыреттілік және әлеуметтік қатыстылық қажеттіліктері қанағаттандырылған жағдайда күшейеді» деп көрсетеді [4, 22-б.]. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект (ЖИ) құралдары білім алушының уәждік саласын қолдаудың белгілі бір мүмкіндіктерін ұсына алады.

Құзыреттілік немесе өзін қабілетті сезіну уәждің тағы бір маңызды компоненті болып табылады. ЖИ-дің жедел және бейтарап кері байланысы білім алушыға өз қателіктерін түсініп, оларды түзетуге мүмкіндік береді. Бұл құбылыс А. Бандура ұсынған өзіндік тиімділік теориясымен үндес келеді. Ғалымның пікірінше, «адамның өз қабілеттері туралы сенімі оның уәжі мен табандылығына айтарлықтай ықпал етеді» [5, 3-б.]. Демек, ЖИ арқылы дұрыс ұйымдастырылған кері байланыс білім алушының өзіне деген сенімін нығайтып, оқу әрекетіне деген уәжін арттыра алады.

Қатыстылық шет тілін үйренуде диалогтық өзара әрекет арқылы көрініс табады. ЖИ-мен диалог форматы оқушыға «жауап күтетін серіктесі бар» деген сезім бере алады, бұл уәжді қолдайтын психологиялық факторлардың бірі болып табылады. Алайда ЖИ адамаралық қарым-қатынасты толық алмастырмайтынын зерттеушілер ерекше атап өтеді. Holmes, Bialik және Fadel бұл жөнінде «жасанды интеллект адамаралық өзара әрекетті алмастыратын құрал емес, оқу тәжірибесін толықтыратын ресурс ретінде қарастырылуы тиіс» деп жазады [6, 5-б.].

ЖИ мен цифрлық педагогика бойынша жүргізілген жүйелі шолуларда дербестендірілген оқытудың мотивацияға оң әсер етуі мүмкін екені көрсетіледі. Завацки-Рихтер және әріптестері ЖИ жүйелері оқытуды жекелеу арқылы білім алушылардың оқу әрекетіне қатысуын арттыруға әлеуеті бар екенін атап өтеді [7]. Бұл тұжырым ЖИ-дің уәждік әлеуетін педагогикалық мақсатпен қолдану қажеттігін айқындайды.

Қазақстандық әдістемелік мектепте де оқушы автономиясы мен тұлғалық-бағдарланған оқытудың маңызы ертерек негізделген. С. С. Құнанбаева еңбектерінде шет тілін меңгеру үдерісінде білім алушының оқу әрекетіне дербес қатысуы коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуымен тығыз байланысты екені көрсетіледі. Бұл идея ЖИ-ді қолдану барысында нақты педагогикалық шешімге айналып, оқушыға «бірдей тапсырма» емес, деңгейіне сай вариативті оқу маршруттарын ұсыну қажеттігін дәлелдейді [8].

Осылайша, жасанды интеллект автономия, құзыреттілік және қатыстылық қажеттіліктерін қолдай отырып, шет тілін үйренуге деген ішкі уәжді күшейте алады. Алайда бұл әсер ЖИ-ді дайын жауап генераторы емес, мақсатты, кері байланысы бар және бақылаумен қолданылатын педагогикалық ресурс ретінде пайдаланған жағдайда ғана тұрақты сипатқа ие болады.

Эмоциялық аспект.

Шет тілін үйренудегі кең таралған кедергілердің бірі – тілдік мазасыздық (foreign language anxiety): сөйлеуден ұялу, қате айтудан қорқу, көпшілік алдында қысылу. Бұл құбылысты Е. Хорвиц, М. Хорвиц және Дж. Коуп шет тілін сынып жағдайында меңгеруге тән ерекше психологиялық күй ретінде сипаттайды. Авторлардың пікірінше, «тілдік мазасыздық – сыныптағы тіл үйренуге қатысты өзіндік қабылдаулар, сенімдер, сезімдер мен мінез-құлықтардың ерекше кешені» [9, 128-б.]. Зерттеушілер бұл мазасыздықтың ең айқын көрінісі айтылым барысында байқалатынын және ол сөйлеу белсенділігін едәуір төмендететінін атап өтеді.

Қазіргі білім психологиясында эмоция оқу әрекетінің маңызды реттеушісі екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Р. Пекрун ұсынған «оқу жетістігі эмоцияларының бақылау–құндылық теориясы» аясында оқу эмоциялары (қуаныш, қызығушылық, мазасыздық, жалығу) білім алушының танымдық белсенділігіне, зейініне және оқу нәтижесіне тікелей әсер ететіні көрсетіледі. Ғалым оқу эмоцияларын «оқу әрекетіне немесе оның нәтижесіне тікелей байланысты эмоциялар», – деп анықтайды [10, 317-б.]. Бұл тұжырым эмоциялық жағдайдың шет тілін меңгеру үдерісіндегі шешуші рөлін айқындайды.

Позитивті әсері. ЖИ білім алушыға қысымсыз, қауіпсіз ортада бірнеше рет сөйлеуге мүмкіндік береді. Қателер «ұят» немесе сәтсіздік ретінде емес, түзетілуге тиіс қадам ретінде қабылданады. Сонымен қатар, сөйлеуді бастауға қажетті «психологиялық старт» жеңілдейді, себебі оқушы алдымен ЖИ-мен өзара әрекеттесіп, кейін адаммен қарым-қатынасқа көшеді. Диалогтық компьютерлік тіл үйрету жүйелеріне арналған заманауи зерттеулерде мұндай орта сөйлеу мазасыздығын төмендетіп, оқушының қатысуын арттыруы мүмкін екені көрсетіледі.

Негативті әсері. Сонымен бірге, белгілі бір тәуекелдер де бар. Егер ЖИ кері байланысы тым қатаң немесе «суық» стильде берілсе, ол мазасыздығы жоғары оқушыларда қосымша үрей тудыруы мүмкін. Бұдан бөлек, «қателікті тек ЖИ түзетеді» деген тәуелділік қалыптасып, оқушының өздігінен сөйлеуге деген сенімі төмендеуі ықтимал. Бұл қауіп ірі тілдік модельдерді білім беруде қолдануға арналған зерттеулерде де атап көрсетіледі. Атап айтқанда, ғалымдар «білім алушылардың өз түсінігін қалыптастырмай, генерацияланған жауаптарға сүйеніп кету қаупі бар» екенін ескертеді [11, 7-б.].

Практикалық тұрғыдан эмоциялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ЖИ-негізіндегі тапсырмаларды сатылы принциппен құрастыру орынды: алдымен төмен тәуекелді әрекеттер (қысқа жазбаша немесе жеке жауап), кейін жұптық немесе топтық қарым-қатынас, содан соң ғана сынып алдында сөйлеу. Бұл жағдайда ЖИ оқушыны бірден күрделі қатысымдық жағдайға енгізбей, сөйлеуге біртіндеп жақындататын аралық тренажер қызметін атқарады.

Қазақстандық зерттеулерде де цифрлық орта қолданылғанда оқушының қатысуы мен эмоциялық тартылуы артатыны көрсетіледі. Амандықова, Мұхтарова, Баймұқанова және Бисенғалиева еңбектерінде тілдік дағдыларды кешенді, жүйелі дамыту оқушының қатысымдық сенімін қалыптастыруға мүмкіндік беретіні атап өтіледі. Бұл тұрғыда ЖИ-дің негізгі психологиялық функциясы – оқушыны сөйлетуге «жақындату», яғни эмоциялық және психологиялық кедергілерді төмендету болып табылады.

Әлеуметтік-қатысымдық аспект.

Қазіргі кезеңде шет тілін оқыту әдістемесінің басты бағыты – **коммуникативтік және әлеуметтік-қатысымдық ұстаным** болып табылады. Бұл ұстаным тілдік

бірліктерді меңгерумен ғана шектелмей, оларды нақты әлеуметтік жағдаяттарда, коммуникативтік мақсатқа сай қолдануды көздейді. Генеративті жасанды интеллекттің (ЖИ) қарқынды дамуы осы бағыттың өзектілігін арттырып отыр, себебі ЖИ-негізіндегі құралдар білім алушыға тілдік қарым-қатынас тәжірибесін сыныптан тыс ортада да жалғастыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдардағы зерттеулер жасанды интеллектке негізделген чат-боттардың шет тіліндегі айтылымды дамытуда әлеуметтік-қатысымдық әлеуеті бар екенін көрсетеді. Мәселен, **Ду Цзинь** мен **Дэниел Бенджамин К.** жүргізген жүйелі шолу жұмысында чат-боттарды ағылшын тілінде сөйлеу практикасына қолдану нәтижелері талданып, олардың рөлдік диалогтар, жағдаяттық сөйлесу және пікірталас элементтері арқылы білім алушылардың коммуникативтік белсенділігін арттыратыны көрсетіледі. Авторлар чат-боттарды қолдану **айтылым нәтижелерін жақсартумен қатар, білім алушылардың қарым-қатынасқа қатысуын және сөйлеуге деген сенімділігін арттыратынын** атап өтеді [12].

Сонымен қатар, заманауи зерттеулер ЖИ-мен ұйымдастырылған диалогтың өздігінен жеткілікті нәтиже бермейтінін де көрсетеді. Осыған байланысты мұғалімнің рөлі шешуші мәнге ие. Мұғалімнің міндеті – ЖИ арқылы ұйымдастырылатын диалогты «жай сөйлесу» деңгейінде қалдырмай, оны нақты коммуникативтік мақсатқа бағындыру: сөйлеу мақсатын айқындау, коммуникативтік стратегияны белгілеу және бағалау критерийлерін нақтылау. Мұндай әдістемелік басшылық болмаған жағдайда, ЖИ әлеуметтік-қатысымдық дағдыны жүйелі қалыптастыратын құрал емес, тек қосымша жаттығу құралы ретінде шектелуі мүмкін.

Жалпы алғанда, жасанды интеллектті шет тілін оқытуда қолдану тек технологиялық жаңашылдық емес, оқу әрекетінің психологиялық құрылымына тікелей әсер ететін педагогикалық құрал болып табылады. Оның тиімділігі ЖИ-дің танымдық, мотивациялық, эмоциялық және әлеуметтік-қатысымдық функцияларын теңгерімді түрде ескеріп, оны дәстүрлі оқытуды алмастыратын емес, оны психологиялық тұрғыдан байытатын және қолдайтын құрал ретінде қолданумен анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Zawacki-Richter O., Marín V. I., Bond M., Gouverneur F. Искусственный интеллект в высшем образовании: систематический обзор исследований. // *International Journal of Educational Technology in Higher Education*. – 2019. – Т. 16. URL: https://link.springer.com/article/10.1186/s41239-019-0171-0
2. Sweller J., Ayres P., Kalyuga S. *Cognitive Load Theory*. – Springer, 2011. URL: https://link.springer.com/book/10.1007/978-1-4419-8126-4
3. Kasneci E., Sessler K., Küchemann S. et al. *ChatGPT for Good? On opportunities and challenges of large language models for education*. // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2023. URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1041608023000195
4. Ryan R. M., Deci E. L. Intrinsic and Extrinsic Motivations. https://www.selfdeterminationtheory.org/SDT/documents/2000_RyanDeci_IntExtDefs.pdf
5. Bandura A. Self-efficacy. https://educational-innovation.sydney.edu.au/news/pdfs/Bandura%201977.pdf
6. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education. https://www.consorciosthem.com/wp-content/uploads/2025/02/sthem-ia-07-holmes-fadel-bialik-artificial-intelligence-in-education-promise-and-implications-for-teaching-and-learning-2019.pdf
7. Zawacki-Richter O. et al. (2019). AI applications in higher education. https://link.springer.com/article/10.1186/s41239-019-0171-0

8. Құнанбаева, С. С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: ҚазХҚжӘТУ, 2011. – 165 б.
9. Horwitz E. K., Horwitz M. B., Cope J. Foreign Language Classroom Anxiety. // The Modern Language Journal. – 1986. PDF: https://www.ling.ohio-state.edu/research/groups/lacqueys/readings/horowitz.pdf
10. Pekrun R. The Control-Value Theory of Achievement Emotions. // Educational Psychology Review. – 2006. PDF: https://cfrps.unistra.fr/fileadmin/uploads/websites/cfrps/Master/2022-2023/motivation/Pekrun_-_The_Control-Value_Theory_of_Achievement_Emotions-_Assumptions__Corollaries__and_Implications_for_Educational_Research_and_Practice.pdf
11. Hou Z. et al. Dialogue-based CALL systems for L2 speaking development // ReCALL. – 2022. URL: https://www.cambridge.org/core/journals/recall/article/dialoguebased-computerassisted-language-learning-systems-for-second-language-speaking-development-a-threelevel-metaanalysis/3184771051660239881 9C5E594038E7B
12. Ду Цзинь, Дэниел Б. К. Transforming language education: A systematic review of AI-powered chatbots for English as a foreign language speaking practice. // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2024. URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666920X24000316

УДК 378.147:81'243:004.738.5

СОЦИАЛЬНЫЕ СЕТИ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ АУДИРОВАНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Дүбірова Макпал Беймағамбетқызы – магистрант образовательной программы 7М01702 «Иностранный язык: два иностранных языка»
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск.

Аннотация

Бұл мақалада әлеуметтік желілерді шет тілін оқыту барысында тыңдалым дағдыларын дамыту құралы ретінде пайдаланудың теориялық аспектілері қарастырылады. Білім алушылардың шетел тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру контексіндегі әлеуметтік платформалардың дидактикалық әлеуеті ашып көрсетіледі. Әлеуметтік желілердің тілдік тәжірибенің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, оқу мотивациясын арттыратын және шет тілін оқыту үдерісіне сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін кіріктіретін тиімді білім беру ортасы ретіндегі маңызы айқындалады.

Тірек сөздер:

Әлеуметтік желілер, шет тілін оқыту, тыңдалым, шетел тіліндегі коммуникативтік құзыреттілік, цифрлық білім беру ортасы, аутенттік материалдар.

В условиях цифровизации образования и активного развития информационно-коммуникационных технологий особую значимость приобретает поиск эффективных средств развития иноязычной коммуникативной компетенции обучающихся. Одним из таких средств выступают социальные сети, обладающие значительным дидактическим потенциалом и позволяющие интегрировать различные виды речевой деятельности в единую образовательную среду.

С позиций современной методики обучения иностранным языкам речевая деятельность традиционно включает четыре взаимосвязанных вида: аудирование, говорение, чтение и письмо. Их развитие осуществляется в процессе коммуникативно-ориентированного обучения, предполагающего активное включение обучающихся в различные формы языкового взаимодействия. В этом контексте социальные сети представляют собой уникальную среду, в которой создаются условия для одновременного формирования всех видов речевой деятельности на основе реального общения и аутентичных материалов.

В современной методике обучения иностранным языкам развитие ***аудирования*** всё чаще рассматривается в контексте цифровых и сетевых технологий, включая социальные сети и мобильные платформы. Существенный вклад в исследование данного направления внесли ученые, изучающие мобильное и сетевое обучение языкам *(MALL)*.

В современных исследованиях мобильного обучения иностранным языкам значительное внимание уделяется использованию цифровых и сетевых платформ как среды формирования рецептивных навыков, в частности аудирования. Так, в работах Г. Стоквелл обосновывается, что мобильные технологии обеспечивают перенос учебной деятельности за пределы аудитории, создавая условия для непрерывного взаимодействия обучающихся с языковой средой [1].

Фундаментальность подхода ученого заключается в том, что он рассматривает мобильное обучение не просто как технологическое дополнение, а как *изменение самой природы языкового вход.* Исследователь подчеркивает, что благодаря мобильным и социальным платформам обучающиеся получают постоянный доступ к аутентичной устной речи, что приводит к увеличению объема воспринимаемого языкового материала и частоты контакта с ним. Это особенно важно для развития аудирования, поскольку, как отмечает автор, «частота и регулярность взаимодействия с языком являются ключевыми факторами успешного усвоения».

Развивая данную идею, Г. Стоквелл указывает на то, что мобильные и сетевые платформы, включая социальные сети, создают условия для так называемого распределённого аудирования, при котором восприятие устной речи происходит регулярно в различных контекстах повседневной жизни. В отличие от традиционного обучения, где аудирование ограничено рамками урока, в цифровой среде оно становится непрерывным процессом, интегрированным в повседневную деятельность обучающихся.

Особое значение в данном контексте приобретает возможность работы с аутентичными аудиовизуальными материалами, представленными в социальных сетях (видеоролики, сторис, подкасты, прямые эфиры), что способствует формированию навыков восприятия естественной речи. При этом аудирование осуществляется в условиях мультимодальности, где звуковая информация сопровождается визуальными и контекстуальными подсказками, что облегчает понимание и способствует развитию стратегий интерпретации устной речи.

Таким образом, с позиций Г. Стоквелла социальные сети и мобильные платформы могут рассматриваться как эффективная среда развития аудирования, обеспечивающая увеличение объема языкового входа, его регулярность и аутентичность, что способствует формированию устойчивых навыков понимания устной речи в условиях, приближенных к реальному языковому общению.

В свою очередь, Ф. Хаббард подчеркивает необходимость педагогически обоснованного использования цифровых технологий, отмечая, что их эффективность определяется не столько техническими возможностями, сколько методикой их интеграции в учебный процесс [2].

Фундаментальность подхода ученого заключается в том, что он рассматривает цифровые технологии через призму педагогического дизайна и автономии обучающихся. В его работах подчеркивается, что технологии сами по себе не

обеспечивают результат обучения, а лишь создают условия для его организации. Как отмечает исследователь, «эффективность использования технологий зависит от того, как они встроены в педагогический контекст и насколько они способствуют развитию самостоятельной учебной деятельности» [2, с. 5].

Развивая данную позицию, Ф. Хаббард акцентирует внимание на необходимости формирования у обучающихся стратегий работы с цифровыми ресурсами, включая аудиовизуальный контент. В контексте развития аудирования это означает, что взаимодействие с материалами социальных сетей должно сопровождаться целенаправленным обучением стратегиям восприятия устной речи: прогнозированию содержания, выделению ключевой информации, интерпретации контекста.

Таким образом, с позиций Ф. Хаббарда социальные сети могут эффективно использоваться для развития аудирования только при условии их педагогически продуманного включения в учебный процесс, когда обучающиеся не просто воспринимают аудиоматериал, а осваивают способы его понимания и анализа.

Дополнительное теоретическое обоснование роли мобильных и сетевых платформ в развитии аудирования представлено в работах А. Кукульска-Хьюм, которая является одним из ведущих исследователей в области мобильного обучения иностранным языкам. В её исследованиях подчеркивается, что мобильные технологии трансформируют процесс восприятия языкового материала, делая его более гибким, персонализированным и контекстуализированным.

Ключевая научная позиция А. Кукульска-Хьюм заключается в том, что мобильное обучение обеспечивает интеграцию языковой практики в повседневную жизнь обучающихся. Она отмечает, что «мобильные устройства позволяют обучающимся получать доступ к языковому материалу в различных контекстах и в удобное для них время» [3, с. 6]. Это положение имеет особое значение для развития аудирования, поскольку увеличивает объем и регулярность восприятия устной речи.

Развивая данную идею, исследователь акцентирует внимание на том, что мобильные и социальные платформы способствуют формированию так называемого контекстуализированного аудирования, при котором понимание устной речи осуществляется с опорой на ситуацию, визуальные элементы и коммуникативную задачу. В условиях социальных сетей это проявляется в восприятии коротких видеосообщений, сторис, подкастов и других форм аутентичного контента, сопровождаемых визуальными и текстовыми подсказками.

Кроме того, в работах А. Кукульска-Хьюм подчеркивается, что мобильное обучение способствует развитию автономности обучающихся, поскольку они самостоятельно регулируют частоту и продолжительность взаимодействия с аудиоматериалами. Это, в свою очередь, создает условия для формирования индивидуальных стратегий аудирования и повышения эффективности понимания устной речи.

Таким образом, исследования А. Кукульска-Хьюм дополняют современные подходы к использованию социальных сетей в обучении иностранному языку, подчеркивая их роль как среды, обеспечивающей непрерывное, контекстуально обусловленное и личностно-ориентированное развитие навыков аудирования.

Существенное значение для понимания роли цифровых платформ в развитии аудирования имеют исследования М. Томас, Х. Рейндерс и М. Варшауэр, представленные в коллективной работе «Digital Education and Language Learning» [4].

В рамках данного исследования цифровые платформы рассматриваются как среда формирования рецептивных навыков, в которой обучающийся погружается в мультимодальную языковую среду. Авторы отмечают, что «цифровые медиа создают условия для интеграции различных каналов восприятия, где аудирование сопровождается визуальными и контекстуальными подсказками» [4, с. 125].

Анализируя вклад отдельных исследователей, следует отметить, что М. Томас акцентирует внимание на трансформации образовательной среды под влиянием цифровых технологий, подчеркивая её мультимедийный и интерактивный характер. Х. Рейндерс рассматривает цифровые платформы как средство развития автономности обучающихся, что позволяет им самостоятельно регулировать процесс восприятия аудиоматериала. В свою очередь, М. Варшауэр подчеркивает роль технологий в создании аутентичной языковой среды, способствующей формированию навыков понимания естественной речи.

В совокупности данные положения позволяют рассматривать аудирование в условиях социальных сетей как процесс мультимодального восприятия, при котором звуковая информация интегрируется с визуальными и текстовыми элементами, что облегчает понимание содержания и способствует формированию стратегий интерпретации устной речи.

Особое внимание процессам восприятия и усвоения языкового материала в цифровой среде уделяет Н. Шмитт, который в современных исследованиях подчеркивает значимость повторяемости и частотности языкового воздействия. В рамках его подхода усвоение языка рассматривается как процесс накопления и закрепления языковых единиц за счет регулярного контакта с ними. Как отмечает исследователь, «частотность встречаемости языковых элементов играет ключевую роль в их усвоении» [5, с. 35].

В условиях социальных сетей данное положение приобретает особую актуальность, поскольку обучающиеся многократно сталкиваются с одними и теми же лексическими и грамматическими структурами в различных аудиовизуальных контекстах. Повторяемость языкового материала в сочетании с его вариативной подачей способствует постепенной автоматизации процессов восприятия устной речи и снижению когнитивной нагрузки при аудировании.

Таким образом, регулярное взаимодействие с контентом социальных сетей создает эффект насыщенного языкового входа, при котором высокая частотность и разнообразие представления языковых единиц обеспечивают более эффективное формирование навыков понимания устной речи.

Непосредственное влияние социальных медиа на развитие аудирования рассматривается в работах Р. Блэк, в которых анализируется роль онлайн-сообществ в формировании языковых навыков [6]. Исследователь подчеркивает, что участие обучающихся в цифровых сообществах способствует развитию рецептивных умений за счет постоянного взаимодействия с пользовательским контентом, включающим аудио- и видеоматериалы. Как отмечает ученый, «обучающиеся осваивают язык через участие в сетевых практиках и взаимодействие с другими пользователями» [6, с. 688].

Развивая данную позицию, Р. Блэк акцентирует внимание на том, что цифровая среда меняет сам характер обучения: аудирование перестает быть исключительно учебной деятельностью и становится частью социальной коммуникации. В условиях социальных сетей восприятие устной речи происходит в процессе просмотра видеоконтента, участия в обсуждениях, взаимодействия с блогерами и другими пользователями, что обеспечивает более естественное и мотивированное освоение языка.

Следовательно, развитие аудирования в цифровой среде осуществляется не только через специально организованные задания, но и через включенность обучающихся в сетевые сообщества, где восприятие устной речи интегрируется в процесс реального общения и совместной деятельности.

Таким образом, анализ современных исследований позволяет сделать вывод о том, что развитие аудирования в условиях использования социальных сетей приобретает качественно новые характеристики, обусловленные особенностями цифровой образовательной среды. Социальные платформы обеспечивают непрерывность

языкового воздействия, увеличивая объем и частоту восприятия устной речи, что способствует формированию устойчивых навыков её понимания.

Важную роль играет мультимодальный характер представления информации, при котором аудирование осуществляется в сочетании с визуальными и текстовыми элементами, что облегчает интерпретацию содержания и снижает когнитивные трудности восприятия. Кроме того, цифровая среда создает условия для повторяемости языкового материала, обеспечивая автоматизацию процессов распознавания и понимания устной речи.

Особое значение имеет включенность обучающихся в сетевые сообщества, где аудирование становится частью реального коммуникативного взаимодействия. В этом контексте восприятие устной речи выходит за рамки учебной деятельности и интегрируется в повседневную цифровую практику, что повышает мотивацию и способствует более естественному усвоению языка.

Таким образом, социальные сети выступают как эффективная дидактическая среда развития аудирования, обеспечивающая сочетание аутентичности, регулярности и коммуникативной направленности языкового входа, что позволяет значительно повысить результативность обучения иностранному языку.

Использованная литература:

1. Stockwell G. Using mobile phones for vocabulary activities: Examining the effect of platform. // Language Learning & Technology. – 2013. – Vol. 17. – No. 3. – P. 95-110.
2. Hubbard P. Computer Assisted Language Learning: Critical Concepts in Linguistics. – London: Routledge, 2009. – 624 p.
3. Kukulska-Hulme A. Mobile Assisted Language Learning. // The Encyclopedia of Applied Linguistics. – Oxford: Wiley, 2020.
4. Thomas M., Reinders H., Warschauer M. Digital Education and Language Learning. – London: Bloomsbury, 2013. – 256 p.
5. Schmitt N. Researching Vocabulary: A Vocabulary Research Manual. – London: Palgrave Macmillan, 2010. – 370 p.
6. Black R.W. Online fan fiction and critical media literacy. // Journal of Adolescent & Adult Literacy. – 2009. – Vol. 52. – No. 8. – P. 688-697.

ӘОЖ 37.013.2:81'243

КОММУНИКАТИВТІК ТРЕНИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Оразгалиева Гульфат Маратовна – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Аннотация

В данной статье теоретически рассматриваются научно-теоретические основы технологии коммуникативного тренинга и его роль в процессе обучения иностранному языку. Определяются сущность и содержание коммуникативного тренинга, а также его педагогические возможности в формировании коммуникативной компетенции

обучающихся. Кроме того, описывается инновационный и практический характер данной технологии в обучении иностранному языку и раскрывается её влияние на личностное развитие обучающегося.

Ключевые слова

Технология коммуникативного тренинга, обучение иностранному языку, коммуникативная компетенция, межкультурная коммуникация, речевая активность, личностное развитие, интерактивные технологии обучения.

Қазіргі шет тілін оқыту әдістемесінде білім алушылардың тілдік білімін әрекет арқылы меңгертуге бағытталған технологияларға ерекше назар аударылуда. Бұл үрдіс білім беру жүйесінде құзыреттілікке негізделген тәсілдің орнығуымен, сондай-ақ оқушылардың шынайы коммуникативтік жағдаяттарда шет тілін еркін қолдана алу қажеттілігімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, коммуникативтік тренинг технологиясы шет тілін оқытуда лексикалық және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Бұл технология дәстүрлі ақпарат берушілік оқытудан тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын тәжірибелік тұрғыда шыңдайтын интерактивті модельге өтуді көздейді. Коммуникативтік тренинг – бұл білім алушының қарым-қатынас мәдениетін, вербалды және вербалды емес дағдыларын, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық бейімделуін жетілдіруге бағытталған арнайы ұйымдастырылған оқыту жүйесі. Педагогикалық ғылымда бұл технология тек «жаттығулар жиынтығы» емес, тұлғаның ішкі әлеуетін ашатын және топтық динамика арқылы өзін-өзі рефлексиялауға мүмкіндік беретін кешенді процесс ретінде қарастырылады.

Коммуникативтік тренинг технологиясының қалыптасу тарихы мен ғылыми мәнін ашуда оның пәнаралық сипатын (педагогика, психология және әлеуметтану) ескеру қажет.

Тренинг әдістемесінің негізі XX ғасырдың 40-жылдарында АҚШ-та қаланды. «Тренинг» терминін оқытудың белсенді формасы ретінде алғашқылардың бірі болып Курт Левин (Kurt Lewin) қолданды. 1946 жылы ол «Т-топтарын» (training groups) ұйымдастырып, адамдардың қарым-қатынас дағдыларын өзгертуге бағытталған алғашқы эксперименттерді жүргізді. Бұл тәжірибелерде топтық динамика ортасында адам өз мінез-құлқын тезірек рефлексиялайтыны анықталды [1].

Левин «тренинг» терминін топтық оқыту мен тәжірибелік жаттығулар арқылы мінез-құлықты өзгертуге бағытталған белсенді әдіс ретінде анықтады. Оның тұжырымдамасында тренинг – бұл қатысушылардың өзара әрекеттесуін талдау, топтық процестерді бақылау және өзіндік рефлексия арқылы жаңа дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдіс.

Бұл бағытта тренингтің негізгі ерекшеліктері ретінде:

- топтық динамикаға сүйену;
- тәжірибелік жаттығулар арқылы үйрену;
- өзіндік рефлексия мен кері байланысқа негізделу;
- мінез-құлық пен қарым-қатынас дағдыларын өзгертуге бағытталу қарастырылды.

Осылайша, Левиннің еңбектері тренингті тек оқыту әдісі ғана емес, сонымен қатар тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын дамытуға арналған инновациялық психологиялық-педагогикалық құрал ретінде ғылыми негіздеді.

Кейіннен Левиннің идеялары АҚШ-тағы әлеуметтік психология мен педагогикада кеңінен таралып, тренингті қатысушылардың тәжірибелік әрекет арқылы үйренуін қамтамасыз ететін оқыту формасы ретінде түсіндіруге жол ашты.

Көрнекті американдық психолог Карл Рэнсом Роджерс (Carl Rogers) тренингті тұлғаның «өсу нүктесі» ретінде қарастырып, қарым-қатынас кезіндегі эмпатия мен шынайылықтың маңыздылығын дәлелдеді. Ол былай деп атап өткен: «Қарым-қатынас

тренингі – бұл индивидтің басқалармен қарым-қатынасындағы кедергілерді жоюға және өзін-өзі ашуға бағытталған процесс» [2, 44 б.].

Роджерстің коммуникативтік тренинг технологиясының манифесі ретінде қарастырылатын негізгі еңбегі – «On Encounter Groups» («Кездесу топтары туралы»). Бұл кітапта автор адамдардың топтық өзара іс-қимыл барысында қалай өзгеретінін сипаттайды. Роджерс үшін тренинг – бұл жай ғана дағдыларды (skills) үйрену емес, бұл «адамның адаммен шынайы кездесуі». Автор тренинг арқылы адамның басқалардың сезімдерін «есті» алу қабілеті артатынын атап көрсетеді.

Егер Курт Левин тренингтің құрылымы мен динамикасына назар аударса, Карл Роджерс тренингтің атмосферасы мен адамгершілік (гуманистік) мазмұнын негіздеді. Бұл педагогикалық тұрғыдан білім алушының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Кеңестік және ресейлік ғылымда коммуникативтік тренингті әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан негіздеген Л.А. Петровская. Ол коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың құралы ретінде «Әлеуметтік-психологиялық тренинг» (ӘПТ) терминін енгізді. Петровская тренингтің мақсатын келесідей тұжырымдайды: «Тренингтің мәні – қарым-қатынас объектісі ретінде ғана емес, субъект ретінде әрекет ету дағдыларын қалыптастыруда» [3, 16 б.].

Ғалым Ю.Н. Емельянов коммуникативтік тренингті «интенсивті оқыту әдісі» ретінде қарастырып, оның коммуникативтік мәдениетті көтерудегі рөлін былай сипаттайды: «Коммуникативтік тренинг – бұл әлеуметтік интеллектіні арттыруға және тұлғааралық сезімталдықты дамытуға бағытталған белсенді топтық әдістер жүйесі» [4, 42 б.].

Ресейлік ғылымда коммуникативтік тренингтің әдістемелік негіздері XXI ғасырда тілдік білім беру контекстінде жаңа қырынан дамыды. Қазіргі зерттеушілер тренингті тек психологиялық түзету құралы емес, шет тілін меңгерудегі коммуникативтік кедергілерді жою және тұлғааралық интеракцияны модельдеу әдісі ретінде қарастырады.

Л.А. Петровская мен Ю.Н. Емельяновтың іргелі еңбектерін қазіргі заманғы келесі ғалымдардың зерттеулері толықтыра түседі.

Қазіргі педагогикалық әдістемеде коммуникативтік тренингтің дидактикалық әлеуетін зерттеуде И.В. Вачковтың еңбектері ерекше орын алады. Ол тренингтің «технологиялық» сипатына баса назар аударып, оны білім алушының ішкі ресурстарын белсендіруші құрал ретінде сипаттайды: «Кез келген тренингтің, соның ішінде коммуникативтік тренингтің негізгі мақсаты – қатысушының өзіндік санасын өзгерту және жаңа әлеуметтік дағдыларды меңгеруіне субъектілі жағдай жасау» [5, 24 б.].

Сонымен қатар, И.В. Вачков коммуникативтік тренингтің тиімділігін оның «қолдан жасалған әлем» (лабораториялық жағдай) ретіндегі ерекшелігімен байланыстырады. Ғалымның пайымдауынша, тренингтік кеңістік қатысушыға күнделікті өмірдегі әлеуметтік салдарлардан қорықпай, өз мінез-құлқының жаңа үлгілерін сынап көруге мүмкіндік беретін қауіпсіз орта болып табылады. Ол тренингтің технологиялық алгоритміндегі «рефлексия» мен «кері байланыс» тетіктеріне ерекше мән бере отырып, білім алушының тек сыртқы коммуникативтік дағдыларды (сөйлеу, тыңдау) ғана емес, сонымен бірге өзінің ішкі психологиялық кедергілерін сезіну және оларды еңсеру қабілетін дамытатынын дәлелдейді. Осылайша, И.В. Вачковтың пікірінше, тренингтік оқытудың басты нәтижесі – дайын білімді меңгеру емес, тұлғаның өз бетінше дамуына және қарым-қатынас процесін саналы түрде басқаруына негіз болатын «субъектілік позицияның» қалыптасуы болып табылады [5, 38 б.].

Шет тілін оқыту әдістемесінде тренингтік нысандарды қолдану мәселесін Н.Д. Гальскова мен Н.И. Гез жан-жақты қарастырады. Олар коммуникативтік тренингті «мәдениетаралық коммуникацияға дайындық» құралы ретінде бағалайды. Олардың пікірінше, тренингтік жаттығулар білім алушының тілдік емес, стратегиялық құзыреттілігін (коммуникациядағы тығырықтан шығу жолдары) дамытады [6].

Сонымен қатар, қазіргі зерттеуші Н.В. Самоукина тренингтің «ойындық» және «проблемалық» сипатына тоқталып, оның тіл үйренудегі психологиялық тосқауылдарды (языковой барьер) жоюдағы тиімділігін негіздейді:

«Тренингтік кеңістік – бұл қателік жіберуден қорықпайтын, еркін қарым-қатынас полигоны. Мұнда білім алушы тілдік формаларды емес, сол тілдегі іс-әрекетті меңгереді» [7, 56 б.].

Зерттеуші О.И. Даниленко коммуникативтік тренингтің «тұлғалық-дамытушылық» қызметін аша отырып, оның қазіргі жоғары мектептегі рөлін былайша тұжырымдайды: «Коммуникативтік тренинг білім алушының гуманитарлық мәдениетін қалыптастырудың құралы болып табылады, өйткені ол тек ақпарат алмасуды емес, мағыналық өзара түсіністікті үйретеді» [8, 78 б.].

Қазақстандық ғылыми мектепте коммуникативтік тренинг технологиясын шет тілін оқыту әдістемесінде қолдану мәселесі тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін эволюциялық даму жолынан өтті. Отандық ғалымдар бұл технологияны «тұлғаға бағдарланған оқыту» және «мәдениетаралық коммуникация» контекстінде қарастырады.

Профессор Н.Н. Ханның зерттеулерінде коммуникативтік тренинг – білім беру процесін гуманизациялаудың басты құралы ретінде қарастырылады. Ол дәстүрлі «мұғалім – субъект, оқушы – объект» моделінен бас тартып, субъект-субъектілі қарым-қатынасқа көшуді негіздеді. Ғалымның пікірінше, тренингтік өзара іс-қимыл барысында оқушының «ішкі мені» ашылып, оның танымдық белсенділігі артады. Н.Н. Хан тренингтің дидактикалық күшін оның «ынтымақтастық» атмосферасын құру қабілетінен көреді. Мұндай ортада білім алушы қате жіберуден қорықпайды, бұл әсіресе шет тілін меңгерудегі психологиялық кедергілерді жою үшін өте маңызды [9].

Профессор К.Ж. Қожахметова тренинг технологиясын этнопедагогикалық және жалпы педагогикалық тұрғыдан зерттеді. Ол тренингті білім алушылардың этнопедагогикалық мәдениетін және қарым-қатынас дағдыларын дамытудың белсенді әдісі ретінде ұсынды. Оның пайымдауынша, тренингтік жаттығулар оқушылардың өзара түсіністігін нығайтып, топтық бірігуді (group cohesion) қамтамасыз етеді. К.Ж. Қожахметованың еңбектерінде тренинг – бұл тек дағдыларды үйрету емес, бұл оқушылардың құндылықтар жүйесін қалыптастыру және оларды әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынас жасауға баулу тәсілі [10]. Ғалым тренингтің тәрбиелік мүмкіндіктеріне, соның ішінде тұлғааралық қақтығыстарды болдырмау және сыпайылық мәдениетін (etiquette of communication) дамытуға баса назар аударды.

Қазақстандық лингводидактиканың дамуында академик С.С. Құнанбаеваның «шет тілдік білім берудің когнитивтік-лингвомәдениеттанулық теориясы» іргелі рөл атқарады. Бұл теория коммуникативтік тренингтің мазмұнын «тілдік формаларды жаттықтырудан» «әлем бейнесін (картина мира) қалыптастыруға» қарай өзгертті.

С.С. Құнанбаеваның тұжырымдамасы бойынша, шет тілін меңгеру – бұл тек грамматика мен лексиканы білу емес, бұл «мәдениетаралық коммуникация субъектісін» қалыптастыру процесі. Осы тұрғыдан алғанда, коммуникативтік тренингтің рөлі келесідей жаңа қырларымен айқындалады:

1. Тілдік тұлғаны дамыту. Тренинг барысында оқушы тек сөйлеуші емес, өзге мәдениеттің құндылықтарын өз танымы (когнициясы) арқылы өткізетін белсенді субъект ретінде әрекет етеді. С.С. Құнанбаева атап өткендей: «Шет тілдік білім берудің мақсаты – шет тілінде қарым-қатынас жасай алатын деңгейдегі емес, мәдениетаралық деңгейдегі коммуникативтік құзыреттілік иесін дайындау» [11, 42 б.].

2. Интеракцияның когнитивтік моделі: Тренинг технологиясы С.С. Құнанбаева ұсынған «мәдениеттер тоғысуы» жағдайын имитациялаудың ең тиімді құралы болып табылады. Ол білім алушыға өз мәдениеті мен нысана тіл мәдениеті арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды практикалық түрде сезінуге мүмкіндік береді.

3. Мәдениетаралық құзыреттілік: Ғалымның теориясы аясында коммуникативтік тренинг – бұл білім алушының «бөтен» мәдениетті қабылдаудағы стереотиптерін жоюға және эмпатиясын дамытуға бағытталған психо-әдістемелік полигон. Тренингтік жаттығулар арқылы білім алушы «мәдениетаралық коммуникант» ретінде өз мінез-құлқын модельдеуді үйренеді.

Ш.Т. Таубаеваның ғылыми тұжырымдамасында коммуникативтік тренинг жай ғана оқыту әдісі емес, білім алушының инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыратын кешенді педагогикалық технология ретінде сипатталады. Ғалым тренингтің шығармашылық әлеуетті белсендіруші қызметін оның «субъектілік-дамытушылық» табиғатымен байланыстырады. Оның пайымдауынша, тренинг барысында оқушы стандартты емес жағдаяттарда шешім қабылдауды, өзінің ішкі рефлексиясын басқаруды және креативті коммуникация орнатуды меңгереді. Бұл процесс білім алушының тек ақпаратты игеруімен шектелмей, оның тұлғалық сапаларының трансформациялануына, яғни «дайын үлгілерден» бас тартып, қарым-қатынастың төл нысандарын құруға ұмтылуына жол ашады. Ш.Т. Таубаева коммуникативтік тренингтің дидактикалық күші оның оқушыны өзіндік танымдық ізденіске итермелейтін және оқу мотивациясын ішкі қажеттілік деңгейіне көтеретін инновациялық сипатында екенін атап көрсетеді [12].

Сонымен коммуникативтік тренинг технологиясы шет тілін оқытуда білім алушының тілдік білімін әрекет арқылы меңгеруіне мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастырылады. Ол тек тілдік дағдыларды қалыптастырумен шектелмей, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін, рефлексияны, әлеуметтік интеллектіні және мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуды көздейді. Тренинг интерактивті, тәжірибелік және субъект-субъектілік өзара әрекетке негізделген оқыту моделін жүзеге асырады.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, коммуникативтік тренинг білім алушыны белсенді, саналы және мәдениетаралық коммуникацияға дайын тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Ол психологиялық кедергілерді жоюға, шығармашылық әлеуетті ашуға және оқу мотивациясын арттыруға жағдай жасай отырып, қазіргі шет тілдік білім берудің мазмұнын жаңғыртатын инновациялық технология болып табылады.

Осылайша, коммуникативтік тренинг заманауи шет тілдік білім берудің мазмұнын жаңғыртып, оқушыны белсенді субъект ретінде қалыптастыратын, тәжірибеге негізделген инновациялық технология ретінде сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Левин К. Полевая теория в социальных науках / [Пер. с англ. Сурпина Е.]. – СПб.: Речь, 2000. – 368 с.
2. Роджерс К. Р. О группах встречи. / [Пер. с англ. Н. М. Никольской]. – М.: Прогресс, 1993. – 224 с.
3. Петровская Л. А. Теоретические и методические проблемы социально-психологического тренинга. – М.: Издательство Московского университета, 1982. – 168 с.
4. Емельянов Ю. Н. Активное социально-психологическое обучение. – Л.: Издательство Ленинградского университета, 1985. – 166 с.
5. Вачков И. В. Основы технологии группового тренинга. Психотехники: Учебное пособие. – М.: Ось-89, 1999. – 176 с.
6. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика: Учебное пособие. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 336 с.
7. Самоукина Н.В. Организационно-обучающие игры в образовании. – М.: Народное образование, 2006. – 128 с.

8. Даниленко О.И. Психология общения: Учебное пособие. – СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 2002. – 120 с.
9. Хан Н. Н. Сотрудничество в педагогическом процессе. – Алматы: Гылым, 1997. – 160 с.
10. Қожахметова К. Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: РБК, 1997. – 280 б.
11. Құнанбаева С. С. Қазіргі шет тілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2010. – 344 б.
12. Таубаева Ш.Т. Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 132-б.

ӘОЖ 378.147:81'243:159.9

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЕТЕЛ ТІЛІН МЕҢГЕРУГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тулипбергенова Даяна Бирижановна – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Аннотация

В данной статье теоретически рассматриваются психологические основы формирования интереса студентов высших учебных заведений к изучению иностранного языка. Определяется роль учебной мотивации студентов, их эмоциональной активности, психологического комфорта и внутреннего интереса в процессе овладения иностранным языком. На основе анализа научных трудов зарубежных и отечественных ученых описывается влияние теорий учебной мотивации, самоопределения, психологической уверенности, эмоциональной активности и состояния «потока» на познавательную активность обучающихся.

Ключевые слова

Обучение иностранному языку, учебная мотивация, эмоциональная активность, внутренняя мотивация, интерес студентов, личностно-ориентированное обучение, познавательная активность.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде студенттердің шетел тілін меңгеруге деген қызығушылығын арттыру мәселесі маңызды психологиялық-педагогикалық бағыттардың біріне айналып отыр. Шетел тілін меңгеру үдерісінің нәтижелілігі білім алушының танымдық белсенділігіне, эмоционалдық жағдайына, ішкі мотивациясына және оқу әрекетіне психологиялық тұрғыдан қатысу деңгейіне тікелей байланысты. Осыған байланысты қазіргі психология және шетел тілін оқыту әдістемесі ғылымында студенттердің оқу мотивациясын, эмоционалдық белсенділігін және тілдік әрекетке қызығушылығын қалыптастыру мәселелері кеңінен зерттелуде. Бұл мәселенің ғылыми-психологиялық негіздері З. Дёрнеи, Ж.-М. Девеле, С. Мерсер, Р. Оксфорд, К. Дуэк, Р. Пекрун, Дж. Келлер, Е.Н. Соловова және Ш.Т. Таубаева еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Шетел тілін меңгерудегі мотивациялық психологияның қазіргі теориялық негіздерінің қалыптасуына венгриялық ғалым З. Дёрнеи ерекше үлес қосты. Ғалым

шетел тілін меңгерудегі мотивацияны студенттің болашақтағы тілдік «менімен» байланысты психологиялық құбылыс ретінде қарастырды [1]. Оның пікірінше, білім алушы шетел тілін болашақ кәсіби немесе әлеуметтік өмірінің маңызды бөлігі ретінде қабылдаған жағдайда ғана тұрақты оқу мотивациясы қалыптасады.

З. Дёрнеи қазіргі студенттердің шетел тілін меңгеруге қызығушылығы оқу үдерісінің эмоционалдық тартымдылығына, коммуникативтік белсенділігіне және білім алушының жеке мақсаттарымен сәйкестігіне байланысты екенін атап көрсетті. Ғалым интерактивті, цифрлық және студентке бағдарланған технологиялар білім алушылардың оқу әрекетіне психологиялық тұрғыдан белсенді қатысуына мүмкіндік беретінін негіздеді.

Сонымен қатар шетел тілін меңгерудегі эмоционалдық факторларды зерттеген қазіргі ғалымдардың бірі – Ж.-М. Девеле. Ғалым шетел тілін меңгеру барысында туындайтын тілдік мазасыздық мәселесін зерттей отырып, студенттердің тілдік кедергілері мен эмоционалдық жай-күйінің оқу нәтижесіне тікелей әсер ететінін дәлелдеді [2]. Оның пікірінше, студент шетел тілінде қарым-қатынас жасау барысында психологиялық жайлылық сезінген жағдайда ғана оның коммуникативтік белсенділігі артады.

Ж.-М. Девеле шетел тілін оқыту барысында эмоционалдық қолдау мен жағымды психологиялық ортаның маңызын ерекше атап көрсетті. Ғалымның зерттеулерінде студенттердің қорқыныш, сенімсіздік және қателесуден қауіптену сезімдері олардың сөйлеу белсенділігін төмендететіні көрсетілген. Осыған байланысты қазіргі шетел тілін оқытуда қолдаушы, еркін және ынталандырушы оқу ортасын ұйымдастыру маңызды психологиялық шарттардың бірі ретінде қарастырылады.

Қазіргі білім беру психологиясында студенттердің оқу әрекетіне белсенді қатысу мәселесін зерттеген ғалымдардың бірі – С. Мерсер. Ғалым студенттің оқу үдерісіне белсенді қатысуын эмоционалдық, когнитивтік және мінез-құлықтық белсенділіктің жиынтығы ретінде қарастырады. Оның пікірінше, студенттің пәнге деген қызығушылығы тек оқу материалының мазмұнына ғана емес, оқу ортасының психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты қалыптасады.

С. Мерсер қазіргі білім беру жүйесінде студенттердің эмоционалдық әл-ауқаты мен психологиялық жайлылығын қамтамасыз етудің маңызын атап көрсетті [3]. Ғалымның пікірінше, білім алушы өзін қауіпсіз әрі қолдаушы ортада сезінген жағдайда оның танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясы артады. Әсіресе шетел тілін меңгеруде студенттің еркін қарым-қатынас жасауға психологиялық дайындығы маңызды рөл атқарады.

Шетел тілін меңгерудегі оқу стратегиялары мен өзіндік реттеу мәселелерін зерттеген ғалымдардың бірі – Р. Оксфорд. Ғалым оқу стратегиялары теориясында студенттердің оқу әрекетін саналы түрде ұйымдастыруы олардың оқу жетістігіне және пәнге деген қызығушылығына тікелей ықпал ететінін дәлелдеді [4]. Оның пікірінше, студент оқу үдерісінде өз әрекетін жоспарлап, бақылап және бағалай алған жағдайда оқу мотивациясы тұрақты қалыптасады.

Р. Оксфорд шетел тілін меңгеруде эмоционалдық стратегиялардың да маңызды рөл атқаратынын атап көрсетті. Ғалым студенттердің жағымды эмоциялық күйі, өзіндік сенімі және ішкі қызығушылығы оқу әрекетінің нәтижелілігін арттыратынын негіздеді.

Қазіргі психология ғылымында студенттердің оқу жетістігі мен қызығушылығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі ретінде growth mindset теориясы да қарастырылады. Бұл бағыттың негізін қалаған американдық ғалым К. Дуэк студенттердің оқу жетістігі олардың қабілетіне ғана емес, өз мүмкіндігіне деген көзқарасына да байланысты екенін дәлелдеді. Ғалымның пікірінше, қателесуді даму мүмкіндігі ретінде қабылдайтын студенттердің оқу белсенділігі жоғары болады [5].

К. Дуэк студенттердің шетел тілін меңгеруге қызығушылығы олардың психологиялық сенімділігімен және жетістікке жетуге деген ішкі ұмтылысымен

байланысты қалыптасатынын атап көрсетті. Осыған байланысты қазіргі шетел тілін оқытуда студенттердің қателесуден қорықпауына және еркін қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін оқу ортасын ұйымдастыру маңызды болып табылады.

Оқу үдерісіндегі эмоционалдық белсенділік мәселесін зерттеген қазіргі ғалымдардың бірі – Р. Пекрун. Ғалым achievement emotions теориясында студенттердің эмоциялық күйі олардың оқу мотивациясына және танымдық әрекетіне тікелей ықпал ететінін негіздеді. Оның пікірінше, қызығушылық, қуаныш және сенімділік сияқты жағымды эмоциялар студенттердің оқу белсенділігін арттырады [6].

Р. Пекрун әсіресе шетел тілін меңгеруде эмоционалдық қолдаудың маңызды рөл атқаратынын атап көрсетті. Ғалымның зерттеулерінде жағымды эмоционалдық орта студенттердің коммуникативтік белсенділігін арттырып, олардың тілдік кедергілерін төмендететіні дәлелденген.

Студенттердің оқу мотивациясын қалыптастырудың заманауи модельдерінің бірі – Дж. Келлердің ARCS мотивациялық моделі. Ғалым оқу мотивациясын қалыптастыру үшін төрт негізгі фактордың маңызды екенін көрсетті:

– назар аударту;
– оқу материалының маңыздылығы;
– студенттің өз мүмкіндігіне сенімі;
– оқу нәтижесіне қанағаттану [7].

Дж. Келлердің пікірінше, оқу үдерісі студенттің қызығушылығын тұрақты сақтайтын интерактивті және эмоционалдық тұрғыдан тартымды форматта ұйымдастырылған жағдайда ғана тиімді нәтиже береді. Осыған байланысты қазіргі шетел тілін оқытуда геймификация, мультимедиялық тапсырмалар және интерактивті технологиялар кеңінен қолданылуда.

Американдық психолог А. Бандура әлеуметтік-когнитивтік теориясында студенттің оқу әрекетіндегі психологиялық сенімінің маңызды рөл атқаратынын негіздеді. Ғалымның пікірінше, білім алушының өз мүмкіндігіне деген сенімі оның оқу белсенділігіне, эмоционалдық тұрақтылығына және жетістікке ұмтылысына тікелей ықпал етеді [8]. А. Бандура адамның белгілі бір әрекетті сәтті орындай алатынына деген ішкі сенімі оның мінез-құлқы мен оқу нәтижесіне әсер ететінін дәлелдеді.

Шетел тілін меңгеру барысында студенттердің психологиялық сенімділігі ерекше маңызға ие. Себебі тілдік қарым-қатынас жасау кезінде білім алушылар көбіне қателесуден қорқу, сенімсіздік немесе тілдік кедергілер сияқты психологиялық қиындықтарға тап болады. А. Бандураның пікірінше, студенттің өз мүмкіндігіне сенуі оның шетел тілінде еркін сөйлеуге, жаңа тапсырмаларды орындауға және коммуникативтік әрекетке белсенді қатысуына ықпал етеді. Ол: «Адамның өз мүмкіндігіне деген сенімі оның ойлауына, сезіміне, мотивациясына және әрекетіне ықпал етеді», деп тұжырымдайды [8, 71 б.].

Бұл идея студенттердің шетел тілін меңгеруге қызығушылығын қалыптастыруда психологиялық қолдау мен жағымды оқу ортасының маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Осыған байланысты қазіргі шетел тілін оқытуда студенттердің жетістігін қолдау, жағымды кері байланыс беру және олардың коммуникативтік белсенділігін ынталандыру маңызды психологиялық шарттардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар қазіргі білім беру психологиясындағы маңызды теориялардың бірі – Э. Деси мен Р. Райанның өзін-өзі анықтау теориясы [9]. Ғалымдар оқу мотивациясының тұрақтылығы адамның ішкі психологиялық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына байланысты қалыптасатынын негіздеді. Олардың пікірінше, студенттің оқу әрекетіне деген қызығушылығы үш негізгі психологиялық қажеттілікпен байланысты:

– дербестік;
– құзыреттілік;
– әлеуметтік қолдау.

Э. Деси мен Р. Райанның пікірінше, студент оқу үдерісінде өз таңдауын еркін жүзеге асырып, өзінің жетістікке жете алатынын сезінген жағдайда оның ішкі мотивациясы артады. Ғалымдар сыртқы бақылау мен мәжбүрлеуге негізделген оқытуға қарағанда, студенттің дербес белсенділігіне негізделген оқу үдерісі анағұрлым тиімді нәтиже беретінін атап көрсетті.

Осыған байланысты қазіргі шетел тілін оқытуда студенттердің оқу әрекетін дербес ұйымдастыруына мүмкіндік беру, таңдау элементтерін енгізу және коммуникативтік еркіндікті қамтамасыз ету олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Әсіресе интерактивті және ойын элементтері қолданылатын оқу ортасы студенттердің ішкі мотивациясын күшейтіп, оқу әрекетіне эмоционалдық тұрғыдан белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Қазіргі психология ғылымындағы қызығушылық пен эмоционалдық белсенділікті түсіндіретін маңызды теориялардың бірі – М. Чиксентмихайидің «ағым күйі» теориясы [10]. Ғалымның пікірінше, адам белгілі бір әрекетке толық эмоционалдық және танымдық тұрғыдан берілген жағдайда ерекше психологиялық белсенділік күйіне енеді. Мұндай жағдайда оқу әрекеті студент үшін қызықты, тартымды және ішкі қанағаттану көзіне айналады.

М. Чиксентмихайи оқу үдерісіндегі «ағым күйі» студенттің тапсырмаға толық назар аударуымен, уақытты байқамауымен және әрекеттен эмоционалдық қанағат алуымен сипатталатынын атап көрсетті. Ғалымның пікірінше, оқу тапсырмалары студенттің мүмкіндігіне сәйкес әрі қызықты ұйымдастырылған жағдайда оның пәнге деген тұрақты қызығушылығы қалыптасады.

Шетел тілін оқыту барысында интерактивті тапсырмалар, рөлдік ойындар, цифрлық технологиялар және геймификация элементтері студенттердің эмоционалдық белсенділігін арттырып, оқу әрекетіне толық қатысуына мүмкіндік береді. Әсіресе ойын элементтері қолданылған оқу ортасы студенттердің шетел тілін меңгеруге деген жағымды эмоциялық қатынасын қалыптастырып, олардың оқу мотивациясын күшейтеді.

Осылайша, қазіргі психология ғылымындағы психологиялық сенім, өзін-өзі анықтау және «ағым күйі» теориялары студенттердің шетел тілін меңгеруге қызығушылығын қалыптастырудың маңызды психологиялық негіздерін айқындайды. А. Бандура, Э. Деси, Р. Райан және М. Чиксентмихайи еңбектері студенттердің оқу әрекетіне белсенді қатысуы олардың психологиялық сенімділігіне, ішкі мотивациясына және эмоционалдық белсенділігіне тікелей байланысты екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Осылайша, жоғары оқу орны студенттерінің шетел тілін меңгеруге қызығушылығын арттырудың психологиялық негіздері оқу мотивациясымен, эмоционалдық белсенділікпен, психологиялық жайлылықпен және студенттің оқу әрекетіне саналы қатысуымен тығыз байланысты екені анықталды. Қазіргі психология ғылымындағы зерттеулер студенттердің шетел тілін меңгеруге деген тұрақты қызығушылығы олардың ішкі мотивациясының деңгейіне, өз мүмкіндігіне деген сеніміне және оқу үдерісіндегі жағымды эмоционалдық тәжірибесіне тәуелді екенін көрсетеді.

Демек, жоғары оқу орны студенттерінің шетел тілін меңгеруге қызығушылығын қалыптастыру оқу үдерісінің психологиялық ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Сондықтан қазіргі шетел тілін оқытуда студенттің ішкі мотивациясын, эмоционалдық жайлылығын және белсенді танымдық әрекетін қолдайтын заманауи психологиялық-педагогикалық технологияларды тиімді қолдану маңызды шарттардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Dörnyei Z. Motivational Strategies in the Language Classroom. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 155 p.

2. Dewaele J.-M. Emotions in Multiple Languages. – London: Palgrave Macmillan, 2010. – 312 p.
3. Mercer S., Ryan S., Williams M. Psychology for Language Learning: Insights from Research, Theory and Practice. – London: Palgrave Macmillan, 2012. – 376 p.
4. Oxford R.L. Language Learning Strategies: What Every Teacher Should Know. – Boston: Heinle & Heinle, 1990. – 342 p.
5. Дуэк К. Гибкое сознание. Новый взгляд на психологию развития взрослых и детей. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2017. – 304 с.
6. Pekrun R. Emotion and Achievement during Adolescence // Child Development Perspectives. – 2017. – Vol. 11. – № 3. – P. 215-221.
7. Keller J.M. Motivational Design for Learning and Performance: The ARCS Model Approach. – New York: Springer, 2010. – 401 p.
8. Bandura A. Self-Efficacy: The Exercise of Control. – New York: Freeman, 1997. – 604 p.
9. Deci E.L., Ryan R.M. Intrinsic Motivation and Self-Determination in Human Behavior. – New York: Plenum Press, 1985. – 371 p.
10. Чиксентмихайи М. Поток: психология оптимального переживания. – М.: Альпина нон-фикшн, 2011. – 461 с.

ӘОЖ 37.013.2:81'243:008

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕЛТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Умирбаева Жаннур Сагидуллакызы – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Аннотация

В данной статье теоретически рассматриваются содержание, структура и лингводидактические особенности страноведческих материалов в процессе обучения иностранному языку. На основе анализа трудов зарубежных ученых описываются когнитивные, культурные и психологические аспекты страноведческого содержания. Кроме того, рассматриваются вопросы восприятия культурных различий, развития межкультурной чувствительности, формирования мировоззрения и преодоления культурных стереотипов.

Ключевые слова

Страноведческие материалы, межкультурная коммуникативная компетенция, лингводидактика, культурный компонент, межкультурная коммуникация, когнитивный подход.

Елтанымдық материалдар шет тілін оқыту үдерісінде тек қосымша ақпарат көзі ретінде емес, білім алушылардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Қазіргі лингводидактикада тіл мен мәдениеттің ажырамас бірлігі дәлелденіп, тілдік білім мазмұнына мәдени компонентті енгізу қажеттілігі ғылыми тұрғыдан негізделген. Осыған байланысты елтанымдық материалдардың мазмұнын, құрылымын және оларды оқыту үдерісінде қолдану ерекшеліктерін анықтау өзекті мәселелердің бірі болып табылады .

Елтанымдық материалдар белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың мәдениеті, тарихы, дәстүрлері, құндылықтары мен әлеуметтік өмірі туралы ақпараттарды қамтиды. Олар білім алушыларға тек тілдік бірліктерді меңгеруге ғана емес, сол тілдің артындағы мәдени мәнді түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, елтанымдық материалдар тілдік білім мен мәдени білімнің тоғысқан нүктесі ретінде қарастырылып, оқыту мазмұнының маңызды құрамдас бөлігіне айналады.

Бұл мәселенің теориялық негіздерін тереңірек түсіну үшін әлемдік лингводидактикада қалыптасқан ғылыми мектептер мен шетелдік ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйену қажет. Елтанымдық материалдардың мазмұндық құрылымы мен оның білім алушының дүниетанымына ықпалын зерттеумен Х.Ю. Крумм, К. Рислингер, М. Керни, Р. Ладо, У. Зейдель, Й. Роше, Ф. Дервин және М. Беннетт сияқты танымал зерттеушілер айналысқан. Аталған ғалымдар елтанымдық ақпаратты жай ғана фактілер жиынтығы емес, тіл үйренушінің когнитивтік және коммуникативтік жүйесін қайта құрушы күрделі дидактикалық категория ретінде қарастырады.

Атап айтқанда, елтанымдық материалдардың мазмұны тек географиялық немесе тарихи деректермен шектелмейді; ол – тіл мен мәдениеттің ажырамас бірлігін бейнелейтін күрделі семантикалық құрылым. Бұл материалдардың дидактикалық әлеуетін зерттеуде шетелдік ғалымдар оның ішкі мазмұнын жіктеуге ерекше мән береді.

Бұл бағыттағы іргелі зерттеулердің бірі американдық ғалым Роберт Ладоның (Robert Lado) еңбектерімен байланысты. Р. Ладо шет тілін оқыту әдістемесінде мәдени компоненттің рөлін жүйелі түрде негіздеген алғашқы ғалымдардың бірі болып саналады. Оның ғылыми мұрасындағы негізгі жаңалық – «мәдениеттердің контрастивті анализі» әдістемесін ұсынуы. Бұл әдіс тілдік және мәдени жүйелерді салыстыру арқылы білім алушының шет тілін меңгеру үдерісінде кездесетін ықтимал қиындықтарды алдын ала болжауға мүмкіндік береді.

Р. Ладоның пайымдауынша, тіл үйренуші жаңа тіл мен мәдениетті меңгеру барысында өз ана тілі мен мәдениетіне тән үлгілерді бейсаналы түрде тасымалдайды. Ғалым бұл құбылысты «интерференция» ұғымы арқылы түсіндіреді. Ол бұл туралы былай деп жазады: «Жеке тұлға өз ана тілі мен мәдениетіне тән формалар мен мағыналарды, сондай-ақ олардың қолданылу ерекшеліктерін шет тілі мен мәдениетіне көшіруге (тасымалдауға) бейім болады» [1, 21 б.].

Осы тұрғыдан алғанда, елтанымдық материалдарды іріктеу мен ұйымдастыру барысында тек ақпараттық мазмұнға ғана емес, сонымен қатар мәдени айырмашылықтарды саналы түрде көрсетуге ерекше назар аудару қажет. Р. Ладоның тұжырымдамасы бойынша, екі мәдениеттің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыру білім алушының мәдениетаралық қабылдауын жеңілдетіп қана қоймай, ықтимал «мәдени тосқауылдардың» алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ғалымның көзқарасы елтанымдық материалдардың құрылымдық ұйымдастырылуына да әсер етті. Атап айтқанда, материалды тек сипаттамалық деңгейде ұсыну жеткіліксіз, ол салыстырмалы, интерпретациялық және коммуникативтік деңгейлерде берілуі тиіс. Бұл тәсіл білім алушының тек білім жинақтауына емес, мәдени мағыналарды түсіндіру және оларды нақты коммуникативтік жағдаятта қолдану қабілетін дамытуға бағытталған.

Р. Ладоның құрылымдық-салыстырмалы талдауы лингводидактикада жаңа ғылыми бағыттың қалыптасуына негіз болды. Оның еңбектерінен кейін елтанымдық ақпараттың тек мазмұндық емес, сонымен қатар когнитивтік деңгейде қалай қабылданатыны, өңделетіні және қайта құрылатыны мәселесіне ерекше көңіл бөліне бастады. Бұл өз кезегінде елтанымдық материалдарды оқыту үдерісінде білім алушының ойлау жүйесіне, мәдени санасына және коммуникативтік мінез-құлқына ықпал ететін күрделі дидактикалық құрал ретінде қарастыруға жол ашты.

Р. Ладоның салыстырмалы талдауынан кейін елтанымдық материалдардың мазмұны тек сыртқы мәдени құбылыстарды сипаттаумен шектелмей, білім алушының ішкі танымдық құрылымдарын да қамтуы тиіс деген көзқарас нығая түсті. Бұл бағытта М. Кернидің (Michael Kearney) зерттеулері айрықша маңызға ие.

М. Кернидің іргелі ғылыми үлесі – елтанымдық материалдардың құрылымына «дүниетанымдық универсалийлер» концепциясын енгізуі. Ғалым материал мазмұнында уақыт, кеңістік, өзіндік сана және себеп-салдар сияқты базалық категориялардың әр мәдениетте әртүрлі қабылданатынын көрсету қажеттігін негіздейді. Оның пікірінше, елтанымдық ақпарат білім алушыға нысана тіл өкілдерінің шынайы болмысты қалай қабылдайтынын түсінуге мүмкіндік беруі тиіс. Ол дүниетанымның табиғатын былайша сипаттайды: «Халықтың дүниетанымы – олардың шындықты қабылдау тәсілі. Ол әлем туралы белгілі бір деңгейде жүйеленген, бірақ әрдайым дәл бола бермейтін түсініктер жүйесін қалыптастыратын негізгі ұстанымдар мен бейнелерден тұрады» [2, 41 б.].

Осылайша, М. Керни елтанымдық материалды жай ғана деректер жиынтығы ретінде емес, терең когнитивтік деңгейде қалыптасатын «әлем бейнесі» ретінде қарастыруды ұсынды. Дүниетанымдық деңгейдегі мұндай түсініктер қалыптасқаннан кейін, елтанымдық материалдардың білім алушының психологиялық бейімделуіне және мәдени айырмашылықтарға сезімталдығын арттырудағы рөлі ғылыми зерттеу нысанына айналды.

Дүниетанымдық деңгейдегі мұндай түсініктер қалыптасқаннан кейін, елтанымдық материалдардың білім алушының психологиялық бейімделуіне және мәдени айырмашылықтарға сезімталдығын арттырудағы рөлі ғылыми зерттеу нысанына айналды. Осы бағытта М. Беннеттің (Milton Bennett) тұжырымдамасы лингводидактика ғылымына жаңа серпін берді.

М. Беннеттің іргелі ғылыми үлесі – «Мәдениетаралық сезімталдықтың даму моделі» (Developmental Model of Intercultural Sensitivity – DMIS) болып табылады [3]. Бұл модельге сәйкес, елтанымдық материалдардың мазмұны білім алушыны «этноцентризм» деңгейінен (өз мәдениетін басым және орталық деп қабылдау) «этнорелятивизм» деңгейіне (басқа мәдениеттерді тең дәрежеде қабылдау және түсіну) кезең-кезеңімен жеткізуге бағытталуы тиіс.

Ғалым мәдени айырмашылықтарды қабылдау табиғи түрде қалыптаспайтынын, керісінше, мақсатты оқыту мен тәжірибе арқылы дамитын қабілет екенін атап көрсетеді: «Мәдениетаралық сезімталдық – табиғи қасиет емес, ол мәдени айырмашылықтарды қабылдау мен түсінудің үйретілетін қабілеті» [3, 179 б.].

М. Беннеттің бұл психологиялық моделі елтанымдық материалдарды іріктеудегі дидактикалық ұстанымдардың түбегейлі қайта қаралуына ықпал етті. Атап айтқанда, оқыту мазмұны білім алушының ішкі рефлексиясына, өзін және өзге мәдениетті салыстыра талдауына бағытталуы тиіс деген «мәдени айна» қағидасының қалыптасуына негіз болды. Осы рефлексивті тәсілді елтанымдық оқытудың жүйелі дидактикалық моделіне айналдырған келесі зерттеушілердің бірі – Ханс-Юрген Крумм (Hans-Jürgen Krumm).

Ханс-Юрген Крумм еңбектері елтанымдық материалдарды оқытудың лингводидактикалық негіздерін тереңдетуге елеулі үлес қосты. Ғалымның іргелі тұжырымдамаларының бірі – «мәдени айна» және диалогтық тәсіл идеясы болып табылады. Х-Ю. Круммның пайымдауынша, елтанымдық мазмұн тек өзге мәдениет туралы ақпарат берумен шектелмеуі тиіс, керісінше, ол білім алушының өз мәдениетін жаңа қырынан танып, оны салыстыра бағалауына мүмкіндік жасауы қажет.

Ғалым бұл ойы былайша тұжырымдайды: «Елтаным – бұл фактілер жиынтығы емес, өзге және өз мәдениетін қабылдау мен оларды талдау үдерісі» [4, 62 б.].

Осылайша, Х-Ю. Крумм елтанымдық материалдарды мәдениеттер арасындағы «диалог» құралы ретінде қарастырып, оқыту үдерісінде екі мәдениеттің өзара әрекеттесуін негізгі қағида ретінде негіздеді. Бұл тәсіл білім алушының мәдени

рефлексиясын дамытуға, сондай-ақ оның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Х-Ю. Круммның диалогтық тұжырымдамасынан кейін елтанымдық материалдардың білім алушы санасында қалай құрылымданатыны, яғни олардың когнитивтік схемалар арқылы жүйелену мәселесі ғылыми зерттеулердің жаңа бағытына айналды.

Х-Ю. Круммның диалогтық тәсілінен кейін, елтанымдық ақпараттың адам санасында когнитивті схемалар арқылы қалай жүйеленетінін және өңделетінін зерттеу бағыты дамыды. Бұл үдерістің ішкі тетіктерін Йорг Роше (Jörg Roche) тереңдете зерттеді.

Й. Рошенің іргелі үлесі – «Когнитивті елтаным» теориясын қалыптастыруы. Ол елтанымдық материалдардың құрылымын адамның «когнитивтік карталарына» негіздеуді ұсынды. Ғалымның пікірінше, шет тілін үйрену барысында берілетін елтанымдық ақпарат жай ғана жатталмауы керек, ол білім алушының санасында жаңа «мәдени прототиптерді» қалыптастыруы тиіс. Й. Роше мәдени білім алудың когнитивтік сипатын былайша негіздейді: «Мәдени білім алу ең алдымен қолданыстағы білім қоры мен когнитивті схемаларды қайта құру (реструктуризациялау) ретінде жүзеге асады» [5, 114 б.].

Бұл тұжырымдама елтанымдық материалдардың мазмұны білім алушының бұрыннан бар тәжірибесіне сүйеніп, оның санасындағы ескі стереотиптерді бұзуға және жаңа жүйелі білім құрылымын жасауға бағытталуы керек екенін көрсетеді. Роше ұсынған когнитивті схемаларды тереңірек қалыптастыру үшін материалдардың мазмұнында ұлттық бірегейлік пен тарихи жадының рөлі маңызды болды.

Елтанымдық материалдардың бұл тарихи-әлеуметтік қырын келесі кезекте Ульрих Зейдель (Ulrich Zeuner) дамытты.

Елтанымдық материалдардың когнитивтік схемаларын тереңірек қалыптастыру үшін олардың мазмұнында ұлттық бірегейлік пен тарихи жадының рөлі маңызды болды. Бұл бағытты У. Зейдель өз зерттеулерінде жан-жақты дамытты.

У. Зейдельдің іргелі үлесі – елтанымдық материалдардың мазмұнына «әлеуметтік-мәдени естеліктерді» енгізу концепциясын ұсынуы. Ол материалдардың құрылымында халықтың тарихи санасы мен қазіргі күнделікті өмірінің сабақтастығын көрсетуді басты назарға алды. Ғалымның пікірінше, білім алушы өзге елдің бүгінгі болмысын оның өткен тарихи тәжірибесімен байланыстыра білуі тиіс. Ол бұл қажеттілікті былайша тұжырымдайды: «Елтаным тарихи тәжірибе мен қазіргі өмірлік әлем арасындағы өзара байланысты айқындауы тиіс» [6, 38 б.].

Осылайша, У. Зейдель елтанымдық материалды статикалық ақпараттан динамикалық әлеуметтік үдеріске айналдырды. Тарихи және әлеуметтік аспектілерді біріктіру елтанымдық материалдардың құрылымын тек теориялық біліммен шектемей, оны нақты коммуникативтік тәжірибеге бағыттау қажеттігін тудырды.

Елтанымдық білімді іс-әрекетке негізделген дағдыға айналдыру мәселесін келесі кезекте Кристиан Рислингер (Christian Rösler) өз еңбектерінде негіздеді.

Тарихи және әлеуметтік аспектілерді біріктіру елтанымдық материалдардың құрылымын тек теориялық біліммен шектемей, оны нақты коммуникативтік тәжірибеге бағыттау қажеттігін тудырды. Елтанымдық білімді іс-әрекетке негізделген дағдыға айналдыру мәселесін К. Рислингер (Christian Rösler) өз еңбектерінде жүйелі түрде негіздеді.

К. Рислингердің іргелі үлесі – «Тәжірибеге бағытталған елтаным» тұжырымдамасын жасауы. Ол елтанымдық материал мазмұнында білім алушының «не білетініне» емес, сол білімді қолдана отырып «не істей алатынына» басымдық берді. Оның пайымдауынша, елтанымдық материал білім алушыны жай ғана ақпаратпен қаруландырып қоймай, оны нақты мәдени жағдаяттарда әрекет етуге жетелеуі тиіс. Ғалым оқу материалдарының қызметін былайша түсіндіреді: «Оқу материалдары білім

алушыларға өздерінің мәдени білімдерін шынайы өмірге жақын үлгіленген жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік беруі тиіс» [7, 89 б.].

Осылайша, К. Рислингер елтанымдық мазмұнды тікелей прагматикалық мақсаттармен байланыстырды. Қазіргі кезеңде елтанымдық материалдардың мазмұны мұндай статикалық және біржақты сипаттан арылып, динамикалық, тіпті «сұйық» күйге ауысты. Бұл бағытты қазіргі заманғы зерттеуші Фред Дервин (Fred Dervin) негіздеді.

К. Рислингердің прагматикалық бағытынан кейін, елтанымдық материалдардың мазмұны заманауи жаһандану дәуіріндегі өзгерістерге сәйкес жаңа сипатқа ие болды. Мәдениетті қатып қалған қағидалар жиынтығы емес, үнемі қозғалыстағы құбылыс ретінде қарастыруды ұсынған қазіргі заманғы зерттеуші – Ф. Дервин (Fred Dervin).

Ф. Дервиннің іргелі үлесі – мәдениеттің «essentialist» (бірсарынды, статикалық) бейнесінен бас тарту және «сұйық мәдениет» концепциясын енгізуі. Ол елтанымдық материалдың құрылымында мәдениеттің тұрақсыздығын, оның жеке тұлғаның іс-әрекетіне және қарым-қатынас контексіне қарай өзгеріп отыратынын көрсетуді талап етеді. Ғалым мәдениетті үйренуге болатын объект емес, үдеріс ретінде сипаттай келе, былай деп жазады: «Мәдениет – бұл «үйренуге» болатын зат емес, ол – жеке тұлғалар арасындағы өзара түсінісу мен келісім орнатудың үздіксіз үдерісі» [8, 74 б.].

Осылайша, Ф. Дервин елтанымдық материалдардың мазмұнында білім алушыларды дайын таптаурындарға (стереотиптерге) сенбеуге, керісінше, әрбір мәдениет өкілінің даралығын тануға тәрбиелеу қажеттігін негіздеді.

Түйіндей келгенде, Р. Ладоның салыстырмалы талдауынан бастау алған елтанымдық материалдарды іріктеу мәселесі Ф. Дервиннің динамикалық мәдениет теориясына дейін эволюциялық даму жолынан өтті. Бұл шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары елтанымдық материалдардың мазмұны мен құрылымын тек ақпараттық-танымдық тұрғыдан емес, білім алушының когнитивтік, психологиялық және коммуникативтік дамуының кепілі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде біздің зерттеуіміздің келесі бөлімдерінде елтанымдық материалдарды практикалық қолдану әдістемесін жасақтауға негіз болады.

Түйіндей келе, елтанымдық материалдардың лингводидактикалық мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктері көпқырлы және кешенді ғылыми категория ретінде қарастырылады. Шетелдік зерттеушілер елтанымдық мазмұнды когнитивтік, мәдениетаралық және психологиялық тұрғыдан негіздеп, оны білім алушының дүниетанымын қалыптастыратын «әлем бейнесі» ретінде сипаттаса, ресейлік ғалымдар бұл бағытты одан әрі дамытып, елтанымдық материалдардың медиативтік, әлеуметтік-дамытушы және көпмәдениетті сипатын айқындады. Осы ғылыми тұжырымдамалардың барлығы елтанымдық материалдарды тек ақпараттық ресурс емес, білім алушының мәдениетаралық құзыреттілігін, сыни ойлауын және әлеуметтік бейімделу қабілетін дамытатын динамикалық әрі жүйелі ұйымдастырылған лингводидактикалық құрал ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ладо, Р. Обучение иностранным языкам (в книге «Новое в лингвистике») / Р. Ладо; пер. с англ. – М.: Прогресс, 1960. – Вып. 2. – С. 444-462. (Или основная работа: Lado, R. Linguistics Across Cultures: Applied Linguistics for Language Teachers. – Ann Arbor: University of Michigan Press, 1957. – 141 p.)

2. Kearney, M. Worldview. – Novato, CA: Chandler & Sharp Publishers, 1984. – 212 p.

3. Bennett, M. J. A developmental approach to training for intercultural sensitivity // International Journal of Intercultural Relations. – 1986. – Vol. 10, No. 2. – P. 179-196.

4. Krumm, H.-J. Landeskunde-Curriculum. – München: Goethe-Institut, 1994.

5. Roche, J. Interkulturelle Sprachdidaktik: Eine Einführung. – Tübingen: Narr, 2001. – 282 s.

6. Zeuner, U. Landeskunde und interkulturelles Lernen. Eine Einführung. – Dresden: Technische Universität Dresden, 2001. – 120 s.
7. Rösler, C. Deutsch als Fremdsprache: Eine Einführung. – Stuttgart: J.B. Metzler, 2012. – 260 p.
8. Dervin, F. Interculturality in Education: A Theoretical and Methodological Toolbox. – London: Palgrave Macmillan, 2016. – 118 p.

УДК 372.881.111.1

Трехэтапная модель интегративного обучения текстовой деятельности в старших классах

Абенова Гульдана Бауржановна – магистрант образовательной программы 7М01702 «Иностранный язык: два иностранных языка»
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск.

Аннотация

Бұл мақала жоғары сыныптардағы ағылшын тілі сабағында мәтіндік әрекетті оқытудың интегративті тәсілін талқылайды. Интегративті тәсілдің мәні, дидактикалық әлеуеті және оқушылардың мәтін мен коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудағы рөлі ашылады. Отечестволық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарының талдауы негізінде интегративті тәсілдің жоғары сынып оқушыларында мәтіндерді түсіну, талдау және құрастыру дағдыларын дамытудағы, сондай-ақ сөйлеу әрекетін белсендіру және ағылшын тілін оқу мотивациясын арттырудағы тиімділігі негізделген.

Тірек сөздер

Интегративтік тәсіл, мәтіндік қызмет, коммуникативтік құзыреттілік, интегративтік цикл, білім беруді цифрландыру

Переход к проектированию методической системы обучения текстовой деятельности в старших классах обусловлен необходимостью преодоления фрагментарности в освоении языковых навыков. В современных условиях, характеризующихся цифровизацией образования и доминированием мультимедийного контента, текстовая деятельность не может рассматриваться изолированно как простое чтение или письмо. Она представляет собой сложный интегративный процесс, в котором рецептивные (Reading, Listening) и продуктивные (Writing, Speaking) виды речевой деятельности переплетаются, образуя единое коммуникативное пространство.

Предлагается инновационная методическая система, базирующаяся на интегративном цикле текстовой деятельности. Суть данной системы заключается в отказе от линейного обучения в пользу циклического взаимодействия всех видов речевой деятельности вокруг единого содержательного ядра. В качестве такого ядра для учащихся старших классов выбраны сквозные лексические темы блоков, а именно STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) и Technology, что позволяет реализовать академическую направленность обучения и подготовить выпускников к реальной коммуникации в научно-технической и цифровой сферах.

Проектируемая система опирается на интеграционный процесс, где текст выступает не только как источник информации, но и как «стимул» (для аудирования),

«модель» (для анализа грамматических структур, таких как Passive Voice и Cleft sentences) и «платформа» для создания собственного интеллектуального продукта (Writing, Speaking).

В рамках разработанной методической системы предлагается интегративный цикл обучения текстовой деятельности, обеспечивающий поэтапный переход от восприятия иноязычного текста к созданию собственного высказывания. Предлагаемая модель представляет собой целостный трехэтапный цикл, обеспечивающий взаимосвязанное развитие всех четырех видов речевой деятельности. Данный цикл включает в себя следующие этапы:

1. Информационно-аналитический этап (Input & Analysis Stage) – направлен на первичное восприятие, смысловую переработку информации и формирование содержательной базы по теме через интеграцию аудирования и чтения. На данном этапе происходит «декодирование» чужого текста и поиск его смысловых центров.
2. Конструктивно-преобразующий этап (Processing & Transformation Stage) – ориентирован на освоение языковой формы, систематизацию извлеченных знаний и подготовку к речевому высказыванию. Интеграция письма (заметок) и подготовленного говорения позволяет учащимся трансформировать полученную информацию в собственные логические опоры.
3. Коммуникативно-продуктивный этап (Output & Production Stage) – является завершающим этапом синтеза, целью которого является создание оригинального устного или письменного произведения. Через интеграцию говорения и продуктивного письма реализуется переход от учебного воспроизведения к самостоятельному творческому текстопорождению.

Этап I. Информационно-аналитический этап

